

И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

1

**БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ  
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ  
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША  
БАСЫЛЫП ОТЫР**

*Пролетарии всех стран, соединяйтесь!*

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА  
при ЦК ВКП(б)

И.В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

О Г И З  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ  
Москва · 1946

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*  
МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И.В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ  
Алматы • 1947

*Қазақша аудармасын  
ҚК(б)П Орталық Комитетінің  
редакциялық комиссиясы қараған  
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан*

# И.В. СТАЛИН

1

ТОМ

*1901—1907*

---





M. G. Arsen.





---

---

## ШЫҒАРМАЛАР ЖЫЙНАҒЫНА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің бұл Шығармалар жыйнағы Бүкіл-одақтық коммунист (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінің қаулысы бойынша басылып отыр.

Осы уақытқа дейін Сталин жолдастың еңбектерінің тек бірсыпасы ғана жеке-жеке жыйнақ болып басылып шыққан. Мәселен, 1917 жылғы Октябрь алдындағы дәуірге жататын мақалалар мен сөздер «Октябрь жолдарында» деген кітапқа жыйнақталып, 1925 жылы екі рет басылып шықты. 1932 жылы «Октябрь» революциясы туралы» жыйнақ басылды; оған Ұлы Октябрь социалистік революциясына арналған мақалалар мен сөздер кірді. Ұлт мәселесі жөніндегі шығармалар «Марксизм және ұлт-отар мәселесі» жыйнағына кіріп, бірнеше рет басылып шықты. Көбінесе партияның ішкі мәселелеріне және партияға жау оппозициялық жіктерді талқандауға арналған, 1921—1927 жылдардағы мақалалар мен сөздер «Оппозиция туралы» жеке жыйнақ болып, 1928 жылы басылып шықты. Оның үстіне, И. В. Сталиннің белгілі бір тақырыптың бір өзіне арналған мақалалары мен сөздерін біріктірген басқа жыйнақтар да бар, мәселен: «Ленин туралы», «Украина ту-

ралы мақалалар мен сөздер», «Шаруа мәселесі», «Комсомол туралы» және басқалары.

Әр кездерде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің шығармалары бірге басылған бірнеше жыйнақтар шықты, олар: «1917 жылғы таңдамалы шығармалар», «Социалистік отанды қорғау туралы», «БК(б)П тарихын үйренуге арналған шығармалар жыйнағының» үш томдығы, «Ленин — Сталин» атты таңдамалы шығармалардың бір томдығы, «Партия құрылысы туралы», «Социалистік жарыс туралы», «Еңбек туралы», тағысын тағылар.

Осы уақытқа дейін Сталин жолдастың шығармаларының ең көп тараған жыйнағы он бір рет басылып шыққан «Ленинизм мәселелері» кітабы болып табылады. Әрбір рет жаңадан басылған сайын бұл кітаптың ішіндегі шығармалар саны едәуір өзгеріп отырды: әрдайым дерлік кітап жаңа еңбектермен толықтырылып отырды; сонымен қатар, кітаптың бұрынғы көлемін сақтау мақсатын көздеп, автор кітаптан кейбір еңбектерін алып тастап отырды. Совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы Отан соғысы жылдарындағы Сталин жолдастың сөздері, баяндамалары және бұйрықтары «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы туралы» деген кітапқа жыйнақталып, бес рет басылып шықты.

Алайда, И. В. Сталиннің Октябрь революциясынан бұрын және одан кейін жазған, өз уақытында газеттер мен журналдарда жарыяланған соң ешбір жерде қайта басылмаған және кәзіргі уақытқа дейін біріктіріліп жыйнақталмаған көп шығармалары бар. Оның үстіне, Сталин жолдастың бұрын баспасөз бетінде жарыяланбаған мақалалары мен хаттары сақталған.

Мына басып отырғанымыз И. В. Сталиннің барлық шығармаларын дерлік бірге жыйнақтау жөніндегі алғашқы әрекет болып табылады.

И. В. Сталиннің Шығармаларының бірінші томына 1901 жылдан 1907 жылғы апрельге дейін жазылған шығармалар кіреді.

Екінші том 1907 жылдан 1913 жылға дейін жазылған шығармаларды қамтыйды.

Үшінші том Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеу дәуіріне (1917 жылғы март — октябрь) қатысы бар шығармалардан құралған. Олар, көбінесе, «Правдада» басылған мақалалар.

Төртінші томға (1917 жылғы ноябрь — 1920 жыл) Совет өкіметінің алғашқы айларында және шет ел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде жазылған шығармалар кіреді.

Қелесі үш том — бесінші, алтыншы, жетінші томдар — совет мемлекетінің халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі бейбіт жұмысқа көшу дәуіріне (1921—1925 жылдар) қатысы бар шығармаларды қамтыйды. Бесінші томға 1921 жылдан В. И. Лениннің қайтыс болғанына дейін (1924 жылғы январь) жазылған шығармалар кіреді. Алтыншы томдағы — 1924 жылғы шығармалар. Жетінші томға 1925 жылы жазылған шығармалар кіреді.

И. В. Сталиннің елді социалистік индустрияландыру жолында күресу дәуіріндегі (1926 — 1929 жылдар) еңбектерінен сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші томдар құралған. Сегізінші, тоғызыншы томдарға 1926 жылғы, оныншы, он бірінші томдарға 1927 жылғы, он екінші томға 1928 — 1929 жылдардағы мақалалар, баяндамалар мен сөздер кірген.

Он үшінші том, көбінесе, ауыл шаруашылығын коллективтендіру және социалистік индустрияландыруды дамыта беру мәселелеріне арналған 1930 — 1933 жылдардағы шығармаларды қамтыйды.

Он төртінші том ССРО-да социализм орнату аяқтау жолында күресуге, Совет Одағының жаңа Конституциясын жасауға, дүниежүзілік екінші соғыстың басталған жағдайында бейбітшілік жолында күресуге арналған 1934 — 1940 жылдардағы шығармаларды қамтыйды.

Он бесінші томның мазмұны — И. В. Сталиннің 1938 жылы жеке басылып шыққан «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс» деген еңбегі болып табылады.

Он алтыншы томға Совет Одағының Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі шығармалар кіреді, олар: И. В. Сталиннің Ұлы Октябрь социалистік революциясының мерекесі күндеріндегі баяндамалары, сөздері, бұйрықтары, Германия мен Жапонияның талқандалуына және тізе бұгуіне байланысты халыққа үндеуі және басқа документтер.

Томдарда барлық шығармалар жазылған немесе жарыяланған уақытына қарай хронология тәртібімен орналастырылды. Әрбір томда алғысөз, анықтама түріндегі қысқаша ескертулер және өмірбаян хроникасы бар. Жаңа стильге көшкенге дейінгі (1918 жылғы 14 февральға дейінгі) уақыт ескі стиль бойынша, одан кейінгілері — жаңа стиль бойынша көрсетілді.

Сталин жолдастың шығармаларының тексті толық сақталды. Кейбір мақалаларға ғана автор таза редакциялық түрде біраз өзгерістер енгізді.

*БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы  
Маркс - Энгельс — Ленин Институты*

---

---

## БІРІНШІ ТОМҒА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының бірінші томына 1901 жылдан 1907 жылғы апрельге дейін, оның көбінесе Тифлисте революциялық қызмет жүргізген дәуірінде жазылған шығармалар кіреді.

Ол жылдары большевиктер В. И. Лениннің басшылығымен маркстіл-лениншіл партияның, оның идеологиясының, оның ұйымдастыру принциптерінің негіздерін салып жатқан еді.

Ол дәуірде Сталин жолдас ангимарксистік және оппортунистік әртүрлі ағымдармен күресте Закавказьеде лениндік-искралық, большевиктік ұйымдар құрады және олардың қызметіне басшылық етеді. Өзінің шығармаларында ол маркстік-лениндік ғылымның негізгі принциптерін дәлелдейді және қорғайды.

И. В. Сталиннің бірінші томға кірген шығармаларының біразы ғана орыс тілінде басылған. Ал көбі грузин газеттерінде және жеке кітапша болып жарыяланған. Орыс тілінде ол шығармалардың көпшілігі тұңғыш рет жарыққа шығып отыр.

РСДЖП-ның Кавказ одақтық комитетінің архивы және Закавказье большевиктік ұйымдарының

И. В. Сталин шығармалары басылған жеке кітаптары кәзіргі уақытқа дейін табылмады. Атап айтқанда «Марксистік жұмысшы үйірмелеріндегі сабақтар программасы» (1898 жыл) және «Кредо» (1904 жыл) деген шығармалар осы кезге дейін табылған жоқ.

Осы басылып отырған бірінші том И. В. Сталиннің 1901 жылдан 1907 жылғы апрельге дейін жазылған барлық шығармаларын толық қамтымайды.

*БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы  
Маркс — Энгельс — Ленин Институты*

---

## АВТОРДЫҢ БІРІНШІ ТОМҒА АРНАҒАН АЛҒЫСӨЗІ

Шығармалар жыйнағының бірінші томына кірген шығармалар автордың ертеректегі қызмет дәуірінде (1901 — 1907 жылдары), ленинизмнің идеологиясы мен саясатын белгілеп шығару ісі әлі аяқталмаған кезде жазылған. Мұны шығармалардың екінші томы жөнінде де шінара айтуға болады.

Бұл шығармаларды ұғынып, тиісті дәрежеде бағалау үшін, бұларды нағыз лениншіл марксист болып әлі жетілмеген жас марксистің шығармалары деп қараған жөн. Сондықтан, қарт марксистердің кейін ескіріп қалған кейбір қағыйдаларының іздері бұл шығармаларда сақталғаны түсінікті, кейін ол қағыйдалардан біздің партиямыз арылды. Менің айтқалы отырғаным екі мәселе: аграрлық программа туралы мәселе мен социалистік революцияның жеңу шарттары туралы мәселе.

Бірінші томға қарағанда («Аграрлық мәселе» деген мақаланы қараңыз), автор ол кезде помещик жерлерін шаруалардың меншігіне бөліп беру көзқарасын жақтаған. Партияның Бірігу съезінде аграрлық мәселе талқыланғанда большевик делегаттардың-практиктердің көпшілігі жерді бөліп беру көзқарасына қосылған, меньше-



виктердің көпшілігі муниципализацияны жақтаған, ал Ленин мен большевик делегаттардың қалған бөлегі жерді национализациялауды жақтаған; соның өзінде үш жобаның арасындағы күрестің барысында, национализация жобасын съездің қабылдауынан үміттенуге болмайтыны анықталғаннан кейін, Ленин және басқа национализаторлар съезде өз дауыстарын бөлісшілдердің дауыстарына қосқан.

Бөлісшілдер национализацияға үш пікірді қарсы қойды: а) шаруалар помещик жерін национализациялауды қабыл алмайды, өйткені олар сол жерлерді өз меншігіне алуды тілейді; б) шаруалар национализацияға қарсы әрекет етеді, өйткені олар мұны шаруалардың сол кездегі жеке меңгеруіндегі жерлерге жеке меншікті жоятын шара деп бағалайды; в) егер тіпті шаруалардың национализацияға қарсылықтарын жеңуге реті келген күнде де, біздер, марксистер, қалайда национализацияны қорғауға тиісті емеспіз, өйткені буржуазиялық-демократиялық революция жеңгеннен кейін Россиядағы мемлекет социалистік мемлекет болмайды, буржуазиялық мемлекет болады, ал буржуазиялық мемлекеттің қолында национализацияланған үлкен жер қорының болуы пролетариаттың мүдделеріне залал болып, буржуазияны шамадан тыс күшейтіп жібереді.

Бұл арада бөлісшілдер: буржуазиялық-демократиялық революция жеңгеннен кейін революция үзілісінің азды-көпті ұзақ дәуірі, жеңген буржуазиялық революция мен болашақ социалистік революцияның арасында аралық дәуірі басталады, сол дәуірдің ішінде капитализм еркінрек, қуаттырақ дамуға мүмкіндік алып, егіншілік саласында да өркендейді, тап күресі тереңдеп, кеңінен өрістейді, пролетарлар табы сан жағынан

өседі, пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығы тиісті сатыға көтеріледі, осының бәрінен кейін ғана социалистік революция дәуірінің басталуы мүмкін деген орыс марксистерінің арасында, соның ішінде большевиктер арасында да қабыл алынған пікірге сүйенді.

Екі революцияның арасындағы ұзақ аралық жөніндегі бұл пікірдің съезде ешкімнің тарапынан ешқандай қарсылық көрмегенін айту керек болады, соның өзінде национализация мен бөлісті жақтаушылар да, муниципализацияны жақтаушылар да — Россиялық социал-демократияның аграрлық программасы Россияда капитализмнің бұрынғыдан да гөрі қуаттырақ дамуына қолғабыс етуге тиіс деп санады.

Лениннің ол кезде Россияда буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру көзқарасында екенін, үздіксіз революция көзқарасында екенін біздер, практик-большевиктер, білдік пе? Я, білдік. Білгенде оның «Екі тактика» (1905 жыл) деген кітапшасынан, сол сыяқты оның 1905 жылғы «Социал-демократияның шаруа қозғалысына көзқарасы» деген атақты мақаласынан білдік, бұл мақаласында ол «біз үздіксіз революцияны жақтаймыз», «біз жарты жолда тоқтаймаймыз» деген болатын. Бірақ, біздер, практиктер, теориялық даярлығымыздың жеткіліксіздігінен, сол сыяқты теориялық мәселелер жөнінде практиктерге тән қамсыздықтан бұл істің байыбына бармадық және оның ұлы маңызын аңғармадық. Жұртқа мәлім, Ленин неліктен болса да сол кезде съезде буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру теориясынан дәлелдер келтірмеді және национализацияны байымдау үшін ол дәлелдерді пайдаланбады. Ол дәлелдерді пайдаланбаған себебі — мәселені әлі пісіп жетті деп

санамағандығынан және буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру теориясын стездегі практик большевиктердің көпшілігі аңғарып, ұғып алуға әзір деп есептемегендігінен емес пе екен?

Біраз уақыт өткеннен кейін ғана, Россияда буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың лениндік теориясы большевиктік партияның жетекші бағыты болып алған кезде ғана, партия ішінде аграрлық мәселе жөніндегі алауыздықтар жоғалды, өйткені дамуының айрықша жағдайлары буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ұласуына негіз жасап отырған Россия сыяқты елде марксистік партияның жерді национализациялау программасынан бөтен ешбір басқа аграрлық программасының болуы мүмкін емес екені айқындалды.

Екінші мәселе — социалистік революцияның жеңуінің проблемасы жайында. Бірінші томға қарағанда («Анархизм бе әлде социализм бе?» деген мақаланы қараңыз), автор ол кезде марксистер арасында мәлім мына тезисті қолдаған: бұл тезис бойынша социалистік революцияның жеңуінің басты шарттарының бірі пролетариатты халықтың көпшілігіне айналдыру болып табылады, олай болса, пролетариат әлі халықтың көпшілігі болмай отырған елдерде, капиталистік дамудың жетімсіздігінен, социализмнің жеңуі мүмкін емес.

Бұл тезис ол кезде орыс марксистерінің арасында, соның ішінде большевиктердің арасында, сол сыяқты басқа елдердің социал-демократиялық партияларының арасында да жалпы жұрт қабылдаған тезис болып саналды. Алайда, Европа мен Америкада капитализмнің одан бергі өркендеуі, империализмге дейінгі капитализмнен империалистік капитализмге көшу, ақырында,

әртүрлі елдердің экономикалық және саяси дамуының біркелкі еместігі жайында Ленин ашқан заң, — дамудың жаңа жағдайларына бұл тезистің сай келмей қалғанын көрсетті, капитализм дамудың жоғары сатысына әлі жетпеген және пролетариат халықтың көпшілігі болмай отырған, бірақ пролетариаттың бұзып өтуі үшін капитализм майданы жеткілікті әлсіз болып отырған жеке елдерде социализмнің жеңуі әбден мүмкін екенін көрсетті. Социалистік революцияның лениндік теориясы 1915 — 1916 жылдары осылай туды. Жұртқа мәлім, социалистік революцияның лениндік теориясы мынаған сүйенеді: социалистік революцияның капитализм көбірек дамыған елдерде жеңуі шарт емес, қайта ол, алдыменен, капитализм майданы әлсіз болып отырған, пролетариаттың ол майданды бұзып өтуі оңайырақ болып отырған және капитализм дамуының тым болмаса орта дәрежесіне жеткен елдерде жеңеді.

Бірінші томға жыйнақталған шығармалар жөнінде автордың ескертулері осымен бітеді.

***И. Сталин***

Январь, 1946 жыл.



***1901-1907***

---



Саналы грузин оқушылары үшін мезгіл-мезгіл шығатын еркін газет өте-мөте керек мәселе деп сеніп; бұл мәселе күні бүгін шешілуге тиіс және бұдан әрі кешеуілдету ортақ іске тек залал ғана келтіреді деп сеніп; әрбір саналы оқушы бұл сыяқты газетті қанағатпен қарсы алады да, өз тарапынан оған барынша көмек көрсетеді деп сеніп, — біздер, грузиннің революцияшыл социал-демократтарының бір тобы, оқушылардың тілегін қанағаттандыруға, өз күшіміздің жеткенінше, талпынып, бұл мұқтаждықты қарсы алып отырмыз. Біз грузиннің тұңғыш еркін газеті «Брдзоланың»<sup>1</sup> бірінші номерін шығарып отырмыз.

Біздің газет жөнінде және атап айтқанда біздер жөнінде оқушының тыянақты пікірі болатын болуы үшін, бірнеше сөз айталық.

Социал-демократиялық қозғалыс елдің бірде-бір түкпірін қамтымай қалмады. Одан Россияның біз Кавказ деп атайтын түкпірі де құтылмады, ал Кав-

---

\* Құпия шығатын социал-демократиялық «Брдзола» («Күрес») газетінің бас мақаласы.

<sup>1</sup> И. В. Сталин. 1-том



казбен бірге одан біздің Грузия да құтылған жоқ. Грузиядағы социал-демократиялық қозғалыс жақында жарыққа шықты, оған бірнеше жыл ғана болды, дәлірек айтқанда, бұл қозғалыстың негіздері 1896 жылы ғана салынды. Барлық жердегі сыяқты, бізде де алғашқы уақытта жұмыс өзінің астыртын шеңберінен шықпады. Үгіт пен кең насихатты соңғы уақытта біз байқап отырғандай түрінде жүргізу мүмкін болмады, сондықтан ерікті-еріксіз бар күш аз-кем үйірмелерге топталды. Енді ол дәуір өтіп кетті, социал-демократиялық идеялар жұмысшылар бұқарасының арасына тарады, жұмыстың өзі де жұмысшылардың едәуір бөлегін қамтып, өзінің шағын астыртын шеңберінен шықты. Ашық күрес басталды. Күрес алғашқы қызметкерлердің алдына көп сұраулар қойды, ол сұраулар бұл уақытқа дейін қағаберіс қалып келген болатын және ол сұрауларға түсінік берудің өте қажеттігі сезілмей келген болатын. Алдыменен барынша қатты қойылған сұрау мынау: күресті кеңірек өрістетуге бізде қандай құралдар бар? Сөз жүзінде бұл сұрауға жауап беру өте жеңіл, оп-оңай. Іс жүзінде мүлде басқаша болып шығады.

Социал-демократиялық ұйымдасқан қозғалыс үшін басты құрал — революциялық идеяларды кеңінен насихаттау және үгіттеу екендігі өз-өзінен түсінікті. Бірақ революционердің қызмет етуіне тура келетін жағдайлардың қарама-қарсылығы сонша, ауырлығы сонша, көп құрбандықтарды керек ететіндігі сонша — насихат та, үгіт те қозғалыстың алғашқы кезеңінде керек болып отырған түрінде көбінесе мүмкін болмай қалып жүр.

Үйірмелерде сабақты кітаптардың, кітапшалар-

дың көмегімен өткізу алдымен полициялық жағдайлар себепті, ал одан соң істің қойылысының салдарынан да мүмкін болмай жүр. Алғашқы тұтқындау кезінде-ақ үгіт нашарлап кетеді. Жұмысшылармен байланыс жасау, оларға жиі барып тұру мүмкін болмай жүр, ал оның бер жағында жұмысшы көптеген күнбе-күндік маңызы бар мәселелердің түсіндірілуін күтеді. Жұмысшының төңірегінде шиеленіскен күрес болып жатады, үкіметтің барлық күші жұмысшыға қарсы жұмсалған, сонымен жұмысшының қазіргі жағдайға сын көзімен қарауға мүмкіндігі жоқ, істің мәнжайы туралы ешқандай мағлұматы жоқ, сондықтан көбінесе оған ең жақын жердегі қайсыбір заводта болмашы сәтсіздік болса-ақ — революциялық ниеттегі жұмысшы салқынсып кетеді, болашаққа сенуден қалады, сонсоң басшының оны жұмысқа қайта тартуына тура келеді.

Белгілі бір нақтылы мәселелерге жауап беретін кітапшалардың көмегімен үгіттеудің көп реттерде нәтижесі аз. Күнбе-күнгі мәселелерге жауап берерліктей әдебиет шығару керек болып отыр. Біз жұртқа мәлім бұл ақыйқатты дәлелдеп жатпаймыз. Мезгіл-мезгіл шығатын газет революциялық жұмыстың ең басты құралдарының бірі болатын кезең грузин жұмысшы қозғалысында осы күнде-ақ жетті.

Кейбір тәжірибесіз оқушылардың есіне салып, біз жарыя газет туралы бірнеше сөз айтуды керек деп санаймыз. Жұмысшылардың арасынан кімде-кім жарыя газетті, — ол газет қандай жағдайда шығатын болса да, қандай бағыттағы газет болса да, — оның, жұмысшының, мүдделерін білдіруші деп есептесе, біз мұны үлкен хатеге санаған болар едік. Жұмысшы-

лардың «қамын ойлайтын» үкіметтің жарыя газеттерді қолға алуы тамаша. Цензор деп аталатын чиновниктердің бүтін бір үйірі осы газеттерді қадағалауға қойылған, сонымен олар, тіпті саңылау арқылы болса да шындық сәулесі өтіп бара жатса қызыл сыямен қайшыны ала жүгіріп, ол газеттерді әдейілеп бағып отырады. Цензорлар комитетіне — «жұмысшылар жайында ештеңе өткізілмесін, пәлендей уақытқа жарыяланбасын, пәлен-пәленді талқылауға жол берілмесін» деген, тағы сондай әмірлер бірінен соң бірі жедел жетіп жатады. Мұндай жағдайларда, әрине, газеттің керекті дәрежеде жолға қойылуы мүмкін емес, сонымен жұмысшы ол газеттің бетінен, тіпті жол арасынан болса да, хабарларды, өз ісіне берілген дұрыс бағаны бөкерге іздер еді. Егер жұмысшы қайсыбір жарыя газеттің жұмысшы істерін жанамалап сыйпай өтетін, жендет-цензорлар тарапынан хателікпен ғана өтіп кеткен сирек хабарларын пайдалана алар еді деп есептесек — онда мынаны да айту керек: мұндай үзінділерден үміт ету және осы ұсақ-түйектен қандай да болса насихат жүйесін құру істің жайын түсінбегендікті көрсеткен болар еді.

Қайталап айтамыз, біз мұны тек кейбір тәжірибесіз оқушылардың ғана есіне салып отырмыз.

Сонымен, грузиннің мезгіл-мезгіл шығатын еркін газеті социал-демократиялық қозғалыстың тығыз таян мұқтажы болып табылады. Мәселе қазір мынада ғана: бұл газетті қалайша жолға қою керек, ол нені басшылыққа алуға тиіс және ол грузин социал-демократына нелер беруге тиіс.

Егер жалпы алғанда грузин газетінің өмір сүру мәселесіне, атап айтқанда оның мазмұны мен бағы-

тына шеттен көз жіберсек, бұл мәселенің өзінен өзі, табиғи түрде және оңай шешілетін сыяқты болып көрінуі ықтимал: грузин социал-демократиялық қозғалысы ерекше оқшау тұрған, меншікті программасы бар тек қана грузиндік жұмысшы қозғалысы емес, ол бүкіл россиялық қозғалыспен қоян-қолтық бірге келе жатыр, олай болса, Россия социал-демократиялық партиясына бағынады, — осыдан келіп грузиннің социал-демократиялық газеті көбінесе жергілікті мәселелерді жазып отыратын және жергілікті қозғалыстың бейнесін көрсетіп отыратын тек қана жергілікті орган болуға тиіс екені айқын. Бірақ бұл жауаптың арғы жағында үлкен қыйындық жатыр, біз ол қыйындықты айналып өте алмаймыз және онымен біз қалайда кездеспей қалмаймыз. Біздің айтып отырғанымыз — тіл жөніндегі қыйындықтар. Россия социал-демократиялық партиясының Орталық Комитетінің, өзінің аудандық комитеттеріне тек жергілікті мәселелерді ғана жазуды тапсырып, барлық ортақ мәселелерді жалпы партиялық газеттің көмегімен түсіндіруге мүмкіндігі бар болса, — грузин газеті мазмұн жөнінде қыйын жағдайда болып отыр. Грузин газеті әрі жалпы партиялық, әрі аудандық, жергілікті органның ролін бірден атқаруға тиіс. Грузиннің жұмысшы оқушыларының көпшілігі орыс газетін еркін пайдалана алмайтын болғандықтан, грузин газеті басшыларының жалпы партиялық орыс газеті талқылайтын және талқылауға тиіс мәселелердің бәрін жазбай қалдыруға хақы жоқ. Сонымен, грузин газеті өз оқушысын барлық принципті теориялық және тактикалық мәселелермен таныстырып отыруға міндетті. Мұнымен қатар ол жергілікті қозғалысты басқаруға

міндетті және әрбір уақығаны ойдағыдай жазып, бірде-бір фактыны түсінік бермей қалдырмауға, жергілікті жұмысшылардың көкейтесті мәселелерінің бәріне жауап беріп отыруға міндетті. Грузин газеті күресіп жатқан грузин жұмысшылары мен орыс жұмысшыларын байланыстырып, біріктіріп отыруға тиіс. Газет жергілікті тұрмыста, орыс тұрмысында, шет ел тұрмысында өз оқушылары назар аударарлық уақығаларды сол оқушыларына хабарлап отыруға тиіс.

Грузин газетіне біздің көзқарасымыз жалпы алғанда осындай.

Газеттің мазмұны мен бағыты жөнінде бірнеше сөз айталық.

Біз күресіп жатқан жұмысшыларға басымырақ көңіл бөлуді одан, социал-демократиялық газет болғандығынан, көбірек талап етуге тиістіміз. Россияда және барлық жерде бірдей тек революцияшыл пролетариат қана адам баласын азат етіп, дүние жүзіне бақыт әперуге тарих алдында міндетті екенін сөз қылуды біз артық деп есептейміз. Жұмысшы қозғалысының ғана берік негізі бар екені және әртүрлі утопиялық қыялдардан аулақ екені анық. Демек, газет, социал-демократтардың органы болғандықтан, жұмысшы қозғалысын басқаруға тиіс, оған жол сілтеп отыруға тиіс, оны хателерден сақтап отыруға тиіс. Қысқасы, газеттің ең бірінші міндеті — жұмысшы бұқарасына мейлінше жақынырақ тұру, оған әрқашан ықпал жүргізетін болу, оның саналы және жетекші орталығы болу.

Бірақ Россияның бүгінгі жағдайында жұмысшылардан тыс, қоғамның басқа элементтерінің де «бостандық жолында» күресуші болып бой көрсетуі мүм-

кін болғандықтан және сол бостандық — күресіп жатқан Россия жұмысшыларының ең таяудағы мақсаты болғандықтан, — газет революциялық қозғалыстың қандайына болса да, тіпті жұмысшы қозғалысынан тысқары жерден шыққанына да орын беруге міндетті. Біз «орын беру» дегенде анау-мынау хабарға немесе жай хроникаға орын беруді ғана айтып отырған жоқпыз, — жоқ, қоғамның басқа элементтерінің арасында болып жатқан немесе болатын революциялық қозғалысқа газет айрықша назар салуға тиіс. Газет әрбір қоғамдық құбылысты түсіндіріп отыруға, сөйтіп бостандық жолында күресушінің әрқайсысына ықпал жүргізуге тиіс. Сондықтан газет Россиядағы саяси жағдайға айрықша көңіл бөлуге, бұл жағдайдың барлық нәтижелерін ескеруге және саяси күрестің қажеттігі туралы мәселені мүмкіндігінше кеңінен көтеруге міндетті.

Бізді буржуазиямен байланыс жасауды, мәмлеге келуді жақтаушылар деп есептеп, осыған дәлел ретінде біздің сөздерімізді ешкімнің пайдалана алмайтынына көзіміз жетеді. Қазіргі құрылысқа қарсы қозғалысқа, — тіпті ол буржуазиялық қоғамда жүргізіліп жатқан қозғалыс болса да, — тиісті баға беру, оның осал жақтары мен хателерін көрсету социал-демократқа оппортунизм дағын түсіре алмайды. Біз тек бұл арада күрестің социал-демократиялық принциптері мен революциялық әдістерін ұмытуға тиісті емеспіз. Егер біз әрбір қозғалысты осы өлшеуішпен өлшейтін болсақ, біз бернштейндік сандырақтың қандайынан болса да аулақ боламыз.

Сонымен, грузин социал-демократиялық газеті жұмысшы қозғалысына байланысты барлық мәселе-

лерге айқын жауап беріп отыруға, принципті мәселелерді түсіндіріп отыруға тиіс, жұмысшы табының күрестегі ролін теориялық жағынан ұғындырып, жұмысшыға кездесетін әрбір уақыттың ғылыми социализмнің жарық сәулесімен анықтап беруге тиіс.

Мұнымен қатар газет Россия социал-демократиялық партиясының уәкілі болуға және Россияның революциялық социал-демократиясы ұстаған барлық тактикалық көзқарастарды оқушыларына дер кезінде хабар етіп отыруға тиіс. Ол басқа елдерде жұмысшылардың тұрмысы қандай екенін, өз жағдайын жақсарту үшін олардың не істеп жатқанын, қалай істеп жатқанын оқушыларға білдіріп отыруға тиіс және грузин жұмысшыларын күрес майданына шығуға дер кезінде шақырып отыруға тиіс. Мұнымен бірге газет қоғамдық қозғалыстың бірде-біреуін есепке алмай қоймауы керек, социал-демократиялық сынға салмай қоймауы керек.

Грузин газетіне біздің көзқарасымыз осындай.

Біз, қазіргі күштерімізбен бұл міндеттерді түгел орындаймыз деп уәде беріп, өзімізді де, оқушыларды да алдай алмаймыз. Газеттің тиісті дәрежеде жолға қойылуы үшін оқушылар мен тілектестердің өздерінің тарапынан көмек керек. Оқушы байқар, «Брдзоланың» бірінші номерінде көп кемістіктер бар, бірақ ол — оқушының өз тарапынан көмек көрсетілсе-ақ түзеуге болатын кемістіктер. Соның ішінде біз ішкі хрониканың нашарлығын баса айтамыз. Біз туған елден қашықта жүрміз, грузиядағы революциялық қозғалысты қадағалап отыруға және ол қозғалыс мәселелері жөнінде дер кезінде мәліметтер мен түсініктер беріп отыруға мүмкіндігіміз жоқ. Сондықтан Грузия-

ның өзінен көмек керек. Бізге әдебиет жөнінде дөкө-мектескісі келген адамның «Брдзола» редакциясы-мен тікелей немесе жанамалап байланыс жасаудың тәсілін табатыны сөзсіз.

Біз грузиннің барлық күресіп жатқан социал-демо-краттарын «Брдзоланың» тағдырына қызу қатнасуға, оны басуға және таратуға барынша қолғабыс істеп отыруға, сөйтіп грузиннің тұңғыш еркін газеті «Брд-золаны» революциялық күрестің құралына айналды-руға шақырамыз.

*„Брдзола“ („Күрес“) газеті, № 1,  
сентябрь, 1901 ж.*

*Мақалаға қол қойылмаған*

Орысшасы грузин тілінен аударылған



---

---

# РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЯУДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

## I

Ғылыми жолмен жасалып, негізделген социализмге жеткенше, адам баласының ойына талай сергелдеңді, талай азапты және талай өзгерістерді бастан кешіруге тура келді. Батыс-европалық социалистерге, қашан өзіне жол сайлап алғанша, қоғамдық тұрмыстың заңдарын — осыдан барып адам баласы үшін социализмнің қажеттігін — зерттегенше, негіздегенше, утопиялық (орындалмайтын, жүзеге аспайтын) социализмнің құладүзінде қаңғырып өте ұзақ адасуға тура келді. Өткен ғасырдың басынан бермен қарай, сауда мен өнеркәсіптің дамуымен қатар бірден бірге күшейіп, қайшылана түсетін жоқшылықтан адам баласын құтқара алатын не нәрсе деген мәселені ұғындыруға, шешуге тырысқан ержүректі, жанқыяр, адал ғалым қызметкерлерді Европа көп шығарды. Азшылықтың көпшілікті езуін жою жолында Батыс Европада талай дауылдар, талай қанды толқындар болып өтті, бірақ сонда да хасірет түйіні шешілмей қала берді, жара жанға бата түсті, азабы күн сайын бірден бірге ұлғайып жан шыдатар болмады. Мұның басты бір себебі — утопиялық социализмнің қоғамдық тұрмыстың

заңын ашпағандығы, шындық өмірмен тығыз байланысу керек болған жерде өмірден жоғары қалықтап, аспанға өрлеуге тырысқандығы деп есептеу керек. Социализмді жүзеге асыруға тұрмыста ешқандай негіз болмаса да, утопистер социализмді жүзеге асыруды таяудағы міндет етіп қойды, және — нәтижесі жағынан одан да бетер бір қайғылы нәрсе — утопистер социализмнің жүзеге асуын бұл дүниенің күштілерінен күтті, олардың ойынша, солардың социалистік идеалдың дұрыстығына оңай көздері жете алушы еді (Роберт Оуэн, Луи Блан; Фурье және басқалар). Бұл көзқарас нақты жұмысшы қозғалысы мен жұмысшы бұқарасын тіпті елеусіз қалдырды, ал жұмысшы бұқарасы социалистік идеалдың бірден-бір табиғи иесі болып табылады. Утопистер мұны түсіне алмады. Олар халықтың (жұмысшылардың) жәрдемісіз, заң шығару арқылы, декларациялар арқылы жер бетінде бақыт орнатпақ болды. Жұмысшы қозғалысына олар ерекше көңіл бөлмеді және екінің бірінде мұның мәнін тіпті жоққа балады. Осының салдарынан бұлардың теориясы жұмысшы бұқарасына соқпай өтетін кұр теория болып қала берді; ал осы жұмысшы бұқарасының арасынан, бұл теорияның түк қатысы болмай-ақ өткен ғасырдың ортасында данышпан Карл Маркстің аузымен жарыяланған «Жұмысшы табының азаттық алуы жұмысшы табының тек өзінің ғана ісі бола алады... Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұлы ой пісіп жетілді.

Бұл сөздерден — социалистік идеалды жүзеге асыру үшін жұмысшылардың талапкерлігі және ұлтына, еліне қарамастан ұйымдасқан күшке бірігуі қажет деген ақыйқат, қазір, «соқырға» да аян ақый-

кат, айқын болды. Европадағы буржуазиялық құрылыстың үстінен, оны құртып жіберу, сөйтіп оның қыйраған жұртына социалистік құрылыс орнату хау-пін туғызып, міне бүгін асау тағдырдай төнген күшті социал-демократиялық партияның берік іргесін қалау үшін, осы ақыйқатты негіздеу қажет еді, мұны Маркс және оның досы Энгельс тамаша орындап шықты.

Социализм идеясының дамуы Батыс Европада қандай жолмен жүрсе, Россияда да сондай дерлік жолмен жүріп отырды. Қашан социал-демократиялық санаға — ғылыми социализмге — қолы жеткенше, Россияда да социалистердің соқыр адамша ұзақ уақыт адасып жүруіне тура келді. Мұнда да социалистер болды, жұмысшы қозғалысы да болды, бірақ бұлар бір-бірімен байланыссыз, өз бетінше жүріп отырды: социалистер утопиялық арманға қарай («Земля и воля», «Народная воля»), ал жұмысшы қозғалысы стихиялы бүліктерге қарай бағыт алды. Бұлардың екеуі де, бірін бірі білмей, бір уақыттың ішінде (70 — 80-ші жылдары) қыймыл жасады. Социалистердің еңбекші халықтың арасында негізі болмады, осының себебінен олардың әрекеттері дерексіз, негізсіз болды. Ал жұмысшылардың басшылары, ұйымдастырушылары болмады, осының себебінен олардың қозғалысы тәртіпсіз бүлікке айналып отырды. Социалистердің социализм жолындағы ерлік күресі жеміссіз болып қала беруіне және олардың керемет ерлігінің самодержавиенің берік іргесіне соғып күйрей беруіне басты себеп осы болды. Орыс социалистері жұмысшы бұқарасымен тек 90-жылдардың басында ғана жақындасты. Олар медеуді тек жұмысшы табынан ғана табуға болатынын, тек осы тап қана

социалистік идеалды жүзеге асыратынын көрді. Енді орыс социал-демократиясы өзінің барлық күшін, барлық көңілін сол уақытта орыс жұмысшыларының арасында болып жатқан қозғалысқа аударды. Әлі санасы жетіле қоймаған, күреске әзірлігі жоқ орыс жұмысшысы өзінің үмітсіз жағдайынан біртіндеп шыға бастауға, әйтеуір өзінің халін жақсартуға тырысты. Әрине, ол кезде бұл қозғалыста бір қалыпқа салынған ұйымдастыру жұмысы болмады, қозғалыс стихиялы қозғалыс болды.

Міне сөйтіп осы санасыз, стихиялы және ұйымшылдығы жоқ қозғалысты социал-демократия өз қолына алды. Ол жұмысшылардың санасын өсіруге тырысты, жұмысшылардың жеке топтарының жеке қожайындарға қарсы беталды, бытыраңқы, күресін біріктіруге, оны жалпы тап күресі етіп ұйыстыруға тырысты, ондағы көздегені — бұл күреске ұйымдасқан сыйпат беріп, бұл күресті Россияның езушілер табына қарсы орыс жұмысшы табының күресі ету болатын.

Алғашқы кезде социал-демократия өзінің жұмыстарын жұмысшы бұқарасының ішіне тарата алмады, осының себебінен ол үгіт-насихат үйірмелерінде жұмыс істеумен қанағаттанды. Ол кезде оның жұмысының бірден-бір түрі үйірмелерде сабақ өткізу еді. Бұл үйірмелердің мақсаты жұмысшылардың өз ішінен келешекте қозғалысқа басшылық ете алғандай топ құру еді. Сондықтан бұл үйірмелер алдыңғы қатардағы жұмысшылардан құралатын, — тек таңдаулы жұмысшылардың ғана үйірмелерде оқуына мүмкіндігі болатын.

Бірақ көп ұзамай-ақ үйірмелер дәуірі бітті. Үйір-

мелердің тар көлемінен шығып, жұмысшылардың қалың бұқарасына өзінің ықпалын жүргізу қажет екенін социал-демократия көп ұзамай сезе бастады. Бұған тысқы жағдайлар да себепкер болды. Бұл кезде стихиялы қозғалыс жұмысшылар арасында ерекше көтеріле түсті. Бүкіл Тифлисті бүтіндей дерлік осы стихиялы қозғалыс қамтыған жылды сіздердің қайсыңыз ұмыта қойдыңыз екен? Темекі фабрикаларында және теміржол мастерскойларында ұйымдасылмаған ереуілдер бірінен соң бірі туып жатты. Бізде бұл 1897 — 1898 жылдары, ал Россияда біраз ертеректе болып өтті. Дер кезінде жәрдем беру қажет еді, сондықтан социал-демократия жәрдем қолын созуға асықты. Жұмыс күнін қысқарту үшін, штрафы жою үшін, жалақыны көбейту, т. т. үшін күрес басталды. Жұмысшы қозғалысының дамуы бұл ұсақ талаптармен тынбайтынын, қозғалыстың мақсаты бұл талаптар емес екенін, бұл тек мақсатқа жетудің құралы ғана екенін социал-демократия жақсы білді. Мейлі, бұл талаптары ұсақ-ақ бола қойсын, мейлі бүгінгі күні жеке қалалар мен аудандардың жұмысшыларының өздері бытыраңқы күресе берсін, — бүкіл жұмысшы табы бірлікті, берік, ұйымдасқан күш ретінде өзінің жауына шабуыл жасаған күнде ғана толық жеңіске қолы жете алатынын жұмысшыларға осы күрестің өзі үйретеді. Жұмысшылардың өзінің тікелей жауынан — капиталистен — басқа да, одан да бетер аңдықан жауы бар екенін — бүкіл буржуазия табының ұйымдасқан күші бар екенін, өзінің әскерімен, сотымен, полициясымен, түрмелерімен, жандармериясымен қазіргі капиталистік мемлекет бар екенін жұмысшыларға тағы да осы күрес көрсетеді.

Егер Батыс Европаның өзінде де жұмысшының өзінің халін жақсарту жолындағы азын-аулақ әрекеттері буржуазия өкіметіне барып тірелетін болса, адамдық правоны әлдеқашан жеңіп алған Батыс Европада жұмысшының өкіметпен тікелей күрес жасауына тура келетін болса, — онда Россия жұмысшысы екібастан өзінің қозғалысында самодержавиелік өкіметпен соқтығады; бұл самодержавиелік өкімет қандай да болсын жұмысшы қозғалысының аңдысқан жауы болып табылады, оның себебі бұл өкімет капиталистерді қорғайтындықтан ғана емес, оның тағы бір себебі — бұл өкімет самодержавиелік өкімет ретінде қоғамдық таптардың талапкерлігіне, әсіресе басқа таптарға қарағанда қатты езілген, қатты жаншылған жұмысшы табындай таптың талапкерлігіне тіпті көне алмайды. Россия социал-демократиясы қозғалыстың өрісін осылай түсінді де, өзінің барлық күшін осы идеяларды жұмысшылар арасына таратуға жұмсады. Оның күші осында еді және оның алғашқы күннен-ақ басталған ұлы, жеңімпаз дамуының себебі де осы, мұны Петербург тоқыма фабрикаларындағы жұмысшылардың 1896 жылғы орасан зор ереуілі көрсетті.

Бірақ алғашқы жеңістер кейбір әлсіз адамдарды есінен адастырып, басын айналдырды. Бір кезде утопияшыл социалистердің тек түпкі мақсатқа ғана көңіл бөлгені тәрізді және, осыған еліріп кетіп, өздерінің көз алдында жүріп жатқан нақты жұмысшы қозғалысын тіпті аңғармағаны немесе бекерге шығарғаны тәрізді, кейбір орыс социал-демократтары барлық көңілін енді, керісінше, тек стихиялы жұмысшы қозғалысына, оның күнделікті мұқтаждарына ғана

бөлді. Ол кезде (бес жыл бұрын) орыс жұмысшыларының таптық санасы өте төмен дәрежеде еді. Орыс жұмысшысы ғасырлық ұйқыдан енді-енді ғана оянып кело жатыр еді, сондықтан оның қараңғы түнекке үйреніп қалған көздері бірінші рет кездесіп отырған дүниедегі болып жатқан уақығалардың бәрін бірдей, әрине, аңғармады. Оның үлкен мұқтаждары болмады, сондықтан оның қоятын талаптары зор емес еді. Орыс жұмысшысы жалақыны болмашы ғана өсіруден, немесе жұмыс уақытын қысқартудан әлі көп алыстап кете қойған жоқ еді. Қазіргі кұрылысты өзгерту кажет екендігі, жеке меншікті жою керек екендігі, социалистік кұрылыс ұйымдастыру керек екендігі туралы — мұның бәрі туралы орыстың жұмысшы бұқарасының түсінігі де болған жоқ. Самодержавиелік өкіметтің тұсында бүкіл орыс халқы көріп отырған кұлшылықты жою туралы ойлануға да, халықтың бостандығы туралы ойлануға да, халықтың мемлекет басқару ісіне қатнасуы туралы ойлануға да орыс жұмысшы бұқарасының батылы жетпеді. Сөйтіп, Россия социал-демократиясының бір бөлігі жұмысшы қозғалысына өзінің социалистік идеясын ендіруді борышым деп санаған кезде, оның басқа бір бөлігі экономикалық күреспен, жұмысшылардың халін азынаулақ жақсарту (мәселен, жұмыс уақытын қысқарту және жалақыны көтеру) жолындағы күреспен әуестеніп, өзінің ұлы борышын, өзінің ұлы идеалын мүлдем ұмытуға дайын еді.

Өздерінің батыс-европалық пікірлестері (бернштейншілдер деп аталатындар) сыяқты, бұлар: «Біз үшін бар керек: — қозғалыс, ал түпкі мақсат — түк те емес» десті. Жұмысшылардың не үшін күресетінін

бұлар тіпті қажет қылмады, — тек күрестің өзі болса болғаны. Теңге саясаты деген саясат күшейді. Күндердің бір күнінде Петербургтегі «Рабочая мысль»<sup>2</sup> газеті: «Біздің саяси программamız — 10 сағаттық жұмыс күні, 2 июньдегі заң<sup>3</sup> тартып алған мейрамдарды қайтару» деп жарыялады; олар осыған дейін барды (!!!) \*.

Стихиялы қозғалысқа басшылық етудің орнына, бұқараның арасына социал-демократиялық идеалдарды ендіріп, бұқараны өзіміздің түпкі мақсатқа қарай бағыттаудың орнына, орыс социал-демократтарының бұл бөлігі қозғалыстың өзінің көзсіз қол шоқпары болды; бұлар жұмысшылардың санасы толық жетілмеген бөлігінің соңынан көзсіз ере берді және жұмысшы бұқарасының нақ сол тұста пәмі жеткен мұқтаждарын, талаптарын айтумен ғана қанағаттанды. Бір сөзбен айтқанда, бұлар үйге кіруге бата алмай, ашық тұрған есікті қағып, босағада тұрып алды. Бұлар жұмысшы бұқарасына оның түпкі мақсатын — социализмді немесе ең болмаса оның жуырдағы мақсатын — самодержавиені құлатуды — түсіндіруге қаблетсіз болып шықты, және ең жаманы, осылардың бәрін пайдасыз, тіпті зиянды деп санады. Бұлар орыс жұмысшысына нәресте деп қарады, оны мұндай батыл идеялармен шошытып алармыз деп қорықты. Ол-ол ма, социал-демократияның кейбір бөлігінің пікірі бойынша, социализм үшін ешқандай рево-

---

\* Айта кету қажет, соңғы кезде Петербургтегі «Күрес одағы» және оның газетінің редакциясы өзінің бұрынғы бірыңғай экономикалық бағытынан қайтып, енді өзінің әрекеттеріне саяси күрестің элементтерін ендіруге тырысып отыр.



люциялық күрестің қажеті жоқ; тек қана экономикалық күрес — стачкалар, кәсіпшілік одақтары, тұтыну және өндіріс қоғамдары қажет, — осылар болса социализм әзір тұрған нәрсе. Саяси өкімет пролетариаттың қолына көшпейінше (пролетариат диктатурасы), қазіргі құрылысты өзгерту мүмкін емес, жұмысшылардың толық азат болуы мүмкін емес деп дәлелдеген бұрынғы халықаралық социал-демократияның ғылымын бұлар хате деп санады. Бұлардың пікірі бойынша, социализм дегеннің өзі ешқандай жаңалық емес, дұрысын айтқанда, қазіргі капиталистік құрылыстан оның айырмасы жоқ: социализм осы күнгі құрылысқа да оп-оңай сыйып кете береді, демек әрбір кәсіпшілік одағы, керек десе тұтыну дүкені немесе өндіріс қоғамы «социализмнің бір бөлігі» болып жатыр, — деді олар. Міне осындай сөкеттікпен ескі киімді жамап-жасқап, хасрет шеккен адам баласына жаңа киім тігіп берем деп ойлады олар! Бірақ ең жаман нәрсе және революционерлер үшін өздігінен түсініксіз жағдай сол — орыс социал-демократтарының бұл бөлігі өздерінің батыс-европалық ұстаздарының (Бернштейннің және оның серіктерінің) ғылымын соншама кеңейтіп, ұялмастан былай дейді: саяси бостандық (стачкалардың, одақтардың, сөздің т. т. бостандығы) патша өкіметімен сыйыса алады, ал сондықтан ерекше саяси күрес, самодержавнені құлату үшін күрес, тіпті қажетсіз нәрсе болып табылады, өйткені мақсатқа жету үшін экономикалық күрестің бір өзі жеткілікті, өкімет рұхсат бермесе де, стачкалардың жиі-жиі болып тұруы жеткілікті, сонда өкімет стачкашыларды жазалаудан шаршайды,

стачкалар мен жыйналыстар бостандығы өзінен өзі келеді-мыс.

Сонымен осы «социал-демократ»-сымақтар, орыс жұмысшысы өзінің барлық күші мен қайратын тек экономикалық күреске ғана құрбандық етуі керек, түрліше «кең идеалдардың» соңына түспеуі керек деп дәлелдемек болды. Іс жүзінде бұлардың әрекеті мынау болды: олар анау-мынау қаладағы жергілікті жұмысты ғана өзімнің борышым деп санады. Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясын ұйымдастыру бұлар үшін ешқандай мүдде болып табылмады, қайта, партия ұйымдастыру өздерінің тікелей «борышын» — экономикалық күресті — орындауға бөгет болатын, кісі күлерлік ойын, ермек болып табылды. Стачка үстіне стачка жасау, жауынгер кассаларына тыйын-тебен жыйнау — міне бұлардың жұмысының бас-аяғы осы болды.

Өздерінің міндеттерін осыншама тарылтқан соң, социал-демократизмнен бастартқан соң, бұл стихиялы «қозғалысты» сүйетіндер ең болмағанда осы қозғалыс үшін көп істер істейтін болар деп ойлайтыныңызда күман жоқ. Бірақ сіз бұл ретте де алдандыңыз. Петербург қозғалысының тарихы осыған біздің көзімізді жеткізеді. Бұл қозғалыстың тамаша дамуы және алғашқы қарқында, 1895 — 1897 жылдары, батыл ілгерілеуі кейін соқыр адамша қарманып адасушылыққа айналды да, ақырында қозғалыс бір жерде табандап тұрып қалды. Мұның таңырқайтыны жоқ: «экономистердің» экономикалық күрес үшін берік ұйым құру әрекеттерінің бәрі ылғый өкіметтің берік іргесіне соғып, әрдайым қыйрап қала берді. Полициялық сұмдық жағдайлар қандайда болса эконо-

микалық ұйымның болу мүмкіншілігінің бәрін жойды да отырды. Стачкалар да пайда келтірмеді, өйткені 100 стачканың 99-ы полиция қысымынан тұншықты, жұмысшылар Петербургтен аяусыз қуылып жатты, олардың революциялық жігерін түрменің тас идені мен Сібірдің аязы рахымсыз сорумен болды. Қозғалыстың бұл кідірісіне (эрине, біршама кідірісіне) тысқы, полициялық жағдайлар ғана кіналы емес екеніне біздің сеніміміз кәміл; идеяның өзінің, таптық сананың дамуындағы кідіріс, осыдан барып жұмысшылардың революциялық жігерінің әлсіреуі бұл арада кем кіналы емес.

Қозғалыстың дамуымен қабат жұмысшылар күрестің ұлы мақсаттары мен мазмұнын кең түсіне алмады, өйткені орыс жұмысшысының күресте көтерген туы экономикалық күрес турасындағы бір тыйынға татымайтын ұраны бар, тозығы жеткен, өңі кеткен шүберек болып қала берді, — сондықтан бұл күреске жұмысшылар жігерін де, әуестігін де, революциялық ынтасын да аз жұмсауға тиіс болды, өйткені ұлы жігер ұлы мақсаттар үшін ғана туады.

Бірақ, егер біздің тұрмыс жағдайларымыз орыс жұмысшыларын тікелей саяси күреске күн сайын қоймастан итермелеп отырмаған болса, әлгінің салдарынан қозғалысқа туатын хауіп-хатер күштірек болған болар еді. Тіпті әшейін кішкене стачканың өзі біздің саяси правосыздығымыз туралы мәселені жұмысшылардың алдына тікесінен қойды, оларды өкіметке, қарулы күшке қарсы итермеледі және бірыңғай экономикалық күрестің жеткіліксіз екендігін айқын дәлелдеді. Сондықтан, осы «социал-демократтардың» тілегіне қарсы, күрес күн сайын бірден-бірге айқын

саяси сыйпат ала берді. Уйқыдан оянған жұмысшылардың қазіргі экономикалық және саяси жағдайға, бүгінгі күні орыс жұмысшысын езіп, зарлатып отырған жағдайға, өзінің наразылығын ашық айту жөніндегі әрбір әрекеті, езілуден босаудың әрбір әрекеті жұмысшыларды барған сайын күрестің экономикалық ретін өшіретін манифестацияларға итерді. Россиядағы Бірінші Май мейрамдары саяси күрес пен саяси демонстрацияларға жол ашты. Сөйтіп орыс жұмысшысы күресінің бұрынғы бірден-бір құралына — стачкаға күшті жаңа құралды — 1900 жылы Харьковтегі зор маевкада алғаш рет қолданылған саяси демонстрацияны қосып алды.

Сонымен өзінің ішкі дамуы арқасында үйірмелердегі насихаттан және стачкалар түрінде болатын экономикалық күрестен россиялық жұмысшы қозғалысы саяси күрес пен үгіттің жолына көшті.

Жұмысшы табы, күрес майданында Россияның басқа қоғамдық таптарының саяси бостандықты жеңіп алуға берік бел байлап аттанған элементтерін көргенде, саяси күреске көшуін көріне тездетті.

## II

Патшалық тәртіптің езгісінде ыңыранып жатқан жұмысшы табы ғана емес. Самодержавиенің зілді табаны басқа да қоғамдық таптарды тұншықтырып отыр. Ашаршылықтан көзі ашылмай ісінген, өтеуге әлі келмейтін салық ауыртпалықтарының салдарынан жарлы болған, саудагер-буржуалар мен «ізгі» помещиктерге құрбандыққа берілген орыс шаруалары ыңырануда. Қаланың ұсақ жандары, мемлекеттік жә-

не жеке меншіктегі мекемелердің ұсақ қызметкерлері, ұсақ чиновниктер — жалпы алғанда, жұмысшы табы қандай болса сондай, өмір сүруі қамтамасыз етілмеген, өзінің қоғамдық жағдайына наразы болуға негізі бар қаланың көптөген ұсақ халқы ыңырануда. Патшаның қамшысы мен шыбыртқысына көне алмайтын ұсақ буржуазияның, тіпті орташа буржуазияның да бір бөлігі, әсіресе буржуазияның білімді бөлігі, ерікті кәсіптің уәкілдері деп аталатындар (мұғалімдер, дәрігерлер, адвокаттар, студенттер және жалпы оқушылар) ыңырануда. Россияның езілген ұлттары мен езілген діндері, бұлардың ішінде өз отанынан қуылған, өздерінің хасиетті тілектері қорланған, тарихтан сыйға алған правосы мен азаттығын самодержавие шімірікпестен таптап отырған поляктар мен финдар ыңырануда. Қуғынға салынудан, қорлық көруден көз аспаған Россияның қоластындағы басқа халықтар пайдаланып отырған болмашы праволардан — қалаған жерінде тұру, мектепте оқу, қызмет ету, тағы сондай праволарынан да жұрдай болған еврейлер ыңырануда. Өзінің мектебі болу правосынан, мемлекеттік мекемелерде қызмет ету правосынан жұрдай болған, самодержавие ерекше құлшынып жүргізіп отырған орыстандыру саясатына, осындай масқара, қорлық саясатқа бағынуға мәжбүр етілген грузиндер, армяндар және басқа ұлттар ыңырануда. Православиешіл поптардың тілегі бойынша емес, өз ұжданы тілеген дінге сенуді, соны ұстауды қалаған орыстың миллиондаған сектанттары ыңырануда. Ыңырануда бәрі де... Бірақ Россия самодержавиесі езіп отырғандардың бәрін, қуғынға ұщыратып отырғандардың бәрін атап бітіре алмайсың. Бұлардың көптігі сондай — егер олар-

дың бәрі мұны ұқса, жалпысына ортақ жаудың қайда екенін ұқса Россияның деспоттық өкіметі бір күн де тұра алмас еді. Амал не, орыс шаруалары ғасырлық құлшылықтан, қайыршылықтан және надандықтан жанышталып қалған, ол енді ғана оянып келеді, ол жауының қайда екенін әлі ұққан жоқ. Россияның езілген ұлттары, өздеріне орыс үкіметі ғана емес, ортақ жауы самодержавие екенін әлі ұға қоймаған орыс халқы да қарсы тұрғанда, Россияның езілген ұлттары өзін өз күшімен азат етем деп тіпті ойламайды да. Сондағы қалатыны — жұмысшы табы, қаланың ұсақ халқы және буржуазияның білімді бөлігі.

Бірақ барлық елдер мен ұлттардың буржуазиясы өзі жеңіп алмаған жемісті иеленуге шебер, біреудің қолымен от көсеуге шебер. Күшті жауға қарсы күресте, әлі оп-оңай жыға алмайтын күресте өзінің басқалардан гөрі артықша жағдайын тәуекелге салуды буржуазия ешқашан да тілемейді. Ол өзі наразы бола тұрса да, оның күн көрісі қалай дегенмен жаман емес, сондықтан да казактардың қамшысына, солдаттың оғына арқасын тосу правосын, баррикадада күресу правосын, т. т. буржуазия жұмысшы табына, жалпы жай халыққа ықыласымен бере қояды. Ол өзі күреске «тілектес»; ең ерлегенде халық қозғалысын хайуан жаудың рахымсыздықпен басуы жайында ол «ашу шығарады» (онда да өз ішінен). Ол революциялық қыймылдардан қорқады, тек күрестің соңғы минуттарында ғана, жаудың әлсіздігін айқын көргенде ғана, оның өзі де революциялық шараларға көшеді. Тарих тәжірибесі бізге осыны үйретеді... Тек пролетариат қана, жалпы алғанда, күресте бұғауынан басқа жоғалтатыны жоқ халық, — тек осылар ғана нағыз

революцияшыл күш болып табылады. Әлі кедей тәжірибе болса да Россияның тәжірибесі бізге барлық революциялық қозғалыстардың тарихы үйретіп отырған осы ақыйқатты растайды.

Артықшылықтары бар сословиенің уәкілдерінен тек студенттердің бір бөлігі ғана өздерінің талаптары үшін ақырына дейін күресуге әзір екендігін көрсетті. Бірақ студенттердің бұл бөлігі де тағы сол езілген азаматтардың балалары екенін және де студенттер оқушы жастар болғандықтан, әзірше тіршілік теңізіне шомылып және одан белгілі қоғамдық орын теппегендіктен азаттық үшін күреске шақыратын ізгі ниеттерге басқалардан гөрі бейім тұратынын біз ұмытпауымыз керек.

Қалайда, студенттер қазіргі уақытта «қоғамның» қозғалысында басшы, алдыңғы отряд ретінде дерлік шығып отыр. Түрлі қоғамдық таптардың наразы бөлігі бүгін таңда осылардың төңірегіне топтасуда. Алғашқы кезде студенттер жұмысшылардан үйренген кұралдың — стачканың — көмегімен күреспек болды. Ал бірақ үкімет бұлардың стачкаларына сұмдық заңмен («Уақытша ережелермен»<sup>4</sup>), ереуіл жасаған студенттерді солдатқа жіберетін заңмен жауап берген кезде студенттердің бір ғана күрес кұралы қалды, ол кұрал — орыс қоғамынан жәрдем талап ету және стачкадан көше демонстрациясына көшу. Студенттер осылай етті. Олар қаруын тастамады, қайта бұрынғыдан бетер ерлікпен, батылдықпен күресетін болды. Олардың төңірегіне езілген азаматтар топтасты, оларға жұмысшы табы жәрдем қолын созды, сөйтіп қозғалыс күшті қозғалысқа, өкімет үшін хатерлі қозғалысқа айналды. Міне енді екі жыл болады, Россия үкіме-

ті өзінің көптеген әскерлерінің, полициясының және жандармдарының көмегімен бағынбайтын азаматтарға қарсы жанталаса күресуде, бірақ нәтижесіз күресуде.

Соңғы күндердің уақытгалары саяси демонстрациялардың жеңілуі мүмкін емес екендігін көрсетіп отыр. Декабрьдің бас кезінде Харьковте, Москвада, Нижний-Новгородта, Ригада, т. т. болған уақытгалар қазіргі уақытта қоғамдық наразылықтың саналы түрде болып отырғандығын және бұл наразы қоғам үнсіз қарсылықтан революциялық қыймылға көшуге әзір екендігін көрсетіп отыр. Бірақ студенттердің қойып отырған талаптары — оқу бостандығын, университеттің ішкі өмірінің бостандығын талап ету — кең қоғамдық қозғалыс үшін өте-мөте тар. Бұл қозғалыстың барлық қатнасушыларын біріктіру үшін ту керек, — барлығына да ұғымды, барлық талаптарды да қамтыйтын ту керек. Самодержавиені құлату осындай ту болып табылады. Мемлекет басқару ісінде халықтың қатнасуына сүйенетін, ғылымның да, стачканың да, сөздің де, діннің де, ұлттардың да, тағысын тағы сондайлардың бостандығын қамтамасыз ететін қоғамдық құрылысты самодержавиенің талқандалған жұртында ғана құруға мүмкіндік бар. Тек осындай құрылыс қана езуші атаулыдан, саудагерлер мен капиталистерден, дін иелерінен, дворяндардан халықтың қорғануына құрал бола алады, тек осындай құрылыс қана жақсы болашаққа, социалистік құрылыс орнату жолындағы еркін күреске жол ашады.

Әрине, студенттер өз күшімен бұл зор күресті алып бара алмайды, оның әлсіз қолдары бұл туды көтеріп тұра алмайды. Бұл туды ұстап тұру үшін анағұрлым



күшті қол керек, ал қазіргі жағдайда осындай күш болып табылатын — тек жұмысшы халықтың біріккен күші ғана. Олай болса, жұмысшы табы студенттердің әлсіз қолынан бүкіл Россия туын өз қолына алып, оған: «Самодержавие жойылсын! Демократиялық конституция жасасын!» деп жазып, — орыс халқын азаттыққа бастауы керек. Ал студенттерге, олардың бізге үйреткен сабағы үшін, алғыс айтуға тиіспіз: олар революциялық күресте саяси демонстрацияның үлкен маңызы бар екенін көрсетті.

Көше демонстрациясының тамаша жері — ол халықтың көптеген бұқарасын қозғалысқа тез тартады, біздің қойып отырған талаптарымызды бұқараға бірден таныстырады және социалистік идеялар мен саяси азаттықтың ұрықтарын біздің еркін егуіміз үшін қолайлы кең негіз құрады. Көше демонстрациясы көше үгітін жасайды; қоғамның артта қалған және жасқаншақ топтарына бұл үгіттің әсері тимей қалмайды\*. Ержүрек күрескерлерді көру үшін, бұлардың не үшін күресіп жүргенін түсіну үшін, жұрттың бәрін күреске шақыратын еркін сөздерді, өмір сүріп тұрған құрылысты әшкерелейтін, қоғамдық жарамыздың аузын ашатын жауынгер өлеңдерді есіту үшін, осы демонстрацияның кезінде кісі тек көше бойына шықса жетіп жатыр. Сондықтан да өкімет көше демонстрациясынан бәрінен де бетер қорқады. Сондықтан да ол демонстрацияға қатнасушыларды ғана емес, оны «қызық кө-

---

\* Россияның қазіргі жағдайында құпия кітап, үгіт үндеу хаттары әрбір тұрғын адамға зор қиыншылықтармен жетеді. Құпия әдебиетті таратудың берген жемісі мол бола тұрса да, ол көбінесе халықтың тек аз ғана бөлігін камтыйды.

рушілерді» де қатты жазаламақ болып үрей салады. Өкімет үшін басты хауіп халықтың осы қызық көрушілігінде жатыр: бүгінгі «қызық көрушілер» ертеңгі күні өзі демонстрацияға қатнасып, маңына «қызық көрушілердің» жаңа топтарын жыйнайды. Ал осындай «қызық көрушілер» бүгінгі күні әрбір ірі қалада он мыңдап бар. Россия жұрты пәлендей жерде тәртіпсіздіктер болып жатыр дегенді естігенде бұрынғыдай бұғып қалуын енді қойды («кім біледі, өзімді де жауапқа тартып жүрер, онан да тайып тұрғаным жақсы» деуші еді ол бұрын), — бүгінде ол сол тәртіпсіздіктер болып жатқан жерге баруға тырысады, бұл тәртіпсіздіктердің неліктен болып жатқанын, осыншама халықтың неліктен өз арқасын казактардың қамшысына тосатынын білуді «қызық көреді».

Мұндай жағдайларда қамшылар мен қылыштардың жұмсалып жатқанына «қызық көрушілер» немқұрайды қарап тұра алмайды. Демонстрацияшылардың өз тілектері мен талаптарын айту үшін көше бойына шыққанын, ал бұған өкімет ұрып-соғумен, аяусыз күш жұмсап басумен жауап қайырғанын «қызық көрушілер» көреді. «Қызық көруші!» енді қамшыдан қашпайды, қайта жақындай түседі, ал қамшы жай «қызық көрушілері» қайсы, «бүлікшілері» қайсы деп ажыратып жатпайды. Енді қамшы «толық демократиялық теңдікті» сақтап, жыныстарын, жасын, тіпті сословиесін де ажыратып жатпастан, кім көрінгеннің арқасында ойнайды. Бұл арада қамшы «қызық көрушілердің» революцияшылдануын тездетіп, бізге зор еңбек сіңіріп отыр. Енді қамшы жұртты тыныштандыру құралынан сергіту құралы болып отыр.

Сондықтан, мейлі, көше демонстрациялары тіке-

лей нәтижелерін бермей-ақ қойсын, халық талаптарына табанда көнуге өкіметті мәжбүр ету үшін демонстрацияшылардың бүгінгі күші өте-мөте әлсіз-ақ болсын, — сонда да көше демонстрацияларында бүгін тартатын шығындарымызды есесімен қайтарамыз. Күрес үстінде қаза тапқан немесе біздің топтан суырылып алынған әрбір күрескеріміз жүздеген жаңа күрескерлерді шығарады. Біз әзірше көше бойында талай ұрыламыз, көше бойындағы ұрыстарда үкімет бізді әлі талай жеңеді. Бірақ онысы тек «Пиррдің жеңісіндей» жеңіс болады. Тағы да осындай бірнеше жеңістен кейін абсолютизмнің жеңілуі сөзсіз. Бүгінгі жеңісімен ол өзінің жеңілуін әзірлеуде. Сондықтан да біз, сол күннің туарына, сол күннің жақын қалғанына берік сеніп, саяси үгітпен социализмнің ұрықтарын егу үшін, арқамызды қамшыға тосудан қашпаймыз.

Көшедегі үгіттің өкімет үшін өлім жазасының үкімі екеніне, арада тағы да бір 2 — 3 жыл өткен соң өзінің алдынан халық революциясының елесі шығатынына өкіметтің бізден бетер көзі жетіп отыр. Екатеринослав губернаторының аузымен жуырда үкімет: «көшеде демонстрация жасаудың зәрредей әрекетін болса да жою үшін, тіпті ең қатал шараларды қолданудан да тартынып қалмаймыз» деп жарыялады. Көріп отырсыздар, бұл сөздерден оқтың, мүмкін тіпті снарядтың исі шығады, бірақ біз — наразылықты қоздыруда оқтың әсері қамшыдан кем соға қоймас деп ойлаймыз. Үкімет тіпті осындай «ең қатал шараларымен» де саяси үгітті ұзақ уақыт кідірте алмас, ол мұнысымен саяси үгіттің дамуына кедергі жасай алмас деп ойлаймыз. Революцияшыл социал-демократия үкіметтің осы «ең қатал шараларды» қолдануынан туатын жаңа

жағдайға да өзінің үгітін ыңғайлай алар деп сенеміз. Қалайда, социал-демократия уақытгаларды сақтана бақылап отыруы керек, бұл уақытгалардың тәжірибелерін тез пайдалануы керек және өзінің қыймылдарын өзгерген жағдайларға шебер ыңғайлап отыруы керек.

Бірақ бұл үшін социал-демократияға күшті және тығыз біріккен ұйым керек, атап айтқанда — аты бойынша ғана емес, сонымен бірге өзінің негізгі принциптері мен тактикалық көзқарастары бойынша да бірігетін партия ұйымы керек. Біздің міндетіміз — берік принциптермен және бұзылмас конспирациямен қаруланған күшті партия құру жолында қызмет ету.

Социал-демократиялық партия осы басталған кеше бойындық жаңа қозғалысты пайдалануға тиіс, ол россиялық демократияның туын өз қолына алып, оны барлық жұрт тілеген жеңіске бастауға тиіс.

Сөйтіп, біздің алдымыздан саяси күресі басым болатын дәуір ашылып отыр. Біз үшін мұндай күрес лажсыз нәрсе, өйткені қазіргі саяси жағдайларда экономикалық күрес (стачкалар) елеулі ештеңе бере алмайды. Ерікті мемлекеттерде де стачкалар — екі жаққа бірдей өткір қару: тіпті сол елдерде де, жұмысшылардың күрес құралы — саяси бостандық, жұмысшылар одағының берік ұйымдары, бай кассалары бола тұрса да, стачкалар екінің бірінде жұмысшылардың жеңілуімен бітіп отырады. Ал бізде стачка қамауға алынып жазаланатын, қарулы күшпен басуға тиісті қылмыс болып табылады, қандай да болсын жұмысшылар одағына рұхсат берілмейді, — сондықтан біздің елде стачка тек қарсылықтың ғана маңызын алады. Ал қарсылық үшін демонстрация

анағұрлым күшті қару болып табылады. Стачкаларда жұмысшылардың күші бытырайды, бұған бір ғана заводтың немесе бірнеше ғана заводтың, ерлегенде бір ғана кәсіптің жұмысшылары қатнасады, жаппай стачка ұйымдастыру тіпті Батыс Европада да өте қыйын, ал бізде мүлде мүмкін емес, — ал енді көше демонстрацияларында жұмысшылар өзінің күшін бірден ұйымдастырады.

Бұдан саяси күресті «интеллигенцияға», студенттерге, қоғамға беріп, жұмысшыларға тек көмекші күштің ролін тапсырып, жұмысшы қозғалысын экономикалық күрес пен экономикалық ұйымның шеңберінде қысып ұстағысы келетін «социал демократтардың» іске қаншалық тар көлемде қарайтыны көрінеді. Мұндай жағдайларда жұмысшылар тек буржуазия үшін ғана отқа күйге мәжбүр болатынын бізге тарих үйретіп отыр. Әдетте буржуазия самодержавиелі өкіметке қарсы күресте жұмысшылардың күшті қолдарын қуана-қуана пайдаланады, ал жеңіске қол жеткен соң оның нәтижесін өзі иемденіп ала қояды да, жұмысшыларды кұр қол қалдырады. Егер бізде де іс осы бетпен кететін болса, онда жұмысшылар бұл күрестен түк ала алмайды. Ал студенттерді және қоғамдағы басқа қарсылық жасаушыларды алатын болсақ, олар — бәзбаяғы буржуазия ғой. Халыққа болмашы ғана право беретін, ешбір келдікетгісі жоқ «жұлымдалған конституцияны» қолына ұстата салса болғаны — осы қарсылардың бәрі басқа әуенге көшеді: «жаңа» тәртіпті мақтай бастайды. Буржуазия коммунизмнің «қызыл елесінен» ылғый үрейленіп отырады және революциялардың бәрінде

де істі тек басталған жерінде аяқтай қоюға тырысады. Өзіне тиімді болмашы жеңілдік алады да, жұмысшылардан қорқып қалған буржуазия татулық сұрап өкіметке қолын созады және шімірікпестен бостандықты сатып жүре береді\*.

Тек жұмысшы табы ғана нағыз демократияның сенімді тірегі болып табылады. Тек жұмысшы табы ғана қайсыбір жеңілдікке бола самодержавиемен келісімге бармайды, конституциялық әуенмен тәтті күй тартты екен деп ол алдауға түсіп қалмайды.

Сондықтан, жұмысшы табы жалпы демократиялық қозғалыстың алдында бола ала ма, әлде «интеллигенцияның», яғни буржуазияның көмекші күші ретінде қозғалыстың тек соңына ере ме, — міне мұның Россиядағы демократиялық іс үшін айрықша маңызы бар. Бірінші жағдайда самодержавиені құлатудың нәтижесі — жұмысшыға да, жаншылған шаруаға да, капиталистке де тең право беретін, кең түрдегі демократиялық конституция болып шығады. Екінші жағдайда біздің қолымызға тиетін нәтиже — жұмысшының талаптарын абсолютизмнен бетер таптайтын және халыққа бостандықтың елесін ғана беретін, «жұлымдалған конституция» болып шығады.

Бірақ бұл жетекшілік рольді атқару үшін жұмысшы табы дербес саяси партияға ұйымдасуы керек. Сол кезде оған абсолютизмге қарсы күресте өзінің

---

\* Бул жерде біз, әрине, осы кездің өзінде өз табынан бөлініп шығып, социал-демократтардың қатарында күресіп жүрген интеллигенция туралы айтып отырғанымыз жоқ. Бірақ мұндай интеллигенттер — бірен-саран ғана, булар бейнебір «ақ қарғалар» ғой.

уақытша одақтасының — «қоғамның» тарапынан шығатын опасыздықтың, сатып кетушіліктің ешқандайы хауіпті болмайды. Бұл «қоғам» демократия ісіне опасыздық жасаған кезден былай қарай жұмысшы табының өзі, өз күштерімен-ақ бұл істі Ілгері бастап әкетеді, — дербес саяси партия бұл үшін оған қажетті күш береді.

*„Ердола“ („Күрес“) газеті, № 2—3.*

*ноябрь—декабрь, 1907 ж.*

*Мақалаға қол қойылмаған*

**Орысшасы грузин тілінен аударылған**


# СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ УЛТ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ТҮСІНЕДІ?

## I

Барлық нәрсе өзгеріп отырады... Қоғам тұрмысы өзгереді және онымен бірге «ұлт мәселесі» де өзгереді. Әртүрлі кезеңдерде күрес майданына әртүрлі таптар шығады, — сондықтан әрбір тап «ұлт мәселесін» өзінше түсінеді. Демек, «ұлт мәселесі» әртүрлі кезеңдерде әртүрлі мүдделерге қызмет етеді, оны қандай таптың және қашан көтеруіне байланысты түрліше сарын алады.

Мәселен, бізде дворяндық «ұлт мәселесі» деген болды, грузин дворяндары — Грузияның Россияға қосылғанынан кейін — грузин патшалары тұсындағы артықшылықтары мен құдреттілігінен айрылу өздері үшін қаншалықты пайдасыз екенін шынымен сезді және «жай қоластылықты» өздерінің қадірін түсіретін іс деп есептеп, «Грузияның азат болғанын» тіледі. Мұнысымен олар «Грузияның» басына грузин патшалары мен дворяндарды қойғысы келді, сөйтіп грузин халқының тағдырын соларға тапсырғысы келді! Мұның өзі феодалдық-монархиялық «ұлтшылдық» еді. Бұл «қозғалыс» грузин өмірінде ешқандай көзге түсерлік із қалдырмады, егер Кавказдағы орыс бас-

3 И. В. Сталин. I-том





қарушыларына қарсы грузин дворяндарының жасаған кейбір астыртын әрекеттерін еске алмасак, бұл қозғалыс бірде-бір фактымен даңқ ала алмады. Онсыз да тым әлсіз бұл «қозғалысқа» қоғам өмірі уақытталарының жеңіл-желпі жанасуы-ақ оны ірге тасымен қопарып қыйрату үшін жеткілікті еді. Я, шынында да, товарлы өндірістің дамуы, крепостниктік тәртіптің жойылуы, дворян банксінің құрылуы, қала мен деревняда таптық антагонизмнің күшеюі, деревня кедейлерінің күшейе түскен қозғалысы, т. с. — осылардың бәрі грузин дворяндарына және, олармен бірге, «феодалдық-монархиялық ұлтшылдыққа» өлтіре соққы берді. Грузин дворяндары екі топқа қақ жарылды. Оның бір тобы «ұлтшылдық» атаулыдан бас тартып, орыс самодержавиясына қолын созды, сөйтіп мұның орнына одан жылы орын, арзан кредит және ауыл шаруашылық құралдарын алмақшы болды, үкіметтен өзін селолық «бүлікшілерден» қорғап отыруын қамтамасыз етуді сұрады, т. т. Ал грузин дворяндарының екінші, нашарлау тобы грузин епископтарымен және архимандриттарымен достасты, сөйтіп тұрмыстан айдау көрген «ұлтшылдықты» клерикализм қанатының астына әкеліп тықты. Бұл топ қыйраған грузин шеркеулерін (мұның өзі ол топтың «программасының» ең басты тармағы болып табылады!) — «бұрынғы дәуреннің ескерткіштерін» — қайтадан қалпына келтіру ісімен қатты шұғылдануда, сөйтіп өзінің крепостниктік-монархиялық «тілектерін» іс жүзіне асыратын бір кереметтің келуін хұрметпен күтуде.

Сонымен, феодалдық-монархиялық ұлтшылдық өз өмірінің ақырғы минутында клерикалық түрге айналды.

Осымен қатар қазіргі замандағы қоғам өмірі бізде буржуазияның ұлт мәселесін туғызды. Жас грузин буржуазиясы «шет ел» капиталистерімен емін-өркін бәсекелесудің өзі үшін қаншалықты қыйын екенін сезген кезінде, ол грузин ұлтшыл демократтары арқылы Грузияның тәуелсіздігі туралы жамырай бастады. Грузин буржуазиясы грузиндік рынокті баж салығы арқылы қорғамақшы болды, бұл рыноктен «шет ел» буржуазиясын күшпен қуып шықпақшы болды, товар бағасын түрлі жасанды жолдармен көтермекші болды, сөйтіп осындай «отаншылдық» айдалармен баю жолында табысқа жеткісі келді.

Грузин буржуазиясының ұлтшылдығының мақсаты осындай болған-ды және осындай болып қалып отыр. Бұл мақсатты іс жүзіне асыру үшін күш керек болғанын, ал ол күштің пролетариатта екенін айтып жатудың да қажеті жоқ. Буржуазияның сылдыр-су «патриоттығына» тек пролетариат қана жан кіргізе алды. Өз жағына пролетариатты тарту қажет болды, міне осыдан келіп «ұлтшыл демократтар» шығады. Ғылми социализмді іске алғысыз ету үшін олар талай оқ-дәріні шашты, социал-демократтарды олар талай жамандады, грузин пролетарларына олардан аулақ болыңдар деп ақыл айтты, грузин пролетариатын мақтады, оны «жұмысшылардың өз мүдделері үшін» қалайда грузин буржуазиясын күшейтуге үгіттеді. Олар грузин пролетарларының соңынан қалмай жабысып, оған «Грузияны» (немесе грузин буржуазиясын?) кұртпаңдар, «ішкі алауыздықты» ұмытыңдар, грузин буржуазиясымен достасыңдар деп, тағысын тағыларды айтып жалынды. Бірақ түк шықпады! Буржуазияшыл публицистердің тәтті ертегілері грузин

пролетариатын ұйқтата алмады! Грузин марксистерінің аяусыз шабуылдары, әсіресе орыс, армян, грузин пролетарларын және басқа пролетарларды бір социалистік отрядқа айналдырған қуатты аттаныстар, — біздің буржуазиялық ұлтшылдарға күйрете соққы берді, сөйтіп оларды күрес майданынан түріп шықты.

«Масқараланған атын бұрынғы қалпына келтіру үшін «біздің қашқын патриоттарға» «ең болмаса бояуын өзгерту» қажет болды, социалистік көзқарастарды ұғына алмайтын болған күнде ең болмаса социалистік перде жамылу керек болды. Я, шынында да да, астыртын... буржуазиялық-ұлтшыл — айтуға рұхсат болса — «социалистік» орган «Сакартвелло»<sup>5</sup> деген жылт етіп шыға келді. Грузин жұмысшыларын осылайша қызықтырғысы келді! Бірақ мұның өзі енді кеш болды — Грузин жұмысшылары ақ пен қараны айыруға үйренген еді, олар буржуазияшыл ұлтшылдардың өздерінің көзқарастарының мәнін емес, «тек қана бояуын өзгерткенін», «Сакартвеллоның» құр аты ғана социалистік екенін оңай сезе қойды. Олар осыны түсінді де, Грузияны «сақтап қалушыларды» мазақ етті! «Сакартвеллодан» шыққан дон-кихоттардың үміттері ақталмады!

Екінші жағынан, біздің экономикалық дамуымыз грузин буржуазиясының алдыңғы қатарлы тобы мен «Россия» арасына біртіндеп жол ашып келеді, бұл топты экономикалық және саяси жағынан Россиямен байланыстырып келеді, сөйтіп онсыз да бүлінген буржуазиялық ұлтшылдықтың іргесін қопарып отыр. Ал мұның өзі — буржуазиялық ұлтшылдыққа берілген екінші бір соққы.

Күрес майданына жаңа тап, пролетариат шық

ты, — және онымен бірге жаңа «ұлт мәселесі», пролетариаттың «ұлт мәселесі» туды. Пролетариаттың дворяндар мен буржуазиядан айырмашылығы қандай болса, пролетариат көтеріп отырған «ұлт мәселесінің» дворяндар мен буржуазия «ұлт мәселесінен» айырмашылығы да сондай.

Енді осы «ұлтшылдық» туралы сөйлеселік.

Социал-демократия «ұлт мәселесін» қалай түсінеді?

Россиялық пролетариат күрес туралы әлдеқашан сөйлей бастаған-ды. Жұртқа мәлім, күрес атаулының мақсаты жеңу болады. Ал пролетариаттың жеңуі үшін барлық жұмысшылардың ұлт айырмашылығына қарамастан бірігуі қажет. Ұлттық межелердің қырауы, орыс, грузин, армян, поляк, еврей пролетарларының және басқа пролетарлардың тығыз бірлесуі россиялық пролетариаттың жеңуі үшін қажетті шарт болып табылады.

Россиялық пролетариаттың мүдделері осындай.

Бірақ россиялық пролетариаттың қас жауы — россиялық самодержавие пролетарлардың бірігу ісіне үнемі қарсы әрекет жасап жүр. Самодержавие Россиядағы «бөтен» ұлттардың ұлт мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпы мен мекемелерін қарақшыларша қуғындауда. Самодержавие оларды қажетті азаматтық праволарынан айыруда, барлық жағынан қысымға алуда, фарисейлікке салынып олардың арасында сенімсіздік және жаулық әрекетін таратуда, оларды қанды соқтығыстарға итермелеуде, мұнысымен ол орыс самодержавиесінің бірден-бір мақсаты Россияны мекендеуші ұлттарды арадастыру, олардың арасында ұлт алауыздығын шиеленістіру, ұлттық меже-

лерді нығайту, сөйтіп үлкен табыспен пролетарларды ажырату, үлкен табыспен бүкіл россиялық пролетариатты ұсақ ұлт топтарына бөліп тоздыру, осындай жолдармен жұмысшылардың таптық сана-сезіміне, олардың тап болып бірігуіне көрқазу екенін көрсетеді.

Орыс реакциясының мүдделері осындай, орыс самодержавиесінің саясаты осындай.

Россиялық пролетариаттың мүдделері ертелі-кеш патшалық самодержавиенің реакциялық саясатымен шарасыз шайқасуға тиіс екені айқын еді. Ол солай болып шықты да; социал-демократияда «ұлт мәселесі» дәл осындай негізде пайда болды.

Ұлттар арасына құрылған ұлттық межелерді қалай кұрту керек, россиялық пролетарларды бір-бірімен жақсырақ етіп жақындастыру үшін, оларды тығызырақ топтау үшін ұлттық түйықтықты қалай жою керек?

Социал-демократиядағы «ұлт мәселесінің» мазмұны осындай.

Жеке ұлттық партияларға бөліну керек, сөйтіп олардан «еркін одақ» құру керек, — деп жауап береді федералист-социалдемократтар.

«Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы»<sup>6</sup> да осыны айтады.

Көріп отырсыздар, бізге бір орталығы бар бір россиялық партияға бірігуге емес, қайта бірнеше басшы орталығы бар бірнеше партияларға бөлінуге ақыл береді, сөйтіп осының бәрі таптық бірлікті күшейту үшін керек дейді! Біз түрлі ұлттардың пролетарларын бір-бірімен жақындастырғымыз келеді. Бұл үшін біз не істеуге тиістіміз? — Пролетарларды бір-бірінен қашықтатындар, сонда мақсатқа жетесіндер! — дейді

федералист-социалдемократтар. Біз пролетарларды бір партияға біріктіргіміз келеді. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? — Россиялық пролетариатты жеке-жеке партияға ұсақтап бөліңдер, сонда мақсатқа жетесіңдер, — дейді федералист-социалдемократтар. Біз ұлттық межелерді жойғымыз келеді. Қандай шаралар қолдану керек? — Ұлттық межелерді ұйымдастырушылық межелермен нығайтыңдар, сонда мақсатқа жетесіңдер! — дейді олар. Міне осының бәрін бізге, бірдей саяси жағдайларда күрес жүргізуші, бір ортақ жауы бар россиялық пролетарларға ақыл етіп айтады. Бір сөзбен айтқанда, бізге жаулардың қуанышы үшін қыймылданар, сөйтіп өздеріңнің жалпы мақсаттарыңды өз қолдарыңмен жерлеңдер! — дейді.

Ал енді біраз уақыт федералист-социалдемократтармен келісіп, олардың соңына түсіп байқайықшы, — олар бізді қайда апарар екен, көрейікші! Өтірікшіні өтірігі шыққанша қу, деген бар ғой.

Айталық, біз өзіміздің федералистерді тыңдап, жеке-жеке ұлт партияларын құрған екенбіз. Мұның соңынан қандай нәтижелер болмақшы?

Мұны түсіну қыйын емес. Егер осы уақытқа дейін, біз централист болып келгенімізше, барлық көңілді пролетарлар тұрмысының жалпы жағдайларына, олардың мүдделерінің бірлігіне аударып келген болсақ, ал олардың «ұлттық айырмашылығы» туралы мұның өзі олардың жалпы мүдделеріне қайшы келмейтіндігіне байланысты ғана айтып келген болсақ, — егер осы уақытқа дейін біз үшін ең бірінші мәселе: Россия ұлттарының пролетарлары өзара не жөнінде бір ауызды бола алады, олардың арасында қандай ортақ мүдделер бар, осы ортақ мүдделердің негізінде бүкіл

Россия жұмысшыларының бір орталыққа бағынған партиясын қалай құру керек деген мәселе болса, — ал қазіргі уақытта, «біз» федералистер болған кезімізде, біздің назарымызды аудартып отырған жаңа, ең басты мәселе Россия ұлттарының пролетарлары бір-бірінен қандай белгімен айрылады, олардың арасында қандай айырмашылық бар, «ұлттық айырмашылық» негізінде жеке-жеке ұлт партияларын қалай құру керек деген мәселе болып отыр. Сонымен централистер үшін екінші қатардағы «ұлт айырмашылығы» енді федералистер үшін ұлттық партиялардың негізі болып отыр.

Егер біз осы жолмен әрі қарай кете беретін болсақ, онда ертелі-кеш әйтеуір бір кезде, мәселен, армян пролетарларының «ұлттық» және тағы басқа сол сыяқты айырмашылықтары қандай болса, армян буржуазиясінікі де сондай, армян пролетарлары армян буржуаларының әдет-ғұрпы мен мінезі бірдей, олар бір халық, бөлінбейтін бір «ұлт» \* деген қортындыға

---

\* «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы» жаңа ғана осы мақтаныш адымды басып та үлгірді. Ол өзінің «Манифесінде»: «пролетариатты (армян пролетариатын) қоғамнан (армян қоғамынан) бөлуге болмайды: біріккен пролетариат (армян пролетариаты) армян халқының ең ақылды және ең күшті ұйымы болуға тиіс», «социалистік партияға біріккен армян пролетариаты армян қоғам пікірін белгілеуге тырысуға тиіс, армян пролетариаты өз ұлтының туған ұлы болады» дегенді, тағы басқаларды үзілді-кесілді айтып отыр («Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы» Манифесінің 3-статьясын қараңыз).

Біріншіден, «армян пролетариатын армян қоғамынан бөлуге болмайды» дегеннің себебі не екені түсініксіз, өйткені бұл «бөліну» қадам басқан сайын болып жатқан жоқ па? Әлде біріккен армян пролетариаты, 1900 жылы (Тифлисте) армян буржуазиясы

келуге мәжбүр боламыз. Осыдан келіп «бірігіп қыймылдаудың бірыңғай жолына» дейін бару, бұл жолға буржуалар да, пролетарлар да түсіп, бір «ұлттың» мүшелері ретінде бір-біріне достықпен қолдарын созуға дейін бару қашық емес. Бұл арада самодержавиелік патшаның фарисейлік саясаты осындай достықтың «жаңа» дәлелі сыяқты болып көрініп, ал таптық антагонизм туралы әңгімелер «орынсыз доктринерлік» болып көрінуі мүмкін. Ал сол кезде тағы да біреудің ақындық қолы Россия ұлттары пролетарларының арасында әзірше әлі де қалмай келе жатқан көлемі тар ұлттық пернені «батылырақ» қағады да, өзіне тиімді жырды жырлаттырады. Шовинистік кәз-

---

мен буржуазияша ойлайтын армяндарға қарсы күрес жарыяланғанда, армян қоғамынан «бөлінген» жоқ па еді?! «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы» армян пролетарларының армян қоғамындағы басқа таптардан «бөлінген» таптық ұйымы болмайтын болса, енді қандай ұйым болмақшы? Немесе, мүмкін, «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы» барлық таптардың ұйымы болып табылатын шығар! Ал онда күресуші армян пролетариаты «армян қоғам пікірін белгілеумен қанағаттана ала ма, ол ілгері басуға, осы бақалшағына дейін буржуазиялық «қоғам пікіріне» қарсы күрес ашып, оған революциялық рух беруге міндетті емес пе? Фактыларға қарағанда, ол міндетті. Ал егер осылай болатын болса, онда «Манифест» оқушының назарын «қоғам пікірін белгілеу» жағына емес, бұл пікірге қарсы күрес ашу, оны революцияшылдандыру жағына аударуға тиіс екені өзінен өзі айқын нәрсе: мұнысымен ол «социалистік пролетариаттың» міндеттерін жақсырақ етіп сыйпаттаған болар еді. Және, ақырында, қалайша армян пролетариаты «өз ұлтының туған ұлы» бола алады, бұл ұлттың бір бөлімі — армян буржуазиясы — пролетариаттың қанын сүліктей сорып отырса, ал екінші бөлімі — армян дін иелері — жұмысшылардың қанын сорумен қатар, оның сана-сезімін ылғый аздырып отырған жоқ па? Егер іске тап кү-



заптыққа кредит (сенім) ашылады, достар жауболып көрінеді, жаулар дос болып көрінеді, абыржу туады, россиялық пролетариаттың таптық сана-сезімі уақталады.

Сонымен, ұлттық межелерді қыйрату орнына біз, федералистердің шапағаттылығы бойынша, оларды ұйымдастыру межелерімен тағы да мықтап нығайтпақшымыз; пролетариаттың таптық сана-сезімін алға бастырудың орнына, біз оны кейін шегеріп тастамақшымыз, сөйтіп хауіпті сынға салмақпыз. Онда самодержавиелік патша «жүрегі жарыла қуанады», өйт-

---

ресінің тұрғысынан қарайтын болса, осы мәселелердің бәрі түсінікті және болмай қоймайтын мәселелер. Бірақ, «Манифестің» авторлары бұл мәселелерді байқамай отыр, өйткені олар іске федералистік-ұлтшылдық көзқарас тұрғысынан қарайды, бұл көзқарасты олар Бундтан (еврей жұмысшы одағы)<sup>7</sup> алып жүр; Тегінде «Манифест» авторларының алдына қойған мақсаты — барлық жағынан да Бундқа еліктеу болған сыяқты. Олар өзінің «Манифесіне» Бундтың V съезінің «Бундтың партиядағы орны туралы» қарарының екінші статьясын да енгізген. Олар «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымын» армян пролетариатының мүдделерін бірден-бір қорғаушы деп атайды (көрсетілген «Манифестің» 3-статьясын қараңыз). «Манифестің» авторлары мыналарды ұмытқан: біздің партияның кавказдық комитеттері<sup>8</sup> міне енді бірнеше жылдан бері Кавказдағы армян (және басқаларының) пролетарларының уәкілдері деп есептеліп келеді, армян тілінде ауызша және баспаша насихат пен үгіт жүргізу арқылы армян пролетарларының таптық сана-сезімін өсіріп келеді, күрес кезінде бұларға басшылық етіп келеді және басқалар, ал «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымын» алатын болсақ, ол кеше ғана жарыққа шыққан болатын. Осының бәрін олар ұмытқан және тағы да көп нәрселерді ұмытар деп сену керек болар, тек қана Бундтың ұйымдастыру және саяси көзқарастарын дәл қолданса болғаны да.

кені оған біз сыяқты тегін жәрдемшілер тауып алу ешуақытта мүмкін болмаған болар еді.

Біз осыны тілеп пе едік?

Сонымен, ақырында, бізге бірыңғай, орамды, бір орталыққа барынған партия қажет кезінде, Орталық Комитеті бүкіл Россияның жұмысшыларын лезде аяғынан тік қоя алатын, оларды самодержавие мен буржуазияға үзілді-кесілді шабуыл жасауға бастай алатын партия қажет кезінде, — біздің қолымызға жарымжан, жеке-жеке партияларға бөлініп шашыраған «федералистік одақты» тыққыштайды! Өткір қару орнына бізге тот басқан қару береді де: мұнымен қас жауларыңды тезірек құртасыңдар деп сендірмекші болады!

Міне федералист-социалдемократтар бізді осыған апармақшы!

Бірақ біздің, ұлттық межелерді «күшейтуді» емес, қайта оларды қыйратуды көздейтіндігіміз себепті, қазіргі әділетсіздікті түбімен қопарып жою үшін, бізге тот басқан қару емес, өткір қару қажет екендігі себепті, біздің жауға қуаныш емес, қайта күйініш туғызуды тілейтіндігіміз себепті, жауды жермен жексен еткіміз келетін себепті біздің міндетіміз — федералистерден іргені аулақ салып, «ұлт мәселесін» шешу үшін жақсы жол табу екені айқын.

## II

Біз осы уақытқа дейін «ұлт мәселесін» қалайша шешуге жарамайтындығы туралы айтып келдік. Енді бұл мәселені қалайша шешу керек екендігі туралы,

яғни оны социал-демократиялық жұмысшы партиясының қалай шешкендігі жөнінде әңгімелесейік\*.

Ең алдымен, Россияда әрекет етуші социал-демократиялық партия өзін Россиялық партия деп атағанын (орыс партиясы деп атамағанын) есте ұстау қажет. Сірә, мұнысымен ол бізге мыналарды көрсеткісі келген болуы керек: бұл партия өз туы астына тек орыс пролетарларын ғана емес, онымен бірге Россияның барлық ұлттарының жұмысшыларын да жыйнамақшы, демек, ол пролетарлар арасына құрылған ұлттық межелерді жою үшін барлық шараларды қолданбақшы.

Сонсың, біздің партия «ұлт мәселесін» оған жасырын сыр беріп бүркемелеген қара тұманнан тазалады, бұл мәселені жеке-жеке тарауға бөлді, олардың әрқайсысына таптық талаптың сыйпатын берді. Сөйтiп оларды программада жеке-жеке статья ретінде баяндады. Мұнысымен ол бізге мынаны айқын көрсетті: өзімен өзі болып алынған «ұлттық мүдделер» мен «ұлттық талаптар» дегеннің пәлендей құны жоқ, бұл «мүдделер» мен «талаптар» пролетариаттың таптық сана-сезімін, оның таптық дамуын қаншалықты алға бастырып отырса немесе алға бастыра алатын болса, соншалықты ғана көңіл бөлуге тұрарлық нәрсе.

Осының бәрімен Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы «ұлт мәселесін» шешуде қолданған жолы мен ұстаған позициясын айқын белгіледі.

---

\* Төмендегілер біздің партиямыздың программасының ұлт мәселесіне қатысты статьяларына түсінік беру болып табылатынын айту артық болмас.

«Ұлт мәселесі» қандай бөлімдерден кұралады?

Федералист-социалдемократ мырзалар нені талап етеді екен?

1) «Россия ұлттары үшін азаматтық теңдікті» ме?

Сіздерді тынышсыздандырып жүрген Россияда үстемдік етіп отырған азаматтық теңсіздік пе? Сіздер Россия ұлттарына үкімет тартып алған азаматтық праволарын қайтып беруді тілейсіздер ме және сондықтан бұл ұлттар үшін азаматтық теңдік талап етесіздер ме? Ау, біз бұл талапқа қарсымыз ба? Біз пролетарлар үшін азаматтық праволардың қандай үлкен маңызы бар екенін жақсы түсінеміз. Азаматтық праволар — күрес қаруы; бұл праволарды тартып алу — қаруды тартып алу деген сөз, ал қарусыз пролетарлардың жақсы күресе алмайтынын кім білмейді? Ал Россия пролетариатының өзі үшін Россиядағы барлық ұлттардың пролетарларының жақсы күрескені қажет, өйткені бұл пролетарлар неғұрлым жақсы күресе, олардың таптық сана-сезімі соғұрлым өседі, ал олардың таптық сана-сезімі неғұрлым өссе, россиялық пролетариаттың таптық бірлігі соғұрлым нығая түседі. Я, мұның бәрі бізге белгілі, сондықтан да біз өзіміздің барлық күшімізбен Россия ұлттарының азаматтық теңдігі үшін күресудеміз және күресе береміз. Біздің партиямыздың программасының 7-ші статьясын оқыңызшы, онда партия «барлық азаматтардың жынысына, дініне, нәсілі мен ұлтына қарамастан толық тең праволы болуы» туралы айтады, одан Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының бұл талаптарды іс жүзіне асыруды өз мойнына алып отырғанын көруіңізге болады.

Федералист-социалдемократтар тағы нені талап етеді екен?

2) «Россия ұлттары үшін тіл бостандығын» ба?

Сіздерді тынышсыздандырып жүрген факт Россиядағы «бөтен» ұлттардың пролетарларына ана тілінде оқуына, қоғамдық, мемлекеттік және басқа мекемелерде ана тілінде сөйлеуіне түгелдей дерлік тыйым салынғаны ма? Шынында, тынышсызданатын нәрселер бар! Тіл — даму мен күрестің қаруы. Әртүрлі ұлттардың әртүрлі тілі бар. Россиялық пролетариаттың мүдделері Россия ұлттары пролетарларының өздері еркінірек білім алуына болатын, жыйналыстарда, қоғамдық, мемлекеттік және басқа мекемелерде жауларына қарсы жақсырақ күресе алатын тілмен пайдалануына толық праволы болуын талап етеді. Мұндай тіл ана тілі болып табылады. «Бөтен» ұлттардың пролетарларын ана тілінен айырып отыр, сондықтан біз үндемей отыра аламыз ба, — дейді олар. Ал бұл жөнінде Россия пролетариатына біздің партиямыздың программасы қалай жауап береді? Біздің партиямыздың программасының 8-ші статьясын оқыңызшы, ол статьяда біздің партия: «халықтың ана тілінде білім алуына праволы болуын, мұның қамтамасыз етілуі үшін мемлекет және өзіндік басқарма орындары есебінен қажетті мектептер құрылуын, әрбір азаматтың жыйналыстарда ана тілінде түсінісуіне праволы болуын, барлық жергілікті қоғамдық және мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілмен бірдей ана тілінің жүргізілуін» талап етеді, — осының бәрін оқыңызшы, сонда Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының бұл талапты

да іс жүзіне асыруды өз мойнына алып отырғанына көзіңіз жетеді.

Федералист-социалдемократтар тағы нені талап етеді екен?

3) «Россия ұлттары үшін өзіндік басқарманы» ма?

Сіздер мұнымен белгілібір заңдарды Россия мемлекетінің бір-бірінен өзіндік тұрмыс жағдайлары және халықтың құрамы жағынан өзгешеліктері бар түрлі-түрлі жерлеріне бірдей қолдануға болмайды деп айтқыларыңыз келетін шығар? Сіздер көрсетілген жерлерге жалпы мемлекеттік заңдарды олардың өзіндік жағдайларына ыңғайлауға право берілуді тілейтін шығарсыздар? Егер мұның өзі осылай болатын болса, егер сіздердің талаптарыңыздың мазмұны осындай болатын болса, — онда оған тиісті түр беру де қажет, ұлтшылдық тұманды, шым-шытырықты алып тастау керек, сөйтіп заттарды өз аттарымен атау керек. Ал егер сіздер осы ақылға еретін болсаңыздар, онда мұндай талапқа біздің ешқандай қарсылығымыз жоқ екеніне көздеріңіз жетеді. Россия мемлекетінің бір-бірінен өзіндік тұрмыс жағдайлары және халықтың құрамы жағынан өзгешеліктері бар түрлі-түрлі жерлеріне мемлекеттік конституцияны бірдей қолдануға болмайтындығында, мұндай жерлерге жалпы мемлекеттік конституцияны олар барынша мол пайда келтіретін түрде, олар халық ішінде бар саяси күштерді мейлінше толығырақ дамытатын түрде іс жүзіне асыруға право беру қажет екендігінде біздің ешбір күмауымыз жоқ. Мұны россиялық пролетариаттың таптық мүдделері талап етеді. Ал егер сіздер біздің партиямыздың программасының 3-ші статьясын қайта оқысаңыздар, онда біздің партия: «жаппай жергілікті

өзіндік басқарманың болуын, айрықша тұрмыс жағдайлары және халық құрамы жағынан өзгешеліктері бар жерлер үшін облыстық өзіндік басқарманың болуын» талап етеді, — осыны оқысаңыздар сіздер Россиялық социал-демократиялық жұмақшы партиясының әуелі бұл талапты ұлтшылдық тұманнан тазаланғанын, содан кейін оны іс жүзіне асыруды өз мойнына алғанын көресіздер.

4) Сіздер бізге патша самодержавиесін көрсетіп, ол Россиядағы «бөтен» ұлттардың «ұлттық мәдениетін» айуандықпен қуғынға салып отыр, ол олардың ішкі тұрмысына қарақшылықпен араласып, оларды барлық жағынан бірдей қысымға алып отыр, ол финдердің мәдениет мекемелерін тағылықпен қыйратты (және әлі де қыйратуда), армянның ұлттық мүлкін қарақшылықпен басып алды, т. т. деп отырсыздар? Сіздер самодержавиенің қарақшылық зорлықтарынан құтылу кепілін талап етесіздер? Ау, біз патша самодержавиесінің зорлықтарын көрмей отырмыз ба және біз бұл зорлықтарға қарсы үнемі күреспей отырмыз ба? Осы кезде қазіргі россиялық үкіметтің Россиядағы «бөтен» ұлттарды қалай қысымға алып, тұншықтырып отырғаны әркімге де айқын нәрсе. Үкіметтің мұндай саясаты россиялық пролетариаттың таптық сана-сезімін күннен күнге аздырып, хауіпті қыйыншылықтарға кездестіріп отырғаны да ешбір күмандануға жатпайды. Демек, біз әрқашан және әржерде патша үкіметінің аздырушы саясатына қарсы күресе береміз. Демек, біз әрқашан және әржерде самодержавиенің полициялық зорлықтарынан бұл ұлттардың пайдалы мекемелерін ғана емес, сонымен қатар тіпті пайдасыз мекемелерін де қорғап отырамыз,

өйткені россиялық пролетариаттың мүдделері бізге мынаны сездіріп отыр: ұлттардың өздері ғана өзінің ұлттық мәдениетінің анау-мынау жағын жоюға немесе дамытуға праволы. Ал біздің программаның 9-шы статьясын оқыңызшы. Біздің партиямыздың программасының 9-шы статьясында әңгіме осы туралы болып отырған жоқ па; орынды жерінде айта кету керек, бұл статья жауларымыз арасында да, достарымыз арасында да көп әңгіме туғызды.

Бірақ бұл жерде біреулер біздің сөзімізді бөліп, 9-шы статья туралы әңгімелерді тоқтатуға ақыл береді. Не себепті? дейміз біз. «Себебі сол», — дейді олар, — сіздің программаның бұл статьясы сол программаның 3-ші, 7-ші және 8-ші статьяларына «негізімен қайшы келеді», егер ұлттарға өздерінің барлық ұлттық істерін (9-шы статьяны қараңыз) өз еркімен кұруға право берілетін болса, онда аталып өткен программада 3-ші, 7-ші және 8-ші статьяларға орын болмасқа тиіс және, керісінше, егер бұл статьялар программада қалатын болса, онда, әрине, программдан 9-шы статья шығарылып тасталуға тиіс. «Сакартвелло»\*, әрине, осы сыяқты бір нәрсені қоқсытып отыр, ол өзінің сүйегіне біткен ұшқалақтықпен: «ұлтқа — мен саған облыстық өзіндік басқарма беремін деу және сүйте отырып оған — өзінің барлық ұлттық істерінді өз қарауыңша кұруға правоң бар деп

---

\* Бұл жерде біз 9-шы статьяның мазмұнын жақсырақ түсіндіру үшін ғана «Сакартвеллоны» сөз қылып отырмыз. Бұл мақаланың мақсаты — «сакартвеллоистерді» емес, федералист-социал-демократтарды сынау, өйткені «сакартвеллоистердің» федералист-социалдемократтардан айырмасы өте күшті (I тарауды қараңыз).



ескерту, — бұл қандай логика» деп сұрайды? («Сакартвелоның» 9-номерін қараңыз). «Шамасы», программаға абайсызда логикалық қайшылық кіріп кеткен екен, «шамасы», бұл қайшылықты жою үшін программадан қайсысы болса да бір немесе бірнеше статьяларды шығарып тастау қажет екен. Я, «сөзсіз» шығарып тастау керек, әйтпесе, қараңызшы, логиканың өзі логикасыз «Сакартвелоның» атынан қарсы шығып отыр.

Ертедегі бір ертегі еске түседі. О бір заманда «данышпан анатом» болыпты. Оның қарамағында «нағыз» анатом үшін «қажетті нәрселердің бәрі» — диплом, үй, инструменттер, шамадан тыс талаптар жеткілікті болған. Оның мұқтажы болмашы ғана нәрсе — анатомия білімі екен. Бір күні оған жұрт келіп, анатомиялық столға өзі шашып тастаған қаңқа мүшелерінің арасында қандай айырма барын түсіндіруді сұрапты. Сонымен, біздің «даңқты данышпанымызға» білімділігін көрсетуге орайы келіпті. «Данышпан» мейлінше маңғазданып, салтанатты пішінмен «іске» кірісіпті! Бірақ бәленің басы осыдан шығыпты! «Данышпан» анатомиядан түк тө түсінбейді екен, ол қандай мүшені қандай мүшеге жалғастыруды, сөйтіп, тұтас қаңқа құрауды білмейді екен! Байғұс көп әуре болып, қара терге түсіпті, бірақ түк шығара алмапты! Ақырында, мүшелердің бәрі шатасып, ешнәрсе шықпаған кезде, ол қаңқаның бірнеше мүшесін қолына алып, алысқа лақтырып келіп жіберіпті, сонсын: «арам ниетті» біреулер столға қаңқаның нағыз мүшелерін емес, басқа бірдеңені салып қойыпты деп, сол адамдарды білгішсінген пішінмен сөгіпті. Жұрт, әрине, «данышпан анатомды» мазақ етіпті.

«Сакартвелло» да осы сыяқты «уақыйғаға» ұшырапты. Оның ойына біздің партиямыздың программасын талдау түскен, бірақ ол, бақсақ, біздің программаның не екенін және оны қалайша талдау керек екенін білмеген, бұл программаның жеке-жеке статьяларының арасында қандай байланыс барын және әрбір статьяның өзін жеке алғанда не болып шығатынын түсінбеген, — ал сөйте отырып енді бізге «білгішсініп» ақыл айтады: өйткені сіздердің программаларыңыздың мынадай-мынадай статьяларын мен түсіне алмадым, сондықтан (!) оларды программадан шығарып тастау керек дейді.

Бірақ мен онсыз да мазақ болған «Сакартвеллоны» мазақ еткім келмейді, — жатқанды ұрмас болар, дейтін бар ғой! Қайта, мен оған біздің программаны түсіндіру жөнінде тіпті жәрдем көрсетуге де даярмын, бірақ мұның шарты — ол 1) өз аузынан өзінің надандығын мойындасын; 2) мені көңіл қойып тындасын, және 3) логикамен келісе алатын болсын\*.

Әңгіме осында. Біздің программаның 3-ші, 7-ші және 8-ші статьялары саяси централизмнің ізінегі шықты. Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы бұл статьяларды өзінің программасына кіргізген кезде, ол мынадай ой-пікірді қолданды: «ұлт мәселесін» «түпкілікті» шешу деген, яғни Россияның «бөтен» ұлттарын «азат ету», жалпы айтқанда, саяси

---

\* «Сакартвеллоның» алғашқы номерінен бастап-ақ логикаға қарсы соғыс ашқанын, оны күресу керек болатын қысым деп танығанын оқушыға хабарлауды қажет деп санаймын. «Сакартвеллоның» екінші бірінде логика атынан сөйлейтініне көңіл бөліп жатудың қажеті шамалы, ол мұны өзінің сүйегіне біткен ұшқақтығынан және ұмытшақтығынан істейді.

үстемдік өзiрге буржуазияның қолында тұрған кезде мүмкін болмайтын нәрсе. Мұның екі себебі бар: біріншіден, қазiргі экономикалық даму «бөтен» ұлттар мен «Россия» арасында бірте-бірте көпір салып келеді, олардың бір-бірімен байланысын барған сайын нығайтып келеді, сөйтіп бұл ұлттардың буржуазиясының басшы тобы арасында достық сезім туғызып келеді, мұның өзі оларды «ұлттық азаттыққа» ұмтылуының нәгізінен айырады; және екіншіден, жалпы айтқанда, пролетариат «ұлттық-азаттық» қозғалыс дегенді қолдап отыра алмайды, өйткені осы кезге дейін мұндай қозғалыс атаулының бәрі буржуазияның пайдасына болып келді, пролетариаттың таптық сана-сезімін аздырды және оған зақым келтірді. Осы ой-пікірлер саяси централизмнің идеясын туғызды және осы идеяға байланысты біздің партиямыздың программасының 3-ші, 7-ші және 8-ші статьяларын туғызды.

Бірақ мұның өзі, жоғарыда айтылғандай, жалпы көзқарас болып табылады.

Мұның өзі, алайда, «бөтен» ұлттардың буржуазиясының алдыңғы қатарлы топтарының «ұлттық азаттықты» тілеуін туғызатын экономикалық және саяси жағдайлардың жасалуын бекерге шығармайды.

Пролетариаттың таптық сана-сезімінің дамуы үшін мұндай қозғалыстың пайдалы болып шығуы да мүмкін.

Сол уақытта біздің партия не істеуге тиіс?

Міне дәл осындай мүмкін уақыттар үшін біздің программамызға 9-шы статья енгізілген-ді, дәл осындай мүмкін жағдайларды болжағандықтан ұлттарға право беріледі, осыған сүйеніп олар өздерінің ұлттық

істерін өздерінің тілектеріне сәйкес құруға тырысады (мәселен, мүлдем «азат етілу», бөлініп шығу).

Біздің партия, бүкіл Россияның күресуші пролетариатына басшы болуды өзіне мақсат етіп отырған партия, пролетариаттың өмірінде болатын мұндай мүмкін уақытшаларды даярланған түрде қарсы алуға тиіс, дәл сондықтан ол өзінің программасына сондай статьяны енгізуге тиіс болды.

Әрбір мұқиятты, көреген партия осылай істеуге тиіс.

Алайда, бақсақ, «Сакартвелодан» шыққан «данышпандарды», сонымен қатар кейбір федералист-социалдемократтарды 9-шы статьяның мұндай мағнасы қанағаттандырмайтын көрінеді. Олар: «ұлттық тәуелсіздік» пролетариатқа пайдалы ма әлде пайдасыз ба, деген сұрауға «үзілді-кесілді», тікелей жауап беруді талап етеді \*.

Менің есіме өткен ғасырдың 50-ші жылдарындағы орыс метафизиктері түседі, олар сол замандағы диалектиктерден: егін үшін жаңбыр пайдалы ма әлде зыянды ма деп тыныштық бермей сұрайды екен және диалектиктерден «үзілді-кесілді» жауап беруді талап етеді екен. Мәселенің бұлайша қойылуының мүлдем ғылыми жолға жатпайтынын дәлелдеу диалектиктерге қиын болған жоқ, мұндай сұрауларға түрлі уақытта түрліше жауап беру керек болады, жаңбыр құрғақшылық кезінде пайдалы, ал жауынды уақытта пайдасыз, тіпті зыянды да болады, демек, мұндай

---

\* «Ескі (яғни тозған) революционерлердің» мақаласын қараңыз. «Сакартвелло» № 9.

сұрауға «үзілді-кесілді» жауап беруді талап ету нағыз ақымақтық болады.

Бірақ мұндай мысалдар «Сакартвелло» газетіне пайдаға аспады.

Марксистерден дәл осындай «үзілді-кесілді» жауап беруді талап етіп, Бернштейннің жолын қуушылар: пролетариат үшін кооперативтер (яғни тұтыну-өндірістік серіктер) пайдалы ма әлде зиянды ма? деп сұрақ қоятын. Мәселенің бұлайша қойылуының мазмұнсыз екенін дәлелдеу марксистерге қиын болған жоқ. Олар өте оп-оңай түсіндірді: барлық нәрсе мезгілмен және орынмен байланысты, пролетариаттың таптық сана-сезімі дамудың тиісті дәрежесіне жеткен жерде, пролетарлар бір мықты саяси партияға біріккен жерде, егер кооператив құру және оған басшылық ету жағын партия өз міндетіне алатын болса, пролетариатқа кооперативтер үлкен пайда келтіре алады, ал бұл жағдайлар болмаған жерде кооперативтер пролетариат үшін зиян болып табылады, өйткені олар жұмысшылар арасында уақ-саудагерлік тенденцияларды және цехтық тұйықтықты туғызады, сөйтіп жұмысшылардың таптық сана-сезімін бұзады.

Бірақ бұл мысал да «сакартвеллоистерге» пайдаға аспады. Олар одан сайын қадалып: ұлттық тәуелсіздік пролетариат үшін пайдалы ма әлде зиянды ма? деп сұрайды. Үзілді-кесілді жауап беріндер! дейді.

Бірақ біздің көруімізше, «бөтен» ұлттардың буржуазиясы арасында «ұлттық-азаттық» қозғалысын туғыза алатын және дамыта алатын жағдайлар әзірше жоқ және олар келешекте соншалықты болмай қоймайтын нәрсе емес, — оларды біз мүмкін боларлық жағдайлар ретінде ғана айтып отырмыз. Оның

үстіне, сол уақытта пролетариаттың таптық сана-сезімі дамудың қандай сатысында болатынын, бұл қозғалыстың пролетариат үшін қаншалықты пайдалы немесе зиянды болатынын әзірше білу де мүмкін емес қой! Бұл сұрауға үзілді-кесілді жауапты қандай негізде кұруға \* болады, оны қайдан алуға болады? деп сұрауға тура келеді. Жағдай осындай болып отырғанда «үзілді-кесілді» жауап талап ету ақымақтық емес пе?

Бұл мәселені шешуді «бөтен» ұлттардың өздеріне беру керек екені айқын нәрсе, ал біз оларға осы мәселені шешетін правоны алып беруге тиістіміз. Мұны шешу олардан талап етілетін кезде, мейлі ұлттардың өздері шешетін болсын: «ұлттық тәуелсіздік» олар үшін пайдалы ма әлде зиянды ма, егер пайдалы болса, оны қандай түрде іс жүзіне асыру қолайлы болады? Бұл мәселені тек олар ғана шеше алады!

Сонымен, 9-шы статья бойынша «бөтен» ұлттарға өздерінің ұлттық істерін өз тілектеріне сәйкес кұруға право берілген. Ал біз сол статья бойынша бұл ұлттардың тілектері нағыз социал-демократиялық тілек болу жағын, бұл тілектер пролетариаттың таптық мүдделерінен туу жағын көздеуге міндеттіміз, мұның үшін бұл ұлттардың пролетарларын социал-демократиялық рухта ағарту қажет, кейбір реакцияшыл «ұлттық» мінез-кұлықты, әдет-ғұрыпты және мекемелерді социал-демократиялық қатаң сынға салу қажет, мұның өзі дәл осы мінез-кұлықтарды, әдет-ғұрып-

---

\* «Сакартвелост» мырзалар әрқашан өздерінің талаптарын ешбір негізсіз нәрсеге құрады және өздерінің талаптарына берігірек негіз таба алатын адамдар дүниеде бар екен деп ойламайды!

тарды және мекемелерді полициялық зорлықтан қорғауымызға мүлде бөгет болмайды.

9-шы статьяның негізгі мәні осындай.

Біздің программамыздың бұл статьясының пролетарлық тап күресі принциптерімен қандай терең логикалық байланысы барлығын сезу оңай. Сонымен біздің бүкіл программамыз осы принцип бойынша құрылған себепті 9-шы статьяның біздің партиямыздың программасының барлық басқа статьяларымен логикалық байланысы өзінен өзі айқын.

Топас «Сакартвелонның» баспасөздегі «данышпан» орган деп аталатын себебі де сол — ол мұндай оңай пікірлерді ұға алмайды.

Ал сонымен «ұлт мәселесінен» тағы не қалды?

5) «**Ұлттық рухты және оның хасиеттерін қорғау**» ма?

Ал осы «ұлттық рух және оның хасиеттері» дегеніміз не нәрсе? Ғылым, диалектикалық материализм арқылы, ешқандай «ұлттық рухтың» өмір сүрмейтінін және өмір сүре алмайтынын әлдеқашан дәлелдеген болатын. Диалектикалық материализмнің бұл көзқарасын біреу болмаса біреу теріске шығарды ма? Тарих бізге ешкімнің теріске шығармағанын айтып отыр. Демек, біз ғылымның осы көзқарасымен келісуге тиістіміз, ешқандай «ұлттық рухтың» өмір сүрмейтінін және өмір сүре алмайтынын ғылыммен бірге қайталауға тиістіміз. Ал егер мұның өзі осылай болса, егер ешқандай «ұлттық рух» өмір сүрмейтін болса, — онда жоқ нәрсені қорғау атаулының бәрі логикалық ақымақтық болып табылатыны, мұның өзінің тиісті тарихи (тиімсіз) салдары болатыны өзінен өзі айқын нәрсе. Мұндай «философиялық» ақымақтық

туралы айту тек «Сакартвелого» — «грузин социал-федералистерінің революциялық партиясының органына» ғана лайық шығар («Сакартвелоның» 9-номерін қараңыз) \*.

\* \* \*

Ұлт мәселесінің жайы осылай болып отыр.

Қөріп отырсыздар, біздің партия оны жеке-жеке мәселелерге бөлді, оның өмірге керекті нәрін алып, өз программасының тамырына таратты, сөйтіп осылардың бәрімен, біздің принциптерімізден бір минут та алыстамай отырып, ұлттық межелерді іргесімен қопарып қыйрату үшін, социал-демократияда «ұлт мәселесін» қалай дұрыс шешу керек екенін көрсете білді.

Жеке ұлттық партиялар не үшін керек? деп сұрау-

---

\* Өзін соншалық ғажап атайтын бұл қандай «партия»? «Сакартвело» былай деп баяндайды («Сакартвелоның» 10-номеріне тіркелген бірінші қосымшаны қараңыз): «осы жылдың көктемінде шет елде грузин революционерлері: грузин анархистері, «Сакартвелоны» жақтаушылар, грузин социал-революционерлері жыйналды, сөйтіп... грузин социал-федералистерінің «партиясына» бірікті... Я, саясат атаулыны жан-тәнімен жек көретін дәл анархистер, саясатқа бас ұратын социал-революционерлер, террористік және анархиялық шаралар атаулыны мойындамайтын «сакартвелоистер», — міне осындай ала-кұла және біріне бірі қарсы жұрт, бақсақ... «партияға» бірігіпті! Адамға ешуақытта іздесе табылмайтын барып тұрған ала-кұлалық! Міне осындай жерде адамға зерігуге болмайды! Адамдардың партияға бірігуі үшін ортақ принциптердің болуы қажет деп ойлайтын ұйымдас-тырушылар хателесетін көрінеді! Бұл ала-кұла жұрт бізге «партия» құруға негіз болуға тиісті нәрсе ортақ принциптердің болуы емес, қайта принциптердің мүлде болмауы дегенді айтады!



ға тура келеді. Нәмесе: федералист-социалдемократтардың ұйымдастырушылық және саяси көзқарастарына арқау болуға тиісті, сол социал-демократиялық «негіз» қайда? Мұндай «негіз» көрінбейді, ол жоқ. Федералист-социалдемократтар тірексіз ауада салбырап тұр.

Мұндай ыңғайсыз жағдайдан олар екі түрлі жолмен шыға алады. Я олар революциялық пролетариаттың көзқарасынан түпкілікті тайып, ұлттық межелерді нығайту принципін қабылдауға тиіс (федералистік түрдегі оппортунизм); я олар партия ұйымында федера-

---

«Теория» бізден аулақ болсын, принциптер дегеннің өзі—құлдық бұғауы! дейді. Булардан біз неғұрлым тезірек құтылсақ, соғұрлым жақсы болады, — деп бұл ала-кұла жұрт философияға саянады. Я, шынында, бұл адамдар принциптерден қалай құтылысымен-ақ, бір-ақ сілтеп... ойыншық ұй салды — гапу етіңіз — «грузин социал-федералистерінің партиясын» құрды. Бақсақ, «жеті жарым кісі» бәрі бір жерге жыйнала қалса, кез-келген уақытта «партия» құра алатын көрінеді! Бұл надандар, армиясыз «офицерлер»: Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы «социалистікке қарсы, реакцияшыл, тағы сондай партия болып табылады», орыс социал-демократтары — «шовинистер», біздің партияның кавказдық одағы партияның Орталық Комитетіне «құлдарша» бағынады \*, т. т. деп соғып, философияға салынатын болса қалай күлмессің (грузин революционерлерінің бірінші конференциясының қарарларын қараңыз). Бакуин заманының археологиялық қалдықтарынан мұнан жақсыны күтудің реті де жоқ еді. Ағаштары қандай болса, жемістері де сондай, фабрикалары қандай болса, товарлары да сондай.

\* Атап өтуім керек, біздің партияның жеке бөлімдерінің келісіп қиймыл жасауы кейбір дені дұрыс емес «күгедектерге» «құлдарша бағыну» болып көрініпті. Мұның бәрі жүйке тамырлардың нашарлығынан, — деседі дәрігерлер.

лизм атаулыдан бас тартып, ұлттық межелерді жою туын батыл көтеріп, Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының бірыңғай лагеріне топталуға тиіс.

*„Пролетариатис Брдаола“  
(„Пролетариат Күресі“) газеті № 7,  
1 сентябрь, 1904 ж.  
Мақалаға қол қойылмаған*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

## КУТАИСТАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

Қазір мұнда 63-номерінен бастап «Искра»<sup>10</sup> керек болып отыр (ол искрасыз-ұшқынсыз болғанымен де бәрібір керек болып отыр: ең болмағанда онда хроника бар, не болса о болсын, дұшпанды да жақсы білуіміз керек қой). Бонч-Бруевич<sup>11</sup> бастырып шығарған: «Съезд жолындағы күрес», «Партияға» (22-нің декларациясы емес пе?<sup>12</sup>) дейтін кітаптар, Рядовойдың «Біздегі түсініспеушіліктер», «социализмнің мәні туралы» және «стачкалар туралы» дегендері (егер олар басылып шыққан болса), Лениннің Роза мен Каутскийге<sup>13</sup> қарсы жазған кітапшасы, Лига съезінің протоколдары<sup>14</sup>, «Бір адым ілгері»<sup>15</sup> өте қажет болып отыр (қазір жіберіп үлгіру мүмкін болмаса, алып қоя беруіңе болады). Жай декларациялардан бастап үлкен кітапшаларға дейін, партияның қазіргі ішкі күресіне азды-көпті қатысы бар жаңа әдебиеттің кандайы болса да керек.

Галёрканың «Бонопартизм жойылсын» деген кітапшасын оқып шықтым. Әжептеуір нәрсе екен. Егер ол өз тоқпағымен батырыңқырап, қаттырақ ұрған болса, сонысының өзі тәуір болған болар еді. Оның әзілге

шаптырып жазуы және аяныш сұрауы тоқпағының күші мен пәрменділігін жойып, оқушының алатын әсерін бұзып тұр. Бұл көмшіліктің көбірек көзге түсуінің жөні де бар, өйткені автор, шамасы, біздің позициямызды жақсы түсінеді және кейбір мәселелерді өте тамаша байымдап, дамыта да біледі. Біздің позициямызды ұстайтын адам батыл, тайсалмай сөйлеуге тиіс. Бұл жағына келгенде Ленин — нағыз тау қыраны.

Плехановтың «Не істеу керек?»<sup>10</sup> деген еңбекті талдайтын мақалаларын да оқып шықтым. Бұл кісі не мүлде ақылынан адасқан, не оның бойында өшпенділік, қастық бар. Менің ойымша, мұнда осы екі себептің екеуі де болу керек. Менің ойлауымша, Плеханов жаңа мәселелерден артта қалып қойған. Оның көз алдына бұрынғы оппоненттер елестей береді, сондықтан ол бәз-баяғысынша: «қоғамдық сананы қоғамдық болмыс билейді», «идеялар көктен түспейді» дегенді қайта-қайта айта береді. Оныңша, Ленин: Маркстің социализмі құлдық пен крепостниктік заманының кезінде мүмкін болған болар еді деп отырған сыяқты. «Идеялардың көктен түспейтінін» қазір гимназистердің өзі де біледі. Бірақ, қазіргі кезде әңгіме мүлде басқа нәрсе жөнінде болып отыр, істің мәні міне осында. Бұл жалпы ережені біз әлдеқашан-ақ ойымызға тоқып алғанбыз, енді осы жалпы мәселенің егжей-тегжейін қалдырмай анықтайтын мезгіл жетті. Ендігі біздің білгіміз келетіні — жеке идеялардан идеялар системасының (социализм теориясының) қалай жасалып шығатындығы, жеке идеялар мен идеясымақтардың тұлғалы бір системаға — социализм теориясына қалай бірігетіндігі және оны кімнің жасап шығарып, кімнің біріктіретіндігі. Программа мен

программаның түсінігін өздерінің басшыларына бұқара бере ме немесе бұқараға басшылар бере ме? Егер бұқараның өзі және оның стихиялық қозғалысы бізге социализм теориясын беретін болса, онда ревизионизмнің, терроризмнің, зубатовшылдықтың, анархизмнің зиянды ықпалынан бұқараны қорғамаса да болады: «стихиялық қозғалыстың өзі өз бойынан социализмді тудырады». Егер де стихиялық қозғалыс өз бойынан социализм теориясын тудырмайтын болса (есіңізде болсын, Ленин социализм теориясы туралы айтып отыр), онда, социализм теориясы стихиялық қозғалыстан тыс туады, біздің заманымыздың білімдерімен қаруланған адамдардың стихиялық қозғалысты бақылауынан, зерттеуінен туады. Демек, социализм теориясы «стихиялық қозғалыстың өсуіне мүлде тәуелсіз түрде», тіпті бұл қозғалысқа қарамастан жасалып шығады, міне содан кейін ғана бұл қозғалысқа сырттан келіп енеді де, ол қозғалысты өз мазмұнына лайықтап яғни пролетариаттың тап күресінің объективтік талаптарына лайықтап түзетеді.

Бұдан шығатын қортынды (практикалық қортынды) мынадай: социалистік мақсатты майда-шүйдеге айырбастамау немесе стихиялық қозғалысқа бейімдемеу былай тұрсын, қайта пролетариатты шын таптық мүдделерді түсіне білетін, социалистік мақсатты түсіне білетін дәрежеге жеткізетін болуымыз керек. Ленин теориялық негіз белгілеп берді, бұл практикалық қортынды да осы негіз бойынша жасалып отыр. Осы теориялық алғы шартты қолдансаң болғаны ешбір оппортунизм сенің маңайыңа да жолай алмайды. Лениндік идеяның маңызы міне осында. Бұл идеяны лениндік идея деп атайтын себебім,

орыс әдебиетінде бұл идеяны Лениндей ашық айтып берген ешбір адам болған емес. Плеханов әлі де 90-жылдарда жасаймын деп ойлап, екі жерде екі 4 болады ғой деп, 18 рет айтқанын тағы айтып отыр. Ол ұялмастан Мартыновтың идеяларын қайталауға дейін аузы барып отыр...

22-нің декларациясымен таныс шығарсың... Сіздің жақтан келген бір жолдас бізде болып, Қавказ комитеттерінің партия съезінің жедел шықырылуын талап ететін қарарларын алып кетті.

Мәселеге үмітсіздікпен қарауың бекер, — тек Кутаис комитеті ғана қобалжыды, бірақ мен ондағы адамдарды сендірдім, міне осыдан кейін олар большевизмнің атымен ант ететін болды. Оларды сендіру қыйын болған жоқ: декларацияның арқасында Орталық Комитеттің екіұшты саясаты айқындалды, және де бұл жөнінде жаңа мағлұматтар алынғаннан кейін бұған күмандануға болмайтын болды. Ол (Орталық Комитет) өз басын өзі жояды, мұндағы орыс жолдастар да соны қарастырып жүр. Оған жұрттың бәрі де тісін қайрауда.

*1904 ж. сентябрь — октябрьде жазылған  
Бірінші рет басылып отыр*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

---

## ҚУТАИСТАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

*(Бұл да сол жолдасыңнан)*

Хатты кешігіп жаздым, ашуланба. Үнемі қолым тимей келді. Сенің жібергендеріңнің бәрін (Лиганың протоколдарын; Галёржа мен Рядовойдың «Біздегі түсініспеушіліктер» деген кітабын; «Социал-Демократтың» 1-номерін; «Искраның» соңғы номерлерін) алдым. Рядовойдың пікірі («Қортындылардың бірі») маған ұнады. Роза Люксембургке қарсы мақала да жақсы жазылған. Бұл мырзалар — Роза, Каутский, Плеханов, Аксельрод, Вера Засулич және басқалары, — ежелгі таныс адамдар болған соң қайдағыбір семьялық дәстүрлер шығарған болуы керек. Олар біріне бірі «қыянат» ете алмайды, патриархтық тайпалардың ру мүшелері туысқанының кіналы яки кінасыздығын тексеріп жатпай-ақ бірін-бірі қалай қорғаған болса, олар да солай қорғайды. Дәл осы семьялық «туысқандық» сезім Розаның партия кризисіне дұрыс қарауына бөгет болды (әрине, бұдан басқа да себептер бар, мысалы, фактыларды жақсы білмейтіндігі, шетелдік көзілдірік кигендігі, т. т.). Реті келгенде айта кетейін, Плехановтың, Каутскийдің және басқалардың кейбір ұнамсыз қылықтары да осыдан туып отыр.

Большевиктердің позициясын шебер көрсететіндіктен, Бончтың бастырып шығарған кітаптары мұнда жұрттың бәріне ұнайды. Егер Плехановтың мақалаларының («Искра» № 70, 71) шын мәні жағына тоқталып өтсе, Галёрка дұрыс істеген болар еді. Галёрканың мақалаларының негізгі пікірі: Плеханов бұрын бір түрлі сөйлесе, енді екінші түрлі сөйлеп отыр, ол өзіне өзі қайшы келіп отыр, деген пікір. Бұ да сөз бе екен! Бұл бір жаңалық нәрсе сыяқты! Ол өзіне өзі бірінші рет қайшы келіп отырған жоқ. Ол өзін «диалектикалық процестің» шын бейнесімін деп санап, тіпті мұны мақтаныш етуі де мүмкін. Дәйексіздік — «басшының» саяси кейпіне өзінен өзі кір келтіреді, сондықтан онысы (кірі) сөзсіз көрсетілуі керек. Бірақ бізде (яғни 70, 71-номерлерінде) бұл жөнде әңгіме болып отырған жоқ, теория (болмыстың санаға қатысы туралы мәселе) мен тактиканың (басшыға ерген адамдардың басшыларға қатысы туралы) маңызды мәселесі жөнінде әңгіме болып отыр. Менінше, Галёрка: Плехановтың Ленинге қарсы жүргізген теориялық күресі — нағыз дон-кихоттық, жел диірменмен алысқандық деп көрсетуі керек еді, өйткені Ленин өзінің кітапшасында сананың шыққан тегі туралы Маркстің қағыйдаларын өте дәйекті түрде қолданады. Ал тактика туралы мәселе жөніндегі Плехановтың күресі — бастан аяқ былық нәрсе, мұндай былық оппортунистер лагеріне шығып отырған «жеке адамның» ғана басында болатын нәрсе. Плеханов ең болмағанда мәселені мына түрде болса да айқын етіп қоймайды: «программаға кім тұжырым береді, басшылар бере ме әлде олардың басшылығындағылар бере ме?» Одан соң: «программаны түсіну дәрежесіне кімді кім жеткізеді,



басшылар басшылығындағы адамдарды жеткізе ме әлде соңғылары алғашқыларын жеткізе ме?» Немесе: «программаны, тактиканы және ұйымдастыру принциптерін түсіну дәрежесіне бұқараны басшылардың жеткізуі, мүмкін, ұнамсыз іс болар». Егер де Плеханов, оп-оңай болғандығынан және қайталана берілетіндігінен өзін өзі шешіп беретін бұл мәселелерді өзінің алдына осылай айқын етіп қойған болса, онда ол, бәлкім, өз ниетінен өзі шошыр еді және Ленинге соншалық шытынап қарсы шықпас еді. Бірақ та Плеханов мұны істемеді яғни ол «ерлер мен тобыр» жөніндегі кұрғақ сөздер арқылы мәселені шатыстырып алды, сондықтан да ол тактикалық оппортунизм жағына тайып кетті. Мәселелерді шатыстыру — оппортунистердің бойына біткен өзгешелігі.

Егер де Галёрка осы мәселелер мен осындай мәселелерді шын мән жағынан қойса, меніңше, тәуір болған болар еді. Мұны Лениннің ісі дерсің, бірақ мен бұған келісе алмаймын, өйткені Лениннің сынға түсіп отырған көзқарастары Лениннің меншікті нәрсесі емес, ол көзқарастардың бұрмалануы партияшылардың өзгелеріне Лениннен кем қатты тимейді. Әрине, Ленин бұл міндетті басқалардан гөрі жақсы орындап шыққан болар еді...

Бончтын шығарған кітаптарын жақтайтын қарарлар да алынды. Ақша да болып қалар. «Искраның» 74-номеріндегі «бейбітшілікті жақтайтын» қарарды оқыған боларсың. Имеретино — Мингрель және Баку комитеттерінің қарарлары онда көрсетілмеген, өйткені ол қарарларда Орталық Комитетке «сенім білдіру» туралы дәнене айтылмаған еді. Сентябрьдегі алынған қарарлар съездің шақырылуын қатты талап еткен, мұ-

ны өзіңе жазған болатынмын. Не болатынын көрерміз, яғни Партия Советі<sup>17</sup> мәжілістерінің нәтижелерінен көрсетер екен, соны байқалық. Жіберген 6 сом ақшаны алдың ба, жоқ па? Жуырда тағы ақша аласың. Сол өзің білетін адамнан «Жолдасқа хат»<sup>18</sup> деген кітапшаны беріп жіберуді ұмытпа, — мұнда бірқатар жұрт оны оқыған жоқ. «Социал-Демократтың» келесі номерін де жібер.

Қостров<sup>19</sup> бізге тағы бір хат жазған, хатында рух пен материя туралы сөз қылады (әңгіме мата материя туралы болып отырған шығар деймін). Бұл есек өзінің «Квали»<sup>20</sup> газетінің аудиториясында сөз сөйлеп тұрмағанын түсінбейді. Ұйымдастыру мәселелерінде оның не ісі бар екен?

«Пролетарнат күресінің» («Пролетариатис Брдозола»)<sup>21</sup> жаңа (7-ші) номері шықты. Айтпақшы, онда ұйымдастыру федерализмі мен саяси федерализмге қарсы жазылған менің бір мақалам бар<sup>22</sup>. Егер ретін тапсам, бұл номерді жіберемін.

*1904 ж. октябрьде жазылған  
Бірінші рет басылып отыр*

Орысшасы грузин тілінен ауларылған

---

---

## ПРОЛЕТАРЛАР ТАБЫ МЕН ПРОЛЕТАРЛАР ПАРТИЯСЫ

*(Партия уставының бірінші пункті жөнінде)*

«Бірыңғай және бөлінбейтін» Россия деп батыл ұран көтерген уақыт өтіп кетті. «Бірыңғай және бөлінбейтін» Россияның жоқ екенін, оның біріне-бірі қарама-қарсы екі тапқа: буржуазия мен пролетариатқа алдақашан бөлінгенін енді бала да біледі. Бұл екі таптың арасындағы күрес қазіргі замандағы тұрмысымыздың айналып отырған белдігі болып алғандығы енді ешкімге де жасырын сыр емес.

Солай бола тұрса да, осы уақытқа дейін мұның бәрін байқаудың өзі қыйын болды, — мұның себебі, бұл уақытқа дейін біз күрес майданында жеке топтарды ғана көрдік, өйткені жеке қалалар мен түкпірлерде жеке топтар ғана күресіп жатты, ал пролетариат пен буржуазия, тап ретінде, көрінбеді, — оларды байқау қыйын болды. Бірақ, міне енді, қалалар мен аудандар бірігіп еді, пролетариаттың әртүрлі топтары біріне-бірі қол созып еді, жалпы ереуілдер мен демонстрациялар бұрқ ете қалып еді, — біздің алдымызда екі Россияның, буржуазиялық Россия мен пролетарлық Россияның, арасындағы күрестің ұлы суреті айқын көрінді. Күрес майданына

үлкен екі армия: пролетарлар армиясы мен буржуалар армиясы шықты, сонымен ол екі армияның арасындағы күрес біздің бүкіл қоғамдық тұрмысымызды қамтыды.

Армия басшыларсыз әрекет істей алмайды, әрбір армияның алда жүріп, жол сілтөп отыратын алдыңғы қатарлы отряды болады, — сондықтан, сол армиялармен бірге басшылардың тиісті топтары да, әдетте айтылып жүргендей, тиісті партиялар да күреске шығуға тиіс екендігі анық.

Сонымен, жайдың өзі мынадай түрде: бір жағы либералдық партия бастаған буржуалар армиясы, ал екінші жағы социал-демократиялық партия бастаған пролетарлар армиясы болып отыр, — әрбір армияны оның тап күресінде өз партиясы басқарып отыр\*.

Біз осының бәрін сөз қылғанда, пролетарлар партиясын пролетарлар табымен салыстыру үшін, сөйтіп бұл партияның жалпы бет-бейнесін қысқаша ашып беру үшін сөз қылып отырмыз.

Осы айтылғандар жеткілікті түрде мынаны ашып берді: пролетарлар партиясы, басшылардың жауынгерлік тобы болғандықтан, біріншіден, өз мүшелерінің саны жағынан пролетарлар табынан әлдеқайда аз болуға тиіс; екіншіден, өзінің саналылығы жағынан, өзінің тәжірибесі жағынан пролетарлар табынан жоғары тұруға тиіс; және, үшіншіден, берік топталған ұйым болуға тиіс.

---

\* Біз Россиядағы басқа партиялар туралы ештеңе айтпай отырмыз, өйткені біз талдап отырған мәселелерді анықтау үшін олар туралы айтудың ешбір қажеті жоқ.

Бұл айтылған сөздер, біздің пікірімізше, дәлелдеуді керек қылмайды, өйткені әрқашан халық бұқарасын жүдеушілікке, артта қалуға ұшыратып отыратын капиталистік тәртіп бар тұрғанда бүкіл пролетариат керекті саналылық дәрежесіне дейін көтеріле алмайды, демек, пролетарлар армиясын социалистік жолмен оқытып-ағартып отыратын, оны біріктіріп отыратын және күрес кезінде оған басшылық етіп отыратын саналы басшылар тобы керек; бұл өзінен өзі түсінікті. Күресіп жатқан пролетариатқа басшылық етуді мақсат етіп отырған партияның дара адамдардың кездейсоқ жыйыны болмауға тиіс екені де, жұмысын бiрыңғай жоспар бойынша бағыттап отыруға болатын бір орталыққа бағынған, топталған ұйым болуға тиіс екені де айқын.

Біздің партиямыздың жалпы бет-бейнесі, қысқаша айтқанда, осындай.

Осының бәрін тоқып алайық та, басты мәселемізге көшейік: біз партияның мүшесі деп кімді атай аламыз? Партия уставының бірінші пункті дәл осы мәселе жайында: осы мақала да сол жөнінде жазылып отыр.

Сөйтіп, осы мәселені қарап көрейік.

Сонымен, Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі деп кімді атай аламыз, яғни партия мүшесінің міндеттері қандай?

Біздің партиямыз — социал-демократиялық партия. Мұның мәнісі — оның өзінің меншікті программасы (қозғалыстың ең таяудағы мақсаты мен түпкі мақсаты), өзінің меншікті тактикасы (күрес әдістері), өзінің меншікті ұйымдастыру принципі (бірігу формасы) бар деген сөз. Программалық, тактикалық жә-

не ұйымдастыру көзқарастарының бірлігі — біздің партияның құрылатын негізі болып табылады. Осы көзқарастар бірлігі ғана партия мүшелерін бір орталыққа бағынатын бір партияға біріктіре алады. Көзқарастар бірлігі бүлінсе-ақ — партия да бүлінеді. Демек, партиялық программаны, тактиканы және партияның ұйымдастыру принципін толық қабыл алатын адамды ғана партия мүшесі деп атауға болады. Біздің партиямыздың программалық, тактикалық және ұйымдастыру көзқарастарын жеткілікті үйреніп, толық қабыл алған адам ғана біздің партиямыздың қатарында және сонымен бірге пролетарлар армиясының басшыларының қатарында бола алады.

Бірақ партияның мүшесі үшін партияның программасын, тактикасын және ұйымдастыру көзқарастарын қабыл алу ғана жеткілікті ме? Ондай адамды пролетарлар армиясының шын басшысы деп атауға бола ма? Әрине, болмайды! Біріншіден, жалтыға мәлім, дүниеде мылжындар аз емес, олар партияның программасын, тактикасын және ұйымдастыру көзқарастарын қуана-қуана «қабылдайды», бірақ мылжындықтан басқа ештеңе олардың қолынан келмейді. Мұндай мылжынды партияның мүшесі (яғни пролетарлар армиясының басшысы) деп атаудың өзі партияның хасиетті атағына кір келтіргендік болар еді! Мұның үстіне, біздің партия философия мектебі, я болмаса діншіл секта емес қой. Біздің партиямыз күрес партиясы емес пе? Егер осылай болса, онда партияның программасын, тактикасын және ұйымдастыру көзқарастарын енжарлықпен қабыл алу біздің партияны қанағаттандыра алмайтыны, партия өз мүшесінен қабылдаған көзқарастарды сөзсіз жүзеге

асыруды талап ететіндігі өзінен өзі анық емес пе? Демек, біздің партияның мүшесі болғысы келген адам біздің партияның программалық, тактикалық және ұйымдастыру көзқарастарын қабылдаумен қанағаттана алмайды, ол бұл көзқарастарды жүзеге асыруға, бұл көзқарастарды іс жүзінде орындауға кірісуге тиіс.

Ал партия мүшесі үшін партиялық көзқарастарды жүзеге асыру дегеннің мәнісі не? Бұл көзқарастарды ол қашан жүзеге асыра алады? Ол күрескенде ғана, ол бүкіл партиямен бірге пролетариат армиясын бастағанда ғана жүзеге асыра алады. Дара-дара болып, бытырап күрес жүргізу мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес! Қайта адамдар әуелі бірігеді, әуелі ұйымдасады, содан соң барып ұрысқа аттанады. Мұнсыз қандай күрес болса да жеміссіз болады. Партия мүшелерінің де ынтымақты ұйымға біріккенде ғана күресе алатыны, демек, тек сонда ғана партиялық көзқарастарды жүзеге асыра алатыны айқын нәрсе. Партияның мүшелері неғұрлым ынтымақты ұйымға біріксе, олар соғұрлым жақсы күресетін болады, демек, партияның программасын, тактикасын және ұйымдастыру көзқарастарын соғұрлым толығырақ жүзеге асырады; бұл да айқын нәрсе. Біздің партия дара адамдардың жыйыны емес, басшылардың ұйымы деп бекер айтылмайды. Ал егер біздің партия басшылардың ұйымы болатын болса, онда мұндай партияның, мұндай ұйымның мүшесі деп бұл ұйымда жұмыс істеп жүрген адамды ғана, демек, өз тілектерін партия тілектерімен қосып, партиямен бірге қызмет етуді өзінің міндеті деп есептейтін адамды ғана санауға болатыны анық.

Демек, партияға мүше болу үшін, партияның программасын, тактикасын және ұйымдастыру көзқарастарын жүзеге асыру керек; партияның көзқарастарын жүзеге асыру үшін, ол көзқарастар жолында күресу керек; ол көзқарастар жолында күресу үшін, партия ұйымында жұмыс істеу керек және партиямен бірге жұмыс істеу керек. Партияға мүше болу үшін, партия ұйымдарының біреуіне кіру керек екені анық\*. Біз партия ұйымдарының біріне кірсек қана, сөйтіп, өзіміздің жеке мүдделерімізді партияның мүдделерімен қоссақ қана, — мінеки сонда ғана біз партия мүшелері және сонымен бірге пролетарлар армиясының шын басшылары бола аламыз.

Егер біздің партиямыз дара мылжындардың жыйыны болмай, Орталық Комитеттің жәрдемімен пролетарлар армиясын лайықты түрде алға бастайтын басшылар ұйымы болса, онда жоғарыда айтылғандардың бәрі өзінен өзі түсінікті.

Тағы мынаны ескеру керек.

Бүгінгі күнге дейін біздің партия тілектестердің бәрін қабыл алуға әзір отырған меймандос патриархтық семьяға ұқсас болып келді. Бірақ біздің партия

---

\* Күрделі организмнің қандайы болса да толып жатқан өте жай организмдерден құралады; сол тәрізді біздің партиямыз да, күрделі және жалпы ұйым болғандықтан, толып жатқан аудандық, жергілікті ұйымдардан құрылады; егер партия съезі немесе Орталық Комитет бекіткен болса, ол ұйымдар партия ұйымы деп аталады. Көріп отырсыздар, партия ұйымы деп тек комитеттер ғана аталып отырған жоқ. Ол ұйымдардың жұмысын бір-ыңғай жоспар бөйынша басқарып отыру үшін Орталық Комитет бар; осы Орталық Комитеттің жәрдемімен әлгі жергілікті партия ұйымдары бір орталыққа бағынатын үлкен бір ұйым болып құралады.



бір орталыққа бағынатын ұйымға айналғаннан кейін, ол патриархтық бейнесін жоғалтып, есігі лайықтылар үшін ғана ашылатын қамалға ұқсас болды. Ал мұның біз үшін үлкен маңызы бар. Самодержавие пролетариаттың таптық сана-сезімін «тред-юнионизммен», ұлтшылдықпен, клерикализммен, т. с. ірітуге тырысып отырған кезде, екінші жағынан, либералдық интеллигенция пролетариаттың саяси дербестігін жоғалтуға қатты тырысып, оған қамқорсынбақшы болып жүрген кезде, мінеки осы кезде біз өте-мөте қырағы болуға тиістіміз және біздің партия есігі сыналғандар үшін ғана ашылатын қамал екенін ұмытпауға тиістіміз.

Біз партияға мүше болудың қажетті екі шартын (программаны қабыл алу және партия ұйымында жұмыс істеу) ашып алдық. Егер мұның үстіне, партия мүшесін партияға қаражат жағынан көмек көрсетіп отыруға міндеттейтін үшінші шартты да қосатын болсақ, — сонда бізде партия мүшесі деген атаққа не болуға право беретін шарттардың бәрі түгелденеді.

Демек, Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі деп — бұл партияның программасын қабыл алатын, партияға қаражат жағынан көмек көрсетіп отыратын және партия ұйымдарының біреуіне қатнасып отыратын адамды атауға болады.

Партия уставының бірінші пунктiнiң Ленин \* жолдас айтқан тұжырымы осындай.

---

\* Ленин — революцияшыл социал-демократияның аса көрнекті теоретигі және практигі.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл тұжырым бүтіндей — біздің партиямыз дара адамдардың жыйыны емес, бір орталыққа бағынған ұйым деген көзқарастан шығады.

Бұл тұжырымның асқан ұлы хасиеті осынысында.

Бірақ Лениннің тұжырымын «тар», «ыңғайсыз» тұжырым деп жаратпай, өздеріңіз тұжырымын ұсынатын кейбір жолдастар табылып жүр; шамасы, олардың тұжырымы «тар» да болмаса керек, «ыңғайсыз» да болмаса керек. Біз Мартовтың \* тұжырымы туралы айтып отырмыз; оны қазір талдауға кірісеміз.

Мартовтың тұжырымы бойынша — «РСДЖП мүшесі деп, оның программасын қабыл алатын, партияны қаржы-қаражатпен қолдайтын және партия ұйымдарының бірінің басшылығымен өз басы партияға үздіксіз қолғабыс көрсетіп отыратын әрбір адамды санауға болады».

Көріп отырсыздар, бұл тұжырымда партияға мүше болудың қажетті үшінші шарты қалып қойған, ол шарт бойынша партия мүшелері партия ұйымдарының біреуіне қатнасуға міндетті. Бұл өте анық, аса қажетті шартты Мартов артық деп тапқан көрінеді және оның орнына өзінің «партия ұйымдарының бірінің басшылығымен өз басы қолғабыс көрсету» деген күңгірт, күманды тұжырымын енгізеді. Сонда белгілі бір партия ұйымына кірмейінше партия мүшесі болуға болатын көрінеді («партия» болғаныңа!) және партияның ықтыярына көнуге өзін міндеттімін деп санамайынша партия мүшесі болуға болатын көрінеді («партия тәртібі» болғаныңа!)! Ал партия ұйымының

---

\* Мартов — «Искра» редакторларының бірі.

бірде-біреуіне кірмейтін, олай болса, өзін партия тәртібіне сөзсіз бағынуға міндеттімін деп санамайтын адамдарға партия қалайша «үздіксіз» басшылық етпекші?

Мінеки, партия уставының бірінші пунктінің Мартов айтқан тұжырымын күл-талқан қылатын, ал Лениннің тұжырымында өтө шебер шешілетін мәселе осындай; өйткені Лениннің тұжырымы партия ұйымдарының біреуіне қатнасуды партияға мүше болу үшін қажетті үшінші шарт деп біледі.

Бізге Мартовтың тұжырымынан «партия ұйымдарының бірінің басшылығымен өз басы қолғабыс көрсету» деген күңгірт, мағнасыз сөздерді алып тастауға тура келеді. Бұл шартты алып тастағанда Мартовтың тұжырымында екі-ақ шарт қалады (программаны қабыл алу және қаражат жағынан көмек көрсету); өздерін жеке алғанда бұл шарттардың ешқандай бағасы жоқ, өйткені қай мылжың болса да партияның программасын «қабылдай» алады және партияға қаражат жағынан көмек көрсете алады, бірақ бұл оның партия мүшесі деп аталуына мүлдем право бермейді.

Міне сізге «ыңғайлы» тұжырым!

Біз: партияның шын мүшелері ешуақытта да партиялық программаны қабылдаумен ғана қанағаттанбауға тиіс, олар қабылдаған программаны жүзеге асыруға қалайда тырысуға тиіс, дейміз. Мартов: өте қатандық істеп отырсындар, өйткені егер партияға қаражат жағынан көмек көрсетуден, тағы сондайлардан бас тартпаса, партияның мүшесі үшін қабылдаған программаны жүзеге асыру соншалықты қажет нәрсе емес, деп жауап береді. Мартов кейбір мылжың «со-

циал-демократтарды» біртүрлі аяйды және олардың партияға кіруіне есікті жауып тастағысы келмейді.

Сонсын, біз: программаны жүзеге асыру үшін күресу қажет болғандықтан, ал күресу үшін бірігу қажет болғандықтан, партияның болашақ мүшесінің міндеті — партия ұйымдарының біріне кіру, өз тілектерін партияның тілектерімен қосу және партиямен бірігіп пролетарлардың жауынгерлік армиясына басшылық ету, яғни бір орталыққа бағынған партияның сап түзеген отрядтарына ұйымдасу, дейміз. Мартов: партия мүшелері үшін сап түзеген отрядтарға ұйымдасу, ұйымға бірігу соншалықты қажет емес, жеке-дара жүргізетін күреспен де қанағаттануға болады, деп жауап береді.

Сонымен: біздің партиямыз не? — деп сұраймыз біз. — Дара адамдардың кездейсоқ жыйыны ма, әлде басшылардың топтасқан ұйымы ма? Ал егер ол — басшылардың ұйымы болса, мұндай ұйымның мүшесі деп оған кірмейтін адамды, демек, оның тәртібіне бағынуды қажетті міндетім деп санамайтын адамды есептеуге болар ма? Мартовтың жауабынша, партия — ұйым емес, немесе дәлірек айтқанда партия — ұйымдаспаған ұйым (мінеки сізге «централизм»!)

Көріп отырсыздар, Мартовтың пікірі бойынша, біздің партия — бір орталыққа бағынған ұйым емес, біздің партиялық программаны, т. т. қабылдаған жергілікті ұйымдардың және «социал-демократтық» дара адамдардың жыйыны. Ал егер біздің партия бір орталыққа бағынған ұйым болмаса, онда ол есігі сыналғандар үшін ғана ашылатын қамал бола алмайды. Шынында да, тұжырымына карағанда, Мартов үшін партия — қамал емес, тілектеспін деген әрбір адам

еркін кіре беретін банкет. Біраз біліміңіз болса, біраз тілектестік етсеңіз, қаражат жағынан аз-көм көмек көрсетсеңіз болғаны, іс бітті, — сіздің партия мүшесімін деп саналуға толық правоңыз бар. Тыңдамаңдар, — деп дем береді Мартов үрейленген «партия мүшелеріне» — партия мүшесі партия ұйымдарының біреуіне кіруге, сөйтіп, өз тілектерін партия тілектеріне бағындыруға міндетті деген пікірді айтып жүрген кейбір адамдарды тыңдамаңдар. Біріншіден, адамның бұл шарттарға көнуі қыйын; өз тілектерің партия тілектеріне бағындыру ойыншық емес қой! Ал екіншіден, ол кейбір адамдардың пікірі хате деп түсіндіріп атап айттым ғой. Сонымен өтінеміз, мырзалар, келіңіздер... банкетке!

Мартов өз тілектерін партия тілектеріне бағындыруға батылы бармайтын кейбір профессорлар мен гимназистерді біртүрлі аяйды, сонымен ол біздің партиямыздың қамалынан ойық жасап, бұл ойық арқылы біздің партиямыздың ішіне осы қадірлі мырзалардың контрабанда жолымен өтіп кетуіне мүмкіндік береді. Ол оппортунизмге есік ашады және мұны ол пролетариаттың таптық сана-сезіміне мыңдаған жаулар қысым жасап отырған кезінде істеп отыр!

Бірақ бұл бәрі емес. Әңгіме, мынада: Мартовтың куманды тұжырымының арқасында біздің партиямыздың ішінде оппортунизмнің екінші жақтан да туу мүмкіндігі байқалып отыр.

Бізге мәлім, Мартовтың тұжырымында әңгіме программаны қабыл алу туралы ғана болып отыр, ал тактика мен ұйымдастыру мәселелері туралы бірауыз сөз айтылмайды, шынында партияның бірлігі үшін оның программалық көзқарастарының бірлігі қандай

дәрежеде керек болса, ұйымдастыру және тактикалық көзқарастарының бірлігі де сондай дәрежеде керек. Бізге: бұл туралы Ленин жолдастың тұжырымында да айтылған жоқ қой, дер. Дұрыс-ақ! Бірақ Ленин жолдастың тұжырымында бұл туралы айтудың қажеті де жоқ қой! Партия ұйымдарының бірінде жұмыс істейтін, демек, партиямен бірге күресетін, партия тәртібіне бағынатын адамның партия тактикасынан басқа, партияның ұйымдастыру принциптерінен басқа қандай тактикаға болса да, қандай ұйымдастыру принциптеріне болса да, сәре алмайтыны өзінен өзі түсінікті емес пе? Ал енді партия программасын қабыл алған, бірақ бірде-бір партия ұйымында жоқ «партия мүшесі» туралы не айтасыздар? Бұл «мүшенің» тактикасы мен ұйымдастыру көзқарастары басқаша болмай, партиялық тактика, партиялық көзқарас болады дегенге қандай кепіл бар? Мартовтың тұжырымы бізге мінеки осы арасын түсіндіре алмайды! Мартовтың тұжырымының нәтижесінде біздің қолымызда таңқаларлықтай бір «партия» қалмақшы, оның «мүшелерінің» программасы бірдей болмақшы (бұл жағы да әлі күманды!), ал тактикалық және ұйымдастыру көзқарастары әртүрлі болмақшы! Асқан алалық! Сонда біздің партиямыздың банкетке ұқсамаған несі қалады?

Жалғыз-ақ мына жайды сұрау керек болады: бізге партияның екінші съезі өсиет етіп қалдырған және Мартовтың тұжырымы мүлдем қайшы келіп отырған идеялық және практикалық централизмді қайда тастамақшымыз? Егер әңгіме таңдауға қалса, бәрінен дұрысы — Мартовтың тұжырымын аулақ тастау екені күмансыз.

Ленин жолдастың тұжырымына қарама-қарсы Мартов бізге осындай өрескел тұжырымын әкеліп тықпалайды!

Біз Мартовтың тұжырымын қабылдаған партияның екінші съезінің қаулысын жете ойламағандықтың нәтижесі деп санаймыз және партияның үшінші съезі екінші съездің хатесін сөзсіз түзеп, Ленин жолдастың тұжырымын қабыл алады деп сенеміз.

Айтқанымызды қысқаша қайталайық. Күрес майданына пролетарлар армиясы шықты. Егер әрбір армия өзіне алдыңғы қатарлы отрядты керек қылатын болса, бұл армияға да сондай отряд керек болды. Осыдан келіп пролетарлық басшылардың тобы — Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы туды. Белгілібір армияның алдыңғы отряды болғандықтан, бұл партия, біріншіден, өзінің меншікті программасымен, тактикасымен және ұйымдастыру принципімен қарулануға тиіс, екіншіден, топталған ұйым болуға тиіс. Егер біз, Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі деп кімді атауға тиістіміз деп сұрайтын болсақ, онда бұл партия мынадай бір ғана жауап бере алады: партияның программасын қабыл алатын, партияға қаражат жағынан көмектесетін және партия ұйымдарының біреуінде жұмыс істейтін адамды ғана атай аламыз.

Ленин жолдас өзінің тамаша тұжырымында дәл осы айқын ақыйқатты білдірді.

*„Пролетариатис Брџзола“  
(„Пролетариат Күресі“) газеті № 8,  
1 январь, 1905 ж.  
Мақалаға қол қойылмаған*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

## КАВКАЗ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ, КЕК АЛАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ!

Патша батальондары сиреп, патша флоты кұрып барады, ақырында, масқара болып Порт-Артур берілді, — сонымен патша самодержавиесінің тыйтығы бітіп қалжырағандығы тағы да байқалып отыр...

Тамақтың нашарлығы және қандай да болса санитарлық шаралардың болмауы солдаттар арасында жұқпалы ауруларды өршітіп отыр. Аздап болса да іске жарарлықтай тұрғын үй мен киім-кешектің жоқтығынан мұндай адам шыдамастық жағдайлар бұрынғысынан да гөрі нашарлап барады. Әлсіреген, азап шеккен солдаттар шыбындай қырылуда. Мұның өзі он мыңдаған адамның оққа ұшып қаза табуынан кейін болып отырған шығын!.. Ал мұның бәрі солдаттар арасында қобалжушылық, наразылық туғызуда. Солдаттар ұзақ ұйқыдан оянып келеді, олар өздерін адам қатарына санай бастады, олар енді бастықтарының бұйрықтарына беталды бағына бермейтін болды және аяқ астынан жетіле қалған офицерлерді екінің бірінде ысқырықпен, қорқытумен қарсы алып отыратын болды.



Қыйыр Шығыстағы бір офицер бізге былай деп жазады:

«Ақымақтық жасадым! Бастығымның талап етуі бойынша жақында солдаттар алдында сөз сөйледім. Патша мен отан үшін табандылық көрсету керек екендігі туралы жаңа ғана айта бастаған едім, ысқырық, бадағаттау, қорқыту сөз дегендер жауып кетті... Мен әбден ыза кернеген тобырдан аулағырақ бір жерге кетуге мәжбүр болдым...»

Қыйыр Шығыстағы істің жайы осындай!

Бұған Россиядағы запастағылардың толқуын, олардың Одессадағы, Екатеринославтағы, Курскідегі, Пензадағы және басқа қалалардағы революциялық демонстрацияларын, Гуриядағы, Имеретиядағы, Карталиядағы, оңтүстік және солтүстік Россиядағы әскерге жаңадан алынғандардың наразылықтарын қосыңыздар, наразылық білдірушілерді түрме де, оқта тоқтата алмайтындығына (жақында Пензада демонстрацияға қатысқаны үшін бірнеше запастағылар атылған) назар салыңыздар, — сонда сіздер орыс солдаттарының не ойлайтындығын оп-оңай түсінесіздер...

Патша самодержавиесі өзінің басты тірегінен — «сенімді әскери күштерінен» айрылып келеді!

Екінші жағынан, күн санап патша қазнасы тақырланып барады. Жеңіліс үстіне жеңіліс қосылуда. Патша үкіметі барған сайын шет ел мемлекеттерінің көз алдында сенімін жойып барады. Ол өзіне керек ақшаны әрең табады, сондықтан оның кредит атаулының бәрінен де жūrдай болатын уақыты жақын қалды! «Сені құлатқан күнде бізге кім төлемек, ал сенің таяуда құлайтындығыңа дау жоқ», — міне, сенімін жоғалтқан патша үкіметін осындай жауаппен

қайтарып жіберіп отырады! Ал халықты алсақ, өзі тамағын асырай алмай отырғанда, бишара халық, ашыққан халық, патша үкіметіне несін берсін?!

Сөйтіп, патша самодержавиесі өзінің екінші бір басты тірегінен — бай қазынасынан және оны толықтырып отыратын кредиттен айрылып келеді!

Сонымен бірге, күн санап өнеркәсіп дағдарысы арта түсуде, фабрикалар мен заводтар жабылуда, миллиондаған жұмысшылар нан және жұмыс берілуін талап етуде. Жапа шеккен деревня кедейлерін барған сайын ашаршылық қамтый түсуде. Халық наразылығының толқыны үдеген үстіне үдей түсіп, патша тағына қатты соғуда, — сондықтан қалжыраған патша самодержавиесі түбірімен шайқалуда...

Қоршаудағы патша самодержавиесі жылан сықылды ескі терісін тастап, түлеп отыр және, наразы Россия шешуші шабуылға дайындалып жатқан уақытта, самодержавие өзінің қамшысын тастап (тастап отырған тәрізді!), қой терісін жамылып, **ымырала**су саясатын жарыялап отыр!

Естисіздер ме, жолдастар? Патша самодержавиесі бізден — қамшылардың шыпылдауын, оқтардың ызылдауын, оққа ұшқан жүздеген қаһарман жолдастарды, олардың біздің айналамызда елестеп, бізге: «Кек алыңдар» деп сыбырлап жүрген даңқты аруақтарын естен шығаруды өтінеді!

Самодержавие ұялмастан бізге қанды қолын созып, ымыраға келуге кеңес береді! Ол бізге қайдағы-бір «бостандық» дегенді беремін деп дәмелендіретін «ұлы мәртебелі указын»<sup>23</sup> жарыялады... Ежелгі қарақшылар! Олар Россияның миллиондаған ашыққан пролетариатын сөзбен тойдырмақшы! Олар әлденеше

миллиондаған жарлы және азап шеккен шаруаларды сөзбен қанағаттандырамыз деп сенеді! Олар соғыс кұрбандарының — жетім-жесір қалған семьялардың жылап-сықтауын уәделер беріп басқысы келеді! Азғындар! Олар суға кетіп бара жатып жалғыз тал шөпке жармасады!..

Я, жолдастар, патша үкіметінің тағы түбірімен шайқалуда! Бізден талап алынған салықтарды дәл өзіміздің жендеттеріміздің — министрлердің, губернаторлардың, уездер мен түрме бастықтарының, приставтардың, жандрамдар мен тыңшылардың жалақысына үлестіріп беріп отырған үкімет, бізден алынған солдаттарды — өзіміздің бауырларымыз бен ұлдарымызды — біздің өз қанымызды төгуге еріксіз айдап салып отырған үкімет, помещиктер мен қожайындарды өздерінің бізге қарсы күнделікті күресінде қолдап отырған үкімет, біздің қол-аяғымызға бұғау салып, бізді правосыз кұлдық халіне жеткізіп отырған үкімет, біздің ең ардақты нәрсемізді — адамгершілік хаспетімізді айуанша таптап, мазақ етіп отырған үкімет, — нақ осы үкімет қазірде теңселіп, табан тірерлік жер таба алмай отыр!

Кек алатын уақыт жетті! Ярославльде, Домбровта, Ригада, Петербургте, Москвада, Батумда, Тифлисте, Златоуста, Тихорецкаяда, Михайловта, Кишинёвта, Гомельде, Якутскиде, Гурияда, Бакуда және басқа жерлерде патша баскесерлері айуандықпен өлтірген даңқты жолдастарымыз үшін кек алатын уақыт жетті! Қыйыр Шығыс далаларында он мыңдап қаза талқан ешбір жазықсыз бақытсыздар үшін патша үкіметінен есеп беруді талап ететін уақыт жетті! Олардың әйелдері мен бала-шағаларының көз жасын

көретін уақыт жетті! Көрсеткен азабы мен қорлығы үшін, көп заманнан бері біздің мойнымызға салып келген, адамды масқаралайтын бұғаулары үшін патша үкіметінен жауап беруді талап ететін уақыт жетті! Патша үкіметін құртып, социалистік тәртіпке жететін жолымызды тазартып шығатын уақыт жетті! Патша үкіметін талқандайтын уақыт жетті!

Біз оны талқандаймыз да. .

Либерал мырзалар құлап бара жатқан патша тағын аман алып қалуға тырысып арам тер болуда! Патшаға жәрдем қолын созып арам тер болуда! Усақ реформалар арқылы өздеріне саяси үстемдікке жол сала отырып, патшаны өз қаруына айналдыру үшін, патшаның самодержавиесін буржуазияның самодержавиесімен ауыстыру үшін және содан соң пролетариат пен шаруаларды үнемі тұншықтырып отыру үшін, олар жалынып-жалбарынып патшадан қайыр-садақа алуға және патшаны өздерінің «конституция жобасын»<sup>24</sup> жақтайтын етіп көндіруге тырысып бағады. Бірақ босқа әуре боласындар! Енді кеш қалдыңыздар, либерал мырзалар! Айналаңызға қараңыздаршы, паташның «ұлы мәртебелі указын» қарап көріңіздерші, патша үкіметі сіздерге не берді: «земство мен қала мекемелеріне» азын-аулақ «бостандық» берді, «жеке адамдардың праволарына қысым жасалмауы» жөнінде азын-аулақ «кепілдік» берді, «баспасөзге» азын-аулақ «бостандық» берді және «империяның негізгі заңдарының мызғымастығын сөзсіз сақтау» туралы, «самодержавиелі мемлекеттегі патша тағының аса маңызды тірегі болып табылатын заңның күшін толық сақтауға нақтылы шаралар қолдану»

туралы көп ақыл берді.. Сонымен не болып шықты? Күлкілі патшаның күлкілі «жарлығын» жұрт ұғып жетпей-ақ, газеттерге өскертілген «сақтық шаралар» бұршақтай жауды, жандармдар мен полицейлердің шабуылдары үдеді, бейбіт банкеттердің өзіне де тыйым салды! Патша үкіметі өзінің болмашы уәделерінде бишаралық сөздерден әрман бара алмайтындығын өзі дәлелдеп шығуға тырысты.

Екінші жағынан, ашу көрнеген халық бұқаралары патшамен ымыраға келуге емес, революция жасауға әзірленуде. Олар «кұнысты мола ғана түзейді» деген мақалды мықты ұстап отыр. Я, мырзалар, текке арам тер болып тырысасыздар! Орыс революциясы болмай қоймайды. Күннің шығуы қандай сөзсіз болса, орыс революциясының болуы да сондай сөзсіз! Шығып келе жатқан күнді тоқтата аласыздар ма? Бұл революцияның басты күші — қала мен село пролетариаты, ал оның туын көтерушісі — социал-демократиялық жұмысшы партиясы, сіздер емессіздер, либерал мырзалар! Осы айдан анық «ұсақ-түйекті» сіздер неліктен ұмытасыздар?

Қазірдің өзінде-ақ, таң сәулесінің белгісі — дауыл көтеріліп келеді. Күні кеше-ақ Кавказ пролетариаты Бакудан Батумға дейін өзінің патша самодержавие-сін жек көретіндігін бір ауыздан білдірді. Россияның басқа түкпірлеріндегі пролетарлар үшін Кавказ пролетарларының бұл даңқты әрекетінің босқа кетпейтіндігінде күман жоқ. Сонсын, патша үкіметін мейлінше жек көретіндігін білдіретін жұмысшылардың сансыз көп қарарларын қарап көріңіздер, деревнялардағы көмескі болғанмен де күшті наразылық үніне кү-

лақ салыңыздар, — сонда Россияның — титтей қыймылдан атылып кететін, шаппасы қайрылған оқтаулы мылтық екендігіне сіздердің көздеріңіз жетеді. Я, жолдастар, орыс революциясы туын көтеріп, жексұрын патшаның жиренішті тағын «жер бетінен жоятын» уақыт жақын қалды!

Осындай кезеңге әзір тұру — біздің ең басты міндетіміз. Ал, осыған әзірленейік, жолдастар! Пролетариаттың қалың бұқарасы арасында жақсылық ұрығын егейік! Бірімізге біріміз қол созып, партия комитеттерінің айналасына топтанайық! Бізге тек партия комитеттерінің ғана дұрыс басшылық ете алатындығын, тек солар ғана бізге социалистік дүние деп аталатын «жерүйекке» апаратын жолды көрсетіп бере алатындығын біз бір минут та ұмытпауымыз керек! Біздің көзімізді ашып, жауларды таныта білген партия, бізді айбынды армияға ұйымдастырып, жауға қарсы күреске бастаған партия, біздің қуанышымыз бен қайғымызға ортақ болып, әрдайым біздің алдымызда жүріп отырған партия — Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы! Бұдан былай да бізге басшылық ететін — осы партия, тек осы партия ғана.

Жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде сайланған Құрылтай жыйылысы шақырылсын, — міне біз енді осы үшін күресуіміз керек!

Өзіміздің социализм жолындағы күресімізде бізге өте керекті демократиялық республиканы бізге тек осындай жыйылыс қана береді.

Ал, алға ұмтылайық, жолдастар! Патша самодержавнесі шайқалып тұрған кезде, батыл шабуылға

дайындалу — біздің міндетіміз! Қек алатын уақыт жетті!

**Патша самодержавнесі жойылсын!**

**Бүкіл халықтың Құрылтай жыйылысы жасасын!**

**Демократиялық республика жасасын!**

**Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы жасасын!**

Январь, 1905 ж.

*РСДЖП Кавказ одағының құпия  
(Азлабар) баспаханасында, 1905 ж. 8 январьда  
басылған үндеухаттың тексті  
Сөйінше басылып отыр*

*Қол қойғын: О да қ т ы қ к о ж и т е т*

---

---

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАУЫРЛАСТЫҚ ЖАСАСЫН!

Азаматтар! Революцияшыл пролетариаттың қозғалысы өсуде, — сөйтіп, ұлттық межелер қыйрай бастауда! Россия ұлттарының пролетарлары халықаралық бір армияға бірігуде, пролетарлық қозғалыстың жеке-жеке жылғалары жалпы революциялық бір тасқынға қосылуда. Бұл тасқынның толқындары ұлғайған үстіне ұлғая түсіп, патша тағына зор күшпенен соғуда, — сөйтіп қалжыраған патша үкіметінің негізі шайқалуда. Түрме де, каторга да, дар ағашы да — ештеңе де пролетарлық қозғалысты тоқтата алмайды: ол үнемі өсуде!

Ал, енді, өзінің тағын нығайту үшін патша үкіметі «жаңа» айла ойлап тауып отыр. Ол Россия ұлттары арасында араздықты қоздыруда, ол ұлттарды бір-бірімен өштестіруде, ол пролетариаттың жалпы қозғалысын бөлшектеп, ұсақ қозғалыстарға ыдыратуға, сөйтіп оларды бір-біріне қарсы айдап салуға тырысуда, ол еврейлерді, армяндарды, т. т. қырғынға ұшыратуда. Міне, осының бәрі де бауырды бауыр өлтіретін соғыс арқылы Россия ұлттарын бір-бірінен бөлу үшін



және, оларды әлсіретіп, бірінен соң бірін жекелеп жеңу үшін істеліп отыр!

**Бөлшекте де, өкімді жүргіз** — патша үкіметінің саясаты осылай. Ол Россия қалаларында осылай етіп отыр (Гомельдегі, Қишинёвтағы және басқа қалалардағы қырғындарды естеріңе түсіріңдер), осының өзін Қавказда да қайталап отыр. Зұлым үкімет! Азаматтардың қанымен, өліктерімен ол өзінің жексұрын тағын нығайтпақ! Бакудағы армяндар мен татарлардың өлім алдындағы ыңыранулары, әйелдеріміздің, аналарымыздың, балаларымыздың көз жастары, санасы жетілмеген, бірақ адал азаматтарымыздың жазықсыз қаны, өлімнен қорғалап қашып бара жатқан қорғансыз жандардың үрейі қашқан бетәліптері, қыйраған үйлер, таланған магазиндер мен дамылсыз зуылдаған сұрапыл оқтар, — міне, адал жандардың қанішері патша өзінің тағын осылармен нығайтпақ.

Я, азаматтар! Татарлардың санасы жетілмегендерін бейбіт армяндарға өшіктіріп отырған патша үкіметінің агенттері, осылар! Оларға қару-жарақ пен патрондар таратып беріп, полицейлер мен казактарға татар киімдерін киіндіріп, армяндарға қарсы жіберушілер — патша үкіметінің малайлары, осылар! Бауырды бауыр өлтіретін осы соғысты олар — патшаның малайлары — екі ай бойы дайындады, — міне енді ақырында, өздерінің айуандық мақсатына жетті. Патша өкіметін қарғыс атсын, оған өлім келсін!

Енді бишара патшаның бишара құлдары бізде де, Тифлисте де бауырды бауыр өлтіретін соғысты тудырмақ! Олар сендердің қандарыңды талап етеді, олар сендерді бөлшектөп, сендерге өкімін жүргізбек! Бірақ қырағы болыңдар! Сендер, армяндар, татарлар, гру-

зиндер, орыстар! Бір-біріңе қолдарыңды созындар, тығыз топтанындар, сөйтіп, патша үкіметінің сендерді бөлшектемек болған әрекетіне бір ауыздан: Патша үкіметі жойылсын! Халықтардың бауырластығы жасасын! — деп жауап беріндер!

Бір-біріңе қолдарыңды созындар да, патша үкіметіне — Бакудағы қырғынның осы бірден-бір айыпкеріне шынымен көр қазып отырған пролетариаттың төңірегіне бірігіп, жыйналындар!

Сендердің ұрандарың мынау болсын:

**Ұлт араздығы жойылсын!**

**Патша үкіметі жойылсын!**

**Халықтардың бауырластығы жасасын!**

**Демократиялық республика жасасын!**

13 февраль, 1905 ж.:

*РСДЖП Тифлистік комитетінің баспаханасында  
басылған үндеулаттық тексті  
бойынша басылып отыр*

*Қол қойған: Т и ф л и с т і к к о м и т е т*

---

## АЗАМАТТАРҒА. ҚЫЗЫЛ ТУ ЖАСАСЫН!

Зор үміт, зор торығу! Ұлт араздығының орнына — өзара сүйіспендік пен сенімшілдік орнап отыр! Бауырды бауыр өлтіретін қырғынның орнына — сол қырғынның айыпкері патша өкіметіне қарсы зор демонстрация болып жатыр! Патша үкіметінің үміті адыра қалды: ол Тифлис ұлттарын бір-біріне өшіктіре алмады!..

Патша үкіметі пролетарларды бір-біріне өшіктіруге көптен тырысуда, пролетариаттың жалпы қозғалысын бытыратуға ол көптен тырысуда. Сондықтан да ол Гомельде, Кишинёвта, тағы басқа жерлерде қырғыншылық жасады. Ол Бакуда бауырды бауыр өлтіретін соғысты да осы мақсатпен туғызды. Ақырында келіп патша үкіметі Тифлиске хатерін тікті. Осы жерде, Кавказдың орталығында, ол қанды трагедия жасамақ болды, сонан соң оны провинцияларға көшірмек болды. Кавказ ұлттарын бір-біріне өшіктіру, сөйтіп Кавказ пролетариатын өз қанына тұншықтыру, оңай ма! Патша үкіметі қуанып, масаттанды. Ол тіпті — армяндарды ұрыңдар! деп үндеухат таратты. Ол ойдағыдай болады деп үміт етті. Бірақ, 13 февральда, кенеттен армяндардан, грузиндерден, татарлардан

және орыстардан құралған көп мыңдаған топ, патша үкіметінің ішкі күйсін дегендей, Ванк соборының шарбағына жыйналып «арамызда араздықты қоздырып жүрген Ібілістерге қарсы күресте» бірін-бірі қолдамақ болып ант етіседі. Бәрінің пікірі бір жерден шығады. «Бірігуге» шақырған сөздер сөйленеді. Шешендерге бұқара қол шапалақтайды. Біздің (3 000 дана) үндеухаттарымыз таратылады. Бұқара оларды қолдан қолға тигізбей алып кетеді. Бұқараның көңілі көтеріледі. Үкіметтің ішін күйдіріп, «бірін-бірі сүйетін болып ант берісу үшін» бұқара ертеңінде сол собор шарбағына тағы да жыйналмақ болады.

14 февраль. Собор шарбағының іші және оған жақын көшелердің бәрі халыққа толы. Біздің үндеухаттар таратылып, халық оны мүлде ашық оқуда. Бұқара топ-топқа бөлініп, үндеухаттың мазмұнын талқылауда. Сөз сөйленуде. Бұқараның көңілі көтерілуде. Бұқара Сионский собордың және мешіттің алдынан демонстрация жасап өтіп, «бірін-бірі сүйетіндігіне ант етісіп», персияндар бейітінің жанына тоқтап, тағы да ант беріп тарамақ болды. Бұқара өз дегенін орындады. Жол бойы, мешіттің және персияндар бейітінің жанында сөздер сөйленіп, біздің үндеухаттар таратылды (сол күні 12 000 үндеухат таратылды). Бұқараның көңілі барған сайын көтеріле түсуде. Толысқан революциялық жігер қайнап тасуда. Бұқара Дворцовой, Головинский проспектілерінен демонстрация жасап өтіп, тек содан кейін ғана тарамақ болды. Біздің комитет жағдайлы уақытты пайдаланып, аз ғана адамнан дереу жетекшілер ұйтқысын құрды. Алдыңғы қатарлы бір жұмысшыны басшы етіп, бұл ұйтқы орталық орынды алды, — дәл сарай алдына келгенде ғы-

быратты қызыл ту көтерілді. Ту ұстаушыны демонстрацияшылар қолдарына көтерді, ол саяси өткір сөз сөйлеп, сөзінде, бәрінен бұрын, туда социал-демократиялық ұранның жоқтығына жолдастардың танданбауын өтінді. Демонстрацияшылар: «Жоқ, жоқ, ұран біздің жүрегімізде!» деп жауап берді. Одан кейін ту ұстаушы халыққа қызыл тудың маңызын түсіндірді, алдыңғы сөйлеген шешендердің сөздерін социал-демократиялық тұрғыдан сынап, олардың сөздерінің жарым-жартылығын әшкереледі, патша өкіметін және капитализмді жоюдың қажеттігін айтты, демонстрацияшыларды социал-демократияның қызыл туы астында күресуге шақырды. «Қызыл ту жасасын!» — деп жауап берді жұрт. Демонстрацияшылар Ванк соборына қарай жүріп бара жатты. Жол бойы ту ұстаушының сөзін тыңдау үшін үш рет тоқтады. Ту ұстаушы бұқараны патша өкіметіне қарсы күреске тағы да шақырды және көтеріліске де, осы демонстрацияға келгендей, бір ауызды болып келуге бұқараның ант етуін өтінді. «Ант етеміз!» — деп жауап берді жұрт. Сонсын, демонстрацияшылар Ванк соборына жетіп, казактармен аз-кем соқтығысып жөндеріне тарады.

«Тифлистік 8 000 азаматтың демонстрациясы» осылай болды.

Патша үкіметінің фарисейлік саясатына Тифлис азаматтары осылай жауап қайтарды. Олар Баку азаматтарының қаны үшін зұлым үкіметтен осылай кек алды. Тифлис азаматтарының даңқы мен абройы арта берсін!

Қызыл ту астына жыйылып, әлденеше рет патша үкіметіне өлім үкімін шығарған мыңдаған Тифлис аза-

маттарының тобынан зұлым үкіметтің зұлым малайлары кейін шегінуге тиіс болды. Олар қырғын жасаудан бас тартты.

Азаматтар, енді осыдан патша үкіметі бұдан былай қырғын жасауға тырыспайды деуге бола ма? Тіпті, болмайды! Ол, әзірге тірі тұрғанда және өзінің негізін жоғалта түскен сайын, жыйы-жыйы қырғын жасауға тырыспақ. **Қырғынды** жоюдың жалғыз құралы — патша самодержавиесін жою.

Сіздер өздеріңіздің өмірлеріңізді және өзіңізге жақын жандардың өмірлерін қадірлейсіздер ме? Сіздер өздеріңіздің достарыңызды, туысқандарыңызды жақсы көресіздер ме, қырғынға ұшырауды қаламайсыздар ма? Олай болса, біліп қойыңыздар, азаматтар, тек патша өкіметі жойылғанда ғана қырғынға ұшыраушылық та, осыған байланысты қан төгістер де жойылады!

Патша самодержавиесін құлату — міне, сіздер ең алдымен осыған тырысуларыңыз керек!

Сіздер ұлт араздығының қандайын болса да жойғыларыңыз келе ме? Сіздер халықтардың толық ынтымақты болуына тырысасыздар ма? Олай болса, біліп қойыңыздар, азаматтар, тек теңсіздік жойылғанда ғана, капитализм жойылғанда ғана ұлт араздығының қандайы болса да жойылады.

Социализмнің үстем болуы — міне, сайып келгенде сіздер осыған тырысуларыңыз керек!

Ал, патша өкіметінің жексұрын тәртіптерін жер бетінен құртатын кім, сіздерді қырғыннан құтқаратын кім? — Социал-демократия бастаған пролетариат.

Ал, капиталистік тәртіптерді қыйрататын кім, жер бетінде халықаралық ынтымақты орнататын кім? — Сол социал-демократия бастаған сол пролетариат.

Пролетариат, тек пролетариат қана сіздерге бостандық пен бейбітшілік әпере алады.

Сөйтіп пролетариаттың төңірегіне ұйымдасыңыздар, социал-демократияның туы астына жыйылыңыздар!

Азаматтар, қызыл тудың астына жыйылыңыздар!

Патша самодержавиесі жойылсын!

Демократиялық республика жасасын!

Капитализм жойылсын!

Социализм жасасын!

Қызыл ту жасасын!

15 февраль, 1905 ж.

*РСДЖП Тифлистік комитетінің  
баспаханасында басылған үндеухаттың тексті  
бойынша басылп отыр*

*Қол қойған: Т и ф л и с т і к к о м и т е т*

---

---

## ПАРТИЯДАҒЫ АЛАУЫЗДЫҚТАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ПІКІРЛЕР<sup>25</sup>

*„Социал-демократия дегеніміз жұмысшы қозғалысының социализммен бірігуі“.*

*Карл Каутский*

Біздің «меньшевиктер» тым мазасыз-ақ! Менің айтып отырғаным — Тифлис «меньшевиктері!»: Олар, партия ішінде алауыздықтар бар дегенді естіп алып: қаласаң да — қаламасаң да біз әрдайым, әржерде алауыздықтар туралы айта береміз, қаласаң да — қаламасаң да біз «большевиктерді» онды-солды сөгө береміз! — деп қақсап жүр. Міне енді олар, бейнебір делбегезіктер секілді, аузына келгенін айтып, сөгуде. Әрбір қалтарыста, өздерінің арасында да, жат адамдардың арасында да, қысқасы, көрінген жерде, баяғы бір сарынмен: «көпшіліктен» сақтаныңдар, олар — жат адамдар, сенімнен кеткендер! — деп байбалам салуда. «Дағдылы» жолға қанағат етпей, олар «істі» жарыя әдебиетке көшірді, сөйтіп, өздерінің... мазасыздығын тағы да әлемге айқын көрсетті.

Сондағы «көпшіліктің» жазығы не? Біздің «азшылық» сонша неге «ашуланады»?

Тарихқа көз жіберейік.

---



«Көпшілік» пен «азшылық» тұңғыш рет партияның екінші съезінде пайда болды (1903 ж.). Бұл біздің бытыраңқы күштерімізді біртұтас, қуатты партия етіп біріктіруге тиісті съезд еді. Біз, партия қызметкерлері, бұл съезден көп үміт күткен едік. Тілегімізге жеттік-ау! — деп қуанып, масаттандық, — енді біз біртұтас партия болып бірігеміз, енді біз біртұтас жоспар бойынша қыймылдауға мүмкіндік аламыз!.. Әлбетте, біз бұған дейін де қыймылдап келдік, бірақ біздің қыймылымыз бытыраңқы, ұйымдаспаған қыймыл еді. Әлбетте, біз бұған дейін де бірігуге талпынғанбыз, нақ соның үшін де партияның бірінші съезін шақырғанбыз (1898 ж.), тіпті «біріккен» сыяқты да болдық, алайда бұл бірлік сөз жүзінде ғана болды: партия бұрынғыша жеке топтарға бөлшектелген күйінде қала берді, күштеріміз бұрынғыша бытыраңқы болып, біріктіруді қажет етті. Міне сөйтіп, партияның екінші съезі бытыраңқы күштерді жыйнап, біртұтас етіп топтауға тиіс еді. Біз біртұтас партия жасауға тиісті едік.

Бірақ іс жүзінде біздің үміттеріміз, белгілі дәрежеде, мезгілінен ертерек болып шықты. Съезд бізге бөлінбейтін, тұтас бір партия жасап бере алмады, ол тек қана сондай партияның іргесін қалады. Оның есесіне съезд партия ішінде екі бағыт бар екенін: «Искраның» бағыты (сөз қылып отырғанымыз бұрынғы «Искра»)»<sup>26</sup> және оған қарсылардың бағыты бар екенін бізге айқын көрсетіп берді. Осыған сәйкес съезд «большевиктер» мен «меньшевиктер» болып екіге бөлінді. Алғашқылары «Искра» бағытына қосылып, соның төңірегіне топтасты; ал екіншілері, «Искраға» қарсылар есебінде, қарама-қарсы позицияға көшті.

Сөйтіп, «Искра» партия «көпшілігінің» туына айналды, ал «Искраның» позициясы «большевиктердің» позициясы болды.

«Искра» қай жолмен жүрді, оның қорғағаны не? Мұны ұғыну үшін, тарих майданына «Искраның» қандай жағдайларда шыққанын білу қажет.

«Искра» 1900 ж. декабрьде шыға бастады. Бұл кез орыс өнеркәсібінде дағдарыс басталған кез еді. Бірқатар кәсіпшілік стачкалармен (1896—98 жылдар) бірге өнеркәсіптің көркеюі бірте-бірте дағдарысқа ауысты. Дағдарыс күннен күнге шиеленісе түсіп, кәсіпшілік стачкалар үшін бөгет болды. Бұған қарамастан, жұмысшылар қозғалысы өзіне жол аршып, ілгерілей берді: жеке ағыстар бір тасқынға ұласып, қозғалыс таптық түрге енді де, бірте-бірте саяси күрес жолына түсе бастады. Жұмысшылар қозғалысы таңқаларлық шапшаңдықпен өсе берді... Тек бұл қозғалысқа социалистік сана енгізерлік, оны социализммен біріктіретіндік, сөйтіп, пролетариаттың күресіне социал-демократиялық сыйпат берерлік алдыңғы отряд, социал-демократия \* ғана көзге түспеген еді.

Ал сол кездегі «социал-демократтар» (оларды «экономистер» деп атайтын) не істеді? Олар стихиялық қозғалысты қошеметтеп дәріптеді және бейқам түрде: жұмысшы қозғалысы үшін социалистік сананың онша қажеттігі жоқ, бұл қозғалыс онсыз да өз мақсатына ойдағыдай жетеді, істің мәні қозғалыстың өзінде, — деуден жазбады. Бар керәгі — қозға-

---

\* Социал-демократия дегеніміз пролетариаттың алдыңғы отряды. Бұл отрядқа, жұмысшы болсын, интеллигент болсын, әрбір күрескен социал-демократ кіреді.

лыс, ал сана деген — ұсақ-түйек. Қозғалыс социализмсіз болсын — мінеки, олар осыны көздеді.

Олай болған күнде, россиялық социал-демократияның атқаратын қызметі не болмақ? Ол стихиялық қозғалыстың көнбісті құралы болуға тиіс, — дейтін олар. Жұмысшылар қозғалысына социалистік сананы енгізу біздің жұмысымыз емес, бұл қозғалысқа басшылық ету де біздің жұмысымыз емес, — бұл нәтижесіз зорлық болар еді; біздің борышымыз — қозғалысқа тек құлақ асып, қоғамдық өмірде болып жатқан уақытгаларды дәл есепке алып отыру ғана, — біз стихиялық қозғалыстың соңында құйыршықша салпақтап жүруге тиіспіз\*, — дейтін. Бір сөзбен айтқанда, социал-демократия қозғалысқа артылған керексіз жүк есебінде суреттелді.

---

\* Біздің «Социал-Демократтың»<sup>27</sup> «сынға» құштарлығы қозыпты (қараңыз: № 1, «Көпшілік пе, әлде азшылық па?»), бірақ мен оның «экономистер» мен «рабочеделошыларды» (бұлардың бірінен бірінің айырмасы аз ғана) теріс сыйпаттап отырғанын атап көрсетуге тиіспін. Әңгіме олардың «саяси мәселелерді елемегенінде» емес, әңгіме олардың қозғалыс соңында құйыршықша салпақтап, қозғалыс нені көрсетсе, соны қайталап отыруында. Жалғыз стачкалар ғана жүргізілген кездер болған. Сол кезде олар экономикалық күресті уағыздады. Демонстрациялар кезі басталды. (1901 ж.), қан төгілді, түңілушілік пайда болды, сонда жұмысшылар, тирандардан құтқарар деп, террорға жүгінді. Бұл кезде «рабочеделошы» экономистер де жалпы сарынға қосылып, аса маңыздылықпен: террорға көшіп, түрмелерге шабуыл жасап, жолдастарды босататын, тағы сондайларды істейтін кез келді деді (қараңыз: «Тарихи өзгеріс», «Рабочее Дело»<sup>28</sup>). Бұл әсте олар «саяси мәселелерді елемеді» деген сөз емес екенін көріп отырсыздар. Автор өзінің «сынын» Мартыновтан алыпты, бірақ ол тарихпен танысса, сонысы пайдалырақ болар еді.

Кімде-кім социал-демократияны қажет деп таны-  
маса, ол социал-демократиялық партияны да қажет  
деп танымауға тиіс. Сондықтан да экономистер Рос-  
сияда пролетариаттың саяси партиясының болуы  
мүмкін емес деп қоймастан айтып жүрді. Саяси кү-  
респен либералдар-ақ шұғылдана берсін, бұл соларға  
лайықтау, — деді олар. Ал, біздер, социал-демо-  
краттар, не істемекпіз? Біз бұрынғыша жеке үйірме-  
лер күйінде күнелтіп, әрқайсымыз өз мүйісімізде,  
бет-бетімізбен қыймылдауға тиіс екенбіз.

✓ Партия емес, үйірме болсын! — деді олар.

Сөйтіп, бірінші жағынан, жұмысшы қозғалысы өсе  
түсті де, алдыңғы қатарлы басшы отрядты керек  
қылды, екінші жағынан, «экономистер» түріндегі «со-  
циал-демократия» қозғалысқа басшы болудың орны-  
на, өзінен өзі танып, қозғалыстың соңында салпақ-  
таумен болды.

Социализмнен тыс стихиялық жұмысшы қозғалы-  
сы — қараңғыда адасумен барабар, бұл әйтеуір бір  
кезде мақсатқа жеткізген күнде де, қашан және қан-  
дай азаптар шеккізіп барып жеткізетінін кім білсін,  
ендеше, жұмысшы қозғалысы үшін социалистік сана-  
ның өте зор маңызы бар, — деген пікірді жалпыға  
естіріп айту керек болды.

Осы сананы таратушы социал-демократия социа-  
листік сананы жұмысшы қозғалысына енгізуге, сти-  
хиялық жұмысшы қозғалысына бір шеттен қарап тұр-  
май, соңында салпақтамай, әрдайым қозғалысты  
бастауға міндетті екенін де айту керек болды.

Россиялық социал-демократияның тікелей мінде-  
ті — пролетариаттың алдыңғы қатарлы жеке отряд-  
тарының басын қосып, оларды біртұтас партия етіп

топтастыру, осы арқылы партиядағы бытырандылыққа біржолата тыйым салу, — деген пікірді де айту керек болды.

«Искра» нақ осы міндеттерді талдап шешуге кірісті.

Ол өзінің программалық мақаласында былай дейді (қараңыз: «Искра» № 1): «Социал-демократия дегеніміз жұмысшы қозғалысының социализммен бірігуі»<sup>29</sup> болады, яғни социализмнен тыс қозғалыс немесе қозғалыстан шеттеп тұрған социализм — ұнамсыз нәрсе, социал-демократия бұған қарсы күресуге тиісті. «Рабочеделші экономистер» стихиялық қозғалысқа табынғандықтан, олар социализмнің маңызын кеміткендіктен, «Искра» былай деп көрсетті: «Социал-демократиядан қол үзген жұмысшы қозғалысы ұсақтап, қалайда буржуазияшылдыққа ұшырайды». Осыған сәйкес социал-демократияның міндеті — «осы қозғалысқа оның түпкі мақсатын, оның саяси міндеттерін көрсетіп беру, оның саяси және идеялық дербестігін қорғау» болып табылады.

Россиялық социал-демократияға жүктеліп отырған міндеттер қандай? «Осыдан келіп, — дейді «Искра» тағы да, — орыс социал-демократиясы жүзеге асыруға тиісті міндет өзінен өзі туады, ол міндет — пролетариат бұқарасына социалистік идеялар мен саяси сана-сезім тарату және стихиялық жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты революцияшыл партия ұйымдастыру», — яғни ол әрдайым қозғалысқа басшы болуға тиіс және оның ең бірінші міндеті — жұмысшы қозғалысындағы социал-демократиялық күштерді біртұтас партия етіп топтастыру.

«Искра» редакциясы \* өз программасын осылай сыйпаттайды.

«Искра» осы тамаша программаны жүзеге асырып отырды ма?

Осы аса маңызды идеяларды оның жан аямай іске асырып отырғандығы барша жұртқа мәлім. Партияның екінші съезі мұны бізге айқын дәлелдеп берді; съезд 35 адамдық көпшілік дауыспен «Искраны» партияның орталық органы деп таныды.

Осыдан кейін кейбір дүмше марксистердің бұрынғы «Искраны» «жамандай» бастауы кісі күлерлік нәрсе емес пе?

Меньшевиктік «Социал-Демократ» «Искра» туралы былай деп жазады:

«Ол («Искра») «экономизмнің» идеяларын талдауға, жалған көзқарастарды алып тастап, шын көзқарастарды қабылдауға, сөйтіп оны жаңа арнаға салуға тиіс еді... Бірақ олай болмай шықты. «Экономизмге» қарсы күрестен екінші ұшқарылық туды — экономикалық күресті кемсінушілік, оған менсінбей қараушылық және саяси күрестің үстем мәні бар деп танушылық пайда болды. Экономиялан тыс саясат («экономикадан тыс» — дегендегісі болу керек) — мінеки жаңа бағыт осы» (қараңыз: «Социал-Демократ» № 1, «Көпшілік пе, әлде азшылық па?»).

Бірақ, мұның бәрі қай жерде, қашан, қай елде болған уақытқа, қадірлі «сыншы»-ау? Плеханов, Аксельрод, Засулич, Мартов, Староверлер не бітіріп жүрді, олар «Искраны» «шындық» жолына неге

---

\* Ол кезде «Искра» редакциясында 6 адам: Плеханов, Аксельрод, Засулич, Мартов, Старовер<sup>30</sup> және Ленин болды.

салмады, редакцияда олар көпшілік еді ғой? Ал осы күнге дейін сіз өзіңіз қайда жүрдіңіз, хұрметті «сыншы», сіз партияның екінші съезін неге сақтандырмадыңыз: онда съезд «Искраны» орталық орган деп танымаған болар еді.

Бірақ, «сыншыны» былай қоялық.

Әңгіме мынада: «Искра» «күнделікті мәні зор мәселелерді» дұрыс белгілеп, нақ сол, мен жоғарыда айтқан, жолға түсті, өз программасын жан аямай іске асырып отырды.

Ленин өзінің «Не істеу керек?» деген тамаша кітабында «Искраның» позициясын бұдан да айқын әрі көкейге қонымды етіп көрсетті.

Осы кітапқа тоқтап өтейік.

«Экономистер» стихиялық жұмысшы қозғалысына табынды, бірақ стихиялық қозғалыс — социализмнен тыс қозғалыс екенін, капитализмнің шеңберінен тысқары дәнеңені көргісі келмейтін «тред-юнионизм екенін» \* кім білмейді. Социализмнен тыс жұмысшы қозғалысы — бұл бір орында, капитализм шеңберінде тыпыршып, жеке меншіктің төңірегінде адасып жүру екенін кім білмейді; бұл адасушылық әйтеуір бір кездері әлеуметтік революцияға жеткізген күнде де, қашан және қандай азаптар шеккізіп барып жеткізетінін кім білсін. Жұмысшылар үшін «жерүйекке» таяу арада немесе ұзақ уақыттан кейін жету, оңай жолмен немесе қыйын жолмен жету — бәрібір нәрсе ме? Анығында кімде-кім стихиялық қозғалысты дәріптеп, оған табынса, ол өз еркінен тыс социализм мен жұмысшы қозғалысының арасы-

---

\* Ленин, «Не істеу керек?», 28-бет.

нан шыңрау қазады, ол социалистік идеологияның маңызын кемітеді, ол мұны өмірден қуып шығып, өз еркінен тыс, жұмысшыларды буржуазиялық идеологияға бағындырады, өйткені ол «социал-демократия дегеніміз жұмысшы қозғалысының социализммен бірігуі» \* екенін ұқпайды, «стихиялық жұмысшы қозғалысына табынушылықтың қандайы болса да, «саналы элементтің» ролін, социал-демократияның ролін кемітушіліктің қандайы болса да, — кемітуші мұны қалай ма, қаламай ма, оған мүлде қарамас-тан, жұмысшыларға осы арқылы буржуазиялық идеологияның ықпалын күшейту деген сөз» \*\* екенін ұқпайды.

Толығырақ түсіндірейік. Біздің заманымызда тек екі идеология: буржуазиялық идеология мен социалистік идеология ғана өмір сүре алады. Бұлардың арасында, айтпақшы, мынадай да айырма бар: алғашқысы, яғни буржуазиялық идеология, екіншісінен гөрі анағұрлым көп жасаған, өмірге тамырын терең жайып, көп тараған; буржуазиялық көзқарастармен көрінген жерде, өз ортаңда да, жат ортасында да, кездесіп отырасың, ал социалистік идеология болса, тек бірінші адым жасап, өзіне жаңадан ғана жол салып келеді. Егер идеялардың таралуы туралы әңгіме қылсақ, онда буржуазиялық идеологияның, яғни тред-юниондық сананың, бірінші адым жасап қана отырған социалистік идеологиядан гөрі анағұрлым тез тарайтынын, • стихиялық жұмысшы қозғалысын

\* Каутский. «Эрфурт программасы», Орталық Комитеттің баспасы, 94-бет.

\*\* Ленин. «Не істеу керек?», 26-бет.



анағұрлым кең қамтыйтынын айтпаса да болады. Мұның өте-мөте дұрыс болатын себебі, стихиялық қозғалыс — социализмнен тыс қозғалыс — онсыз да «сол қозғалыстың буржуазиялық идеологияға тура бағынуына қарай жүреді» \*. Ал буржуазиялық идеологияға бағынудың мәнісі социалистік идеологияны ығыстырып шығару деген сөз, өйткені бұлар өзара бір-бірі бекерге шығарады.

Қалайша? жұмысшы табы социализмге ынтықпай ма? — деп сұрар бізден. Я, ол социализмге ынтығады. Бұлай болмаса — социал-демократияның ісі жеміссіз болар еді. Бірақ, бұл ынтығуға екінші бір ынтығу — буржуазиялық идеологияға ынтығу — қарама-қарсы келіп, кедергі жасайтыны да рас.

Буржуазиялық идеялар біздің қоғамдық өмірге сіңіп болған, сондықтан социалистік идеологиядан гөрі буржуазиялық идеологияны тарату анағұрлым оңай деп мен жаңа ғана айттым. Сонымен қатар буржуазияшыл идеологтар қарап жатпайтынын, олар өздерінше социалист болғансып, жұмысшы табын буржуазиялық идеологияға бағындыруға дамылсыз әрекет істейтінін ұмытпау керек. Егер оның бержағында, социал-демократтар да, «экономистер» секілді, қаннен қаперсіз қалып, стихиялық жұмысшы қозғалысының соңында салпақтап жүрсе (социал-демократия осылай еткен кезде жұмысшы қозғалысы да стихиялы болады), онда стихиялық жұмысшы қозғалысы осы шыйыр жолмен кетіп, буржуазиялық идеологияға бағынатыны, — бағынғанда, әлбетте, қашан оны сол ұзақ адасу мен азап шегудің өзі буржуазия-

---

\* Ленин. «Не істеу керек?», 28-бет.

лық идеологиядан қол үздіріп, әлеуметтік революцияға талпындырғанша бағынатыны өзінен өзі айқын.

Буржуазиялық идеологияға ынтығу дегеніміз міне осы.

Ленин былай дейді:

«Жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады, бірақ аса көп тараған (және алуан-алуан формада үнемі қайта тіріліп отыратын) буржуазиялық идеология одан кем түспестей стихиялы түрде жұмысшыға өте-мөте көп таңыла береді» \*. Сондықтан да стихиялық жұмысшы қозғалысы, стихиялы болып тұрған кезінде, социалистік санамен бірікпеген кезінде, — буржуазиялық идеологияға бағынады, осы бағыныштылыққа ынтығады \*\*. Егер де бұл осылай болмаса, онда социал-демократиялық сын, социал-демократиялық насихат қажетсіз болар еді, онда «жұмысшы қозғалысының социализммен бірігуі» де қажетсіз болар еді.

Социал-демократия буржуазиялық идеологияға осылай ынтығуға қарсы күресуге міндетті, сөйтіп басқа ынтығушылықты — социализмге ынтығушылықты — көтермелеуге міндетті. Әрине, әйтеуір бір кездерде, ұзақ адасып, азап шеккеннен кейін барып, стихиялық қозғалыс социал-демократияның жәрдемісіз-ақ өзінің көздегеніне жетеді, әлеуметтік революцияның қақпасын табады, өйткені «жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады» \*\*\*. Ал, бірақ ол кезге дейін қайтпекшіміз, ол кезге дейін біз

\* Ленин. «Не істеу керек?», 29-бет.

\*\* Бұл да сонда, 28-бет.

\*\*\* Бұл да сонда, 29-бет.

не істемекпіз? «Экономистер» секілді, қолымызды қу-сырып, Струвелер мен Зубатовтарға орын беріп қоймақпыз ба? Социал-демократиядан безіп, осы арқылы буржуазиялық, тред-юниондық идеологияның үстем болуына көмектеспекпіз бе? Марксизмді ұмытып, «социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктірмей» тастамақпыз ба?

Жоқ! Социал-демократия дегеніміз пролетариаттың алдыңғы отряды \*, ендеше оның міндеті — әрқашан да пролетариатқа басшылық ету, оның міндеті — «жұмысшы қозғалысын тред-юнионизмнің осы стихиялы түрде буржуазияның қанаты астына ұмтылу ниетінен айырып алып, оны революцияшыл социал-демократияның қанаты астына тарту» \*\*. Социал-демократияның міндеті — стихиялық жұмысшы қозғалысына социалистік сана енгізу, жұмысшы қозғалысын социализммен біріктіру, сөйтіп пролетариаттың күресіне социал-демократиялық сыйпат беру.

Кейбір елдерде жұмысшы табы социалистік идеологияны (ғылыми социализмді) өзі жасап шығарған, басқа елдерде де мұны өзі жасайды, солай болғасын социалистік сананы жұмысшы қозғалысына сырттан енгізудің түк қажеті жоқ деседі. Бірақ бұл мейлінше хате. Ғылыми социализмді жасап шығару үшін, ғылымның төрінде болу керек, ғылыми білімдермен қарулану керек және тарихи дамудың заңдарын терең зерттей білу керек. Ал жұмысшы табы, жұмысшы табы болып тұрған кезінде, ғылымның төрінде болып, оны ілгері бастырып, тарихи заңдарды ғылым жолы-

---

\* К. Маркс. «Манифест», 15-бет<sup>31</sup>

\*\* Ленин. «Не істеу керек?», 28-бет.

мен зерттей алмайды: бұған оның уақыты да, қаржысы да жоқ. Ғылыми социализм «тек терең ғылыми білімнің негізінде ғана туа алады...» — дейді К. Каутский. «...Ал ғылым иесі пролетариат емес, буржуазиялық интеллигенция болып табылады (*астың сызған К. Каутский*). Қазіргі замандағы социализм де осы топтың жеке мүшелерінің ойлауынан туды ғой, сөйтіп, олар мұны ақыл-ой өрісі жағынан үздік пролетарларға танытты...» \*.

Осыған сәйкес Ленин былай дейді: стихиялық жұмысшы қозғалысына табынатындар, қолдарын қусырып, оған бір шөгтен қарап тұратындар, социал-демократияның маңызын үнемі кемітіп, Струвелерге — Зубатовтарға орын беретіндер, — осылардың бәрі де: бұл қозғалыс ғылыми социализмді өздігінен жасап шығарады деп жорыйды. «Бірақ бұл мейлінше хате \*\*.

Кейбіреулер: 90-шы жылдарда ереуіл жасаған Петербург жұмысшыларында социал-демократиялық сана бар еді деп ойлайды, бірақ бұ да хате. Оларда мұндай сана болған жоқ «және болуы мүмкін емес те еді. Ол (социал-демократиялық сана) тек сырттан ғана келтірілуі мүмкін еді. Жұмысшы табы жалаң өз күштерімен тред-юниондық сананы ғана, яғни одақтасып бірігудің, қожайындарға қарсы күрес жүргізудің, жұмысшылар үшін керекті қайсыбір заңдар шығаруды үкіметтен талап етудің, т. с. қажеттігіне сенуді ғана тудыра алатынын барлық елдердің тарихы

---

\* Ленин. «Не істеу керек?», 27-бет; бұл бетте Каутскийдің осы сөздері оның «Neue Zeit-тегі»<sup>82</sup> белгілі мақаласынан алынып басылған, 1901 — 1902 жылдар, № 3, 79-бет.

\*\* Бұл да сонда, 26-бет.

сыйпаттайды. Ал социализм ғылымы дәулетті таптардың оқымысты уәкілдері, интеллигенция жасап шығарған философиялық, тарихи, экономикалық теориялардан туып өсті. Осы замандағы ғылыми социализмнің негізін салушы Маркс пен Энгельстің өздері де, әлеуметтік күйі жағынан, буржуазиялық интеллигенциядан шыққан еді» \*. Бұл әлбетте, — дейді Ленин тағы да, — «жұмысшылар осы идеологияны жасауға қатыспайды деген сөз емес. Бірақ олар қатысқанда жұмысшылар есебінде емес, социализмнің теоретиктері есебінде, Прудондар мен Вейтлингтар (екеуі де жұмысшы болған) есебінде қатысады, басқаша айтқанда, өз заманындағы білімді меңгеру және бұл білімді алға бастыру азды-көпті дәрежеде қолдарынан келсе, олар сонда ғана, соншалық дәрежеде ғана қатысады» \*\*.

Мұның бәрін, шамамен, былайша көзге елестетуге болады. Өмір сүріп отырған капиталистік тәртіптер бар. Жұмысшылар мен қожайындар бар. Олардың арасында күрес жүргізілуде. Ғылыми социализм әзірінше еш жерде көрінбейді. Жұмысшылар күрес жүргізе бастаған кезде ғылыми социализм еш жерде атымен де жоқ еді... Я, жұмысшылар күресуде. Бірақ өз қожайындарына қарсы күрескенде, өздерінің жергілікті өкіметтерімен шайқасқанда бет-бетімен күреседі: әне жерде стачкалар жасайды, мына жерде митингілер мен демонстрацияларға шығады, әне жерде өкіметтен праволар талап етеді, мына жерде бойкот жарыялайды, біреулері саяси күрес

\* Ленин. «Не істеу керек?», 20—21-беттер.

\*\* Бұл да сонда, 27-бет.

туралы, екіншілері экономикалық күрес туралы сөз қылады т. т. Бірақ бұл әлі де — жұмысшыларда социал-демократиялық сана бар деген сөз емес, бұл әлі де — олардың қозғалысындағы мақсат капитализмді күйрету болып табылады, олар күннің сөзсіз шығуына қандай сенсе, капитализмнің кұлатылып, социалистік кұрылыстың орнауына да сондай сенеді, олар өздерінің саяси үстемдігін (пролетариат диктатурасын) орнатуды социализмнің жеңуі үшін қажетті кұрал деп есептейді, т. т. деген сөз емес.

Сол аралықта ғылым дамый береді. Жұмысшы қозғалысы бірте-бірте оның назарын аударады. Ғалымдардың дені: жұмысшы қозғалысы — мазасыздардың бүлігі, оларды қамшымен жөнге салған теріс болмас еді, деген пікірге келеді. Ал, басқа біреулері: байлардың міндеті — кедейлерге ұсақ-түйегінен қарасу, яғни жұмысшы қозғалысы — қайыршылар қозғалысы, оның мақсаты — қайыр-садақа алу, деп ойлайды. Осы ғалымдардың мыңының ішінен жұмысшы қозғалысына ғылыми көзбен қарайтын, бүкіл қоғамдық өмірді ғылыми жолмен зерттейтін, таптар тартысын қадағалап, жұмысшы табының мұңына кұлақ асып отыратын, ақырында, капиталистік кұрылыс әсте мәңгілік нәрсе емес екенін, феодализм секілді, ол да өткінші нәрсе екенін, оның ізінше капиталистік кұрылысты бекерге шығаратын социалистік кұрылыс сөзсіз келуге тиіс екенін, бұл кұрылысты әлеуметтік революция арқылы пролетариат қана орната алатынын дәлелдейтін біреу ғана табылуы мүмкін. Қысқасы, ғылыми социализм жасалып шығады.

Әлбетте, егер капитализм мен тап күресі болмаса, ғылыми социализм де болмас еді. Бірақ, әлгі аз ғана

кісілер, айталық, Маркс пен Энгельс, ғылыми білімдермен қаруланбаған болса, ғылыми социализмді жасап шығармас еді; бұл да ақыйқат нәрсе.

Жұмысшы қозғалысынан тыс ғылыми социализм деген не? — Қолданылмай жатқансын, кұр тот басып қалатын компас; онда мұны сыртқа лақтырып тастауға тура келер еді.

Социализмнен тыс жұмысшы қозғалысы деген не? — Компассыз кеме, осы күйінде де ол арғы жағадан барып шығады, бірақ, компасы болса, жағаға ол анағұрлым тез жетер еді және кездестіретін хауіптері де аз болар еді.

Осы екеуінің басын қосыңызшы, сонда сіз арғы жағаға қарай төтесінен зымырап, пристаньға амансау жететін жақсы кемеңі көресіз.

Жұмысшы қозғалысын социализммен біріктіріңізші, сонда сіз «жерүйекке» қарай төте жолмен тартатын социал-демократиялық қозғалысты көресіз.

Міне сонымен, социал-демократияның (тек социал-демократ интеллигенттердің ғана емес) міндеті— социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіру, қозғалысқа социалистік сана енгізу, сөйтiп, стихиялық жұмысшы қозғалысына социал-демократиялық сыйпат беру.

Ленин осылай дейді.

Кейбіреулер: Лениннің және «көпшіліктің» пікірінше жұмысшы қозғалысы, социалистік идеологиямен байланыссыз болса, кұрып кетеді, әлеуметтік революцияға жетпейді деседі. Бірақ бұл— шылғый өтірік, еріккендердің ойдан шығарған өтірігі; мұндай өтірікке Ан секілді дүмше марксистердің ғана ақылы

жетуі мүмкін (қараңыз: «Партия деген не?», «Могзаури»<sup>33</sup> № 6).

Ленин: «жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады» \* деп ашып айтады; егер де ол бұған ұзақ тоқталмаған болса, мұның жалғыз-ақ себебі — ол мұнсыз да дәлелденген нәрсені дәлелдеп жатуды қажетсіз деп санады. Оның үстіне, Ленин стихиялық қозғалысты зерттеу ісін өзіне әсте мақсат еткен жоқ, ол практиктердің саналы түрде не істеуге тиіс екенін көрсетіп беруді ғана көздеді.

Ленин Мартовпен айтысқан тағы бір жерде былай дейді:

««Біздің партия — санасыз процесті саналылықпен білдіріп отырушы». Дәл солай. Дәл сондықтан да «әрбір стачкашының» өзін партия мүшесі деп атай алатын болуына ұмтылу дұрыс емес, өйткені егер «әрбір стачка», әлеуметтік революцияға сөзсіз жеткізетін күдіретті тап инстинкті мен тап күресінің стихиялы көрінісі ғана болмай, сол процестің саналы көрінісі болса... онда біздің партия... бүкіл буржуазиялық қоғамды бірден құртып жіберер еді»\*\*.

Қеріп отырсыздар, Лениннің пікірінше, социал-демократиялық деп атауға болмайтын тап күресі де, таптардың шайқасулары да қалай дегенмен жұмысшы табын әлеуметтік революцияға сөзсіз жеткізеді.

Егер сіз «көпшіліктің» басқа да уәкілдерінің пікірін білгіңіз келсе, тыңдай қойыңыз. Солардың бірі — Горин жолдас — партияның екінші съезінде былай дейді:

\* Ленин. «Не істеу керек?», 29-бет.

\*\* Ленин. «Бір адым ілгері, екі адым кейін», 53-бет.



«Егер де пролетариатты өз бетінше қоя берсе, істің жайы не болар еді? Істің жайы буржуазиялық революцияның қарсаңындағы жағдайға ұқсас болар еді. Буржуазияшыл революционерлерде ешқандай ғылыми идеология жоқ еді. Сонда да буржуазиялық құрылыс пайда болды. Пролетариат идеологтерсіз-ақ, әрине, сайып келгенде әлеуметтік революция бағытында жұмыс істер еді, бірақ инстинктілі түрде істер еді... Пролетариат социализмді инстинктілі түрде-ақ қолданар еді, бірақ оның социалистік теориясы болмас еді. Процесс кұр баяу, азаптырақ болар еді» \*.

Түсіндіріп жату қажетсіз.

Сонымен, стихиялық жұмысшы қозғалысы, социализмнен тыс жұмысшы қозғалысы, сөзсіз ұсақтап, тред-юниондық түрге енеді — ол буржуазиялық идеологияға бағынады. Бұдан: бар керегі — социализм, ал жұмысшы қозғалысы — түк емес, деп қортынды жасауға бола ма? Әрине, болмайды! Тек идеалистер ғана осылай дейді. Әйтеуір бір кездерде, өте ұзақ уақыттан кейін барып, экономикалық даму жұмысшы табын әлеуметтік революцияға сөзсіз жеткізеді, демек, оның буржуазиялық идеологиямен байланысының бәрін үздіреді. Әңгіме тек қана бұл жолдың өте ұзақ және жан қыйналарлық болатындығында.

Екінші жағынан, жұмысшы қозғалысынан тыс социализм, қандай ғылыми негізде туса да, бос сөз күйінде қалып, өзінің бүкіл маңызын жоғалтады. Бұдан: бар керегі — қозғалыс, ал социализм — түк емес, деп қортынды жасауға бола ма? Әрине, болмайды! Тек дүмше марксистер ғана осылай деп ой-

---

\* Партияның екінші съезінің протоколдары, 129-бет.

лайды, бұлар үшін, әлеуметтік өмірдің өзінен туатындықтан, сананың ешқандай маңызы жоқ. Социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіруге, сөйтіп оны бос сөзден өткір құралға айналдыруға болады.

Қортынды не?

Қортынды мынадай: жұмысшы қозғалысы социализммен бірігуге тиіс, практикалық қызмет пен теориялық пікір бірыңғай жымдасуға, сөйтіп стихиялық жұмысшы қозғалысына социал-демократиялық сыйпат беруге тиіс, өйткені «социал-демократия дегеніміз жұмысшы қозғалысының социализммен бірігуі» \*. Сонда, жұмысшы қозғалысымен біріккен социализм жұмысшылардың қолындағы аса ұлы күшке айналды. Сонда, социал-демократиялық қозғалысқа айналған стихиялық қозғалыс социалистік құрылысқа қарай жедел қарқынмен, дұрыс жолмен аяқ басады.

Сонымен, россиялық социал-демократияның атқаратын қызметі не? Біз не істеуге тиіспіз?

Біздің міндет, социал-демократияның міндеті, — стихиялық жұмысшы қозғалысын тред-юниондық жолдан айырып, оны социал-демократиялық жолға салу. Біздің міндет — осы қозғалысқа социалистік сана \*\* енгізіп, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы күштерін орталықтанған бір партияға біріктіру. Біздің міндет — әрқашан қозғалысты бастау, осы міндеттердің жүзеге асырылуына кедергі жасайтындардың, — қас болсын, «дос» болсын, — бәріне қарсы тынымсыз күрес жүргізу.

\* «Эрфурт программасы», Орталық Комитет баспасы, 94-бет.

\*\* Маркс пен Энгельс жасап шығарған социалистік сана.

«Көпшіліктің» позициясы жалпы алғанда міне осындай.

Біздің «азшылыққа» «көпшіліктің» позициясы ұнамайды: ол позиция «марксистік позиция болмайды»-мыс, ол позиция марксизмге «бүтіндей қайшы келеді»-мыс! Шыннан солай ма, хұрметтілер? Бұл қай жерде, қашан, қай планетада болған? Біздің мақалаларымызды оқыңдаршы, сонда біздікі дұрыс екеніне көздерің жетеді, дейді олар. Жарайды, оқып көрейік ендеше.

Біздің алдымызда: «Партия деген не?» деген мақала жатыр (қараңыз: «Могзаури» № 6). «Сыншы» Ан партия «көпшілігін» не деп айыптайды? «Ол («көпшілік»)... өзін партия бастығы деп жарыялайды... және басқалардан бағынуды талап етеді... сөйтіп, өзінің мінез-құлқын ақтау үшін, тіпті жаңа теориялар, мәселен: жұмысшы табы «ұлы мақсаттарды» өздігінен ұғына алмайды (*астын сызған мен*) деген және басқа сондай теорияларды ойлап шығарады»\*.

«Көпшілік» осындай «теорияларды» шығарып отыр ма және қашан да болсын шығарған жері бар ма? — деген сұрақ туады. Еш жерде де, ешқашан да! Қайта, «көпшіліктің» идеялық уәкілі, Ленин жолдас: жұмысшы табы «ұлы мақсаттарды» өте оңай ұғынады, социализмді өте оңай ұғынады деп, әбден анықтап айтады. Тындаңызшы:

«Екінің бірінде: жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады деседі. Бұл өте әділ сөз, мұның мағнасы сол — социалистік теория жұмысшы табының күйзеліске ұшырау себептерін мейлінше те-

\* «Могзаури» № 6, 71-бет.

рең, мейлінше дұрыс анықтайды, сондықтан да жұмысшылар бұл теорияны өте оңай ұғынады»\*.

Көріп отырсыздар, «көпшіліктің» пікірінше, жұмысшылар социализм деп аталатын «ұлы мақсатты» өте оңай ұғынады.

Ендеше Ан неге білгішсінеді, ол өзінің ғажап «жаңалығын» қайдан іздеп тапқан? Әңгіме мынада, оқушы: «сыншы» Анның айтайын дегені мүлде басқа нәрсе. «Не істеу керек?» деген кітабының бір жерінде Ленин социализмді жасап шығару туралы сөз қылады, жұмысшы табы ғылыми социализмді өздігінен жасап шығара алмайды дейді\*\*; Анның айтайын дегені кітаптың осы жері. Бірақ бұл қалайша? — дерсіз. Социализмді жасап шығару бір басқа да, оны ұғыну — екінші мәселе емес пе. «Ұлы мақсаттарды» ұғыну туралы Лениннің айтқан ап-анық сөздерін Ан неге ұмытқан? — дерсіз. Оныңыз дұрыс, оқушы, бірақ, «сыншы» болуды жан-тәнімен көксіп отырса, Анның бұдан басқа амалы қайсы? Өзінің меншікті «теориясын» шығарып алып, оны қарсы адамдарына телу, содан кейін өз қыялының жемісін өзі тоқпактау қандай ерлік, ойлап қараңызшы. Міне сізге сын керек болса! Қайткен күнде де, Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабын Анның «өздігінен ұғына алмағандығы» күмансыз.

Енді, «Социал-Демократ» дейтіннің бетін ашайық. «Көпшілік пе, әлде азшылық па?» (қараңыз: «Социал-Демократ» №1) деген мақаланың авторы не айтады екен?

\* Ленин. «Не істеу керек?», 29-бет.

\*\* Бұл да сонда, 20—21-беттер.

Ол батырсынып, барынша даурығып Ленинге қарсы шығады, ондағы сылтауы — Лениннің пікірінше «жұмысшы қозғалысының табиғи («стихиялық» дегендегісі болу керек) дамуы социализмге қарай емес, буржуазиялық идеологияға қарай беталады»-мыс\*. Қөріп отырсыздар, автор мынаны түсінбейді: стихиялық жұмысшы қозғалысы — социализмнен тыс қозғалыс (автор: бұлай емес деп дәлелдеп көрсінші), ал мұндай қозғалыс қалайда буржуазиялық-тред-юниондық идеологияға бағынады, соған ынтығады, өйткені біздің заманымызда тек екі идеология ғана — социалистік идеология мен буржуазиялық идеология ғана — өмір сүре алады және алғашқысы жоқ жерде қалайда өкіншісі пайда болып, соның орнын басады (керісінше дәлелдеп көріңізші!). Я, Ленин дәл осылай дейді. Бірақ ол, сонымен қатар, жұмысшы қозғалысына тән басқа ынтығуды да — социализмге ынтығуды да ұмытпайды; бұл ынтығу тек дер мезгілі жеткенше ғана буржуазиялық идеологияға ынтығумен бүркеліп жатады. Ленин: «жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады»\*\* деп ашық айтады және социал-демократияның міндеті — осы ынтығудың жеңуін тездету, тездеткенде «экономистерге» қарсы күрес жүргізу жолымен де тездету керек, — деп дұрыс ескертеді. Сіз, қадірлі «сыншы», Лениннің осы сөздерін өз мақалаңызда неге келтірмедіңіз? Бұл сөздер Лениннің өзіне тән сөздер емес пе еді? Сізге бұл тиімсіз болған ғой, рас емес пе?

«Лениннің пікірінше... жұмысшы өзінің тұрмысы

\* «Социал-Демократ» № 1, 14-бет.

\*\* Ленин. «Не істеу керек?», 29-бет.

жағынан (*астын сызған мен*) социалист болудан гөрі буржуа болуға жақын» \* — дейді автор тағы да. Неткен ақымақтық; мұны тіпті осындай автордан да күтпеген едім! Ленин жұмысшының тұрмысы туралы сөз қылып отыр ма, ол — жұмысшы өзінің тұрмысы жағынан буржуа деп отыр ма? Жұмысшы — өндіріс құралдарынан құралақан қалған және өзінің күш-қайратын сатып күнелтетін жұмысшы, — өзінің тұрмысы жағынан буржуа деп қандай ақымақ айта алады? Жоқ! Лениннің сөз қылып отырғаны мүлде басқа нәрсе. Әңгіме мынада: мен тұрмыс жағынан буржуа емес, пролетар болармын, бірақ солай бола тұрса да өз тұрмысымды пайымдамауым, сондықтан да буржуазиялық идеологияға бағынуым мүмкін. Бұл арада жұмысшы табы жөніндегі әңгіменің жайы дәл осылай. Ал мұның мәнісі мүлде басқаша.

Тегінде автордың бос сөзді төгіп-шашуға жаны құмар, — ойланбастан, аузына келгенін айта салады! Мәселен, автор: «ленинизм марксизмге бүтіндей қайшы келеді» \*\* деп қасарысып, өжеттенеді, бұл «идея» өзін қайда апарып соғатынын түсінбей өжеттенеді. Ленинизм шынында да «марксизмге қайшы келеді» екен деп авторға бір минут қана нана тұралықшы. Сонда не болады? Бұдан не шықпақ? Шығатыны мынау. «Искраны» (бұрынғы «Искраны») «ленинизм өзіне бейімдеп әкетті», — мұны автордың өзі де бекер демейді, — ендеше, «Искра» да «марксизмге бүтіндей қайшы келеді». Партияның екінші съезі 35 адамдық көпшілік дауыспен «Искраны» партияның орталық

\* «Социал-Демократ» № 1, 14-бет.

\*\* Бұл да сонда, 15-бет.

органы деп таныды, оның сіңірген еңбектерін өтө мақтап бағалады\*, — ендеше, осы съезд де, оның программасы да, оның тактикасы да «марксизмге бүтіндей қайшы келеді»... Расында, кісі күлерлік емес пе, оқушы?

Автор сонда да соға береді: «Лениннің пікірінше стихиялық жұмысшы қозғалысы буржуазиямен бірігуге бет алады...» Я, я, автордың ақымақтықпен бірігуге бет алғаны даусыз; оның бұл жолдан айнығаны жақсы-ақ болар еді.

Бірақ, «сыншыны» былай қоялық. Марксизмге жүгінелік.

Қадірлі «сыншы»: «көпшіліктің» және оның уәкілі — Лениннің позициясы марксизмге бүтіндей қайшы келеді, өйткені Каутский де, Маркс те, Энгельс те Лениннің жақтап отырғанына қарама-қарсы пікір айтады, — деп қасарысып, дегенінен жазбайды! Солай ма екен? Қарап көрейікші!

«Қ. Каутский, — дейді автор, — өзінің «Эрфурт программасында» былай деп жазады: «Пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қарама-қарсы екені сонша — бұл екі таптың талаптары азды-көпті ұзақ уақыт үйлесіп тұра алмайды. Капиталистік өндіріс әдісін қолданатын әрбір елде жұмысшы табы саясатқа қатысу арқасында ерте ме, кеш пе буржуазияшыл партиялардан бөлініп шығып, дербес жұмысшы партиясын құрады»».

Бірақ бұдан туатын ұғым не? Бұдан тек қана: бур-

---

\* Қараңыз: партияның екінші съезінің протоколдары, 147-бет. «Искраны» социал-демократизм принциптерінің нағыз қорғаушысы деп атаған қарар да сонда.

жуазия мен пролетариаттың мүдделері біріне бірі қарама-қарсы, «ерте ме, кеш пе» пролетариат дербес жұмысшы партиясы болып (естеріңізде болсын: жұмысшы партиясы, бірақ социал-демократиялық жұмысшы партиясы емес) буржуазиядан бөлініп шығады деген ұғым туады. Автордың ойынша Каутский бұл арада Лениннің пікіріне қосылмайтын сыяқты! Ал Ленин былай дейді: пролетариаттың ерте ме, кеш пе буржуазиядан бөлініп шығатыны былай тұрсын, сонымен қатар ол әлеуметтік революция жасайды, яғни буржуазияны құлатады\*. Социал-демократияның міндеті, — деп толықтырады ол, — осыны мүмкін қадары тезірек жасатуға, саналы түрде жасатуға талпыну. Я, стихиялы түрде емес, саналы түрде, өйткені Лениннің жазып отырғаны да нақ осы саналылық туралы.

«Сыншы» Каутскийдің кітабынан тағы да мынадай цитата келтіреді: «...Мәселе дербес жұмысшы партиясын жасауға тірелген жерде осы жұмысшы партиясы, егер де өзі әуел бастан социалистік тенденциялармен рұхтанбаған болса, табиғи қажет нәрсе ретінде ерте ме, кеш пе сол социалистік тенденцияларды ұғынуға тиіс, сайып келгенде социалистік жұмысшы партиясына, яғни социал-демократияға айналуға тиіс»\*\*.

Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі тек: жұмысшы партиясы социалистік тенденцияларды ұғынады деген сөз. Ленин мұны бекер дей ме? Тіпті олай емес! Ленин: тек жұмысшы партиясы ғана емес, сонымен

\* Қараңыз: Ленин. «Бір адым ілгері, екі адым кейін», 53-бет.

\*\* «Социал-Демократ» № 1, 15-бет.



қатар бүкіл жұмысшы табы да социализмді ұғынады, деп ашық айтады \*. Ендеше осы «Социал-Демократ-тың» және оның суайт батырының көйтіп отырғаны қай сандырақ? Бұлар аузына келген бос сөзді неге шата береді? Қайдан шықты жаңғырық, білмей қалды аңырып, — деген ғой. Біздің алжасқан автор нақ осының аяғын құшып отыр.

Бұл арада Каутскийдің Ленинге қосылмайтын титтей де жері жоқ екенін көріп отырсыздар. Оның есе-сіне мұның бәрі автордың ұғымы шала екенін мейлінше айқын дәлелдейді.

Каутский «көпшілік» позициясының пайдасына бірдеңе айта ма? Өзінің тамаша мақалаларының бірінде, австриялық социал-демократияның програм-масының жобасын талдаған мақаласында, ол былай деп жазады:

«Ревизионист сыншыларымыздың (Бернштейн-нің жолын қуғандардың) көбісі: Маркс экономика-лық даму және тап күресі социалистік өндіріс жағдайларын ғана жасап қоймайды, сонымен қатар осының қажеттігін ұғынған сана-сезімді (*астың сызған К. Каутский*) тікелей тудырады деген екен деп жорыйды. Сөйтіп, нақ осы сыншы-лар: капиталистік жолмен даму дәрежесі аса жоғары ел, Англия, бұл сана-сезімге өте-мөте жат деп қарсы пікір айтады. Жобаға (австриялық жо-баға) лайық, осы... көзқарасты... австриялық про-грамманы жасаған комиссия да жақтайды екен деп ойлауға болар еді. Жобада былай делінген: «Капиталистік дамудың арқасында пролетариат

\* Ленин. «Не істеу керек?», 29-бет.

неғұрлым көбейсе, капитализмге қарсы күрес жүргізуге ол соғұрлым мәжбүр болып, мүмкіндік алады. Пролетариат сана-сезімге келеді», социализмнің ықтығымал және қажет нәрсе екенін ұғады. Осыған сәйкес, социалистік сана пролетарлық тап күресінің сөзсіз тікелей нәтижесі болып көрінеді. Бірақ мұның өзі мүлде теріс... Осы замандағы социалистік сана тек терең ғылыми білімнің негізінде ғана туа алады... Ал ғылым иесі пролетариат емес, буржуазиялық интеллигенция болып табылады (*астың сызған К. Каутский.*) Қазіргі замандағы социализм де осы топтың жеке мүшелерінің ойлауынан туды ғой, сөйтіп, олар мұны (ғылыми социализмді) ақыл-ой өрісі жағынан үздік пролетарларға танытты, енді сол пролетарлар мұны пролетариаттың тап күресіне енгізгелі отыр... Сөйтіп, социалистік сана дегеніміз пролетариаттың тап күресінен стихиялы түрде туған нәрсе емес, оған сырттан енгізілген нәрсе. Осыған сәйкес бұрынғы гайнфельд программасының<sup>34</sup>: социал-демократияның міндеті пролетариатқа өз тұрмысын, өз міндеттерін ұғынарлық сана-сезім енгізу болып табылады деген пікірі де өте орынды...»\*.

Лениннің бұл мәселе жөнінде айтқан осы секілді пікірлері есіңізде жоқ па, оқушы, «көпшіліктің» белгілі позициясы есіңізде жоқ па? «Тифлис комитеті» және оның «Социал-Демократы» ақыйқатты неге жасырды, қадірлі «сыншы», Каутскийді сөз қыла отырып, өзінің мақаласында Каутскийдің осы сөзде-

\* «Neue Zeit», 1901—1902, XX, № 3, 79-бет. Каутскийдің осы тамаша мақаласы Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында қайта басылған; 27-бетін қараңыз.

рін неге келтірмеді? Бұл хұрметтілер кімді алдамақ, олардың оқушыға бұлайша «менсінбей қарайтын» себебі не? Оның себебі... шындықтан қорқатындығы, шындықтан жасырынатындығы және шындықты да жасыруға болады деп ойлайтындығы емес пе екен? Олар, қанатының астына басын жасырып: енді мені ешкім де көрмейді — деп ойлайтын кұсқа ұқсап отыр! Бірақ әлгі кұс қандай хателессе, олар да сондай хателеседі.

Егер де социалистік сана ғылыми негізде жасалған болса, егер социал-демократияның\* күш-жігері арқасында осы сана жұмысшы қозғалысына сырттан енгізілетін болса, онда, әрине, мұның бәрінің себебі — жұмысшы табы, жұмысшы табы болып тұрған кезінде, ғылымның төрінде болып, өздігінен ғылыми социализмді жасай алмайды: бұған оның уақыты да, қаржысы да жоқ.

К. Каутский өзінің «Эрфурт программасында» былай дейді:

«...Пролетар, ең мықтағанда, буржуазияшыл оқымыстылар жасап шығарған білімдердің біразын ғана уғынып, бұл білімдерді өзінің мақсаттары мен мүқтаждарына сәйкес қолдана алады, бірақ өзі пролетар болып тұрған кезінде, ғылымды буржуазия ойшылдары жеткен шектен асыра өздігінен дамытуға оның бос уақыты да, қаржысы да жоқ. Сондықтан да өзгеше жұмысшы социализмі утопизмнің барлық ерлі белгілерін бойында сақтауға тиісті болды»\*\* (утопизм дегеніміз — ғылыми емес, жалған теория).

\* Социалдемократ-интеллигенттердің ғана емес.

\*\* «Эрфурт программасы», Орталық Комитет баспасы, 93-бет.

Бұл секілді утопиялық социализм көбінесе анархиялық сыйпат алады, дейді Қаутский тағы да, бірақ «...Анархиялық қозғалыс (пролетарлық утопизмді осылай түсінгенде. *К. Каутский*) шынымен бұқараға тарап, таптық қозғалысқа айналған жерлердің бәрінде де, өзінің сыртқы радикализмдігіне қарамастан бұл қозғалыстың әрқашан да, ерте ме, көш пе, ең шағын **шылғый кәсіпшілік қозғалысқа** айналумен тынып отырғандығы мәлім»\*.

Басқаша айтқанда, егер жұмысшы қозғалысы ғылыми социализммен бірікпеген болса, ол сөзсіз ұсақтап, «шағын кәсіпшілік» сыйпат алады, демек, тред-юниондық идеологияға бағынады.

«Мұнысы жұмысшыларды қорлағандық, мұнысы интеллигенцияны асыра дәріптегендік!» — деп байбалам салады біздің «сыншы» мен оның «Социал-Демократы» ...Сорлы «сыншы», бишара «Социал-Демократ»! Олар пролетариатты өкпешіл қыз деп есептейді, ол қызға шындықты айтуға болмайды, қашып кетпеуі үшін оған ылғый мақтау айту керек деп ойлайды! Жок, хұрметтілер! Пролетариаттың сіздер ойлағаннан гөрі көбірек табандылық көрсететіндігіне біз сенеміз! Оның шындықтан қорқпайтындығына біз сенеміз! Ал сіздер ше... Сіздерге айтарлық не бар: сіздер қазір де шындықтан қорқып, өз мақалаларыңызда Қаутскийдің нағыз көзқарастарын оқушыға білдірмедіңіздер...

Сөйтіп, **жұмысшы қозғалысынан тыс** ғылыми социализм — ешбір тыянағы жоқ бос сөз болып шығады.

---

\* Бұл да сонда, 94-бет.

Екінші жағынан, социализмнен тыс жұмысшы қозғалысы — тред-юниондық адасу болады; бұл адасу, әлбетте, әйтеуір бір кездері, әлеуметтік революцияға жеткізеді, бірақ ұзақ уақыт хасрет, азап шеккізіп барып жеткізеді.

Қортынды не?

«Жұмысшы қозғалысы социализммен бірігуге тиіс»: «социал-демократия дегеніміз жұмысшы қозғалысының социализммен бірігуі» \*.

Марксизмнің теоретигі Каутский осылай дейді.

«Искра» (бұрынғы «Искра») мен «көпшіліктің» де осыны айтатынын көрдік.

Ленин жолдастың да нақ осы позицияда екенін көрдік.

Сонымен, «көпшілік» марксистік берік позицияда.

«Жұмысшыларға менсінбей қарау», «интеллигенцияны асыра дәріптеу», «көпшіліктің марксистікке жатпайтын позициясы» деген сыяқты, меньшевиктік «сыншылардың» дүркіндете төккен асыл пікірлері шындығында тифлистік «меньшевиктердің» құрғақ сөздері, бос қыялы екені, бұдан басқа түк те емес екені айқын.

Қайта, шынында да «марксизмге бүтіндей қайшы келіп отырған» тифлистік «азшылықтың» өзі, «Тифлис комитеті» және оның «Социал-Демократы» екенін көреміз. Бірақ бұл туралы кейін айтармыз. Әзірінше мына жағдайға назар салайық.

Өзінің пікірлерін растау үшін, «Көпшілік пе, әлде азшылық па?» деген мақаланың авторы Маркстің (?) сөздерін келтіреді: «белгілібір таптың өзі практика

---

\* «Эрфурт программасы», 94-бет.

жүзінде қандай қортындыны жеткен болса, ол таптың теоретигі теория жүзінде сондай қортындыға келеді» \*.

Екінің бірі. Не автор грузин тілін білмейді, не бұл әріп терушінің хатесі. Бірде-бір сауатты адам: «қортындыны жеткен болса» демейді. Дұрысында: «қортындыға келген болса» немесе «қортындыға келгелі отырса» деу керек еді. Егер автордың айтайын дегені соңғы (қортындыға келгелі отырса деген) сөйлем болса, онда Маркстің сөздерін автордың теріс беріп отырғанын ескертуге тиіспін; Маркс мұндай ештеңе айтқан жоқ. Ал егер автордың айтайын дегені алғашқы тұжырым болса, онда оның келтірген сөйлемі былай болып шығады: «белгілібір таптың өзі практика жүзінде қандай қортындыға келген болса, ол таптың теоретигі теория жүзінде сондай қортындыға келеді». Басқаша айтқанда, егер Маркс пен Энгельс теория жүзінде: капитализмнің күйретілуі және социализмнің орнатылуы сөзсіз деген қортындыға келген болса, — мұның мәнісі: пролетариат қазірдің өзінде капитализмді практика жүзінде іске алғысыз етіп тастады, қазірдің өзінде капитализмді күйретіп, оның орнына социалистік тұрмыс орнатты деген сөз болып шығады!

Байғұс Маркс! Оған біздегі дүмше марксистердің әлі қанша қыйсынсыз пікірлер телітінін кім білсін!

Маркстің осылай дейтіні рас па? Ол шынында былай дейді: «өзінің материалдық мүдделеріне және қоғамдық тұрмыс жағдайына лайық, ұсақ буржуа практика жүзінде қандай міндеттер мен тоқтамдарға келетін болса, ұсақ буржуазияның теорияшыл уәкіл-

---

\* «Социал-Демократ» № 1, 15-бет.

дері теория жүзінде сондай міндеттер мен тоқтамдарға келеді. Тегінде таптың саяси және әдеби уәкілдері мен сол таптың арасындағы қарым-қатнас осындай»\*.

Көріп отырсыздар, Маркс әсте «жеткен болса» деп отырған жоқ. Бұл «философиялық» сөздерді хұрметті «сыншы» өз жанынан шығарған.

Бұлай болғанда Маркс сөздерінің мағнасы мүлде басқаша болып шығады.

Жоғарыда келтірілген қағыйдада Маркстің өрістеп отырғаны қандай пікір? Ол пікірі тек мынау ғана: белгілібір таптың теоретигі өмір жүзінде элементтері жоқ идеалды жасай алмайды, ол болашақтағы элементтерді тек байқай алады және осыған негіздеп теория жүзінде идеал жасай алады; белгілі таптың өзі практика жүзінде осы идеалға келеді. Айырмасы: теоретик таптан озып шығып, болашақтың ұрығын одан бұрын байқайды. «Теория жүзінде белгілібір қортындыға келу» деп міне осыны айтады.

Маркс пен Энгельс өздерінің «Манифесінде» былай дейді:

«Олай болса, коммунистер (яғни социал-демократтар) практика жүзінде барлық елдердің жұмысшы партияларының әрдайым ілгері басуға құлшындырып отыратын, ең батыл бөлімі болып табылады, ал теория жөнінен олардың пролетариаттың басқа бұқарасынан артықшылығы — олар пролетарлық қозғалыстың жағдайларын, барысын, жалпы нәтижелерін түсінеді».

---

\* «18-Брюмер»<sup>35</sup> қолыңызда болмаса, партияның екінші съезінің протоколдарын қараңыз, III-бетінде Маркстің осы сөздері келтірілген.

Я, идеологтар «ілгері басуға құлшындырып отырады», олар «пролетариаттың басқа бұқарасынан» гөрі алыстан көреді, істің бар мәнісі осында. Идеологтар ілгері басуға құлшындырады, дәл сондықтан да идеяның, социалистік сананың, қозғалыс үшін ұлы маңызы бар.

Осынысы үшін «көпшілікке» шаптығып отырсыз ба, хұрметті сыншы? Онда марксизмнен күдер үзіңіз және «көпшілік» өзінің марксистік позициясын мақтаныш ететінін біліп қойыңыз.

«Көпшіліктің» осы кездегі жағдайы Энгельстің тоқсаныншы жылдардағы жағдайына кеп ұқсайды.

Идея дегеніміз қоғамдық өмірдің шығар жері, — дейтін идеалистер. Олардың пікірінше, қоғамдық сана дегеніміз қоғамның өмірі орнатылатын негіз. Дәл сондықтан да олар идеалистер деп аталды.

Идеялардың аспаннан түспейтінін, бұларды өмірдің өзі тудыратынын дәлелдеу керек болды.

Маркс пен Энгельс тарих майданына шығып, осы қызметті тамаша жақсы атқарды. Олар: қоғамдық өмір дегеніміз идеялардың шығар жері екенін, сондықтан қоғамның өмірі дегеніміз қоғамдық сана қалыптасатын негіз екенін дәлелдеді. Осы арқылы олар идеализмнің көрін қазып, материализмге жол аршыды.

Кейбір шала марксистер осыған қарап, сананың, идеялардың өмірдегі маңызы өте аз екен ғой деп түсінді.

Идеялардың ұлы маңызы бар екенін дәлелдеу керек болды.

Сонда Энгельс шығып, өзінің хаттарында (1891 — 94-жылдар): рас, идеялар аспаннан түспейді, өмір-



дің өзінен туады, бірақ, бір туғаннан кейін, олар зор маңыз алады, жұртты біріктіреді, ұйымдастырады, сөйтіп өздерін тудырған қоғамдық өмірге әсерін тигізеді, — тарихи қозғалыста идеялардың маңызы зор, деп атап көрсетті.

«Мұнысы марксизм емес, мұнысы марксизмге опасыздық істегендік», — деп, Бернштейн және сол секілділер айқай-шу көтерді. Марксистер тек мыйғынан күлді...

Россияда шала марксистер — «экономистер» — болған. Олар: идеялар қоғамдық өмірден туса, онда жұмысшы қозғалысы үшін социалистік сананың да маңызы түкке тұрғысыз болғаны, дейтін.

Жұмысшы қозғалысы үшін социалистік сананың зор маңызы бар екенін, онсыз қозғалыс — тред-юниондық адасу болатынын, пролетариат бұл адасудан қашан құтылып, әлеуметтік революцияға қашан жететіні мәлімсіз екенін дәлелдеу керек болды.

Сонда «Искра» жарыққа шығып, осы қызметті тамаша жақсы атқарды. «Не істеу керек?» деген кітап шықты; Ленин социалистік сананың ұлы маңызы бар екенін осы кітапта атап көрсетті. Партия «көпшілігі» құрылып, ол ссы жолға мықтап түсті.

Бірақ нақ осы арада кішкене бернштейндер шыға келіп: мұнысы «марксизмге бүтіндей қайшы келеді!» деп айқайлай бастады.

Марксизм дегеннің не екенін өздеріңіз білесіздер ме, кішкене «экономистер»?

---

Ғажап қой! — дер оқушы. — Мұның мәнісі қалай? — деп сұрар ол. Плеханов Ленинге қарсы өзінің

сын мақаласын не себепті жазған (жаңа «Искраны» қараңыз, № 70, 71)? «Көпшілікті» ол не үшін кіналайды? Тифлистегі дүмше марксистер және олардың «Социал-Демократы» Плеханов айтқан пікірлерді қайталап отырған жоқ па? Я, қайталап отыр, бірақ қайталағаны сондай сөлекет — тіпті жүрегің айныды. Я, Плехановтың сын жазғаны рас. Бірақ істің жайы қалай екенін білесіз бе? Плехановтың пікірі «көпшіліктің» және Лениннің пікіріне қайшы келмейді. Жалғыз Плеханов қана емес, Мартов та, Засулич те, Аксельрод та солай. Шынында да, біз жоғарыда сөз қылған мәселе жөнінде «азшылық» көсемдерінің пікірі бұрынғы «Искраның» пікіріне қайшы келмейді. Ал бұрынғы «Искра» — «көпшіліктің» туы. Таңданбаңыз! Факт десеңіз мінеки.

Біз бұрынғы «Искраның» программалық мақаласымен таныспыз (жоғарыдан қараңыз). Ол мақалада «көпшіліктің» позициясы толық көрсетілгенін білеміз. Ол мақала кімдікі? «Искраның» сол кездегі редакциясынікі. Бұл редакцияға енген кімдер еді? Ленин, Плеханов, Аксельрод, Мартов, Засулич және Старовер еді. Бұлардың ішінен қазірде «көпшілікке» кіріп отырған жалғыз Ленин ғана, басқа бесеуі «азшылыққа» басшылық етеді, бірақ дегенмен фактының аты факт — «Искраның» программалық мақаласы солардың басқаруымен шықты, ендеше олар өз сөздерінен таңбауға тиіс еді, өйткені олар өздерінің жазғандарына сенген болар.

Бірақ, қаласаңыз, «Искраны» қоя тұрайық.

Мартов былай деп жазады:

«Сөйтіп, социализм идеясы тұңғыш рет жұмысшы бұқараларының арасында емес, буржуазияның ор-

тасынан шыққан ғалымдардың кабинеттерінде туды»\*.

Ал Вера Засулич былай деп жазады:

«Тіпті, бүкіл пролетариаттың тап болыпынтымақтасуы жөніндегі идеяның өзі де... әрбір жұмысшының ойында өздігінен туа қоярлықтай онша жеңіл-желпі нәрсе емес... Социализм... жұмысшылардың ойларында әсте «өзінен өзі» туып өспейді де... Социалистік теорияны өмірдің де, білімнің де бүкіл дамуы әзірледі... сөйтіп, мұны осы біліммен қаруланған данышпан ақыл иесі жасады. Еуропаның бүкіл континентінде дерлік жұмысшылардың арасында социализм идеяларын алғаш тарата бастағандар да — жоғары таптарға арналған оқу орындарында білім алған социалистер»\*\*.

Енді, жаңа «Искрада» (№ 70, 71) сондай маңызданып, салтанатты түрде Ленинге қарсы шыққан Плехановты тыңдап көрейік. Әңгіме партияның екінші съезінде болған. Плеханов Мартыновпен айтысып, Ленинді жақтайды. Лениннің бір сөзіне жармасып, «Не істеу керек?» деген кітапты түгелінен байқамай қалған Мартыновты кіналай келіп, Плеханов былай дейді:

«Мартынов жолдастың әдісі бір цензордың айтқанын есіме түсірөді; ол цензор: «менің қолыма «отче наш» деген дұғаны беріп, оның ішінен бір сөйлемін жырып алуыма рұхсат етіңіздерші, — сонда мен оның авторын дарға асу керек екенін сіздерге дәлелдейін» депті. Бірақ, жалғыз Мартынов жол-

\* Мартов. «Қызыл Ту», 3-бет.

\*\* «Заря» № 4, 79—80-беттер.

дастың ғана емес, басқа да талай-талай кісілердің осы бір соры арылмаған сөйлемге (Лениннің сөйлеміне) таққан кіналарының бәрі де түсінбеушіліктен туып отыр. Мартынов жолдас Энгельстің: «Осы замандағы социализм дегеніміз осы замандағы жұмысшы қозғалысының теория жүзіндегі көрінісі» деген сөздерін келтіреді. Ленин жолдас та Энгельске қосылады... Бірақ Энгельстің сөздері жалпы қағыйда ғой. Мәселе теория жүзіндегі осы көріністі тұңғыш рет тұжырымдап беретін кім екендігінде. Лениннің жазғаны — тарихтың философиясы жөніндегі трактат емес, «экономистерге» қарсы айтыс мақала; ол экономистер: жұмысшы табының өзі «революциялық бацилланың» көмегісіз-ақ (яғни социал-демократиясыз-ақ) қандай нәтижеге келетінін біз күтіп отыруға тиіспіз дейтін. Социал-демократия — «революциялық бацилла», яғни оның теориялық санасы бар, сондықтан да оның жұмысшыларға бірлі-жарым сөз айтуына тыйым салынды. Бірақ, егер сіз «бацилланы» алып тастасаңыз, онда сана-сезімді сырттан алуға тиісті жалғыз ғана санасыз бұқара қалады. Егер де сіз Ленинге әділ көзбен қарап, оның кітабын бастап-аяқ байыптап оқып шыққан болсаңыз, оның да нақ осы пікірді айтып отырғанын көрер едіңіз»\*.

Партияның екінші съезінде Плеханов осылай деген еді.

Ал енді, нақ сол Плеханов, әлгі Мартовтың, Аксельродтың, Засуличтің, Старовердің және басқаларының түрткілеуімен, бірнеше айдан кейін тағы да сөйлеп отыр, сөйлегенде съезде өзі жақтаған Ленин-

\* Партияның екінші съезінің протоколдары, 123-бет.

нің баяғы бір сөйлеміне жармаса кетіп: Ленин мен «көпшілік» — марксистер емес дегенді айтады. Егер де тіпті «отче наш» деген дұғаның өзінен бір сөйлемін жырып алып, басқаларынан бөлек талдаса оның авторы кұдайдан безгендігі үшін дарға асылуы мүмкін екенін Плеханов біледі. Мұның өзі әділеттік болмайтынын, әділ сыншы бұлай етпейтінін ол біледі, бірақ, біле тұрып ол Лениннің кітабынан әлгі сөйлемді жырып алады, біле тұрып ол әділетсіздік істейді, сөйтіп жұрт алдында өз бетіне өзі түкіреді. Ал Мартов, Засулич, Аксельрод және Старовер оған дем беріп, өздерінің басқаруымен жаңа «Искраға» Плехановтың мақаласын басады (№ 70, 71), сөйтіп өздерін тағы да масқаралайды.

Олар неліктен мұндай тұрлаусыздық істеді, «азшылықтың» осы көсемдері өздерін өздері неге масқаралады, олар «Искрада» басылған, астына өздері қол қойған программалық мақаладан неге безді, өз сөздерінен неге танды? Социал-демократиялық партияда мұндай сорақылықтың болғанын бұрын-соңды кұлақ естіп пе еді?

Екінші съезден бастап Плехановтың мақаласы жарыққа шыққанға дейінгі бірнеше айдың ішінде нендей уақытқа болды?

Әңгіме былай. Екінші съезд алты редактордың ішінен үшеуін ғана: Плехановты, Ленинді және Мартовты «Искраның» редакторлары етіп сайлады. Ал Аксельрод, Старовер және Засулич болса, — съезд бұларды басқа орындарға қойды. Әлбетте, съезд бұлай етуге праволы еді, сондықтан оған әркім бағынуға тиіс еді, өйткені съезд дегеніміз партияның

еркін білдіруші орын, партияның ең жоғары органы, ендеше кімде-кім оның қарарларына қарсы болса, ондай кісі партияның еркін баса-көктеген болып табылады.

Бірақ бұл қыңыр редакторлар партияның еркіне көнбеді, партия тәртібіне бағынбады (партия тәртібі дегеннің өзі де партияның еркі ғой). Бақсақ, партия тәртібі біз секілді жай қызметкерлер үшін ойдан шығарылған нәрсе екен! Олар өздерін редакторлыққа сайламағаны үшін съезге өшікті, содан бір шетке қыйыстап шығып, Мартовты соңдарына ертіп алды, сөйтіп оппозиция жасады. Олар партияға бойкот жарыялап, партия жұмысынан бастартты, және де: бізді редакцияға, Орталық Комитетке, Партия Советіне сайлаңдар, әйтпесе біз жік тудырамыз деп партияға доқ көрсете бастады. Сөйтіп жік басталды. Осы қылығымен олар партияның еркін тағы да баса-көктеді.

Ереуіл жасаған редакторлардың талаптары мынадай:

«Искраның» бұрынғы редакциясы қалпына келтірілсін (яғни бізге редакциядан үш орын беріңдер).

Орталық Комитеттің құрамына белгілі мөлшерде оппозицияның (яғни «азшылықтың») мүшелері енгізілсін.

Партия Советінде екі орын оппозиция мүшелеріне берілсін, т. т. ...

Партияның өмір сүруінің өзіне хауіп туғызып отырған дау-жанжалдаң партияның аман қалуына мүмкіндік жасайтын бірден-бір шарттар ретінде біз осы шарттарды ұсынып отырмыз» (яғни бізді қана-

ғаттандырындар, әйтпесе біз партия ішінде үлкен жік тудырамыз)\*.

Оларға партия не деп жауап берді?

Партияның уәкілі, Орталық Қомитет және басқа жолдастар оларға былай деді: біз партия съезіне қарсы бара алмаймыз, сайлау — съездің жұмысы; сонда да біз татулық пен ынтымақты қайта орнатуға әрекет істеп бағамыз, ал, шынына келгенде, орынға бола күресу ұят-ақ, сендер орынға бола партияны жікке бөлмексіндер, т. т.

Ереуіл жасаған редакторлар өкпелеп, қуыстанып қалды, — шынында да орынға таласқан болып шықты ғой, — сонсоң өз жағына Плехановты қаратып алды да \*\*, өздерінің ерлік ісін бастады. Оларға «көп-

\* Лиганың протоколдарына арналған түсініктер, 26-бет.

\*\* Мүмкін, оқушы: Плехановтың «көпшілікті» белсене жақтаған Плехановтың «азшылық» жағына өтіп кеткен себебі не деп сұрар. Әңгіме былай: оны мен Лениннің арасында алауыздық туды. «Азшылық» ызаланып, бойкот жарыялаған кезде, Плеханов олардың талаптарын түгел орындау қажет деген пікірде болды. Ленин оған қосылмады. Плеханов бірте-бірте «азшылық» жағына ауа бастады. Бұлардың арасындағы алауыздықтар бұрынғыдан да ұлғая түсті, сөйтіп ақырында, істің арты шиеленісіп, Плеханов күндердің бір күнінде Ленин мен «көпшіліктің» дұшпанына айналды. Бұл туралы Ленин былай деп жазады:

«...Бірнеше күннен кейін мен, Советтің бір мүшесімен бірге шынында да Плехановқа бардым; Плеханов екеуіміздің әңгіме-міз мына түрде өтті:

— Білесіз ғой, кейде бір ұрысқақ әйелдер (яғни «азшылық») болады, — деді Плеханов, — олардың айтқанына көну қажет, әйтпесе долданып алып, жұрттың көзінше бажылдап жанжал шығарады.

— Солай болуы мүмкін, — дедім мен, — бірақ, көнгенде, бұ-

шілік» пен «азшылықтың» арасынан әйтеуір бір «мықты» «алауыздық» іздеп табу, сөйтіп өздерінің орынға бола күресіп жүрмегенін дәлелдеу қажет болды. Іздеп-іздеп, Лениннің кітабынан бір жерін тауыпты; егер де текстен жырып алып, бұған жеке мән берсе, шынында да бұл жеріне жармасуға болады. Табылған ақыл, — деп ойлады «азшылықтың» көсемдері, — Ленин — «көпшіліктің» басшысы, Ленинді қаралайық та, партияны өзімізге бейімдейік, десті. Міне сөйтіп, Плеханов: «Ленин және оған ергендер марксистер емес» деп ділмарсый бастады. Рас, олар күні кеше Лениннің кітабындағы нақ сол пікірді жақтаған еді, енді бүгін соның өзіне дүрсө қоя беріп отыр, бірақ амал не, оппортунистің оппортунист деп аталатын себебі — ол принципшілдік дегенінді қадірлемейді.

Олардың өздерін өздері масқаралап отырған себебі міне осы, сорақылықтың шығатын жері міне осы.

Бірақ, бұл бұл ма?

Арада біраз уақыт өтті. Олар өздерінің «көпшілікке» және Ленинге қарсы жүргізген үгіттеріне, кейбір аңқау адамдардан басқа, ешкім де көңіл бөлмей отырғанын көрді, «істің» беталысы нашар екенін

---

дан да үлкен «жанжалға» жол бермеу үшін күшінді өз бойында сақтайтындай болып көну керек» (қараңыз: Лиганың протоколдарына арналған түсініктер, 37-бет; сол бетте Лениннің хаты келтіріледі)<sup>37</sup>.

Ленин мен Плеханов келісімге келмеді. Осы кезден бастап Плеханов «азшылық» жағына өте бастады.

Сенімді жерлерден біз: Плехановтың «азшылықтан» да кете бастағанын, сөйтіп қазір өзінің «Дневник Социал-Демократа»<sup>38</sup> деген органын ашқанын білдік.



көрдi, сонсын өздерiнiң түстерiн тағы да қайта бояуға ұйғарды. Нақ сол Плехановтың өзі, нақ сол Мартов пен Аксельродтың өздері 1905 жылғы 10 мартта Партия Советінің атынан қарар шығарды; айта кетейік, осы қарарда былай делінген:

«Жолдастар! (олардың үндеуі «көпшілікке» арналған)... Екі жақ та (яғни «көпшілік» пен «азшылық») тактика және ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қазіргі алауыздықтар біртұтас партия ұйымының көлемінде жұмыс істеу мүмкіншілігін жоярлықтай нәрсе емес екеніне талай рет өз сенімін білдірді\*», сондықтан жолдастық сот шақырайық (сотка Бебельді және басқаларды белгілейік), сөйтіп өзіміздің кішкене дауымызды тындырайық, десті.

Қысқасы, партиядағы алауыздықтар дегеніміз — жай ғана бақастық, мұны жолдастық соттың өзі-ақ шешеді, ал біз біртұтас ұйымбыз, десті.

Бірақ, мұнысы қалай? Бізді, «марксист еместерді», партия ұйымдарына шақырып отыр, біз біртұтас ұйымбыз, пәлен-түген деп отыр... Бұл не деген сөз? «Азшылықтың» көсемдері-ау, бұларыңыз партияға опасыздық істегендік қой! «Марксист еместерге» партияны басқаруға бола ма? «Марксист еместерге» социал-демократиялық партияда орын бар ма? Әлде, мүмкін, сіздер де марксизмге опасыздық істеп, сол себепті бағытты өзгерткен шығарсыздар?

Бірақ бұған жауап күту аңқаулық болар еді. Әңгіме былай: бұл тамаша көсемдердің қалтасында бірнешедең «принцип» бар, қай кезде қайсысы керек

\* «Искра» № 91, 3-бет.

болса, сонысын шығара қояды. Былайша айтқанда бұларға апта сайын жеті мейрам!..

«Азшылық» дейтіннің көсемдері міне осындай.

Осы секілді көсемдердің күйыршықтарының — былайша айтқанда, Тифлистегі «азшылықтың» — қандай болатынын аңғару қыйын емес... Тағы бір қырсық: кейде күйыршық бастың айтқанына құлақ аспайды, бағынудан кетеді. Мәселен, «азшылықтың» көсемдері татуласуды мүмкін санап, партия қызметкерлерін ынтымақ жасауға шақырып отырған кезде, Тифлистегі «азшылық» және оның «Социал-Демократы» қызыл өңештігін қоймай келеді: «көпшілік» пен «азшылықтың» арасындағы күрес, «өліспей бітіспейтін күрес»\*, сондықтан біз бір-бірімізді қырып-жоюға тиіспіз! — дейді олар. Біреу орман паналайды, біреу отын арқалайды, — дегеннің кері ғой.

Оппортунистер (принципсіздер) деп атағанымыз үшін «азшылық» бізге ренжиді. Егер де олар өз сөздерінен танып отырса, о жаққа бір, бұ жаққа бір аласұрып жүгіре берсе, ылғый ауытқып, бұлталақтап жүрсе, мұны оппортунизм деп атамағанда не деп атау керек? Нағыз социал-демократтың өз пікірлерін қайта-қайта өзгертуі мүмкін бе? Тіпті бөт орамалды да бүйтіп жиі алмастырмайды ғой.

Біздегі дүмше марксистер: «азшылықта» нағыз пролетарлық сыйпат бар деп қыңырланып қоймайды. Солай ма екен? Қане, қарап көрейікші.

Каутскийдің айтуынша, «пролетарға партиялық принциптер оңай сіңеді, ол, минуттық көңіл күйіне,

---

\* Қараңыз: «Социал-Демократ» № 1.

жеке өзіндік немесе отбасылық мүдделерге тәуелділігі жоқ принципшіл саясатқа бейім келеді»\*.

Ал «азшылық» ше? Ол, минуттық көңіл күйіне және басқаларына тәуелділігі жоқ осындай саясатқа бейім бе? Жоқ, керісінше: ол үнемі бұлталақтап жүреді, ол ылғый ауытқып отырады, ол берік принципшіл саясатты жоқ көреді, ол принципсіздікті артық санайды, ол минуттық көңіл күйіне бағынады. Ондай фактылар бізге қашаннан мәлім.

Каутскийдің айтуынша, пролетар партия тәртібін ұнатады: «Пролетар оқшау тұрған жеке адам күйінде түк те емес. Ол өзінің бүкіл күш-қайратын, өзінің прогресс жасарлық бүкіл қабілетін, өзінің барлық үміт-тілектерін ұйымнан тауып кенеледі...» Дәл сондықтан ол жеке өзіндік пайдаға да, жеке өзіндік даңққа да қызықпайды, ол «өзінің бүкіл сезіміне, бүкіл ой-пікіріне сіңетін тәртіпке ерікті түрде бағынып, қандай орынға қойылса да, өз борышын орындайды»\*\*.

Ал «азшылық» ше? Тәртіп оның да сүйегіне сіңген бе? Жоқ, керісінше: ол партия тәртібін жаратпайды, оны келемеж етеді\*\*\*. Партия тәртібін бұзуды алдымен көрсетіп берген — «азшылықтың» көсемдері. Екінші съездің қарарына бағынбаған Аксельрод, Засулич, Старовер, Мартов және басқалар екенін еске алыңыздар.

---

\* «Эрфурт программасы», Орталық Комитеттің баспасы, 88-бет.

\*\* Қараңыз: Ленин. «Бір адым ілгері, екі адым кейін», 93-бет; сол бетте Каутскийдің осы сөздері келтірілген.

\*\*\* Лиганың протоколдарын қараңыз.

«Интеллигент жайында әңгіме мүлде басқаша», — дейді Каутский тағы да. — Ол партия тәртібіне әрең бағынады, онда да өз ықтыярымен емес, лажсыздан бағынады. «Тәртіп деген таңдаулы жандарға емес, бұқараға ғана қажет деп таныды ол. Ал өзін ол, әлбетте, таңдаулы жандарға балайды... Асқан үлгілі интеллигент — пролетарлық ой-пікір бүтіндей сүйегіне сіңген... қай орынға тағайындалса да жұмыс істеген, біздің ұлы ісімізге жан-тәнімен берілген... азшылықта қалған кезде... интеллигенттердің аузынан бізге жиі естілетін бос қыңқылды жаратпайтын... асқан үлгілі интеллигент... Либкнехт еді. Бұл арада Марксті де атап өтуге болады; ол ешуақытта бірінші орынға тырмысқан емес... және, талай рет азшылықта қалса да, Интернационалда партия тәртібіне үлгілі түрде бағынып отырды»\*.

Ал «азшылық» ше? Оның сыңайынан «пролетарлық ой-пікір» байқала ма? Оның мінез-кұлқы Либкнехт пен Маркстің мінез-кұлқына ұқсай ма? Жоқ, керісінше: «азшылықтың» көсемдері өзінің «менін» біздің хасиетті ісімізге бағындырмағанын көрдік, нақ осы көсемдердің екінші: съезде «азшылық жағында қалған кезде бос қыңқылға» беріліп кеткенін көрдік, съезден кейін нақ осылардың «бірінші орындарға» бола жыланғанын, нақ осы орындарға бола партияда жік тудырғанын көрдік...

«Пролетарлық сыйпаттарыңыз» осы ма, хұрметті меньшевиктер?

---

\* Қараңыз: Ленин. «Бір адым ілгері, екі адым кейін», 93-бет; сол бетте Каутскийдің осы сөздері келтірілген.

Ендеше кейбір қалаларда жұмысшылар неге біздің жағымызда? — деп сұрайды бізден меньшевиктер.

Я, рас, кейбір қалаларда жұмысшылар «азшылық» жағында, бірақ бұл ешбір дәлел емес. Кейбір қалаларда жұмысшылар ревизионистердің де (Германиядағы оппортунистер) соңына ереді, бірақ бұған қарап, сол ревизионистердің позициясы пролетарлық позиция деуге болмайды; бұған қарап, олар оппортунистер емес деуге болмайды. Бір жолы қарға да гүлге қоныпты, бірақ бұған қарап, қарғаны бұлбұл деуге болмайды.

Гүлге қарға кездесе,  
Бұлбұлға өзін балайды, —

деп тегін айтылған емес.

\* \*  
\*

Партиядағы алауыздықтардың қай негізде туғандығы енді айқын болып отыр. Көріп отырсыздар, біздің партия ішінде екі бағыт: пролетарлық табандылықтың бағыты мен интеллигенттік тұрлаусыздықтың бағыты білінді. Міне осы интеллигенттік тұрлаусыздықтың иесі қазіргі «азшылық» болып табылады. Тифлис «комитеті» және оның «Социал-Демократы» — осы «азшылықтың» көнбісті құлдары!

Бар әңгіме осында.

Рас, біздегі дүмше марксистер өздерінің «интеллигенттік психологияға» қарсы екенін айтып жиі даурығып жүр, мұнымен тұрмай, олар «интеллигентше тұрлаусыз» деп, «көпшілікті» айыптамақ бола-

ды, бірақ бұл жағдай: ақшаны өзі ұрлап, соның артынша «ұры кетті, ұстаңдар!» деп айқай салған ұрының кейпін еске түсіреді.

Сонсын бір белгілі нәрсе: әркім ауырған жерін сөз қылар.

*1905 жылғы майда*

*РСДЖП-ның Кавказдағы одақтық  
комитеті шығарған кітапшаның  
тексті бойынша басылып отыр*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

---

## ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ БІЗДІҢ ТАКТИКАМЫЗ

Революциялық қозғалыс «қазіргі уақыттың өзінде қарулы көтерілістің қажеттігіне әкеліп соқтырды», — партиямыздың үшінші съезі айтқан осы пікір күн сайын, бірден бірге расқа шығып отыр. Революция жалыны ана жерде де, мына жерде де жергілікті көтерілістер тудырып, барған сайын күшейіп келеді. Лодзідегі үш күндік баррикада мен көше ұрыстары, Иваново-Вознесенскідегі талай он мыңдаған жұмысшылардың әскерлермен ылғый шайқасып, қан төгіскен стачкасы, Одессадағы көтеріліс, Қара теңіз флотында және Либава флотының экипажында болған «бүлік», Тифлис «аптасы» — осының бәрі де жақындап келе жатқан дауылдың хабаршылары. Дауыл жақындап келеді, тоқтаусыз жақындап келеді, бүгін болмаса, ертең осы дауыл Россияның үстінен өтеді де, тозығы жеткеннің, шірігеннің бәрін де тасқын судай шайып әкетеді, орыс халқының самодержавие деп аталатын көп ғасырлық масқарасын жуып әкетеді. Патша өкіметінің соңғы жанталасуы — түрліше қысымдарды күшейтуі, мемлекеттің жартысын соғыс жағдайында деп жарыялауы, дар ағашта-

рын көбейтуі және бұлармен қабат либералдарға арнап азғыра сөйлеген сөздері, реформалар жасамақ болып жалған уәде беруі — оны тарихтың тағдырынан құтқара алмайды. Самодержавиенің күні санаулы, дауылдың болуы сөзсіз. Барлық халық құттықтаған жаңа құрылыс туып та келеді, халық одан жаңаруды, өркендеуді күтеді.

Жақындап келе жатқан бұл дауыл біздің партияның алдына нендей жаңа мәселелер қойып отыр? Революцияның бірден-бір қажет бастамасы болып табылатын көтеріліске неғұрлым белсенді және ұйымдасқан түрде қатнасу үшін, біз өзіміздің ұйымдарымыз бен тактикамызды өмірдің жаңа тілектеріне сай етіп қалай ыңғайластыруымыз керек? Біз — революцияның авангарды ғана емес, сонымен бірге оның басты қыймыл күші болып табылатын таптың алдыңғы отрядымыз, — біз көтеріліске басшылық ету үшін арнаулы аппарат құруымыз керек пе, болмаса бұл үшін қазіргі партия механизмінің өзі жеткілікті ме?

Міне бұл мәселелердің партияның алдында тұрғанына және соңға қалдырмай шешуді талап еткеніне бірнеше ай болды. «Стихияға» табынатын, партияның мақсаттарын өмірге тек әншейін еріп отыру дәрежесіне түсіретін, алдыңғы қатардағы саналы отрядқа лайық алда жүрудің орнына, құйыршықша салпақтап артта жүретін адамдарда мұндай мәселелерді көтеру деген болмайды. Көтеріліс стихиялы нәрсе, дейді олар, оны ұйымдастыру және әзірлеу мүмкін емес, күн ілгері жасалған қыймыл жоспарының қандайы болса да утопия болып табылады (олар «жоспар» атаулыға қарсы, — жоспар «стихиялы



құбылыс» емес, «саналылыққа» байланысты ғой), күшті босқа сарп етушілік болып табылады, — қоғам өмірінің кісі біліп болмайтын өзіне басқа жолы бар, сондықтан өмір біздің жобаларымызды күл-талқан етеді. Сондықтан біз көтерілістің идеясын, бұқараның «өздігінен қарулануы» жөніндегі идеяны насихаттап, үгіт жүргізумен қанағаттануымыз керек, біз тек «саяси басшылықты» жүзеге асыруымыз керек, ал енді көтеріліс жасаған халықты «техникалық» жағынан, мейлі, кім қаласа сол бастасын, — деседі олар.

Ау, біз осы күнге дейін де осындай басшылықты жүзеге асырып келген едік қой! — деп, «құйыршықтық саясаттың» дұшпандары қарсы шығады. Әрине, кең түрдегі үгіт-насихат, пролетариатқа саяси басшылық ету өте-мөте қажет. Бірақ осындай жалпы міндетпен қанағаттану не өмірдің өзі турасынан мәселеге жауап беруден қашатындығымызды көрсетеді, не өзіміздің тактикамызды қаулап өсіп бара жатқан революциялық күрестің тілегіне қарай мүлде үйлестіре білмейтіндігімізді көрсетеді. Әлбетте, енді біз саяси үгітті үдете түсуге тиіспіз, пролетариатты ғана емес, біртіндеп революцияға бейімделіп келе жатқан «халықтың» көптеген топтарын да өз ықпалымызға бағындыруға тырысуымыз керек, көтерілістің қажеттігі туралы идеяны халықтың барлық таптарына жете ұғындыруға тырысуымыз керек. Бірақ біз мұнымен ғана қанағаттана алмаймыз! Болғалы тұрған революцияны пролетариат өзінің таптық күресінің мақсатына пайдалануы үшін, кейін социализм жолында күресуді анағұрлым қамтамасыз ететін демократиялық құрылысты жасай алуы үшін, — бұл

үшін төңірегіне оппозицияны біріктіретін пролетариат күрестің дәл ортасында болып қана қоймай, сонымен бірге көтерілістің көсемі және басшысы болуы қажет. Атап айтқанда, бүкілроссиялық көтеріліске техникалық жағынан басшылық ету және оны ұйымдастыру жағынан әзірлеу — пролетариаттың алдына өмірдің өзі қойған жаңа міндет болып табылады. Егер біздің партия жұмысшы табының шын саяси басшысы болғысы келсе, онда ол осы жаңа міндеттерді орындаудан бас тарта алмайды және бас тартпауға тиіс.

Сөйтіп, бұл мақсатқа жету үшін біз қандай шаралар қолдануымыз керек. Біздің алғашқы адымдарымыз қандай болуға тиіс?

Біздің көптеген ұйымдарымыз өзінің күші мен қаражаттарының бірсыпырасын пролетариатты қаруландыруға шығарып, бұл мәселені осы күні-ақ практика жүзінде шешіп отыр. Біздің самодержавиеге қарсы күресіміз енді жаңа дәуірге, қаруланудың қажеттігін жұрттың бәрі мойындаған дәуірге көшті. Бірақ қаруланудың қажеттігін біліп қана қоюдың бір өзі жеткіліксіз, — партия алдына практикалық міндетті тура, анық қою керек. Сондықтан біздің комитеттеріміз қазірдің өзінде жер-жерде халықты қаруландыруға, бұл істі жолға салатын арнаулы топтар құруға, қару-жарақ іздестіріп табатын аудандық топтар ұйымдастыруға, түрліше жарылғыш оқ-дәрілер жасайтын мастерскойлар ұйымдастыруға, мемлекеттік және жеке меншіктегі қару-жарақ складтары мен арсеналдарды басып алу жоспарын жасауға дереу кірісулері керек. Біз, жаңа «Искраның» берген кеңесі тәрізді, халыққа «өздігінен қарулану-

дың өте-мөте қажеттігін» ұғындырып қана қоймай, сонымен бірге партияның III съезі міндеттегендей етіп, іс жүзінде «пролетариатты қаруландыруға барынша қауырт шаралар қолдануымыз керек». Басқа бір мәселеден де гөрі, нақ осы мәселені шешуде партияның бөлініп шыққан тобымен (егер бұл топ «өздігінен қаруланудың өте-мөте қажеттігі туралы» тек босқа мылжындамай, қарулануды шынымен ойлайтын болса), сондай-ақ ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен, мысалы, армян федералистерімен және алдарына нақ осындай мақсат қойып отырған басқа ұйымдармен де біздің келісімге келуіміз оңай. Мұндай әрекет Бакуда болған да; онда февраль қырғынынан кейін біздің комитет, «Балахан-Биби-Эйбат» тобы және гнчакистер<sup>39</sup> комитеті өз орталарынан қарулану жөнінде ұйымдастыру комиссиясын бөлді. Осы ауыр және аса міндетті жұмысты жалпымыз күш салып ұйымдастыруымыз қажет екенінде сөз жоқ, және барлық социал-демократиялық күштердің осы негізде бірігуі үшін фракциялық ішкі есептер кедергі болмауы керек деп ойлаймыз.

Қару запасын молайтумен қабат, қару іздестіріп табу және оны фабрикалық әдіспен жасау жұмысын ұйымдастырумен қабат, қолға түскен қаруды пайдалану үшін түрліше жауынгер жасақтар ұйымдастыруға айрықша көңіл бөлуіміз керек. Қаруды тура бұқараға тарату сыяқты әрекеттерге ешқашан да жол беруге болмайды. Біздің қаражатымыз аз болғандықтан және қаруды полицияның қырағы көзінен жасыру өте қыйын болғандықтан, халықтың неғұрлым көп тобын қаруландыру қолымыздан келмейді де, еңбегіміз босқа кетеді. Ал арнаулы жауынгер жа-

сақтар құратын болсақ, бұл тіпті басқа әңгіме. Біздің жауынгер жасақтарымыз қаруды жақсы меңгеріп үйренеді; көтерілістің кезінде — көтеріліс стихиялы түрде басталса да, күн ілгері әзірленсе де — бұл жасақтар басты-басты, алдыңғы қатарлы отрядтар ретінде күш көрсетеді, бұлардың маңына көтерілген халық келіп бірігеді және осылардың басшылығымен ұрысқа кіреді. Жауынгер жасақтардың тәжірибелілігі және ұйымшылдығы арқасында, сондай-ақ олардың жақсы қарулануы арқасында көтерілген халықтың барлық күшін пайдалануға, сөйтіп таяудағы мақсатты орындауға — барлық халықты қаруландыруға және күн ілгері жасалған қыймыл жоспарын жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Бұлар түрлі қару-жарак складтарын, үкімет мекемелері мен қоғамдық мекемелерді, почтаны, телефонды, т. с. тез басып алады; революцияның одан сайын дамуына бұлар өте қажет.

Бірақ бұл жауынгер жасақтар революциялық көтеріліс бүтін қаланы қамтығанда ғана керек емес, көтеріліс қарсаңында да бұлардың маңызы кем болмайды. Соңғы жарты жылдың ішінде мынаған көзіміз анық жетті: халықтың барлық таптарының алдында өзінің қадірін түсірген самодержавие революционерлермен күресу үшін ел ішіндегі қара күштерді — бұзақылықты кәсіп еткен арамдарды болсын, немесе татарлардың ішіндегі санасы төмен және фанатик элементтерді болсын — жыйнап іске жұмылдыруға бар күшін салып отыр. Полиция арқылы қаруланған және соның қорғанышында отырған бұл қара күштер халыққа террор жасауда және азаттық қозғалысқа ауыр жағдай жасауда. Біздің жауынгер

ұйымдар осы қара күштердің барлық әрекеттеріне тиісті соққы беруге қашанда әзір тұрулары керек және осылардың қыймылдарынан туған ыза мен қарсылықты үкіметке қарсы қозғалысқа айналдыруға тырысулары керек. Әрбір минутта көше бойына шығып, халық бұқарасын бастауға әзір тұрған қарулы жауынгер үшінші съезд қойған мақсатты оңай орындай алады, ол мақсат — «үкімет бастап отырған қаражүздіктердің және жалпы реакцияшыл элементтердің бәрінің шабуылына қарулы соққы беру ісін ұйымдастыру» («Үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы тактикасына көзқарас туралы қарар», — «Извещениени» қараңыз)<sup>40</sup>.

Біздің жауынгер жасақтарымыздың және жалпы соғыс-техникалық ұйымдарымыздың басты міндеттерінің бірі — өз ауданы үшін көтеріліс жоспарын жасау және оны бүкіл Россия үшін партия орталығы жасаған жоспармен орайластыру болу керек. Дұшпанның неғұрлым нашар жерлерін табу, оған қай жағынан тиісу керек екенін белгілеу, барлық күшті аудан бойынша бөлу, қаланың топографиясын жақсылап біліп алу — осылардың бәрі, қандай бір жағдайда болсын қапыда қалмау үшін, алдын ала істелуі керек. Бұл жерде біздің ұйымдардың қызметтерінің осы жақтарын тәптіштеп жатудың тіпті орны жоқ. Қыймыл жоспарын жасаудағы өте астыртын жұмыспен қатар, пролетариат арасында көше бойындық күресті жүргізуге сөзсіз қажетті соғыс-техника білімін мүмкіндігінше кең түрде тарату керек. Бұл үшін біз ұйымда бар әскери кісілерді тартуымыз керек. Нақ осы мақсат үшін біз өздерінің табиғи қабілеті мен бейімділігі жөнінен бұл іске өте-мөте пайдасы

тиетін өзіміздің бірқатар жолдастарды да тарта аламыз.

Көтеріліске осындай барлық жағынан дайындық жүргізгенде ғана халық пен самодержавиенің арасындағы болашақ ұрыстарда социал-демократияның басшылық ролін қамтамасыз етуге болады.

Жауынгерлік дайындық толық болғанда ғана пролетариат полициямен және әскерлермен жеке соқтығысуларды бүкіл халық көтерілісіне айналдыруға, сөйтіп патша үкіметінің орнына революциялық уақытша үкімет құруға мүмкіндік алады.

«Құйыршықтық саясатты» ұстаушыларға қарсы, ұйымдасқан пролетариат көтеріліске техникалық жағынан да, саяси жағынан да басшылық ету ісін өз қолына алуға бар күшін салады. Мұндай басшылық ең қажетті шарт болып табылады, осының арқасында біз болашақ революцияны өзіміздің таптық мүддемізге пайдалана аламыз.

*„Пролетариатис Брძოლა“  
(„Пролетариат Күресі“) газеті № 10,  
15 июль, 1905 ж.*

*Мақалаға қол қойылмаған*

*Орысшасы грузин тілінен аударылған*

---

---

## РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ<sup>1</sup>

### I

Халық революциясы ұлғайып келеді. Пролетариат қаруланып, көтеріліс туын көтеруде. Шаруалар белін жазып, пролетариаттың айналасына бірігуде. Енді, жаппай көтерілістің лап беріп, жексұрын патшаның жексұрын тағын «жер бетінен кұртатын» мезгілі де жақын қалды. Патша үкіметі кұлатылады. Патша үкіметінің қыйраған жұртында революция үкіметі — революциялық уақытша үкімет кұрылады; бұл үкімет қара күштерді қарусыздандырып, халықты қаруландырады да, дереу Құрылтай жыйналысын шақыруға кіріседі. Сөйтіп, патша үстемдігінің орнын халық үстемдігі басады. Қазіргі кезде халық революциясы осындай жолмен жүріп барады.

Уақытша үкімет не істеуге тиіс?

Уақытша үкімет қара күштерді қарусыздандырып, революцияның жауларын тізгіндеуге тиіс, олар патша самодержавиесін қайта орната алмайтындай етуге тиіс. Уақытша үкімет халықты қаруландырып, революцияны ақырына дейін жеткізуге себепші болуға тиіс. Уақытша үкімет сөз, баспасөз, жыйналыс бостандығын, т. с. жүзеге асыруға тиіс. Уақытша үкі-

мет жанама салықтарды жойып, пайда мен мұра мүліктерге үдемелі салық салуды ендіруге тиіс. Уақытша үкімет деревняда жер мәселелерін ретке салып отыратын шаруа комитеттерін ұйымдастыруға тиіс. Осы уақытша үкімет шеркеуді мемлекеттен және мектепті шеркеуден ажыратуға тиіс...

Осы жалпы талаптардан басқа, уақытша үкімет жұмысшылардың мынадай таптық талаптарын да: стачка жасау және одақтар құру бостандығын, 8 сағаттық жұмыс күнінің болуын, мемлекет тарапынан жұмысшылардың қамсыздандырылуын, еңбек етудің тазалық жағдайлары болуын, «еңбек биржаларының» құрылуын, т. т. жүзеге асыруға тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, уақытша үкімет біздің минимум программamızды\* толық жүзеге асырып, бүкіл-халықтық Құрылтай жыйналысын шақыруға дереу кірісуге тиіс, бұл жыйналыс қоғамдық өмірде болған өзгерістерді «түпкілікті» заңды етеді.

Уақытша үкіметке кімдер енуге тиіс?

Революцияны жасайтын — халық, ал халық дегеніміздің өзі пролетариат пен шаруалар. Революцияны ақырына дейін жеткізу, реакцияны тізгіндеу, халықты қаруландыру ісін, т. с. олардың өз қолдарына алуға тиіс екендігі айқын нәрсе. Ал мұның бәрін іске асыру үшін пролетариат пен шаруалардың уақытша үкіметте өздерінің мүдделерін қорғайтын адамдарының болуы қажет. Көшедегі ұрыстарда үстем болатын пролетариат пен шаруалар, қанын төгетін солар, — олай болса уақытша үкіметте

---

\* Минимум программа жөнінде «РСДЖП-ның екінші съезі туралы хабарды» қараңыз.



де солардың үстемдік етуге тиіс екендігі айқын нәрсе.

Жұрт бізге: мұның бәрі рас, бірақ пролетариат пен шаруалардың арасында нендей ортақ нәрсе бар? дейді.

Оларға ортақ нәрсе сол — олардың екеуі де крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жек көреді, олардың екеуі де патша үкіметіне қарсы өліспей беріспейтін болып күресуде, олардың екеуі де демократиялық республиканы керек қылады.

Бірақ бұл жағдай бізге олардың арасында едәуір зор айырмашылық бар екендігі жөніндегі шындықты ұмыттыра алмайды.

Бұл айырмашылықтың мәні неде?

Оның мәні мынада: пролетариат — жеке меншіктің қас дұшпаны, ол буржуазиялық тәртіптерді жек көреді, сондықтан оған демократиялық республика керек болғанда күш жыйнап алып, сонсын буржуазиялық құрылысты құлату үшін ғана керек болады; ал шаруалар болса жеке меншікке басы байлаулы, буржуазиялық тәртіптерге ықласымен берілген, сондықтан оған демократиялық республика керек болғанда буржуазиялық құрылыстың негіздерін нығайту үшін ғана керек болады.

Шаруалар\* пролетариатқа қарсы шыққанда пролетариаттың жеке меншікті жойғысы келетіндігінен ғана қарсы шығатындығын айтпаса да болады. Екінші жағынан, шаруалар пролетариатты қолдағанда пролетариаттың самодержавиені құлатқысы келетіндігінен

---

\* Яғни ұсақ буржуазия.

ғана қолдайтындығы да айқын нәрсе. Қазіргі революция — буржуазиялық революция, яғни ол жеке меншікті қозғамайды, олай болса, шаруалардың қазіргі уақытта өз қаруын пролетариатқа қарсы жұмсауына ешбір негізі жоқ. Оның есесіне қазіргі революция патша өкіметіне негізінен қарсы, олай болса, шаруалар революцияның алдыңғы қатарлы күші болып табылатын пролетариаттың жағына үзілді-кесілді шығуға ұмтылады. Сонымен қатар пролетариаттың да шаруаларды қолдап, олармен тізе қосып, өздерінің ортақ жауына — патша үкіметіне қарсы аттанғысы келетіні айқын нәрсе. Демократиялық революция жеңіп шыққанға дейін пролетариат қазіргі тәртіптерге қарсы аттанғанда ұсақ буржуазиямен қолдаса отырып аттануға тиіс \* деп ұлы Энгельс текке айтпайды. Егер де революцияның жауларын толық тізгіндемейінше біздің жеңісіміз жеңіс деп аталына алмайтын болса, егер де жауларды тізгіндеп, халықты қаруландыру уақытша үкіметтің міндеті болатын болса, егер де жеңісті аяқтап шығу ісін уақытша үкімет өз қолына алуға тиісті болса, — онда, уақытша үкіметке ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғаушылардан басқа, пролетариаттың мүдделерін қорғаушы ретінде пролетариат уәкілдерінің де енуге тиісті екені өзіннен өзі айқын нәрсе. Егер пролетариат, революцияның басшысы бола отырып, революцияны ақырына дейін жеткізу ісін тек ұсақ буржуазияның бір өзіне ғана беріп қойса, бұл ақылдан адасқандық болар

---

\* «Искраның» 96-номерін қараңыз. Бұл сөздер «Социал-Демократтың» бесінші номерінде көшіріліп басылған. «Демократия мен социал-демократияны» қараңыз.

еді, — бұл өзіне өзі опасыздық істегендік болар еді. Тек мынаны естен шығармау керек: жеке меншіктің қас дұшпаны болғандықтан, пролетариаттың өз алдына жеке партиясы болуы керек және бір минут та өз жолынан аумауы керек.

Басқаша айтқанда, пролетариат пен шаруалар бірге күш біріктіре отырып патша үкіметін жоқ қылуға тиіс, олар бірге күш біріктіре отырып революцияның жауларын тізгіндеуге тиіс, міне дәл сондықтан шаруалармен қатар пролетариаттың да уақытша үкіметте өз мүдделерін қорғаушылары — социал-демократтары — болуға тиіс.

Мұның айқындығы, анықтығы сонша — тіпті бұл жөнінде сөз ғып жатудың өзі де артық нәрсе тәрізді.

Бірақ, дәл осы арада «азшылық» шыға келіп, бұған шұбаланады да, қасарысып: социал-демократияның уақытша үкіметке қатысуы ұят іс, бұл принципке қайшы келеді — дейді.

Осы мәселені талдайық. «Азшылықтың» дәлелдері қандай? Ол ең алдымен Амстердам конгресін<sup>42</sup> дәлел қылады. Бұл конгресс, жоресизмге карама-қарсы: социалистер буржуазиялық үкіметке қатысуға тырыспауы керек, деп қаулы алған; ал уақытша үкімет — буржуазиялық үкімет, сондықтан уақытша үкіметке біздің қатысуымызға болмайды. «Азшылық» осылай байымдайды, сөйтіп конгрестің қарарын осылай мектеп балаларынша түсінгенде тіпті революцияға да біздің қатысуымызға болмайтындығын байқамайды. Шынында да: біз — буржуазияның дұшпанымыз, ал қазіргі революция — буржуазиялық революция, — олай болса, біз бұл революцияға ешбір қатыспауымыз керек! «Азшылықтың» логикасы бізді осы

жолға итермелейді. Ал социал-демократия былай дейді: біздер, пролетарлар, қазіргі революцияға қатысып қана қоймауымыз керек, сонымен қатар оны басқарып, оған жетекшілік етіп, оны ақырына жеткізуге біз керек. Ал уақытша үкіметке қатыспайынша революцияны ақырына жеткізу мүмкін емес. Бұл арада «азшылықтың» логикасының барлық жағынан ақсап отырғандығы даусыз. Екіншісі: не біз, либералдарға ұқсап, пролетариат революцияның басшысы болып табылады деген пікірден бас тартуға тиіспіз, — онда біздің уақытша үкіметке қатысуымыз туралы мәселе өзінен өзі қалып қояды; не біз осы социал-демократиялық идеяны ашықтан-ашық мойындауға тиіспіз, ал сонымен бірге уақытша үкіметке қатысудың қажеттігін де мойындауға тиіспіз. Ал «азшылық» бұлардың екеуінен де қол үзгісі келмейді, «азшылық» либералдар болғысы да келеді, социал-демократтар болғысы да келеді. Ешбір жазығы жоқ логикаға «азшылық» осылай аяусыз зорлық істейді...

Амстердам конгресін алатын болсақ, оның сөз қылғаны революциялық уақытша үкімет емес, Францияның түпкілікті үкіметі. Францияның үкіметі реакцияшыл-консерватор үкімет болып табылады, ол үкімет ескілікті қолдап, жаңалыққа қарсы күреседі, — сондықтан нағыз шын социал-демократтың ол үкіметке енбейтіндігі де түсінікті нәрсе; ал уақытша үкімет революцияшыл-прогресшіл үкімет болып табылады, бұл үкімет ескілікке қарсы күресіп, жаңалыққа жол салады, бұл үкімет революцияның мүдделеріне қызмет етеді, — сондықтан нағыз шын социал-демократтың бұл үкіметке еніп, революция ісін жемісті етіп шығаруға белсене қатысатыны түсінікті нәрсе.

Көріп отырсыздар, бұл екеуі екі түрлі нәрсе. Сондықтан «азшылық» Амстердам конгресіне құр босқа жар-масады: ол конгресс «азшылықты» жеңіліске ұшыраудан құтқармайды.

Сірә, мұны «азшылықтың» өзі де сезіп отырған болу керек, ол басқа дәлелге сүйеніп, өнді Маркс пен Энгельстің аруағына жүгінуге шақырады. Мысалы, «Социал-Демократ»: Маркс пен Энгельс уақытша үкіметке қатысуға «негізінен қарсы шығады» дегенді қарысып қайталай береді. Бірақ олар қай жерде, қашан қарсы шыққан екен? Мәселен, Маркс не дейді екен? Маркс былай дейді екен ғой: «...демократиялық ұсақ буржуалар... пролетариатты... демократиялық партияның барлық түрлерін қамтый алатын үлкен бір оппозициялық партия құруға тырысу керек деп уағыздайды...», ал «мұндай бірігу пролетариатқа сөзсіз зыян келтіріп, тек қана әлгілерге (ұсақ буржуаларға) тиімді болған болар еді» \* т. т. <sup>43</sup> Қысқасы, пролетариаттың өз алдына жеке таптық партиясы болуға тиіс. Бірақ, «білімпаз сыншы»-ау, бұған кім қарсы? Сіз неге жел диірменмен соғысасыз?

Сөйтсе де «сыншы» Маркстен цитата келтіре береді. «Жалпы дұшпанға қарсы күрес жүргізуге қалған ретте ешбір айрықша бірлестіктің керегі жоқ. Осындай жауға қарсы тікeden-тіке күрес жүргізу қажет болғандықтан екі партияның екеуінің де мүдделері уақытша бір жерден шығады, сондықтан... сол кезеңге ғана керек болатын осындай одақ келіп туады... Күрес кезінде және содан кейінгі жерде де жұмысшылар әрбір ретте буржуазияшыл демократтар-

---

\* Қараңыз: «Социал-Демократ» № 5.

дың қажеттерімен (талаптарымен — деген сөз болу керек) қатар, өздерінің қажеттерін де (талаптарын) алға қойып отыруға тиіс... Бір сөзбен айтқанда, жеңіп шыққан соң ең алғашқы кезден бастап... өзінің бұрынғы одақтастарына қарсы, ортақ жеңісті тек қана бір өзіне пайдаланғысы келетін партияға қарсы сенімсіздік білдіру қажет»\*. Басқаша айтқанда, пролетариат өзінің ұстаған жолымен жүруге тиіс және ұсақ буржуазияны қолдағанда бұл жағдай өзінің мүдделеріне қайшы келмейтін болғандықтан ғана қолдауға тиісті. Ғажап «сыншы»-ау, бұған кім қарсы, сізге Маркстің сөзіне сүйену не үшін қажет болды? Маркс революциялық уақытша үкімет туралы бірдеңе деді ме екен? Ондай бір сөз де айтқан емес! Маркс демократиялық революцияның кезінде уақытша үкіметке қатысу біздің принциптерімізге қайшы келеді деді ме екен? Ондай бір сөз де айтқан емес! Ал олай болса біздің авторымыздың мәз болатын себебі не, Маркс пен біздің арамызда «принциптік қайшылық» бар дегенді ол қайдан шығарып жүр? Бишара «сыншы»! Осындай қайшылықты табамын ба деп ол барынша тыраштануда, бірақ, оның сорына, бұдан дәнеңе шығар емес.

Ал, меньшевиктердің айтуынша, Энгельс не дейді? Туратиге жазған хатында Энгельс былай деген көрінеді: Италиядағы болғалы жатқан революция социалистік революция емес, ұсақбуржуазиялық революция болмақшы, ол революция жеңіп шыққанға дейін пролетариат ұсақ буржуазиямен біріге отырып қазіргі кұрылысқа қарсы аттануға тиіс, бі-

---

\* Қараңыз: «Социал-Демократ» № 5.

рақ өзінің жеке партиясының болуы міндетті нәрсе, ал революция жеңіп шыққаннан кейінгі жерде социалистердің жаңа үкіметке өнуі өте-мөте хауіпті болған болар еді. Бұлай еткенде олар Луи Бланнның және басқа да француз социалистерінің 1848 жылғы хателерін қайталаған болар еді, т. т. \* Басқаша айтқанда, Италия революциясы социалистік революция емес, демократиялық революция болатын болғандықтан, пролетариаттың үстемдігі туралы арман етіп, жеңістен кейін де үкіметте қала беру үлкен хате болар еді, тек жеңіске дейін ғана пролетариат ұсақ буржуазиямен біріге отырып ортақ жауға қарсы аттана алар еді. Бірақ бұған таласып отырған кім бар, демократиялық революцияны социалистік революциямен шатастыруға тиіспіз деп отырған кім бар? Бернштейннің жолын қуушы Туратиді дәлел қылудың не керегі бар еді? Болмаса Луи Бланды еске алудың не қажеті бар еді? Луи Блан ұсақбуржуазияшыл «социалист» болған, ал біз социал-демократтар жөнінде сөз қылып отырмыз. Луи Бланнның заманында социал-демократиялық партия өмір сүрген емес, ал бұл арада нақ осындай партия туралы сөз болып отыр. Француз социалистерінің көздегені саяси өкіметті жаулап алу болатын, ал бізге керегі уақытша үкіметке қатысу туралы мәселе... Энгельс демократиялық революцияның кезінде уақытша үкіметке қатысу біздің принциптерімізге қайшы келеді деді мө

---

\* Қараңыз: «Социал-Демократ» № 5. Бұл сөздерді «Социал-Демократ» жақшаның ішіне алып келтіреді. Энгельстің сөздері дәлме-дәл келтірілген деп ойлап қалуға болады. Шынында бұл олай емес. Бұл арада тек кісінің өз сөзімен ғана Энгельстің хатының мазмұны баяндалып отыр.

екен? Ондай бір сөз де айтқан емес! Олай болса, біздің меньшевигіміз-ау, осыншама сөзуарлыққа салынудың не керегі бар еді, мәселелерді шатыстыру оларды шешкендік болып шықпайтындығын сіз неге түсінбейсіз? Маркс пен Энгельстің аруағын босқа мазалаудың не керегі бар еді?

Маркс пен Энгельстің атын жамылу өзін құтқармайтынын «азшылықтың» өзі де сезсе керек, сондықтан ол енді үшінші бір «дәлелге» жармаса кетті. «Азшылық» бізге былай дейді: сіздер революцияның жауларын екі жақтап тізгіндегілеріңіз келеді, сіздер «пролетариаттың революцияға тек «төменнен» ғана, тек көше әрекеті арқылы ғана ықпал жүргізіп қоймай, сонымен қатар жоғарыдан да, уақытша үкіметтің ордасынан да ықпал жүргізуін тілейсіздер»\*. Бірақ бұл принципке қарсы келеді, деп кіналайды бізді «азшылық».

Сонымен, «азшылық» революцияның жүрісіне біз «тек төменнен ғана» әсер етуге тиіспіз, дейді. Бұған керісінше, «көпшілік»: ықпал неғұрлым барлық жағынан бірдей болу үшін, біз «төменнен» жасалатын қыймылды «жоғарыдан» жасалатын қыймылмен толықтандыруға тиіспіз деп санайды.

Ал олай болса социал-демократияның принципіне кім қайшы келеді, «азшылық» па, әлде «көпшілік» пе?

Энгельске жүгінейік. Жетпісінші жылдарда Испанияда көтеріліс болды. Революциялық уақытша үкімет туралы мәселе көтерілді. Осы кезде онда бакунистер (анархистер) шықты. Олар жоғарыдан бола-

---

\* Қараңыз: «Искра» № 93.



тын қыймылдың қандайын болса да мойындамады, сондықтан бұл жағдай олар мен Энгельстің арасында айтыс туғызды. Бакунистер «азшылықтың» дәл қазірде айтып жүргендерін уағыздаған болатын. «Бакунистер, — дейді Энгельс, — жоғарыдан төмен қарай жасалатын революциялық қыймылдың қандайы болса да зиянды, күллі нәрсе төменнен жоғары қарай ұйымдастырылып, жүргізілуі керек, дегенді көп жылдар уағыздап келді» \*. Олардың пікірінше, саяси өкіметті, «уақытша немесе революциялық өкімет деп аталып отырған өкіметті ұйымдастырудың қандай болса да жаңа алдау ғана болуы мүмкін және осы күнгі өмір сүріп отырған үкіметтердің бәрінің де хауіпті болғаны сыяқты пролетариат үшін өте хауіпті болып шығуы мүмкін \*\*». Энгельс бұл көзқарасты ажуалай келіп, бакунистердің бұл ғылымын өмір әбден теріске шығарды, дейді. Бакунистер өмір талалтарына көнуге мәжбүр болды, сондықтан олардың... «өздерінің анархистік принциптеріне қарамастан революциялық үкімет құруына тура келді» \*\*\*: Сөйтіп олар «әлгіде ғана дәл өздерінің жарыялаған принципін: революциялық үкімет құру жаңа алдау ғана, жұмысшы табына жаңадан опасыздық ету ғана болады — деген принципін аяққа басты» \*\*\*\*.

Энгельс осылай дейді.

Сонымен, қыймыл тек «төменнен» ғана жасалсын деген «азшылық» принципін анархистік принцип бо-

---

\* «Пролетарийдің» үшінші номерін қараңыз, онда Энгельстің осы сөздері келтірілген<sup>44</sup>.

\*\* Мұны да содан қараңыз.

\*\*\* Мұны да содан қараңыз.

\*\*\*\* Мұны да содан қараңыз.

лып табылатындығы анықталды, бұл принцип шынында да социал-демократиялық тактикаға түбірінен қайшы келеді. Уақытша үкіметке қатысудың қандай болса да бейнебір жұмысшылар үшін апатты нәрсе дейтін «азшылықтың» көзқарасы бір кезде Энгельс ажуалаған анархистік құрғақ сөз болып табылады. Сонымен қатар, өмір «азшылықтың» көзқарастарын теріске шығарып, оларды, бакунистердің кебін кигізіп, оп-оңай талқан ететіні де анықталды.

«Азшылық» әлі де болса — біз принциптерге қарсы шыға алмаймыз деп, қарыса түседі. Бұл адамдардың социал-демократиялық принциптер туралы ұғымы кісі таңғаларлық ұғым. Олардың революциялық уақытша үкімет пен Мемлекеттік дума туралы принциптік көзқарастарын-ақ алып қарайық. «Азшылық» революцияның мүдделерінен туатын уақытша үкіметке қатысуға қарсы шығады, — бұл принциптерге қайшы келеді-мыс. Бірақ ол самодержавиенің мүдделерінен туған Мемлекеттік думаға қатысуға қол қояды, — бұл принциптерге қайшы келмейтін көрінеді! «Азшылық» революцияшыл халық жасайтын және сол халықтың өзі заңды ететін уақытша үкіметке қатысуға қарсы шығады, — бұл принциптерге қайшы келеді-мыс. Бірақ ол самодержавиелік патша шақыратын және сол патшаның өзі заңды ететін Мемлекеттік думаға қатысуға қол қояды, — бұл принциптерге қайшы келмейтін көрінеді! «Азшылық» самодержавиені жерлейтін уақытша үкіметке қатысуға қарсы шығады, — бұл принциптерге қайшы келеді-мыс. Бірақ ол самодержавиені нығайтатын Мемлекеттік думаға қатысуға қол қояды, — бұл принциптерге қайшы келмейтін көрінеді... Хұрметті мырзалар, сіздер

ссы қай принциптер туралы айтып отырсыздар, либералдардың принциптері туралы ма, әлде социал-демократтардың принциптері туралы ма? Осы сұрауға тура жауап берсеңіздер өте дұрыс істегендеріңіз. Бірақ біз бұған күманданамыз да тұрамыз.

Алайда, бұл мәселелерді қоя тұралық.

Әңгіме мынада: принциптер іздеймін деп «азшылық» анархистердің жолына түсіп кетті.

Бүгінгі таңда анықталған нәрсе міне осы.

## II

Партияның III съезінде қабылданған қарарлар біздің меньшевиктерге ұнамады. Ол қарарлардың шын революциялық мағынасы меньшевиктік «батпақтың» тынышын алып, оның «сынға» әуестігін қоздырды. Сірә, олардың ақыл-ойының оппортунистік пішініне көбінесе революциялық уақытша үкімет туралы қарар әсер еткен болу керек, сөйтіп олар осы қаулыны «кұртуға» кірісті. Бірақ олар, одан жармаса кетерліктей және сынарлықтай дәнеңе де таба алмағандықтан, өздерінің дағдылы және оның үстіне арзан кұралын қолданды — демагогияға салынды! Ол «сыншылар»: бұл қарар жұмысшыларды қызықтыру үшін, оларды алдап, адастыру үшін жазылған, — деп жазады. Өздерінің осы әуре-сарсандары оларды өте қанағаттандыратыны да көрініп тұр. Олар дұшпандарын бас көтергісіздей жеңілді деп, ал өздерін жеңімпаз сыншылармыз деп ұғып: «бұлар да (қарардың авторлары) пролетариатқа басшылық етпекші-ау!» деп даурығады. Осы «сыншыларға» қарасаң, көз алдыңа Гогольдің геройы елестейді, оның геройы істеген ісіне ешбір жауаптымын деп есептемей, өзін Испанияның ко-

ролімін деп ұғады ғой. Ұлылыққа қызығу ауруына шалдыққандардың тағдыры осындай болмақ.

Енді, бізге «Социал-Демократтың» 5-номерінде кездесетін «сынның» өзін қарастырып көрейік. Өздеріңіз білесіздер, біздің меньшевиктер революциялық уақытша үкіметтің қанды елесін қорқынышсыз еске түсіре алмайтын-ды, сондықтан өздерінің әулиелеріне — Мартыновтарға, Акимовтарға жалбарынып, бұлардан: бізді осы бәледен құтқарып, оны Земство жыйылысымен — қазіргі Мемлекеттік думамен алмастырсаңдар екен, — деп өтінеді. Осы мақсатпен олар «Земство жыйылысын» көкке көтереді және шірік патша өкіметінің бұл шірік азғынын жақсы нәрсе деп өткізуге тырысады: «Уақытша үкіметі болмаса да, ұлы француз революциясының республика құрғанын біз жақсы білеміз», — деп жазады олар. Бар білетіндеріңіз осы ғана ма? Тағы да білетіндеріңіз бар ма, «хұрметті мырзалар?» Азырақ екен! Көбірек білу керек еді! Мәселен, мынаны да білу керек еді: ұлы француз революциясы буржуазиялық революциялық қозғалыс ретінде үстем болды, ал енді, Г. Плехановтың дұрыс айтқанындай, «Россиядағы революциялық қозғалыс жұмысшылар қозғалысы ретінде үстем болып отыр, өйтпесе мүлде үстем бола алмайды». Францияда революцияны буржуазия бастады, ал Россияда пролетариат бастап отыр. Онда революцияның тағдырын буржуазия басқарды, мұнда — пролетариат басқарып отыр. Революцияның жетекші күштерінің осылай орындары алмасып отырғанда екі таптың екеуіне де бірдей болатын нәтижелердің келіп шықпайтындығы айқын емес пе? Егер Францияда буржуазия революцияны бас-

тап, оның жемістерімен пайдаланған болса, онда Россияда да, революцияны пролетариаттың бастап отырғанына қарамастан, мұның жемістерімен тағы да буржуазия пайдалануға тиіс пе? Я, пайдалануға тиіс, онда, Францияда, не болған болса, мұнда да, Россияда да, соның өзі болуға тиіс, дейді біздің меньшевиктер. Бұл мырзалар, табытшы сыяқты, әлдеқашан өлген адамның денесін өлшеп үлгісін алады да, осы үлгімен тірі адамдарды өлшейді. Мұның үстіне, олар бұл арада едәуір өрескелдік істеді: бізге керек нәрсенің басын алып тастап, айтыстың денін сол нәрсенің аяғына көшірді. Біз, революцияшыл социал-демократ атаулының бәрінің айтып жүргені сыяқты, демократиялық республика құру туралы сөз қыламыз. Ал олар «демократиялық» деген сөзді бір жаққа жасырып қойып, «республика» туралы тілмарсый бастады. «Улы француз революциясының республика құрғанын біз жақсы білеміз», — деп уағыз айтады олар. Я, ол республика құрды, бірақ қандай республика құрды, — нағыз демократиялық республика құрды ма? Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының керек етіп отырған республикасындай республика құрды ма? Бұл республика халыққа жалпыға бірдей сайлау правосын берді ме? Ол кездегі сайлаулар нағыз төте сайлау болған ба еді? Үдемелі табыс салығы енгізілген бе еді? Еңбек жағдайларын ондау туралы, жұмыс күнін азайту туралы, жалақыны көбейту туралы, тағы сондайлар туралы онда ештеңе айтылған ба еді?.. Жоқ. Онда мұндай дәнне де болған емес, болуы да мүмкін емес еді, өйткені ол кезде жұмысшылар социал-демократиялық тәрбиені көрген жоқ еді. Сондықтан

да сол кездегі француз революциясында олардың мүдделерін буржуазия ұмытқан еді, аттап өткен еді. Мырзалар, осындай республиканың алдында «алтын» бастарыңызды шынымен игендеріңіз бе? Сіздердің мақсаттарыңыздың осындай болғаны ма? Жолыңыз болсын! Бірақ, хұрметті мырзалар, естеріңізде болсын: мұндай республиканың алдында бас июдің социал-демократиямен және оның программасымен ешбір қатысы жоқ — бұл ең жаман демократизм. Ал сіздер, социал-демократияның атағын жамылдып, мұның бәрін жасырын жүргізіп жүрсіздер.

Одан соң, меньшевиктер мынаны жақсы білулері керек: өзінің Земство жыйылысы болатын Россиялық буржуазия тіпті Франциядағы республикадай республикамен де бізді қарық қылмайды, — ол әсте монархияны жоймақ емес. Монархия болмаған жерде жұмысшылардың «батыл келетіндігін» жақсы біле тұрып, буржуазия бұл қамалды бүтін сақтап қалуға және оны өзінің бітіспейтін жауына — пролетариатқа қарсы жұмсайтын меншікті құралына айналдыруға тырысады. Дәл осы мақсаттарды көздеп, ол «халықтың» атынан жендет патшамен келіс сөз жүргізіп отыр және «анархияны» болғызбау үшін, «отан» мен патша тағының мүдделері үшін, Земство жыйылысын шақыруға патшаға кеңес беріп жүр. Сіздер, меньшевиктер, осының бәрін қалайша білмейсіздер?

Бізге француз буржуазиясының XVIII ғасырда енгізген республикасындай республика керек емес, Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының XX ғасырда талап етіп отырған республикасындай республика керек. Ал мұндай республиканы пролетариат бастаған халықтың жеңімпаз көтерілісі

мен сол көтерілістен туған революциялық уақытша үкімет қана құра алады. Тек осындай уақытша үкімет қана біздің минимум программамызды уақытша жүзеге асырып отыра алады және мұндай өзгерістерді өзі шақырған Құрылтай жыйналысының бекітуіне ұсына алады.

Біздің программamız бойынша шақырылған Құрылтай жыйналысының халықтың еркін білдіре алатындығына біздің «сыншылар» сенбейді (олар бұдан 115—116 жыл бұрын болған ұлы француз революциясынан ары бара алмай отырғанда, олардың ойына бұл қалай кірсін). «Дәулеттілер мен ықпалды адамдардың, — дейді тағы да «сыншылар», — сайлауды өз пайдаларына бұрмалап алатын амалдары толпып жатыр, сондықтан халықтың нағыз шын еркі туралы сөздер мүлде бос сөз. Дәулетсіздердің ішінен шығатын сайлаушылардың байлардың еркін білдіретін адамдарға айналмауы үшін ұлы күрес, ұзақ уақыт қолданылатын партиялық тәртіп керек» (меньшевиктер мойындамай отырған тәртіп пе?). «Тіпті Европада да (?), көп жылдар бойы жүргізілген саяси тәрбиеге қарамастан, мұның бәрі жүзеге асырылған жоқ. Ал енді біздің большевиктер — бұл бой тұмар уақытша үкіметтің қолында тұр деп ойлайды!»

Нағыз шын құйыршықтық міне осы! «Мархұм болған» «тактика процесі» мен «ұйымдастыру процесінің» нағыз шын бейнесі міне осы! «Сыншылар» бізге: Европада жүзеге аспаған нәрсені Россияда талап ету туралы сөз де болмауға тиіс, деп ақыл айтпақ болады! Тек «Европада» ғана емес, сонымен қатар Америкада да біздің минимум программamız

дың толық жүзеге асырылмағанын біз жақсы білеміз, ал, олай болса, кімде-кім сол программаны қабылдап, самодержавие кұлағаннан кейін оны Россияда жүзеге асыру үшін күресетін болса, ол адам, меньшевиктердің ойынша, ем қонбайтын қыялшыл, бишара Дон-Кихот болып шықпақ! Қысқасы, біздің минимум программамыз жалған нәрсе, утопия екен және оның шын «өмірге» ешқандай қатысы жоқ екен! Осылай емес пе, «сыншыл» мырзалар? Сіздерше нақ осылай болып отыр. Олай болғанда, батылырақ болып, бұлтармастан мұны тура айтыңыз! Онда біз өзіміздің кімге кездесіп отырғанымызды білетін боламыз, сіздер де өздеріңізге жиренішті программалық формальдылықтан құтыласыздар! Ал сіздер программаның маңызы аздығы туралы сөз қылғанда соншама жасқанып, соншама қорқып сөз қыласыздар, сондықтан большевиктерден басқа көп адамдар, әрине, әлі де болса сіздерді партияның II съезінде қабылданған россиялық социал-демократияның программасын мойындайды екен деп ойлайды. Бірақ бұл фарисейлік неге керек!

Сонымен біз бұл арада біздегі алауыздықтардың негізіне жақын келдік. Сіздер біздің программамызға сенбейсіздер және оны дұрыс емес деп таласасыздар, ал біз, қайта, әрдайым сол программаға сүйенеміз, өзіміздің істеріміздің бәрін соған сәйкестіріп істейміз!

Біз сайлау алдындағы үгіт бостандығы болып отырғанда «дәулеттілер мен ықпалды адамдардың» бүкіл халықты алдап, оған өз сөзін сөйлете алмайтындығына сенеміз. Өйткені біз олардың ықпалы мен алтынына социал-демократиялық шын сөзімізді



қарсы қоямыз (және біздің сіздерден айырмамыз — біз бұл шындыққа ешбір күманданбаймыз), мұнымен буржуазияның кәззаптық қулық-сұмдығын әлсірете аламыз. Ал сіздер бұл іске сенбейсіздер, сондықтан да революцияны реформизм жағына бұра бересіздер.

«1848 жылы, — дейді одан соң «сыншылар», — жұмысшылар да қатысқан Франциядағы (тағы да Франция!) уақытша үкімет Кұрылтай жыйналысын шақырғанда, бұл жыйналысқа Париж пролетариатынан бір делегат та кірмей қалды». Міне, социал-демократиялық ғылымды мүлде түсінбегендіктің және тарих туралы тыйтығы жеткен ұғымның тағы бір үлгісі! Орынсыз сөйлей берудің не керегі бар? Жұмысшылардың уақытша үкіметке қатысқанына қарамастан, Францияда дәнеңе шықпады, ал сондықтан Россияда да социал-демократия оған қатысудан бас тартуға тиіс, өйткені мұнда да дәнеңе шықпайды, — деген қортындыға келеді «сыншылар». Бірақ мәселе жұмысшылардың қатысуында болып отыр ма? Біз: жұмысшы кім болса да, қандай бағытта болса да, революциялық уақытша үкіметке қатысуға тиіс, деп отырмыз ба? Жоқ, біз әзірге сіздердің ізбасарларыңыз бола қойғанымыз жоқ, әрбір жұмысшыға социал-демократ деп аттестат беріп отырғанымыз жоқ. Ал француздың уақытша үкіметіне қатысқан жұмысшыларды социал-демократиялық партияның мүшесі деп атау тіпті біздің ойымызға да кіріп шыққан емес! Мұндай орынсыз салыстыру неге керек? Сонсын, 1848 жылғы француз пролетариатының саяси сана-сезімі мен қазіргі кездегі Россия пролетариатының саяси сана-сезімі арасында қандай салыстыру болуы керек? Ол кездегі француз пролетариаты, бір рет

болса да, сол кездегі құрылысқа қарсы саяси демонстрация жасап көрген бе еді? Ол, бұрынды-соңды, Бірінші майды буржуазиялық құрылысқа қарсы күрес ретінде мерекелеп көрді ме? Ол социал-демократиялық жұмысшы партиясына ұйымдастырылған ба еді? Онда социал-демократияның программасы болды ма? Болмағанын біз жақсы білеміз. Мұның бәрінен француз пролетариатының тіпті ұғымы да болған емес. Россиялық пролетариат, пролетариат болғанда көптен социал-демократиялық партияға ұйымдасқан, әбден айқын социал-демократиялық программасы бар және өзінің көздеген мақсатына саналы түрде жол салып отырған пролетариат революцияның жемістерін қандай дәрежеде пайдалана алатын болса, француз пролетариаты ол кезде революцияның жемістерін сондай дәрежеде пайдалана алатын ба еді? деген сұрақ туады. Нақты шын нәрсені титтей болса да түсіне алатын адамның қай-қайсысы болса да бұған мақұлдамай жауап береді. Тек тарихи фактыларды жаттап алуға икемі бар, бірақ олардың шыққан тегін орны мен уақытына қарай түсіндіре алмайтын адамдар ғана осы екі түрлі нәрсені бірдей дей алады.

«Сайлаумен қанағаттанып, үйді-үйге тарап кете бермей, халық тарапынан жүргізілетін зорлау ісі, үздіксіз революция болуы керек», — деп «сыншылар» үйреткен үстіне үйретө түседі. Мұнысы тағы да жала! Хұрметті мырзалар, біз сайлаумен қанағаттанып, үйді-үйімізге тарап кетеміз, деп сіздерге кім айтты? Атап көріңізші!

Біздің «сыншылар» революциялық уақытша үкіметтен өзіміздің минимум программамыздың жүзеге

асырылуын талап ететіндігімізге де мазасызданды, сондықтан олар былай деп шу көтерді: «Бұл мүлде іс білмегендік; әңгіме мынада: біздің программamızдың саяси және экономикалық талаптары заң шығару арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін, ал уақытша үкімет — заң шығарушы мекеме емес» дейді. «Заңға қайшы істерге қарсы бағытталған осы прокурорлық сөзді оқығанында: заңдылықты аса хұрметтейтін пәлендей бір либерал буржуа осы мақаланы «Социал-Демократка» арнап жазбады ма екен? деген күдік туады\*. Әйтпесе, революциялық уақытша үкіметтің ескі заңдарды бұзып, жаңа заңдар енгізуге правосы жоқ деп буржуаларша даналық құруды қалай түсінуге болады! Бұл пікірдің жексұрын либерализм екені байқалып тұрған жоқ па? Мұны революционердің аузынан есту таңқаларлық іс емес пе? Бұл жағдай жазаға ұшыраған бір адамның басынан өткен мына бір уақыйғаны еске түсіреді ғой: осы адамның басын алмақ болып жатқанда, ол желкемдегі сыздауығыма тие көрмеңіз деп жалынған екен. Бірақ, революциялық уақытша үкіметті әдеттегі министрлер кабинетінен ажырата алмайтын «сыншылардың» айтқандарының бәрін де кешіруге болады (олар бұған кіналы да емес, оларды Марты-

\* Мұндай ойдың туатын да жөні бар, өйткені меньшевиктер «Социал-Демократтың» 5-номерінде бүкіл Тифлис буржуазиясының ішінен небары оншақты купецті ғана «ортақ іске» опасыздық жасаған адамдар деп жарыялаған. Қалғандарының — оларды жақтайтындар екені және меньшевиктермен өз алдына бір «ортақ ісі» бар екені осыда көрініп тұр. Осы «ортақ істі» жақтайтындардың біреуі болмаса біреуі бітиспейтін «көпшілікке» қарсы «сын» мақала жазып, өздерінің істес адамдарының орғына жібере қойған болса, бұған не таң қалатыны бар.

новтар — Акимовтар сыяқты ұстаздары осы халге жеткізді). Министрлер кабинеті дегеніміз не? — Түпкілікті үкіметтің өмір сүру нәтижесі. Ал революциялық уақытша үкімет дегеніміз не? — Түпкілікті үкіметті жою нәтижесі. Біріншісі тұрақты армияның көмегі арқылы қазіргі заңдарды орындатқызып отырады. Екіншісі қазіргі заңдарды жойып, олардың орнына көтерілген халықтың көмегі арқылы революцияның еркін заңға айналдырады. Бұлардың арасында нендей ұқсастық бар?

Революция жеңіп шығып, жеңген халық революциялық уақытша үкіметті кұрды, делік. Егер де заңдардың бірін бұзып, бірін енгізуге праволы болмайтын болса, бұл үкіметтің не істеуі керек? деген сұрақ туады. Құрылтай жыйналысын күтуі керек пе? Бұл жыйналысты шақырудың өзі тағы да жаңа заңдар енгізуді, мәселен: жалпыға бірдей, төте, т. т. сайлау правосын, сөз, баспасөз, жыйналыс бостандығын, т. с. енгізуді керек қылады ғой. Ал мұның бәрі де біздің минимум программамызға кіреді. Егер де, революциялық уақытша үкімет ол программаны жүзеге асыра алмаса, онда ол Құрылтай жыйналысын шақырғанда нені басшылыққа алады. Булыгин<sup>45</sup> жасап, Николай II ұнатқан программаны басшылыққа ала ма екен?

Жеңіп шыққан халық, қарудың жоқтығынан сансыз көп қазаға ұшырап, контрреволюцияға қарсы күресу мақсатымен революциялық уақытша үкіметтен тұрақты армияны жоюды және халықты қаруландыруды талап етеді, делік тағы. Сол кезде меньшевиктер тұрып мынаны уағыздайды: тұрақты армияны жою және халықты қаруландыру бұл меке-

менің (революциялық уақытша үкіметтің) ісі емес, басқа мекеменің — Құрылтай жыйналысының ісі, — соған арыз етіңіз, заңға қарсы істерді талап етпеңіз, дейді, т. т. Несін айтасың, жақсы ақылшылар екен!

Енді революциялық уақытша үкіметтің «правоға иелігін» жойғанда меньшевиктердің неменеге сүйеніп жоятындығын қарастырып көрейік. Біріншіден, уақытша үкімет заң шығарушы мекеме емес, дегенге сүйенеді, ал екіншіден, Құрылтай жыйналысына дәнеңе де қалмайды ғой деседі. Саясат жөніндегі бұл нәрестелер міне осындай масқаралыққа дейін барып отыр! Жеңген революцияның және оның еркін билдірушінің — революциялық уақытша үкіметтің — түпкілікті үкіметті құрғанға дейін тізгінге ие болатындығын, олай болса, заңдарды бұза алатынын да, енгізе алатынын да олар тіпті білмейтін көрінеді! Егер де бұл басқаша болған болса, егер де революциялық уақытша үкіметтің мұндай праволары болмаған болса, онда оның өмір сүруінің де ешбір мағнасы болмаған болар еді және көтерілген халық ондай органды құрмаған да болар еді. Меньшевиктердің революцияның әліп-биін ұмытып қалғаны ғажап нәрсе екен.

Меньшевиктер: егер де біздің минимум программамызды революциялық уақытша үкімет жүзеге асыратын болса, онда Құрылтай жыйналысы не істеу керек? деп сұрау қояды. Хұрметті мырзалар, сіздер Құрылтай жыйналысын жұмыссыз қалады деп хауіптенесіздер. Қорқпай-ақ қойыңыздар, оның жұмысы басынан асып жатады. Құрылтай жыйналысы көтерілген халықтың көмегі арқылы революциялық уақытша үкіметтің жасайтын өзгерістерін бекітіп отырады, ол жыйналыс еліміздің конституциясын

жасайды, біздің минимум программамыз сол конституцияның бір бөлегі болып қана кіреді. Құрылтай жыйналысынан біз міне осыларды талап етеміз!

«Олар (большевиктер) ұсақ буржуазияның өзі мен жұмысшылардың арасындағы жіктелуді, жіктелу болғанда сайлау істеріне де әсерін тигізетін жіктелуді түсіне алмай отыр, ал, солай болған соң, уақытша үкімет өз табының пайдасын көздеп, сайлаушы жұмысшыларды езгісі келеді», — деп жазады «сыншылар». Бұл даналықты түсіне алатындар түсініп көрсін! «Уақытша үкімет өз табының пайдасын көздеп, сайлаушы жұмысшыларды езгісі келеді» деген не деген сөз!!? Олар қай уақытша үкімет туралы сөз ғып отыр, бұл дон-кихоттар қай желдірменмен соғысып жүр? Егер де ұсақ буржуазияның бір өзі революциялық уақытша үкіметке ие болса, ол бәрібір жұмысшылардың мүдделерін қорғайды, деген біреу бар ма? Өз басының ақылы жетпеген нәрсесін біреуге таңудың не қажеті бар? Біздің айтатынымыз: белгілі бір жағдайларда демократия уәкілдерімен бірге біздің социал-демократия делегаттарының да революциялық уақытша үкіметке қатысуына болады. Егер де бұл осылай болса, егер де әлгіме социал-демократтар да енетін революциялық уақытша үкімет жөнінде болып отырған болса, онда ол үкімет өзінің құрамы жағынан қалайша ұсақбуржуазиялық үкімет болмақшы? Біз революциялық уақытша үкіметке қатысу туралы өзіміздің дәлелдерімізді мынаған негіздейміз: демократияның — шаруалар мен қаланың ұсақ буржуазиясының (сіздер, меньшевиктер, бұларды өз партияңызға шақырып отырсыздар) — мүдделеріне біздің минимум программамыздың жү-

зеге асырылуы негізінде қайшы келмейді, сондықтан да демократиямен тізе қоса отырып ол программаңы өткізу мүмкін нәрсе деп санаймыз. Ал егер демократия программаның кейбір пункттерін өткізуге бөгет жасайтын болса, онда көше жағынан өзінің сайлаушылары, пролетариат, қолдайтын біздің делегаттар, күш бола қалған күнде, бұл программаны күшпен өткізуге тырысып бағады (егер бұл күш болмайтын болса, біз уақытша үкіметке кірмейміз, бізді оған сайламайды да). Көріп отырсыздар, социал-демократия революциялық уақытша үкіметке кіргенде онда нақ социал-демократиялық көзқарастарды қорғау үшін, яғни пролетариаттың мүдделеріне басқа таптардың нұқсан келтіруіне жол бермеу үшін кіруге тиіс.

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының революциялық уақытша үкіметтегі уәкілдері меньшевиктердің ақылы жетпегендіктен ойлағанындай пролетариатқа күрес жарыяламайды, қайта пролетариатпен тізе қоса отырып, пролетариаттың дұшпандарына күрес жарыялайды. Бірақ, меньшевиктер, сіздердің мұның бәрінде не жұмыстарыңыз бар, революцияда және оның уақытша үкіметінде не жұмыстарыңыз бар! Сіздердің орындарыңыз ана жақта, «Ме[млекеттік Думада]...» \*.

*Мақаланың бірінші бөлімі „Пролетариатас Брдола“ („Пролетариат Күресі,“) газетінде басылып шыққан. № 11, 15 август, 1905 ж.*

*Екінші бөлімі бірінші рет басылып отыр  
Мақалаға қол қойылмаған*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

\* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

---

---

## «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТҚА» ЖАУАП»

Жауап беруде кешіккенім үшін мен ең алдымен оқушыларым алдында ғапу өтінем. Енді қайтесің: жағдай басқа салада қызмет істеуге мәжбүр етті де, мен өзімнің жауабымды соңға қалдыруға тиіс болдым; өздеріңіз білесіздер — біздің еркіміз өзімізде емес қой.

Мен тағы мынаны ескертуім керек: көп адамдар, «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапшаның авторы жеке бір кісі емес, Одақтық комитет деп санайды. Айта кетейін, бұл кітапшаның авторы мен. Одақтық комитет оның редакциясын ғана қарады.

Енді іске кірісейік.

Менің қарсы адамым: «таластың не мәселе жөнінде екенін көрмейді», «мәселені боямалайды»\*, «талас мәселелер — программа мәселелері емес, ұйымдастыру мәселелері» деп мені айыптайды (2-бет).

Автордың айтып отырғаны жалған екенін ашу үшін, аңғара білудің өзі жеткілікті. Әңгіме мынада:

---

\* Қараңыз: «Одақтық комитетке жауап»<sup>47</sup> 4-бет.



менің кітапшам «Социал-Демократтың» *бірінші* номеріне берілген жауап болатын, — «Социал-Демократтың» екінші номері шыққанда кітапша баспаға беріліп те қойған еді. Автор бірінші номерде не айтады? Ол: «көпшілік» идеализм жолында және оның позициясы марксизмге «түбірімен қайшы келеді» дегенді ғана айтады. Мұнда ұйымдастыру мәселелері туралы бір ауыз сөз жоқ. Мен не деп жауап беруге тиіс едім? Не деп жауап берген болсам, солай ғана жауап беруге тиіс едім, атап айтқанда: «көпшілік» шын марксизмнің позициясында тұр, ал егер «азшылық» мұны түсінбесе, бұл оның өзінің шын марксизмнен қайтқандығы болып табылады, деуге тиіс едім. Айтыс жөнінде ең болмағанда ептеп саңылауы бар кісінің қайсысы болса да осылай жауап берер еді. Бірақ автор өз дегенін айта береді: ұйымдастыру мәселелерін неге қозғамайсың? дей береді. Қозғамайтын себебім, хұрметті философ, сіз ол кезде бұл мәселелер жөнінде сөз қатқаныңыз жоқ-ты. Әлі мүлде әңгіме болмаған мәселе жөнінде жауап беруге бола ма екен? «Мәселені боямалайды», «таластың не мәселе жөнінде екенін айтпайды» деушілік және басқалар автордың ойдан шығарғандары екені анық нәрсе. Қайта, кейбір мәселелерді автордың өзі жасырып айтпады, деп күмандануға менің дәлелім бар. Ол «талас мәселелер — ұйымдастыру мәселелері» дейді, ал шынында біздің арамызда маңызы ұйымдастыру мәселесіндегі алауыздықтардан анағұрлым күшті тактикалық алауыздықтар да бар. Алайда, біздің «сыншы» өзінің кітапшасында бұл алауыздықтар туралы бір сөз де айтпайды. «Мәселені боямалау» деп міне осыны атайды.

Менің кітапшамда не туралы айтылады?

Қазіргі замандағы қоғамдық тұрмыс капиталистік түрде құрылған. Бұл қоғамда екі үлкен тап бар, ол: буржуазия мен пролетариат, бұлардың арасында өліспей бітіспейтін күрес жүріп жатыр. Буржуазияның тұрмыс жағдайлары оны капиталистік тәртіптерді нығайтуға мәжбүр етеді. Ал пролетариаттың тұрмыс жағдайлары оны капиталистік тәртіптерді бұзуға, жоюға мәжбүр етеді. Осы екі тапқа сай, екі түрлі сана: буржуазиялық сана мен социалистік сана құрылады. Пролетариаттың жағдайына социалистік сана сай келеді. Сондықтан пролетариат осы сананы қабылдайды, осы сананы меңгереді, сөйтіп күшейген үстіне күшейіп, капиталистік құрылыспен күреседі. Капитализм мен тап күресі болмаса, социалистік сана да болмас еді; мұны айтып жатудың қажеті жоқ. Осы социалистік сананы (яғни ғылыми социализмді) кім жасайды, мұны жасауға кімнің мүмкіншілігі бар, мәселе енді осында. Пролетарлар бұқарасының, пролетарлар болып отырған кезінде, социалистік сананы жасауға уақыты да жоқ, мүмкіншілігі де жоқ деген болатын Қаутский, мен осы пікірді қайталап айтам. «Осы замандағы социалистік сана тек терең ғылыми білімнің негізінде ғана туа алады» \* — дейді Қаутский. Ғылым иелері — интеллигенттер, соның ішінде, мысалы, Маркс, Энгельс және басқалар, бұлардың ғылымды басқаруға және социалистік сананы жасауға уақыты да, мүмкіншілігі

---

\* К. Қаутскийдің мақаласын қараңыз, «Не істеу керек?» деген кітапта келтірілген, 27-бет.

де бар. Анығында, социалистік сананы жасау — бұл үшін уақыты да, мүмкіншіліктері де бар аздаған социалдемократ интеллигенттердің ісі.

Егер социалистік сана пролетариат арасына тарайтын болса, бұл сананың өздігінен қандай маңызы бар? Онда бұл тек бос сөз болады да қояды! Ал егер бұл сана пролетариат арасына тарайтын болса, онда іс мүлде басқаша болады: пролетариат өзінің халін түсінеді де, жедел басып социалистік тұрмысқа ұмтылады. Міне нақ осы арада социалдемократия (социалдемократ интеллигенттер ғана емес) шығып, жұмысшы қозғалысына социалистік сана енгізеді. «Социалистік сана дегеніміз пролетариаттың тап күресіне сырттан енгізілген нәрсе» \* дегенде Қаутский міне осыны айтып отыр.

Сөйтіп, социалистік сананы аздаған социалдемократ интеллигенттер жасап шығарады. Ал бүкіл социал-демократия бұл сананы жұмысшы қозғалысына енгізіп, пролетариаттың стихиялы күресіне саналы сыйпат береді.

Менің кітапшамда әңгіме осы туралы.

Марксизмнің, мұнымен бірге «көпшіліктің» позициясы осылай.

Менің қарсы адамым бұған қарсы не айтып отыр?

Шынында, мәнді түк те айтып отырған жоқ. Ол мәселені анықтаудан гөрі балағаттаумен көбірек шұғылданады. Өте қатты ашуланса керек! Мәселені ашықтан ашық қоюға оның батылы бармайды, мәселеге тура жауап бермейді, қорқақ «батырша», талас мәселеден жасқақтай береді, екіжүзділік етіп,

---

\* Бұл да сонда.

айқын қойылған мәселені боямалайды және сүйте тұра: мына мен салған жерден-ақ мәселені аштым, деп жұрттың бәрін сәндірмек болады. Мәселен, автор социалистік сананы жасау мәселесін тіпті көтеріп те отырған жоқ, бұл мәселеде өзінің кімге қосылатынын: Каутскийге ме, әлде «экономистерге» ме, — мұны тура айтуға бата алмайды. Рас, «Социал-Демократтың» бірінші номерінде біздің «сыншымыз» едәуір батыл пікірлер айтты, онда ол тура «экономистердің» тілімен сөйлейді. Бірақ амал не? Ол кезде ол бір күйде болса, енді көңіл күйі «басқа» түрде, сондықтан, сынаудың орнына, ол бұл мәселеге жуымайды, мұның себебі, мүмкін өзінің хателеріне көзі жеткендіктен, бірақ бұл хателерін ашық мойындауға бата алмағандықтан болар. Жалпы айтқанда біздің автор екі оттың арасында қалды. Кімге қосылатынын ол ешбір ажырата алмайды. Егер «экономистерге» қосылса, онда ол Каутскийден және марксизмнен қол үзуге тиіс, бірақ бұл оған тиімсіз; ал егер «экономистерден» қол үзіп, Каутскийге қосылса, онда ол «көпшіліктің» дегеніне лажсыз қол қоюға тиіс, — бірақ бұған оның батылы жетпейді. Сонымен ол екі оттың арасында қала барады. Ал біздің «сыншы» енді қайтуі керек? Бұл жерде үн қатпай қалу керек, дейді ол, және шынында да қорқақтық етіп, жоғарыда қойылған мәселеге соқпай өтеді.

Сана енгізу туралы автор не айтады?

Бұл жерде де ол өзінің тайғақтығын, қорқақтығын көрсетеді. Ол мәселені бұрмалап, тым білгішсініп: «интеллигенция жұмысшы табына социализмді сырттан енгізеді» дегенді Каутский тіпті айтқан емес дейді (7-бет).

Дұрыс-ақ, бірақ мұны біз де, большевиктер де, айтып отырғанымыз жоқ қой, «сыншы» мырза-ау, сізге желдірменмен соғысудың не қажеті бар еді? Біздің пікірімізше, большевиктердің пікірінше, жұмысшы қозғалысына социалистік сананы енгізетін — социалдемократ интеллигенттер ғана емес, социалдемократия\* ; сіз мұны қалай түсінбейсіз? Сіз социалдемократиялық партияда тек интеллигенттер ғана бар деп неге ойлайсыз? Социал-демократияның қатарында интеллигенттерден гөрі алдыңғы қатарлы жұмысшылардың анағұрлым көп екенін сіз шынымен білмейсіз бе? Жұмысшы социалдемократтар жұмысшы қозғалысына социалистік сана енгізе алмай ма екен?

Автор бұл «дәлелінің» күшсіздігін өзі де сезетін тәрізді, сондықтан ол басқа «дәлелге» көшеді.

«Каутский былай деп жазады, — дейді тағы біздің «сыншы»: «Пролетариаттың тууымен бірге пролетарлардың өз басында да, пролетариаттың көзқарасын ұғынып алғандардың басында да табиғи лажсыздықтан келіп социалистік тенденция туады; социалистік ынтығу осылай туады». Пролетариатқа социализмнің сырттан енгізілмейтіндігі, қайта, оның пролетариаттан шығатындығы, сөйтіп оның пролетариаттың көзқарасын ұғынып алушылардың басына барып енетіні осыдан-ақ анық көрініп тұр» — деп біздің «сыншы» түсінік береді («Одақтық комитетке жауап», 8-бет).

Біздің «сыншы» осылай деп жазады да, мәселені

---

\* Қараңыз: «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер», 18-бет (осы томның 112-бетін қараңыз. *Ред.*)

ашқансып, өзінше әлдеқандай болады! Каутскийдің сөздерінен қандай мағна шығады? Социалистік ынтығу пролетариатта өзінен өзі туады деген ғана мағна шығады. Бұл, әрине, дұрыс. Ал біздің таласымыз социалистік ынтығу туралы емес, социалистік сана туралы! Бұлардың арасында қандай ұқсастық бар. Сондай-ақ, ынтығу мен сана екеуі бір нәрсе ме екен? «Социалистік тенденция» мен «социалистік сананы» автор шынымен-ақ ажырата алмай ма? Каутскийдің сөздерінен «социализм сырттан енгізілмейді» деп қортынды шығаруы оның ақыл-ой кемістігін көрсетпей ме? «Социалистік тенденцияның тууы» мен социалистік сананы енгізудің арасында қандай ұқсастық бар? Сол Каутскийдің өзі-ақ «социалистік сана дегеніміз пролетариаттың тап күресіне сырттан енгізілген нәрсе» демей ме екен? (Қараңыз: «Не істеу керек?», 27-бет).

Автор өзінің жалған жағдайға түсіп қалғанын сезетін тәрізді, сондықтан ол қортындысында лажсыз былай деп қосады: «Каутскийден келтірілген цитатадан шынында да таптық күреске социалистік сана сырттан енгізіледі деген мағна шығады» дейді (қараңыз: «Одақтық комитетке жауап», 7-бет). Бірақ сонда да болса ол осы ғылыми ақыйқатты тура және батыл мойындауға бата алмайды. Біздің меньшевик бұл жерде де өзінің тайғақтығын, қорқақтығын көрсетеді.

Міне басты-басты екі мәселеге «сыншы» мырза осындай екіұшты «жауап» береді.

Осы ірі мәселелерден өзінен өзі туатын басқа ұсақ мәселелер туралы не айтуға болады? Егер оқушы менің кітапшамды біздің автордың кітапшасымен

өзі салыстырып шықса, соның өзі жөн болар еді. Бірақ тағы да бір мәселені қозғай өтуіміз қажет. Егер авторға сенер болсақ, онда біздің пікіріміз бойынша «жік Аксельродты, Засуличті және Староверді съезд... редакторлыққа сайламағандықтан болған» көрінеді («Жауап», 13-бет), сонымен, оның айтуынша біз: «жікті жоққа шығарамыз, мұның принциптік терең мағнасын жасырамыз және бүкіл оппозицияны «бүлікшіл» үш редактордың ісі етіп көрсетеміз» (қараңыз: бұл да сонда, 16-бет).

Автор бұл жерде де мәселені былықтырып отыр. Әңгіме былай: мұнда екі мәселе — жіктің себебі туралы мәселе мен алауыздықтардың шығу формасы туралы мәселе қойылған.

Бірінші мәселеге мен былай деп тура жауап бергенмін: «Партиядағы алауыздықтардың қай негізде туғандығы енді айқын болып отыр. Көріп отырсыздар, біздің партия ішінде екі бағыт: пролетарлық табандылықтың бағыты мен интеллигенттік тұрлаусыздықтың бағыты білінді. Міне осы интеллигенттік тұрлаусыздықтың иесі қазіргі «азшылық» болып табылады» (қараңыз: «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер», 46-бет) \*. Көріп отырсыздар, мен бұл жерде алауыздықтарды Мартовтың — Аксельродтың мінезінен деп емес, біздің партияның ішінде интеллигенттік бағыт пен пролетарлық бағыттың бар болуынан деп түсіндіріп отырмын. Мартовтың және басқалардың мінезі — интеллигенттік тұрлаусыздықтың көрінісі ғана. Бірақ біздің меньшевик менің кітапшамның осы жерін ұқпаса керек.

---

\* Осы томның 142-бетін қараңыз. *Ред.*

Ал екінші мәселеге келер болсак, мен шынында да: «азшылықтың» басшылары «бірінші орындар» үшін көз жастарын төкті, партиялық күреске нақ осындай форма берді, деп айтқанмын және қашанда осыны айтам. Біздің автор мұны мойындағысы келмейді. Қайткенмен де «азшылық» басшыларының партияға бойкот жарыялағаны, Орталық Комитеттен, Орталық Органнан, Партия Советінен ашықтан-ашық орын талап еткені факт және мұның үстіне олар: «Партияның өмір сүруінің өзіне хауіп туғызып отырған дау-жанжалдан партияның аман қалуына мүмкіндік жасайтын бірден-бір шарттар ретінде біз осы шарттарды ұсынып отырмыз» деді («Комментарийді» қараңыз, 26-бет). «Азшылық» басшыларының туына жазылған нәрсе идеялық күрес емес, «орын үшін күрес» екенін көрсетпегенде, бұл нені көрсетеді. Жұртқа белгілі, олардың идеялық-принциптік күрес жүргізуіне ешкім кедергі болған жоқ. Большевиктер оларға: жеке орган кұрындар да, өз көзқарастарыңды қорғап бағындар, партия сендерге осындай органды кұрып бере алады, демеп пе еді («Комментарийді» қараңыз)? Егер оларға шынында керегі «бірінші орындар» болмай, принциптер болған болса, олар осыған неліктен көнбеді?

Бізде мұның бәрі меньшевиктік көсемдердің саяси тұрлаусыздығы деп аталады. Егер біз затты өз атымен атап отырсақ, сіздер оған ренжіменіңдер, мырзалар.

Жұмысшы қозғалысына социалистік сананың сырттан енгізілетіні жөнінде «азшылықтың» көсемдері бұрын марксизмнен және Лениннен алыс кетпеуші еді («Искраның» 1-номеріндегі программалық



мақаланы қараңыз). Бірақ кейін бұлар тайғақтай бастады да, кешегі күні өздері табынған нәрсесін өртеп, Ленинмен күреске түсті. Мен мұны о жаққа бір, бұ жаққа бір аласұрып жүгіру деп атадым. Меньшевик мырзалар, сіздер бұған да ренжіменіздер.

Кешегі күні сіздер орталықтарға табындыңыздар да, Орталық Комитетке неліктен сенімсіздік жасадыңдар деп бізге қарсы нажағай оғын аттыңыздар. Ал бүгін сіздер орталықты-центрді ғана емес, центризмнің өзін бұзып отырсыздар (қараңыз: «Бірінші жалпыроссиялық конференция»). Мен мұны принципсіздік деп атаймын, және бұл үшін сіздер, меньшевик мырзалар, маған ызалана қоймассыздар деп үміт етем.

Саяси тұрлаусыздық, орындар үшін күресу, тұрақсыздық, принципсіздік және осылар тәрізді басқа да белгілерді бір жерге жыйнар болсақ, бұлардан бір жалпы хасиет туады, ол хасиет — ең алдымен интеллигенттердің бойында болатын интеллигенттік тұрлаусыздық. Интеллигенттік тұрлаусыздықтың «орындар үшін күресті», «принципсіздікті» және басқаларды тудыратын негіз (базис) екені анық нәрсе. Ал интеллигенттердің тұрақсыздығы олардың қоғамдық жағдайынан туады. Партиядағы жікті біз міне осылай түсіндіреміз. Жіктің себебі мен оның формаларының арасында қандай айырма бар екенін сіз өзіңіз ақырында, түсіндіңіз бе, автор? Ай, күманым бар-ау.

Міне, «Социал-Демократ» пен оның ғажап «сыншысы» осындай сөлекет және екіжүзділік позицияда отыр. Бірақ оның есесіне бұл «сыншы» басқа бір

жөнде өзінің зор айлакер екендігін көрсетеді. Ол өзінің сегіз табақ кітапшасында, есебін тауып, большевиктерге қарсы сегіз рет өтірік айтқан, өтірік болғанда қандай, тіпті күле-күле ішегің қатады. Сенбейсіздер ме? Міне фактылар.

**Бірінші өтірік.** Автордың пікірі бойынша, «Ленин партияны тарылтқысы келеді, оны профессионалдардың тар көлемді ұйымына айналдырғысы келеді» (2-бет). Ал Ленин былай дейді: «Партия ұйымы тек профессионал революционерлерден ғана құрылуға тиіс деп ойламау керек. Бізге айрықша тар көлемді, астыртын ұйымдардан бастап, аса кең көлемді, еркін ұйымдарға дейін барлық түрдегі, барлық түстегі, барлық реңктегі барынша алуан-алуан ұйымдар керек» («Протоколдар», 240-бет).

**Екінші өтірік.** Автордың айтуы бойынша, Ленин «партияға тек комитет мүшелерін ғана енгізгісі» келеді (2-бет). Ал Ленин былай дейді: «Барлық топтар, үйірмелер, кіші комитеттер, т. т. комитеттік мекемелердің немесе комитеттің филиалдық бөлімдерінің жағдайында болуға тиіс. Бұлардың кейбіреулері Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясының құрамына кіргісі келетіні туралы турадан тура арыз етеді және, комитет бекіткен күнде, оның құрамына кіреді (қараңыз: «Жолдасқа хат», 17-бет) \* 48.

**Үшінші өтірік.** Автордың пікірі бойынша, «Ленин партия ішінде интеллигенттер үстемдігін кұруды та-

---

\* Көріп отырсыздар, Лениннің пікірі бойынша, Орталық Комитет қана емес, жергілікті комитеттер де ұйымдарды партияға енгізе алады.

лап етеді» (5-бет). Ал Ленин былай дейді: «Комитетте... мүмкін қадарынша, жұмысшылардың өз ішінен шыққан жұмысшы қозғалысының басты-басты көсемшелері болуға тиіс» (қараңыз: «Жолдасқа хат», 7—8-бет), яғни барлық басқа ұйымдарда ғана емес, комитетте де алдыңғы қатарлы жұмысшылардың дауыстары басым болуға тиіс.

**Төртінші өтірік.** Автордың айтуынша, менің кітапшамның 12-бетінде келтірілген: «жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады» деген цитата, т. т. «бастан аяқ ойдан шығарылған» (6-бет). Шынында мен бұл жерді «Не істеу керек?» деген кітаптан алдым да, аудардым. Оның 29-шы бетінде міне былай дейді: «Жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады, бірақ анағұрлым көп тараған (және үнемі барынша алуан түрлерде тіріліп отыратын) буржуазия идеологиясы онан бетер стихиялы түрде басқадан гөрі жұмысшыға байлана түседі» — дейді. Міне осы жері менің кітапшамның 12-ші бетінде аударылған. Ойдан шығарылған цитата деп біздің «сыншы» міне осыны айтып отыр! Мұның себебі автордың жаңылшақтығынан ба, әлде бұзықтығынан ба, біле алмай қойдым.

**Бесінші өтірік.** Автордың пікірі бойынша, «Ленин еш жерде жұмысшылар «табиғи қажет түрде» социализмге аяқ басады деп айтқан емес» (7-бет). Ал Ленин «жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады» дейді («Не істеу керек?», 29-бет).

**Алтыншы өтірік.** «Жұмысшы табына социализмді сырттан енгізетін — интеллигенция» деп айтты деп, автор бұл ойды маған тағады (7-бет). Ал мен болсам: қозғалысқа социалистік сананы енгізетін — (со-

циал-демократ интеллигенттер ғана емес) социал-демократия деймін (18-бет).

**Жетінші өтірік.** Автордың пікірі бойынша, Ленин: социалистік идеология «жұмысшы қозғалысына мүлде байланыссыз» туды депті (9-бет). Ал кұман жоқ, мұндай пікір Лениннің ойына да келген емес. Ленин: социалистік идеология «жұмысшы қозғалысының стихиялы өсуіне мүлде байланыссыз» туды деген («Не істеу керек?», 21-бет).

**Сегізінші өтірік.** «Плеханов «азшылықтан» кете бастады» деген менің сөзімді автор «бұл — өсек» дейді. Ал оның бержағында менің сөзім расқа шықты. Плеханов «азшылықтан» әлдеқашан кетіп қалды... \*

Мен ұсақ өтіріктерін тіпті сөз қылмаймын, автор өзінің кітапшасын мұндай өтіріктермен мейлінше тұздықтапты.

Бірақ, мойынға алу керек, автор қалайда бір шын сөз айтыпты. Ол бізге былай дейді: «қанша да болса белгілібір ұйым өсекті кәсіп ете бастаса, — оның күні санаулы» (15-бет). Мұнысы, әлбетте, нағыз ақыйқат. Мәселе тек өсек айтушының кім екенінде болып отыр: өзінің ғажап рыцары мен «Социал-Демократ» па, әлде Одақтық комитет пе? Билігін оқушы өзі айтар.

Тағы да бір мәселе бар, сонсын осымен аяқтаймыз. Автор әлдеқандай маңызданып: «Плехановтың пікірлерін қайталап айтасың деп Одақтық комитет бізге

---

\* Міне енді осы автордың, «Социал-Демократтың» 5-номерінде үшінші съезге қатысты фактыларды бурмаладыңдар деп бізге кіна тағуға батылы барады.

кіна қояды. Плехановтың, Каутскийдің және басқа аса белгілі марксистердің пікірлерін қайталап айтуды біз өзімізге дәреже деп табамыз» (15-бет) дейді. Демек, сіздер Плеханов пен Каутскийдің пікірін қайталап айтуды өздеріңізге дәреже деп санайды екенсіздер ғой. Дұрыс-ақ мырзалар. Ал ендеше тыңдаңыздар:

Каутский: «социалистік сана дегеніміз пролетариаттың тап күресінен стихиялы түрде туған нәрсе емес, оған сырттан енгізілетін нәрсе» дейді («Не істеу керек?» деген кітапта Каутскийден келтірілген цитатаны қараңыз, 27-бет). Сол Каутскийдің өзі: «социал-демократияның міндеті пролетариатқа өз тұрмысын, өз міндеттерін ұғынарлық сана-сезім енгізу болып табылады» дейді (мұны да содан қараңыз). Сіз, меньшевик мырза, Каутскийдің осы сөздерін қайталап шығып, біздің құманымызды тарататын боларсыз деп сенеміз.

Плехановқа көшелік. Плеханов былай дейді: «...Қабылдана қойған күнде, Лениннің жобасы \* көптеген жұмысшыларға біздің партияның есігін жапқан болар еді деп жұрттың неліктен ойлайтынына да түсінбеймін. Партияға кіргісі келген жұмысшылар ұйымға енуден қорқпайды. Оларға тәртіп қорқынышты емес. Ұйымға енуден буржуазиялық жекешілдік әбден бойына сіңіп болған көптеген интеллигенттер қорқады. Бірақ осының өзі жақсы. Бұл буржуазиялық жекешілдер әдетте тағы да сол түрліше оппортунизмнің уәкілдері болып табылады. Біз бұларды өзімізден

---

\* Әңгіме партия уставының 1-параграфы жөніндегі Ленин мен Мартовтың тұжырымдары туралы болып отыр.

аулақ ұстауымыз керек. Лениннің жобасы бұлардың партияға баса-көктеп кіруіне қарсы тосқауыл бола алады, міне бір ғана осы себептен бұл жоба үшін оппортунизмге қарсылардың бәрі дауыс беруге тиіс» (қараңыз: «Протоколдар», 246-бет).

Сіз, «сыншы» мырза, бет перденізді алып тастап, пролетарлық туралықпен Плехановтың осы сөздерін қайталап шығарсыз деп сенеміз.

Егер сіз мұны істемесеңіз, онда сіздің баспасөз бетінде айтқандарыңыз ойланылмаған және беталды айтылған сөз болып шыққаны.

*„Пролетариатис Брძოლა“  
(„Пролетариат Күресі“) газеті, № 11,  
15 август, 1905 ж.*

*Мақалаға қол қойылмаған*

*Орысшасы грузин тілінен аударылған*

---

---

## РЕАКЦИЯ КҮШЕЮДЕ

Біздің үстімізге қара бұлт төніп келеді. Қаусаған самодержавие басын көтеріп, «оқпен де, өртпен де» қаруланып отыр. Реакция өршіп келеді! Арамза самодержавиені нығайтуды көздейтін патша «реформалары» туралы бізге айтпай-ақ қойсын: «реформалар» деген — оқ пен қамшыны бүркемелеу; айуандық бейнеге көшкен патша үкіметі бізді осы оқпен және қамшымен барынша сыйлап отыр.

Елдің өз ішінде қан төгуден үкіметтің сақтанған кезі болған. Ол кезде үкімет «сыртқы жаумен» соғыс жүргізді, сондықтан оған «ішкі тыныштық» қажет болды. Сондықтан да ол қаулап келе жатқан қозғалысқа «үстірт» қарап, «ішкі жауларға» бірсыпыра «немқұрайдылық» жасады.

Енді басқа дәуір туды. Революцияның елесінен үрейленген патша үкіметі «сыртқы жаумен», Япониямен, бітім жасауға асықты, сонымен күштерін жыйып, «ішкі жауды» «әбден» ауыздықтамақ болды. Сөйтіп, реакция басталды. Патша үкіметі бұдан әлдеқайда бұрын «Московские Ведомостилерде»<sup>49</sup> өзінің «жоспарларын» ашып берді. Бұл реакцияшыл газет былай

деп жазды: Үкіметке... «екі соғысты... сыртқы соғыс пен ішкі соғысты қатар жүргізуге тура келді. Егер ол екі соғыстың екеуін де жеткілікті жігермен жүргізе алмаса... оның шінара себебі — бір соғыс бір соғысқа кедергі жасады... Енді егер Қыйыр Шығыстағы соғыс тоқтаса...», онда үкіметтің «...ақырында, ішкі соғысты да жеңіспен тоқтатуына...» «ішкі жауларды»... «өш-бір келісімсіз басуына қолы босайды»... «Соғыс тоқтасымен Россияның (үкіметтің — деп оқы) барлық назары өзінің ішкі тіршілігіне және көбінесе ылайсанды басуға ауады» (18 августағы «Московские Ведомостиді» қараңыз).

Патша үкіметінің Япониямен бітім жасағандағы «жоспарлары» міне осындай болған.

Одан соң, бітім жасалысымен, патша үкіметі осы жоспарларын өзінің министріне қайта айтқызды: «Россияның әсіре партияларын қанға бояймыз» деді министр. Үкімет өзінің тағайындаған адамдары мен генерал-губернаторлары арқылы жоғарыда айтылған «жоспарларды» қазірдің өзінде-ақ жүзеге асыра бастады: үкіметтің Россияны соғыс лагеріне айналдыруы тегін емес, оның қозғалыс орталықтарын казактар мен солдаттарға толтырып, пулеметтерді пролетариатқа қарсы кезеуі тегін емес, — бұған қарағанда үкімет ұлан-байтақ Россияны қайтадан екінші рет жаулап алуға дайындалып жатыр деп ойлауға болады!

Көріп отырсыздар, үкімет революцияға қарсы соғыс жарыялап отыр және өзінің алғашқы соққыларын революцияның алдыңғы отрядына — пролетариатқа қарсы жұмсап отыр. Үкіметтің «әсіре партияларға» көрсетіп отырған доктарын осылай ұғу керек. Ол,



әрине, шаруаларды да «кұралақан қоймайды», егер олардың «ақыл-ойы жеткіліксіз» болып, адамша тіршілік етуді талап етсе, оларды үкімет қамшымен және оқпен барынша сыйлайды, — ал әзірге үкімет оларды алдауға әрекет жасайды; оларға жер беруге уәде етіп, Думаға шақырады, болашақта «нешетүрлі бостандық» бермекші болады.

«Таза жұртты» алатын болсаңыз, әрине, үкімет олармен «сыпайы» түрде сөйлеседі және олармен одақ жасауға тырысады: шынында, Мемлекеттік думаның өзі де сол үшін жасалып отыр. Либерал буржуа мырзалардың «келісім» жасаудан бас тартпайтындығын айтудың да қажеті жоқ. Олар 5 августа өздерінің көсемі арқылы патша реформаларына рыйза екендіктерін мәлімдеді: «...Россия... Францияның революциялық жолына түспеуі үшін барлық күшті салу керек» (5 августағы «Русские Ведомостиден»<sup>50</sup> Виноградовтың мақаласын қараңыз). Зұлым либералдардың Николай II-ден гөрі революцияға тезірек опасыздық жасайтындығын айтып жатудың қажеті жоқ. Мұны олардың соңғы съезі айқын көрсетті...

Бір сөзбен айтқанда, халық революциясын таптау үшін патша үкіметі барлық күшін салып отыр.

Пролетариатқа оқ, шаруаларға жалған уәде, ірі буржуазияға «право», — реакция міне осындай құралдармен қаруланып отыр.

Не өлу, не революцияны талқандау — самодержавиенің бүгінгі ұраны осы.

Екінші жағынан, революция күштері де қарап отырмай, өзінің ұлы жұмысын жүзеге асыруда. Соғыс нәтижесінде шиеленіскен дағдарыс және жиі-жиі бола бастаған саяси стачкалар бүкіл Россия пролетариа-

тын сергітіп, оны патша самодержавиесіне қарама-қарсы тұрғызды. Соғыс жағдайы пролетариатты үрейлендірмегені былай тұрсын, — қайта, отқа май құйып, жағдайды бұрынғысынан да шиеленістіре түсті. Пролетарлардың: «Патша үкіметі жойылсын, патша Думасы жойылсын!» деп талай айқай салғанын естіген адам, жұмысшы табының жүрегінің соғуына дұрыстап құлақ қойған адам — революцияның көсемі болып табылатын пролетариаттың революциялық рухы өршіген үстіне өрши түсетіндігіне ешбір күманданбайды. Ал шаруаларды алатын болсақ, соғыс мобилизациясы, олардың семьясындағы жақсы қызметкерлерді соғысқа айдап, отбасына ойған салған осы мобилизацияның өзі оларды қазіргі құрылысқа қарсы көтерді. Оның үстіне бұған 26 губернияны қамтыған аштық қосылғанын еске алсақ, көп азап шегіп отырған шаруалардың қандай жолға түсуге тиіс екенін түсіну қыйын емес. Ақырында, солдаттар да үн шығара бастады, ал бұл үн күннен күнге самодержавие үшін көбірек хатерлі сыйпат алып барады. Самодержавиенің тірегі — казактар солдаттардың өшпенділігін тұғыза бастады: жақында Новая Александрияда солдаттар үш жүз казакты сілейтіп салды\*. Мұндай фактылардың саны біртіндеп өсуде...

Бір сөзбен айтқанда, тұрмыс революцияның жаңа толқынын дайындауда, ол толқын біртіндеп күшейіп, реакцияға қарсы көтерілуде. Москва мен Петербургтегі соңғы уақытталар — сол толқынның хабаршысы. Біз осы уақытталардың бәріне қалай қарауы-

---

\* Қараңыз: «Пролетарий»<sup>51</sup> № 17.

мыз керек, біздер, социал-демократтар, не істеуіміз керек?

Егер меньшевик Мартовтың айтқанын істесек, онда біз патша самодержавиесінің негіздерін біржолата кұрту үшін бүгіннен бастап Құрылтай жыйналысын сайлауымыз керек. Оның ойынша, Думаға жарыя сайлаулармен қатар кұпия сайлаулар да жүргізілуі керек. Сайлау комитеттері кұрылуға тиіс, олар «халықты жаппай дауыс беру арқылы өздерінің уәкілдерін сайлауға шақырады. Бұл уәкілдер белгілі бір уақытта бір қалаға барып, өздерін Құрылтай жыйналысымыз деп жарыялауға тиіс...» «Самодержавиені жою» осылайша «жүзеге асырылуы керек» \*. Басқаша айтқанда, самодержавие өмір сүріп отырғанына қарамастан, біз қалайда бүкіл Россияда жалпыға бірдей сайлау жүргізе алатын болып шығамыз! Самодержавие ойран салып отырғанына қарамастан, халықтың «кұпия» уәкілдері қалайда өздерін Құрылтай жыйналысымыз деп жарыялап, демократиялық республика орната алатын болып шығады! Қаруланудың да, көтерілістің де, уақытша үкіметтің де керегі жоқ екен, — өйткені демократиялық республика өзінен өзі туады, тек «кұпия» уәкілдер өздерін Құрылтай жыйналысымыз деп жарыяласа болғаны! Ақкөңіл Мартов тек мұндай таңғажайып «Құрылтай жыйналысы» күндердің күнінде Петропавловск қорғанына отырып қалатынын ұмытқан. Буржуазиялық ермек ойынмен айналысуға Россиядағы практиктердің уақыты жоқ екенің Женевадағы Мартов ұқпайды.

---

\* Қараңыз: «Пролетарий» № 15, онда Мартовтың «жоспары» келтірілген.

Жоқ, біздің істейін дегеніміз басқа.

Қаражүз реакция арамза күштерін жыйнауда және соларды біріктіруге бар күшін салуға тырысуда,— біздің міндетіміз социал-демократиялық күштерді жыйнап, оларды тығыз ұйымдастыру болып табылады.

Қаражүз реакция Дума шақыруда, ол өзіне жаңа одақтастар тауып, контрреволюция армиясын көбейткісі келеді,— біздің міндетіміз Думаға белсенді бойкот жарыялап, бүкіл дүниеге оның контрреволюциялық бейнесін әшкерелеп, революцияны жақтаушылардың қатарын арттыру болып табылады.

Қаражүз реакция революцияға қарсы жанталаса шабуыл жасауда, ол біздің қатарымызға іріткі салып, халық революциясына көр қазғысы келеді,— біздің міндетіміз қатарымызды нығайтып, барлық жерде бір мезгілде патша самодержавиесіне қарсы шабуыл жасап, патша самодержавиесін біржолата құрту болып табылады.

Бізге керегі — Мартовтың қағаздан қалаған үйі емес, жаппай көтеріліс.

Халықты күтқару — халықтың өзінің жеңімпаз көтерілісіне байланысты.

Не өлу, не революцияның жеңуі — біздің бүгінгі революциялық ұранымыз осы болуы керек.

*„Пролетариатис Ердзола“  
(„Пролетариат Күресі“) газеті № 12,  
15 октябрь, 1905 ж.*

*Мақалаға қол қойылмаған*

*Орысшасы грузин тілінен аударылған*

---

---

## БУРЖУАЗИЯ ҚАҚПАН КҰРУДА

Сентябрьдің орта шенінде «земство мен қала қайраткерлерінің» съезі болып өтті. Бұл съезде Орталық комитеті бар және әртүрлі қалаларда жергілікті органдары бар жаңа «партия»<sup>52</sup> құрылды. Съезд «программа» қабылдап, «тактикасын» белгіледі және дербес үндеу жасап шығарды, ол үндеуді жаңа ғана шаранасынан шыққан «партия» халыққа таратпақшы. Қысқасы, «земство мен қала қайраткерлері» өздерінің меншікті партиясын құрды.

Бұл «қайраткерлер» кім, олардың аты қалай?

Леберал буржуалар.

Леберал буржуалар кім?

Дәулетті буржуазияның әдейі шыққан уәкілдері.

Дәулетті буржуазия — біздің келісімге келмейтін жауымыз, олардың байлығы — біздің кедейлігіміздің нәтижесі, олардың қуанышы — біздің қайғымыздың нәтижесі. Олардың әдейі шыққан уәкілдерінің біздің қас дұшпанымыз болатыны айқын, бұлар бізді әдейі талқандауға тырысады.

Сөйтіп, халық жауларының «партиясы» құрылды, ол халыққа өзінің үндеуін таратпақшы болып отыр.

Бұл мырзалар нені талап етеді, өз үндеуінде олар не үшін күреспекші?

Олар социалистер емес, олар социалистік қозғалысты жек көреді. Демек, олар буржуазиялық тәртіптерді нығайтады және өліспей беріспейтін болып, пролетариатпен күреседі. Сондықтан да олар буржуазия топтары арасында зор тілектестікке ие болып отыр.

Олар демократтар да емес, олар демократиялық республиканы жек көреді. Демек, олар патшалық таж-тақты нығайтады және көп азап шегіп отырған шаруалармен де аянбай күреседі. Сондықтан да Николай II олардың жыйналысына «жол беріп», оларға «партия» съезін шақыруға рұхсат етті.

Олар патшаның правосын шамалап қана азайтқысы келеді, онда да бұл праволар буржуазияның қолына көшетін болса ғана осылай етпекші. Олардың ойынша, дәулетті буржуазияның пролетариатқа қарсы пайдаланатын сенімді тірегі ретінде патша өкіметі сақталуға тиіс. Сондықтан олар өздерінің «конституция жобасында»: «Романовтардың тағы қол сұғылмай сақталуға тиіс» дейді, яғни олар шек қойылған монархиялы шолақ конституцияны талап етеді.

Либерал буржуа мырзалардың халыққа да сайлау праволары берілуіне «ешбір қарсылығы жоқ», бірақ олар бұған халық уәкілдерінің палатасының үстінен байлар палатасы билеп отырса ғана, байлар палатасы халық уәкілдері палатасының қаулы-қарарларын түзеп, бұзуға қалайда тырысатын болса ғана көнеді. Сондықтан да олар өздерінің программасында: «бізге екі палата керек» дейді.

Либерал буржуа мырзалар сөз, баспасөз және

одақтасу бостандығы берілуіне де «өте қуанады», тек стачка жасау бостандығына шек қойылса болғаны дейді. Сондықтан да олар, қайдағыбір «экономикалық реформалар» туралы фарисейлікпен былшылдағаннан басқа, стачка бостандығы туралы ашып өшнәрсе айтпастан, «адам мен азаматтың праволары туралы» көп мылжындайды.

Бұл таңғажайып мырзалар өздерінің қайрымдылығынан шаруаларды да кұр қалдырмайды, — помещик жерлерінің шаруалар қолына көшуіне олардың «ешбір қарсылығы жоқ», бірақ олар бұған шаруалар ол жерлерді «тегін алмай», помещиктерден сатып алса ғана көнеді. Бұл дүмше «қайраткерлердің» қайрымдылығы, бақсақ, міне осындай екен.

Егер олар осы тілектерінің бәрі жүзеге асқанға дейін өмір сүрсе, ақырында патшаның праволары буржуазияның қолына көшіп, патша сәмодержавиесі біртіндеп буржуазия сәмодержавиесіне айналады. «Земство мен қала» қайраткерлері бізді міне осыған сүйрейді. Сондықтан да олар халық революциясынан түсінде де шошып оянады және «Россияны тыныштандыру» туралы көп сөйлейді.

Бұдан кейін бұл аңқау «қайраткерлердің» Мемлекеттік дума дегеннен зор үміт күтетініне таңырқауға болмайды. Патша Думасы дегеніміз халық революциясын жоққа шығару екені жұртқа мәлім, ал бұл біздің либерал буржуаларға өте тиімді. Патша Думасының дәулетті буржуазияға «анау-мынау» қызмет беретіндігі жұртқа мәлім, ал бұл біздің либерал буржуаларға өте қажет. Сондықтан да олар өздерінің бүкіл «программасын», бүкіл қызметін Думаның өмір сүруіне байланыстырып жасайды, — Думаның кұла-

уымен бірге олардың барлық «жоспарлары» да талқандалады. Сондықтан да олар Думаға бойкот жарыялаудан қорқады, сондықтан да олар бізге Думаға еруге кеңес береді. Олар өздерінің көсемі Якушкиннің сөзімен айтқанда: «Егер біз патша Думасына қатнаспасақ, бұл үлкен хате болады» дейді. Шындығында да бұл «үлкен хате» болған болар еді, бірақ кім үшін: халық үшін бе, әлде оның жаулары үшін бе, — мәселе міне осында.

Патша Думасының міндеті не, бұл туралы «земство мен қала қайраткерлері» не дейді?

«...Думаның бірінші және басты міндеті — Думаның өзін қайта кұру», — дейді олар өздерінің үндеуінде... «Сайлаушылар сайлауды өткізушілерді бәрінен бұрын Думаны қайта кұрғысы келетін кандидаттарды сайлауға міндеттеу керек», — дейді олар сол үндеуінде.

Бұл «қайта кұру» дегеннің мәнісі не? Оның мәнісі сол — Думаның «заңдар шығаруда»... және мемлекеттік табыстар мен шығыстарды талқылауда шешуші даусы болсын... және министрлердің ісін бақылауға. правосы болсын». Яғни сайлауды өткізушілер бәрінен бұрын Думаның праволарын кеңейтуді талап етулері керек. Думаны «қайта кұру» дегеннің мәнісі осы өкен. Думаға ілігетіндер кімдер? Көбінесе ірі буржуазия. Думаның праволарын кеңейту ірі буржуазияны саяси жағынан күшейту болып табылатыны айқын. Сондықтан да «земство мен қала қайраткерлері» халыққа: Думаға либерал буржуаларды сайлау керек және оларға бәрінен бұрын ірі буржуазияны күшейтуге көмектесуді жүктеу керек деп кеңес береді! Біз бәрінен де бұрын және бәрінен де көбірек өз қо-



лымыздан өз жауларымызды күшейтуге тырысуымыз керек, — қазір бізге либерал буржуа мырзалар осындай кеңес беріп отыр. Несін айтасың, өте-мөте «достық» кеңес! Ал халықтың праволары ше, ол туралы кім ойлайды? Е, несін айтасың, либерал буржуа мырзалар халықты ұмытпайды. Олар: өзіміз Думаға еніп алған кезде, онда орнығып нығайған кезде, халыққа да праволар берілуін талап етеміз деп сендіреді. Міне осындай фарисейлікке салып, «земство мен қала қайраткерлері» өздерінің дегеніне жете қоймақшы... Олардың бізге бәрінен бұрын Думаның праволарын кеңейтуге кеңес беруі міне осы себептен екен...

Жаудың берген кеңесі бізге зыян болады, — деген Бебель. Жауымыз: Думаға қатысындар деп кеңес береді, — Думаға қатысудың бізге зыян екені айқын. Жауымыз: Думаның праволарын кеңейтіндер деп кеңес береді, — Думаның праволарын кеңейту бізге зыян екені айқын. Думаға сенім бұзылсын және Дума халықтың көз алдында масқаралансын, — міне біз осыны істеуіміз керек. Думаның праволары емес, халықтың праволары кеңейтілсін, — міне бізге керегі осы. Ал сонымен бірге әлгі жауымыз бізге тәтті сөздер айтып, бізге қайдағыбір «праволарды» ұсынып отырса, мұның өзі — ол бізге қақпан кұрып, біздің қолымызбен өзіне қамал орнатқысы келіп отыр деген сөз. Либерал буржуалардан біз онды нәрсе күте алмаймыз.

Ал сіз бізге либерал буржуалардың тактикасын уағыздап отырған кейбір «социал-демократтар» туралы не айтасыз? Сіз бізге біздің жауымыздың арамза кеңестерін сөзбе-сөз қайталап отырған Кавказ «азшылығы» туралы не айтасыз? Міне, мәселен, Кавказ «аз-

шылығы» былай дейді: «Біз Мемлекеттік думаға қатысуды қажет деп таниймыз» (қараңыз: «Екінші конференция», 7-бет). Либерал буржуа мырзалардың «қажет деп танығанындай» дәлме-дәл шығады.

Дәл сол «азшылық» бізге былай деп кеңес береді: «Егер де Булыгин комиссиясы... депутаттар сайлау правосын тек дәулеттілерге берсе, онда біз бұл сайлауға араласуымыз керек және революциялық жолмен, сайлаушыларға алдыңғы қатарлы кандидаттарды сайлаттыруымыз керек, Земство жыйлысында Кұрылтай жыйналысын талап еттіруіміз керек. Ақырында, барлық шараларды қолданып... Земство жыйылысына Кұрылтай жыйналысын шақыртуымыз керек немесе өзін Кұрылтай жыйналысы деп жарыялаттыруымыз керек» (қараңыз: «Социал-Демократ» № 1). Яғни, тіпті сайлау правосы тек дәулеттілерге берілсе де, тіпті Думаға тек дәулеттілер жыйналса да бәрібір, біз қалайда дәулеттілердің бұл жыйналысына Кұрылтай жыйналысының праволары берілуін талап етуіміз керек екен! Тіпті халық праволары кемітілсе де бәрібір, біз қалайда Думаның праволарын мүмкін қадарынша көбірек кеңейтуге тырысуымыз керек екен! Егер сайлау праволары тек дәулеттілерге берілсе «алдыңғы қатарлы кандидаттарды» сайлау деген кұрғақ сөз болып қалатындығын айтып жатудың да қажеті жоқ.

Жоғарыда көрдіңіздер, либерал буржуалар да бізге дәл осыны уағыздайды.

Екінің бірі: не либерал буржуалар «азшылыққа» айналған, не Кавказ «азшылығы» либералға айналған.

Қалай болғанда да, күман жоқ, либерал буржуалардың жаңада ғана шаранасынан шыққан «партиясы» өзінің қақпанын шебер кұрып отыр...

Бұл қақпанды талқандап, оны жұртшылыққа әйгілеу, халықтың либерал жауларымен аянбай күресу, — міне енді бізге керегі осы.

*„Пролетариатис Брძოლა“  
(„Пролетариат Күресі“) газеті № 12,  
15 октябрь, 1905 ж.*

*Мақалаға қол қойылмаған*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

---

## АЗАМАТТАР!

Күшті алып — бүкілроссиялық пролетариат тағы да қозғалды... Россияның барлық жерлерінде стачкалық қозғалыс кең етек алды. Нақ бір сыйқыршының дуасымен болғандай, Россияның кеңбайтақ жерінде тіршілік кілт тоқтады. Бір Петербургтің өзінде, оның темір жолдарын қосқанда, миллионнан астам жұмысшы ереуіл жасады. Москва — Романовтарға шын берілген, бүлк етпейтін момақан ескі астана — революция өртімен тегіс қамтылды. Харьков, Киев, Екатеринослав, мәдениет пен өнеркәсіптің басқа да орталықтары, бүкіл орта және оңтүстік Россия, бүкіл Польша, ақырында, бүкіл Кавказ тоқтап, самодержавиеге қатулы назарын тігуде.

Не болар екен? Бүкіл Россия мазасызданып, демін ішіне тартып осы сұраққа жауап күтуде. Қарғыс атқан екі басты аждаһаны пролетариат жөкпе-жекке шақырып отыр. Бұл шақырудан кейін шын шайқасу бола ма, стачка қарулы ашық көтеріліске айнала ма, әлде бұрынғы стачкалар сыяқты «бейбіт» аяқталып, «тыныштала ма»?

Азаматтар! Бұл сұраққа жауап қандай болғанмен

де, бұл стачка қалай біткенмен де, жұрттың бәріне мынадай бір нәрсе анық күмансыз болуға тиіс: біз бүкіл Россияның бүкіл халық көтерілісі қарсаңында тұрмыз, — бұл көтерілістің сағаты таяу. Қазір басталып отырған, өзінің орасан зорлығы жағынан Россияның ғана емес, бүкіл дүние жүзінің тарихында бұрын болып көрмеген, теңдесі жоқ жаппай саяси стачка бүкілхалықтық көтеріліске ұласпай-ақ, бәлкім, тіпті бүгін аяқталуы мүмкін, бірақ бәрібір бұл ертең зор күшпен тағы да елді сілкіндіреді және орыс халқы мен патша самодержавиесі арасындағы ғасырлық дауды шешетін, жексұрын самодержавиенің басын езгілейтін орасан зор қарулы көтеріліске ұласады.

Бүкілхалықтық қарулы көтеріліс — біздің еліміздің соңғы кездегі саяси және қоғамдық өміріндегі уақыт-ғалардың барлық жыйынтығы тарихи жағынан ылажсыз әкеліп соқтыратын тағдыр шешімі осы! Бүкілхалықтық қарулы көтеріліс — қазіргі уақытта Россия пролетариатының алдында тұрған және қалайда шешілуін талап етіп отырған ұлы міндет осы.

Азаматтар! Пролетариаттың ұранына үн қосу, солармен бірге азаттыққа жеткізетін осы бүкілхалықтық көтеріліске қарай ұмтылу сіздердің, ат төбеліндей финанс және жер аристократиясынан басқаларыңыздың өз мүдделеріңіз үшін керек.

Қылмысты патша самодержавиесі біздің елімізді өлім халіне жеткізді. Жүз миллиондаған Россия шаруасының күйзелуі, жұмысшы табының езіліп, сорлық халге ұшырауы, мемлекетке төленетін шамадан тыс борыштар мен ауыр салықтар, бүкіл халықтың правосыздығы, өмірдің барлық салаларындағы шексіз зорлық-зомбылық, ақырында, азаматтардың тірші-

лік заттары мен дүниесінің мүлде кемтарлығы — қазіргі Россияның аянышты күйі міне осы. Бұл халдің ұзаққа созыла беруі мүмкін емес! Барлық осы қаратүнек сұмдықтарды жасаған самодержавие жойылуға тиіс! Ол жойылады да! Самодержавие осыны сезеді және ол осыны неғұрлым сезген сайын, бұл сұмдықтар соғұрлым күшейе түсуде, самодержавиенің өзінің төңірегінде жасап отырған дозақы істері соғұрлым қорқынышты бола түсуде. Қалалардың көшелерінде самодержавиенің жүздеген, мыңдаған жазықсыз азаматтарды — жұмысшыларды өлтіруінен басқа, түрмелерде, айдауда халықтың маңдай алды ұлдарын — он мыңдаған жұмысшылар мен интеллигенттерді зарлатудан басқа және деревняларда, шаруалар арасында, Россияның барлық жерлерінде патша баскерлерінің дамылсыз кісі өлтіруінен, зорлық-зомбылығынан басқа, — самодержавие ақырында тағы жаңа сұмдықтар ойлап шығарып отыр. Самодержавие халықтың арасына араздық, өшпенділік отын себетін болды, халықтың жеке топтарын, бүтіндей ұлттарды бір-біріне қарсы қойды. Самодержавие орыс бұзақыларын қаруландырып, орыс жұмысшылары мен интеллигенттеріне қарсы айдап салды, Бессарабиядағы көптеген қараңғы, аш орыстар мен молдавандарды еврейлерге қарсы айдап салды, ақырында көптеген надан, фанатик татарларды армяндарға қарсы айдап салды. Ол татарлардың көмегімен Россияның революциялық орталықтарының бірін, Кавказдың ең революциялық орталығын — Бакуды талқандады және бүкіл армян провинциясын революциядан шошындырды. Ол бүкіл көп нәсілдес Кавказды соғыс лагеріне айналдырды, мұндағы халықтар минут сайын само-

державиенің шабуылынан ғана емес, самодержавиенің бақытсыз кұрбандығы болып отырған көршілес тайпалардың шабуылынан да зәрелері ұшуда. Осылай болып кете бөруі мүмкін емес! Мұның бәріне тек революция ғана тоқтау салады!

Барлық осы дозақы сұмдарды шығарған самодержавие бұл сұмдықтарды өзі тілеп тоқтатады, тоқтату қолынан келеді деп күту сорақы және күлкі болар еді.

Либералдық партиялар қанағаттанғысы келетін Мемлекеттік Дума, земство және басқалар сыяқты ешбір реформалар, самодержавиеге жапсырылған ешбір жамаулар бұл сұмдықтарды кұрта алмайды. Қайта, бұл жөнінде жасалған әрекет атаулының бәрі және пролетариаттың революциялық қарқынына қарсы шығушылық бұл сұмдықтардың күшеюіне жағдай тудырады.

Азаматтар! Осы уақытқа дейін самодержавиеге қарсы күрестің бәрін өз басынан атқарған, біздің қоғамымыздың ең революцияшыл табы, самодержавиенің ең батыл қас дұшпаны болып табылатын пролетариат қару алып, ашық шабуыл жасауға дайындалуда. Міне осы пролетариат сіздерді, қоғамның барлық таптарын жәрдемге, көмекке шақырып отыр. Қаруланьндар, пролетариаттың қарулануына жәрдемдесіндер, шешуші ұрысқа әзірленіндер.

Азаматтар! Көтеріліс сағаты таяу! Оны бәріміз толық әзірлікпен қарсы алуымыз қажет! Осылай еткенде ғана, жер-жердің бәрінде де, бір уақыттың ішінде жаппай қарулы көтеріліс жасаудың арқасында ғана біз өзіміздің зұлым жауымызды — қарғыс атқан патша самодержавиесін жеңе аламыз және

оның қыйраған жұртында өзімізге қажет ерікті демократиялық республика құра аламыз.

Самодержавие жойылсын!

Жаппай қарулы көтеріліс жасасын!

Демократиялық республика жасасын!

Күресіп жатқан Россия пролетариаты жасасын!

*РСДЖП-ның Тифлистік комитетінің*

*баспаханасында 1905 ж. октябрьде*

*баспаған үндеуаттың тексті*

*бойынша басылып отыр*

*Қол қойған: Т и ф л и с т і к к о м и т е т*



---

---

## БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА

Революция қыза түсуде! Россияның революцияшыл халқы бас көтерді, сөйтіп, сұрапыл шабуыл жасау үшін патша үкіметін қоршап алды! Қызыл тулар желбіреуде, баррикадалар жасалуда, халық қолына қару алып, мемлекеттік мекемелерге сұрапыл шабуыл жасауда. Ержүректілердің шақырған үні тағы шықты, тынған өмір қайта жаңғырды. Революция кемесі желкемін көтеріп, бостандыққа қарай есіп барады. Бұл кемеңі бастап бара жатқан — Россия пролетариаты.

Россия пролетарлары нені тілейді, олар қайда бет алып отыр?

Патша Думасын жоямыз, бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысын жасаймыз — міне Россия пролетарлары бүгін осылай дейді. Пролетариат үкіметтен ұсақ жеңілдіктер талап етпейді, ол үкіметтен бірқатар қалалар мен селоларда «соғыс тәртібі» мен «экзекуцияны» жоюды талап етпейді, — пролетариат мұндай ұсақ-түйекке бармайды. Кімде-кім үкіметтен жеңілдік талап етсе, ол үкіметтің өлетініне сенбейді, — ал пролетариат үкіметтің өлетініне кәміл сенеді.

Қімде-кім үкіметтен «жеңілдік» күтсе, ол революцияның күшіне сенбейді, — ал пролетариат революцияның күшіне кәміл сенеді. Жоқ! Пролетариат өзінің жігерін ретсіз талаптарға ысырап етпейді. Патша самодержавиесіне оның қоятын талабы біреу-ақ: жойылсын, құрысын самодержавие! Мінекей, Россия жерінде жұмысшылардың: Мемлекеттік Дума жойылсын! Бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысы жасасын! деген революцияшыл үні бірден бірге батыл шығып отыр. Міне Россия пролетариаты бүгінгі күні осыған талпынуда.

Патша бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысын бермейді, патша өзінің самодержавиесін өзі жоймайды, — ол мұны істемейді! Патшаның «беретін» шолақ «конституциясы» — уақытша жеңілдік, патшаның фарисейлік уәдесі, бұдан басқа түк те емес! Әлбетте, біз бұл жеңілдікті пайдаланамыз, қарғаның аузындағы жаңғақты қағып түсіріп, сол жаңғақпен оның өз басын быт-шыт қылудан біз тартынбаймыз. Бірақ қалайда, патшаның уәдесіне халықтың сенбейтіні факт, — ол тек өзіне өзі сенуге тиіс, ол тек өз күшіне сүйенуге тиіс: халықты азат етуісі халықтың өз қолымен жасалуы керек. Езушілерді жойғанда ғана халыққа бостандық алуға болады, халық самодержавиесінің топырағын езушілердің қанымен ғана өңдеуге болады! Қаруланған халық пролетариатты алдыңғы сапқа ұстап, жаппай көтерілістің туын көтергенде ғана, — тек сонда ғана, штыкке сүйенген патша үкіметін құлатуға болады. Бос сөз, мағнасыз «өздігінен қарулану» емес, шындап қарулану және шын қарулы көтеріліс жасау — міне бүкіл Россия пролетарлары бүгінгі күні осылай бет алып отыр.

Жеңімпаз көтеріліс үкіметтің жеңілуіне әкеліп соқтырады. Бірақ жеңілген үкіметтердің де аяққа басып кетуі сирек болмаған. Бізде де ол аяққа басуы мүмкін. Көтеріліс кезінде қуыс-қуысқа жасырынып қалған қара күштер, — көтерілістің келесі күні-ақ індерінен шығады да, үкіметті қайтадан аяғынан тұрғызбақ болады. Жеңілген үкіметтер өлімнен осылайша қайта тіріледі. Халық бұл қара күштерді қайткенде де ауыздықтауға тиіс, бұларды жермен жексен етуге тиіс! Ал бұл үшін көтерілістің екінші күні-ақ жеңген халық кәрі-жасына дейін қаруланып, революцияшыл армияға айналуы қажет және қолдарына қару ұстап, жеңіп алған праволарын қорғауға әрқашан дайын тұруы қажет.

Жеңген халық революцияшыл армияға айналғанда ғана, тек сонда ғана, жасырынып қалған қара күштерді мүлдем талқандай алады. Тек революцияшыл армия ғана уақытша үкіметтің қыймылына күш бере алады, демократиялық республиканы құратын бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысын уақытша үкімет қана шақыра алады. Революцияшыл армия мен революциялық уақытша үкімет құру — міне Россия пролетарлары бүгінгі күні осыған талпынуда.

Орыс революциясының түскен жолы міне осы. Бұл жол халық самодержавиесіне жеткізеді, пролетариат халықтың барлық достарын осы жолға түсуге шақырады.

Патша самодержавиесі халықтық революцияға бөгет жасайды, ол өзінің кешегі манифесімен осы ұлы қозғалысты бөгегісі келеді, бірақ революция толқыны патша самодержавиесін батырып жіберетіні, өз жолынан аулақ алып тастайтыны анық...

Пролетариаттың жолына түспейтіндердің бәрін жексұрын деп танып, жек көру керек, — олар залымдықпен революцияны сатып кетеді! Кімде-кім іс жүзінде осы жолға түсіп, сөз жүзінде басқаша десе, оны масқаралау керек, — ол шындыққа жүзі шыдамайтын қорқақ!

Біз шындықтан қорқпаймыз, біз революциядан қорқпаймыз. Күркіреген күн бұдан да гөрі күшейіп, дауыл бұдан да гөрі үдейе соқсын! Жеңіс сағаты жақын!

Рухтанып Россия пролетариатының мына ұрандарына үн қосалық:

**Мемлекеттік дума жойылсын!**

**Қарулы көтеріліс жасасын!**

**Революцияшыл армия жасасын!**

**Революциялық уақытша үкімет жасасын!**

**Бүкілхалықтық Кұрылтай жыйналысы жасасын!**

**Демократиялық республика жасасын!**

**Пролетариат жасасын!**

*РСДЖП-ның Кавказ одағының  
құпия (Авлабар) баспаханасында, 1905 ж. 19 октябрьде  
басылған үндеухаттың тексті  
бойынша басылып отыр*

*Қол қойған: Т и ф л и с т і к к о м и т е т*

*Орысшасы грузин тілінен аударылған*

---

---

## ТИФЛИС, 1905 ж. 20 НОЯБРЬДЕ

Улы Орыс Революциясы басталды. Біз қазірдің өзінде бұл революцияның формальды жағынан 17 октябрьдегі манифестпен аяқталған бірінші қаһарлы актысын басымыздан кешірдік. «Алланың рахымымен» самодержавиелі патша революцияшыл халыққа өзінің «тажылы басын иіп», оған «азаматтық бостандықтың мызғымас негізін»... беремін деп уәде етті.

Бірақ бұл тек қана бірінші акт. Бұл тек соңғы істің бастамасы ғана. Біз Улы Орыс Революциясына лайықты ұлы уақығалар қарсаңында тұрмыз. Бұл уақығалар тарихтың мейрімсіз қатаңдығымен, асқан қажеттілікпен бізге төніп келеді. Патша мен халық, патша самодержавиесі мен халық самодержавиесі, — бұлар біріне бірі дұшпан, біріне бірі мүлде қарама-қарсы екі түрлі нәрсе. Бірінің жеңіліп, екіншісінің жеңіп шығуы — олардың екеуінің арасындағы батыл шайқасудың нәтижесі ғана, жанталасқан күрестің, өліспей беріспейтін күрестің нәтижесі ғана болуы мүмкін. Мұндай күрес әлі болған жоқ. Ол алда. Міне орыс революциясының алып күші — бүкілроссиялық пролетариат өзінің бар күшін салып, бар амалдарын қолданып сол күреске дайындалуда.

. Либералдық буржуазия бұл шешуші шайқасуды болғызбауға әрекет етуде. Ол «анархияны» жойып, «игілікті» бейбіт жұмысты, «мемлекеттік құрылыс» жұмысын бастайтын мезгіл көптен жетті деп біледі. Оның бұл айтқанының жөні бар. Өзінің тұңғыш революциялық аттанысында пролетариаттың патша өкіметінен тартып алып үлгірген нәрсесінің өзі-ақ либералдық буржуазияға жеткілікті. Енді ол өзіне тиімді шартта патша үкіметімен батыл одақ жасай алады және патша үкіметімен күш біріктіре отырып, өздерінің ортақ жауына, өзінің «көрін қазушыға» — революциялық пролетариатқа қарсы бара алады. Буржуазиялық бостандық, қанау үшін бостандық қазірдің өзінде-ақ қамтамасыз етілді, сондықтан осының өзі либералдық буржуазияны толық қанағаттандырады. Бір минут та революцияшыл болып көрмеген орыс буржуазиясы қазірдің өзінде-ақ ашықтан-ашық реакция жағына шығып отыр. Қайырлы сағатқа! Бұған біз онша қайғыра қоймаймыз. Революцияның тағдыры ешуақытта да либерализмнің қолында болып көрген емес. Орыс революциясының өрісі мен нәтижесі түгелінен революцияшыл пролетариат пен революцияшыл шаруалардың мінез-кұлқына байланысты.

Социал-демократия басшылық етіп отырған революцияшыл қала пролетариаты, оның ізінше революцияшыл шаруалар да, патша самодержавиесін толық құлатып, оның күйреген жұртында еркін демократиялық республика құрып алғанша, либералдардың ешбір зұлымдығына қарамастан, өздерінің күресін бұлжытпай жүргізе береді.

Социалистік пролетариаттың жақын арадағы

саяси міндеті міне осы, қазіргі революциядағы оның максаты да осы, ал ол, шаруалардың қолдауымен, қалайда бұл максатына жетеді.

Өзін демократиялық республикаға жеткізетін жолды да пролетариат анық және айқын белгілеп алды.

1) Жан-тәнді салып батыл шайқасу жолы, бұл жөнінде біз жоғарыда айтып өттік, 2) осы «шайқасудың» барысында ұйымдасқан революцияшыл армияның болуы, 3) жеңімпаз «шайқасудың» нәтижесінде шыққан революциялық уақытша үкімет сыяқты, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасының болуы, 4) жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауысты сайлау правосы негізінде осы үкіметтің өзі шақырған Құрылтай жыйналысы,— Улы Орыс Революциясының көздеген максатына жетерден бұрын өзінің өтетін кезеңдері міне осындай.

Үкіметтің қорқытуларының немесе көп нәрсеге уәде беретін патша манифестерінің қандайы болса да, өзін аман сақтап қалу үшін самодержавие ұсынып отырған Виттенің үкіметі сықылды уақытша үкіметтердің қандайы болса да, тіпті жалпыға бірдей, тағы басқа сайлау правосы негізінде шақырылып отырған, патша үкіметі шақырып отырған Мемлекеттік думаның қандайы болса да — пролетариатты өзінің жалғыз ғана дұрыс революциялық жолынан тайдыра алмайды, бұл революциялық жол пролетариатты демократиялық республикаға жеткізуге тиіс.

Осы жолмен ақырына дейін баруға пролетариаттың күші жете ме, осы жолда өзінің алдында тұр-

ған сұрапыл, қантөгіс күрестен аброймен шығуға  
пролетариаттың күші жете ме?

Я, жетеді!

Пролетариаттың өзі осылай ойлайды, сондықтан  
ол ұрысқа батыл дайындалып жатыр.

„Кавказский Рабочий Листок“ № 1,

20 ноябрь, 1905 ж.

Мақалаға қол қойылмаған



---

---

## ЕКІ ШАЙҚАСУ

(9 январь жөнінде)

Өткен жылғы 9 январь естеріңізде болар... Ол күні Петербург пролетариаты патша үкіметімен бет-пе-бет кездесті және, өз еркінен тыс, үкіметпен шайқасып қалды. Я, өз еркінен тыс, өйткені ол «нан мен әділеттікті» тілеп, патшаға бейбіт бара жатты, бірақ патша оларды жауша қарсы алып, оларға оқ жаудырды. Олар патшаның суреттері мен шіркеу хоругвилерінен үміт еткен еді, бірақ патша үкіметі онысын да, мұнысын да дал-далын шығарып жыртып, жұмысшылардың беттеріне лақтырды, сөйтіп қаруға қарсы тек қару жұмсауға ғана болатынын айдан анық көрсетті. Сонымен пролетариат — әйтеуір бір жерде қаруы болса-ақ — қолына қару алды, жауды жауша қарсы алу үшін және жаудан кек алу үшін қолына қару алды. Бірақ ұрыс алаңында мыңдаған кісісінен айрылып, көп шығынға ұшырап, бойын ыза кернеп кейін шегінді...

Өткен жылғы 9 январь міне осыларды есімізге түсіреді.

Бүгін, Россия пролетариаты 9 январьдың жылдығын еске түсіріп отырғанда: Петербург пролетариаты

өткен жылы сол шайқасуда неліктен шегінді және сондағы шайқасудың декабрьдегі жалпы шайқасудан қандай айырмашылығы бар? деген сұрақ қойсақ, артық бола қоймас.

Ең алдымен, оның шегіну себебі — көтерілістің жеңуіне сөзсіз қажет болатын революциялық сананың онда ең болмаса минимумы да болмады. Өзінің барлық өмірін халықты езу негізінде құрған патшаға дұға оқып, содан үміт күтіп барған пролетариат, нанғыштықпен өзінің қас жауынан «түйірдей рахым» сұрап барған пролетариат — осындай халық көше күресінде үстемдік ала алушы ма еді?..

Рас, аз уақыттан кейін, мылтықтан жаппай атылған оқтар алданған пролетариаттың көзін ашты, самодержавиенің жексұрын түрін көрсетті; рас, енді олар бойын ыза кернеп: «Патша бізге көресіні көрсетті, ендеше біз де оған көресіні көрсетеміз!» деп ашынды, бірақ қолында қаруы болмағасын мұнан не өнеді, саналы болған күнде де, көше күресінде құралақан не істей аласың, жаудың оғы санасыз бастан өткенде саналы бастан өтпей ме екен?

Я, сонымен, қарудың жоқтығы — Петербург пролетариатының шегінуіне екінші себеп болды.

Ал, тіптен қаруы болғанда да, Петербургтің жалғыз өзі не істей алатын еді? Петербургте қан төгіліп, баррикадалар жасалып жатқанда, басқа қалаларда ешкім селт еткен жоқ, — міне осылай болғандықтан үкімет басқа жерлерден әскер тарта алды, көшелерді қанға бояй алды. Тек соңынан, Петербург пролетариаты қаза тапқан жолдастарын жерлеп, күнделікті кәсібіне кіріскенде ғана — түрліше басқа қалалардан: Петербург ерлеріне сәлем! деген ереуіл-

ші жұмысшылардың үні естілді. Бірақ, бұл кешіккен сәлем кімге пайда бермек және қандай пайда бермек? Міне сондықтан үкімет мұндай ұйымдаспаған бытыраңқы көтеріліске аса зер салмады және онша көп күш жұмсамай-ақ, пролетариаттың бытыраңқы топтарын бірінен соң бірін бет-бетіне таратты.

Демек, ұйымдасқан жаппай көтерілістің болмағандығы, пролетариаттың бой көрсетулерінің ұйымшылдығының болмауы, — міне, Петербург пролетариатының шегінуінің үшінші себебі осы болды.

Шынына келгенде жаппай көтерілісті кім ұйымдастырушы еді? Халық бұл істі бүтіндей өз қолына ала алмады, ал пролетариаттың алдыңғы қатардағы бөлігін — пролетариат партиясын алсақ, партиядағы алауыздықтардың салдарынан оның өзінің ұйымшылдығы болмады, — өзара соғыс, партияның жіктелуі партияны күннен күнге әлсіретті. Екіге жарылған жас партияның жаппай көтерілісті ұйымдастыруды өз қолына ала алмағаны таңқаларлық іс емес.

Демек, пролетариаттың бір тұтас, ынтымақты партиясының болмауы, — міне пролетариаттың шегінуіне төртінші себеп осы болды.

Ақырында, егер шаруалар мен әскерлер көтеріліске келіп қосылмаған болса, оған әкеліп жаңа күштер қоспаған болса, мұның бұлай болған себебі — олар қысқа мерзімді және әлсіз көтерілісте айрықша күш бар екен деп танымады, ал әлсізге ешкім қосылмайтыны белгілі нәрсе.

Міне Петербургтің ержүрек пролетариаты өткен жылы январьда осы себептен шегінді.

Уақыт өгіп жатты. Дағдарыс пен правосыздықтан ашынған пролетариат жаңа шайқасуға дайындалды. 9 январьдағы кұрбандықтар пролетариаттың күреске деген барлық жігерін басып тастады деушілер хателесті, — қайта ол «соңғы» шайқасуға бұрынғыдан да бетер кұшырланып, жанқыярлықпен әзірленді, патша әскерлеріне және казактарға қарсы бұрынғыдан да бетер ерлікпен, табандылықпен күресті. Қара теңіз бен Балтық теңізіндегі матростар көтерілісі, Одессадағы, Лодзідегі және басқа қалалардағы жұмысшылар көтерілісі, шаруалардың полициямен әрдайым жағаласуы халықтың жүрегінде революцияның өшпес оты жанып жатқандығын дәлелдеді.

9 январьда пролетариатқа жетіспеген революциялық сананы пролетариат соңғы кезде таңқаларлық тездікпен игеріп алды. Пролетариат санасының көтеріліс күндеріндегі өскенін оған он жылдық насихат бере алмас еді деседі. Шынында бұл осылай болуға тиіс, өйткені таптық шайқасу процесі — халықтың революциялық санасы күн сайын емес, сағат сайын өсіп отыратын ұлы мектеп.

Алғашқы кезде пролетариаттың аздаған ғана тобы уағыздаған жаппай қарулы көтеріліс, кейбір жолдастардың тіптен кұманданып қараған қарулы көтерілісі — бірте-бірте пролетариаттың көңліні аударды, сөйтіп, ол кұшырлана түсіп, қызыл отрядтар ұйымдастырды, қолға қару түсіріп ала бастады, т. т. Октябрьдегі жаппай стачка пролетариаттың көтеріліске бір мезгілде шыға алатындығын айқын көрсетті. Сонымен, ұйымдасқан көтеріліс жасауға

мүмкіндік бар екені дәлелденді, — сондықтан да пролетариат батыл түрде осы жолға түсті.

Жаппай көтерілісті ұйымдастыру жұмысына басшылық ететін, жеке қалаларда өзбетімен жүргізіліп жатқан революциялық дайындық жұмыстарын біріктіретін, шабуыл жасаудың инициативасын өз қолына алатын бірлігі күшті партия қажет болды, бөлшектенбеген, біртұтас социал-демократиялық партия қажет болды. Оның бер жағында, бұл жаңа өрлеуді тұрмыстың өзі әзірледі, — қаладағы дағдарыс, деревнядағы аштық және басқа да сол сыяқты себептер революциялық жаңа дүмпуді күннен күнге ылажсыз ете берді. Өкінішті нәрсе — ондай партияның енді ғана құрылғанында еді: жіктен әлсіреген партия, бірігу ісін жаңа ғана қолға алып бас-аяғын жыйнай бастаған еді.

Нақ осы мезгілде, Россия пролетариаты екінші шайқасуға — декабрьдегі даңқты шайқасуға тап болды.

Енді осы шайқасу жөнінде сөйлеселік.

Егер январьдағы шайқасуда революциялық сана жеткіліксіз болды десек, ал енді декабрьдегі шайқасуда сондай сана жеткілікті болды деуіміз керек. Он бір айдың бойындағы революциялық дауыл күреске шыққан Россия пролетариатының жеткілікті түрде көзін ашты және: Самодержавие жойылсын! Демократиялық республика жасасын! — деген ұрандар күнделікті ұранға айналды, халық ұраны болып алды. Мұнда сіз шіркеу хоругвийін де, икондарды да, патшаның суреттерін де көре алмаған болар едіңіз, — бұлардың орнына қызыл тулар желбіреп, Маркс пен Энгельстің суреттері жайнады. Мұнда дұға оқыған-

ды, «Е, кұдай, патшаны сақтай гөр» деген өлеңді сіз енді тіпті естімеген болар едіңіз, — бұлардың орнына езушілердің кұлағын жаңғыртқан «Марсельезалар» мен «Варшавянкалар» шырқалды.

Демек, революциялық сана жөнінде декабрьдегі шайқасу январьдағы шайқасудан түбірімен өзгеше болды.

Январьдағы шайқасуда қару жетіспеп еді, онда халық ұрысқа кұрқол барып еді. Декабрьдегі шайқасу бұл жөнінде бір адым алға басты, барлық жауынгерлер енді қаруға ұмтылды, олар қолдарына револьверлер, мылтықтар, бомбалар, ал кейбір жерлерде тіпті пулеметтер алды. Қарумен қару табу керек, — міне, күн тәртібіндегі ұран осы болды. Жұрттың бәрі де қару іздеді, бәрі де қарудың қажеттігін сезді, жалғыз-ақ өкінішті нәрсе — сол қарудың өзі өте тапшы болды, пролетарлардың азғантай ғана бөлегінің қаруланып шығуға шамасы келді.

Январьдағы көтеріліс өте бытыраңқы және ұйымдаспаған түрде болған, онда әркім тәуекелмен әрекет еткен. Декабрьдегі көтеріліс бұл жөнінде де бір адым алға басты. Петербург және Москвадағы жұмысшылар депутаттарының советтері және «көпшілік» пен «азшылықтың» орталықтары, мүмкін қадарынша, революциялық қозғалыстың бір мезгілде болуына «шаралар қолданды», — олар Россия пролетариатын шабуылды бір мезгілде жасауға шақырды. Ал январь көтерілісінде бұған ұқсас ештеңе болмаған еді. Бірақ та, бұл шақырудың алдында көтерілісті дайындау жөнінде партияның қажымай ұзақ уақыт істеген жұмысы болмағандықтан, шақыру шақыру күйінде қалды, факт жүзінде көтеріліс бытыраңқы, ұйымдас-

паған болып шықты. Көтеріліске бір мезгілде және ұйымдасқан түрде шығуға тек талап қана болды.

Январьдағы көтеріліске «басшылық еткен» көбінесе гапондар болатын. Декабрь көтерілісінің мұнан артықшылығы сол — бұл көтерілістің басында социал-демократтар болды. Бірақ та мұндағы өкінішті нәрсе — социал-демократтар жеке топтарға бөлінді де, ынтымақты, бір тұтас партия болып табыла алмады, сондықтан да олар келісіп қыймыл жасай алмады. Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы көтерілісті тағы да дайындықсыз және бытыраңқы түрде қарсы алды...

Январьдағы көтерілістің ешқандай жоспары болмаған, ешқандай белгілі бір саясатты басшы саясат етіп ұстамаған, шабуыл ма, әлде қорғану ма? — деп, өз алдарына мәселе де қоймаған. Декабрьдегі шайқасудың артықшылығы да сол — бұл шайқасуда осы мәселе ашық қойылды, онда да бастапқы кезде емес, тек күрес үстінде ғана қойылды. Ал бұл мәселені қалай шешті дейтін болсақ, онда январь көтерілісіндегі нашарлық декабрь көтерілісінде де болды. Егер Москва революционерлері бастаған жерден-ақ шабуыл жасау саясатын қолданған болса, егер олар бастан-ақ, айталық, Николаев вокзалына бірден ат қойып, оны басып алған болса, онда, әлбетте, көтеріліс анағұрлым ұзаққа созылып, ойдағыдай бағыт алған болар еді. Немесе, мысалы, егер латыш революционерлері шабуыл жасау саясатын батыл түрде жүргізген болса, кобалжымаған болса — күман жоқ, олар зеңбірек батареяларын басқалардан бұрын басып алған болар еді, сөйтіп администрацияны барлық сүйенішінен айырған болар еді, ал администра-

ция алғашқы кезде кейбір қалаларды революционерлерге бөріп қойып, артынан қайта шабуылға көшіп, айрылып қалған жерлерін зеңбіректердің күшімен қайтадан алды<sup>54</sup>. Басқа қалалар туралы да осыны айтуға болады. Көтерілісте батылдық жеңеді, ал ақырына дейін батыл болу шабуыл саясатын қолданушының ғана қолынан келеді деп, Маркс бекер айтқан емес қой.

Декабрь айының орта шенінде пролетариаттың шегінуі міне осылардың салдарынан болды.

Егер декабрьдегі шайқасуға шаруалардың және әскерлердің басым көпшілігі келіп қосылмаған болса, егер декабрьдегі шайқасу тіпті кейбір «демократияшыл» топтардың тарапынан наразылық тудырған болса, бұған себеп — көтерілістің кең етек алуына және жеңіп шығуына өте-мөте қажет болып табылатын күштің және ұзаққа созылудың бұл көтерілісте болмағандығы.

Біз, Россия социал-демократтары бүгінгі күні не істеуіміз керек екені осы айтылғандардан анық болып отыр.

Біріншіден, біздің міндет — басталып қалған жұмысты аяқтау — бірлігі күшті тұтас бір партия құру. «Көпшілік» пен «азшылықтың» жалпыроссиялық конференциялары бірігудің ұйымдастыру негіздерін жасап та қойды. Партияға мүшелік туралы және демократиялық централизм туралы Лениннің тұжырымын қабылдады. Идеялық және практикалық орталықтар қосылып та қойды, ал жергілікті ұйымдардың қосылуы аяқталып та қалды. Енді тек бірігу съезі ғана қажет, ол іс жүзінде бірігуді формальды түрде аяқтайды және сонымен бірге бізге бірлігі



күшті біртұтас Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясын жасап береді. Біздің міндет — біз үшін осы аса қадірлі іске жәрдемдесу және бірігу съезін аса ұқыптылықпен әзірлеу; бұл съездің жуырда ашылуға тиісті екені мәлім.

Екіншіден, біздің міндет — қарулы көтерілісті ұйымдастыруда партияға көмектесу, бұл хасиетті іске белсене араласып, сол үшін талмастан қызмет ету. Біздің міндет — қызыл отрядтарды көбейте түсу, бұларды үйрету және бір-біріне дәнекерлеу; біздің міндет — қарумен қару табу, мемлекет мекемелерінің қай жерлерде тұрғанын біліп алу, жаудың күшін есепке алу, оның әлді және әлсіз жағын зерттеу, сөйтіп, осыларға сәйкес, көтеріліс жоспарын жасау. Біздің міндет — көтеріліске шақырып, армияда және деревняларда, әсіресе қалаға жақын жерлердегі деревняларда үзбей үгіт жүргізу, бұл деревнялардың сенімді элементтерін қаруландыру т. т., т. с. ...

Үшіншіден, біздің міндет — қандай да болсын қобалжуды тастау, қандай да болсын екі ойлылыққа жол бермеу және шабуыл саясатын батыл жүргізу.

Қысқасы, партияның бірлігі, партия ұйымдастырған көтеріліс және шабуыл саясаты, — міне, көтерілістің жеңуі үшін бүгінгі бізге керегі осылар.

Деревнядағы аштық пен қаладағы өнеркәсіп дағдарысы тереңдеп, күшейе түскей сайын бұл міндет өршіп, қажетке айналады.

Осы шындықтың дұрыстығы жөнінде кейбіреулердің көңіліне күман орнап қалыпты, олар үмітін үзіп: егер партия өз айналасына пролетариатты ұйымдастыра алмаса, тіпті бірлігі бола қойған күнде де, партия не істей алмақ, ал пролетариат болса талқан-

далды, ол үмітін жоғалтты, енді оның инициатор боларлық халі жоқ, біз енді деревнядан ғана үміт етуіміз керек және инициатива да сол деревнядан шығуға тиіс дейді, т. т. Бұлай ойлайтын жолдастардың мықтап алжасып отырғандығын айтпай кетуге болмайды. Пролетариат тіпті де талқандалған жоқ, өйткені пролетариаттың талқандалуы оның өлгенін көрсетеді, ал ол бұрынғыша өмір сүріп отыр және күн санап күшейіп келеді. Ол, бар күшін жыйнап, патша үкіметімен ақырғы рет шайқасу үшін, тек шегініп қана қойды.

Москваның — декабрь көтерілісіне іс жүзінде басшылық еткен Москваның — жұмысшылар депутаттарының Советі 15 декабрьде бүкіл халыққа: біз көтеріліс туын қайта көтеру үшін ойдағыдай дайындалу мақсатымен күресті уақытша тоқтата тұрамыз деп жар салғанда, — ол бүкіл Россия пролетариатының шын ойын айтып берді.

Егер кейбір жолдастар фактыны сонда да бекерге шығарғысы келетің болса, егер олар мұнан бұлай пролетариаттан үміт етпейтін болса және олар село буржуазиясына жармасатын болса, — онда: біздің істес болып отырғанымыз кім, социалист-революционерлер ме, әлде социал-демократтар ма деген сұрақ туады, өйткені іс жүзінде (идея жағынан ғана емес) деревняға басшылық ететін шындығында қала пролетариаты екеніне бірде-бір социал-демократ құманданбайды.

Бір кезде 17 октябрьден кейін самодержавие талқандалды деп бізді ыйландырған болатын, бірақ біз бұған да сенгеніміз жоқ, өйткені самодержавиенің талқандалуы оның өлгенін көрсетеді, ал само-

15\*

державиенің өлмегені былай тұрсын, қайта ол жаңадан шабуыл жасау үшін, жаңа күштер жыйнады. Біз самодержавие тек шегініп барады дедік. Біздікі дұрыс болып шықты...

Жоқ, жолдастар! Россия пролетариаты талқандалған жоқ, ол тек шегінді, ал енді ол жаңа данқты ұрыстарға дайындалуда. Россия пролетариаты қызыл қанға боялған туын жықпайды, ол көтеріліске басшылық етуді ешкімге бәрмейді, ол орыс революциясының жалғыз ғана лайықты көсемі болады.

7 январь, 1906 ж.

*РСДЖП-ның Кавказ одақтық комитеті  
шығарған кітапшаның тексті  
бойынша басмыл отыр  
Орысшасы грузин тілінен аударылған*

---

---

## МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ТАКТИКАСЫ<sup>66</sup>

Сіздер шаруалардың азат етілгендігі жөнінде естіген боларсыздар. Бұл кез: сырттан — Қырымда жеңіліп, іштен — шаруа қозғалысы көтеріліп, үкіметтің екі бірдей соққы алған кезі еді. Міне сондықтан екі жақтан бірдей соққы көрген үкімет шаруалардың дегеніне көнуге мәжбүр болып: «Шаруаларды жоғарыдан өзіміз азат етуіміз керек, әйтпесе халық көтеріледі де, төменнен өз қолымен азаттық алатын болады» деп, шаруаларды азат ету жөнінде сөз қыла бастады. «Жоғарыдан азат ету» дегеннің не екенін біз білеміз... Егер ол кезде халық алдауға түскен болса, егер үкімет өзінің фарисейлік жоспарын іске асыра алған болса, егер ол реформалардың көмегімен өзінің халін нығайтып, мұнымен халықтың жеңуін кешіктірген болса, онда мұның өзі ол кезде халықтың әзірлігінің бола қоймағандығын және оны оп-оңай алдауға болатындығын көрсетеді.

Ал мұндай уақытқа Россия өмірінде тағы да қайталап отыр. Үкіметтің қазірде де: сырттан — Манчжурияда жеңіліп, іштен — халық революциясы көтеріліп, дәл сондай екі бірдей соққы алып отырғаны мәлім.

Екі жақтан бірдей соққы көрген үкіметтің тағы да халықтың дегеніне көніп, дәл сол кездегідей: «Біз халыққа жоғарыдан Мемлекеттік думаны беруіміз керек, әйтпесе халық көтеріледі де, Құрылтай жыйналысын төменнен өзі шақыратын болады» деп, «жоғарыдан реформа жасау» туралы сөзғып отырғаны жұртқа мәлім. Сонымен, олар, «шаруаларды азат ету» арқылы бір кездерде ұлы шаруа көтерілісін қалай басқан болса, Думаны шақыру арқылы халық революциясын да дәл солай басқысы келеді.

Осыдан туатын біздің міндетіміз — мейлінше бағыл қыймылдап, реакцияның жоспарларын бұзу, Мемлекеттік думаны жоқ қылу, сөйтіп халық революциясына жол ашып беру.

Ал Дума дегеніміз немене, ол кімдерден құралады?

Дума дегеніміз тексіз парламент. Оның тек сөз жүзінде ғана шешуші даусы болмақ, ал іс жүзіне келгенде оның кеңесші даусы ғана болады, өйткені цензор ретінде оның үстінен жоғарғы палата және әбден қаруланған үкімет тұрады. Думаның ешбір қаулысы, жоғарғы палата мен патша ұнатпайынша, жүзеге аспайды деп манифесте турадан-тура айтылған.

Дума — халық парламенті емес, бұл — халық жауларының парламенті, өйткені Думаны сайлау жалпыға бірдей де, тең де, төте де, құпия да бола алмақшы емес. Жұмысшыларға берілетін болар-болмас сайлау праволары тек қағаз жүзінде ғана бар нәрсе. Тифлис губерниясынан Думаға депутаттар сайлауға тиісті 98 сайлаушының ішінен екеуі ғана жұмысшылардан бола алады, қалған 96 сайлаушы басқа таптардан болуға тиіс, — манифест осылай дейді.

Батум мен Сухум округтерінен Думаға депутаттар жіберуге тиісті 32 сайлаушының ішінен біреуі ғана жұмысшылардан бола алады, қалған 31 сайлаушы басқа таптардан болуға тиіс, — манифест осылай дейді. Басқа губерниялар жөнінде де осыны айтуымыз керек. Депутаттыққа тек қана басқа таптардың уәкілдерінің өтетіндігі жөнінде сөз қылмаса да болады. Жұмысшылардан бірде-бір депутат сайланбасын, жұмысшыларға бірде-бір дауыс берілмесін — міне Дума осындай негізде құрылып отыр. Егер де мұның бәріне тағы да соғыс күйін қосатын болсақ, егер де сөз, баспасөз, жыйналыс және одақтар құру бостандығына тыйым салынғандығын еске алатын болсақ, сонда патшалық Думаға қандай адамдардың жыйналатындығы өзінен өзі айқын болып шығады.

Біз неғұрлым батыл қыймылдап, бұл Думаны жоқ қылуға, революция туын көтеруге тырысуымыз керек, бұл жөнінде сөз қылмасақ та болады.

Думаны біз қалай жоқ қыла аламыз: сайлауға қатысу арқылы жоқ қыламыз ба, әлде сайлауға бойкот жасау арқылы жоқ қыламыз ба, — міне қазір мәселе осында болып отыр.

Біреулер: реакцияның құрған торына реакцияның өзін түсіру үшін, сөйтіп Мемлекеттік думаңы біржолата болғызбай тастау үшін, біз қалайда сайлауға қатысуға тиіспіз — дейді.

Екінші біреулер оларға былай деп жауап береді: сайлауға қатыса отырып, сіздер Думаны құру ісінде лажсыздан реакцияға көмектесесіздер, сөйтіп реакцияның құрған торына өздеріңіз арандайсыздар. Демек, алдымен сіздер реакциямен бірлесіп, патша Думасын құрып аласыздар, ал онан соң тұрмыстың

қысымымен дәл өздеріңіз кұрған Думаны қыйратуға әрекет жасайсыздар, бұл біздің саясатымыздың принципті талаптарына қабыспайды. Екінің бірі болуға тиіс: не сайлауға қатысудан бас тартып, Думаны болғызбай тастауға кірісіңіздер, не Думаны болғызбай тастаудан бас тартып, сайлауға қатысу ісіне кірісіңіздер, бірақ өздеріңіз кұрған нәрсені кейін өздеріңіздің қыйратуыңызға тура келмесін.

Бірден-бір дұрыс жол — белсене бойкот жасау жолы екендігі айқын нәрсе, осы бойкот жасау арқылы біз халықтан реакцияны шеттетіп, Думаны болғызбай тастау ісін ұйымдастырамыз және мұнымен бұл тексіз парламенттің қандай негізін болса да жоямыз.

Бойкот жағындағылар осылай ойлайды.

Осылардың қайсысынікі дұрыс?

Нағыз шын социал-демократиялық тактика үшін мынадай екі шарттың болуы қажет: біріншіден, ол тактика қоғамдық өмірдің барысына қайшы келмеуге тиіс, ал екіншіден, ол тактика бұқараның революциялық рухын барған сайын жоғары көтеруге тиіс.

Сайлауға қатысу тактикасы қоғамдық өмірдің барысына қайшы келеді, өйткені тұрмыс Думаның негізін тас-талқан етеді, ал сайлауға қатысу оның негізін нығайтады, сөйтіп тұрмысқа қайшы келеді.

Ал бойкот жасау тактикасы өзінен өзі революцияның барысынан туатын нәрсе, өйткені ол тактика революциямен бірлесіп әуел бастан-ақ полициялық Думаның беделін түсіріп, оның негізін тас-талқан етеді.

Сайлауға қатысу тактикасы халықтың революциялық рухын бәсеңдетеді, өйткені сайлау жағындағылар халықты революциялық қыймылға шақырмай,

полициялық сайлауға шақырады, олар халықтың аттанысқа шығуынан үміт етпей, сайлау бюллетеньдерінен үміт етеді. Ал полициялық сайлаулар халық ішінде Мемлекеттік дума туралы алдамшы ұғым туғызады, халық ішінде жалған үміттер туғызады және халықты лажсыздан: сірә, Дума оншалықты жаман нәрсе болмауы керек, әйтпесе социал-демократтар бізге Думаға қатысуға кеңес бермеген болар еді, мүмкін, бізге бақыт тап бола қалар, сөйтіп Дума бізге пайдалы болып шығар, — деген ойға тап қылады.

Ал бойкот жасау тактикасы Дума жөнінде ешбір жалған үміттер туғызбайды, өйткені турадан-тура және бүкпестен былай дейді: жалғыз бір сенімді үміт — халықтың жеңімпаз аттанысқа шығуы, халықтың азаттық алуы халықтың өз қолымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін, ал Дума бұған кедергі болып табылатындықтан дәл қазір оны жою ісін қолға алу керек. Бұл жерде халық тек өзіне өзі ғана сенеді және әуел бастан-ақ, реакцияның таянышы ретіндегі Думаға қарсы позицияға шығады, ал мұның бәрі, жаппай жеңімпаз аттанысқа шығудың негізін әзірлей отырып, халықтың революциялық рухын жоғары көтере түсетін болады.

Революциялық тактика айқын, дәл және анық болуға тиіс, ал бойкот тактикасында дәл осы хасиеттер бар.

Кейбіреулер: сөз жүзіндегі үгіттің бір өзі ғана жеткіліксіз, Думаның жарамсыздығына бұқараның көзін жеткізгенде фактылар арқылы жеткізу керек, сөйтіп Думаны болғызбай тастауға себепкер болу керек, ал мұның бәрін жүзеге асыру үшін, белсене



бойқот жасау емес, сайлауға қатысу керек болады, — дейді.

Біз бұған былай дейміз. Сөз жүзінде түсінік жүргізуден гөрі фактылар арқылы үгіт жүргізудің әлде қайда зор маңызы барлығында сөз жоқ. Сондықтан да, басқа партияларға қарсы күресуде, олармен шайқасуда реакция мен буржуазияның опасыздығын халыққа әбден анықтап көрсету үшін, сөйтіп сайлаушыларды «фактылар арқылы үгіттеу» үшін, біз халықтың сайлау жыйналыстарына барамыз. Егер де жолдастар бұған қанағаттанбайтын болса, егер де осы айтылғандардың бәрінің үстіне тағы да, сайлауға қатысу ісін қосатын болса, онда мынаны айтуымыз керек: сайлаудың өзі — бюллетеньмен дауыс беру немесе дауыс бермеу — «факт жүзіндегі» үгітке де, «сөз жүзіндегі» үгітке де тіпті дәнеңе де қоспайды. Бұдан үлкен зыян келеді, өйткені осы «факт арқылы жүргізілетін үгітте» сайлауға қатысуды жақтайтындар Думаның өмір сүруін лажсыздан ұнатып, мұнымен оның негізін нығайтатын болады. Осы орасан зор зыянның орнын жолдастар немен жапқысы келеді! Бюллетеньмен дауыс беру арқылы жапқысы келе ме? Бұл жөнінде тіпті сөз қылуға да тұрмайды.

Екінші жағынан, «факт арқылы жүргізілетін үгіттің» де өзінің шегі болуға тиіс. Қолына қресі мен икондарын ұстап, Петербург жұмысшыларын патшаға бастап бара жатқанда, Гапон да: халық патшаның мейрімділігіне сенеді ғой, әкімдердің қылмыстылығына патшаның әлі көзі жеткен жоқ, сондықтан біз халықты патша сарайына ертіп апаруға тиіспіз, — деген. Әлбетте, Гапон хателескен. Оның тактикасы зыянды тактика еді, бұл 9 январьда дәлелденді. Демек, біз

гапондық тактикадан іргемізді аулақ салуға тиіспіз. Ал бойкот тактикасы — гапондық қулықтарды негізінен теріске шығаратын бірден-бір тактика.

Кейбіреулер: бойкот бұқараны өзінің алдыңғы қатардағы бөлегінен айырады, өйткені бойкот жасағанда сіздердің сондарыңызға бұқараның тек алдыңғы қатардағы бөлегі ғана ереді, ал бұқараның өзі реакционерлермен және либералдармен бірге қалады, бұлар бұқараны өздерінің жағына тартып әкетеді, — дейді.

Біз бұған былай дейміз: мұндай уақытқа болатын жерде, сірә, бұқара басқа партияларға тілектес болса керек және мұндайда, біз сайлауға қанша қатыссақ та, бұқара социал-демократтарды бәрібір уәкіл етіп сайламайды. Сайлау өзінен өзі бұқараны революцияшылдандыра алмайды ғой! Ал сайлау алдындағы жүргізілетін үгітке келсек, оны екі жақ та бірдей жүргізеді, мұндағы айырма: сайлауға қатысуды жақтайтындарға қарағанда бойкотты жақтайтындар Думаға қарсы анағұрлым ымырасыз, батыл үгіт жүргізеді, өйткені Думаны қатты сынау ісі бұқараны сайлауға қатысудан бас тартуға көндіре алады, ал бұл жағдай сайлауға қатысуды жақтайтындардың жоспарына кірмейді. Егер осы үгіт іске асса, онда халық социал-демократтардың айналасына топтанады, сөйтіп, социал-демократтар Думаға бойкот жасауға шақырғанда, — халық дереу солардың сонына ереді, ал реакционерлер өздерінің даңқты бұзақыларымен бірге жалғыз қалып қояды. Ал егер үгіт «әсер етпесе», онда сайлау зияннан басқа дәнне бермейді, өйткені біз Думаға қатысу тактикасын қолдағанда реакционерлердің істейтін ісін ұнатуға мәжбүр боламыз.

Көріп отырсыздар, бойкот жасау — халықты социал-демократияның айналасына топтаудың ең тәуір құралы, әлбетте, осындай топтау мүмкін болған жерде солай, ал ондай топтау мүмкін болмаған жерде сайлау зыяннан басқа дәнеңе де бермейді.

Мұның үстіне, Думаға қатысу тактикасы халықтың революциялық санасын қараңғылайды. Істің мәні мынада: реакциялық және либералдық партиялардың бәрі де сайлауға қатысады. Олар мен революционерлердің арасында қандай айырма бар, — бұл сұрау жөнінде сайлауға қатысу тактикасы бұқараға тура жауап бермейді. Бұқара революцияшыл емес кадеттерді революцияшыл социал-демократтармен оңай шатыстыра алады. Ал бойкот жасау тактикасы революцияшылдар мен революцияшыл еместердің арасына айқын шек қояды, революцияшыл еместер Думаның көмегімен ескі тәртіптің негіздерін сақтап қалғылары келеді. Ал халықтың революциялық сауатын ашу үшін осындай шек қоюдың зор маңызы бар.

Ақырында, кейбіреулер бізге: сіздер сайлаудың көмегімен жұмысшылар депутаттарының Советтерін құрып аласыздар, сөйтіп революцияшыл бұқараны ұйымдастыру жағынан біріктіретін боласыздар, — дейді.

Біз бұған былай деп жауап береміз: болмашы жыйналыстардың өзі де қуғындалынып отырған қазіргі жағдайларда жұмысшылар депутаттары Советтерінің іс істеуі ешбір мүмкін емес, демек мұндай міндетті қою өзін өзі алдағандық болады.

Сөйтіп, Думаға қатысу тактикасы лажсыз патша Думасын нығайтуға қызмет етеді, бұқараның революциялық рухын бәсеңдетеді, халықтың революциялық

санасын қараңғылайды, революциялық ұйымдардың ешқандайын құра алмайды, қоғамдық өмірдің дамуына қайшы келеді, сондықтан ол тактиканы социал-демократия теріске шығаруға тиіс.

Бойкот жасау тактикасы — міне революцияның дамуы қазірде осындай бағытпен кетіп барады. Социал-демократия да дәл осы бағытпен жүруге тиіс.

„Гактиади“ („Таң сәулесі“) газеті № 3,  
8 март, 1936 ж.

Қол қойған: *И. Бессошвили*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

---

# АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ

## I

Ескі тәртіптер қыйрап келеді, деревня сілкінді. Күні кеше ғана езіліп, еңсесі түскен шаруалар бүгін аяғын тік басып, арқасын жазып келеді. Күні кеше ғана әлсіз шаруа қозғалысы бүгін, бейнебір тасыған селдей, ескі тәртіптерге қарсы ұмтылуда: жолдан аулақ — әйтпесе жоямын! дегендей. «Шаруалар помещик жерін алғысы келеді», «шаруалар крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жойғысы келеді», — Россияның көтеріліс жасаған селолары мен деревняларында енді міне осындай дауыстар шығуда.

Кімде-кім шаруаларды оқтың күшімен үндетпеймін деп есептейтін болса олар хателеседі: өмір бізге мұның өзі шаруалардың революциялық қозғалысын бұрынғыдан да гөрі өршіте, шиеленістіре түсетінін көрсетіп отыр.

Кімде-кім шаруаларды кұрғақ уәделермен және «шаруа банкілерімен» тыныштандырамын деп тырысатын болса, олар да хателеседі: шаруалар жер алғысы келеді, бұл жерді олар түсінде де көруде, сондықтан, әрине помещик жерлерің өз қолына басып алмайынша, олар тыныштана алмайды. Кұрғақ уәде-

лер және қайдағыбір «шаруа банкілері» деген оларға не беруші еді?

Шаруалар помещик жерлерін басып алғысы келеді. Олар осындай жолмен крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюға ұмтылуда, — сондықтан, кімдекім шаруаларға опасыздық етпесе, аграрлық мәселені дәл осы негізге сүйене отырып шешуге тырысуы тиіс.

Бірақ шаруалар помещик жерлерін өз қолына қалайша ала алады?

Мұның жалғыз ғана жолы — жерді «жеңілдікпен сатып алу» деп айтатындар, бар. Үкімет пен помещиктердің басы артық жерлері көп, егер шаруалар бұл жерлерді сатып алатын болса, онда барлығы да өзінен өзі біте қояды, сонымен, қасқыр да тоқ, қой да аман болады, дейді бізге бұл мырзалар. Ал шаруалардан тек қана ақшаны емес, онымен қатар олардың өз терісін әлдеқашан сыпырып алып қойған кезінде, шаруалардың бұл жерлерді немінен сатып алатыны туралы сұрамайды да-ау? Ал бұлайша сатып алған күнде шаруаларға тек қана жарамсыз жерлерді итере салып, нағыз жарамды жерлерді помещиктердің, «шаруаларды азат еткен» кезіндегі істей білгені сыяқты, өзіне қалдыратыны туралы ойламайды да! Шынына келгенде шаруаларға ежелден өздеріне тиісті сол жерлерді сатып алудың қажеті бар ма? Осы қазналық жерлерге де, помещиктік жерлерге де шаруалардың тері төгілген емес пе еді, бұл жерлер шаруаларға тиісті емес пе еді, бұл ата-баба мүлкі бір кезде шаруалардан тартып алынған емес пе еді? Шаруалардан олардың өздерінен тартып алынған жерлері үшін ақы талап ететін болса, әділеттіктің

қайда болғаны? Сондай-ақ шаруа қозғалысының мәселесі — сату-сатып алу мәселесі ме? Шаруа қозғалысы шаруаларды азат етуге бағытталған емес пе? Ау, шаруаларды крепостниктік қамыттан азат ететін сол шаруалардың өздері болмаса, кім болмақшы? Ал мына мырзалар: помещиктерге тек біраз ғана ақша берілсе, олар шаруаларды азат етеді деп бізді сендірмекші болады. Ойлап қараңызшы! Бұл «азат етушілік», бақсақ, патша төрелерінің, аш-жалаңаш шаруаларды талай рет зеңбіректермен, пулеметтермен қарсы алған кәдімгі сол төрелердің басшылығы арқасында жүргізілуге тиісті екен ғой!.

Жоқ! Жерді сатып алу шаруаларды құтқара алмайды. Кімде-кім оларға «жеңілдікпен сатып алу» жөнінде ақыл айтатын болса, ол — жауыз, өйткені олар шаруаларды делдалдық торға түсіруге тырысады, олар шаруалардың азат етілуі сол шаруалардың өз қолымен жүзеге асырылуын қаламайды.

Егер шаруалар помещиктік жерлерді басып алуды тілейтін болса, егер олар осындай жолмен крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюға тиіс болса, егер «жеңілдікпен сатып алу» шаруаларды құтқара алмайтын болса, егер шаруалардың азат етілуі сол шаруалардың өз қолымен жүзеге асырылуға тиіс болса, — онда жалғыз ғана дұрыс жол — помещиктік жерлерді тартып алу, яғни бұл жерлерді конфискациялау екені ешбір күмансыз.

Мұның жолы осында.

Бұл конфискация қандай шамада жүруге тиіс, оның шегі бар ма, шаруалар жердің тек бір бөлігін ғана тартып алуға тиіс пе әлде барлық жерді тартып алуға тиіс пе? деген сұраулар туады.

Кейбіреулер: барлық жерді тартып алу — мұның өзі тым артық, шаруаларды қанағаттандыру үшін жердің бір бөлігін тартып алса да жеткілікті, дейді. Солай-ақ болжын, бірақ, шаруалар бұдан көбірек талап етсе, онда қайтпекшіміз? Біз олардың жолына кесе-көлденең тұрып: тоқтаңдар, бұдан әрі сұғынбаңдар! деп бөгет бола алмаспыз. Өйткені мұның өзі реакцияшылдық болған болар еді! Россиядағы болып жатқан уақығалар шаруалардың шынында да барлық помещиктік жерлерді конфискациялауды талап етіп отырғанын көрсеткен жоқ па? Оның үстіне «бір бөлігін тартып алу» дегеннің мәнісі қалай, помещиктерден жердің қандай бөлігі тартып алынуға тиіс, тең жартысы ма немесе үштен бірі ме? Бұл мәселені кім шешуге тиіс — бір ғана помещиктер ме немесе помещиктер мен шаруалар бірігіп пе? Көріп отырсыздар, бұл арада делдалдыққа әлі де көп қуыстар қалып отыр, бұл арада помещиктер мен шаруалар арасында әлі де сауда болуы мүмкін, ал мұның өзі шаруаларды азат ету ісіне мүлдем қайшы келеді. Шаруалар помещиктермен сауда емес, күрес жүргізу керек деген пікірді әбден ұғып алуға тиіс. Крепостниктік тәртіптің қалдықтарын түпкілікті жою үшін крепостнойлықтың лағнет қамытын жамау керек емес, қайта оны қырату керек. «Тек бір бөлігін ғана тартып алу» — крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жамау деген сөз, мұның өзі шаруаларды азат ету ісімен сыйыса алмайды.

Жалғыз ғана дұрыс жол — помещиктерден барлық жерді тартып алу екені айқын нәрсе. Тек осы ғана шаруа қозғалысын ақырына дейін жеткізе алады, тек осы ғана халық жігерін күшейте алады, тек осы



ғана крепостниктік тәртіптің ескіден келе жатқан қалдықтарының күлін көкке ұшыра алады.

Сонымен: деревняның бүгінгі қозғалысы — шаруалардың демократиялық қозғалысы. Бұл қозғалыстың мақсаты — крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою. Ал осы қалдықтарды жою үшін помещиктер мен қазнаның барлық жерін конфискациялау қажет.

Қейбір мырзалар: социал-демократия осы уақытқа дейін не себепті барлық жерді конфискациялауды талап етпеді, ол осы уақытқа дейін не себепті тек «кесінділерді» конфискациялау туралы ғана айтып келді, деп бізді кіналағысы келеді?

Мырзалар, оның себебі мынау: 1903 жылы, партия «кесінділер» туралы айтқан кезде, россиялық шаруалар қозғалысқа әлі тартылмаған болатын. Партияның міндеті деревняға шаруалардың жүрегіне от салатын, шаруаларды крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы аттандыра алатын ұран тастау болды. Крепостниктік тәртіп қалдықтарының әділетсіздігі туралы россиялық шаруаларға айқын айтып беретін дәл осындай ұран «кесінділер» болды.

Бірақ кейін уақыт өзгерді. Шаруа қозғалысы өсті. Енді бұл қозғалысты тудырудың керегі жоқ, — ол онсыз да өршіп тасуда. Бүгінгі әңгіме шаруаларды қалай қозғалысқа шығару туралы емес, қозғалысқа шыққан шаруалардың не талап етуге тиіс екендігі туралы болып отыр. Бұл арада белгілі талаптар қою қажет екені айқын нәрсе, міне сондықтан партия шаруаларға: барлық помещиктік және қазналық жерді конфискациялауды талап етулерің керек деп отыр.

Ал мұның мәнісі әр нәрсенің өз уақыты мен орны болады, — «кесінділердің» де, барлық жерді кон-

фискациялаудың да өз уақыты мен орны бар, — деген сөз.

## II

Біз деревняның қазіргі қозғалысы шаруаларды азат ету қозғалысы болып отырғанын көрдік, сонымен қатар шаруаларды азат ету үшін крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою қажет екенін, ал бұл қалдықтарды жою үшін помещиктер мен қазнаның барлық жерін тартып алу керек екенін, сөйтіп жаңа өмір үшін, капитализмнің еркін дамуы үшін жол ашу керек екенін көрдік.

Айталық, осының барлығы іс жүзіне асты делік: Содан кейін осы жерлер қалайша бөлінуге тиіс, олар кімнің меншігіне берілуге тиіс?

Біреулер былай дейді: тартып алынған жерлер деревняның жалпы меншігіне берілуге тиіс, қазірден-ақ жерге жеке меншік жойылуға тиіс, сонымен, деревня жердің толық қожайыны болуға тиіс, ал одан кейін деревняның өзі шаруаларға тең «үлес» береді, сонымен, қазірден-ақ деревняда социализм іс жүзіне аспақ, — жалдама еңбек орнына теңгермелі жер пайдаланушылық орнатылмақ.

Мұның өзі «жерді социализациялау» деп аталады, — дейді бізге социалист-революционерлер.

Мұндай жол біз үшін қолайлы ма? Істің мәніне көз жіберіп көрелік. Әңгімені мынадан бастайық: социалист-революционерлер социализмді іс жүзіне асыруды деревнядан бастағысы келеді. Мұның өзі мүмкін бе? Жұртқа мәлім, қала деревняға қарағанда анағұрлым мәдениетті келеді, қала деревняның көсемі болып та-

былады, демек, социалистік істің бәрі қаладан басталуға тиіс. Ал социалист-революционерлер деревняны қаланың көсеміне айналдырғысы келеді, сөйтіп оған социализмді іс жүзіне асыруды бастатқысы келеді, мұның өзі деревняның артта қалып қойғандығынан, әлбетте, мүмкін емес. Осыдан-ақ социалист-революционерлердің «социализмі» өлі туған социализм болатыны айқын көрінеді.

Енді олардың деревняда қазірден-ақ социализмді іс жүзіне асырғысы келетініне көшелік. Социализмді іс жүзіне асыру — товарлы өндірісті жою, ақша шаруашылығын кұрту, капитализмді негізімен қыйрату, сөйтіп өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін қоғамдастыру деген сөз. Ал социалист-революционерлер мұның барлығын ешбір қозғамай қалдырып, тек жерді ғана қоғамдастырғысы келеді; мұнысы мүлдем мүмкін емес. Егер товарлы өндіріс қозғалмай қалатын болса, онда жер де товар бола кетеді, бүгін болмаса ертең ол рынокке түседі, сөйтіп социалист-революционерлердің «социализмінің» күлі көкке ұшады. Олардың социализмді капитализм шеңберінде іс жүзіне асырғысы келетіні айқын нәрсе; мұнысы, әрине, қыйсынсыз. Сондықтан да жұрт: социалист-революционерлердің «социализмі» — буржуазиялық социализм деседі.

Тенгермелі жер пайдаланушылыққа келсек, онда мұның өзі тек бос сөз екенін айтып өту керек. Тенгерме жер пайдаланушылық мүлік жағынан теңбе-тең болуды қажет етеді, ал шаруалар арасында мүлік жағынан теңбе-тең еместік бар, оны жою қазіргі демократиялық революцияның қолынан келмейді. Сегіз пар өгізі бар адам қанша жер пайдаланса, бір де өгізі жоқ адам да сонша жер пайдаланады деп ойлауға бола

ма? Ал социалист-революционерлер «теңгермелі жер пайдаланушылық» арқылы жалдама еңбек жойылады, сөйтіп капиталдың дамуына ақырзаман туады деп ойлайды; мұнысың әрине, барып тұрған сорақылық. Сірә, социалист-революционерлер капитализмнің бұдан былай дамуына қарсы күрескісі келеді, сөйтіп тарихтың тегершігін кейін шегергісі келеді, — олар кұтылу жолы осында тұр деп біледі. Ал ғылым бізге: социализмнің жеңуі капитализмнің дамуына байланысты, сондықтан кімде-кім оның дамуына қарсы күресетін болса, ол социализмге қарсы күреседі дейді. Сондықтай да социалист-революционерлер басқаша айтқанда социалист-реакционерлер деп аталады.

Шаруалардың феодалдық меншікті жою үшін күрескенде буржуазиялық меншікке қарсы бола отырып емес, қайта буржуазиялық меншікке сүйене отырып күрескісі келетіні туралы біз ешнәрсе айтып та отырғанымыз жоқ, — олар тартып алынған жерлерді өзара жеке меншікке бөліп алғысы келеді және «жерді социализациялаумен» қанағаттанғысы келмейді.

Көріп отырсыздар, «жерді социализациялау» қолайлы емес.

Екінші біреулер былай дейді: тартып алынған жерлер демократиялық мемлекетке берілуге тиіс, ал шаруалар жерді мемлекеттен арендаға алушы ғана болуға тиіс.

Мұның өзі «жерді национализациялау» деп аталады.

Жерді национализациялау қолайлы ма? Егер біз болашақ мемлекеттің, ол қандай демократияшыл болғанымен, қалайда буржуазиялық мемлекет болатынын, мұндай мемлекетке жер берілсе-ақ артынша бур-

жуазияның саяси жағынан күшейетінін, мұның өзі село мен қала пролетариаты үшін өте-мөте тиімсіз екенін еске алсақ, сонымен қатар сол шаруалардың өздерінің де «жерді национализациялауға» қарсы болатынын және тек арендатордың ғана ролімен қанағаттанбайтынын еске алсақ, — онда «жерді национализациялаудың» қазіргі қозғалыстың мүдделеріне сай келмейтіні өзінен өзі түсінікті болады.

Олай болса, онда «жерді национализациялау» да қолайлы емес.

Үшінші біреулер былай дейді: жер жергілікті өзіндік басқарманың меншігіне берілуге тиіс, ал шаруалар жерді басқармадан арендаға алушы болуға тиіс.

Мұның өзі «жерді муниципализациялау» деп аталады.

Жерді муниципализациялау қолайлы ма? «Жерді муниципализациялаудың» мәнісі не? Мұның мәнісі, біріншіден, шаруалар күрес үстінде помещиктер мен қазнадан тартып алған жерлерін өз меншігіне ала алмайды деген сөз. Бұған шаруалар қалай қарайды? Шаруалар жерді меншігіне алғысы келеді, шаруалар тартып алынған жерлерді бөлгісі келеді, олардың түсіне де бұл жерлер өз меншігі болып енеді; сондықтан шаруаларға: жер сендерге емес, өзіндік басқармаға берілуге тиіс деп айтқан кезде шаруалардың «муниципализацияны» жақтаушылармен келісе алмайтыны күмансыз. Мұны біз ұмытпауға тиіспіз.

Мұның үстіне, егер революцияның қызығына түскен шаруалар барлық тартып алынған жерлерді иемденіп алып, өзіндік басқармаға ешнәрсе қалдырмай қойса қайтеміз? Олардың жолына кесе-көлденең тұра алмаймыз ғой және: тоқтаңыздар, бұл жерлер сендер-

ге емес, өзіндік басқармаға берілуге тиіс, сендерге арендаторлық та жетер, деп айта алмаспыз!

Екіншіден, «муниципализация» ұранын қабылдай отырып, біз сонымен қазірден-ақ бұл ұранды халыққа жеткізуге тиістіміз, сөйтіп қазірден-ақ шаруаларға: өздерің күресіп, талап етіп отырған жерлер, өз қолдарыңа алғыларың келіп отырған жерлер сендерге емес, өзіндік басқармаға беріледі деп түсіндіруге тиістіміз. Әрине, егер партияның шаруаларға ықпалы зор болса, онда, мүмкін, олар партиядан келісер, бірақ шаруалардың ендігі жерде бұрынғы қарқынмен күреспейтінін айтып жатудың да керегі жоқ; мұның өзі қазіргі революция үшін өте-мөте зиянды. Ал егер партияның шаруаларға ықпалы зор болмаса, онда шаруалар партиядан шеттеп, сырт береді; мұның өзі шаруалармен партия арасында жанжал туғызады және революция күшін едәуір әлсіретеді.

Бізге кейбіреулер: шаруалардың ойлары көбінесе даму барысына қайшы келеді, ал біз тарих дамуын елемей кете алмаймыз және әрқашан шаруалардың ойларына ере алмаймыз, — партияның өз принциптері болуға тиіс дер. Нағыз шындық! Партия өз принциптерін қолдануға тиіс. Бірақ шаруалардың жоғарыда көрсетілген барлық талаптарын қабылдамаған партия өз принциптерінен тайған партия болып табылар еді. Егер шаруалардың помещиктік жерлерді басып алуға және оларды бөліске салуға бағытталған талаптары тарих дамуына қайшы келмесе, егер бұл талаптар, қайта, қазіргі демократиялық революциядан түгелдей туып отырса, егер феодалдық меншікке қарсы шын күрес буржуазиялық меншік негізінде ғана мүмкін болатын болса, егер шаруалардың талаптарын дәл

осы тенденция бейнелейтін болса, — онда шаруалардың бұл талаптарын партияның қабылдамай отыра алмайтыны өзінен өзі түсінікті, өйткені бұл талаптарды қуаттаудан бастарту революция дамуынан бас тарту болар еді. Керісінше, егер партия принцип ұстаған болса, егер ол революцияға кедергі болғысы келмесе, ол шаруалардың осындай талаптарының іс жүзіне асуына жәрдемдесуге тиіс. Ал бұл талаптар «жерді муниципализациялауға» негізінен қайшы келеді.

Көріп отырсыздар, «жерді муниципализациялау» да қолайсыз.

### III

«Социализация» да, «национализация» да, «муниципализация» да — бұлардың бірде-бірінің де қазіргі революцияның мүдделерін тиісті дәрежеде қанағаттандыра алмайтының көрдік.

Тартып алынған жерлер қалайша бөлінуге тиіс, олар кімнің меншігіне берілуге тиіс?

Шаруалардың тартып алған жерлері, олардың бұл жерлерді өзара бөлуіне мүмкіндік беру үшін, шаруалардың өздеріне берілуге тиіс екені айқын нәрсе. Жоғарыда қойылған мәселе осылай шешілуге тиіс. Жер бөлісі меншіктіліктің өршуін туғызады. Мүлкі аздар жерін сата бастайды, сөйтіп пролетариаттану жолына түседі, ауқаттылар жаңа жерлер сатып алады, сөйтіп жер өңдеудің техникасын жақсартуға кіріседі; деревня тапқа бөлінеді, таптардың шиеленіскен күресі қаулайды, сонымен капитализмнің дамып беруінің іргесі қаланатын болады.

Көріп отырсыздар, жер бөлісі қазіргі экономикалық дамудан өзінен өзі туып отыр.

Екінші жағынан, «жер шаруаларға, тек шаруаларға ғана берілсін, басқа ешкімге берілмесін» деген ұран шаруаларды жігерлендіреді, оларға жаңа күш береді және деревняда қазірдің өзінде-ақ басталған революциялық қозғалысты ақырына дейін жеткізуге жәрдем етеді.

Көріп отырсыздар, қазіргі революцияның барысы да жер бөлісінің қажеттігін көрсетіп отыр.

Қарсы шығушылар бізді кіналап: осының барлығымен біз ұсақ буржуазияны қоздырамыз, ал мұның өзі Маркс ғылымына негізінен қайшы келеді, дейді. «Революциялық Россия»<sup>68</sup> мынаны жазып отыр:

«Шаруалардың помещиктерді экспроприациялауына көмектесе отырып, сіздер капиталистік жер шаруашылығының қазірдің өзінде-ақ азды-көпті жетіліп қалған формаларының қыйраған жұртына ұсақбуржуазиялық шаруашылықтың қонуына еріксіз жәрдемдесесіздер. Мұның өзі ортодоксалдық марксизм тұрғысынан қарағанда «бір адым шегінгендік» емес пе?» (қараңыз: «Революциялық Россия» № 75).

Мен «сыншы» мырзалардың фактыларды шатастырып алғанын айтуға тиістімін. Олар помещиктік шаруашылықтың капиталистік шаруашылық емес екенін, оның өзі крепостниктік шаруашылықтың қалдығы екенін, демек, помещиктерді экспроприациялау арқылы капиталистік шаруашылық емес, крепостниктік шаруашылықтың қалдықтары қыйратылатынын ұмытқан. Оның үстіне олар, марксизм тұрғысынан қарағанда, крепостниктік шаруашылықтың соңынан ешуақытта тікелей капиталистік шаруашылықтың болмағанын және бола алмайтынын — олардың арасында крепостниктік шаруашылықты ауыстыратын және содан кейін



капиталистік шаруашылыққа айналатын ұсақ буржуазиялық шаруашылық тұрғанын ұмытқан. Карл Маркс әлдеқашан «Қапиталдың» үшінші томында: тарихта крепостниктік шаруашылықтың соңынан алдымен селолық ұсақбуржуазиялық шаруашылық болған, тек осыдан кейін ғана ірі капиталистік шаруашылық дамыған — бірінен екіншісіне тікелей секіру болған емес және бола алмайды деген болатын. Ал бұл адам таңырқарлық «сыншылар» бізге: помещиктік жерлерді тартып алу және оларды бөліске салу, марксизм тұрғысынан қарағанда, кейін шегінген қозғалыс болып табылады, дейді! Көп ұзамай олар бізді, марксизм тұрғысынан қарағанда, «крепостниктік правоны жою» да кейін шегінген қозғалыс болып табылады деп кінәлар, өйткені сол кезде де қайсыбір жерлер помещиктерден «тартып алынып», ұсақ қожайындарға — шаруаларға берілген еді ғой! Қызық адамдар! Олар марксизмнің барлық іске тарихи тұрғыдан қарайтынын, марксизм тұрғысынан қарағанда селолық ұсақбуржуазиялық шаруашылықтың крепостниктік шаруашылықпен салыстырғанда ілгері басқандық екенін, крепостниктік шаруашылықты қыйрату және ұсақбуржуазиялық шаруашылықты өндіру кейін осы ұсақбуржуазиялық шаруашылықты түріп шығатын капитализм дамуының қажетті шарты болып табылатынын түсінбейді...

Бірақ «сыншыларды» былай қоя тұралық.

Әңгіме мынада: жерді шаруаларға беру, ал одан соң жерді бөлу крепостниктік тәртіптің қалдықтарының іргесін қопарады, капиталистік шаруашылықтың дамуы үшін жағдай даярлайды, революциялық өрлеуді едәуір күшейтеді, дәл сондықтан да мұның өзі со-

циал-демократия партиясы үшін қомайлы болып табылады.

Сонымен, крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою үшін барлық помещиктік жерлерді конфискациялау қажет; бұл жерлерді шаруалар өз меншігіне алып, өздерінің мүдделеріне сәйкес өзара бөлісуге тиіс.

Партияның аграрлық программасы осы негізге сүйеніп құрылуға тиіс.

Бізге кейбіреулер: мұның барлығы шаруаларға қатнасты, ал сіздер селолық пролетарлар жөнінде не істемексіздер? дер. Оларға біздің жауабымыз: егер шаруалаға демократиялық аграрлық программа, керек болса, деревня мен қала пролетарлары үшін олардың таптық мүдделері айтылған социалистік программа бар, ал олардың күнделікті мүдделері минимум программаның он алты пунктінде ескерілген, онда еңбек жағдайларын ондау туралы айтылады (екінші съезде қабылданған Партия программасын қараңыз). Аләзірше партияның социалистік нақты жұмысы мынада: партия селолық пролетарлар арасында социалистік насихат жүргізеді, оларды өздерінің социалистік ұйымдарына біріктіреді және қала пролетарларымен қосып жеке саяси партияға ұйымдастырады. Партия шаруалардың осы бөлегімен ылғый істес бола отырып, оларға былай дейді: сіздер демократиялық революцияны іс жүзіне асыратын болсаңыздар күресуші шаруалармен байланыс жасаңдар және помещиктерге қарсы күресіңдер, ал сіздер социализмге қарай аяқ басатын болсаңыздар — қала пролетарларымен батыл бірігіңдер және, шаруа немесе дворян болса да, буржуа атаулыға қарсы аяусыз күресіңдер. Шаруалармен біріге отырып, демократиялық респуб-

лика үшін күресіндер! Жұмысшылармен біріге отырып, социализм үшін күресіндер! — партия селолық пролетарларға міне осыны айтады.

Егер пролетарлардың қозғалысы мен олардың социалистік программасы тап күресінің жалынын шалқытатын болса, сөйтіп сонымен таптық атаулыны мәңгі жоятын болса, онда шаруа қозғалысы мен оның аграрлық-демократиялық программасы да деревняда сословиелік күрестің жалынын шалқытады, сөйтіп сонымен сословиелік атаулыны негізімен жояды.

Р. С. Мақаланы аяқтай келе, бір оқушының хатына жауап бермей кетуге болмайды, ол бізге былай деп жазады: «Қалайда сіздің бірінші мақалаңыз мені қанағаттандырмады. Партия барлық жерлерді конфискациялауға қарсы болған жоқ па еді? Ал егер мұның өзі осылай болса, онда ол жөнінде партия неге айтпаған?»

Жоқ, құрметті оқушы, партия мұндай конфискацияға ешуақытта қарсы болған емес. Екінші съездің өзінде-ақ, «жесінділер» туралы пункт алынған дәл сол съезде, — осы съездің өзінде-ақ (1903 ж.) партия Плеханов пен Лениннің сөзімен: егер шаруалар барлық жерлерді конфискациялауды талап ететін болса, біз шаруаларды қолдаймыз деген болатын\*. Екі жылдан кейін (1905 ж.) партияның екі фракциясы, — «большевиктер» үшінші съезде, «меньшевиктер» бірінші конференцияда, — барлық жерлерді конфискациялау туралы мәселеде шаруаларды түгелдей

\* Қараңыз: екінші съездің протоколдары.

қуаттаймыз деп бірауыздан айтқан болатын\*. Кейін екі партиялық ағымның газеттері, — «Искра» мен «Пролетарий» да, «Новая Жизнь»<sup>57</sup> мен «Начало» да<sup>58</sup>, — барлық жерді конфискациялауға шаруаларды талай рет шақырып отырды. Көріп отырсыздар, партия бастан-ақ барлық жерлерді конфискациялау жағында болды, демек, партия шаруа қозғалысының соңында ілесіп жүрді, деп ойлауға сіздің ешбір дәлелдеріңіз жоқ. Шаруа қозғалысы әлі шын мәнісінде басталған жоқ, шаруалар әлі ең аяғы «кесінділерді» де талап еткен жоқ, ал партия өзінің екінші съезінде барлық жерлерді конфискациялау туралы айтқан болатын.

Ал егер сіз қалайда бізден: сол 1903 жылдың өзінде-ақ барлық жерді конфискациялау туралы талаптарды программаға біз неге енгізбедік деп сұрайтын болсаңыз, біз де сізге сұраумен жауап береміз: ал социал-революционерлер 1900 жылы-ақ өзінің программасына демократиялық республика талаптарын неге енгізбеді, неғып олар бұл талапқа қарсы болды? \*\* Не себепті ол кезде тек национализация туралы ғана айтып, ал бүгін социализациямен құлағымыздың құрышын жеп отыр? Егер біз бүгін минимум программада 7 сағаттық жұмыс күні туралы ешнәрсе айтпасақ, мұның өзі біздің бұл талапқа қарсы болғанымыз болып табыла ма? Олай болса істің мәнісі неде? Мәнісі тек сол — 1903 жылы, қозғалыс әлі шынықпаған кезде, барлық жерлерді конфискациялау қағаз бетінде қалған болар еді, шынық-

\* Қараңыз: үшінші съездің протоколдары және «Бірінші конференция».

\*\* Қараңыз: «Біздің міндеттеріміз», «Социал-революционерлер одағы» басып шығарған, 1900 ж.

паған қозғалыс бұл талапты меңгере алмаған болар еді, осының салдарынан сол кезге көбінесе «кесінділер» сай келген-ді. Бірақ кейінірек, қозғалыс күшейіп, практикалық мәселелерді алға қойған кезде, партия енді: қозғалыс «кесінділерге» тоқтап қала алмайды және тоқтап қалуға тиіс емес, барлық жерлерді конфискациялау қажет деп көрсетуге тиіс болды.

Фактылар осындай.

Ақырында, «Цнобис Пурцели»<sup>59</sup> (қараңыз: № 3033) туралы бірнеше сөз. Бұл газет «мода» мен «принцип» жөнінде қайдағы бір оңбаған сандырақты қоқсытып, партия бір кезде «кесінділерді» принципке айналдырған деп сөндірмек болады. Мұның өзі жала екенін, партияның әуел бастан-ақ принципті түрде барлық жерлерді конфискациялауды шаршы жұртқа естірте мақұлдағанын оқушы жоғарыдан да көретіндей болды. Ал «Цнобис Пурцелидің» принциптерді практикалық мәселелерден айыра алмайтынына келсек, мұның оқасы жоқ — ержетер, оларды айырып үйренер\*.

*„Элва“ („Нажагай“) газеті, № 5, 9, 10;*

*1906 жылғы 17, 22, 23 март*

*Қол қойған: И. Бессошвили*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

\* «Цнобис Пурцели» бір жерден «россиялық социал-демократтар... жаңа аграрлық программа қабылдапты, осыған байланысты... жерді муниципализациялауды қолдайтын болыпты» деп «естіген» көрінеді. Мен Россиялық социал-демократтар мұндай ешбір программа қабылдаған емес, деп айтуға тиістімін. Программа қабылдау — съездің жұмысы, ал бұл съезд әлі болған жоқ. «Цнобис Пурцелиді» біреу немесе бір нәрсе адастырғаны айқын. «Цнобис Пурцели» өзінің оқушыларын ұзынқулақ хабармен сыйламаса, өте жақсы істеген болар еді.

---

## АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕГЕ

«Муниципализация» туралы (қараңыз: «Элва»<sup>90</sup> № 12) соңғы мақала, бәлкім, естөрiңiзде болар. Бiз автордың көтерiп отырған барлық мәселелерiн тәп-тештәп талқылап жатқымыз келмейдi, — бұл қызықты да емес, қажет те емес. Бiз тек өкi негiзгi мәселеге тоқтағымыз келедi: муниципализация крепостниктiк тәрiптiң қалдықтарын жоюға қайшы келе ме және жер бөлiс реакцияшылдық шара болып табыла ма? Бiздiң жолдас мәселенi дәл осылай қойып отыр. Сiрә, муниципализация, жер бөлiс және басқа осы сыяқты мәселелер оған принциптiк мәселелер сыяқты болып көрiнедi, ал партия аграрлық мәселенi мүлде басқа негiзде қойып отыр.

Әңгiме мынада: социал-демократия национализацияны да, муниципализацияны да, жер бөлiстi де принциптiк мәселе деп есептемейдi, олардың бiрде-бiрiне бұл принцип жағынан қарсы емес. Маркстiң «Манифесiн», Каутскийдiң «Аграрлық мәселесiн», «Екiншi съездiң протоколдарын», сол Каутскийдiң «Россиядағы аграрлық мәселесiн» қараңыздаршы, сонда сiздер мұның өзi дәл солай екенiн көресiздер.

Партия бұл мәселелердің барлығына практика тұрғысынан қарайды және аграрлық мәселені мынадай практикалық негізге салады: біздің принципімізді толығырақ жүзеге асыратын қайсысы — муниципализация ма, национализация ма, әлде жер бөліс пе?

Партия мәселені міне осындай негізге қойып отыр.

Аграрлық программаның принципі — крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мен тап күресінің еркін дамуы — өзгеріссіз қалғаны, — бұл принципті іс жүзіне асырудың тек құралдары ғана өзгергені түсінікті.

Автор мәселені дәл осылай қоюға тиісті еді: крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мен таптар күресінің дамуы үшін қайсысы жақсы — муниципализация ма, әлде жер бөліс пе? Ал ол мүлдем ойдағы жоқ жерден принциптер жағына аттап өтіп, практикалық мәселелерді принциптік мәселелер дей келіп, бізден: муниципализация деген «крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюға және капитализмнің дамуына қайшы келе ме?» деп сұрайды. Крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюға және капитализмнің дамуына национализация да, жер бөліс те қайшы келмейді, бірақ бұдан олардың арасында айырма жоқ, муниципализацияны жақтаушы адам сонымен бірге национализацияны да, жер бөлісті де жақтаушы болуға тиісті деген ұғым тұмайды ғой. Олардың арасында қайсыбір практикалық айырма бары айқын нәрсе. Әңгіме дәл осында, сондықтан да партия мәселені практикалық негізге қойды. Ал автор, жоғарыда біздің көрсеткеніміздей, мәселені мүлдем басқа негізге қойып, принцип пен оны іс жүзіне асырудың құралын бір-бірімен шатастырып жіберді, сонымен,

партияның қойған мәселесінен амалсыздан сырттап кетті.

Одан кейін, автор бізді жер бөліс деген реакцияшылдық шара деп сендіргісі келеді, яғни бізді социал-революционерлерден талай рет естігеніміз сыяқты мінегісі келеді. Метафизик-эсерлер бізге жер бөліс дегеніңіз, марксизм тұрғысынан қарағанда, реакцияшыл шара болып табылады десе, онда мұндай мінеу бізді ешбір таңдандыра алмайды, өйткені олардың іске диалектика тұрғысынан қарамайтынын біз жақсы білеміз, — олар әр нәрсенің өз уақыты мен орны болатынын, сондықтан ертең реакцияшылдық болатын нәрсенің бүгін революцияшылдық болуы мүмкін екенін түсінгісі келмейді. Бірақ бізді диалектик-материалистер дәл осылай мінейтін болса, онда біз: олай болған күнде диалектиктер мен метафизиктердің бір-бірінен айырмасы қайсы? деп сұрамай отыра алмаймыз. Әрине, егер жер бөліс капитализмнің дамуына қарсы бағытталған болса, ол реакцияшыл шара болған болар еді, ал егер ол крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы бағытталған болса, онда жер бөліс дегеніміз — социал-демократия қолдануға тиісті революциялық құрал екені өзінен өзі түсінікті. Бүгінгі күні жер бөліс не нәрсеге қарсы бағытталған: капитализмге қарсы ма, әлде крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы ма? Жер бөлістің өзі крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы бағытталғанында күман болмауға тиіс. Демек, мәселе өзінен өзі шешіледі.

Әрине, капитализм деревняда жеткілікті түрде әбден тұрақтап алғаннан кейінгі кезде жер бөліс реакцияшылдық шара болып табылады, өйткені ол



онда капитализмнің дамуына қарсы бағытталады, сондықтан ол кезде социал-демократия да оны қолдамайды. Қазіргі кезде социал-демократия демократиялық республиканы орнату талабын революциялық шара ретінде қызу қолдап отыр, бірақ кейін, пролетариат диктатурасы туралы мәселе практика жүзінде қойылған кезде, демократиялық республика реакцияшыл шараға айналады, сондықтан социал-демократия оны қыйратуға тырысады. Дәл осыны жер бөліс жөнінде де айту керек. Крестниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы күрес жүріп жатқан кезде жер бөліс және жалпы алғанда ұсақбуржуазиялық шаруашылық революциялық шара болып табылады, ал ол капитализмнің дамуына қарсы бағытталған кезде сол жер бөлістің өзі реакцияшыл шара болып табылады. Қоғамдық дамуға диалектикалық көзқарас міне осындай. Карл Маркс «Капиталдың» үшінші томында селолық ұсақбуржуазиялық шаруашылықты крепостниктік шаруашылықпен салыстырғанда прогрестік шара деп атаған кезінде оған ол дәл жоғарыда айтылғандай диалектикалық түрде қарайды.

Осының барлығымен қатар, сөз арасында айта кетейік, бөліс туралы К. Каутский былай дейді:

«Жер қорын, яғни ірі жер меншігін бөлісу, орыс шаруалары талап етіп, осы күннің өзінде-ақ практикалық түрде іс жүзіне асырып жатқан бөліс... болмай қоймайтын және қажет нәрсе екені былай тұрсын, сонымен қатар ең жоғары дәрежеде пайдалы нәрсе. Сондықтан социал-демократияның бұл процесті қолдауына барлық дәлелдері бар» (қараңыз: «Россиядағы аграрлық мәселе», 11-бет).

Мәселені шешу үшін оны дұрыс қоюдың үлкен

маңызы бар. Әрбір мәселе диалектикалық түрде қойылуға тиіс, яғни біз барлық нәрсенің өзгеріп отыратынын, барлық нәрсенің өз уақыты мен орны болатынын ешуақытта ұмытпауға тиістіміз, демек, мәселелерді де біз сол сыяқты нақты жағдайларға сәйкес қоюға тиістіміз. Бұл — аграрлық мәселені шешу үшін бірінші шарт. Екіншіден, біз мынаны да ұмытпауға тиістіміз: россиялық социал-демократтар аграрлық мәселені бүгін практикалық негізге қойып отыр, сондықтан кімде-кім бұл мәселені шешкісі келсе, дәл осы негізге түсуге тиіс. Бұл — аграрлық мәселені шешу үшін екінші шарт. Ал біздің жолдас бұл шарттардың бірде-бірін еске алған жоқ.

Біздің жолдас былай деп жауап берер: жақсы, жер бөліс революциялық шара болып табылады, делік. Біз бұл революциялық қозғалысты қолдауға тырысамыз, ол айқын, бірақ бұл осы қозғалыстың талаптарын біз өзіміздің программамызға енгізуге тиістіміз деген сөз болып мүлдем табылмайды, — мұндай талаптар программдан тіпті орын алуға тиісті емес, т. т. Сірә, автор минимум программа мен максимум программаны шатастыратын көрінеді. Социалистік программада (яғни максимум программада) тек қана пролетарлық талаптардың болуға тиісті екенін ол біледі, бірақ демократиялық программаның (яғни минимум программаның), әсіресе аграрлық программаның, социалистік программа емес екенін, сондықтан, демек, онда буржуазиялық-демократиялық талаптардың сөзсіз болатындығын, бұл талаптарды біздің қолдайтындығымызды ол ұмытады. Саяси бостандық — буржуазиялық талап, бірақ, бұған қарамастан, ол біздің минимум программада қадірлі орын

17\*

алады. Я, бізге алыстан іздеудің не керегі бар, аграрлық программаның екінші пунктін қараңыз да, оқып көріңізші: партия «...шаруаны өз жерін басқаруда қысымға алатын барлық заңдардың жойылуын» талап етеді, — осының барлығын оқыңыз да, айтыңызшы: бұл пункттің ішінде социалистік не бар? Ешнәрсе жоқ, дейсіз сіз, өйткені бұл пункт буржуазиялық меншікті жоюды емес, қайта оған бостандық берілуін талап етеді. Бұған қарамастан, бұл пункт қалайда біздің минимум программада бар. Олай болса әңгіме неде? Әңгіме мынада ғана: максимум программа мен минимум программа — шатастыруға болмайтын екі түрлі түсінік. Рас, анархистер бұған наразы болады, бірақ амал қайсы, біз анархист емеспіз ғой!..

Ал шаруалардың жер бөліске ұмтылуына келсек, біздің жоғарыда айтқанымыздай, оның маңызы экономикалық дамудың тенденциясымен өлшенеді, ал шаруалардың ұмтылуы осы тенденциядан «тікелей туады», сондықтан біздің партия оған қарсы шара жасамай, оны қолдауға тиіс.

*„Элга“ („Наджагай“) газеті № 14,  
29 март, 1906 ж.*

*Қол қойған: И. Бессошвили*

*Орысшасы грузин тілінен аударылған*

---

---

## АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАНЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ТУРАЛЫ

*(РСДЖП IV съезінің<sup>01</sup> жетінші мәжілісінде  
1906 ж. 13(26) апрельде сөйленген сөз)*

Ең алдымен кейбір жолдастардың дәлелдерінің әдістері туралы айтам. Плеханов жолдас Ленин жолдастың «анархиялық әдеттері» туралы, «ленинизмнің» хатерлілігі туралы, тағысын-тағы сондайлар туралы өте көп айтты, бірақ аграрлық мәселе туралы, шын-ында, бізге айтқаны өте аз болды. Шын-ында ол аграрлық мәселе жөніндегі баяндамашылардың бірі болатын-ды. Бірігу съезі деп аталып отырған съезіміздің сыйлатына қайшы келетін, оның үстіне ашу-ыза жағдайын енгізетін мұндай дәлелдердің әдісі аграрлық мәселені шешуде ешбір нәрсенің бетін аша алмайды деп ойлаймын. Плеханов жолдастың кадеттік әрекеттері туралы біз де бірдеңе айта алар едік, бірақ мұнымен аграрлық мәселені шешуде бір адым да ілгері баса алмаспыз.

Одан кейін, Джон<sup>02</sup>, Гурияның, Латыш өлкесінің, т. т. өмірінен алынған кейбір мәліметтерге сүйене отырып, бүкіл Россия үшін муниципализация пайдалы деген ағат қортындыға келеді. Мен, жалпы айтқанда, программаны бұлайша жасамас болар деп айтуға тиістімін. Программаны жасарда кейбір өл-

келердің кейбір бөлімдерінің өзгешелік сыйпаттарын емес, Россияның көпшілік жерлеріне тән жалпы сыйпаттарын ескеру керек: басым жолды ескермеген программа — программа емес, тек түрліше ережелерді жай ғана қоса салушылық. Джонның жобасы дәл осындай. Онымен қатар, Джон теріс мәліметтерге сүйеніп отыр. Оның пікірінше, шаруа қозғалысы дамуының процесінің өзі оның жобасын қуаттайтын сыяқты, өйткені мәселен, Гурияда, қозғалыс процесінің үстінде-ақ ормандарды, т. т. билейтін облыстық өзіндік басқармалар құрылған көрінеді. Бірақ, біріншіден, Гурия — облыс емес, Кутаис губерниясы уездерінің бірі; екіншіден, Гурияда ешуақытта бүкіл Гурия үшін бірыңғай революциялық өзіндік басқарма болған емес; онда тек кішкене ғана өзіндік басқармалар болды, демек, олар облыстық өзіндік басқармаларға әсте тең келе алмайды, үшіншіден, билеу — бір мәселе, ал иемдену — мүлдем екінші мәселе. Жалпы алғанда Гурия туралы көп лақап тараған, бірақ россиялық жолдастар мұны тіпті орынсыз шындыққа балап жүр...

Ал істің мәніне келетін болсақ, онда менің айтайын дегенім, біздің программаның негізгі пункті мына ережелер болуға тиіс: күресіп жатқан шаруалармен біздің уақытша революциялық одақ жасайтындығымыз себепті, демек, бұл шаруалардың талаптарымен біздің санаспай отыра алмайтындығымыз себепті, — егер бұл талаптар жалпы алғанда экономикалық дамудың тенденциясы мен революцияның барысына қайшы келмейтін болса, — біз бұл талаптарды қолдауға тиістіміз. Шаруалар бөлісті талап етеді; бөліс жоғарыда айтылған нәрселерге қайшы келмей-

ді, — демек, біз бүтіндей конфискациялау мен бөлісті қолдауға тиістіміз. Осы тұрғыдан қарағанда национализация да, муниципализация да бірдей қолайсыз. Муниципализациялау немесе национализациялау ұранын көтергенде, біз, ешнәрсе ұтпасақ та, революцияшыл шаруаның пролетариатпен одақ жасауын мүмкін етпей қоямыз. Бөлістің реакцияшылдығы туралы айтушылар дамудың екі сатысын: капиталистік сатысы мен капитализмнен бұрынғы сатысын шатастырады. Сөз жоқ, капиталистік сатыда бөліс реакциялық нәрсе, бірақ капитализмнен бұрынғы жағдайларда (мәселен, орыс деревнясының жағдайында) бөліс жалпы алғанда революциялық іс. Әрине, орманды, суды, т. с. бөлуге болмайды, бірақ оларды национализациялауға болады, мұның өзі шаруалардың қойып отырған революциялық талаптарына тіпті қайшы келмейді. Одан кейін, революциялық шаруа комитеттері деген ұранның орнына Джонның ұсынып отырған: революциялық комитеттер деген ұраны, — аграрлық революцияның рухына негізінен қайшы келеді. Аграрлық революцияның ең алдымен және көбінесе алдына қойып отырған мақсаты — шаруаларды азат ету, демек: шаруа комитеттері деген ұран аграрлық революцияның рухына сай келетін жалғыз ғана ұран болып табылады. Егер пролетариатты азат ету сол пролетариаттың өз ісі болатын болса, онда шаруаларды азат ету де сол шаруалардың өз ісі болып табылады.

*Россиялық социал-демократиялық  
жұмысшы партиясының 1906 ж.  
Стокгольмде болған Бірігу  
съезінің протоколдары  
Москва, 1907, 59—60-беттері*

---

---

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ

*(РСДЖП IV съезінің он бесінші мәжілісінде 1906 ж.  
17(30) апрельде сөйленген сөз)*

Рәссияның қоғамдық-саяси өмірінің дамуында екі жол: жалған реформа жолы мен революция жолы белгіленгендігі ешкімге жасырын емес. Бірінші жолға патша үкіметі бастаған ірі фабриканттар мен помещиктер, екінші жолға пролетариат бастаған революцияшыл шаруалар мен ұсақ буржуазия түсіп отырғандығы да сондай айқын. Қалалардағы дамып келе жатқан дағдарыс пен деревнялардағы аштық жана дүмпуді болмай қоймайтын етеді, — демек, мұнда қобалжу дегеніңіз орынсыз болады: немесе революция өрге көтеріледі, сөйтіп біз оны аяқтап шығуға тиіспіз, немесе революция күші кеми береді, бірақ біз алдымызға мұндай міндетті қоя алмаймыз, қоюға тиісті емеспіз. Ал мәселенің мұндай қойылуы диалектикаға жатпайды деп Руденко бекер ойлайды. Руденко орта жолды іздейді, революция өрлейді де, және өрлемейді де, революцияны аяқтап шығу да керек, және шықпау да керек дегісі келеді, өйткені, оның ойынша, мәселені дәл осылай қоюды диалек-

тика міндеттейді! Біз Маркстің диалектикасын бұлай түсінбейміз...

Сонымен, біз жаңа дүмпудің қарсаңындамыз, революция өрлеп келеді, сондықтан біз оны аяқтап шығуға тиіспіз. Осыған келгенде бәріміз де қосыламыз. Бірақ біз мұны қандай жағдайда істей аламыз және қандай жағдайда істеуге тиістіміз: пролетариаттың гегемониясы жағдайында ма немесе буржуазиялық демократияның гегемониясы жағдайында ма? Негізгі пікір алшақтығы міне осыдан басталып отыр.

Мартынов жолдас «Екі диктатура» дегеннің өзінде-ақ қазіргі буржуазиялық революцияда пролетариаттың гегемониясы зиянды утопия деген болатын. Оның кешегі сөйлеген сөзінде де сол ойы білініп тұр. Оған қол шапалақтаған жолдастар, сірә, оны қостайтын болар. Егер мұның өзі осылай болса, егер, меньшевик жолдастардың ойынша, бізге пролетариаттың гегемониясы емес, демократияшыл буржуазиялық гегемониясы керек болатын болса, қарулы көтерілісті ұйымдастыруда да, өкіметті басып алуда да біздің тікелей белсене қатысуымыздың қажеті жоқ екендігі өзінен өзі айқын. Меньшевиктердің «схемасы» осындай.

Керісінше, егер пролетариаттың таптық мүдделері өз гегемониясына бастаса, егер пролетариат қазіргі революцияның соңында емес, басында жүруге тиіс болса, онда пролетариаттың қарулы көтерілісті ұйымдастыруда белсене қатысудан да, өкіметті басып алудан да бас тарта алмайтындығы өзінен өзі түсінікті. Большевиктердің «схемасы» осындай.



Не пролетариаттың гегемониясы, не демократиялық буржуазияның гегемониясы — партия ішінде мәселе міне осылай қойылып отыр, біздің таласымыз міне осында болып отыр.

*Россиялық социал-демократиялық  
жұмысшы партиясының 1906 ж.  
Стокгольмде болған Бірігу  
съезінің протоколдары  
Москва, 1907, 187-бет*

---

---

## МАРКС ПЕН ЭНГЕЛЬС КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ

Меньшевик Н. Х.<sup>63</sup> батылдықтың қаланы алатынын біледі, сондықтан... большевиктерді тағы да бланкизммен айыптауға батылы барып отыр («Симартленің»<sup>64</sup> № 7 қараңыз).

Мұнда, әрине, таң қаларлық дәнеңе жоқ. Германияның оппортунистері Бернштейн мен Фольмар көптен бері Каутский мен Бебельді бланкистер деп атап келеді. Францияның оппортунистері Жорес пен Мильеран көптен бері Гед пен Лафаргты бланкизм мен якэбиншылдыққа салынды деп айыптап жүр. Бұған қарамастан, Бернштейн, Мильеран, Жорес және басқалардың оппортунистер екендігі, олардың марксизмге опасыздық жасап отырғандығы, ал Каутский, Бебель, Гед, Лафарг және басқалардың революцияшыл марксистер болып отырғандығы бүкіл жер жүзіне белгілі. Егер Россияның оппортунистері және солардың жолын қуған Н. Х. Европа оппортунистеріне еліктеп, бізді бланкистер деп атап отырса, мұнда таң қаларлық не бар? Мұның өзі большевиктердің, Каутский мен Гед сыяқты, революция-

шыл марксистер болып табылатындығын ғана көрсетеді<sup>65</sup>.

Н. Х. мен әңгімені біз осымен бітіруімізге де болар еді. Бірақ ол мәселені «терендетіп», өз сөзін дәлелдеуге тырысады. Сонымен, оны ренжітіп қайтөміз, тыңдап көрелік.

Большевиктердің төмендегідей пікіріне Н. Х. қосылмайды:

«Айталық \*, үкіметке деген \*\* өшпенділік қала адамдарының бойына сіңген, егер бұл үшін реті келсе, олар әрқашан күреске көтеріле алады. Мұның өзі біздің сан жағынан әлдеқашан даяр екендігімізді көрсетеді. Бірақ мұның өзі әлі жеткіліксіз. Көтерілісті ұту үшін күнілгері күрестің жоспарын құру қажет, күнілгері ұрыс тактикасын жасау қажет, ұйымдасқан отрядтары болу қажет, т. т.» («Ахали Цховреба» № 6 қараңыз).

Н. Х. бұған қосылмайды. Неге? Неге десеңіз мұның өзі бланкизм болады-мыс! Сонымен, Н. Х. «ұрыс тактикасын» да, «ұйымдасқан отрядтардың» болуын да, ұйымдасып майданға шығуды да тілемейді, — мұның бәрі, бақсақ, түк мәні жоқ, басы артық нәрсе көрінеді. Большевиктер бір ғана «үкіметті жек көру жеткіліксіз», сананың бір өзі «жеткіліксіз», тағы да «отрядтар мен ұрыс тактикасының» болуы қажет дейді. Н. Х. мұның бәрін теріс дейді, мұны бланкизм деп атайды.

---

\* Бул арада Н. Х. «айталық» деген сөзді «ол уақытта» деген сөзбен өзгерткен, мұның өзі сөз мәнін біраз өзгертеді.

\*\* Бул арада «үкіметке» деген сөзді Н. Х. тастап кеткен («Ахали Цховреба»<sup>66</sup> № 6 қараңыз).

Осыны есімізде ұстайық та, ілгері жүрелік.

Лениннің мына төмендегі пікірі Н. Х.ға ұнамайды:

«Біз Москвадағы, Дондағы, Ростовтағы және басқа жерлердегі көтерілістердің тәжірибесін жыйнап, бұл тәжірибені жұртқа жайып, жаңа жауынгер күштерді табанды және шыдамды түрде дайындауымыз керек, оларды бірқатар партизандық ұрыстарда үйретуіміз, шынықтыруымыз керек. Жаңа дүмпу көктемде әлі болмауы да мүмкін, бірақ ол келе жатыр, ол, жалпы жағдайға қарағанда, оншалық алыс та емес. Біз оны қаруланып, соғыстағыша ұйымдасып, батыл шабуыл әрекеттерін жүргізе алатындай болып қарсы алуымыз керек» («Партийные Известияны» қараңыз)<sup>67</sup>.

Лениннің бұл пікіріне Н. Х. қосылмайды. Неге? Неге десеңіз мұның өзі бланкизм болады-мыс!

Сонымен, Н. Х.ның пікірінше, біз «декабрь көтерілісінің тәжірибесін жыюға» тиісті емеспіз және «оны жұртқа жаюға» тиісті емеспіз болып шығады. Рас, дүмпу жақындап келеді, бірақ, Н. Х.ның пікірінше, біз «оны қаруланып қарсы алуға» тиісті емеспіз, «батыл шабуыл әрекеттеріне» дайындалуға тиісті емеспіз. Неге? Неге десеңіз, сірә, қаруланбай және дайындалмай тезірек жеңетін болармыз! Большевиктердің айтуынша, дүмпуді күтуге болады, ал сондықтан біздің борышымыз — сол дүмпуге саналылық жөнінен де, қарулану жөнінен де әзірлену болады. Н. Х. дүмпуді күтуге болатындығын біледі, бірақ ауызша үгіттеуден басқа ештеңені мойындамайды, ал сондықтан ол қаруланудың керектігіне күманданады, оны басы артық нәрсе деп санайды. Большевиктердің айтуын-

ша, стихиялы басталған және бытыраңқы көтеріліске саналылық пен ұйымшылдықты енгізу керек. Н. Х. мұны да мойындамайды — мұның өзі бланкизм болады-мыс. Большевиктердің айтуынша, белгілібір жағдайда «батыл шабуыл жасау әрекеттері» қажет болады. **Батылдық та, шабуыл әрекеттері** де Н. Х.ға ұнамайды — мұның бәрі бланкизм болады-мыс.

Осының бәрін есімізде сақталық та, қарулы көтеріліске Маркс пен Энгельс қалай қарағандығын көрелік.

Маркс елуінші жылдары мынаны жазды:

«Көтеріліс бір басталып кеткен соң, аса зор батылдықпен қыймылдау керек және **шабуылға** көшу керек. Қорғаныс жасау дегеніңіз қарулы көтеріліс атаулыға өлім болады... Жауды оның әскерлері әлі де бөлшектеніп жатқан кезде, кенеттен басып алу керек; күн сайын азда болса жаңа табыстарға жету керек; көтерілісшілердің бірінші жеңісті қыймылы әперген моральдық жағынан басымдықты сақтап қалуың керек; қашанда болса анағұрлым күші басымдылардың соңынан еріп, қашанда болса сенімдірек жаққа шыға бастайтын солқылдақ элементтерді өз жағыңа тарту керек; жау саған қарсы өз әскерлерін жыйнап үлгірем дегенше, жауды шегінуге мәжбүр ету керек; бір сөзбен айтқанда, революциялық тактиканың осы күнге дейінгі белгілі адамдарының асқан шебері Дантонның: **батылдық, батылдық және тағы да батылдық** керек деген сөздері бойынша қыймылда» (К. Маркс, «Тарихи очерктер», 95-бетті қара)<sup>68</sup>.

Ең ұлы марксист Қарл Маркс осылай дейді.

Көріп отырсыздар, Маркстің пікірінше, кімде-кім көтерілістің жеңіп шығуын тілесе шабуыл жолына

түсуге тиісті. Ал біз кімде-кім шабуыл жолына шықса, онда оның қаруы да, соғыс білімі де, үйретілген отрядтары да болуы керек екенін — бұлар болмайынша шабуылдың болуы мүмкін емес екенін білеміз ғой. Батыл шабуылды әрекеттерді алатын болсақ, мұның өзі, Маркстің пікірінше, — әрбір көтерілістің қаны мен тәні болып табылады. Ал Н. Х. батыл шабуылды әрекеттерді де, шабуыл саясатын да, ұйымдасқан отрядтарды да, соғыс білімін алуды да келемеж етеді — мұның бәрі бланкизм болады-мыс. Сонда Н. Х. марксист, ал Маркс бланкист болып шығады. Маркс марқұм-ай! Егер ол қабырынан тұра алатын болып, Н. Х.-ның бәлдір-батпағын естіген болса қайтер еді.

Ал Энгельс көтеріліс туралы не дейді? Өзінің кітапшаларының бірінің бір жерінде испан көтерілісі туралы айта келе және анархистерге қарсылығын білдіре келе, Энгельс былай дейді:

«Бұл көтеріліс, мыйсыз басталса да, егер оған аз ғана болса да дұрыс басшылық етілген болса, бір қаланың гарнизоны көтеріліп, ең жақындағы қалаға аттанып, сол қаланың күнілгері үгіттелген гарнизонын соңына ертіп, олардың ойдағыдай соғысуы немесе бұларға қарсы жіберілген әскерлердің бұлардың жағына шығуы жеңісті аяқтап шешкенше, тасқын судай, астанаға ұмтыла беретін испан соғыс көтерілісшілерінің үлгісі сыяқты болса да, жеңіп шығуына әлі де үлкен үміті бар еді. Бұл жолы мұндай әдіс айрықша қолайлы әдіс болды. Көтерілісшілер жер-жердің бәрінде де ерікті батальондарға әлде қашан ұйымдасты (есітемісіз, жолдас, Энгельс батальондар туралы айттып отыр!); рас, олардың тәртібі нашар болды, бірақ та ескі, көпшілігі іріп-шіріген Испан армиясының қал-

дықтарының тәртібінен нашар бола қоймас еді. Үкіметтің бір ғана сенімді әскері тек жандармдар (*guardias civiles*) болып еді, бірақ олар елдің барлық жерінде бытыраңқы жүрген еді. Ең алдымен жандарм отрядтарының топталуына бөгет жасау керек еді, ал бұған шабуылды әрекет жасау арқылы және ашық алаңға шығуға тәуекел етудің арқасында ғана жетуге болатын еді... (көңіл, көңіл қойыңыздар, жолдастар!). Егер жеңгілері келсе — осыдан өзге амалы жоқ еді...» Онан әрі Энгельс кұтылуға болатын нәрсені: «атап айтқанда, үкіметтің белгілібір әскерлерінің өзі ғана бір көтерілістен соң екінші көтерілісті басуына мүмкіншілік беретін революциялық күштердің ұсақтығы мен бытыраңқылығын» өздерінің принципі етіп жарыялаған бакунистерді сөгеді (Энгельстің «Бакунистер жұмыс үстінде» дегенін қараңыз)<sup>69</sup>.

Белгілі марксист Фридрих Энгельс осылай дейді...

Ұйымдастырылған батальондар, шабуыл саясаты, көтерілісті ұйымдастыру, жеке көтерілістерді біріктіру — көтерілістің жеңуі үшін, Энгельстің пікірінше, қажет нәрселер міне осылар.

Сонда, Н. Х. марксист болып, ал Энгельс бланкист болып шығады! Энгельс марқұм-ай!

Көріп отырсыздар, Маркстің — Энгельстің көтеріліске көзқарасымен Н. Х. таныс емес.

Бұл ғана болса түк емес-ау. Н. Х. ұсынып отырған тактика қаруланудың, қызыл отрядтардың, соғыс білімдерінің маңызын төмендетеді, іс жүзінде теріске шығарады деп біз ашық айтамыз. Бұл тактика — қарусыз көтерілістің тактикасы. Бұл тактика бізді «декабрьдегі жеңілуге» итермелейді. Декабрьде біз-

дің қару-жарағымыз, отрядтарымыз, соғыс білімдеріміз және басқаларымыз неге болмады? Неге десеңіз, Н. Х. сыяқты жолдастардың тактикасы партия ішінде көп жайылған еді...

Ал марксизм мен шын өмір мұндай қарусыз тактиканы бірдей теріске шығарады.

Фактылар осыны айтады.

„Ахали Цховреба“ („Жаңа Өмір“) газеті № 19,  
13 июль, 1906 ж.

Қол қойған: К о б а .

Орысшасы грузин тілінен аударылған



---

---

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯ

Қазіргі Россия ұлы революция кездеріндегі Францияны көп жағынан есімізге түсіреді. Бұл уқсастық, сөз арасында айта кету керек, бізде де, Франциядағы тәрізді, контрреволюцияның етек алып бара жатқандығынан және, өз шеңберіне сыймай, басқа мемлекеттердің контрреволюциясымен одақ жасасып отырғандығынан көрінеді — контрреволюция бара-бара халықаралық сыйпат алуда. Францияда ескі үкімет Австрия императорымен және Пруссия королімен одақтасқан, олардың әскерлерін өзіне көмекке шақырған және халық революциясына шабуыл жасаған болатын. Россияда ескі үкімет Германия және Австрия императорларымен одақтасып отыр — ескі үкімет олардың әскерлерін өзіне көмекке шақырмақшы, халық революциясын қанға боямақшы.

Бұдан бір ай бұрын-ақ «Россия» мен «Германия» өзара жасырын келісім сөз жүргізіп отыр («Северная Земляның»<sup>70</sup> № 3 қараңыз) деген белгілі лақап тарап еді. Осыдан кейін лақаптар үдеп жайыла бастады. Ал қазір каражүздік «Россия»<sup>71</sup> деген газет «Рос-

сияның» (яғни контрреволюцияның) қазіргі ауыр халіне революцияшыл элементтер айыпты деп тікелей айтуға дейін барып отыр. «Императорлық Германия үкіметі, — дейді газет, — бұл жағдайды толық түсінеді, сондықтан да ол алдынала ойдағы нәтижелерге соқтырмай қоймайтын толып жатқан тиісті шаралар қолданды». Бұл шаралары, бақсақ, орыс революциясы табысты бола қалғандай болса, «Австрия» мен «Германияның» «Россияға» көмекке әскер жіберуге дайындалып жатқандығында екен. Бұл ретте, олар әлдеқашан «белгілібір жағдайларда революциялық қозғалысты басу немесе оған шек қою мақсатымен Россияның ішкі істеріне белсене араласу керекті және пайдалы іс болар еді...» деп, бұл жөнінде келісіп төқойыпты.

«Россия» осылай деп отыр.

Көріп отырсыздар, халықаралық контрреволюция көптен бері ірі әзірліктер жасап жүр. Контрреволюцияшыл Россияның революцияға қарсы күресіне әлдеқашаннан бері оның ақшалай жәрдемдесіп отырғандығы мәлім. Бірақ та халықаралық контрреволюция мұнымен ғана қойған жоқ. Енді ол, бақсақ, әскерлерімен де көмек беруге бел байлапты.

Осыдан кейін Думаның таратылуының, сондай-ақ Столыпинның «жаңа» тәртіптерінің<sup>72</sup> және Треповтың<sup>73</sup> «ескі» ойрандарының шын мәнін бала да оп-оңай түсінеді... Осыдан кейін әртүрлі либералдар мен басқа да аңқау адамдардың жалған үміттері жоғалып, олар, ақырында, бізде «конституцияның» жоқтығына, бізде азамат соғысы болып жатқанына және күрес соғыстағыша жүргізілуге тиісті екендігіне көздерін жеткізер деп шамалауға болар...

Мұнымен қатар қазіргі Россия сол кездегі Францияға басқа жағынан да ұқсас. Ол кезде халықаралық контрреволюция революцияның етек алып ұлғайуын туғызып еді, революция Францияның шегінен асып шығып, зор тасқынмен Еуропаға жайылып еді. Егер Еуропаның «таж киюшілері» жалпы одаққа біріксе, онда Еуропаның халықтары да бір-біріне қолын созған болатын. Нақ осындай құбылысты біз бүгін Россияда да көріп отырмыз. «Көр тышқан әйбат қазады»... Россия контрреволюциясы Европалық контрреволюциямен бірігіп алып, революцияны тынбастан етек алдыртып отыр, барлық елдердің пролетарларын өзара біріктіріп, халықаралық революцияның іргесін қалап отыр. Россия пролетариаты демократиялық революцияның алдында келе жатыр және социалистік революцияны бастайтын Еуропа пролетариатына бауырмалдық қолын созып, онымен бірлесіп отыр. 9 январьдағы бойкөрсетудің соңынан Еуропада жалпы митингілер басталғандығы жұртқа мәлім нәрсе. Декабрьдегі бойкөрсету Германия мен Францияда демонстрациялар туғызды. Орыс революциясының болашақ бойкөрсетуі Еуропа пролетариатын күреске тағы да батылырақ көтеретінінде күман жоқ. Халықаралық контрреволюция халықаралық революцияны тек нығайтады, тереңдетеді, күшейтеді және оған берігірек негіз салады. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіндер!» деген ұран өзінің ақыйқат мәнін табады.

Мейілдеріңіз, істеріңізді істей беріңіздер, мырзалар, істей беріңіздер! Етек алып келе жатқан орыс революциясының артынан европалық революция келмек, — міне сонда... сонда крепостниктік қалдықтар-

дың ғана өлім сағаты емес, сіздер сүйетін капитализмнің де өлім сағаты соғады.

Я, сіздер «әйбат қазып жатырсыздар», контрреволюцияшыл мырзалар.

„Ахали Цховреба“ („Жаңа Өмір“) газеті № 20,  
14 июль, 1906 ж.

Қол қойған: К о б а

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

---

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ БІРІГУ СЪЕЗІ<sup>14</sup>

Біздің мейлінше зарығып куткеніміз орындалды — Бірігу съезі бейбіт аяқталды, партия жікке бөлінуден аман қалды, фракцияларды бірге қосу формальды түрде бекіді, сөйтіп партияның саяси қуатымың іргесі қаланды.

Енді өзімізге өзіміз есеп беруіміз керек, съездің кескінімен жақын танысуымыз керек және оның барлық жақсы жақтары мен жаман жақтарын ақыл-ой жіберіп таразыға салуымыз керек.

Съезд не істеді?

Съезд не істеуге тиісті еді?

Бірінші сұрауға съездің қарарлары жауап береді. Ал екінші мәселеге келетін болсақ, онда бұған жауап беру үшін съездің қандай жағдайда ашылғандығын және съездің алдына қазіргі жағдайдың қандай міндеттер қойғандығын білу керек.

Екінші мәселеден басталық.

Халық революциясының аман қалғандығы, «декабрьдегі жеңіліске» қарамастан оның әлі де болса өсіп, жоғары өрлеп келе жатқандығы қазірдің өзінде-ақ анық. Біз мұның өзі осылай болуға да тиіс еді

дейміз: революцияның қозғауыш күштері бұрынғыша өмір сүріп, қыймыл жасап жатыр, басталған өндіріс дағдарысы барған сайын күшейіп келеді, деревняны тыйтығына жете жұтатқан аштық күннен күнге күшеюде, — ал мұның мәнісі халықтың революциялық ашынуының жойқын күшпен бұрқ ететін сағаты жақын деген сөз. Фактылардың айтуына қарағанда, Россияның қоғамдық өмірінде жаңа бой көрсету, — декабрьдегі шабуылдан да гөрі батылырақ және күштірек бой көрсету туғалы келеді. Біз көтеріліс қарсаңында тұрмыз.

Екінші жағынан, халық жек көретін контрреволюция күш жыйнап, біртіндеп нығайып келеді. Контрреволюция қазірдің өзінде-ақ патшаның шашпауын көтерушілерді ұйымдастырып үлгірді, ол барлық арамзаларды өз туының астына шақырып жатыр, ол қаражүздіктердің «қозғалысына» бас болып келеді, ол халық революциясына қарсы жаңадан шабуыл дайындап жатыр, ол өз маңына қанқұмар помещиктер мен фабриканттарды жыйнап жатыр, — демек, оның өзі халық революциясын жоюға дайындалуда.

Сөйтіп, барған сайын, еліміз біріне бірі қарсы екі лагерьге, революция лагері мен контрреволюция лагеріне айқын бөлініп келеді, барған сайын екі лагерьдің екі басшысы — пролетариат пен патша үкіметі бір-біріне қарама-қарсы шығып келеді, барған сайын бұлардың арасындағы қатнас көпірлерінің бәрінің өртеліп жіберілгендігі анықталып келеді. Екінші бірі: не революция жеңіп, халық самодержавиесі болады, не контрреволюция жеңіп, патша самодержавиесі қалады. Екі орындықтың ортасына отыратын адам революцияға опасыздық жасайды. Бізбен бірге бол-

маған адам — бізге қарсы адам! Оңбаған кадеттерге толған бишара Дума дәл осы екі орындықтың ортасында отыр. Дума революцияны контрреволюциямен ынтымақтастырғысы келеді, қасқыр мен қойды бірге жайғысы келеді, — ал сонымен революцияны «бір-ақ сілтеумен» басқысы келеді. Сондықтан да Дума күні бүгінге дейін елекке су құюмен ғана болып отыр, сондықтан да ол өз төңірегіне ешбір халықты жыйнай алған жоқ, сөйтіп табаны жерге тимей, ай далада қалып қойып отыр.

Күрестің басты майданы бұрынғы күйінше көше болып отыр. Фактылар мұны дәлелдеп отыр. Фактылардың айтуына қарағанда: мылжың Думада емес, бүгінгі күресте, көшедегі күресте контрреволюция күштері күн санап нашарлап, әлсіреп келеді, сонымен қатар революция күштері өсіп, жыйналып келеді, революциялық күштерді жұмылдырып, ұйымдастыру ісі буржуазияның емес, алдыңғы қатардағы жұмысшылардың басшылығы арқылы жүріп отыр. Ал мұның мәнісі қазіргі революцияның жеңуі және оны аяғына шейін жеткізу ісі әбден мүмкін деген сөз. Алайда, мұның өзі егер революцияны бұдан былай да алдыңғы қатардағы жұмысшылар басқарған күнде ғана, егер революцияға басшылық ету ісін саналы пролетариат лайықты түрде орындай алған күнде ғана мүмкін болады.

Енді осыдан съездің алдына қазіргі жағдайдың қандай міндеттер қойғандығы және съездің не істеуге тиісті болғандығы айқын көрінеді.

Энгельс былай деген еді: жұмысшы партиясы дегеніміз — «санасыз процесті саналы түрде көрсетуші», яғни өмірдің өзі санасыз түрде кетіп бара жатқан

жолға партия саналы түрде түсуге тиісті, қайнаған өмір санасыз түрде жарыққа шығаратын идеяларды партия саналы түрде көрсетуге тиісті.

Фактылар халық революциясын жою патша өкіметінің қолынан келмегенін, халық революциясының күн санап өсіп, жоғары өрлеп және жаңадан бой көрсетуге қарай бара жатқандығын көрсетіп отыр, — демек, партияның міндеті — осы бой көрсетуге саналы түрде дайындалу, халық революциясын ақырына дейін жеткізу болып табылатынын көрсетіп отыр.

Съезд осы міндетті атап көрсетуге және партия мүшелерін осыны адал орындауға міндеттеуге тиіс болғандығы анық нәрсе.

Фактылар революция мен контрреволюцияны ынтымақтастыру мүмкін емес екендігін, әуелден-ақ осы екеуін ынтымақтастыру жолына түскен Дума ешнәрсе істей алмайтындығын, мұндай Дума ешқашан да елдің саяси орталығы бола алмайтындығын, халықты өз маңына жыйнай алмайтындығын және реакцияның қол шоқпарына айналуға мәжбүр болатындығын көрсетіп отыр, — демек, партияның міндеті — Думаға сенген жалған үмітті жою, халықтың саяси жалған үміттеріне қарсы күресу және революцияның басты майданы Дума емес, көше екендігін; халықты жеңіске жеткізетін Дума емес, Думадағы мылжың сөздер емес, ең алдымен көше, көшедегі күрес екендігін әлемге естірте айту болып табылатындығын көрсетіп отыр.

Бірігу съезі өзінің қарарларында бұл міндетті де атап көрсетуге тиіс болғандығы, сөйтіп партия ісінің бағытын тура белгілеуге тиіс болғандығы анық нәрсе.

Фактылар революцияның жеңуі, оны ақыр аяғына



дейін жеткізу және халық самодержавиясын орнату ісі революцияны саналы жұмысшылар бастаған күнде ғана, революцияның басшылығы буржуазияның қолында болмай, социал-демократияның қолында болған күнде ғана, сонда ғана мүмкін болатындығын көрсетіп отыр, — демек, партияның міндеті — буржуазия гегемониясының көрін қазу, қала мен деревняның революцияшыл элементтерін өз төңірегіне жыйнау, олардың революциялық күресіне бас болу, осыдан былайғы жерде олардың бой көрсетулеріне басшылық етіп отыру, ал сонымен, пролетариат гегемониясының негізін нығайту екендігін көрсетіп отыр.

Бірігу съезі бұл үшінші және негізгі міндетке ерекше көңіл бөлуге тиіс болғандығы, сөйтіп партияға оның орасан зор маңызын көрсетуге тиіс болғандығы анық нәрсе.

Міне қазіргі жағдай Бірігу съезінен осыны талап етті және съезд осыны істеуге тиісті еді.

Съезд осы міндеттерді орындады ма?

## II

Бұл мәселені анықтау үшін съездің өзінің кескінімен танысу қажет.

Съезд өзінің мәжілістерінде көп мәселелер қарады, бірақ негізгі мәселе — қазіргі жағдай туралы мәселе болды, басқа мәселелердің барлығы да осы мәселенің айналасында болып отырды. Біздің тактикалық алауыздықтарымыздың бәрі — демократиялық революцияның қазіргі жағдайы және пролетариаттың таптық міндеттері деген мәселеге келіп шумақталып жыйналды.

Қалада дағдарыс шиеленісіп келеді, деревняда аштық күшейіп келеді, үкімет негізіне дейін жете шіруде, ал халықтың ашынуы күн санап күшеюде, — демек, революция төмендемегені былай тұрсын, қайта күн сайын өсіп, қайтадан шабуыл жасауға дайындалып жатыр деді большевиктер. Мұнан туатын міндет — өрлеп келе жатқан революцияға жәрдемдесу, оны ақыр аяғына дейін жеткізу және оны халық самодержавиесін орнатумен аяқтау (большевиктердің «Қазіргі кезең...» туралы қарарын қараңыз).

Меньшевиктер де нақ осындай дерлік пікірлер айтты.

Алайда қазіргі революцияны ақыр аяғына дейін қалай жеткізу керек, ол үшін қандай жағдайлардың болуы қажет?

Большевиктердің ойынша, егер бұл революцияның басында саналы жұмысшылар болатын болса, егер революцияға басшылық ету ісі буржуазияшыл демократтардың қолына жыйналмай, социалистік пролетариаттың қолына жыйналатын болса, тек сол күнде ғана қазіргі революцияны ақыр аяғына дейін жеткізіп, оны халық самодержавиесін орнатумен аяқтауға болады. «Шаруалардың стихиялық күресіне саяси сана беріп, шаруа бұқарасын соңына ерткен жағдайда тек пролетариат қана демократиялық революцияны ақыр аяғына дейін жеткізе алады...» — деді большевиктер. Бұлай болмаған күнде пролетариат «халық революциясының көсемі» болу ролінен бас тартуға мәжбүр болады, революцияны ақыр аяғына дейін жеткізуге ешуақытта да талаптанбайтын «либералшыл-монархиялық буржуазияның соңында» қалып қояды («Пролетариаттың таптық міндеттері...» деген қарар-

ды қараңыз). Әрине, біздің революция — буржуазиялық революция, ал осы жағынан қарағанда мұның өзі жемісін буржуазия пайдаланып кеткен ұлы француз революциясына ұқсастау келеді. Бірақ бұл екі революцияның арасындағы айырмашылықтың да өте зор екендігі анық нәрсе. Француз революциясы кезінде қазіргі бізде болып отырған машиналы ірі өндіріс болған жоқ еді, ал тап қайшылықтары біздегідей ашық белгіленбеген еді, сондықтан пролетариат онда әлсіз болды, ал бізде пролетариат ондағыдан күшті де, ынтымақты да. Сонымен, қатар онда пролетариаттың өз партиясының болмағандығын, ал мұнда оның меншікті программасы мен тактикасы дайын өз партиясының бар екендігін де еске алуымыз жөн. Онда француз революциясын буржуазияшыл демократтар бастап, ал жұмысшылардың осы мырзалардың соңына ергендігі, «жұмысшылар күресіп, байлардың өкіметке ие болғандығы» таңқаларлық нәрсе емес. Екінші жағынан, Россия пролетариатының либералдар соңына еруге қанағаттанбайтындығы да, оның революцияның гегемоны болып кірісетіндігі де және барлық «өзілушілер мен түгі жоқтарды» өз туының астына шақыратындығы да әбден түсінікті. Ұлы француз революциясына қарағанда біздің революцияның артықшылығы міне осында, міне сондықтан да біз: біздің революция ақыр аяғына дейін жеткізілуі мүмкін және оның халық самодержавияесінің орнауымен аяқталуы мүмкін деп ойлаймыз. Пролетариат гегемониясының болуына тек саналы түрде жәрдемдесу және күресуші халықты оның төңірегіне жыйнау қажет, сөйтіп қазіргі революцияны ақыр аяғына дейін жеткізу ісін мүмкін ету керек. Ал революцияны

ақыр аяғына дейін жеткізу ісі бұл революцияның жемістерін бір ғана буржуазия пайдаланбай, жұмысшы табы, саяси бостандықтың үстіне, сегіз сағаттық жұмыс күнін орнатып, еңбек жағдайларын жеңілдетіп, өзінің минимум-программасын толық орындап, сөйтіп барып, социализмге қарай жол ашуы үшін қажет. Сондықтан кімде-кім пролетариаттың мүдделерін қорғайтын болса, кімде-кім пролетариат буржуазияның кұйыршығына айналмасын және буржуазия үшін арамгер болмасын десе, кімде-кім пролетариаттың өз алдына дербес күшке айналуы жолында, қазіргі революцияны өз мақсаттарына пайдалануы жолында күресетін болса — ол адам буржуазияшыл демократтардың гегемониясын ашықтан-ашық сөгуге тиіс, ол адам қазіргі революцияда социалистік пролетариаттың гегемониясы болу үшін керекті негізді нығайта беруге тиіс.

Большевиктер осындай пікір айтты.

Меньшевиктердің айтқаны мүлде басқаша болды. Әрине, революция күшейіп келеді, оны ақыр аяғына дейін жеткізу керек, бірақ бұл үшін социалистік пролетариаттың гегемониясының тіпті де көрегі жоқ, — мейлі, сол буржуазияшыл демократтардың өзі-ақ басшы болсын — деді меньшевиктер. Неліктен, себебі не мұның? — деп сұрақ қойды большевиктер. Себебі: қазіргі революция — буржуазиялық революция, сондықтан оның көсемі де буржуазия болуға тиіс, — деп жауап берді меньшевиктер. Онда пролетариат не істеуге тиіс? Пролетариат буржуазияшыл демократтардың соңынан еруге, «оларды итермелеп отыруға», сөйтіп «буржуазиялық революцияны алға жылжытуға» тиіс. Меньшевиктердің көсемі, солардың

«баяндамашысы» Мартынов осылай деді. Меньшевиктердің «Қазіргі кезең туралы» қарарында да, нақ осындай дәл болмағанымен, осы пікір айтылған. Мартынов өзінің «Екі диктатурасының» өзінде-ақ «пролетариат гегемониясы дегеніңіз хатерлі утопия», қыял, буржуазия революциясына социалистік пролетариат емес, «демократияшыл әсіре оппозиция басшылық етуге тиіс», күресуші пролетариат «буржуазияшыл демократияның артынан ілесіп жүріп отыруға тиіс» және оны бостандыққа апаратын жолмен алға итермелеп отыруға тиіс деген болатын (Мартыновтың «Екі диктатура» дейтін белгілі кітапшасын қараңыз). Бірігу съезінде ол нақ осы пікірді қайталады. Оның пікірінше, ұлы француз революциясы нұсқаның өзі, ал біздің революция сол нұсқаның нашар көшірмесі ғана болып табылады, сондықтан Францияда революцияны әуелі «Улттық жыйналыс» басқарып, соңынан буржуазия үстемдік еткен «Улттық конвент» басқарды, — сол сыяқты бізде де революцияның төңірегіне халықты жұмылдыратын басшысы алдымен мемлекеттік Дума болып, соңынан Думадан гөрі революцияшылдау белгілі бір уәкілдік мекеме болуға тиіс. Думада да, осы болашақ уәкілдік мекемеде де, буржуазияшыл демократтар үстемдік етеді, — демек, бізге керегі социалистік пролетариаттың гегемониясы емес, буржуазиялық демократияның гегемониясы. Тек буржуазияның соңынан ізбе-із еріп отыру керек және оны нағыз бостандыққа қарай онан да гөрі итермелей түсу керек. Мартыновтың сөзін меньшевиктердің дуқол шапалақтап қарсы алғандығы елеусіз қалатын нәрсе емес. Өздерінің қарарларының бірде-біреуінде пролетариат гегемониясының қажет екендігі туралы түк айтпауы

да елеусіз қалатын нәрсе емес. «Пролетариат гегемониясы» деген сөз олардың қарарларынан, сондай-ақ съезд қарарларынан да мүлдем қуылып шыққан (съездің қарарларын қараңыз).

Меньшевиктердің съездегі позициясы осындай болды.

Көріп отырсыздар, бұл арада бірімен бірі сыйыса алмайтын екі позиция болып отыр, басқа алауыздықтардың бәрі де атап айтқанда нақ осыдан басталады.

Егер қазіргі революцияның көсемі саналы пролетариат болатын болса, ал қазіргі Думада буржуалар-кадеттер үстемдік етіп отырған болса, — онда қазіргі Дума «еліміздің саяси орталығы» бола алмайтыны, революцияшыл халықты өз маңына жыйнап біріктіре алмайтыны және, қанша тырысса да, өрлеп келе жатқан революцияға басшы бола алмайтыны өзінен өзі түсінікті. Онан соң, егер революцияның көсемі саналы пролетариат болатын болса, ал Думада отырып революцияға басшылық ету мүмкін болмаса, — онда біздің әрекеттеріміздің басты майданы қазіргі жағдайда думаның залы емес, көше болуға тиіс екендігі өзінен өзі түсінікті. Онан соң, егер революцияның көсемі саналы пролетариат болатын болса, ал күрестің басты майданы көше болатын болса, — онда біздің міндетіміз — көше күресін ұйымдастыруға белсене қатнасу, қарулану жұмысына күшті көңіл бөлу, қызыл отрядтарды көбейту және алдыңғы қатардағы элементтердің арасында соғыс білімін үйрету болып табылатындығы өзінен өзі түсінікті. Ақырында, егер революцияның көсемі алдыңғы қатардағы пролетариат болатын болса және ол егер көтерілісті ұйымдастыру жұмысына белсене қатнасуға тиісті болатын болса, — онда

біздің қолымызды қусырып, революцияшыл уақытша үкіметтен шеттеп қала алмайтынымыз, біз шаруалармен бірге саяси өкіметті күшпен жеңіп алып, уақытша үкіметке \* қатысуға тиісті болатындығымыз өзінен өзі түсінікті: революцияшыл көшенің көсемі революция үкіметінде де көсем болуға тиіс.

Большевиктердің позициясы осындай болды.

Ал, керісінше, меньшевиктердің ойлауынша, егер революцияға басшылық ету буржуазияшыл демократтарға жататын болса, ал Дума кадеттері «осы тәрізді демократтарға жақындап келе жатқан болса», — онда қазіргі Думаның «еліміздің саяси орталығы» бола алатындығы, қазіргі Думаның өз төңірегіне революцияшыл халықты біріктіріп, оның басшысы бола алатындығы және күрестің басты майданы бола алатындығы өзінен өзі түсінікті. Онан соң, егер Дума күрестің басты майданына айнала алатын болса, онда қызыл отрядтар ұйымдастыру және қаруландыру жұмысына күшті көңіл бөлудің қажеті жоқ, көше күресін ұйымдастыру ісіне ерекше көңіл бөлу біздің жұмысымыз емес, ал шаруалармен бірге саяси өкіметті жеңіп алып, уақытша үкіметке қатысу онан да бетер біздің жұмысымыз емес, — бұлар туралы революцияның басшысы болатын буржуазияшыл демократтар қамқорлық жасайтын болсын. Әрине, қаруымыз болу, қызыл отрядтарымыз болу жаман емес, қайта, мұның өзі тіпті қажетті нәрсе, бірақ мұның, большевиктер беріп отырғандай, оншалықты зор маңызы жоқ.

Меньшевиктердің позициясы осындай болды.

---

\* Біз мұнда бұл мәселенің принципті жағын қозғамаймыз.

Съезд екінші жолға түсті, яғни ол социалистік пролетариат гегемониясын қабылдамай, меньшевиктердің позициясын мақұлдады.

Мұнысымен съезд қазіргі жағдайдың толғағы жеткен талаптарын түсінбегендігін айқын дәлелдеді.

Съездің негізгі хатесі осында, барлық басқа хателер осыдан кейін өз-өзінен шығуға тиіс болды.

### III

Съезд пролетариат гегемониясы жөніндегі идеяны қабылдамағаннан кейін, оның басқа мәселелерді: «Мемлекеттік думаға көзқарас туралы», «Қарулы көтеріліс туралы» және басқа мәселелерді қалай шешуге тиіс болғандығы анық болды.

Осы мәселелерге көшейік.

Мемлекеттік дума туралы мәселеден бастайық.

Біз қай тактиканың — бойкот тактикасының немесе сайлауларға қатнасу тактикасының анағұрлым дұрысырақ болғандығын талдап жатпаймыз. Тек мынаны көрсете кетеміз: егер бүгінгі күні Дума құр сөзден басқа түк істемей отырған болса, егер ол революция мен контрреволюцияның арасында малтығып қалған болса, — мұның өзі халықты босқа дәмелендіріп, сайлауға шақырғанда сайлауға қатнасуды жақтаушылар хателесті деген сөз. Алайда мұны қоя тұрайық. Мәселе мынада: съезд кезінде сайлау (Кавказ бен Сибирьден басқа жерлерде) біткен болатынды, сайлау нәтижесі бізге белгілі еді, демек, әңгіме бірнеше күннен соң жыйналғалы тұрған Думаның өзі туралы ғана болуға тиіс еді. Съездің өткен іске қайтып орала алмағандығы, сондықтан



Думаның өзі не нәрсе екендігі және оған біздің көзқарасымыз қандай болуға тиіс екендігі жайындағы мәселеге басты көңіл бөлуге тиісті болғандығы анық нәрсе.

Сонымен, қазіргі Дума не нәрсе және оған біздің көзқарасымыз қандай болуға тиіс?

17 октябрьдегі манифестен-ақ Думаның онша үлкен праволары жоқ екендігі белгілі болатын-ды: бұл— депутаттар жыйналысы, оның мәслихат құруға «правосы бар», бірақ өмірдегі «негізгі заңдарды» аттап өтуге «правосы жоқ». Оны Мемлекеттік совет бақылап отырады, Думаның қандай қаулысын болса да Мемлекеттік советтің бұзуға «правосы бар». Ал қаруға жасанған патша үкіметі күзетте тұр, егер Дума мәслихат құру ролімен қанағаттанбайтын болса, үкіметтің Думаны қуып жіберуге «правосы бар».

Думаның бет бейнесіне келетін болсақ, біз съезд ашылмай тұрып та оның кімнен құралатындығын, Дума көбінесе кадеттерден құрылуға тиіс болатындығын білгенбіз. Біз мұнымен кадеттердің жеке өздері Думада көпшілік бола алады дегенді тіпті де айтайық деп отырғанымыз жоқ, — біз тек, мөлшермен айтқанда, Думаның бес жүз мүшесінің үштен бірі кадеттер болар еді, екінші үштен бірі аралықтағы топтар мен оңшылдар («демократиялық реформалар партиясы»<sup>75</sup>, партияда жоқ депутаттардың баяу элементтері, октябристер<sup>76</sup> және басқалар) болар еді, бұлар әсіресе солшылдарға (жұмысшы тобына және революцияшыл шаруалар тобына) қарсы күрескен кездерде кадеттердің айналасына бірігіп, кадеттерге дауыс берген болар еді, сөйтіп Думада істің тетігін кадеттер шешетін болар еді дегенді айтамыз.

Ал кадеттер дегеніміз кімдер? Бұларды революционерлер деп атауға бола ма? Әрине, болмайды. Онда кадеттер дегеніміз кімдер? Кадеттер дегеніміз — ымырашылдар партиясы: олар патшаның праволарын тежегісі келеді, бірақ мұнысы халықтың жеңуін жақтағандықтан емес, — кадеттер патша самодержавиеcін халық самодержавиеcімен емес, буржуазия самодержавиеcімен ауыстырғысы келеді (олардың программасын қараңыз), — ал халық та өзінің революцияшылдығын бәсеңдету үшін, өзінің революциялық талаптарын қайтарып алу үшін және қалайда патшамен түсінісу үшін кадеттер патша халықпен ымыраласса екен дейді.

Көріп отырсыздар, Думаның көпшілігі революционерлерден кұралмай, ымырашылдардан кұралуға тиісті болды. Мұның өзі апрельдің алғашқы жартысында-ақ өзінен өзі анық болды.

Сонымен, Дума, бір жағынан, бойкотталған және әлсіреген болмашы праволы орын болса, екінші жағынан, өзінің көпшілігі революцияшыл емес, ымырашыл болды, — Думаның кескіні міне осындай еді. Әлсіздер онсызда әдетте ымырашылдық жолға түседі, ал егер оның үстіне олардың талаптарының өзі революцияшыл болмаса, онда олар ымырашылдыққа онан бетер тез түседі. Мемлекеттік Дума да осындай күйге түсуге тиісті болды. Дума бүтіндей патша жағына шыға алмады, өйткені ол патшаның праволарын тежеуді тілейді, бірақ ол халық жағына да шығып кете алмады, өйткені халық революциялық талаптар қойып отыр. Сондықтан Дума патша мен халықтың аралығында болды да, бұларды келістіруге тиісті болды, яғни бұлар елөкке су кұюға тиісті

болды. Бір жағынан, Дума «шектен шыққан талаптарын» тастатуға халықты көндіруге тиіс болды, қалайда патшамен түсініссе екен деді, ал, екінші жағынан, ол халыққа аздап кеңшілік әперу үшін, сөйтіп «революциялық ланды» жою үшін патша алдында жалдаптық етуге тиісті болды.

Партияның Бірігу съезі міне осындай Думамен кез болды.

Бұл сыяқты Думаға партияның көзқарасы қандай болуға тиіс еді? Сөз қылып жататыны жоқ, партия мұндай Думаны қолдау ісін өз мойнына ала алмады, себебі Думаны қолдау — ымырашылдық саясатты қолдау, ал ымырашылдық саясат революцияны төреңдету міндетіне түбірімен қайшы келеді — жұмысшы партиясы революцияны жасыту ролін өз мойнына алуға тиісті емес. Әрине, партия Думаның өзінде, Думаның үкіметпен дау-жанжалдарын да пайдалануға тиісті болды, бірақ мұнан партия Думаның революцияшыл емес тактикасын қолдауы тиіс деген мағна тумайды. Қайта, Думаның екіжүзділігін әшкере-релеу, оны аямай сынау, оның опасыздық тактикасын әлемге әйгілеу — партияның Мемлекеттік думаға көзқарасы міне осындай болуы тиіс.

Ал егер мұның өзі осылай болатын болса, онда кадеттердің Думасы халықтың тілегін сөйлеуші орын емес екендігі, оның халық уәкілінің ролін атқара алмайтыны, еліміздің саяси орталығы бола алмайтыны және төңірегіне халықты жыйнай алмайтыны анық нәрсе.

Бұл жерде партияның міндеті — Думаға сенген жалған үмітті жою және Дума халықтың тілегін жоқтаушы емес екенін, демек, оның өзі революция-

ның құралы бола алмайтынын, қазір күрестің басты майданы Дума емес, көше екенін әлемге әйгілеп айту болды.

Сонымен қатар Думадағы, кадеттерге қарағанда аз болған, шаруалардың «еңбек тобының»<sup>77</sup> кадеттердің ымырашылдық тақтикасының соңынан ақырына дейін ере алмайтындығы, бүгін болмағанымен күні ертең халыққа опасыздық жасаған кадеттерге қарсы күрес ашуы тиіс болатындығы, сөйтіп революция жолына түсетіндігі анық еді. Партияның міндеті — «еңбек тобын» оның кадеттерге қарсы күресінде қолдау, оның революциялық бет алысын ақырына дейін дамыту, оның революциялық тактикасын кадеттердің революциялық емес тактикасына қарсы қою, сонымен кадеттердің опасыздық бет алысын бұрынғыдан да гөрі ашық әшкерелеу еді.

Съезд қалай істеді, съезд өзінің қарарында Мемлекеттік дума жайында не айтты?

Съездің қарары: Дума дегеніміз — «ұлт ішінен» шыққан мекеме дейді. Яғни Дума өзінің кемшіліктеріне қарамастан, қалайда халықтың тілегін жоқтаушы болып табылады-мыс.

Кадеттер Думасын съездің дұрыс бағалай алмағандығы анық, Думаның көпшілігі — ымырашылдар екендігін, ымырашылдар революцияны қабыл алмайтын адамдар болғандықтан халықтың тілегін жақтай алмайтындығын, демек, Дума «ұлт ішінен» шықты деуге біздің правомыз жоқ екендігін съезд ұмытты.

Бұл жайында большевиктер съезде не айтты?

Олар: «қазірдің өзінде-ақ құрамы (көбінесе) кадеттер болып отырған Мемлекеттік дума нағыз халық

уәкілінің ролін қайткен күнде де орындай алмайды» деді. Яғни қазіргі Дума халық ішінен шыққан жоқ, ол халыққа қарсы, сондықтан халықтың тілегін жоқтамайды (большевиктердің қарарын қараңыз).

Бұл мәселе жөнінде съезд большевиктердің позициясын қабылдамады.

Съездің қарары: «Дума» өзінің «жалған-конституциялық» сыйпатына қарамастан, қайткенмен де «революция құралына айналады»... оның үкіметпен жанжалдары — «оларды қазіргі саяси тәртіпті құлатуға бағытталған жаппай бұқара қозғалыстарының шығатын бұлағына айналдыруға мүмкіндік беретін» шегіне дейін ұласуы мүмкін. Яғни Дума саяси орталық бола алады-мыс, тәңірегіне революцияшыл халықты жұмылдыра алады-мыс және революция туын көтере алады-мыс.

Жұмысшылар, сіздер естимі: сіздер: кадеттердің ымырашыл Думасы, бақсақ, революцияның орталығына айналатын көрінеді, революцияның басқарушысы болатын көрінеді, — бақсақ, иттен қозы тууы мүмкін екен ғой! Сіздерге әуре болып не керек — бұдан былайғы жерде пролетариат гегемониясының да, халықтың нақ пролетариат маңына жұмылуының да керегі жоқ: революцияшыл емес Думаның өзі-ақ төңірегіне революцияшыл халықты жұмылдырады, сонда бәрі де кемеліне келеді! Міне, бақсақ, революция соншалық оңай екен, қазіргі революцияны ақыр аяғына дейін, бақсақ, осылайша жеткізу керек екен!

Сірә, екі жүзді кадеттерден құрылған екі жүзді Думаның екі орындықтың арасында қыстырылып сөзсіз қалып қоятынын, патша мен халықты өзара келістіре бастайтынын, ал сонан кейін, жалпы екі жүз-

ділер сыяқты, кім көп беремін десе, соның жағына шығуға мәжбүр болатынын съезд түсінбесе керек!

Бұл жөнінде большевиктер съезде не айтты?

Олар былай деді: «біздің партияның парламенттік жолға түсуіне әлі жағдай туған жоқ», яғни эзірше парламенттік жайбарақат өмір сүре бастай алмаймыз, әлі де болса күрестің басты майданы Дума емес, көше болып қалып отыр (большевиктердің қарарын қараңыз).

Съезд бұл жөнінде де большевиктердің қарарын қабылдамай тастады.

Думаның ішінде азшылық болып келе жатқан революцияшыл шаруалардың уәкілдері («еңбек тобы») бар екендігі туралы, кадеттердің ымырашылдығын қабылдамай, олардың революция жолына түсуге мәжбүр болатындығы туралы, оларды батылдандырып, кадеттерге қарсы күресінде сүйемелеу және олардың революциялық жолға бұрынғысынан да гөрі берік табан тіреп түсуіне жәрдемдесу қажет екендігі туралы съездің қарары ашып ештеңе айтпайды.

Сірә, пролетариат пен шаруа қазіргі революцияның басты екі күші болып табылатындығын, қазіргі жағдайда пролетариат революцияның көсемі ретінде революцияшыл шаруаларды, егер олар революцияның жауларына қарсы шын күрес жүргізетін болса, көшеде де, Дума ішінде де қолдап отыруға тиісті екендігін съезд түсінбесе керек.

Бұл жөнінде большевиктер съезде не айтты?

Олар былай деді: социал-демократия «шаруалардың революциялық демократиясының элементтеріне өте зер сала отырып, оларды біріктіре отырып, олар-

ды кадеттерге қарсы қоя отырып, олардың пролетариат мүдделеріне сай келетін бой көрсетулерін қолдай отырып кадеттердің табансыздығы мен солқылдақтығын» аяусыз әшкерелеуге тиіс (қарарды қараңыз).

Съезд большевиктердің бұл ұсынысын да қабылдамады. Оның себебі, сірә, бұл ұсыныста пролетариаттың қазіргі күрестегі алдыңғы ролі өте ашық айтылғандықтан болу керек, ал съезд, жоғарыда өзіміз көргендей, пролетариат гегемониясына сенімсіздікпен қарады, — шаруалар пролетариат маңына топталмай, Дума маңына топталуға тиісті-мыс деген пікірде болды.

Міне сондықтан да буржуазияның «Наша Жизнь»<sup>78</sup> дейтін газеті съезд қарарын мақтап отыр, міне сондықтан да «Наша Жизньдегі» кадеттер: ақырында келіп социал-демократтардың есі кірді, бланкизмнен бас тартты деп бірауыздан үн қосып отыр («Наша Жизньнің» № 432 қараңыз).

Сірә, халық жаулары — кадеттер съезд қарарын текке мақтап отырмаған болар! Біздің жауларымызға ұнаған нәрсе — бізге зыянды нәрсе, деп Бебель текке айтқан емес!

#### IV

Карулы көтеріліс туралы мәселеге көшейік.

Халықтың бой көрсетуге шықпай қоймайтындығы бүгінгі күні ешкімге де жасырын нәрсе емес. Егер қалалар мен деревняларда дағдарыс пен аштық ұлғайып бара жатқан болса, егер пролетариаттың, шаруалардың ішінде наразылық күннен күнге күшейіп бара

жатқан болса, егер патша үкіметі ыдырап бара жатса, егер, демек, революция жоғары өрлеп келе жатқан болса, — онда өмірдің өзі халықтың жаңа бой көрсетуін, октябрь мен декабрьдегі бой көрсетулерден де бетер кең көлемді және онан да гөрі мықты бой көрсетуін дайындап жатқандығы өзінен өзі түсінікті. Бұл жаңа бой көрсету керек пе немесе керек емес пе, мұның өзі жақсы ма немесе жаман ба, — бұл туралы бүгін сөз ету артық болады: мәселе біздің не тілейтіндігімізде емес, мәселе халықтың бой көрсетуінің өздігімен пісіп-жетіліп келе жатқандығында, оның болмай қалмайтындығында болып отыр.

Бірақ бой көрсетудің де бой көрсетуі бар. Сөз жоқ, январь айында (1905 жылы) Петербургте болған жаппай стачка халықтың бой көрсетуі болды. Сол сыяқты октябрьде болған жаппай саяси стачка да халықтың бой көрсетуі болды. Москва мен латыштарда болған «декабрь шайқасуы» да халықтың бой көрсетуі болды. Бұлардың арасында айырмашылықтың болғандығы да сондайлық анық нәрсе. Январда (1905 жылы) басты рольді стачка атқарған болса, декабрьде стачка істің тек басы ғана болып, сонан кейін қарулы көтеріліске ұласты, басты рольді қарулы көтеріліске берді. Январда, октябрьде және декабрьде болған бой көрсетулер жаппай стачканы қандай «бейбіттікпен» бастасаң да, талаптар қоюда қандай «әдептілік» жасасаң да, ұрыс майданына қандай қарусыз шықсаң да, бәрібір істің шайқасумен келіп аяқталатындығын (халық қолдарына крест пен патша суреттерін ұстап шыққан Петербургтегі 9 январьды есіңізге түсіріңіз), үкіметтің



бәрібір зеңбіректер мен қаруға жүгіретіндігін, халықтың бәрібір қолына қару алатындығын, сөйтіп жаппай стачканың бәрібір қарулы көтеріліске ұласатындығын дәлелдеді. Бұл нені көрсетеді? Мұның өзі халықтың болашақтағы бой көрсетуі жай бой көрсету болмайтындығын, оның міндетті түрде қарулы күрес сыйпатына айналатындығын, сөйтіп шешуші роль қарулы көтеріліске берілетіндігін ғана көрсетеді. Қан төгіс керек пе немесе керек емес пе, мұның өзі жақсы ма немесе жаман ба, бұл туралы сөз етуге тура келмейді: қайталап айтамыз — мәселе біздің не тілейтіндігімізде емес, мәселе қарулы көтерілістің сөзсіз болатындығында және оны болғызбаудың мүмкін емес екендігінде болып отыр.

Біздің бүгінгі міндетіміз — халық самодержавиесін орнату. Біз басқару тізгінінің пролетариат пен шаруалардың қолына берілуін тілейміз. Жаппай стачка арқылы бұл мақсатқа жетуге бола ма? Фактылар болмайды дейді (жоғарыда айтылғанды есіңізге түсіріңіз). Немесе бізге, мүмкін, сылдыр сөзді кадеттері бар Дума көмектесер және оның көмегімен халық самодержавиесі орнар? Фактылар мұны да мүмкін емес дейді, өйткені кадеттер Думасы халық самодержавиесін орнатқысы келмейді, ірі буржуазияның самодержавиесін орнатқысы келеді (жоғарыда айтылғанды есіңізге түсіріңіз).

Бірден-бір сенімді жол — пролетариат пен шаруалардың қарулы көтерілісі екендігі анық нәрсе. Тек қарулы көтеріліс арқылы ғана патшаның үстемдігі құлатылып, халық үстемдігі орнатыла алады, әрине, көтеріліс жеңіп шыққан күнде ғана мұның өзі осылай болмақ. Ал егер мұның өзі осылай болатын болса, егер

көтеріліс жеңіп шықпайынша қазірде халықтың жеңуі мүмкін болмайтын болса және, егер, екінші жағынан, халықтың қарулы бой көрсетуін өмірдің өзі дайындап жатқан болса, егер бұл бой көрсету болмай қалмайтын болса, — онда социал-демократияның міндеті — осы бой көрсетуге саналы түрде даярлану, саналы түрде оның жеңіп шығуын даярлау болып табылатындығы өзінен өзі түсінікті. Екіншісі: не біз халық самодержавиесін (демократиялық республиканы) қабылдамай, конституциялық монархиямен қанағаттануға тиістіміз, — онда қарулы көтерілісті ұйымдастыру біздің жұмысымыз емес дегенге біз праволымыз, не біз бұрынғыша халық самодержавиесін (демократиялық республиканы) өзіміздің бүгінгі мақсатымыз деп біліп, конституциялық монархияны үзілді-кесілді түрде мойындамауға тиістіміз, — онда стихиялы түрде өсіп келе жатқан бой көрсетуді саналы түрде ұйымдастыру біздің жұмысымыз емес дегенге біздің правомыз жоқ.

Бірақ қарулы көтеріліске қалай дайындалу керек, оның жеңіп шығуына қалай жәрдемдесу керек?

Декабрьде болған бой көрсету біздердің, социал-демократтардың, өзге барлық кіналарымыздың үстіне, пролетариат алдында тағы да бір зор кінамыздың бар екенін дәлелдеді. Бұл кіна жұмысшыларды қаруландыру және қызыл отрядтар ұйымдастыру жөнінде біздің көңіл бөлмегендігімізде немесе өте аз көңіл бөлгендігімізде болып отыр. Декабрьді есіңізге түсіріңіз. Тифлистегі, батыс Кавказдағы, Россияның оңтүстігіндегі, Сибирьдегі, Москвадағы, Петербургтегі, Бакудағы қаны қайнап күреске көтерілген халық кімнің есінде жоқ дейсіз? Сол зығырданы

қайнаған халықты самодержавниенің соншама онай ыдыратуының себебі не? Әлде себебі халықтың патша үкіметінің жарамсыз екендігіне әлде болса сене қоймағандығында болды ма? Әрине, онда емес. Ал ендеше неден болды?

Ең алдымен, мұның себебі халықта қарудың болмауында немесе өте аз болғандығында болды, — қандай саналы болсаңыз да, құр қолмен оққа төтөп бере алмайсыз! Расында, ақша алуың аласыздар, ал қару көрінбейді деп бізге ұрсулары әділеттік еді.

Екіншіден, мұның себебі бізде үйретілген қызыл отрядтар болмады, мұндай отрядтар басқаларды соңынан ертіп, қару арқылы қару тауып, халықты қаруландырған болар еді: көше күрестерінде халық батыр, ал егер оны қарулы бауырлары бастап, үлгі көрсетпесе, онда оның қара тобырға айналып кетуі ықтымал.

Үшіншіден, мұның себебі көтеріліс бытыраңқы болды, ұйымдастырылмады. Москва баррикадаларда күресіп жатқанда Петербург үн қатпады. Москваны «бағындырып» болғанда, Тифлис пен Кутаис шабуыл жасауға дайындалып жатты. Оңтүстік пен латыштар «жеңіліп» болған кезде, Сибирь қолына қару алып шықты. Мұның мәнісі — көтерілісті күресуші пролетариат топ-топ болып бытыраңқы жүрген күйінде қарсы алды деген сөз, осының салдарынан оны «жеңу» үкіметке анағұрлым жеңіл тиді деген сөз.

Төртіншіден, мұның себебі біздің көтеріліс шабуыл жасау саясатын ұстамай, қорғану саясатын ұстады. Декабрь көтерілісін үкіметтің өзі туғызды, бізге үкіметтің өзі шабуыл жасады, оның өзінің жоспары болды, ал біз үкіметтің бұл шабуылын дайындықсыз қар-

сы алдық, бізде ойланып жасалған жоспар болған жоқ, біз қорғану саясатын ұстауға, сөйтіп уақыттардың соңында қалуға мәжбүр болдық. Егер де москвалықтар бастан-ақ шабуыл жасау саясатын ұстаған болса, олар Николәев вокзалын дереу басып алған болар еді, үкімет Петербургтен Москваға әскер тасый алмаған болар еді, сонымен Москвадағы көтеріліс көбірек созылған болар еді, мұның өзі басқа қалаларға да тиісті әсер еткен болар еді. Латыштар жөнінде де осыны айту керек: егер олар бастан-ақ шабуыл жасау жолына түскен болса, онда ең алдымен зеңбіректерді басып алып, әкімшілік орындарының күшін әлсіреткен болар еді.

Маркс былай деп бекер айтқан жоқ:

«Көтеріліс бір басталған соң, асқан батылдықпен қыймылдау керек және шабуылға көшу керек. Қорғаныс жасау дегеніңіз қарулы көтеріліс атаулыға өлім болады... жауды, оның әскерлері бөлшектеніп жатқан кезде, аңдаусызда басып алу керек; күн сайын, азда болса жаңа табыстарға жету керек; көтерілісшілердің бірінші жеңісті қыймылы әперген моральдық жағынан басымдықты сақтап қалуың керек: қашанда болса анағұрлым күші басымдардың соңынан еріп, қашанда болса сенімдірек жаққа шыға бастайтын солқылдақ элементтерді өз жағыңа тарту керек; жау саған қарсы өз әскерлерін жыйнап үлгірем дегенше, жауды шегінуге мәжбүр ету керек; бір сөзбен айтқанда, революциялық тактиканың осы күнге дейінгі белгілі адамдарының асқан шебері Дантонның: батылдық, батылдық және тағы да батылдық керек деген сөздері бойынша қыймылда» (К. Маркстің «Тарих очерктерін» қараңыз, 95-бет).

Декабрь көтерілісінде нақ осы «батылдық» пен шабуыл саясаты болмады.

Бізге: декабрьдегі «жеңілудің» себептері мұнымен бітпейді, сіздер декабрьде шаруалардың пролетариатпен біріге алмағандығын ұмытып отырсыздар, ал декабрьдегі кейін шегінудің бұл да басты себептерінің бірі болды деушілер болар. Барынша ақыйқат нәрсе, біз мұны ұмытайық деп отырғанымыз жоқ. Бірақ шаруалар пролетариатпен неліктен біріге алмады, мұның себебі не? Бізге: мұның себебі санасыздық деп айтар. Жақсы, олай болса біз шаруаларды қалай саналы етуге тиіспіз? Кітапшалар тарату арқылы ма? Бұл, әрине, жеткіліксіз! Ендеше қалай істеу керек? Күрес арқылы, оларды күреске тарту арқылы және күрес кезінде өзіміздің басшылық етуіміз арқылы саналы етуіміз керек. Бүгінгі күнде деревняны — қала, шаруаны — жұмысшы басқарады, ал егер қалаларда көтеріліс жұмысы ұйымдастырылмаса, бұл істе шаруалар алдыңғы қатардағы пролетариатпен ешуақытта да бірге жүрмейді.

Фактылар осындай.

Осыдан съездің қарулы көтеріліске қалай қарауға тиіс болғандығы, оның партиядағы жолдастарға қандай ұрандар беруге тиіс болғандығы өзінен өзі айқын.

Партия қаруландыру ісінде ақсап жатты, осы уақытқа дейін қаруландыру жұмысы партияның қолға алмаған ісі еді — демек, съезд партияға: қаруланьдар, болғалы тұрған бой көрсетуді азда болса дайындықпен қарсы алу үшін қаруландыру жұмысына қатты көңіл бөліңдер деуге тиісті еді.

Онан соң. Партия қарулы отрядтар ұйымдастыру ісінде ақсап жатты, ол қызыл отрядтардың санын

көбейту жұмысына тиісті көңіл бөлмеді, — демек, съезд партияға: қызыл отрядтар құрындар, халық арасында соғыс білімін үйретіндер, кейін қару арқылы қару табуға және көтерілісті ұлғайтуға мүмкіндік туғызу үшін қызыл отрядтар ұйымдастыру ісіне күшті көңіл бөліндер деуге тиісті еді.

Онан кейін. Декабрь көтерілісін пролетариат бытыраңқы түрде қарсы алды, көтерілісті ұйымдастыру туралы ешкім дұрыстап ойлаған жоқ, — демек, партия жауынгер элементтерді біріктіруге, оларды бір жоспар бойынша іске жұмсауға, қарулы көтерілісті белсені ұйымдастыруға қызу кірісу үшін съезд партияға ұраң беруге міндетті еді.

Сонан әрі. Осы уақытқа дейін пролетариат қарулы көтерілісте қорғану саясатын ұстап келді, ол еш уақытта шабуыл жасау жолына түскен жоқ, ал бұл жағдай көтерілістің жеңіп шығуына бөгет болды, — демек, съезд партиядағы жолдастарға — көтерілістің жеңетін уақыты таяп келеді, шабуыл жасау саясатына көшу қажет деп айтуға міндетті еді.

Съезд қалай істеді және ол партияға қандай ұрандар берді?

Съезд былай дейді: «...қазіргі кезеңде партияның негізгі міндеті пролетариаттың, шаруалардың, қаладағы ұсақ буржуазияның қалың ортасында және әскер арасында үгіт жұмысын кеңейту және күшейту арқылы революцияны дамыту және социал-демократия мен социал-демократия бастап отырған пролетариаттың еліміздің саяси өмірінің барлық салаларына үнемі араласуымен оларды үкіметке қарсы белсені күресуге тарту болып табылады...» Партия «жалған үміттерді қоздырып, халықты қаруландыру міндетін өз

мойнына ала алмайды және ол өз міндеттерін халықтың өзін өзі қаруландыру ісіне көмектесумен және жауынгер жасақтарды ұйымдастырумен, қаруландырумен қанағаттануға тиіс...» «Партияның мойнында пролетариатты жағдайдың нашар кезінде қарулы соқтығысуға тарту талаптарының бәріне қарсы тұру міндеті жатыр...» т. т. және т. с. (съездің қарарын қараңыз).

Сонда бүгінгі күні, қазіргі кезеңде, халықтың жаңадан бой көрсетуінің қарсаңында тұрғанымызда, көтерілістің жеңіп шығуы үшін ең басты жұмыс — үгіт болып шығады, алқызыл отрядтарды қаруландырып, ұйымдастыру жұмысы — онша құнарлы нәрсе емес болып шығады, біз оған әуестенбеуіміз керек және бұл жөнінде біз өзіміздің ісімізді «жәрдемдесумен» «тежеуге» тиісті болып шығамыз. Ал көтерілісті бытыраңқы түрде жүргізбей, ұйымдастыру керек екендігі туралы, бізге шабуыл жасау саясаты керек екендігі туралы (Маркстің сөздерін есіңізге түсіріңіз), — бұл туралы съезд ешбір сөз айтпайды. Ол үшін бұл мәселелердің маңызы жоқ екендігі айқын нәрсе.

Фактылар: қаруланғандар және қызыл отрядтарды шамаларың келгенше нығайтыңдар дейді, ал съезд: қаруландыру және қызыл отрядтарды ұйымдастыру жұмысымен онша әуестенбендер, бұл жөнінде өз істерінді «тежел ұстаңдар», өйткені ең басты жұмыс — үгіт деп жауап береді.

Осы уақытқа дейін біз қаруландыру жұмысына көп көңіл бөлген екенбіз, көп жолдастарды қаруландырған екенбіз, өте көп отрядтар ұйымдастырған екенбіз, ал үгіт жұмысын ескерусіз қалдырған екен-

біз, — міне сондықтан съезд бізге: қаруландыру енді жетеді, бұл туралы қамдану жетерлік, басты міндет — үгіт жұмысы дегенді үйретіп отыр деп ойлап қалуға болады.

Әлбетте, партияның басты құралдарының бірі қашан да және қай жерде болса да үгіт жұмысы болып табылады, бірақ болғалы тұрған көтерілістің жеңуін үгіт шеше ала ма? Егер де съезд бұл туралы бұдан төрт жыл бұрын, көтеріліс туралы мәселе бізде күн тәртібіне қойылмаған кезде айтқан болса, онда мұның өзі түсінікті болған болар еді, ал бүгінгі күнде, біз қарулы көтерілістің болу қарсаңында тұрғанымызда, көтеріліс туралы мәселе күн тәртібіне қойылып отырғанда, көтерілістің біздің тілегімізден тыс және оған қарамай басталып кетуі мүмкін болып отырғанда, — «ең алдымен» үгіт не бітірмек, бұл «үгіт» арқылы не істеп үлгіруге болады?

Немесе былайша алып қарайық: айталық, біз үгіт жұмысын ұлғайттық, айталық, халық көтерілді, ал сонан әрі не болмақ? Қарусыз халық қалай күреспек? Қарусыз халықтың қаны жетерліктей төгілген жоқ па! Егер ол оны пайдалана білмесе, егер оның жеткілікті қызыл отрядтары болмаса, онда халыққа қарудың не қажеті бар? Бізге: біз қаруландыру мен қызыл отрядтардан бас тартпаймыз деп айтар. Солай-ақ делік, бірақ сіздер қаруландыру жұмысына тиісті көңіл бөлмейтін болсаңыздар, егер оны ескерусіз қалдыратын болсаңыздар, — онда мұның өзі іс жүзінде мұнан сіздердің бас тартқандығыңыз болып шығады.

Біз көтерілісті ұйымдастыру туралы және шабуыл саясаты туралы съездің керек десе жұмған аузын ашпай қалғаны жайында сөз етіп отырғанымыз жоқ.



Оның бер жағында, мұның өзі осылай болуға да тиіс еді, өйткені съездің қарары өмірден төрт-бес жыл кейін қалды және съезд үшін көтеріліс әлі де болса теория мәселесі болып табылады.

Бұл мәселе жөнінде большевиктер съезде не айтты?

Олар былай деді: «...партияның үгіт пен насихат жұмысында декабрьдегі көтерілістің практикалық тәжірибесін зерттеуге, оны әскери тұрғысынан сынауға және келешек үшін нақтылы сабақ етуге күшті көңіл бөлінуге тиіс; жауынгер жасақтардың санын көбейту жөнінде, оларды ұйымдастыру ісі мен оларды әртүрлі қарулармен қамтамасыз ету ісін жақсарту жөнінде жұмысты бұдан да гөрі қыздыра түсу керек, оның бер жағында, тәжірибенің көрсетуі бойынша, тек партиялық жауынгер жасақтарды ғана ұйымдастырып қоймай, партияның жағындағы және партияда жоқ жасақтарды да ұйымдастыру керек; шаруалар қозғалысы өсіп келе жатқандықтан, бұл қозғалыс ең таяу уақыттың ішінде бүтін бір көтеріліс болып қаулауы мүмкін болғандықтан мүмкін қадерінше біріккен және бір мезгілде болатын жауынгер бой көрсетулерді ұйымдастыру үшін жұмысшылар мен шаруалардың қыймылын біріктіруге күш салу керек...», демек, «...саяси жаңа дағдарыс өсіп, шиеленісіп келе жатқандықтан қарулы күрестің қорғану түрлерінен шабуыл жасау түрлеріне көшу жолы ашылып отыр...», сондықтан солдаттармен бірге «...үкіметке қарсы барынша батыл шабуыл қыймылдарын...» жасау қажет, т. т. (большевиктердің қарарын қараңыз).

Большевиктер осылай деді.

Бірақ съезд большевиктердің позициясын қабылдамады.

Осылай болғаннан кейін съезд қарарларын либерал-кадеттердің неліктен осынша қуана қарсы алғандығын («Наша Жизньнің» № 432 қараңыз) түсіну қиын емес: олар бұл қарарлардың қазіргі революциядан бірнеше жыл кейін қалғандығын, бұл қарарлардың пролетариаттың таптық міндеттерін көрсетпейтіндігін, осы қарарлардың салдарынан пролетариат өз алдына дербес күшке айналуға гөрі либералдардың шылауына айналуы мүмкін екендігін түсінді, — олар осының барлығын түсінді, сондықтан да олар бұл қарарларды мақтап отыр.

Партиядағы жолдастардың міндеті — съезд қарарларына сын көзімен қарап, реті келген кезде оларға тиісті түзетулер енгізу болып табылады.

Осы кітапшаны жазуға кіріскенде, біздің ойымызда болған нақ осы міндет еді.

Рас, біз мұнда: «Мемлекеттік думаға көзқарас туралы» және «Қарулы көтеріліс туралы» екі қарарға ғана тоқталдық, бірақ бұл екі қарардың негізгі қарарлар екендігінде, съездің тактикалық жолын бәрінен гөрі бұлардың айқынырақ көрсететіндігінде күман жоқ.

Сонымен, біз басты қортындыға келіп тірелдік; партияда мәселе былай қойылып отыр: қазіргі революцияда саналы пролетариат гегемон болуға тиіс пе немесе ол буржуазияшыл демократтардың соңында жүруге тиіс пе?

Басқа мәселелердің барлығының шешуі осы мәсе-

ленің не әрі, не бері болып шешілуіне байланысты екендігін біз көрдік.

Сондықтан осы екі позицияның мәнін жолдастарымыз өте-мөте қадағалап тұрып таразыға салуға тиіс.

*1906 жылы „Пролетариат“ баспасы  
шығарған кітапшаның тексті  
бойынша басылып отыр*

*Қол қойған: К. жо л д а с*

Орысшасы грузин тілінен аударылған

---

---

## ТАП КҮРЕСІ

*Буржуазияның одағын тек пролетариаттың одағы ғана шайқалтуы мүмкін.*

*К. Маркс*

Қазіргі өмір адам айтқысыз шиеленіскен өмір! Бұл өмір түрлі таптар мен топтар дегеніңізге әбден толулы: ірі, орта және ұсақ буржуазия; ірі, орта және ұсақ феодалдар; кіші мастерлер, қара жұмысшылар және фабрика-завод маман жұмысшылары; жоғарғы, орта және төменгі дін иелері; жоғарғы, орта және төменгі бюрократия; әртүрлі интеллигенттер және осы сыяқты топтар — міне біздің өміріміз осындайлық ала-құла болып отыр!

Бірақ өмір неғұрлым ілгері дамыған сайын бұл шиеленіскен өмірде негізгі екі бағыт анықталып жарыққа шығып келе жатқандығы да, бұл шиеленіскен өмір қарама қарсы екі лагерьге — капиталистер лагері мен пролетарлар лагеріне — соғұрлым ашық бөлініп келе жатқандығы да күмансыз. Январьдағы экономикалық стачкалар (1905 жылғы) Россияның шынымен екі лагерьге бөлініп отырғандығын ашық көрсетті. Петербуртта ноябрьде (1905 жылы) болған және бүкіл Россияда июнь-июль айларында (1906 жылы) болған стачкалар екі лагерьдің де көсемдерін

Бір-біріне соқтығыстырды, сонымен қазіргі тап қайшылықтарын ақыр аяғына дейін анықтап ашып берді. Сонан бері капиталистер лагері қалғуды қойды, бұл лагерьде қызу және дамылсыз дайындық жүргізілуде: капиталистердің жергілікті одақтары құрылып жатыр, жергілікті одақтар облыстық одақтарға, облыстық одақтар бүкілроссиялық одақтарға бірігіп жатыр, кассалар мен баспасөз органдары құрылып, капиталистердің бүкілроссиялық съездері мен конференциялары шақырылып жатыр...

Сонымен пролетариатты ауыздықтау мақсатымен капиталистер жеке тап болып ұйымдасуда.

Екінші жағынан, пролетарлар лагері де қалғуды қойды. Мұнда да болғалы тұрған күреске қызу дайындық жүріп жатыр. Реакцияның қуғынына қарамастан, мұнда да жергілікті кәсіпшілер одағы құрылып жатыр, жергілікті одақтар облыстық одақтарға бірігіп, кәсіпшілер кассалары құрылып жатыр, кәсіпшілік баспасөздер өсіп келеді, жұмысшылар одақтарының бүкілроссиялық съездері мен конференциялары шақырылып жатыр...

Көріп отырсыздар, қанауды ауыздықтау мақсатымен пролетарлар да жеке тап болып ұйымдасуда.

Бір кездерде өмірді «тыныштық пен бейбіттік» жайлаған еді. Ол кезде таптық ұйымдары бар осы таптар да көрінбеуші еді. Әлбетте, күрес сол кезде де жүріп жатты, бірақ ол күрес жалпы таптық емес, жергілікті сыйпаты бар күрес еді: капиталистердің өздерінің одағы жоқ еді, сондықтан олардың әрқайсысы «өз» жұмысшыларын өздері басуға мәжбүр болып еді. Мұндай одақтар жұмысшыларда да жоқ еді, сондықтан, демек, әрбір заводтың жұмысшылары өз күш-

теріне ғана сүйенуге мәжбүр болып еді. Рәс, жергілікті социал-демократиялық ұйымдар жұмысшылардың экономикалық күресіне басшылық еткен болатын, бірақ бұл басшылықтың нашар және кездейсоқ басшылық болғандығын ешкім де бекер демейді: социал-демократиялық ұйымдар тіпті партия жұмыстарын да үлгіре алмай жатты.

Ал январьдағы экономикалық стачкалар келелі бір кезең болып шықты. Капиталистер қатты састы, жергілікті одақтар ұйымдастыра бастады. Петербурттағы, Москвадағы, Варшавадағы, Ригадағы және басқа қалалардағы капиталистердің одақтарын тудырған январьдағы стачкалар еді. Мұнай, марганец, тас көмір және қант өндірістерінің капиталистеріне келетін болсақ, олар өздерінің ескі және «бейбіт» одақтарын күрес одақтарына айналдырып, өз позицияларын нығайта бастады. Алайда капиталистер мұнымен қанағаттанған жоқ. Олар бүкілроссиялық одақ құруды ұйғарды, міне сонымен, Морозовтың бастауымен олар 1905 жылы март айында Москвада болған съезге жыйналды. Мұның өзі капиталистердің бірінші бүкілроссиялық съезі еді. Бұл съезде олар келісім жасады, осыған байланысты бір-бірімен өзара келісіп алмайынша, жұмысшыларға жеңілдік жасамайтын болды, «тіпті болмай бара жатса» локаут\* жарыяламақ болды. Осы уақыттан бастап капиталистердің пролетарлармен табан тірескен күресі басталады.

---

\* Локаут дегеніміз — қожайындардың стачкасы, мұның мәнісі — жұмысшылардың қарсылығын басып, олардың талаптарын жою үшін қожайындар заводтарды әдейі жауып тастайды,

Осы уақыттан бастап Россияда ірі локауттар дәуірі басталады. Күрделі күрес үшін күрделі одақ керек, сондықтан капиталистер берігірек одақ құру үшін тағы да бір рет жыйналуды ұйғарды. Сөйтіп, бірінші съезден кейін (1905 ж. июльде) үш ай өткен соң, Москвада капиталистердің бүкілроссиялық екінші съезі шақырылды. Олар бұл съезде бірінші съездің қарарларын тағы да мақұлдап, локауттардың қажетті екендігін тағы да мойындады және устав даярлайтын, жаңа съездің шақырылу қамын жасайтын бюро сайлады. Сонымен қатар съездердің қарарлары орындалып та жатты. Фактылар капиталистердің бұл қарарларды бұлжытпай орындайтындығын көрсетті. Егер капиталистердің Рига, Варшава, Одесса, Москва және басқа ірі қалаларда жарыялаған локауттарын есіңізге түсірсеңіз, 72 капиталистің Петербургтағы 200 000 жұмысшыларды аяусыз локаутқа ұшыратамыз деп қорқытқан Петербургтағы ноябрь күндерін есіңізге түсірсеңіз, — онда капиталистердің бүкілроссиялық одағы қандай үлкен күш екендігін және олардың өз одағының қаулыларын қалайша бұлжытпай орындайтындығын оңай түсінесіз. Сонсоң, екінші съезден кейін, капиталистер тағы да бір съезд (1906 жылы январьда) шақырды, және, ақырында, осы жылдың апрелінде капиталистердің енді бүкілроссиялық құрылтай съезі шақырылды, бұл съезде бірыңғай устав қабылданды және Орталық бюро сайланды. Газеттердің хабарына қарағанда, бұл уставты үкімет нығытып та үлгірген көрінеді.

Сонымен, қазірдің өзінде-ақ Россияның ірі буржуазиясының жеке тап болып ұйымдасқандығы күмансыз, оның өзінің жергілікті, облыстық ұйымдары

мен орталық ұйымы бар және мұның өзі бірыңғай жоспар бойынша бүкіл Россия капиталистерін аяғынан тік тұрғыза алады.

Жал ақыны төмендету, жұмыс күнін көбейту, пролетариатты әлсірету және оның ұйымдарын қыйрату — капиталистердің жаппай одағының мақсаты міне осындай.

Сонымен қатар жұмысшылардың кәсіпшілік қозғалысы өсіп, дамыды. Январьдағы экономикалық стачкалар (1905 ж.) мұнда да өзінің ықпалын тигізді. Қозғалыс жалпы бұқаралық түрге айналды, оның тілектері ұлғайды, сөйтіп біраз уақыт өткеннен кейін, социал-демократия ұйымдарының бір уақыттың өзінде, әрі партия істерін, әрі кәсіпшілер істерін қабат жүргізе алмайтындығы байқалды. Партия мен кәсіпшілер одақтарының арасында өзінше бір еңбек бөлісі қажет болды. Партия істерін партия ұйымдарының басқаруы, ал кәсіпшілер істерін — кәсіпшілер одақтарының басқаруы қажет болды. Ал сонымен, одақтарды ұйымдастыру жұмысы басталды. Москвада, Петербургте, Варшавада, Одессада, Ригада, Харьковта, Тифлисте — барлық жерлерде одақтар құрылды. Рас, реакция бұған бөгет жасады, бірақ, солай бола тұрса да, қозғалыстың тілегі өз дегенін істеді, одақтар көбейе берді. Көп ұзамай-ақ жергілікті одақтардың соңынан облыстық одақтар шыға бастады, ал, ақырында, істің ұлғайғаны сонша, өткен жылғы сентябрьде одақтардың бүкілроссиялық конференциясы шақырылды. Мұның өзі жұмысшы одақтарының бірінші конференциясы еді. Реті келгенде айта кетейік, бұл конференцияның жемісі сол — ол әр түрлі қалалардың одақтарын бір-біріне жақындатты және, ақырында, Орталық бюро



сайлады, бұл бюро одақтардың жаппай съезін шақыруды әзірлеуі тиіс болды. Октябрь күндері туды, — бұл кезде кәсіпшілер одақтары екі есе күшейе түсті. Жергілікті және, ақырында, облыстық одақтар күн сайын өсті. Рас «декабрьдегі жеңілу» одақтар құру жұмысына едәуір бөгет жасады, бірақ оған кейін кәсіпшілер қозғалысы қайтадан оңалды, сөйтіп істің түзелгендігі сонша, осы жылғы февральда одақтардың екінші конференциясы шақырылды, бұл конференция бірінші конференцияға қарағанда анағұрлым кең және құрамы жағынан толық болды. Конференция жергілікті, облыстық орталықтар мен бүкілроссиялық орталықты қажетті деп тапты, бүкілроссиялық болашақ съезді шақыру жөнінде «ұйымдастыру комиссиясын» сайлады және кәсіпшілер қозғалысының толғағы жеткен күнделікті мәселелері жөнінде тиісті қарарлар қабылдады.

Сонымен, реакцияның құтыруына қарамастан, пролетариаттың да жеке тап болып ұйымдасып жатқаны, оның өзінің жергілікті, облыстық және орталық кәсіпшілер ұйымдарын тынбастан нығайтып отырғандығы және сонымен бірге өздерінің сансыз көп бауырларын капиталистерге қарсы біріктіруге тынбастан тырысып отырғандығы да күмансыз нәрсе.

Жал ақыны көбейту, жұмыс күнін қысқарту, еңбек жағдайларын жақсарту, қанауды ауыздықтау және капиталистердің одақтарын әлсірету — жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарының мақсаты міне осындай.

Сөйтіп қазіргі қоғам екі үлкен лагерьге жарылып келеді, бұл лагерьлердің әр қайсысы жеке тап болып ұйымдасып жатыр, бұлардың арасындағы қаулап

келе жатқан тап күресі күн сайын тереңдеп, күшейіп келеді, ал қалған топтардың барлығы осы екі лагерьдің төңірегіне жыйналуға.

Тап күресі атаулының бәрі де саяси күрес болып табылады деген еді Маркс. Мұның мәнісі — бүгінгі күні пролетарлар мен капиталистер өзара экономикалық күрес жүргізіп отырса, ертеңгі күні олар саяси күресті де жүргізуге мәжбүр болады, және, сонымен, екі түрлі күрес арқылы өздерінің таптық мүдделерін қорғауға мәжбүр болады деген сөз. Капиталистердің өздерінің жеке кәсіпшілдік мүдделері бар. Олардың экономикалық ұйымдары нақ осы мүдделерді қамтамасыз ету үшін өмір сүреді. Бірақ олардың, жеке кәсіпшілдік мүдделерімен қатар, тағы да жалпы таптық мүдделері — капитализмді нығайту мүдделері бар. Оларға саяси күрес пен саяси партия нақ осы жалпы мүдделер үшін керек. Россия капиталистері бұл мәселені өте оңай шешті: олар өздерінің мүдделерін «тікесінен және қорқпай» қорғайтын бірден-бір партия — **октябристер партиясы** екендігін көрді, сондықтан олар осы партияның төңірегіне жыйналып, оның идеялық басшылығына бағынуды ұйғарды. Сол уақыттан бастап капиталистер өздерінің саяси күресін осы партияның идеялық басшылығы бойынша жүргізіп отыр, қазіргі үкіметке (жұмысшылар одақтарын жауып, оның есесіне капиталистер одақтарын дереу бекітіп отырған үкіметке) осы партия арқылы әсер етіп отыр, бұл партияның кандидаттарын Думаға өткізіп отыр, т. т. және т. с.

Сонымен, одақтардың көмегімен экономикалық күрес жүргізу, **октябристер партиясының** идеялық басшылығымен жалпы саяси күрес жүргізу — ірі бур-

жуазияның таптық күресі бүгінгі күні міне осындай түрде болып отыр.

Екінші жағынан, осы сыяқты құбылыстар қазіргі уақытта пролетариаттың таптық қозғалысында да байқалып отыр. Пролетарлардың кәсіпшілік мүдделерін қорғау үшін кәсіпшілер одақтары құрылып жатыр, бұл одақтар жал ақыны өсіру үшін, жұмыс күнін қысқарту үшін, т. т. үшін күрес жүргізіп жатыр. Бірақ, кәсіпшілік мүдделерімен қатар пролетарлардың тағы да жалпы таптық мүдделері — социалистік революция жасау және социализм орнату мүдделері бар. Ал пролетариат бірыңғай және бөлінбейтін тап болып, саяси үстемдік алмайынша социалистік революция жасау мүмкін емес. Міне дәл осы арада пролетариатқа әрі саяси күрес керек, әрі оның саяси қозғалысына идеялық басшылық ететін саяси партия керек. Әрине, жұмысшы одақтары көбінесе партияда жоқ жеке бейтарап одақтар болып табылады. Бірақ мұның мәнісі — тек олар ақша жағынан және ұйымдастыру жұмысы жағынан ғана партиядан тәуелсіз деген сөз, яғни олардың өз кассалары, өздерінің басқару органдары бар, өздерінің съездерін өткізеді және саяси партиялардың қаулыларына формальды жағынан бағынуға міндетті емес. Ал кәсіпшілер одақтарының белгілібір саяси партияға идеялық жағынан тәуелді болуына келетін болсақ, онда мұндай тәуелділік сөзсіз болуға тиіс және болмай тұра алмайды, басқаны айтпағанның өзінде, одақтарға түрлі партиялардың мүшелері кіреді, олар бұл одақтарға өздерінің саяси пікірлерін енгізбей қоймайды. Егер пролетариат саяси күрессіз тұра алмайтын бол-

са, онда оның белгілібір саяси партияның идеялық басшылығынсыз тұра алмайтындығы да анық нәрсе. Ол-ол ма, өзінің одақтарын «жерүйекке», социализмге ойдағыдай бастап апаратын партияны пролетариаттың өзі іздеуге тиіс. Бірақ пролетариат бұл жерде сақ болуға және байқап қыймылдауға тиіс. Пролетариат саяси партиялардың идеялық салмағын ұқыпты түрде білуге тиіс, өзінің таптық мүдделерін батыл және дәйекті түрде қорғайтын, пролетариаттың қызыл туын жоғары ұстап, оны саяси үстемдікке, социалистік революцияға қорқпай бастап апаратын партияның идеялық басшылығын өз еркімен қабылдауға тиіс.

Осы уақытқа дейін мұндай рольді Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы атқарып келеді, демек, кәсіпшілер одақтарының міндеті — осы партияның идеялық басшылығын қабылдау болып табылады.

Жұртқа мәлім, мұның өзі шынында да осылай.

Сонымен, кәсіпшілер одақтарының көмегімен экономикалық шайқасулар жасау, социал-демократияның идеялық басшылығы арқасында саяси шабуылдар жасау — пролетариаттың таптық күресі бүгінгі күні міне осындай түрде болып отыр.

Күман жоқ, тап күресі барған сайын күшейіп, қыза түседі. Пролетариаттың міндеті — өз күресіне ұйымшылдықтың системасы мен рухын енгізу болады. Ал мұны істеу үшін одақтарды күшейтіп, оларды өзара біріктіру қажет, бұған одақтардың жалпы россиялық съезі үлкен қызмет еткен болар еді. Пролетариат бірыңғай және бөлінбейтін тап болып ұйымдасу үшін қазірде бізге «партияда жоқ жү-

мысшылар съезі» емес, жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарының съезі керек. Сонымен қатар пролетариат өзінің тап күресіне идеялық саяси басшылық ететін партияны мейлінше нығайтып, күшейте беруге тырысуға тиіс.

*„Ахали Дроба“ („Жаңа Заман“)»  
газеті № 1, 14 ноябрь, 1906 ж.*

*Қол қойған: К о...*

Орысшасы грузия тілінен аударылған

---

## «ФАБРИҚАЛЫҚ ЗАҢ» ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРЛЫҚ КҮРЕС

*(15 ноябрьдегі екі заң жөнінде)*

Біздің жұмысшы қозғалысымыздың бастауыш сатыларда болған кездері болып еді. Ол кезде пролетариат жеке топтарға бөлшектенген болатын және жалпы күрес туралы ойламаған еді. Теміржол жұмысшылары, тау-кен жұмысшылары, фабрика-завод жұмысшылары, қолөнершілер, приказчиктер, контор қызметшілері—Россия пролетариаты міне осы топтарға бөлшектенген еді. Мұның үстіне, әрбір топ тағыда өз ішінде әртүрлі қалалар мен қоныстардағы жұмысшыларға бөлшектенуші еді, бұлардың арасында ешқандай байланыс, не партиялық, не кәсіпшілік байланыс болмаған еді. Сонымен, пролетариат бірыңғай, тұтас тап болып көрінбеген еді. Демек, жалпы таптық шабуыл ретінде пролетариат күресі де көрінбеген еді. Міне сондықтан патша үкіметі өзінің «ата-бабалық» саясатын жайбарахат жүргізе бері алушы еді. Міне сондықтан 1893 жылы мемлекеттік советке «жұмысшыларды хауіпсіздендірудің жобасы» тапсырылғанда реакцияның рухтандырушысы Победоносцев: «Мырзалар, сіздер өздеріңізді текке әуреге салыпсыздар, алаң болмаңыздар; бізде жұмыс-

шы мәселесі дегеніңіз атымен жоқ...» деп білгішсіп, жобаның авторларын мазақ етіп қарсы алған болатын.

Бірақ уақыт өтіп жатты, экономикалық дағдарыс жақындай берді, стачкалар жиіледі, сөйтіп бытыраңқы пролетариат біртіндеп бірыңғай тап болып ұйымдаса бастады. 1903 жылдың стачкалары-ақ «бізде» алдақашаннан «жұмысшы мәселесінің бар екендігін» көрсетті. 1905 жылдың январь — февраліндегі стачкалар Россияда пролетариаттың бірыңғай тап ретінде жетіліп, ер жетіп келе жатқандығын дүние жүзіне хабарлады. Ақырында, 1905 жылдың октябрь—декабріндегі болған жаппай стачкалар және 1906 жылдың июнь — июліндегі болған «кезектегі» стачкалар әртүрлі қалалардың пролетарларын іс жүзінде жақындастырды, приказчиктерді, контор қызметшілерін, қолөнершілерді, өнеркәсіп жұмысшыларын іс жүзінде бірыңғай тап етіп топтастырды, сонымен, бір кезде бытыраңқы болған пролетариат күштерінің қазірде-ақ бірігу жолына түскендігін және бірыңғай тапқа ұйымдасып жатқандығын жер жүзіне анық хабарлады. Бұл жерде қазіргі тәртіптерге қарсы қолданатын жалпы пролетарлық күрестің әдісі ретінде жаппай саяси стачкалардың күші де көрінді... Енді «жұмысшы мәселесінің» бар екендігін бекер деуге болмайтын болды, енді бұл жерде патша үкіметі қозғалыспен санасуға мәжбүр болды. Міне өнді реакционерлердің кабинеттерінде: Шидловскийдің<sup>80</sup> комиссиясы; Коковцевтің<sup>81</sup> комиссиясы, одақтар туралы заң<sup>82</sup> (17 октябрьдегі «Манифесті» қараңыз), Витте — Дурновоның<sup>83</sup> нұсқаулары, түрлі жобалар мен жоспарлар, ең ақырында, қолөнершілер мен сау-

да қызметкерлері жайындағы 15 ноябрьдегі екі заң сыяқты әртүрлі комиссияларды құру, «фабрикалық заңдардың» жобаларын жасау басталды.

Қозғалыстың дәрменсіз болып тұрған кезінде, оның жаппай көтеріліс түріне айналмай тұрған кезінде, реакция пролетариатқа қарсы бір ғана құралды білуші еді, бұл құрал — түрме, Сибирь, қамшы және дарға асу болатын. Реакция жер-жердің бәрінде және әрқашан да бір мақсатты: пролетариатты ұсақ топтарға бөлуді, оның маңдай алды отрядын күйретуді, битарап бұқараны қорқытуды және өз жағына тартуды, сөйтіп пролетариат лагерінде қым-қыйғаш алауыздық туғызуды көздейтін. Қамшы мен түрмені қолданып, реакцияның бұл мақсатқа өз ойлағанындай жетіп келгендігін біз көргенбіз.

Бірақ қозғалыс жаппай көтеріліс сыйпатын алған кезде іс мүлдем басқаға айналды. Енді реакцияның ісі тек «бастаушылармен» ғана болатын болмады, — оның қарсы алдында өзінің зор революциялық айбынымен сансыз көп бұқара тұратын болды. Сондықтан ол нақ осы бұқарамен санасуға тиісті болды. Ал бұқараны дарға асып тауыса алмайсың, Сибирьге айдап жібере алмайсың, түрмеге сыйғыза алмайсың. Ал ол бұқараны қамшының астына алып дүре соға беру сүйенген тірегі ертеде-ақ шайқала бастаған реакцияға өнді пайдасыз еді. Ескі құралдармен қатар, реакцияның пікірінше, пролетариат лагерінде алауыздықты өршіте алатын, жұмысшылардың артта қалған бөлігінде жалған үміт тудыра алатын, оларды күрестен бас тарттыра алатын және оларды үкімет төңірегіне біріктіре алатын жаңа, «анағұрлым



мәдениетті» құрал қолдану керек болғандығы айқын нәрсе болды.

Дәл осындай жаңа құралдың өзі «фабрикалық заң» болып табылады.

Сонымен, патша үкіметі ескі құралын да қолынан жібермей отырып, сонымен бірге «фабрикалық заңды» да пайдаланғысы келеді, олай болса, патша үкіметі қамшы мен заңды қолдана отырып, «күнделікті жұмысшы мәселесін» шешпек болады. Патша үкіметі жұмыс күнін қысқарту жөнінде, бала мен әйелдің еңбегін қорғау, жұмысшылардың гигиеналық жағдайларын жақсарту, жұмысшыларды хауіпсіздендіру, штраф және басқа сол сыяқты алымдарды жою жөнінде түрліше уәделер беру арқылы жұмысшылардың артта қалған бөлігінің сенімін өзіне қаратып алмақ және сөйтіп пролетариаттың таптық бірлігіне көр қазбақ болады. Кәзіргі кезеңде, октябрьдегі жаппай стачка әр тараудағы пролетарларды біріктіріп, реакцияның тамырын әлсіреткен уақытта, болашақ жаппай стачканың қарулы күреске айналып кетуі және ескі тәртіптерді құлатуы мүмкін болып тұрған уақытта, демек, реакцияға жұмысшы лагерінде қым-қыйғаш алауыздық болуы, артта қалған жұмысшылардың сенімін өзіне қаратып алу және оларды өз жағына тарту ауа қандай қажет болса, нақ сондай қажет болып тұрған уақытта мұндай «әрекеттің» патша үкіметі үшін ешқашан да нақ кәзіргідей қажет болмағандығын патша үкіметі жақсы біледі.

Бұл жөнінде реакция өзінің 15 ноябрьдегі заңдарымен өзінің рахымшыл назарын приказчиктер мен қолөнершілерге ғана салған фактысы аса қыз-

ғылықты; ол мұнысын өнеркәсіп пролетариатының ең жақсы ұлдарын түрмелер мен дарға асуға жөнелтіп отырған кезде істеп отыр. Егер бұған тереңірек ой жіберсек, мұның өзі таңырқарлық іс емес. Біріншіден, приказчиктер, қолөнершілер және сауда орындарының қызметкерлері, өнеркәсіп жұмысшыларындай, ірі фабрикалар мен заводтарда топталмаған, олар түрліше ұсақ кәсіп орындарында бытырап жатыр, олар саналылық жағынан басқаларға қарағанда анағұрлым артта жатыр және, демек, басқаларға қарағанда бұларды алдау оңай болады. Екіншіден, приказчиктер, контор қызметкерлері және қолөнершілер кәзіргі Россия пролетариатының едәуір бөлегі болып табылады, демек, олардың күресуші пролетарларды тастап шығуы пролетариаттың күшін кәзіргі сайлауда да және алдағы көтерілісте де едәуір әлсіреткен болар еді. Ақырында, кәзіргі революцияда қаланың ұсақ буржуазиясының үлкен маңызы бар екендігі де бәрімізге мәлім, социал-демократия үшін қаланың ұсақ буржуазиясын пролетариаттың гегемониясымен революцияландыру қажет екендігі де бәрімізге мәлім, сондай-ақ, ұсақ буржуазияға басқа пролетарлардан гөрі жақын тұратын қолөнершілердей, приказчиктердей және контор қызметкерлеріндей ұсақ буржуазияны өз жағына ешкім тарта алмайтындығы да белгілі. Приказчиктер мен қолөнершілердің пролетариатты тастап шығуы пролетариаттан ұсақ буржуазияны да алыстататындығы және пролетариатты жалғыздыққа душар ететіндігі, осылай болуды патша үкіметінің өте-мөте тілейтіндігі анық нәрсе. Осылардан кейін тек қолөнершілерді, приказчиктерді және контор қызметкерлерін қам-

тыйтын 15 ноябрьдегі заңдарды реакцияның неліктен апұл-құпыл шығара қойғандығы өзінен өзі түсінікті. Өнеркәсіп пролетариатына келсек, ол бәрібір үкіметке сенбейді, «фабрикалық заңның» ол үшін түкке қажеті жоқ, әлде оны жөнге салу тек оқтың ғана қолынан келуі мүмкін. Заңның қолынан келмеген жерін мылтық оғы толықтыруы тиісі..

Патша үкіметі осылай ойлайды.

Ал сонымен осылай деп ойлайтын тек біздің үкіметіміз ғана емес; феодалдық-самодержавиелік үкімет бола ма, буржуазиялық-монархиялық үкімет бола ма немесе буржуазиялық-республикалық үкімет бола ма, бәрібір — пролетарларға қарсы үкімет атаулының бәрі де осылай ойлайды. Барлық жерде де пролетариатқа қарсы оқ пен заңды қолданып күреседі, қашан социалистік революция болғанша, социализм орнағанша осылай бола бермек. 1824—25 жылдардағы конституциялы Англияны еске түсіріңіздер, сол кезде Англияда стачкалар бостандығы туралы заң жасалып жатушы еді, ал сонымен бірге түрмелер ереуілшілерге толы болатын. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдарындағы республикалық Францияны еске түсіріңіздер, сол кезде «фабрикалық заң» туралы әңгіме болып жатушы еді, ал сонымен қабат Париж көшелері жұмысшылардың қанына боялып жататын. Осылардың бәрін және басқа да осындай көптеген фактыларды еске түсіріңіздер, сонда сіздер мұның дәл осындай екендігін көресіздер.

Алайда, мұның өзі пролетариат осы сыяқты заңдарды мүлде пайдалана алмайды дегендік емес. Рас, «фабрикалық заңдарды» шығарғанда реакцияның өзі-

нің белгілі жоспары болады — реакция пролетариатты тізгіндегісі келеді, бірақ өмір оның жоспарларын бірінен соң бірін бұзып отырады, міне осындай кездерде әрқашан пролетариатқа пайдалы статьялар қысылып-қымтырылып заңға еніп кетіп отырады. Мұның бұлай болатын себебі: бірде-бір «фабрикалық заң» себепсіз, күрессіз жарыққа шықпайды, қашан жұмысшылар күреске шықпайынша, бұлардың талаптарын орындауға үкіметтің өзі мәжбүр болмайынша үкіметтің бірде-бір «фабрикалық заңы» шықпайды. Әрбір жаңа «фабрикалық заң» шығу қарсаңында жеке немесе жаппай стачка болатындығын тарих көрсетіп отыр. 1882 жылдың июніндегі (балаларды жалдау туралы, олардың жұмыс уақты туралы және фабрика инспекциясының мекемелері туралы) заңның шығуы қарсаңында Нарвада, Пермьде, Петербургте және Жирардовта сол жылы стачкалар болды. 1886 жылдың июнь-октябріндегі (штрафтар туралы, есеп кітапшалары, т. т. туралы) заңдар орталық ауданда болған 1885 — 86 жылдардағы стачкалардың тікелей нәтижесі болып табылды. 1897 жылдың июніндегі (жұмыс күнін қысқарту туралы) заңның қарсаңында Петербургте 1895 — 96 жылдары стачкалар болды. 1903 жылдың («кәсіп иелерінің жауапкерлігі» туралы және «фабрика старосталары» туралы) заңдары сол жылғы болған «оңтүстіктегі стачкалардың» тікелей нәтижесі болып табылды. Ақырында, 1906 жылдың 15 ноябріндегі (жұмыс күнін қысқарту туралы және приказчиктердің, контор қызметкерлерінің және қолөнершілердің жексембі күнгі дем алысы туралы) заңдар осы жылғы бүкіл Рос-

сияда болған июнь-июль стачкаларының тікелей нәтижесі болып табылады.

Көріп отырсыздар, әрбір «фабрикалық заң» шығудың қарсаңында өз талаптарына қалайда болса, толығымен болмаған күнде, жарым-жартылап болса да жетуге тырысқан бұқараның қозғалысы болып отырыпты. Осыдан «фабрикалық заң» қандай жаман дегенмен, ол заңда пролетариат өзінің күресін күшейтуге пайдаланатын бірнеше статьялар болып отыратындығы өзінен өзі айқын. Пролетариат өзінің ұйымдарын бұрынғысынан бетер нығайту үшін және пролетариаттық күресін, социалистік революция үшін күресін бұрынғысынан да бетер қыздыру үшін осындай статьялардан айрылмауы және осыларды кұрал ретінде пайдалануы керек екені туралы дәлелдеудің де тіпті қажеті жоқ. «Шайтанның басын өз сөмсерімен шабу керек» деп Бебель тегін айтпаған...

Бұл жөнінде 15 ноябрьде шыққан заңның екеуі де өте-мөте қызғылықты. Әрине, онда жаман статьялар көп, бірақ реакция ойланбай енгізген және оларды пролетариаттың саналы түрде пайдалануына тиісті статьялар да бар.

Мәселен, заңның екеуі де «еңбекті қорғау туралы» деп аталуына қарамастан, бұл заңдарға қандай бір «еңбек қорғауды» болсын бекерге шығаратын және кей жерлерде тіпті қожайындардың өздері жирене пайдаланатын оңбаған статьялар енгізілген. Көп жерлерде 12 сағаттық жұмыс күні алдақашан жойылып, 10 немесе 8 сағаттық жұмыс күні енгізілгеніне қарамастан, заңның екеуінде де сауда және қолөнер кәсіпорындарында 12 сағаттық жұмыс күнін тағайын-

дап отыр. Барлық жерде дерлік мерзімінен тыс жұмыс істеудің барлық түрі жойылғанына қарамастан заңның екеуі де сауда орындарында 40 күн бойында, мастерскойларда 60 күн бойында мерзімінен тыс күніне 2 сағаттан (14 сағаттық жұмыс күні) жұмыс істеуге рұқсат етіп отыр. Сонымен бірге, қожайындардың «жұмысшылармен келісіп», яғни жұмысшыларды еріксіз көндіріп, жұмыс күнін 17 сағатқа дейін жеткізіп, мерзімінен тыс жұмысты созуларына, т. т. және т. с. правосы болатын болып отыр.

Әрине, пролетариат бір қолы жеткен праволарының бірде-бір мысқалын қожайындарға бермейді, көрсетілген заңдардың ерсі ертегілері сол қалпымен жұртқа мазақ болатын ертегі болып қала бермек.

Екінші жағынан, өз позицияларын нығайту үшін пролетариаттың жап-жақсы пайдалануына болатын статьялар да бар. Екі заңның екеуінде де күніне жұмыс 8 сағаттан кем істелмейтін жерде қызметкерге тамақ ішу үшін 2 сағат уақыт беріледі делінген, сөйтсе де, осы күні қолөнершілер, приказчиктер және контор қызметкерлері екі сағат дем алысты барлық жерде пайдаланбай отырғандығы мәлім. Сонымен қатар екі заңның екеуінде де бұл екі сағаттың үстіне, он жеті жастан төменгілерге мектепке қатынауы үшін магазиннен немесе мастерскойдан тағы да күніне 3 сағат кетуіне право беріледі делінген, мұның өзі, әрине, біздің жас жолдастар үшін үлкен жеңілдік болады...

15 ноябрьдегі заңдардың осындай статьяларын пролетариат өзіне лайықты түрде пайдаланатындығы-

на, өзінің пролетарлық күресін лайықты түрде күшейтетіндігіне және шайтанның басын өз семсерімен шабудың керектігін дүние жүзіне тағы да бір рет дәлелдеп беретіндігіне күман болуы тиіс емес.

„Ахали Дроба“ („Жаңа Заман“) газеті № 4,

4 декабрь, 1906 ж.

Қол қойған: К о . . .

Орысшасы грузин тілінен аударылды

---

---

## АНАРХИЗМ БЕ ӘЛДЕ СОЦИАЛИЗМ БЕ?<sup>84</sup>

Кәзіргі қоғамдық тұрмыстың өзегі — тап күресі. Ал бұл күрестің барысында әрбір тап өз идеологиясын қолданады. Буржуазияның өз идеологиясы бар — бұл кәдімгі либерализм. Пролетариаттың да өз идеологиясы бар — бұл, жұртқа мәлім, социализм.

Либерализмді бейне бір тұтас және бөлінбейтін нәрсе деп есептеуге болмайды: буржуазияның әртүрлі топтарына сәйкес ол әртүрлі бағыттарға бөлінеді.

Социализм де тұтас және бөлінбейтін идеология емес: мұнда да әртүрлі бағыттар бар.

Біз бұл жерде либерализмді тексерумен шұғылданбаймыз, — мұны басқа бір уақытқа қалдыра тұрған жөн. Біз оқушыны тек социализммен және оның ағымдарымен ғана таныстырғымыз келеді. Біздің пікірімізше, мұның өзі оқушыға қызықтырақ болар.

Социализм басты-басты үш ағымға бөлінеді: **реформизм, анархизм және марксизм.**

Социализмді алыста жатқан бір мақсат қана, онан басқа ешнәрсе де емес деп есептейтін реформизм (Бернштейн және басқалары), социалистік революцияны іс жүзінде теріске шығаратын, социализмді бей-



бітшілік жолмен орнатпақ болатын реформизм, таптар күресін емес, қайта олардың ынтымағын уағыздайтын реформизм, — міне бұл реформизм күннен күнге ыдырап келеді, күннен күнге социализм белгілері атаулыдан айрылып келеді, сондықтан, біздің пікірімізше, оны бұл жерде, бұл мақалаларда, социализмнің сыйпатын анықтау үстінде, тексеріп жатудың ешқандай қажеті жоқ.

Ал марксизм мен анархизм мұнан мүлдем басқаша: олардың екеуі де кәзіргі уақытта социалистік ағымдар деп танылып жүр, екеуі де өзара шиеленіскен күрес жүргізіп келеді, олардың екеуі де пролетариат алдында өздерін шын социалистік ғылым деп көрсетуге тырысады, сондықтан оларды тексеріп қарау және бір-біріне қарсы қойып қарау, әрине, оқушыға анағұрлым қызықты болады.

Біз «анархизм» деген сөзді ауызға алғанда-ақ қабағын шытып сырт беретін, сөйтіп: «Онымен сіздің шұғылданғыңыз-ақ келіп тұрады екен, оның тіпті сөз қылуға да тұрмайды ғой!» деп қолын бір-ақ сілтеп тастайтын адамдардан емеспіз. Біз мұндай арзан «сын» әрі орынсыз, әрі пайдасыз деп білеміз.

Біз анархистердің «сүйенетін бұқарасы жоқ, сондықтан олар оншама хауіпті де емес» деп өздерін өздері жұбататын адамдардан да емеспіз. Мәселе азды-көпті «бұқараның» бүгін кімге еріп отырғандығында емес, — мәселе ғылымның мәнінде. Егер анархистердің «ғылымы» ақыйқатты көрсетіп отырған болса, онда ол сөзсіз өзіне жол ашып, бұқараны өз төңірегіне жыйнайтыны өзінен өзі түсінікті. Ал егер ол ғылым дәйексіз және жалған негізге құрылған болса, онда ол ұзақ өмір сүре алмайды, сөйтіп дала-

да қалып қояды. Бірақ анархизмнің бұл дәйексіздігі дәлелденуге тиіс.

Кейбіреулер марксизм мен анархизмнің принциптері бір, олардың арасында тек тактикалық алауыздық қана бар деп есептейді, сондықтан, олардың пікірінше, бұл екі ағымды бір-біріне қарсы қою мүлдем мүмкін емес.

Бірақ мұның өзі үлкен қате.

Біз анархистерді марксизмнің нағыз жаулары деп есептейміз. Олай болса, біз нағыз жаулармен нағыз күрес жүргізу керек екенін де мойындаймыз. Ал сондықтан анархистердің «ғылымын» бастан-аяқ қалдырмай тексеріп, оны жан-жағынан бірдей әбден салмақтап көру қажет болады.

Мәселенің түйіні марксизм мен анархизмнің екеуі де күрес майданына социалистік ту астында шығатынына қарамастан, бұлардың екеуінің мүлдем әртүрлі принциптерге кұрылғандығында болып отыр. Анархизмнің ірге тасы — жеке адам; оны азат ету, анархизмнің пікірінше, бұқараны, коллективті азат етудің басты шарты болып табылады. Анархизмнің пікірінше, жеке адам азат етілмей тұрып, бұқараның азат етілуі мүмкін емес, сондықтан оның ұраны: «Бәрі де жеке адам үшін» деген ұран. Ал марксизмнің ірге тасы — бұқара; оны азат ету, марксизмнің пікірінше, жеке адамды азат етудің басты шарты болып табылады. Яғни, марксизмнің пікірінше, бұқара азат етілмей тұрып, жеке адамның азат етілуі мүмкін емес, сондықтан оның ұраны: «Бәрі де бұқара үшін» деген ұран.

Бұл жерде тек тактикалық алауыздық қана емес,

бірін бірі теріске шығаратын екі принцип бар екенін біз айқын көріп отырмыз.

Біздің мақалаларымыздың мақсаты — бұл қарама-қарсы екі принципті қатар қойып, марксизм мен анархизмді өзара салыстыру, сөйтіп олардың жақсы жақтары мен кемшіліктерін айқындау. Мұнымен қатар, бұл арада біз оқушыны мақалалардың жоспарымен таныстыра кетуді де қажет деп есептейміз.

Біз марксизмді сыйпаттаудан бастаймыз, соның үстінде анархистердің марксизмге көзқарасына соға кетеміз, ал онан кейін анархизмнің өзін сынауға кірісеміз. Атап айтқанда: диалектикалық методты, анархистердің бұл методқа көзқарастарын және біздің сынымызды баяндаймыз, материалистік теорияны, анархистердің көзқарастарын және біздің сынымызды баяндаймыз (бұл жерде социалистік революция, социалистік диктатура, минимум программа және жалпы алғанда тактика туралы да айтылады); анархистердің философиясын және біздің сынымызды, анархистердің социализмін және біздің сынымызды, анархистердің тактикасы мен ұйымдасуын баяндаймыз — және ақырында келіп өзіміздің қортындыларымызды көрсетеміз.

Біз ұсақ қауымдар социализмінің уағыздаушысы болғандығынан анархистердің шын социалистер болып табылмайтындығын дәлелдеуге тырысып көреміз.

Біз сонымен қатар анархистердің пролетариат диктатурасын мойындамайтындығы себепті шын революционерлер болып табылмайтындығын да дәлелдеуге тырысып көреміз.

Сонымен, іске кірісейік.

## I

## ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ МЕТОД

*Дүниедегінің бәрі де қозғалып отырады... Тұрмыс өзгеріп отырады, өндіргіш күштер өсіп отырады, ескі қатнастар қыйрап отырады.*

*К. М а р к с*

Марксизм — социализмнің тек теориясы ғана емес, ол — дүниеге тұтас бір көзқарас, философиялық система, бұл системадан Маркстің пролетарлық социализмі өзінен өзі туады. Бұл философиялық система диалектикалық материализм деп аталады.

Сондықтан марксизмді баяндау дегеніміз — диалектикалық материализмді де баяндау деген сөз.

Бұл системаның диалектикалық материализм деп аталатын себебі не?

Себебі, оның методы — диалектикалық метод, ал теориясы — материалистік теория.

Диалектикалық метод дегеніміз не?

Қоғам тұрмысы үнемі қозғалуда, дамуда болып отырады деседі. Бұл дұрыс та: тұрмысты өзгермейтін және семіп қалған бір нәрсе деп есептеуге болмайды, ол ешуақытта бір қалыпта тоқтап қалмайды, ол мәңгі қозғалуда, мәңгі қыйрау мен жаңару процесінде болып отырады. Сондықтан тұрмыста әр уақыт жаңалық пен ескілік, өсуші мен өшуші, революциялық жақ пен контрреволюциялық жақ болып отырады.

Диалектикалық метод: тұрмыс шынында қандай болса, оны нақ сондай деп қарау керек дейді. Біз тұрмыстың үнемі қозғалып отыратынын көрдік, демек, біз тұрмысты оның сол қозғалу күйінде қарап: тұрмыс қайда барады? деген сұрау қоюымыз керек. Біз тұр-

мысты үнөмі қыйрау мен жаңаруда болып отыратынын көрдік, демек, біздің міндетіміз — тұрмысты оның сол қыйрау мен жаңару күйінде қарап: тұрмыста не қыйрап, не жаңарып жатыр? деген сұрау қоюымыз керек.

Тұрмыста туатын және күннен-күнге өсіп отыратын нәрсе — жеңдірмейді, оның алға басуын тоқтату мүмкін емес. Яғни, егер, мәселен, тұрмыста пролетариат тап ретінде туып, күннен-күнге өсіп отырса, онда ол бүгінгі күні қаншама әлсіз және аз болғанымен, ақыр-аяғында ол бәрібір жеңіп шығады. Неге? Неге десеңіз, ол өсе береді, күшейе береді және ілгерілей береді. Ал, керісінше, тұрмыста қартайып, молаға бет алғандар, бүгінгі күні үлкен күш болғанымен, түбінде сөзсіз жеңілуге тиіс. Яғни, егер, мәселен, буржуазия бірте-бірте табан тірегінен айрылып, күннен-күнге кері кетіп бара жатса, бүгін ол қаншама күшті және көп болғанымен, ақыр-аяғында ол бәрібір жеңіледі. Неге? Неге десеңіз, тап ретінде әл ыдырай береді, әлсірейді, қартаяды, сөйтіп тұрмысқа масыл болады.

Осыдан келіп: шын өмір сүріп отырғандардың бәрі, яғни күннен-күнге өсіп отырғандардың бәрі — ақылға қонымды, ал күннен-күнге іріп-шіріп бара жатқандардың бәрі — ақылға қонымсыз, олай болса, ол жеңілмей қалмайды деген белгілі диалектикалық қағыйда туды.

Мысал. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында орыстың революцияшыл интеллигенциясы арасында үлкен бір талас туды. Халықшылдар отырып «Россияны азат етуді» өз қолына ала-алатын басты күш — деревня мен каланың ұсақ буржуазиясы дегенді айт-

ты. Неге? — деп сұрады олардан марксистер. Неге десеніз, деді халықшылдар, деревня мен қаланың ұсақ буржуазиясы кәзір көпшілік және, оның үстіне, олар әрі кедей, әрі қайыршылық тұрмыста тұрады.

Марксистер былай деп жауап қайырды: рас, деревня мен қаланың ұсақ буржуазиясы кәзір көпшілік және ол шын мәнісінде кедей де, бірақ мәселе осында ма? Ұсақ буржуазия көптен бері-ақ көпшілік болып келеді, бірақ ол «бостандық» үшін күресте бұған дейін пролетариаттың көмегінсіз ешқандай бастама көрсеткен емес. Ал оның себебі не? Оның себебі — ұсақ буржуазия тап ретінде өсіп баратқан жоқ, керісінше, ол күннен-күнге іріп-шіріп келеді, буржуа мен пролетарларға бөлініп келеді. Екінші жағынан, әрине, кедейліктің де бұл жерде шешуші маңызы жоқ: «жалаңаяқтар» ұсақ буржуазиядан да кедейірек, бірақ олар «Россияны азат етуді» өз қолына ала алады деп ешкім де айтпайды.

Көріп отырсыздар ғой, мәселе қай таптың бүгін көпшілік болып отырғандығында немесе қай таптың кедейірек екендігінде емес, — мәселе қай таптың нығайып және қай таптың іріп-шіріп бара жатқандығында болып отыр.

Ал сонымен пролетариат үздіксіз өсіп, нығайып отырған, қоғам тұрмысын алға бастырып, революцияшыл элементтердің бәрін өз төңірегіне жыйнап отырған бірден-бір тап болып отырғандықтан біздің міндетіміз — оны кәзіргі қозғалыстағы ең басты күш деп тану, оның қатарына қосылу, сөйтіп оның алға ұмтылған талаптарын өз талабымыз ету болады.

Марксистер осылайша жауап берді.

Сірә, марксистер тұрмысқа диалектикалық тұрғы-

дан қараған болу керек, ал халықшылдар болатын болса метафизикалық тұлғадан байымдады, — олар қоғам тұлғасын бір қалыпта бұлжымай тұрып қалған нәрсе деп түсінді.

Диалектикалық метод тұлғастың дамуына осылайша қарайды.

Бірақ қозғалыстың да қозғалысы бар. Қоғам тұлғасындағы «декабрь күндері» тұсында болған қозғалыс бір басқа, бұл кезде пролетариат арқасын жазып, қару-жарақ складтарына тап берді, реакцияға қарсы атакаға шықты. Бірақ қоғамдық қозғалыс деп онан бұрынғы жылдардағы қозғалысты да атау керек болады, ол кезде пролетариат «бейбіт» даму жағдайларында жеке ереуілдер жасаумен, ұсақ кәсіпшілер одақтарын құрумен ғана тынып отырды.

Сонымен қозғалыстың әртүрлі формалары болатыны айқын.

Ал сонымен диалектикалық метод қозғалыстың екі формасы: эволюциялық және революциялық формасы бар дейді.

Прогресшіл элементтер өздерінің күнбе-күнгі жұмысын стихиялық жолмен жүргізе беретін болса және ескі тәртіптерге ұсақ-түйек, санды, өзгерістер енгізіп отыратын болса, онда мұның өзі эволюциялық қозғалыс болады.

Ал осы прогресшіл элементтер ескі тәртіптерді түп-тамырымен жою үшін және тұлғасына сапалы өзгерістер енгізу үшін, жаңа тәртіптер орнату үшін біріксе, бір идеяны қолданса, жаудың лагеріне қарсы ұмтылатын болса, онда мұның өзі революциялық қозғалыс болады.

Эволюция революцияны даярлайды, оған негіз қа-

лайды, ал революция эволюцияны аяқтайды, оның келешек жұмысына көмектеседі.

Осындай процестер табиғат тұрмысында да болып отырады. Ғылым тарихы диалектикалық методтың шын мәнісінде ғылыми метод екенін көрсетіп отыр: астрономиядан бастап социологияға дейін — бәрінде де дүниеде мәңгілік ешнәрсе жоқ, бәрі де өзгеріп отырады, бәрі де дамып отырады деген пікір дәлелденіп отыр. Демек, табиғаттағы нәрсенің бәрі де қозғалу, даму тұрғысынан қаралып отыруға тиіс. Ал мұның өзі диалектиканың рухы кәзіргі ғылымның бәріне тегіс еніп отыр деген сөз.

Ал қозғалыстың формаларына келетін болсақ, диалектика бойынша, ұсақ, санды, өзгерістер ақыр аяғында үлкен, сапалы, өзгерістерге әкеліп соғатынына келетін болсақ, — онда бұл заңның табиғат тарихында да дәл сондай күші болады. Менделеевтің «элементтердің дүркінді системасы» санды өзгерістерден сапалы өзгерістер тууының табиғат тарихында қандай зор маңызы бар екенін айқын көрсетеді. Биологиядағы неodarвинизмнің орнын басқан неоламаркизм теориясы да осыны дәлелдейді.

Біз өзінің «Анти-Дюрингінде» Ф. Энгельс әбден толық баяндаған басқа фактылар туралы ешнәрсе айтпай отырмыз.

Диалектикалық методтың мазмұны осындай.

\* \*  
\* \*

Анархистер диалектикалық методқа қалай қарайды?

Диалектикалық методтың арғы атасы Гегель бол-



ғаны жұрттың бәріне мәлім. Маркс бұл методты тә-  
зартып, ондады. Бұл жағдай, әрине, анархистерге де  
мәлім. Олар Гегельдің консерватор болғанын біледі,  
ал сондықтан, реті келгендікті пайдаланып, олар Ге-  
гельді «жаңғыртушылықты» жақтаушы деп мейлінше  
балағаттайды, олар «Гегель — жаңғыртушылықтың  
философы... ол абсолюттік формадағы бюрократтық  
конституционализмді дәріптейді, оның тарих филосо-  
фиясының жалпы идеясы жаңғыртушылық дәуірінің  
философиялық бағытына бағынған және соған қызмет  
етеді» деп, тағысын тағыларды, тағы сондайларды  
айтып, өршелене «дәлелдейді» («Нобатиді»<sup>85</sup> қараңыз,  
№ 6. В. Черкезишвилидің мақаласы).

Белгілі анархист Кропоткин де өзінің шығарма-  
ларында нақ осыны «дәлелдейді» (мәселен, оның  
орыс тілінде жазылған «Ғылым мен анархизмін» қа-  
раңыз).

Черкезишвилиден бастап Ш. Г. ге дейін біздің  
кропоткиншілдер де Кропоткинге үн қосады («Ноба-  
тидің» номерлерін қараңыз).

Рас, бұл туралы олармен өшкім таласпайды, ке-  
рісінше, Гегельдің революционер болмағанын әркім  
мойындайды. Маркс пен Энгельс өздерінің «Сыншыл-  
дық сынға сын» деген кітабында Гегельдің тарихтық  
көзқарастары халық билігіне негізімен қайшы келеді  
деп жұрттың бәрінен бұрын дәлелдеді. Бірақ, бұған  
қарамастан, анархистер Гегель — «жаңғыртушылық-  
ты» жақтаушы деп «дәлелдеуін» қоймайды және  
күнсайын «дәлелдей беруді» қажет деп есептейді.  
Олардың бұлай етуінің себебі не? Себебі, сірә, мұның  
бәрімен Гегельдің беделін түсіру, сөйтіп оқушыға

«реакционер» Гегельдің методы да «жексұрын» және ғылымнан тыс болмай қоймайды деп сездіру болса керек.

Осындай жолмен анархистер диалектикалық методты теріске шығармақ болады.

Олар осындай жолмен өздерінің надандығынан басқа ешнәрсені де дәлелдей алмайды деп біз ашық айтамыз. Паскаль мен Лейбниц революционер болған емес, бірақ олардың тапқан математикалық методы кәзір ғылыми метод деп танылып отыр. Майер мен Гельмгольц революционер болған емес, бірақ олардың физика саласында тапқан жаңалықтары ғылымға негіз болды. Ламарк пен Дарвин де революционер болған емес, бірақ олардың эволюциялық методы биология ғылымын жөнге салды... Олай болса, Гегельдің консерваторлығына қарамастан, ол, Гегель, диалектикалық метод деп аталатын ғылыми метод жасап шығарды деп мойындауға неге болмайды?

Жоқ, осындай жолмен анархистер өздерінің надандығынан басқа ешнәрсені де дәлелдей алмайды.

Ілгері жүрелік. Анархистердің пікірінше, «диалектика дегеніміз метафизика», ал сондықтан анархистер «ғылымды метафизикадан, философияны теологиядан арылтқысы келетіндіктен» олар енді келіп диалектикалық методты да теріске шығарады («Нобатиді» қараңыз, №3 және 9. Ш. Г. Сол сыяқты Кропоткиннің «Ғылым мен анархизмін» де қараңыз).

Жарайсың анархистер! «Өз айыбын басқаға жабу» дегеннің нақ өзі. Диалектика метафизикаға қарсы күресте ер жетті, бұл күресте ол өзіне абырой алды, ал анархистердің пікірінше, диалектика дегеніміз метафизика болып шығады!

Диалектиканың айтуынша дүниеде мәңгілік еш-нәрсе жоқ, дүниедегінің бәрі де өткінші және кұбылмалы келеді, табиғат өзгереді, қоғам өзгереді, әдет-ғұрып өзгереді, әділеттік туралы ұғым өзгереді, ақыйқаттың өзі өзгереді, — сондықтан да диалектика бәріне де сын көзімен қарайды, сондықтан да мәңгі белгіленген ақыйқат бекер дейді, демек, ол «табылғаннан кейін тек жаттап алу ғана керек делінетін» дерексіз «догмалық қағыйдаларды» да бекер дейді (Ф. Энгельстің «Людвиг Фейербахын» қараңыз)<sup>86</sup>.

Ал метафизиканың бізге айтып отырғаны мүлдем басқаша. Оның түсінуінше дүние дегеніңіз мәңгілік және өзгермейтін бір нәрсе (Ф. Энгельстің «Анти-Дюрингін» қараңыз), дүниені біреу немесе бір нәрсе мәңгі белгілеген, — сондықтан да «мәңгі әділеттік», «өзгермейтін ақыйқат» деген сөздер метафизиктердің аузынан әрқашан түспейді.

Анархистердің «арғы атасы» Прудон дүниеде мәңгі белгіленген өзгермейтін әділеттік бар, мұның өзі келешек қоғамның негізі болуға тиіс деген болатын. Осыған байланысты Прудонды жұрт метафизик атады. Маркс диалектикалық методқа сүйене отырып, Прудонға қарсы күресті, сөйтіп дүниедегінің бәрі де өзгеріп отыратыны анық болғаннан кейін «әділеттік» те өзгеріп отыруға тиіс, демек, «өзгермейтін әділеттік» деген метафизикалық сандырақ деп дәлелдеді (К. Маркстің «Философияның бишаралығы» деген шығармасын қараңыз). Ал метафизик Прудонның грузин шәкірттері бізге: «Маркстің диалектикасы дегеніміз метафизика!» дегенді айтып, қоймайды.

Метафизика, мәселен, «сыры ашылмайтын зат»,

«өзіндік зат» деген сыяқты әртүрлі буалдыр догмаларды мойындайды, сөйтіп ақыр-аяғында мағнасыз тәңіріге сыйынушылыққа келіп соғады. Прудон мен Спенсерге қарама-қарсы келіп, Энгельс диалектикалық методқа сүйене отырып, бұл догмаларға қарсы күресті («Людвиг Фейербахты» қараңыз). Ал Прудон мен Спенсердің шәкірттері — анархистер келіп бізге: Прудон мен Спенсер — ғалым адамдар да, Маркс пен Энгельс — метафизиктер! дегенді айтады.

Екінің бірі: не анархистер өздерін өздері алдайды, немесе не айтып не қойғандарын білмейді.

Қалай болғанда да, анархистер Гегельдің метафизикалық системасын оның диалектикалық методымен шатыстырып отырғаны күмансыз.

Гегельдің өзгермейтін идеяға сүйенетін философиялық системасы басынан аяғына дейін метафизикалық система екенін айтып жатудың қажеті жоқ. Ал Гегельдің өзгермейтін идея атаулының бәрін бекер дейтін диалектикалық методы басынан аяғына дейін ғылыми және революциялық метод екені де сондай айқын.

Міне сондықтан да Гегельдің метафизикалық системасын өлтіре сынаған Қарл Маркс, мұнымен бірге, оның диалектикалық методын мақтады, бұл метод, Маркстің айтуынша, «ешнәрсенің алдында бас иемейді және өзінің мәні жағынан сыншыл және революциялық метод» («Капиталды» қараңыз, I том, Соңғы сөз).

Міне сондықтан да Энгельс Гегельдің методы мен системасының арасында зор айырма бар деп біледі. «Гегельдің системасын ылғый артығырақ көрген адам бұл салалардың әрқайсысында да едәуір кон-

серватор бола алатын еді. Ал диалектикалық методдың басым деп есептеген адам саясатта да, дінде де ең оғаш оппозиция қатарында бола алатын-ды» («Людвиг Фейербахты» қараңыз).

Анархистер бұл айырмашылықты көрмейді де, ойланбастан «диалектика дегеніміз метафизика» дегенді қоймайды.

Ілгері жүрелік. Анархистер диалектикалық метод — «айлакерлік», «софизм методы», «логикалық секіртпе» («Нобатиді» қараңыз, № 8. Ш. Г.), «осы арқылы шындық та, жалған да бірдей жеңіл дәлелденеді» дейді («Нобатиді» қараңыз, № 4. В. Черкезшвилидің мақаласы).

Демек, анархистердің пікірінше, диалектикалық метод шындықты да, жалғанды да бірдей дәлелдейді:

Ә дегенде анархистердің тағып отырған айыбы жөнсіз емес сыяқты болып көрінуі мүмкін. Мәселен, метафизикалық методтың жолын ұстаушы туралы Энгельстің не айтқанын тыңдап көріңізші:

«...Оның сөзі былай болып келеді: «я—я, жоқ—жоқ; бұдан басқа қалғаны — жәдігөйдін жалғаны». Оның түсінуінше, зат не бар, не жоқ, бір нәрсе әрі соның өзі, онымен қатар, әрі одан өзге бірдеңе бола алмайды; жақсылық пен жамандық бірін-бірі мүлде жоққа шығарып отырады...» («Анти-Дюрингіні» қараңыз. Кіріспе сөз).

Бұл қалай! — деп шулайды анархистер. — Бір нәрсенің өзі бір уақыттың ішінде әрі жақсы, әрі жаман болуы мүмкін бе? Мұның өзі «софизм», «сөз ойыны» ғой, демек, мұның мәнісі «сіздің шындықты да, жал-

ғанды да бірдей жеңіл дәлелдемекші болғаныңыз»!..  
ғой дейді.

Алайда, істің мәніне ой жіберіп көрелік.

Бүгінгі күні біз демократиялық республиканы талап етіп отырмыз. Ал демократиялық республика барлық жағынан бірдей жақсы немесе барлық жағынан бірдей жаман деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз! Неге? Неге десеңіз, демократиялық республика тек бір жағынан ғана жақсы, жақсысы оның өзі феодалдық тәртіптерді қыйратады, бірақ мұның есесіне ол, екінші жағынан, жаман, жаманы оның өзі буржуазиялық тәртіптерді нығайтады. Сондықтан да біз: демократиялық республика феодалдық тәртіптерді қыйрататын болғандығынан ол жақсы, — біз оның үшін күресеміз, бірақ демократиялық республика буржуазиялық тәртіптерді нығайтатын болғандығынан ол жаман, — біз оған қарсы күресеміз дейміз.

Сонымен бір демократиялық республиканың өзі бір уақыттың ішінде әрі «жақсы», әрі «жаман» — әрі «я», әрі «жоқ» болып шығады.

Сегіз сағаттық жұмыс күні туралы да осыны айтуға болады, оның өзі де белгілібір уақыттың ішінде әрі «жақсы», өйткені ол пролетариатты күшейтеді, әрі «жаман», өйткені ол жалдамалы еңбек системасын нығайтады.

Жоғарыда келтірілген сөздермен диалектикалық методты сыйпаттаған кезінде Энгельс нақ осындай фактыларды есіне алған болатын.

Ал анархистер бұған түсінбеді, сондықтан мүлде айқын пікір оларға буалдыр «софизм» болып көрінді.

Әрине, анархистер бұл фактыларды байқауға да,

байқамауға да ерікті, олар тіпті: кұмайт жердің өзінде кұм көрінбес көзіне дегеннің кебіне ұшырар, — бұл олардың правосы. Бірақ, анархизмнен өзгеше, тұрмысқа көзді жұмып қарамай, тұрмыс тамырының соғуын сезіп отыратын, сөйтіп турасынан: тұрмыс өзгеріп, қозғалып отыратын болғандықтан, — тұрмыс кұбылысы атаулының бәрінің де екі бағыты: жақсылық және жамандық бағыты болады, олардың біріншісін біз қорғауға тиіспіз де, екіншісін теріске шығаруға тиіспіз дейтін диалектикалық методтың бұл жерде не жазығы бар.

Тағы да ілгері жүрелік. Біздің анархистердің пікірінше, «диалектикалық даму дегеніміз — апатты даму, бұл даму бойынша әуелі өткен қалып толық жойылады да, онан кейін болашақ қалып мүлде дербес орнайды... Кювьенің катаклизмдері белгісіз себептерден туды, ал Маркстің — Энгельстің апаттары диалектикадан туып отыр» («Нобатиді» қараңыз, № 8. Ш. Г.).

Ал екінші бір жерде сол автор: «Марксизм дарвинизмге сүйенеді және оған сын көзімен қарамайды» деп жазады («Нобатиді» қараңыз, № 6).

Көңіл аударып қараңызшы!

Дарвин эволюциясын Кювье теріске шығарды, ол тек катаклизмдерді ғана мойындайды, ал катаклизм дегеніміз — «белгісіз себептер туғызатын» күтілмеген күрт өзгеріс. Анархистер отырып марксистер Кювьені қостайды, демек, олар дарвинизмді қабылдамайды дейді.

Дарвин Кювьенің катаклизмдерін қабылдамайды, ол бірте-бірте дамып отыратын эволюцияны мойындайды. Ал енді келіп сол анархистердің өзі «марксизм дарвинизмге сүйенеді және оған сын көзімен

қарамайды», яғни марксистер Кювьенің катаклизмдерін теріске шығарады дейді.

Бір сөзбен айтқанда, анархистер марксистерді Кювьені қостайсың деп айыптайды да, мұнымен бірге оларды Кювьені қостамай, Дарвинді қостайсың деп кіналайды.

Анархия дегеніңіз міне осы болады! Унтер-офицер жесірі өзін өзі жүндеді — дегеннің кебі сыяқты! Әйтеуір «Нобатидің» сегізінші номеріндегі Ш. Г. «Нобатидің» алтыншы номеріндегі Ш. Г. ның не айтқанын ұмытқаны анық.

Бұлардың қайсысы дұрыс айтып отыр: сегізінші номер ме әлде алтыншы номер ме?

Фактыларға келейік. Маркс былай дейді:

«Қоғамның материялық өндіргіш күштері өз дамуының белгілі бір сатысында сол кездегі өндіріс қатнастарына, немесе — оның тек заңдық көрінісі ғана болып табылатын — меншік қатнастарына қайшы келеді... Сонда әлеуметтік революция заманы туады». Бірақ «өндіргіш күштердің бәрі өркендемей тұрып, бірде-бір қоғамдық формация құрымайды, қоғамдық формация өндіргіш күштер үшін жеткілікті өріс ашып беріп отырады...» (К. Маркстің «Саяси экономия сынына» деген шығармасын қараңыз. Алғы сөз)<sup>87</sup>.

Егер Маркстің бұл тезисін кәзіргі қоғамдық тұрмысқа қолдансақ, онда қоғамдық сыйпаты бар кәзіргі өндіргіш күштер және жеке меншіктік сыйпаты бар өнімдерді иемдену формасы арасында негізгі жанжал бар болып шығады, бұл жанжал социалистік революциямен аяқталуға тиіс (Ф. Энгельстің



«Анти-Дюрингін» қараңыз. Үшінші бөлімнің екінші тарауы).

Көріп отырсыздар ғой, Маркс пен Энгельстің пікірінше, революцияны Кювьенің «белгісіз себептері» туғызбайды, «өндiргiш күштердiң дамуы» деп аталатын әбден белгiлi және тұрмыста бар қоғамдық себептер туғызады.

Көріп отырсыздар ғой, Маркс пен Энгельстің пікірінше, революция, Кювьенің ойлағанындай, күтпеген жерден жасалмайды, өндiргiш күштер жеткiлiктi түрде өскен кезде ғана жасалады.

Кювьенің катаклизмдері мен Маркстің диалектикалық методы арасында ешқандай ортақ нәрсе жоқ екені айқын.

Екінші жағынан, дарвинизм Кювьенің катаклизмдерін ғана емес, онымен қатар диалектика жолымен ұғынылған, революцияны қамтыйтын дамуды да мойындамайды, ал диалектикалық метод тұрғысынан эволюция мен революция дегеніміз санды өзгеріс пен сапалы өзгеріс — бір ғана қозғалыстың қажетті екі формасы болып табылады.

Олай болса, «марксизм... дарвинизмге сын көзімен қарамайды» дегенді де мақұл деуге болмайды.

Демек, «Нобати» мұның екеуінде де, алтыншы номерде де, сегізінші номерде де қателесіп отыр.

Ақырында, анархистер бізді «диалектика... өз ішінен шығуға да немесе секіріп шығуға да, өзі арқылы секіріп өтуге де мүмкіншілік бермейді» деп кiналайды («Нобатиді» қараңыз, № 8. Ш. Г.).

Міне бұларын, анархист мырзалар, нағыз шындық, сіздердiң, хұрметтi мырзалар, бұл жерде айтқандарың мүлде дұрыс: диалектикалық метод шы-

нында да мұндай мүмкіншілік бермейді. Бірақ не себепті бермейді? Оның себебі — «өз ішінен секіріп шығу және өзі арқылы секіріп өту» — тау ешкілерінің ісі, ал диалектикалық метод адамдар үшін жасалған.

Істің мәні міне осында!..

Анархистердің диалектикалық методқа көзқарасы жалпы алғанда осындай.

Анархистер Маркс пен Энгельстің диалектикалық методын түсінбегендігі, — сөйтіп олар өздерінің диалектикасын ойлап шығарып алып, нақ сол диалектикасымен сонша аяусыз шайқасып отырғаны анық.

Ал бізге бұл тамашаны көріп, күлу ғана қалып отыр, өйткені біреу өз қыялымен күресіп жатып, өз басынан шыққан өтіріктерін әшкерелеп жатып, мөңдұшпанымды қыйратып жатырмын деп екілене сендірмек болғанын көргенде күлмеске болмайды.

## II

### МАТЕРИАЛИСТІК ТЕОРИЯ

*„Адамдардың болмысын олардың санасы билемейді, қайта, олардың санасын өздерінің қоғамдық болмысы билейді“.*

*К. М а р к с.*

Диалектикалық методпен біз енді таныспыз.

Материалистік теория дегеніміз не?

Дүниедегінің бәрі де өзгеріп отырады, тұрмыстағының бәрі де дамып отырады, бірақ бұл өзгеріс қалай болып отырады және бұл даму қай түрде жүріп отырады?

Мәселен, біз жердің бір кезде от болып балқып тұрғанын, онан кейін бірте-бірте суынғанын, онан соң өсімдіктер мен хайуанаттар пайда болғанын, хайуанаттар дүниесінің дамуынан соң маймылдардың белгілі бір тұқымы пайда болғанын, мұның бәрінен кейін келіп адам пайда болғанын білеміз.

Жалпы алғанда табиғаттың дамуы осылайша болды.

Сол сыяқты, қоғам тұрмысының да бір қалыпта тұрмағанын білеміз. Адам баласының алғашқы-коммунистік негізде өмір сүрген кезі де болды; ол кезде адамдар алғашқы заман аңшылығымен күн көрді, олар орман-орманда тентіреп жүрді, осылайша өзіне тамақ тапты. Онан соң алғашқы коммунизм орнына матриархат орнаған заман келді, — бұл кезде адам өз мүддесін көбінесе алғашқы заман егіншілігімен қанағаттандырып отырды. Онан кейін матриархаттың орнына патриархат орнады, бұл кезде адам көбінесе мал шаруашылығымен күн көрді. Онан соң патриархат орнына құл иеленушілік құрылыс орнады, — бұл кезде адам анағұрлым дамыңқыраған егін шаруашылығымен күн көрді. Құл иеленушілік құрылыстан кейін крепостниктік тәртіп орнады, ал бұлардың бәрінен кейін буржуазиялық құрылыс орнады.

Жалпы алғанда қоғам тұрмысының дамуы осылай болды.

Я, мұның бәрі мәлім... Бірақ бұл даму қалай болып отырды: «табиғат» пен «қоғамды» сана дамытты ма, немесе, керісінше, «табиғат» пен «қоғамның» дамуы сананы дамытты ма?

Материалистік теория мәселені осылай қояды.

Кейбіреулер «табиғат» пен «қоғамдық тұрмыстан»

бұрын дүние жүзілік идея деген болды, бұл идея кейін келіп «табиғат» пен «қоғамдық тұрмыс» дамуының негізі болды, солай болғандықтан «табиғат» пен «қоғамдық тұрмыс» құбылыстарының дамуы дегеніміз, демек, дүниежүзілік идея дамуының сыртқы формасы, жай көрінісі ғана болып табылады дегенді.

Кейіннен бірнеше ағымдарға бөлініп кеткен идеалистердің ғылымы, мәселен, осындай ғылым болды.

Енді біреулер дүниеде әуел бастан бірін-бірі бекерге шығаратын екі күш — идея мен материя, сана мен болмыс болып келді, бұған сәйкес, құбылыстар да екі салаға — бірін бірі бекерге шығаратын және өзара күресіп отыратын идеялық және материялық салаға бөлінеді, солай болғандықтан табиғат пен қоғамның дамуы дегеніміз — идеялық құбылыстар мен материялық құбылыстардың үнемі күресі болып табылады дегенді айтады.

Кейіннен, идеалистер сыяқты, бірнеше ағымдарға бөлініп кеткен дуалистердің ғылымы, мәселен, осындай ғылым болды.

Материалистік теория дуализмді де, идеализмді де түп негізімен бекерге шығарады.

Әрине, дүниеде идеялық құбылыстар да, материялық құбылыстар да бар, бірақ, бұдан олар бірін бірі мүлде бекерге шығарады деген мағна шықпайды. Қайта, идеялық жақ пен материялық жақ сол табиғаттың немесе сол бір қоғамның екі түрлі формасы ғана, оларды бір-бірінен бөліп алып түсінуге болмайды, олар бірге жасайды, бірге дамыйды, олай болса, олар бірін бірі бекерге шығарады деп ойлауға біздің ешқандай дәлеліміз жоқ.

Сонымен, дуализм дегеніміз негізсіз болып шығады.

Екі түрлі формада — материялық және идеялық формаларда көрінетін тұтас, бір ғана табиғат бар: екі түрлі формаларда — материялық және идеялық формаларда көрінетін тұтас, бір ғана қоғамдық тұрмыс бар, — табиғат пен қоғамдық тұрмыстың дамуына біз міне осылай қарауға тиістіміз.

Материалистік теорияның монизмі осындай.

Мұнымен қатар материалистік теория идеализмді де бекерге шығарады.

Идеялық жақ және жалпы алғанда сана өзінің дамуында материялық жақтың дамуынан бұрын болып отырады-мыс деген пікір дұрыс емес. Тіпті тірі жәндік болмаған кездің өзінде-ақ сыртқы, «жансыз» табиғат дегеніңіз болған. Ең алғашқы тірі жәндіктің ешқандай санасы болмаған, онда тек тітіркену хасиеті және түйсіктенудің бастапқы нышанасы ғана болған. Онан соң хайуанаттарда бірте-бірте түйсіктену қабілеті өсті, бұл қабілет олардың дене құрылыстарының және жүйке тамырлар жүйесінің дамуына сәйкес, келе-келе санаға айналды. Егер маймыл ылғый төрт аяқтап жүрген болса, егер ол бойын жазбаған болса, онда оның ұрпағы — адам — өзінің өкпелерімен және дауыс жүйелерімен еркін пайдалана алмаған болар еді де, сөйтіп сөйлей алмаған болар еді, мұның өзі оның санасының өсуін түп негізінде бөгеген болар еді. Немесе тағы бір мысал: егер маймыл артқы екі аяғымен тұра алмаған болса, онда оның ұрпағы — адам — лажсыз әрқашан төрт аяқтап жүрген болар еді, әрқашан төмен қарап, тек содан ғана өзіне әсер алған болар еді; оның жоға-

ры және төңірегіне қарауға, олай болса, өзінің мыйына төрт аяқты жануардан гөрі көбірек әсер әсеріне мүмкіншілігі болмаған болар еді. Мұның бәрі адам санасының өсуін түп негізімен бөгеген болар еді.

Сонда, сананың өсуі үшін дененің белгілібір құрылыста болуы және оның тамырлар жүйесінің дамуы қажет.

Сонда, материялық жағының дамуы, сыртқы жағдайдың дамуы идеялық жағының дамуынан, сананың дамуынан бұрын келеді: әуелі сыртқы жағдайлар өзгереді, әуелі материялық жағы өзгереді, ал сонан кейін, оған сәйкес сана, идеялық жағы өзгереді.

Сонымен, табиғат дамуының тарихы идеализм дегенді түп негізімен теріске шығарады.

Адамзат қоғамы дамуының тарихы туралы да соны айту керек.

Егер әр заманда адамның әртүрлі ойлары мен әртүрлі тілектері болған болса, онда оның себебі — әр заманда олардың өзінің мүдделерін орындау үшін табиғатпен әртүрде күрескенін, осыған сәйкес олардың экономикалық қатнастары да әртүрлі болып қалыптасқанын тарих айқын көрсетіп отыр. Адамның табиғатқа қарсы бірлесіп, алғашқы коммунистік негізде күрескен кезі де болды, ол кезде олардың меншігі де коммунистік меншік болды, сондықтан олар ол кезде «менікі», «сенікі» деп айырып жатпады, олардың санасы коммунистік сана болды. Кейін өндірісте «менікі», «сенікі» деп айырып жату заманы туды, — бұл кезде меншік те жекелік, даралық сыйпат алды, сондықтан адам санасына жеке мен-

шік сезімі енді. Енді өндіріс жаңадан қоғамдық сыйпат алатын, демек, ұзамай меншік те қоғамдық сыйпат алатын заман, кәзіргі заман, туып келеді,—дәл сондықтан да адам санасына бірте-бірте социализм еніп келеді.

Жай бір мысал. Кішкене ғана мастерскойы болған, бірақ ірі қожайындармен бәсекеде төтеп бере алмай мастерскойын жауып, айталық, Тифлистегі Адельхановтың аяқ киім фабрикасына барып жалданған бір етікшіні алып қараңыз. Адельхановтың фабрикасына барып ол жұмысқа жалданды, бірақ баянды жалдамалы жұмысшыға айналып кетейін деп жалданған жоқ, ақша жыйнап, аз-маз капитал жасап алайын, ал соған кейін өзінің мастерскойын қайтадан ашайын деген мақсатпен жалданды. Көріңіз бе, бұл етікшінің жайы кәзірдің өзінде-ақ пролетарлық жай, бірақ оның санасы әзірге әлі пролетарлық сана емес, бүтіндей ұсақбуржуазиялық сана. Басқаша айтқанда, бұл етікшінің ұсақбуржуазиялық жайы кәзірдің өзінде-ақ жойылды, ол жай енді жоқ, бірақ оның ұсақбуржуазиялық санасы әлі жойылған жоқ, ол сана оның нақтылы жайынан кейін қалып қойып отыр.

Міне мұнда да, қоғам тұрмысында да, әуелі сыртқы жағдай өзгертіні, әуелі адамдардың жайы өзгертіні, ал онан кейін, осыған сәйкес, адамдардың санасы өзгертіні анық нәрсе.

Бірақ жаңағы біздің етікшімізге қайтып оралайық. Етікшінің ақша жыйнамақ, ал онан кейін өзінің мастерскойын ашпақ екенін енді біз білеміз. Пролетарланған етікші жұмыс істейді, сөйтіп жүріп ақша жыйнау — өте қыйын іс екенін көреді, өйткені та-

бысы тіпті күн көруіне де азар-азар жетіп тұрады. Оның үстіне ол жеке мастерской ашудың өзі де оншама қызығарлық іс емес екенін байқайды: үй жалдау ақысы, киім тіктірушілердің беймазалығы, ақшасыздық, ірі қожайындардың бәсекесі сыяқтанған машахаттар — міне осындай толып жатқан тауқымет жеке мастерді қатты қыйнайды. Ал енді пролетар оған қарағанда мұндай тауқыметтерден босаңырақ, киім тіктірушілер де, үй жалдау ақысы да оны мазаламайды, ол таңертең фабрикаға келеді, кешке «жайымен» қайтады, сембі күні де сондай жайымен «табысын» қалтасына салып алып жүре береді. Міне осы жерде келіп етікшіміздің ұсақбуржуазиялық арманының алғаш рет қанаты қыйылады, осы жерде келіп оның ойында алғаш рет пролетарлық талап туады.

Күндерден күн өтеді, енді біздің етікші ақшаның ең керекті мұқтаждарына да жетпей отырғанын, жаалақыны көбейту оған өте-мөте қажет екенін көреді. Мұнымен бірге ол өз жолдастарының бір одақтар, стачкалар дегенді әңгімелеп жүргенін байқайды. Дәл осы арада келіп ол халін жақсарту үшін мастерской ашып алу емес, қожайындарға қарсы күресу керек екенін түсінеді. Ол одаққа кіреді, стачка қозғалысына қатысады, сөйтіп ұзамай социалистік идеяларға түседі...

Сонымен, етікшінің тұрмыс жайы өзгергеннен кейін ақыр-аяғында келіп оның санасы өзгерді: әуелі оның тұрмыс жайы өзгерді, ал онан соң, біраз уақыт өткеннен кейін, соған сәйкес оның санасы да өзгерді.



Таптар туралы және жалпы алғанда қоғам туралы да соны айту керек.

Қоғамдық тұрмыста да әуелі сыртқы жағдайлар өзгереді, әуелі материялық жағдайлар өзгереді, ал сонан соң, оған сәйкес адамдардың ойы, олардың әдет-ғұрыптары, олардың дүниеге көзқарасы да өзгереді.

Сондықтан Маркс былай дейді:

«Адамдардың болмысын олардың санасы билемейді, қайта, олардың санасын өздерінің қоғамдық болмысы билейді».

Егер материялық жағын, сыртқы жағдайларды, болмысты және басқа сондай құбылыстарды біз мазмұн деп атасақ, онда идеялық жағын, сананы және басқа сондай құбылыстарды біз **форма** деп атай аламыз. Даму процесінде мазмұн формадан бұрын келіп отырады, форма мазмұннан кейін қалып отырады деген белгілі материалистік қағыйда осыдан пайда болды.

Ал сонымен, Маркстің пікірінше, экономикалық даму қоғам тұрмысының «материялық негізі», оның **мазмұны** болып табылады, ал заңдық-саяси және дүниетан-философиялық даму бұл мазмұнның «идеологиялық формасы», оның «қондырмасы» болып табылады, — міне осыдан келіп Маркс: «экономикалық негіздің өзгеруімен байланысты бүкіл зор орасан қондырмада **азды-көпті барынша тез төңкеріс** болады» деп қортынды шығарады.

Мұнан, әрине, Ш. Г. ге елестегеніндей («Нобатиді» қараңыз, № 1. «Монизмге сын»), Маркстің пікірінше, мазмұнның **формасыз болуы мүмкін** деген мағна мүлде тумамайды. Мазмұнның **формасыз болуы мүмкін**

емес, бірақ мәселе мынада: белгілібір форма, өзінің мазмұнынан кейін қалып отыратындығынан, еш уақыт бұл мазмұнға толық сәйкеспейді, ал, сонымен, жаңа мазмұн уақытша ескі формаға бөленуге «мәжбүр» болады, мұның өзі олардың арасында жанжал туғызады. Қазіргі кезде, мәселен, өндірістің қоғамдық мазмұнына жекелік сыйпаты бар өндіріс өнімін иемдену формасы сәйкеспей отыр, сондықтан қазіргі әлеуметтік «жанжал» нақ осы негізде болып жатыр.

Екінші жағынан, сана болмыстың формасы деген пікірден сана дегеніміз өзінің тегі жағынан сол материяның өзі екен деген мағна ешбір тумайды. Теориялары Маркстің материализміне негізімен қайшы келетін, оларды Энгельс өзінің «Людвиг Фейербахында» орнымен келекелеген тұрпайы материалистер ғана (мәселен, Бюхнер мен Молешотт) осылай деп ойлады. Маркстің материализмі бойынша, сана мен болмыс, идея мен материя дегеніміз — жалпы айтқанда, табиғат немесе қоғам деп аталатын бір ғана сол құбылыстың екі түрлі формалары болып табылады. Олай болса, бұлар бірін-бірі бекерге де шығармайды\* және онымен бірге екеуі бір ғана құбылыстың өзі де болып кетпейді. Мәселе тек мынада ғана: табиғат пен қоғамның дамуында санадан, яғни біздің басымызда болып жатқан нәрседен тиісті материялық өзгеріс, яғни бізден тыс болып жатқан нәрсе бұрын келіп

---

\* Мұның өзі форма мен мазмұн арасында жанжал бар деген пікірге ешбір қайшы келмейді. Мәселе мынада: бұл жанжал жалпылама мазмұн мен форма атаулының арасында бола бермейді, ескі форма мен жаңа мазмұн арасында ғана болып отырады, жаңа мазмұн өзіне жаңа форма іздейді және соған ұмтылады.

отырады, — белгілібір материялық өзгерістен кейін ертелі-кеш сөзсіз тиісті идеялық өзгеріс болып отырады.

Жақсы, деп айтар бізге, табиғат пен қоғам тарихы жөнінде мұның өзі дұрыс та болуы мүмкін. Бірақ кәзіргі кезде әртүрлі түсініктер мен идеялар біздің ойымызда қалайша туып отыр? Сыртқы жағдайлар дейтініміздің өзі шындығында бар ма, немесе бұл сыртқы жағдайлар туралы біздің түсініктеріміз ғана бар ма? Ал егер сыртқы жағдайлар бар болса, онда бұларды қандай дәрежеде түсінуге және білуге мүмкін болады?

Бұл жөнінде материалистік теория былай дейді: біздің түсініктеріміз, біздің «меніміз» дегендердің өзі сол біздің «менімізде» әсер туғызатын сыртқы жағдайлар болғандықтан ғана бар болып отыр. Кімде-кім ойланбастан біздің түсініктерімізден басқа ешнәрсе жоқ десе, ол қандай да болмасын бір сыртқы жағдайлардың бар екенін бекер деуге, ал олай болса, өзінен басқа адамдардың бар екенін бекер деуге мәжбүр болады да, тек өзінің «мені» ғана бар деп біледі, мұның өзі нағыз барып тұрған дәрекілік болады және ғылым негіздеріне мүлде қайшы келеді.

Сыртқы жағдайлар шындығында да бар екені айқын, бұл жағдайлар бізге дейін де болған және бізден кейін де болмақ, оған бұлар біздің санамызға неғұрлым жиірек және күштірек әсер етіп отырса, оларды сезу және тану соғұрлым жеңілірек келмек.

Ал кәзіргі уақытта біздің басымызда әртүрлі түсініктер мен идеялар қалайша туатынын алатын болсақ, онда біз табиғат пен қоғам тарихында болатын нәрселердің бұл арада да қысқаша қайталап отыра-

тынын ескеруге тиістіміз. Бұл ретте де бізден тыс тұрған зат, біздің ол зат туралы түсінігімізден бұрын болған, бұл ретте де біздің түсінігіміз, форма, заттан — өзінің мазмұнынан кейін қалып отырады. Егер мен ағашқа қарап, оны көріп отырсам, — мұның өзі ағаш туралы менің ойымда туған түсініктен анағұрлым бұрын маған тиісті түсінік туғызып тұрған ағаштың бар болғандығын ғана көрсетеді..:

Қысқаша айтқанда Маркстің материалистік теориясының мазмұны осындай.

Адамдардың практикалық ісі үшін материалистік теорияның қандай маңызы болуға тиіс екенін түсіну қыйын емес.

Егер әуелі экономикалық жағдайлар өзгертін болса, онан кейін тиісінше адамдардың санасы өзгертін болса, онда белгілі бір идеалға дәлелді адамдардың мыйынан, олардың қыялынан іздемей, олардың экономикалық жағдайларының дамуынан іздеуге тиісті екеніміз айқын. Экономикалық жағдайларды зерттеу негізінде шығарылған идеал ғана жақсы және тиімді идеал болады. Экономикалық жағдайлармен санаспайтын, олардың дамуына сүйенбейтін идеалдардың бәрі де жарамсыз және тиімсіз идеалдар болады.

Материалистік теорияның бірінші практикалық қортындысы осындай.

Егер адамдардың санасы, олардың ғұрыптары мен әдеттері сыртқы жағдайлармен белгіленетін болса, егер заңдық және саясаттық формалардың жарамсыздығы экономикалық мазмұнға келіп тірелетін болса, онда экономикалық қатнастармен бірге халықтың әдеттері мен ғұрыптары және оның саяси тәртіптері

негізімен өзгеруі үшін экономикалық қатнастардың негізімен қайта құрылуына біздің көмектесуге тиісті екеніміз айқын.

Бұл туралы Карл Маркс былай дейді:

«Материализм ғылымы... мен социализм арасында байланыс барын білу үшін оншама көп тілмарлық қажет емес. Егер адам өз білімінің, түйсігінің және басқаларының бәрін сезім дүниесінен... алатын болса... онда, демек, айналамыздағы дүниені адам онда шын-адамға тән нәрсені білетіндей етіп, адам онда өзінің адамдық қасиеттерін тәрбиелеуге дағдыланатындай етіп құру керек болады... Егер адам материалистік мағнада ерікті болмаса, яғни егер ол белгілі бір істен бойын аулақ салуға теріс күштің себебімен ерікті болмай, өзінің шын дарашылдығын көрсетуге дұрыс күштің себебімен ерікті болса, ол уақытта жеке адамдардың қылмыстары жазаланбай, қылмыстардың әлеуметке қарсы тамырлары жойылуға тиіс болады... Егер адамның мінез-құлқы жағдайлардан туатын болса, онда, демек, жағдайлардың өзін адамгершілік жағдай ету керек болады» («Людвиг Фейербахты» қараңыз, «К. Маркс XVIII ғасырдағы француз материализмі туралы» қосымша)<sup>88</sup>.

Материалистік теорияның екінші практикалық қортындысы осындай.

\* \*  
\*

Маркс пен Энгельстің материалистік теориясына анархистер қалай қарайды?

Егер диалектикалық методтың өзі Гегельден басталатын болса, онда материалистік теория Фейербахтың материализмін дамыту болып табылады. Мұнын

өзі анархистерге әбден мәлім, сондықтан олар Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмін қаралау үшін Гегель мен Фейербахтың кемшіліктерін пайдалануға тырысады. Гегель мен диалектикалық метод жөнінде біз жоғарыда-ақ анархистердің мұндай кулықтары олардың өздерінің надандығынан басқа ешнәрсені дәлелдей алмайтынын көрсеттік. Олардың Фейербахқа және материалистік теорияға ұрынулары жөнінде де соны айту керек.

Міне, мәселен, анархистер бізге аузын толтырып «Фейербах пантеист болды...», ол «адамды кұдай етіп жіберді...» («Нобатиді» қараңыз, № 7. Д. Деленди), «Фейербахтың пікірінше, адам дегеніміз ішім-жемнің кұлы», Маркс бұдан: «Олай болса ең бастысы және ең бастапқысы — экономикалық жағдай...» деген қортынды шығарыпты дейді («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.).

Рас, Фейербахтың пантеистігіне, оның адамды кұдай етуіне және оның басқа да осындай қателері барлығына ешкім күманданбайды. Қайта, Маркс пен Энгельс Фейербахтың қателерін ең алдымен ашқан болатын. Бірақ анархистер, сонда да, бұрын әшкереленген қателерді қайтадан «әшкерелеу» қажет деп есептейді. Себебі не? Сірә, себебі: Фейербахты сөге келе, Маркс пен Энгельстің материалистік теориясын да қағыта қаралай кеткілері келетін болар. Әрине, егер біз мәселеге бұра тартпай қарайтын болсақ, онда, бәлкім, тарихта дәл көп ғалімдердің басында болып өткені сыяқты, Фейербахтың теріс пікірлерімен қатар дұрыс пікірлерінің де болғанын табармыз. Бірақ анархистер сөйтсе де «әшкерелеуін» қоймайды...

Тағы да айтамыз, мұндай айлаларымен олар өзде-

рінің надандығынан басқа ешнәрсені дәлелдей алмайды.

Бір қызығы, анархистер (біз мұны әлі төменде көреміз) материалистік теорияны, онымен ешбір таныспайынша, есіту бойынша сынамақ болған. Сол себепті олар көбінесе біріне бірі қайшы келіп, бірінің айтқанын бірі теріске шығарып отырады, мұнысы, әрине, біздің «сыншыларды» күлкі боларлық жағдайға түсіреді. Міне, мәселен, егер Черкезишвили мырзаның айтқанын тыңдап қарасақ, онда Маркс пен Энгельс монистік материализмді жек көрген, олардың материализмі монистік материализм емес, тұрпайы материализм болған болып шығады:

«Натуралистердің ұлы ғылымы, эволюция системасын, трансформизм мен монистік материализмді қамтыйтын ғылымы, Энгельс соншама жек көретін ғылымы... диалектикадан бойын аулақ салды» және т. с. («Нобатиді» қараңыз, № 4. В. Черкезишвили).

Сонда, Черкезишвили мақұлдайтын, ал Энгельс «жек көретін» табиғи-ғылыми материализм монистік материализм, демек, ол мақұлдауға тұратын материализм, ал Маркс пен Энгельстің материализмі монистік емес, сондықтан ол, әрине, тануға тұрмайтын материализм болып шығады.

Екінші бір анархист отырып Маркс пен Энгельстің материализмі монистік материализм, сондықтан теріске шығарылуы жөн дейді.

«Маркстің тарихи концепциясы — Гегельдің атавизмі. Жалпы алғанда абсолюттік объективизмнің монистік материализмі, жекелеп алғанда Маркстің экономикалық монизмі табиғатта мүмкін емес нәрсе, теорияда қатө болып табылады... Монистік матери-

лизм дегеніміз бүркене алмаған дуализм және метафизика мен ғылым арасындағы ымыралық болып табылады...» («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.).

Сонда, монистік материализм қолайсыз, Маркс пен Энгельс оны жек көрмейді, қайта, олардың өздері монистік материалистер, — сол себепті монистік материализмді теріске шығару қажет деген болып шығады.

Біреу орман паналайды, біреу отын арқалайды дегеннің нақ өзі осы болады! Кімнің дұрыс айтып отырғанын: біріншісінің, әлде екіншісінің дұрыс айтып отырғанын өзіңіз айырыңыз! Маркс материализмінің жақсылықтары мен кемшіліктері туралы олардың өздері де әлі түсінісіп болған жоқ, оның өзі монистік материализм бе әлде жоқ па, оны өздері де әлі түсініп болған жоқ, қайсысы қолайлырақ: тұрпайы материализм бе болмаса монистік материализм қолайлырақ па, мұны өздері де әлі айырып болған жоқ, — ал сөйте тұрып: біз марксизмді талқандадық! — деп, өздерінің мақтаншақтық күмпілімен біздің құлағымызды жаңғыртады.

Солай, солай, егер анархист мырзалар келешекте де бір-бірінің көзқарастарын мұндай ыждағатпен талқандай беретін болса, онда несін айтасыз, болашақ анархистердікі болады ғой..

Қейбір «даңқты» анархистердің өздерінің «даңқтылығына» қарамастан, ғылымдағы әртүрлі бағыттармен әлі күнге дейін таныспағаны да сондай адам күлерлік нәрсе. Олар, бақсақ, ғылымда материализмнің әралуан түрлері бар екенін, олардың арасында зор айырмашылықтар бар екенін: мәселен, идеялық жақтың маңызын және оның материялық жаққа ти-



гізетін әсерін мойындамайтын тұрпайы материализм бар екенін, ал онымен қатар идеялық жақ пен материялық жақтың өзара қатнасын ғылым жолымен қарайтын монистік материализм деген — Маркстің материалистік теориясы — бар екенін білмейтін көрінеді. Ал анархистер материализмнің бұл әралуан түрлерін бір-біріне шатыстырады, олардың арасындағы тіпті айқын айырмашылықтарды да көрмейді, ал сөйте тұрып: біз ғылымды қайта туғызамыз! деп күптігіп лепіреді.

Міне мәселен, П. Кропоткин өзінің «философиялық» еңбектерінде коммунистік анархизм «кәзіргі дәуірдегі материалистік философияға» сүйенеді деп өзіне өзі сенгендікпен айтады, бірақ коммунистік анархизмнің қандай «материалистік философияға» — тұрпайысына ма, монистігіне ме немесе тағы басқа бір түріне ме, — сүйенетіндігі жайында ол бірауыз түсінік бермейді. Ол, сірә, материализмнің әртүрлі ағымдарының арасында негізді қайшылық бар екенін білмейді, бұл ағымдарды бір-бірімен шатыстыру — «ғылымды қайта туғызу» болмай, тура надандықты көрсету болатынын ол түсінбейді (Кропоткиннің «Ғылым мен анархизм» және «Анархия мен оның философиясы» дегендерін қараңыз).

Кропоткиннің грузин шәкірттері туралы да сөні айту керек. Тындап қараңыз:

«Энгельстің пікірі бойынша, сол сыяқты Каутскийдің пікірі бойынша да, Маркс адамзатқа зор қызмет етті, өйткені ол...» өзінің басқа істері арасында, «материалистік концепцияны ашты. Бұл дұрыс па? Дұрыс дей алмаймыз, өйткені... қоғамдық механизмді географиялық, ауарайылық-теллуриялық, косми-

калық, антропологиялық және биологиялық жағдайлар қозғап отырады деген көзқарастағы барлық тарихшылардың, ғалімдердің және философтардың — осылардың бәрі де материалистер екенін білеміз» («Нобатиді» қараңыз, № 2).

Сонда, Аристотель мен Гольбахтың «материализмі» арасында немесе Маркс пен Молешоттың «материализмі» арасында ешқандай айырма жоқ болғаны! Сын болғаныңа болайын! Міне осындай білігі бар адамдар да ғылымды жаңартпақ болыпты! «Етікшінің тоқаш пісіргені — пәленің болғаны!..» деп текке айтылмаған ғой.

Мұнан кейін. Біздің «даңқты» анархистеріміз Маркстің материализмі дегеніңіз «құлқын теориясы» дегенді бір жерден естісе керек, содан келіп бізді, марксистерді, былай деп кіналайды:

«Фейербахтың пікірінше, адам дегеніміз ішім-жемнің құлы. Бұл тұжырым Маркс пен Энгельске кереметтей әсер етті», ал сондықтан Маркс «ең бастысы және ең бастапқысы — экономикалық жағдай, өндіріс қатнастары...» деген қортынды шығарды. Мұнан кейін анархистер философсып бізге ақыл айтады: «Бұл мақсат үшін (қоғам тұрмысы үшін) бірден-бір құрал ішіп-жеу және экономикалық өндіріс деу қате болар еді... Егер идеологияны ең алдымен, монистік жол, ішіп-жеу және экономикалық жайы билейтін болған болса, — онда кейбір мешкейлер данышпан болар еді» («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.).

Міне, бақсақ, Маркс пен Энгельстің материализмін теріске шығару осындай-ақ оп-оңай көрінеді. Қайдағы бір институтканың Маркс пен Энгельс туралы айтып жүрген көше өсектерін есітсе-ақ болғаны,

бұл көше өсектерін философшылап күптігіп қайдағы бір «Нобатидің» беттерінде қайталап бассақ-ақ болғаны — марксизмнің «сыншысы» деген даңққа бірден ие бола кету үшін әбден жетіп жатыр!

Бірақ айтыңыздаршы, мырзалар: «ішіп-жеу идеологияны билейді» деп қайда, қашан, қай планетада және қандай Маркс анықтап еді? Өз сөздеріңізді дәлелдеу үшін Маркстің шығармаларынан сіз неге бірде-бір сөйлем, бірде-бір сөз келтірмедіңіз? Рас, адамдардың экономикалық жайы олардың санасын, олардың идеологиясын билейді деп Маркс айтқан болатын, бірақ ішіп-жеу мен экономикалық жай — бір мағналы сөз деп сіздерге кім айтты? Мәселен, ішіп-жеу сыяқты физиологиялық құбылыстың мәселен, адамдардың экономикалық жайы сыяқты социологиялық құбылыстан мүлде басқаша екенін сіздер неғып білмейсіздер? Бұл екі басқа құбылыстарды өзара шатастыру қайдағы бір институтқа кешірімді-ақ іс делік, ал сіздер, «социал-демократияны күйретушілер», «ғылымды қайта туғызушылар» қайдағы бір институтқалардың қатесін соншалықты бейқам қалайша қайталап отырсыздар?

Ал сонымен қоғамдық идеологияны бұл ішіп-жеу қалайынша билемек? Ал өз сөздеріңізге өздеріңіз ой жіберіп қараңызшы: ішіп-жеу, ішіп-жеудің формасы өзгермейді, бұрынғы замандарда да адамдар кәзіргідей ішіп-жеген, тамақты шайнап жеп, бойына сіңірген, ал идеология үнемі өзгеріп отырады. Арғызаман, феодалдық, буржуазиялық, пролетарлық идеология — міне, айта кетелік, идеологияның формалары осылар болады. Өзгермейтін нәрсенің үнемі өзгеріп отыратын нәрсені билеп отыруы ақылға сыя ма?

Ілгері жүрелік. Анархистердің пікірінше, Маркстің материализмі дегеніміз — «бәз-баяғы параллелизм...» Немесе тағы да: «монистік материализм дегеніңіз — бүркене алмаған дуализм және метафизика мен ғылым арасындағы ымыралық болып табылады...» «Маркстің дуализмге түсіп отырған себебі: ол өндіріс қатнастарын материялық деп, ал адамдардың талаптары мен жігерін, — бар бола тұрса да маңызы жоқ жалған үміт және утопия деп көрсетеді» («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.).

Біріншіден, Маркстің монистік материализмінің сандырақ параллелизммен ортақ ешнәрсесі де жоқ. Бұл материализм тұрғысынан қарағанда материялық жақ, мазмұн идеялық жақтан, формадан қажетті түрде бұрын келіп отырады. Ал параллелизм дегеніңіз бұл көзқарасты теріске шығарады және үзілді-кесілді түрде: материялық жақ та, идеялық жақ та бірінен бірі бұрын келіп отырмайды, олардың екеуі де бірге дамып отырады, қатарласып дамып отырады дейді.

Екіншіден, ал тіпті шынында да «Маркс өндіріс қатнастарын материялық деп, ал адамдардың талаптары мен жігерін маңызы жоқ жалған үміт және утопия деп көрсеткен-ақ болсын», — ал соның өзінде бұдан Маркс — дуалист деген мағна туа ма? Дуалист дегеніңіз, жұртқа мәлім, бір-біріне қайшы принциптер ретінде, идеялық жақ пен материялық жақтарға бірдей мағна береді. Ал егер, сіздердің айтуыңызша, Маркс материялық жақты жоғары қоятын болса, ал оның керісінше, идеялық жаққа мұны «утопия» деп қарап маңыз бермейтін болса, онда,

«сыншы» мырзалар, Маркстің дуализмі дегенді қай жақтан тауып алдыңыздар?

Үшіншіден, монизм **бір** принципті — материялық және идеялық формалары бар табиғатты немесе болмысты негізге алатынын, ал дуализм **екі** принципті — дуализм бойынша, бірін бірі теріске шығаратын материялық және идеялық принциптерді негізге алатынын бала екеш бала да біліп отырғанда, материалистік монизм мен дуализм арасында қандай байланыс болмақ?

Төртіншіден, Маркс мұны қай уақытта «адамдардың талаптары мен жігерін утопия және жалған үміт деп көрсетіп өді»? Рас, Маркс «адамдардың талаптары мен жігерін» экономикалық дамудан туады деп түсіндірген, ал кейбір кабинет адамдарының талаптары экономикалық жағдайға сәйкеспеген кезде, Маркс бұларды утопиялық талаптар деп атаған. Бірақ бұдан, Маркстің пікірінше, адам талаптарының бәрі утопиялық талаптар деген мағна туа ма? Неғып мұны да түсіндіру керек болады? Маркстің: «Адамзат өзінің алдына әрқашан өзі шеше алатын міндеттерді ғана қояды» («Саяси экономия сынына» деген шығармасының алғысөзін қараңыз), яғни, жалпы айтқанда, адам баласы утопиялы мақсаттарды көздемейді деген сөздерін сіздер неғып оқымадыңыздар? Қалайда біздің «сыншы» не өзінің айтқанына өзі түсінбей отырғаны, не фактыны қасақана бұрмалап отырғаны анық.

Бесіншіден, Маркс пен Энгельстің пікірінше, «адамның талаптары мен жігерінің маңызы жоқ» екен дегенді сіздерге кім айтты? Олардың мұны қай жерде айтатынын сіздер неге көрсетпейсіздер? «Луи

Бонапарттың он сегізінші брюмерінде», «Франциядағы тап күресінде», «Франциядағы азамат сәтсәтінде» және басқа сол сыяқты кітапшаларында Маркс «талаптар мен жігердің» маңызы туралы әлде айтпай ма? Не себепті Маркс ол кезде пролетарлардың «талаптары мен жігерін» социалистік рухта дамытуға тырысыпты, егер ол «талаптар мен жігерге» мән бермеген болса, пролетарлар арасында ол не үшін насихат жүргізіпті? Немесе, 1891—94 жылдардағы өзінің белгілі мақалаларында Энгельс «жігер мен талаптардың маңызын» сөз қылмағанда нені сөз қылыпты? Рас, Маркстің пікірінше, адамдардың «жігері мен талаптары» өзінің мазмұнын экономикалық жайдан алады, бірақ бұдан олардың өзі экономикалық қатнастардың дамуына ешқандай әсер етпейді деген мағна туа ма? Анархистерге осындай жай пікірді түсіну неғып соншама-ақ қыйын болған?

Анархист мырзалардың тағы бір «тағатын айыбы»: «форманы мазмұнсыз түсініп болмайды...», сондықтан «форма мазмұннан соң келеді (мазмұннан кейін қалып қояды. К.)...» деуге болмайды, «олар «бірге өмір сүреді»... Әйтпеген күнде монизм сандырақ болып шығады» («Нобатиді» қараңыз, № 1. Ш. Г.).

Біздің «ғалым» тағы да аздап шатасып кеткен. Мазмұн формасыз мүмкін емес, — бұл дұрыс-ақ. Бірақ кәзіргі форманың кәзіргі мазмұнға ешуақытта түгел сәйкеспей отыратыны да сондай-ақ дұрыс: бірінші екіншіден кейін қалып отырады, жаңа мазмұн белгілібір дәрежеде әрқашан ескі формада болып отырады, сол себепті ескі форма мен жаңа мазмұн арасында әрқашан жанжал болып отырады. Міне

нақ осы негізде революциялар болып отырады, Маркс материализмінің революциялық рухы да, бір жарынан, міне осында. Ал «даңқты» анархистер мұны түсінбеді, бұған материалистік теория емес, әрине, олардың өздері айыпты.

Маркс пен Энгельстің материалистік теориясына анархистердің көзқарастары, егер оларын тегі көзқарастар деп атауға болатын болса, міне осындай.

### III

## ПРОЛЕТАРЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ

Біз енді Маркстің теориялық ғылымымен таныспыз: оның методымен, сондай-ақ оның теориясымен де таныспыз.

Бұл ғылымнан біз қандай практикалық қортынды жасауға тиістіміз?

Диалектикалық материализм мен пролетарлық социализмнің арасында байланыс қандай?

Диалектикалық методтың айтуынша, қай тап күннен күнге өсіп отырса, үнемі ілгері басып отырса және жақсы болашақ үшін қажымай-талмай күресіп отырса, тек сол тап қана тыңғылықты түрде прогресшіл тап бола алады, сол тап қана құлдық бұғауын талқандай алады. Тоқтаусыз өсіп, үнемі ілгері басып және болашақ үшін күресіп отырған бірден-бір тап — қала мен селоның пролетариаты екенін біз көріп отырмыз. Олай болса, біз пролетариатқа қызмет етіп, өз үмітімізді соған артуымыз керек.

Маркстің теориялық ғылымынан туатын бірінші практикалық қортынды осындай.

Бірақ қызмет етудің де қызмет етуі бар: социализмді ұмыт деп уағыз айтып, пролетариатқа Бернштейн де «қызмет етіп отыр». Бытыраңқы, өнеркәсіптік кең негізі жоқ қауымдық «социализмді» ұсынып, пролетариатқа Кропоткин де «қызмет етіп отыр». Қазіргі заманғы ірі өнеркәсіп негізіне сүйенген пролетарлық социализмге шақырып, пролетариатқа Карл Маркс те қызмет етіп отыр.

Біздің жұмысымыз пролетариаттың пайдасына шығу үшін біз қалай істеуге тиіспіз? Пролетариатқа біз қалайша қызмет етуге тиіспіз?

Материалистік теорияның айтуынша, қандай идеал болмасын, егер ол идеал елдің экономикалық дамуына қайшы келмейтін болса, егер ол осы дамудың талаптарына толық сәйкесетін болса, тек сонда ғана ол идеал пролетариатқа турадан-тура қызмет көрсете алады. Капиталистік құрылыстың экономикалық дамуы қазіргі заманғы өндірістің қоғамдық сыйпат алғанын, өндірістің қоғамдық сыйпаты қазіргі капиталистік меншікті түбірімен теріске шығаратынын көрсетіп отыр, олай болса, біздің басты міндетіміз — капиталистік меншікті жою және социалистік меншікті орнату ісіне көмектесу болып табылады. Ал мұның өзі социализмді ұмыт деп уағыздап отырған Бернштейннің ғылымы экономикалық дамудың талаптарына түп негізімен қайшы келетінін көрсетеді, — бұл ғылым пролетариатқа зыян келтіреді.

Сонан кейін, капиталистік құрылыстың экономикалық дамуы қазіргі заманғы өндірістің күннен күнге кеңейіп келе жатқанын, оның жеке қалалар мен губерниялар шеңберіне сыймай баражатқанын, оның



бұл шеңберлерді үнемі бұзып, бүкіл мемлекет территориясын қамтып отырғанын көрсетіп отыр, — олай болса, біз өндірістің кеңеюін қарсы алуымыз керек және болашақ социализмнің негізі жеке қалалар мен қауымдар болмайды, бүкіл мемлекеттің тұтас және бөлінбейтін территориясы, болашақта, әрине, бірден-бірге кеңейе беретін территориясы болады деп тануымыз керек. Ал мұның өзі болашақ социализмді жеке қалалар мен қауымдардың шеңберінен асырмайтын Кропоткиннің ғылымы өндірістің кеңею мүдделеріне қайшы келетінін көрсетеді — бұл ғылым пролетариатқа зыян келтіреді.

Басты мақсат ретінде кең социалистік өмір үшін күресуіміз керек — міне пролетариатқа біз осылайша қызмет етуге тиіспіз.

Маркстің теориялық ғылымынан туатын екінші практикалық қортынды осындай.

Пролетарлық социализмнің өзі диалектикалық материализмнен шығатын тікелей қортынды болып табылатыны айқын.

Пролетарлық социализм дегеніміз не?

Кәзіргі заманғы құрылыс — капиталистік құрылыс. Мұның өзі дүние қарама-қарсы екі лагерьге — аттөбеліндей капиталистер лагеріне және көпшілік, — пролетарлар, — лагеріне бөлінген деген сөз. Пролетарлар күні-түні жұмыс істейді, бірақ сонда да олар бұрынғы кедей қалпында қалып отыр. Капиталистер жұмыс істемейді, бірақ сонда да олар бай. Мұның өзі пролетарлардың ақылы кемдігінен, ал капиталистердің данышпандығынан болып отырған жоқ, — капиталистер пролетарлардың еңбегінің жемісін алып

қоятындығынан, капиталистер пролетарларды қанап отырғандығынан болып отыр.

Пролетарлар еңбегінің жемісін пролетарлардың өздері алмай, капиталистер алып қоятын себебі не? Пролетарлар капиталистерді қанамай, капиталистер пролетарларды қанап отыратын себебі не?

Себебі капиталистік құрылыс товарлы өндіріске негізделеді: мұнда барлық нәрсе товар болып алады, барлық жерде де сатып алу — сату принципі үстем болады. Мұнда сіз тұтыныс заттарын ғана емес, тамақ заттарын ғана емес, онымен қатар адамдардың жұмысшы күшін де, олардың қанын, олардың өжданын да сатып ала аласыз. Капиталистер мұның бәрін біледі, сөйтіп пролетарлардың жұмысшы күшін сатып алады, оларды жалдайды. Ал мұның өзі капиталистер өздерінің сатып алған жұмысшы күшінің қожайыны болып алатынын көрсетеді. Ал пролетарлар бұл сатылған жұмысшы күшіне иелік ету правосынан айрылады. Басқаша айтқанда, бұл жұмысшы күшімен жасалып жатқан нәрсе ендігі жерде пролетарларға тиісті болмай қалып, тек капиталистерге ғана тиісті болады және солардың қалтасына түседі. Мүмкін, сіздің сатқан жұмысшы күшіңіз бір күнде 100 сомның товарын өндіреді, бірақ мұнда сіздің ісіңіз жоқ, сізге ол тиісті емес, мұның өзі капиталистердің ғана ісі және соларға ғана тиісті, — сіз тек өзіңіздің күндік жалақыңызды ғана аласыз; бұл жалақыңыз егер сіз, әрине, үнемдеп тіршілік етсеңіз, мүмкін, сіздің қажетті мұқтаждығыңызды қанағаттандыруға жетер. Қысқасы, капиталистер пролетарлардың жұмысшы күшін сатып алады, олар пролетарларды жалдайды, міне сондықтан да капиталистер проле-

тарлардың еңбегінің жемісін алып отырады, сондықтан да пролетарлар капиталистерді емес, капиталистер пролетарларды қанайды.

Бірақ пролетарлардың жұмысшы күшін нақ сол капиталистердің сатып алатын себебі не? Капиталистер пролетарларға жалданбай, пролетарлар капиталистерге жалданатын себебі не?

Себебі капиталистік құрылыстың басты негізі өндіріс құралдары мен өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктілік болып табылады. Себебі фабрикалар, заводтар, жер және оның кен байлықтары, ормандар, теміржолдар, машиналар және басқа өндіріс құрал-жабдықтары ат төбеліндей капиталистердің жеке меншігіне айналған. Себебі пролетарлар мұның бәрінен айрылған. Міне сондықтан капиталистер фабрикалар мен заводтарды жүргізу үшін пролетарларды жалдайды, — әйтпеген күнде олардың өндіріс құралдары мен өндіріс құрал-жабдықтары ешқандай пайда келтірмеген болар еді. Міне сондықтан пролетарлар өзінің жұмысшы күшін капиталистерге сатады, — әйтпеген күнде олар аштан өлген болар еді.

Осының бәрі келіп капиталистік өндірістің жалпы сыйпатына әсерін тигізеді. Біріншіден, капиталистік өндіріс бір тұтас және ұйымдасқан өндіріс бола алмайтыны өз-өзінен түсінікті: мұның өзі жеке капиталистердің жаппай бытырап жатқан жеке меншік өндіріс орындары болып табылады. Екіншіден, бұл бытырап жатқан өндірістің тікелей мақсаты халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру емес, капиталистердің пайдасын көбейту мақсатымен сату үшін товарлар өндіру екені де сондай анық. Ал бірақ капи-

талист атаулының бәрі өз пайдасын көбейтуге тырысатын болғандықтан, олардың әрқайсысы товарларды неғұрлым көп шығаруға тырысады, осының салдарынан рынок тез әбден толады, товарлардың бағасы түседі — сөйтіп жалпы дағдарыс туады.

Сонымен, дағдарыстар, жұмыссыздық, өндірістегі үзілістер, өндіріс анархиясы және тағы сондайлар кәзіргі заманғы капиталистік өндірістің ұйымдаспағандығының тікелей нәтижесі болып табылады.

Ал егер бұл ұйымдаспаған қоғамдық құрылыс әлі күнге дейін қыйратылмай тұрса, егер ол әлі күнге дейін пролетариаттың шабуылына мызғымай тұрса, онда оның ең әуелгі себебі сол — бұл қоғамды капиталистік мемлекет, капиталистік үкімет қорғап отыр.

Кәзіргі заманғы капиталистік қоғамның негізі осындай.

\* \*  
\* \*

Болашақ қоғамның бұдан мүлдем басқа негізде құрылатынында күман жоқ.

Болашақ қоғам — социалистік қоғам. Мұның мәнісі, ең алдымен, мынау: ол қоғамда ешқандай тап болмайды: капиталистер де, пролетарлар да болмайды, — демек, қанау да болмайды. Ол қоғамда бірлесіп қызмет ететін еңбекшілер ғана болады.

Болашақ қоғам — социалистік қоғам. Мұның мәнісі тағы да мынау: ол қоғамда қанаумен бірге товарлы өндіріс және сатып алу — сату да жойылады, сондықтан онда жұмысшы күшін сатып алушылар мен сатушыларға, жалдаушылар мен жалданушыларға

орын қалмайды, — ол қоғамда тек ерікті еңбекшілер ғана болады.

Болашақ қоғам — социалистік қоғам. Мұның мәнісі, ақырында, мынау: ол қоғамда жалдамалы еңбекпен бірге өндіріс құралдары мен өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік атаулының бәрі жойылады, онда кедей-пролетарлар да, бай-капиталистер де болмайды, — ол қоғамда барлық жерді, оның кен байлықтарын, барлық ормандарды, барлық фабрикалар мен заводтарды, барлық теміржолдарды, т. т. бірлесіп иеленетін тек еңбекшілер ғана болады.

Көріп отырсыздар, болашақ өндірістің басты мақсаты — капиталистердің пайдасын көбейтуге бола сату үшін товарлар өндіру емес, қоғамның мұқтаждарын тікелей қанағаттандыру. Бұл қоғамда товарлы өндіріске, пайда үшін күреске, т. т. орын болмайды.

Мұнымен қатар, болашақ өндіріс қоғамның мұқтаждарын есепке алатын және қоғамға қанша керек болса, нақ сонша өндіретін социалистік жолмен ұйымдасқан, жоғары дәрежеде дамыған өндіріс болатыны да анық. Мұнда өндіріс бытыраңқылығына да, бәсекеге де, дағдарысқа да, жұмыссыздыққа да орын болмайды.

Таптар жоқ жерде, байлар мен кедейлер жоқ жерде — ол жерде мемлекеттің де қажеттігі жоқ, ол жерде кедейлерді қысып, байларды қорғап отыратын саяси өкіметтің де қажеттігі жоқ. Демек, социалистік қоғамда саяси өкімет болуының қажеттігі болмайды.

Сондықтан Карл Маркс 1846 жылдың өзінде-ақ былай деген болатын:

«Жұмысшы табы, даму барысында, ескі буржуазиялық қоғамның орнына таптар мен олардың қарама-қарсылығын болдырмайтын ассоциация орнатады: онда енді ешқандай саяси өкімет деген болмайды...» («Философияның бишаралығы» деген шығарманы қараңыз)<sup>89</sup>.

Сондықтан 1884 жылы Энгельс былай деген болатын:

«Сонымен, мемлекет мәңгі өмір сүріп отырмайды. Мемлекетсіз күн көрген, мемлекет пен мемлекеттік өкімет туралы түсінігі болмаған қоғамдар болған. Қоғамның таптарға бөлінуіне қажетті байланысы болған экономикалық дамудың белгілібір сатысында мемлекет... қажетті болды. Біз енді бұл таптардың өмір сүруі қажеттік болудан қалатыны былай тұрсын, қайта оның өзі өндіріске тура бөгет бола бастаған өндіріс дамуының сатысына қарай тез басып жақындап келеміз. Таптар бұрын қалай лажсыз келіп туған болса, енді олар нақ солай лажсыз жоғалады. Таптардың жоғалуымен бірге мемлекет те лажсыз жоғалады. Өндірушілердің ерікті және тең праволы ассоциациясы негізінде өндірісті жаңаша ұйымдастыратын қоғам бүкіл мемлекеттік машинаны оның сол кездегі нағыз тиісті орнына: ерте заманғы мүліктер мүзейіне апарып, ұршық пен қола балта қатарына апарып қояды» («Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген шығарманы қараңыз)<sup>90</sup>.

Сонымен бірге, жалпы істі жүргізіп отыру үшін, түрліше мәліметтер жыйналатын жергілікті бюролармен қатар, социалистік қоғамға бүкіл қоғамның мұқтаждары туралы мәліметтер жыйнайтын, ал онан

соң еңбекшілерге түрліше жұмыстарды тиісінше бөліп беріп отыратын орталық санақ бюросы қажет екендігі өзінен өзі түсінікті. Сондай-ақ, конференциялар және, әсіресе, съездер болып тұруы қажет; бұлардың қаулылары азшылықта қалған жолдастарға келесі съезге шейін сөзсіз міндетті болмақ.

Ақырында, ерікті және серіктес еңбек болашақ социалистік қоғамда барлық мұқтаждықтарды да сондай серіктес және толық түрде қанағаттандырып отыруға тиіс екені анық. Ал мұның мәнісі егер болашақ қоғам өзінің әрбір мүшесінен оның өзі қанша бере алатын болса, нақ сонша еңбек етуін талап ететін болса, онда ол қоғам өзінің әрбір мүшесіне қанша тамақ қажет болса, өз тұсынан, оған сонша беруге тиіс деген сөз. Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай! — болашақ бірлестік құрылыс міне осындай негізде құрылуға тиіс. Әрине, еңбекке әлі де болса жаттығып болмаған элементтер жаңа өмірге тартылатын социализмнің бірінші сатысында өндіргіш күштер де жеткілікті дамып жетпейді, сондықтан «ақ» және «қара» жұмыс әлі сақталып калып отырады, — «әркімге керегіне қарай» деген принципті жүзеге асыру, күман жоқ, аса қыйынға соғады, осыған байланысты қоғам уақытша басқа бір жолда, аралық жолда бола тұруға мәжбүр болады. Бірақ болашақ қоғам өзінің арнасына түсіп алған соң, капитализмнің қалдықтары тамырымен жоғалтылған соң, — социалистік қоғамға сай бірден-бір принцип — жәғарыда көрсетілген принцип болатыны да сондай анық.

Сондықтан 1875 жылы Маркс былай деген болатын:

«Коммунистік (яғни социалистік) қоғамның ең жоғарғы сатысында адамды кұл етіп алатын еңбек бөлінуіне бағыныштылық жоғалғаннан кейін, осымен бірге ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегінің қарама-қарсылығы жоғалған кезде; еңбек өмір сүру кұралы ғана болудан қалып, оның өзі өмірдің бірінші қажетті нәрсесі болған кезде; жеке адамдардың әр тараптан өсуімен бірге өндіргіш күштер де өскен кезде... тек сол кезде ғана буржуазиялық правоның тар шеңберін мүлдем жоюға болады және қоғам өзінің туына: «Әркім қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деп жаза алады. («Гота программасына сын»ды қараңыз)<sup>91</sup>.

Жалпы айтқанда Маркстің теориясы бойынша болашақ социалистік қоғамның бейнесі осындай.

Мұның бәрі де жақсы-ақ. Бірақ социализмді жүзеге асыру ақылға сыя ма? Адамның өзі өзінің «тағы әдеттерін» кұрта алады деп шамалауға бола ма?

Немесе тағы бір мәселе: егер әркім керегіне қарай алатын болса, онда социалистік қоғамның өндіргіш күштерінің дәрежесі осыған жеткілікті болады деп шамалауға бола ма?

Социалистік қоғамның өзі жеткілікті түрде дамыған өндіргіш күштер, адамдардың социалистік санасы, олардың социалистік білімі болуын қамтамасыз етеді. Кәзіргі заманғы өндіргіш күштердің дамуына осы күнгі капиталистік меншік бөгет болып отыр, ал егер болашақ қоғамда бұл меншіктің болмайтынын еске алсақ — онда өндіргіш күштердің ондаған есе өсетіні өзінең өзі анық. Онан соң болашақ қоғамда бүгіндегі жүздеген мың жатып ішерлердің, сонымен қатар жұмыссыздардың іске кірісетін, ең-



бекшілердің қатарын толтыратын, сөйтіп мұның өздері өндіргіш күштердің дамуын қатты ілгерілететін жағдайды да ұмытуға жарамайды. Ал адамдардың «тағы» сезімдері мен көзқарастарын алатын болсақ, бұлар, кей біреулердің шамалауындай, сондай-ақ мәңгілік нәрсе емес: адам жеке меншікті мойындамаған заман, алғашқы коммунизм заманы, болғанды; онан кейін жеке меншік дегеннің өзі адамдардың сезімдері мен ақыл-парасатын билеген заман, жекешілдік өндіріс заманы, келіп орнаған болатын; енді жаңа заман, социалистік өндіріс заманы, туып келеді, — ал егер адамдардың сезімдері мен ақыл-парасатын социалистік талаптар билеп әкетсе, мұның таңырқарлық несі бар. Болмыс адамдардың «сезімдері» мен көзқарастарын билемей ме екен?

Бірақ социалистік құрылыстың қалайда сөзсіз орнауының дәлелдері қайда? Кәзіргі капитализмнің дамуынан кейін социализмнің келіп орнауы сөзсіз бе? Немесе, басқаша айтқанда: Маркстің пролетарлық социализмі тек тәтті арман, тәтті қыял ғана емес екенін біз қайдан білеміз? Мұның ғылыми дәлелдері қайда?

Меншіктің формасы өндірістің формасына тікелей тәуелді екенін тарих көрсетіп отыр, осының арқасында өндірістің формасы өзгеруімен ертелі-кеш меншіктің формасы да сөзсіз өзгеріп отырады. Меншік коммунистік сыйпатта болған, алғашқы адамдар тентіреп кезген ормандар мен далалықтар жеке адамдарға тиісті емес, жұрттың бәріне бірдей тиісті болған заман болғанды. Ал ол кезде коммунистік меншік болған себебі не? Себебі өндіріс коммунистік өндіріс болды, еңбек жалпы, бірлескен

еңбек болды, — бәрі де бас қосып еңбек етті, бірісіз бірі күн көре алмайтын болды. Кейін басқа бір заман, меншіктің өзі жекешілдік (жекелік) сыйпат алған, адамға қажет нәрсенің (әрине, ауадан, күн жарығынан, т. с. басқасының) бәрі де жеке меншік нәрсе деп танылған ұсақбуржуазиялық өндіріс заманы келіп орнады. Мұндай өзгерістің болған себебі не? Себебі: өндіріс жекешілдік өндіріс болып кетті, әркім өз баспанасына тығылып, өз басы үшін еңбек ете бастайтын болды. Ақырында, тағы да бір заман, жүздеген, мыңдаған жұмысшылар бір үйге, бір фабрикаға жыйналып, ортақ еңбек ететін ірі капиталистік өндіріс заманы орнап келеді. Сіз мұнда әркім өзіне қарай тартқылаған, жалғыз-жалғыз істеген бұрынғыдай жұмысты көрмейсіз, — мұнда әрбір жұмысшы және әрбір цехтың барлық жұмысшылары жұмыс жөнінде өз цехындағы жолдастарымен тығыз байланысты болатыны сыяқты, басқа цехтармен де сондай тығыз байланысты. Бір цех тоқтап қалса-ақ болғаны, бүкіл фабриканың жұмысшылары іссіз қалып қояды. Көріп отырсыздар, өндіріс процесі, еңбек енді қоғамдық сыйпат алған, социалистік сарын алған. Сонымен тек жеке фабрикаларда ғана емес, онымен қатар тұтас бір өндіріс тарауларында және өндіріс тарауларының арасында да дәл осылай болып отырады: темір жол жұмысшылары ереуіл жасаса ғана болғаны, өндіріс ауыр халге ұшырайды, мұнай мен тас көмір өндірісі тоқтап қалса-ақ болғаны, көп ұзамай бірсыпыра фабрикалар мен заводтар жабылып қалады. Міне мұнда өндіріс процесінің қоғамдық, бірлестік сыйпат алып отырғаны айқын. Сонымен өндірістің қоғамдық сыйпатына иемдену-

дің жекелік сыйпаты сәйкеспейтін болғандықтан, кәзіргі заманғы бірлестік еңбек сөзсіз бірлестік меншікке әкелуге тиіс болғандықтан капитализмнен кейін социалистік құрылыстың сондай-ақ сөзсіз келетіні, түн өтсе күн келетіні сыяқты, өзінен өзі айқын нәрсе.

Маркстің пролетарлық социализмінің сөзсіз болатынын тарих осылай дәлелдейді.

\* \* \*

Тарихтың айтуынша, қоғамдық өндірісте басты міндет атқарып отырған және өндірістің басты қызметтерін өз қолына алып отырған тап немесе әлеуметтік топ, келе-келе осы өндірістің сөзсіз қожайыны болып алуға тиіс. Өндірістің қожайыны әйелдер боп есептелген бір заман, матриархат заманы, болған. Мұның себебі не? Себебі: ол кездегі өндірісте, алғашқы замандағы егіншілікте, әйелдер өндірісте басты міндет атқарып отырған, еркектер аң іздеп ормандар кезіп жүргенде, әйелдер басты қызметтерді атқарып отырған. Онан соң өндірістегі үстемдік жағдай еркектердің қолына көшкен заман, патриархат заманы, орнаған; мұндай өзгерістің болған себебі не? Себебі: ол кездегі өндірісте, мал шаруашылығында, найза, арқан, жақ және садақ басты өндіріс құралдары болған, еркектер басты роль атқарған... Онан соң бір заман, пролетарлар өндірісте басты роль атқара бастаған, барлық басты-басты өндіріс қызметтері осылардың қолына көшкен, бұларсыз өндіріс бір күнде өмір сүре алмайтын (жаппай стачкаларды есімізге алайық), капиталистердің өндіріске керексізі былай тұрсын, тіпті өндіріске олар тұсау

болатын ірі капиталистік өндіріс заманы орнап келеді. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі: не қоғамдық тұрмыс атаулының бәрі мүлдем тас-талқан болуға тиіс, не пролетариат, ертелі-кеш, бірақ сөзсіз кәзіргі заманғы өндірістің қожайыны болып алуға, өндірістің бірден-бір иесі, оның социалистік иесі болып алуға тиіс деген сөз.

Капиталистік меншіктің жаназасын оқып отырған және не капитализм, не социализм деген мәселені батыл қойып отырған кәзіргі өнеркәсіп дағдарыстары осы қортындыны әбден анық етіп, капиталистердің паразитизмін және социализмнің жеңбей қоймайтынын ашық көрсетіп отыр.

Маркстің пролетарлық социализмінің сөзсіз болатынын тарих тағы да осылай дәлелдейді.

Пролетарлық социализм әсемпаздық сезімдерге қарай, дерексіз «әділеттікке» қарай, пролетариатқа деген сүйіспеншілікке қарай құрылмайды, ана жоғарыда келтірілген ғылыми негіздерге қарай құрылады.

Міне сондықтан да пролетарлық социализм сонымен қатар «ғылыми социализм» деп аталады.

Энгельс 1877 жылдың өзінде-ақ былай деген болатын:

«Егер еңбек өнімдерін бөлудің кәзіргі кездегі әдісінде болғалы тұрған төңкеріс туралы біздің сеніміміз тек санаға ғана сүйенетін болса... бөлудің бұл әдісі әділетсіз деген, сондықтан әйтеуір бір кезде әділеттік үстем болуға тиіс қой деген санаға ғана сүйенетін болса, онда біздің ісіміз жаман болып, бізге ұзақ күтуге тура келген болар еді...» Бұл істегі ең басты нәрсе мынада болып отыр: «кәзіргі заманғы капиталистік өндіріс әдісі туғызған өндіргіш

күштер және осы әдістің өзі жасаған шаруашылық игіліктерін бөлу системасы өндірістің нақ осы әдісімен қатты шиеленіскен қайшылыққа келіп отыр, оның бержағында бұл қайшылықтың шиеленісу дәрежесі сонша, егер бүкіл кәзіргі заманғы қоғамның жойылып кетпеуін көздегісі келсе, өндіріс пен бөлістің әдісінде барлық таптық айырмашылықтар атаулыны жоя алғандай төңкерістің болуы қажет болып отыр. Қазіргі заманғы социализмнің жеңтіндігі туралы сенім белгілібір кабинет ойшылының мынау дұрыс, анау теріс деп айтатын түсініктеріне емес, осы кезде сезіліп тұрған материялық фактыға... негізделген» («Анти-Дюрингті» қараңыз)<sup>92</sup>.

Мұнан, әрине, капитализмнің іріп-шіріп бара жатқаны анық болса, онда социалистік құрылысты кезкелген уақытта — тек орнатқымыз келген уақытта — орнатуымызға болады екен деген мағна тумайды. Тек анархистер мен басқа ұсақбуржуазиялық идеологтар ғана осылай деп ойлайды. Социалистік идеал барлық таптардың идеалы емес. Бұл тек пролетариаттың ғана идеалы, оны тікелей жүзеге асырғысы келетін барлық таптар емес, тек пролетариат ғана болып табылады. Мұның мәнісі әзір пролетариат қоғамның азшылық бөлімі болып отырған кезде социалистік құрылысты орнату мүмкін емес деген сөз. Өндірістің ескі формаларының жойылуы, капиталистік өндірістің бұрынғыдан да гөрі ірілене түсуі және қоғам көпшілігінің пролетарлануы — социализмнің жүзеге асуы үшін керекті шарттар міне осылар болып табылады. Бірақ мұның өзі де әлі жеткіліксіз. Қоғам көпшілігінің енді пролетарлануы да мүмкін, бірақ, сонда да, социализмнің әлі жүзеге аспай қала тұруы

ықтимал. Ал мұның себебі социализмді жүзеге асыру үшін, осылардың бәрінің үстіне, тағы да таптық сананың болуы, пролетариаттың ұйымдасып бірігуі және өзінің меншікті ісіне басшылық ете білуі қажет. Ал осылардың бәрін де қолға түсіру үшін, онан әрі, саяси бостандық деген нәрсе, яғни сөз, баспасөз, стачкалар мен одақтар бостандығы, қысқасы, тап күресінің бостандығы болу қажет. Ал саяси бостандық барлық жерде де бірдей қамтамасыз етілген емес. Сондықтан пролетариат үшін оған күресті қандай жағдайларда жүргізуге тура келетіні: самодержавиелі-крепостниктік жағдайда ма (Россия), монархиялық-конституциялық жағдайда ма (Германия), ірі буржуазиялық-республикалық жағдайда ма (Франция) немесе демократиялық-республикалық (орыс социал-демократиясы талап етіп отырған) жағдайда жүргізуге тура келе ме, — мұның бәрібір емес. Әрине, капитализм тұсында саяси бостандық деген әйтеуір бола алатын болса, онда саяси бостандықтың ең тәуір түрде және ең толық түрде қамтамасыз етілетін жері демократиялық республика болып табылады. Сондықтан пролетарлық социализм жақтаушыларының бәрі де социализмге өтетін ең тәуір «көпір» ретінде демократиялық республиканы енгізуге мейлінше тырысады.

Міне сондықтан марксистік программаның кәзіргі заман жағдайларында екі бөлімге: социализмді мақсат етіп қоятын максимум программаға және демократиялық республика арқылы социализмге жол салуды мақсат ететін минимум программаға бөлінеді.

\* \*

\*

Өз программасын саналы түрде жүзеге асыру үшін, капитализмді құлатып, социализмді орнату үшін пролетариат қалай әрекет жасауы керек, қай жолға түсуі керек?

Жауап анық: пролетариат буржуазиямен ымыраласып отырып социализмге жете алмайды — ол қалайда күрес жолына түсуі керек және бұл күрес тап күресі, барлық пролетариаттың барлық буржуазияға қарсы күресі болуы керек. Не өзінің капитализмімен буржуазия болатын болсын, не өзінің социализмімен пролетариат болатын болсын! Пролетариаттың қыймылдары, оның таптық күресі міне осыған негізделуі керек.

Бірақ пролетариаттың тап күресінің неше алуан формалары бар. Мәселен, стачка — жеке стачка ма немесе жаппай стачка ма, бәрібір — тап күресі болып табылады. Бойкот, саботаж да, күманы жоқ, тап күресі болып табылады. Манифестация, демонстрация, өкілдік орындарға және сондайларға қатнасу — мұның өзі жалпы парламенттер ме немесе жергілікті өзіндік басқармалар ма, бәрібір, — бұлар да тап күресі болып табылады. Осылардың бәрі де бір тап күресінің өзінің әралуан формалары болып табылады. Біз бұл жерде пролетариаттың тап күресінде бұл күрес формаларының қандайының маңызы күшті екенін анықтап жатпаймыз, біздің айта кетеріміз, пролетариаттың сана-сезімі мен ұйымшылдығын дамытудың қажетті құралы ретінде өз кезінде және өз орнында бұлардың әрқайсысы да пролетариатқа сөзсіз қажет

нәрсе деу ғана болып табылады. Ал енді сана-сезім мен ұйымшылдық пролетариатқа ауа сыяқты қажет нәрсе. Бірақ пролетариат үшін күрестің бұл формаларының бәрі де тек даярлық кұралдар ғана болып табылатынын, ал жеке алғанда бұл формалардың бірде-бірі, шешуші кұрал болмайтынын, мұның арқасында пролетариатқа капитализмді кұлата алатын кұрал бола алмайтынын да айта кетуіміз керек. Капитализмді тек жаппай стачкамен ғана кұлатуға болмайды: жаппай стачка капитализмді кұлату үшін тек бірсыпыра жағдайларды ғана даярлай алады. Капитализмді пролетариаттың парламентке өзінің қатысуымен ғана кұлата алуы да ақылға сыймайтын нәрсе: капитализмді кұлату үшін парламентаризм арқылы тек бірсыпыра жағдайлар ғана даярлануы мүмкін.

Ендеше пролетариаттың капиталистік кұрылысты кұлататын шешуші кұралы қайсы?

Мұндай кұрал — социалистік революция.

Ереуілдер, бойкот, парламентаризм, манифестация, демонстрация — күрестің бұл формаларының бәрі де жақсы, бұлар пролетариатты даярлайтын және ұйымдастыратын кұрал ретінде қызмет етеді. Бірақ кәзіргі теңсіздікті жоюға бұл кұралдардың бірде-бірінің шамасы келмейді. Бұл кұралдардың бәрі бір ғана басты және шешуші кұралға жыйнақталуы қажет, капитализмді негізімен талқандау үшін пролетариаттың бас көтеруі, сөйтіп буржуазияға батыл шабуыл жасауы қажет. Нақ осындай басты және шешуші кұрал социалистік революция болып табылады.

Социалистік революцияны тұтқыылдан соғатын, қысқа мерзімді соққы болады деп қарауға болмайды,



мұның өзі буржуазияны жеңіліске ұшыратып, оның тіректерін басып алып отыратын пролетарлар бұқарасының ұзақ күресі болып табылады. Ал пролетариаттың жеңісі, сонымен бірге, жеңілген буржуазияға үстемдік ету болып табылатындығы себепті, таптардың шайқасуы кезінде бір таптың жеңілуі екінші таптың үстемдігі болып табылатындығы себепті — социалистік революцияның алғашқы сатысы пролетариаттың буржуазияға саяси үстемдік етуі болып табылады.

Пролетариаттың социалистік диктатурасы, пролетариаттың өкіметті басып алуы — социалистік революция міне осыдан басталуға тиіс.

Ал мұның мәнісі қашан буржуазия толық жеңіліп болғанша, қашан оның байлығы конфискацияланып болғанша пролетариаттың өз қарамағында міндетті түрде соғыс күші болып отыруға тиіс, оның міндетті түрде өз «пролетарлық гвардиясы» болуға тиіс деген сөз; пролетариат бұлардың көмегімен, Коммуна кезінде Париж пролетариатында болған сыяқты, өліп бара жатқан буржуазияның контрреволюциялық шабуылдарына тойтарыс беріп отырады.

Пролетариаттың социалистік диктатурасы пролетариатқа оның көмегімен буржуазияны экспроприациялап алу үшін, оның көмегімен барлық буржуазияның жерін, ормандарын, фабрикалары мен заводтарын, машиналарын, теміржолдарын және т. т. конфискациялап алу үшін қажет.

Буржуазияны экспроприациялап алу — социалистік революция міне осыған жеткізуі тиіс.

Кәзіргі заманғы капиталистік құрылысты проле-

тариаттың құлатуы үшін керек болатын басты және шешуші құрал міне осындай.

Сондықтан Қарл Маркс 1847 жылдың өзінде былай деген болатын:

«...Жұмысшы революциясындағы алғашқы адым — пролетариатты үстем тапқа айналдыру болып табылады... Пролетариат өзінің саяси үстемдігін буржуазияның барлық капиталын бірден-бірге тартып ала беру үшін, барлық өндіріс құралдарын үстем тап ретінде ұйымдасқан пролетариаттың қолына... жыйнақтау үшін пайдаланады...» («Коммунистік манифесті» қараңыз).

Егер пролетариат социализмді жүзеге асырғысы келсе, ол міне осындай жолмен жүруге тиіс.

Осы жалпы принциптен келіп барлық басқа тактикалық көзқарастар туады. Ереуілдердің, бойкоттың, демонстрациялардың, парламентаризмнің социалистік революцияны жасау үшін пролетариатты ұйымдастыруға, оның ұйымдарын нығайтуға және кеңейтуге себепкер болатындығы жағынан ғана маңызы бар.

\* \*  
\* \*  
\* \*

Сонымен, социализмді жүзеге асыру үшін социалистік революция қажет, ал социалистік революция пролетариат диктатурасынан басталуға тиіс, яғни пролетариат саяси өкіметті өз қолына алуға тиіс, сөйтіп мұның көмегімен буржуазияны экспроприациялап алуы керек.

Бірақ осылардың бәрі үшін пролетариаттың ұйымшылдығы, пролетариаттың топтасуы, оның бірігуі,

мықты пролетарлық ұйымдар құрылуы және олардың үздіксіз өсіп отыруы қажет.

Пролетариаттың ұйымдары қандай формалар алуға тиіс?

Ең көп тараған және бұқаралық ұйымдар — кәсіпшілік одақтары мен жұмысшы кооперативтері (көбінесе өндіріс-тұтыну кооперативтері) болып жүр. Одақтардың мақсаты — кәзіргі заманғы капитализмнің шеңберінде жұмысшылардың хал-ахуалын жақсарту үшін (ең алдымен) өнеркәсіп капиталына қарсы күресу. Кооперативтердің мақсаты — әлбетте, тағы да сол капитализмнің шеңберінде, ең қажетті нәрселердің бағасын арзандату арқылы жұмысшылардың тұтынушылығын кеңейту үшін (ең алдымен) сауда капиталына қарсы күресу. Кәсіпшілік одақтар да, кооперативтер де пролетарлық бұқараны ұйымдастырушы құрал ретінде пролетариатқа сөзсіз қажет. Сондықтан, Маркс пен Энгельстің пролетарлық социализмінің тұрғысынан қарағанда, пролетариат, — әрине, осы күнгі саяси жағдайлардың бұған мүмкіншілік беруіне қарай, — ұйымның осы екі формасының екеуін де пайдаланып, оларды нығайтуға және күшейтуге тиіс.

Бірақ бір ғана кәсіпшілік одақтар мен кооперативтер күресуші пролетариаттың ұйымдастыру мұқтаждарын қанағаттандыра алмайды. Ал мұның себебі: жоғарыда аталған ұйымдар капитализмнің шеңберінен шыға алмайды, өйткені бұлардың мақсаты капитализм шеңберінде отырып, жұмысшылардың хал-ахуалын жақсарту болып табылады. Бірақ жұмысшылар капиталистік құлдықтан толық босағысы келеді, капитализмнің шеңберінде шыр айнала

ғана бермей, сол шеңберлердің өзін қыйратқысы келеді. Олай болса, барлық мамандықтағы жұмысшылардың саналы элементтерін өз төңірегіне жыйнайтын, пролетариатты саналы тапқа айналдыратын және капиталистік тәртіптерді талқандауды, социалистік революцияны дайындауды өзінің басты мақсаты етіп қоятын тағы да бір ұйым керек.

Пролетариаттың социал-демократиялық партиясы міне осындай ұйым болып табылады.

Бұл партия, басқа партияларға ешбір тәуелсіз, таптық партия болуға тиіс, — мұның себебі: бұл партия азаттық алуы тек өз қолдарымен ғана жүзеге асырылатын пролетарлар табының партиясы болып табылады.

Бұл партия революцияшыл партия болуы тиіс — мұның себебі: жұмысшылардың азаттық алуы тек революциялық жолмен, социалистік революцияның көмегімен ғана жүзеге асуы мүмкін.

Бұл партия интернационалдық партия болуы тиіс, партияның есігі әрбір саналы пролетариатқа ашық болуы керек, — мұның себебі: жұмысшылардың азаттық алуы — ұлттық мәселе емес, грузин пролетары үшін де, орыс пролетары үшін де, басқа ұлттардың пролетарлары үшін де бірдей маңызы бар әлеуметтік мәселе.

Осыдан келіп, әртүрлі ұлттардың пролетарлары неғұрлым тығыз топтасса, бұлардың арасына қаланған ұлттық межелер неғұрлым әбден бұзылса, пролетариат партиясы да соғұрлым күшті болуы, пролетариаттың тұтас бір тап болып ұйымдасуы соғұрлым жеңіл болуы айқын нәрсе.

Сондықтан, мүмкін қадерінше, пролетариат ұйым-

дарында — бұл ұйымдар партия бола ма, одақтар бола ма немесе кооперативтер бола ма, бәрібір — құрама бытыраңқылыққа қарсы бір орталыққа бағындыру принципін жүргізу қажет.

Бұл ұйымдардың бәрі де, әлбетте, бұған ешқандай саяси және басқа жағдайлар кедергі жасамайтын болғандықтан, демократиялық негізде құрылуы керек екендігі де сондай айқын нәрсе.

Бір жағынан, партия және, екінші жағынан, кооперативтер мен одақтар арасындағы қарым-қатнас қандай болуға тиіс? Осы соңғылар партиялық ұйымдар болуға тиіс пе немесе партиялық емес ұйымдар болуға тиіс пе? Бұл мәселенің шешуі пролетариаттың қайда және қандай жағдайларда күресуіне тура келетініне байланысты. Қалай болғанмен де, егер олар пролетариаттың социалистік партиясымен неғұрлым тату қарым-қатнаста болса, бұл одақтардың да, кооперативтердің де соғұрлым толық дамыйтыны күмансыз. Ал мұның себебі: бұл экономикалық ұйымдардың екеуі де, егер олар мықты социалистік партияға жақын тұрмаса, көбінесе ұсақталып кетеді, жалпы таптық мүдделерді кәсіпшілдік тар мүдденің пайдасына құрбан етіп жібереді, сөйтіп пролетариатқа үлкен зыян келтіреді. Сондықтан барлық жағдайларда да одақтар мен кооперативтерге партияның идеялық-саясаттық ықпалын қамтамасыз етіп отыру қажет. Тек осы жағдайда ғана жоғарыда аталған ұйымдар бөлек-бөлек топтарға бытыраған пролетариатты саналы тап етіп ұйымдастыратын социалистік мектепке айналады.

Маркс пен Энгельстің пролетарлық социализмінің сыйпатты белгілері жалпы айтқанда осылар.

Пролетарлық социализмге анархистер қалай қарайды?

Ең алдымен, пролетарлық социализмнің әшейін ғана философиялық ғылым емес екенін біліп алу қажет. Пролетарлық социализм дегеніміз пролетарлар бұқарасының ғылымы, солардың туы болып табылады, ол ғылымды дүние жүзінің пролетарлары хасиет тұтады және оның алдында «бас иеді». Олай болса, Маркс пен Энгельс әйтеуір бір философиялық «мектептің» әшейін бір арғы атасы ғана емес — олар күн сайын өсіп, күн сайын нығайып отырған пролетарлық жанды қозғалыстың жанды көсемдері болып табылады. Кімде-кім бұл ғылымға қарсы күреспек болса, кімде-кім бұл ғылымды «күләтқысы» келетін болса, ол адам теңдес емес күресте өз маңдайын босқа жарып алмау үшін осының бәрін жақсылап еске алуы тиіс. Мұның өзі анархист мырзаларға әбден белгілі нәрсе. Сондықтан Маркс пен Энгельске қарсы күрескенде олар бұрын-сонды болып көрмеген, өзінше бір жаңа құралға жүгіреді.

Ал енді бұл жаңа құралы не нәрсе? Мұның өзі капиталистік өндірістің бір жаңа зерттеуі ме? Мұның өзі Маркстің «Капиталын» теріске шығару ма? Әрине, жоқ! Немесе, мүмкін, олар «жаңа фактылармен» және «индуктивті» методпен қаруланып алып, социал-демократияның «інжілін» — Маркс пен Энгельстің «Коммунистік манифесін» — «ғылыми жолмен» теріске шығаратын болар? Тағы да, жоқ! Ал онда бұл ғажайып құрал не нәрсе болып табылады?

Бұл құрал — Маркс пен Энгельсті «әдеби ұрлық жасады» деп кіналау! Сіз бұған не дерсіз? Бақсақ, Маркс пен Энгельстің өзіндік ешнәрсесі жоқ, ғы-

лыми социализм дегеніміз ойдан шығара салынған бір нәрсе, мұның себебі: Маркстің — Энгельстің «Коммунистік манифесі» бастан-аяқ Виктор Консидеранның «Манифесінен» «урлап алынған» көрінеді. Мұның өзі, әрине, тіпті күлкі боларлық нәрсе, бірақ анархистердің «теңдесі жоқ көсемі» В. Черкезишвили бұл қызық тарихты бізге лепіріп жыр қылады, ал Черкезишвилидің ақылы аз «уағызшысы» болып табылатын Пьер Рамус деген біреу және біздің үйкүшік анархистеріміз осы «жаңалықты» өршелені қайталайды, сондықтан бұл «тарихқа» ең болмаса қысқаша ғана тоқтап өту керек болады.

Черкезишвилиді тыңдап көріңіз:

««Коммунистік манифестің» барлық теориялық бөлімі, атап айтқанда: бірінші және екінші тараулары... В. Консидераннан алынған. Олай болса, Маркс пен Энгельстің «Манифесі» — жарыя революцияшыл демократияның бұл інжілі — В. Консидеранның «Манифесінің» тұртайы түрде қайталап айтылуы ғана болып табылады. Маркс пен Энгельс Консидеран «Манифесінің» мазмұнын ғана иемденіп қойған жоқ, онымен қатар... тіпті жеке тақырыптарын да сонан алған» (««Коммунистік манифестің» тууы» деген атпен неміс тілінде басылып шыққан Черкезишвилидің, Рамустың және Лабриоланың мақалалары жыйнағын қараңыз, 10-бет).

Басқа бір анархист П. Рамус та осыны қайталайды:

«Олардың (Маркстің — Энгельстің) басты шығармасы («Коммунистік манифест») жай ұрлық (плагиат), ар-ұяты жоқ ұрлық, бірақ олар жай ұрыларша, сөзбе-сөз көшірмеген, тек ой-пікірлері мен тео-

рияларын ұрлаған деп батыл айтуға болады» (жаңағының 4-бетін қараңыз).

«Нобатида», «Мушада»<sup>93</sup>, «Хмада»<sup>94</sup> және т. т. біздің анархистер де соның өзін қайталайды.

Сонымен, бақсақ, ғылыми социализм өзінің теориялық негіздерімен бірге Консидеранның «Манифестінен» «ұрланыпты».

Осылай айтуға боларлық белгілібір дәлел бар ма?

В. Консидеран кім?

Карл Маркс кім?

1893 жылы өлген В. Консидеран утопист Фурьенің шәкірті еді және «Францияның аман қалуы» таптардың бітісуінде деп біліп ешбір түзелмей кеткен утопист еді.

1883 жылы өлген Карл Маркс материалист еді, утопистердің жауы еді, адамзаттың азат болуының кепілі өндіргіш күштердің дамуында және таптар күресінде деп білген адам еді.

Бұлардың арасында қандай ұқсастық бар?

Ғылыми социализмнің теориялық негізі — Маркстің — Энгельстің материалистік теориясы болып табылады. Бұл теорияның тұрғысынан қарағанда, қоғамдық тұрмыстың дамуын өндіргіш күштердің дамуы билейді. Егер помещиктік-крепостниктік құрылыстың соңынан буржуазиялық құрылыс келген болса — онда бұған «кіналы» өндіргіш күштердің дамуы буржуазиялық құрылыстың тууын болдырмай қоймады. Немесе тағы да: егер кәзіргі заманғы буржуазиялық құрылыстың соңынан қалайда социалистік құрылыс келетін болса, онда мұның себебі: мұны кәзіргі заманғы өндіргіш күштердің дамуы талап етіп отыр. Осыдан келіп капитализм күйреуінің жә-



не социализм орнауының тарихи қажеттігі шығып отыр. Өзіміздің идеалдарымызды біз адамдардың басынан іздемей, өндіргіш күштердің даму тарихынан іздеуіміз керек дейтін марксистік қағыйда да осыдан келіп шығады.

Маркстің — Энгельстің «Коммунистік манифестінің» теориялық негізі осындай («Коммунистік манифесті» қараңыз, I, II тараулары).

В. Консидеранның «Демократиялық манифесті» бұл тәрізді ештеңе айта ма? Консидеран материалистік көзқараста ма?

Біз Черкезишвили де, Рамус та, біздің «нобатистер» де Консидеранның «Демократиялық манифестінен» Консидеран материалист болды және қоғам тұрмысының эволюциясын ол өндіргіш күштердің дамуына негіздеді дегенді дәлелдегендей бірде-бір пікір, бірде-бір сөз келтірген жоқ дейміз. Қайта, социализм тарихында Консидеранның идеалист-утопист ретінде мәлім адам екенін біз өте жақсы білеміз (Поль Луидың «Франциядағы социализмнің тарихын» қараңыз).

Егер олар тіпті идеализмді материализмнен айыра алмайтын болса, бұл ғажап «сыншыларды» босқа былшылдауға не қыстап отыр, Маркс пен Энгельсті бұлар неге сынамақ болады? Әлде жұртты күлдіру үшін істеп отыр ма екен?..

Ғылыми социализмнің тактикалық негізі — ымыраға көнбейтін тап күресі туралы ғылым болып табылады, өйткені бұл — пролетариаттың қолындағы ең жақсы құрал. Пролетариаттың тап күресі — оның көмегімен пролетариат саяси өкіметті жеңіп алатын

және соған кейін социализмді орнату үшін буржуазияны экспроприациялайтын кұрал.

Маркстің — Энгельстің «Манифесінде» айтылған ғылыми социализмнің тактикалық негізі осындай.

Консидеранның «Демократиялық манифесінде» бұл тәрізді ештеңе айтыла ма? Консидеран тап күресін пролетариаттың қолындағы ең жақсы кұралы деп мойындай ма?

Черкезишвили мен Рамустың мақалаларына қарағанда (жоғарыда аталған жыйнақты қараңыз), Консидеранның «Манифесінде» бұл туралы бірде-бір сөз жоқ — онда тек таптар күресі көңілсіз нәрсе ретінде ғана ескеріледі. Ал капитализмді талқандау кұралы ретіндегі тап күресін алатын болсақ, онда бұл туралы Консидеран өзінің «Манифесінде» былай дейді:

«Капитал, еңбек және таланттар — өндірістің негізгі үш элементі, байлықтың үш көзі, өнеркәсіп механизмінің үш дөңгелегі міне осылар... Осылардың өкілі болып отырған үш таптың «ортақ мүдделері» бар; олардың міндеті — машиналарды капиталистердің және халықтың пайдасына істету... Олардың алдында... барлық таптарды ұлт бірлігімен бірлестірудің ұлы мақсаты тұр...» (К. Қаутскийдің «Коммунистік манифест — плагиат» деген кітапшасын қараңыз, 14-бет, бұл жерде Консидеранның «Манифесінен» осы жері келтіріледі).

**Барлық таптар, бірігіңдер!** — өзінің «Демократиялық манифесінде» В. Консидеранның көтеріп отырған ұраны міне осы.

**Барлық елдердің пролетарлары, пролетарларға қас барлық таптарға қарсы бірігіңдер?** — деп батыл

үндейтін Маркс пен Энгельстің ымыраға көнбейтін тап күресінің тактикасы мен бұл таптарды ымыраластыру тактикасының арасында қандай ортақ зат болмақ?

Әрине, ортақ ештеңе де жоқ!

Ендеше бұл Черкезшвили мырзалар мен бұлардың жеңілтек жандайшаптарының былшылдап отырғаны не нәрсе! Осылардың өзі бізді бір өлі жандар деп отырудан сау ма? Әлде біз олардың ішек-қарнын өбден ақтарып көрсетпейді деп ойлады ма екен?!

Ақырында, тағы бір қызық жағдай бар. В. Консидеран 1893 жылға дейін өмір сүрді. 1843 жылы ол өзінің «Демократиялық манифесін» бастырып шығарды. 1847 жылдың аяғында Маркс пен Энгельс өздерінің «Коммунистік манифесін» жазды. Сонан бері Маркстің — Энгельстің «Манифесі» барлық европа тілдерінде әлде неше қайтара басылып шықты. Маркс пен Энгельс өздерінің «Манифесімен» бір дәуір жасағандығы жұртқа мәлім. Солай бола тұрса да, Маркс пен Энгельстің тірі күндерінде Консидеран да, оның достары да Маркс пен Энгельс «социализмді» Консидеранның «Манифесінен» ұрлады деп ешжерде, ешбір рет айтқан емес. Мұның өзі жажап емес пе, оқушы?

Ендеше, бұл «индуктивті» білгірлерді... көшіріңіз, — «ғалымдарды» аузына келгенін айтып сандырақтауға не қыстап отыр? Бұлар кімнің атынан сөйлеп отыр? Әлде Консидеранның «Манифесін» өзінен де артық біле ме екен? Немесе, бұлар, мүмкін, В. Консидеран мен оның жақтастары «Коммунистік манифесті» оқымаған деп жорыйтын болар?

Алайда, жетер енді... Жетер, өйткені Рамустың —

Черкезишвилидің донкихоттық жорығына анархистердің өздері де айтарлықтай зәр салмайды: адам күлерлік бұл жорықтың инабатсыз аяқталатыны апайқын-ақ көрініп тұр ғой, бұған онша көңіл бөліп қайтеміз...

Мазмұны бойынша сынауға көшелік.

\* \*  
\*

Анархистердің бойынан арылмайтын бір ауру: олар өзінің дұшпандарының партияларын «сынауды» жақсы көреді, бірақ бұл партиялармен азын-аулақ болса да танысу үшін еңбек етуді ойламайды. Социал-демократтардың диалектикалық методы мен материалистік теориясын «сынағанда» анархистердің нақ осылай еткенін біз көргенбіз (I және II тарауларды қараңыз). Ал социал-демократтардың ғылыми социализмінің теориясын әңгіме еткен кезде де олар дәл осылай істеп отыр.

Ең болмаса мына бір фактыны алайық. Эсерлер мен социал-демократтардың арасында принциптік алалық бар екенін кім білмейді? Социал-демократтар бүтіндей марксизмге сүйеніп отырғанда, — эсерлердің марксизмді, марксизмнің материалистік теориясын, оның диалектикалық методын, оның программасын, тап күресін мойындамай жүргенін кім білмейді? «Революцияшыл Россия» (эсерлердің органы) мен «Искраның» (социал-демократтардың органы) арасында болған айтысты тек құлағы шалған адамға да бұл принциптік айырмашылық өзінен өзі айқын болуға тиіс. Бірақ бұл айырмашылықты көрмей, эсерлер де, социал-демократтар да марксистер бо-

лып табылады деп айқай салатын «сыншылар» туралы не айтасыз? Анархистер, мәселен, «Революцияшыл Россия» мен «Искра» — осы органдардың екеуі де марксистік органдар болып табылады дейді (анархистердің «Астық және еркіндік» деген жыйнағын қараңыз, 202-бет).

Социал-демократияның принциптерімен анархистердің «таныстығы» осындай.

Осыдан кейін олардың «ғылыми сынының» қаншалық дәлелді екені өз-өзінен айқын...

Бұл «сынды» да қарастырып көрейік.

Анархистердің тағатын басты «кінасы» — социал-демократтарды олар шын социалистер екен деп танымайды, сендер — социалистер емессіңдер, сендер — социализмнің жауларысыңдар дегенді қоймайды олар.

Кропоткин бұл туралы былай деп жазады:

«...Социал-демократиялық бағыттағы экономистердің көпшілігінен гөрі... біз басқа қортындыларға келіп жүрміз... Социалистердің көпшілігі (социал-демократтардың да деп түсін. Автор) мемлекеттік капитализмге және коллективизмге дейін барып отырғанда, біз... ерікті коммунизмге дейін барамыз» (қараңыз: Кропоткин, «Кәзіргі заманғы ғылым мен анархизм», 74—75-беттер).

Ал енді социал-демократтардың «мемлекеттік капитализмі» мен «коллективизмінің» мәні не?

Кропоткин бұл туралы былай деп жазады:

«Неміс социалистерінің айтуынша, барлық жыйналған байлық мемлекет қолына жыйналуға тиіс, мемлекет оларды жұмысшы ассоциацияларына табыс етеді, өндіріс пен айырбасты ұйымдастырады және ко-

ғамның тұрмысы мен жұмысын бақылап отырады» (қараңыз: Кропоткин, «Бүлікшінің сөздері», 64-бет).

Онан әрі:

«Коллективистер... өздерінің жобаларында... екі бірдей қате жасап отыр. Олар капиталистік құрылысты жойғысы келеді, ал сонымен қабат, осы құрылыстың негізі болып табылатын екі түрлі тәртіпті: өкілдік басқарма мен жалдамалы еңбекті сақтап қалады» («Астыққа қол жеткізуді» қараңыз, 148-бет)... Коллективизмнің... жалдамалы еңбекті сақтап қалатыны... белгілі. Тек... өкілдік үкімет қана... қожайынның орнында болады...» Бұл үкіметтің өкілдері «өндірістен түсетін қосымша құнды жұрттың бәрінің мүддесіне жұмсау правосын өзінде сақтап қалады. Оның үстіне, бұл системада... жұмысшының еңбегі мен оқыған адамның еңбегінің арасына айырмашылық қойылады: қара жұмысшы еңбегі коллективистің тұрғысынан қарағанда, — жай еңбек, ал енді колөнерші, инженер, ғалым т. б. Маркстің күрделі еңбек деп атаған еңбегімен айналысады, сондықтан жоғары жалақы алуға правосы болады» (жаңағының 52-бетінде). Сонымен жұмысшылар өздеріне қажет өнімдерді өздерінің керегінше алмайды, «қоғамға сіңірген еңбегіне қарай сайма-сай» алады (жаңағының 157-беті).

Грузин анархистері де тек жаңағылардан бетер лепіріп, дәл осының өзін қайталайды. Бұлардың ішінде өзінің көргенсіздігі жағынан әсіресе Bâton мырза көзге түседі. Ол былай деп жазады:

«Социал-демократтардың коллективизмі деген не нәрсе? Коллективизм, немесе, дұрысырақ айтқанда, мемлекеттік капитализм мына принципке негіз-

деледі: әркім өз еңбегінің күн төлемі ретінде товар алып, қанша істегісі келсе, сонша жұмыс істеуге, немесе мемлекет қанша белгілесе, сонша жұмыс істеуге тиіс...». Демек, мұнда «заң шығаратын жыйналыс болу қажет... (сондай-ақ) атқару өкіметі, яғни министрлер, түрліше әкімдер, жандармдар мен шпиондар, егер наразы адамдар өте-мөте көп болатын болса әскер де болу қажет» («Нобатиді» қараңыз, № 5, 68—69-беттері).

Анархист мырзалардың социал-демократтарға қарсы қоятын бірінші «кінасы» осы.

\* \*  
\* \*  
\* \*

Сонымен, анархистердің айтуларынан туатын нәрсе мынау:

1. Социал-демократтардың пікірінше, социалистік қоғам үкіметсіз мүмкін болмайды-мыс, бұл үкімет бас қожайын ретінде жұмысшылар жалдайды және оның «министрлері... жандармдары, шпиондары» болуы міндет. 2. Социалистік қоғамда, социал-демократтардың пікірінше, «қара» жұмысқа, «ақ» жұмысқа бөлу жойылмайды-мыс, ол қоғамда «әркімге керегіне қарай» деген принцип қабылданбай, — «әркімге өзінің сіңірген еңбегіне қарай» деген басқа принцип қабылданылады.

Анархистердің социал-демократияға қарсы қоятын «кінасы» осы екі пунктке негізделген.

Анархист мырзалардың қойып отырған бұл «кіналарында» қандай да болсын бір дәлел бар ма?

Біздің айтатынымыз мынау: анархистердің бұл жерде айтып отырғандарының бәрі де не шолақ ойдың нәтижесі, не лайықсыз өсек.

Фактылар мынадай.

1846 жылдың өзінде-ақ Қарл Маркс былай деген болатын: «Жұмысшы табы, даму барысында, ескі буржуазия қоғамының орнына, таптар мен олардың қарама-қарсылығы болмайтын ассоциация орнатады; онда ешқандай саяси өкімет деген болмайды...» («Философияның бишаралығы» деген шығарманы қараңыз).

Бір жылдан кейін дәл осы пікірді Маркс пен Энгельс «Коммунистік манифесте» айтты («Коммунистік манифест», II тарау)

1877 жылы Энгельс былай деп жазған: «Мемлекеттің бүкіл қоғамның шын өкілі болып істейтін бірінші ісі — өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке айналдыру, — оның мемлекет болып тұрып істеген ең соңғы дербес әрекеті болады. Мемлекеттік өкіметтің қоғамдық қатнастарға қол сұғуы бірте-бірте орынсыз бола келіп, ақырында өзінен-өзі тоқталады. Мемлекет «жойылмайды», ол жоғалады» («Анти-Дюринг»).

1884 жылы тағы да сол Энгельс былай деп жазған: «Сонымен, мемлекет мәңгі өмір сүріп отырмайды. Мемлекетсіз күн көрген, мемлекет туралы түсінігі болмаған қоғамдар болған... Қоғамның таптарға бөлінуіне қажетті байланысы болған экономикалық дамудың белгілі бір сатысында мемлекет... қажетті болды. Біз енді бұл таптардың өмір сүруі қажеттік болудан қалатыны былай тұрсын, қайта оның өзі өндіріске турадан-тура бөгет бола бастаған өндіріс дамуының сатысына тез баса жақындап келеміз. Таптар бұрын қалай лажсыз келіп туған болса, енді олар нақ солай лажсыз жоғалады. Таптардың жоғалуымен бірге мемлекет те лажсыз жоғалады. Өн-



дірушілердің ерікті және тең праволы ассоциациясы чегізінде өндірісті жаңаша ұйымдастыратын қоғам бүкіл мемлекеттік машинаны оның сол кездегі нағыз тиісті орнына: ерте заманғы мүліктер музейіне апарып, ұршық пен қола балта қатарына апарып қояды» («Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген шығарманы қараңыз).

1891 жылы Энгельс тағы да осыны қайталайды («Франциядағы азамат соғысының» Кіріспесөзін қараңыз).

Көріп отырсыздар ғой, социал-демократтардың пікірінше, социалистік қоғам дегеніміз — мемлекет дегенге, министрлері, губернаторлары, жандармдары, полицейскилері және солдаттары бар саяси өкіметке орын болмайтын қоғам. Мемлекеттің өмір сүруінің соңғы кезеңі социалистік революцияның дәуірі болады, бұл кезде пролетариат мемлекеттік өкіметті өз қолына алып, буржуазияны біржолата жою үшін меншікті өз үкіметін (диктатурасын) құрады. Бірақ буржуазия жойылған кезде, таптар жойылған кезде, социализм орын тепкен кезде енді ешқандай саяси өкімет қажет болмайды, — сөйтіп мемлекет деген нәрсе тарих саласына кетеді.

Көріп отырсыздар ғой, анархистердің бұл қойып отырған «кінасы» ешқандай дәлелі жоқ өсек болып табылады.

Ал қоятын «кінасының» екінші пунктін алатын болсақ, бұл туралы Карл Маркс былай дейді:

«Коммунистік (яғни социалистік) қоғамның ең жоғарғы сатысында, адамды құл етіп алатын еңбек бөлінуіне бағыныштылық жоғалғаннан кейін; осымен бірге ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегінің қарама-

қарсылығы жоғалған кезде, еңбектің өзі... өмірдің бірінші қажетті нәрсесі болған кезде, жеке адамдардың әр тараптан өсуімен бірге өндіргіш күштер де өскен кезде... тек сол кезде ғана буржуазиялық правоның тар шеңберін мүлдем жоюға болады және қоғам өзінің туына: «Әркім қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай!» деп жаза алады» («Гота программасына сын»).

Көріп отырсыздар ғой, Маркстің пікірінше, коммунистік (яғни социалистік) қоғамның ең жоғары сатысы дегеніміз — «қара» жұмыс, «ақ» жұмыс деп бөлушілік және ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қайшылық толығымен жойылған, еңбек теңестірілген және қоғамда: әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай деген шын коммунистік принцип үстем болатын қоғамдық құрылыс. Мұнда жалдамалы еңбекке орын жоқ.

Бұл қойылған «кінасының» да ешбір дәлелі жоқ екені айқын.

Екіншісі: не анархист мырзалар Маркс пен Энгельстің жоғарыда аталған шығармаларын көзімен де көрмеген, тек естуі бойынша ғана «сынап» отыр, не олар Маркс пен Энгельстің аталған еңбектерімен таныс, бірақ көре-тұра өтірік айтып отыр.

Бірінші қойған «кінасының» тағдыры осындай.

\*  
\*

Анархистердің қоятын екінші «кінасы» — олар социал-демократияның революцияшылдығын бекер дейді. Анархист мырзалар бізге: сендер революционер-  
26\*

лер емессіндер, сендер күштеп өткізетін революцияны бекер деп білесіндер, сендер социализмді тек сайлау бюллетеньдері арқылы ғана орнатқыларың келеді дейді.

Тындаңыздар:

«...Социал-демократтар... «революция», «революциялық күрес», «қолға қару алып күресу»... деген тақырыпта такпақтауды тәуір көреді. Бірақ сіз шын ықыласыңызбен олардан қару сұрасаңыз, олар сізге салтанатпен, сайлауда дауыс беретін, билет береді...» Олар сізді «революционерге лайықты бірден-бір қолайлы тактика — капитализмге, орнап отырған өкіметке және бүкіл өмір сүріп отырған буржуазиялық құрылысқа адал қызмет етуге ант беретін бейбіт және жарыя парламентаризм» деп сендіреді («Астық пен еркіндік» деген жыйнақты қараңыз, 21, 22—23-беттер).

Грузин анархистері де осыны айтады, әрине, бұлардан да гөрі лепіре соғады. Вâтонды-ақ алып қараңыз, ол былай деп жазады:

«Бүкіл социал-демократия... ашықтан-ашық: винтовка мен қару ұстап күресу революцияның буржуазиялық методы болып табылады, сондықтан партиялар тек сайлау бюллетеньдері арқылы ғана, тек жалпыға бірдей сайлау арқылы ғана өкіметті қолға түсіріп ала алады, сөйтіп сонан соң парламент көпшілігі мен заң шығару арқылы қоғамды қайта құра алады деп отыр» («Мемлекеттік өкіметті басып алу» деген шығарманы қараңыз, 3—4-беттер).

Марксистер туралы анархист мырзалар осылай дейді.

Бұл «кіналаудың» қандай да болса бір дәлелі бар ма?

Анархистер бұл арада да өздерінің надандығы мен өсек-аяңға кұмарлығын көрсетіп отыр деп біз айта аламыз.

Фактылар мынадай.

Қарл Маркс пен Фридрих Энгельс тіпті 1847 жылдың аяғында-ақ былай деп жазған болатын:

«Коммунистер өздерінің көзқарастары мен ниеттерін жасыруды жексұрын іс деп есептейді. Олар өздерінің мақсаттарына бүкіл осы күнгі қоғамдық құрылысты күшпен кұлату арқылы ғана жете алатындығын ашық айтады. Үстем таптар Коммунистік Революциядан қорқып қалтырай берсін. Пролетарлар бұл революцияда өздерінің бұғауларынан басқа ештеңе де жоғалтпайды. Олар бүкіл дүниеге ие болады. Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» («Коммунистік партияның манифесін» қараңыз. Кейбір жарыя шығарылған аудармасында бірнеше сөз қалып қойған).

1850 жылы, Германияда жаңа қозғалыс болуын күтіп жүріп, Қарл Маркс сол кездегі неміс жолдас-тарына былай деп жазған болатын:

«Қару-жарақ пен оқ-дәрілерін олар қандай жағдай болса да тапсырмаулары керек... Жұмысшылар командирі және бас штабы бар дербес пролетарлық гвардия түрінде ұйымдасуы керек...» Ал мұны «болғалы тұрған көтеріліс кезінде және одан кейін естен шығармаулары керек» («Кёльндегі сотты» қараңыз. Маркстің коммунистерге үндеуі)<sup>95</sup>.

1851—52 жылдары Қарл Маркс пен Фридрих Энгельс былай деп жазған: «...Көтеріліс бір басталып

кеткен соң, аса зор батылдықпен қыймылдау керек және шабуылға көшу керек. Қорғаныс жасау дегеніңіз қарулы көтеріліс атаулыға өлім болып табылады... Жауды, оның әскерлері әлі де болса бөлшектеніп жатқан кезде, кенеттен басып алу керек; күн сайын азда болса жаңа табыстарға жету керек... жау саған қарсы өз әскерлерін жыйнап үлгірем дегенше, жауды шегінуге мәжбүр ету керек. Бір сөзбен айтқанда, революциялық тактиканың осы күнге дейін белгілі адамдарының асқан шебері Дантонның: батылдық, батылдық және тағы да батылдық керек деген сөздері бойынша қыймылда» («Германиядағы революция мен контрреволюция»).

Біз бұл арада әңгіме «сайлау бюллетеньдері» туралы ғана болып отырған жоқ-ау деп ойлаймыз.

Ақырында, Париж Коммунасының тарихын еске түсіріңізші, Париждегі жеңіске қанағаттанып, контрреволюцияның ұясы болған Версальға шабуыл жасаудан бас тартып, Коммунаның жайбарақаттыққа салынғанын еске түсіріңізші. Сіз сонда Маркс не айтты деп ойлайсыз? Маркс париждіктерді сайлауға шақырды ма екен? Ол Париж жұмысшыларының (бүкіл Париж жұмысшылардың қолында болған) бейқамдығын мақұлдады ма екен, жұмысшылардың жеңілген версальдықтарға рақымдылықпен қарағанын ол мақұлдады ма екен? Марксті тыңдаңызшы:

«Бұл париждіктердің оралымдылығы, тарихи бастамасы, жан сала қыймылдау қабілеті неткен тамаша еді! Алты ай созылған аштықтан кейін... олар прус әскерлерінің найзасына қарамай көтеріліс жасайды... Мұндай ерлік үлгісін тарих білген емес! Егер олар жеңіліп шыкса, бұған кіналы олардың

«ақкөңілдігінен» басқа ешнәрсе емес. Винуа, ал онан кейін Париждегі ұлт гвардиясының реакцияшыл бөлімі Парижден қашқаннан кейін-ақ, дереу Версальға аттану керек еді. Өжданы бармай уақытты өткізіп алды. Адам айтқысыз азғын Тьердің өзі Парижді құралсыздандыру жөнінде жасаған әрекеті арқылы азамат соғысын бастамай отырғандай-ақ, париждіктер өздері азамат соғысын бастағылары келмеді! («Кугельманға жазылған хаттар») <sup>99</sup>.

Қарл Маркс пен Фридрих Энгельс осылайша ойлады, осылайша қыймылдады.

Социал-демократтар да осылайша ойлайды, осылайша қыймылдайды.

Ал анархистер: Маркс пен Энгельс және олардың жолын қуушылар сайлау бюллетеньдерін ғана ойлайды, — олар күш жұмсап, революциялық қыймыл көрсетуді мойындамайды! дегенін қоймайды.

Көріп отырсыздар ғой, бұл қоятын «кінасы» да марксизмнің түпкі мәні жөнінде анархистердің на-дандығын көрсететін өсек-аяң болып табылады.

Екінші қоятын «кінасының» тағдыры осындай.

\* \* \*

Анархистердің қоятын үшінші «кінасы» — социал-демократияның халықтық сыйпатын олар бекер дейді, социал-демократтарды бюрократтар деп көрсетеді және пролетариат диктатурасының социал-демократиялық жоспары — революцияға өлім, оның үстіне, социал-демократтар осындай диктатураны қолдайтындықтан, іс жүзінде олар пролетариат диктатура-

сын орнатқысы келмейді, пролетариаттың үстінен өзінің диктатурасын орнатқысы келеді дейді.

Кропоткин мырзаны тыңдаңыз:

«Біз анархистер, диктатураға қарсы тұжырымды үкім шығардық... Диктатура атаулының бәрі, оның ниеттері қаншалық адал болғанмен, революцияны өлімге әкеліп соқтыратынын біз білеміз... Диктатураның идеясы... қашан да болса құлдықты мәңгі сақтап қалуға тырысатын үкіметті дәріптеудің зиянды нәтижесінен басқа ешнәрсе емес екенін біз білеміз», (қараңыз: Кропоткин, «Бүлікшінің сөздері», 131-бет). Социал-демократтар революциялық диктатураны ғана мойындап қоймайды, онымен бірге, олар «пролетариаттың үстінен диктатура орнатуды жақтайды. Олардың жұмысшыларға қызығатын себебі: жұмысшылар олардың қолында тәртіпті армия болып табылады... Социал-демократия пролетариат арқылы мемлекеттік машинаны өз қолдарына түсіріп алғысы келеді» («Астық пен еркіндік», 62, 63-беттерін қараңыз).

Грузин анархистері де осыны айтады:

«Пролетариат диктатурасы тура мағнасында тіпті мүмкін емес, өйткені диктатураның жақтаушылары — мемлекетшілдер, сондықтан олардың диктатурасы барлық пролетариаттың еркін әрекеті болмайды, қоғам басына кәзірде де өмір сүріп отырған өкілдік өкіметтің өзін қою болады» (Ватопды қараңыз, «Мемлекеттік өкіметті басып алу», 45-бет). Социал-демократтар диктатураны қолдағанда, пролетариатты азат етуге көмектесу үшін қолдап отырған жоқ, қайта... «өзінің үстемдігімен жаңадан құлдық орна-

ту үшін... қолдап отыр» («Нобатиді» қараңыз, № 1, 5-бет. Bâton).

Анархист мырзалардың үшінші қоятын «кінасы» осындай.

Анархистердің оқушыны алдауға арналған бұл кезекті жаласын әшкерелеу үшін көп еңбек ету керек болмайды.

Біз бұл арада Кропоткиннің диктатура атаулының бәрі де — революцияға өлім болып табылады дейтін бүтіндей қате көзқарасын тексерумен шұғылданып жатпаймыз. Бұл жайында біз кейін анархистердің тактикасын тексерген жерде айтармыз. Бұл жерде біз тек «кінаның» өзіне ғана соғып өтпекпіз.

Тіпті 1847 жылдың ақырында-ақ Қарл Маркс пен Фридрих Энгельс социализмді орнату үшін пролетариат саяси диктатураны жеңіп алуы керек, сөйтіп бұл диктатура арқылы буржуазияның контрреволюциялық шабуылдарын тойтаруы және оның өндіріс құрал-жабдықтарын тартып алуы керек, бұл диктатура бірнеше адамның диктатурасы болмай, бүкіл пролетариат табының диктатурасы болуы керек деген болатын:

«Пролетариат өзінің саяси үстемдігін буржуазиядан бірте-бірте барлық капиталын тартып алу үшін, өндіріс құралдарының бәрін үстем тап болып ұйымдасқан пролетариаттың қолына... шоғырландыру үшін... пайдаланады...» («Коммунистік манифесті» қараңыз).

Яғни пролетариат диктатурасы бірнеше адамның пролетариатқа үстемдік жүргізуі болмайды, бүкіл пролетариат табының буржуазияға жүргізетін диктатурасы болады.



Бұдан кейін олар дәл осы пікірді өздерінің барлық шығармаларында-ақ қайталайды, мәселен, «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмерінде», «Франциядағы тап күресінде», «Франциядағы азамат соғысында», «Германиядағы революция мен контрреволюцияда», «Анти-Дюрингте» және басқа еңбектерінде қайталайды.

Бірақ мұның өзі бәрі емес. Маркс пен Энгельстің пролетариат диктатурасын қалай ұғынғанын айқындау үшін, олар бұл диктатураны жүзеге асыру қаншалық мүмкін деп есептегенін айқындау үшін, міне осылардың бәрі үшін олардың Париж Коммунасына қалай қарағанын білу өте қажет. Әңгіме мынада: пролетариат диктатурасы күңкілге тек анархистер арасында ғана кездесіп отырған жоқ, онымен қатар, қаланың ұсақ буржуасының, оның ішінде түрліше қасапшылар мен трактиршіктердің, — Маркс пен Энгельс филистер деп атағандардың бәрінің арасында да кездесіп отыр. Энгельс пролетариат диктатурасы жайында осындай филистерлерге арнап былай дейді:

«Соңғы кезде неміс филистері пролетариат диктатурасы деген сөзді естісе-ақ тағы да үрейленіп қорқа бастайтын болды. Бұл диктатураның не екенін білгілеріңіз келе ме марқабәтті ұлықтар? Париж Коммунасына қараңыз. Міне мұның өзі пролетариат диктатурасы болған болатын» («Франциядағы азамат соғысын» қараңыз. Энгельстің Кіріспесөзі) <sup>97</sup>.

Көріп отырсыздар ғой, Энгельс пролетариат диктатурасын Париж Коммунасы түрінде түсінген.

Кімде-кім марксистердің түсінуінше пролетариат диктатурасы дегеніміз не екенін білгісі келсе, ол адамның Париж Коммунасымен танысуы керек еке-

ні айқын. Біз де Париж Қоммунасын алып қаралық. Егер Париж Қоммунасы шынында да жеке адамдардың пролетариатқа диктатурасын жүргізуі болып шықса, — онда марксизм жойылсын, пролетариат диктатурасы жойылсын! Ал егер біз Париж Қоммунасы шындығында пролетариаттың буржуазияға диктатура жүргізуі болғанын көрсек, — онда.. онда, марксистерге қарсы күресте өтірік-өсек ойлап шығарудан басқа ешнәрсе таба алмай отырған анархист өсекшілерге ішек-сілеміз қатқанша күлетін боламыз.

Париж Қоммунасының тарихында екі дәуір бар: бірінші дәуір Париждегі істерді белгілі «Орталық комитет» бастаған дәуір, ал екінші дәуір «Орталық комитеттің» өкілдігі аяқталғаннан кейін істерді басқару жұмысы жаңада ғана сайланған Қоммунаға берілген дәуір. «Орталық комитет» дегеннің өзі қандай еді, ол кімнен құралған еді? Біздің алдымызда Артур Арнудың «Париж Қоммунасының халықтық тарихы» деген кітабы жатыр, Арнудың айтуынша, ол тарих осы сұраққа қысқаша жауап береді. Париждың 300 000ға жуық жұмысшылары роталар мен батальондар құрып, орталарынан делегат сайлаған кезде күрес жаңа ғана басталып еді. «Орталық комитет» осылайша құралған еді.

«Өз роталарының немесе батальондарының бөлек сайлауларымен сайланған бұл азаматтардың бәрі («Орталық комитеттің» мүшелері) — дейді Арну, — өздерін делегат етіп сайлаған бір бөлек адамдарға ғана мәлім еді. Бұлар кім, қандай адамдар еді және олар не істегісі келіп еді?» Мұның өзі «түгелімен дерлік ылғый қарапайым жұмысшылар мен ұсақ қызметшілерден құралған, олардың төрттен

үшінің аттарын өздерінің тұрған көшелерінен немесе қызмет істейтін конторларынан тыс ешкім білмейтін адамдардан құралған «белгісіз үкімет» еді... Дәстүр бұзылды. Дүниеде күтпеген бір іс болды. Онда бұрынғы үстем таптың бірде-бір өкілі болмады. Бір адвокат, бір депутат, бір журналист, бір генерал қатнаспаған революция бұрқ ете түсті. Олардың орнына Крезоның кеншісі, кітап түптеуші, ас пісіруші және басқалар қатнасты» («Париж Коммунасының халықтық тарихын» қараңыз, 107-бет).

Артур Арну одан әрі былай дейді:

«Біз, — деді «Орталық комитет» мүшелері, — белгісіз мекемеміз, атакаға шыққан халықтың қол шоқпарымыз... Біз... халық тілегінің қызметшілеріміз, біз мұнда оның дабылшысы болу үшін, оны жеңіске жеткізу үшін отырмыз. Халық Коммунаны тілеп отыр, біз де Коммунаны сайлауға кірісу үшін қала тұрамыз. Біздің осыдан артық та, кем де ісіміз жоқ. Бұл диктаторлар бұқарадан жоғары да көтерілген жоқ, төмен де түскен жоқ. Олар бұқарамен бірге, солардың ортасында, солар арқылы өмір сүріп отырғаны сезілуші еді, олар секунд сайын бұқарамен кеңесіп отырушы еді, оларды тыңдап, естігенін жеткізуші еді, үш жүз мың адамның пікірін тек ықшам түрде... жеткізуге тырысушы еді» (сонда, 109-бетті қараңыз).

Өз өмірінің бірінші дәуірінде Париж Коммунасы өзін осылай ұстады.

Париж Коммунасы осындай болған.

Пролетариат диктатурасы осындай.

Енді «Орталық комитеттің» орнына жұмыс істеген Коммунаның екінші дәуіріне көшеміз. Екі

айға созылған осы екі дәуір туралы айта келіп, Арну бұл нағыз халық диктатурасы болды деп сүйсініп сөз қылады. Тыңдаңыз оның сөзін:

«Бұл халықтың екі ай бойындағы айбынды көрiнiсi бiзге болашаққа көз жiберiп қарауға күш-қуат, зор үмiт... бередi. Осы екi айдың iшiнде Парижде шын диктатура, нағыз толық және талассыз диктатура болды, және бiр адамның диктатурасы емес, жай-жағдайдың бiрден-бiр қожасы болған, бүкiл халық диктатурасы болды.... Бұл диктатура үздiксiз екi айдан артығырақ уақытқа, 18 марттан 22 майға дейiн (1871 жылғы)... созылды». Өзiн алғанда «...Коммуна тек моральдiк өкiмет болды және азаматтардың жаппай тiлектестiгiнен... басқа материалық күшi болған жоқ, халық өктемдiк жүргiзушi болды, бiрден-бiр өктемдiк жүргiзушi болды, өз полициясы мен магистратурасын өзi құрды...» (бұл да сонда, 242, 244-беттердi қараңыз).

Коммуна мүшесi, оның қолма-қол ұрыстарына белсене қатнасқан Артур Арну Париж Коммунасын осылай сыйпаттайды.

Коммунаның басқа бiр мүшесi және Арну сыяқты белсендi қатнасушысы Лиссагарэ да Париж Коммунасын осылай сыйпаттайды (оның «Париж Коммунасының тарихы» деген кiтабын қараңыз).

Халық «бiрден-бiр өктемдiк жүргiзушi» болды, «бiр адамның диктатурасы емес, бүкiл халықтың диктатурасы» болды — Париж Коммунасы мiне осындай болған.

«Париж Коммунасына қараңдар. Мұның өзi пролетариат диктатурасы болған болатын» деп Энгельс филистерлерге қатты ескерткен.

Міне, Маркс пен Энгельстің түсінуінше пролетариат диктатурасы деген осылай болып шығады.

Көріп отырсыздар ғой, анархист мырзалардың пролетариат диктатурасымен, Париж Қоммунасымен таныстығы, өздері қайта-қайта «сынап» отырған марксизммен таныстығы, — оқушым, сіз бен біздің қытай жазуымен таныстығымыз сыяқты көрінеді.

Диктатураның екі түрлі болатындығы айқын. Азшылықтың диктатурасы, бір кішкене топ адамның диктатурасы, Треповтар мен Игнатьевтердің халыққа қарсы бағытталған диктатурасы болады. Әдетте мұндай диктатураның басында құпия қаулылар алатын және халықтың көпшілігіне салынған бұғауды тарта түсетін жауапсыз алаяқтар отырады.

Марксистер мұндай диктатураның жаулары болып табылады, оның бержағында, олар мұндай диктатураға қарсы біздің айқайшыл анархистерден әлде қайда табанды және аяусыз күреседі.

Басқа да бір диктатура — буржуазияға қарсы, азшылыққа қарсы бағытталған пролетарлар көпшілігінің диктатурасы, бұқараның диктатурасы бар. Мұнда диктатураның басында көпшілік отырады, мұнда жауапсыз алаяқтыққа да, құпия қаулыларға да орын жоқ, мұндағы істің бәрі де ашық істеледі, көшеде, митингілерде істеледі, — ал мұның себебі — бұл диктатура қанаушы атаулыға қарсы бағытталған көшенің, бұқараның диктатурасы.

Мұндай диктатураны марксистер «қос қолдап» қолдайды, — ал мұның себебі — мұндай диктатура ұлы социалистік революцияның ұлы бастамасы болып табылады.

Анархист мырзалар осы бірін бірі бекерге шыға-

ратын екі диктатураны шатастырып алды, сөйтiп кiсi күлерлiк күйге ұшырады: олар марксизммен күресiп отырған жоқ, өз қара бастарының қыялымен күресiп отыр, олар Маркспен және Энгельспен шайқасып жүрген жоқ, бiр кездегi топрағы торқа болғыр Дон-Кихот сыяқты жел диірменмен шайқасып жүр...

Үшiншi қоятын «кiнасының» тағдыры осындай.

(Жалғасы бар.)\*

„Ахали Дроба“ („Жаңа Заман“) газетi,  
№ 5, 6, 7 және 8. 1906 жылғы 11, 18, 25 декабрь  
және 1907 жылғы 1 январь.

„Чвен: Цховреба“ („Бiздiң Тұрмыс“) газетi,  
№ 3, 5, 8 және 9. 1907 жылғы 21, 23, 27 және  
28 февраль.

„Дро“ („Заман“) газетi, № 21, 22, 23 және 26.  
1907 жылғы 4, 5, 6 және 10 апрель.

Қол қойған: К о . . .

Орысшасы грузин тiлiнен аударылған

---

\* Жалғасы баспасөз бетiне шыққан жоқ, өйткенi 1907 жылдың ортасында Орталық Комитет Сталин жолдасты Бакуге партия қызметiне жібередi, онда ол бiрнеше айдан кейiн тұтқынға алынады, ал «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген еңбегiнiң соңғы тарауларына жататын қолжазбалары тiнту кезiнде жоғалған. Ред.

---

# ҚОСЫМША

## АНАРХИЗМ БЕ ӘЛДЕ СОЦИАЛИЗМ БЕ?

### ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМ

#### I

Біз «анархизм» деген сөзді ауызға алғанда-ақ қабағын шытып сырт беретін, сөйтіп: «Онымен сіздің шұғылданғыңыз-ақ келіп тұрады екен, оның тіпті сөз қылуға да тұрмайды ғой» деп қолын бір-ақ сілтеп тастайтын адамдардан емеспіз. Біз мұндай арзан «сын» әрі орынсыз, әрі пайдасыз деп білеміз.

Біз анархистердің «сүйенетін бұқарасы жоқ, сондықтан олар оншама хауіпті де емес» деп өздерін өздері жұбататын адамдардан да емеспіз. Мәселе азды-көпті «бұқараның» бүгін кімге еріп отырғандығында емес, — мәселе ғылымның мәнінде. Егер анархистердің «ғылымы» ақиқатты көрсетіп отырған болса, онда ол сөзсіз өзіне жол ашып, бұқараны өз төңірегіне жыйнайтыны өзінен өзі түсінікті. Ал егер ол ғылым дәйексіз және жалған негізге құрылған болса, онда ол ұзақ өмір сүре алмайды, сөйтіп далада қалып қояды. Бірақ анархизмнің бұл дәйексіздігі дәлелденуге тиіс.

Біз анархистерді марксизмнің нағыз дұшпандары деп есептейміз. Олай болса, біз нағыз дұшпандармен шындап күресу керек екенін де мойындаймыз. Ал сондықтан анархистердің «ғылымын» бастан-аяқ қалдырмай тексеріп, оны жан-жағынан бірдей әбден салмақтап көру қажет болады.

Бірақ анархизмді сынаумен қатар біздің өз позициямызды да түсіндіре кету, сонымен, жалпы алғанда Маркс пен Энгельс-

тің ғылымын баяндай кету қажет болады. Мұның өте-мөте қажет болатын себебі сол, кейбір анархистер марксизм туралы жалған түсінік таратып, оқушылардың басын қатырып жүр.

Сонымен, іске кіріселік.

*Дүниедегінің бәрі де қозғалып отырады...  
Тұрмыс өзгеріп отырады, өндіргіш күштер  
өсіп отырады, ескі қатнастар қыйрап  
отырады... Мәңгі қозғалу мен мәңгі қый-  
рау-жаңару — тұрмыстың мәні осындай.*

К. М а р к с

*(„Философияның бишаралығын“ қараңыз)*

Марксизм — социализмнің тек теориясы ғана емес, ол — дүниеге бір тұтас көзқарас, философиялық система, бұл системадан логикалық түрде Маркстің пролетарлық социализмі келіп шығады. Бұл философиялық система диалектикалық материализм деп аталады. Сондықтан марксизмді баяндау — диалектикалық материализмді де баяндау болып табылатыны анық.

Бұл системаның диалектикалық материализм деп аталатын себебі не?

Себебі, оның методы — диалектикалық метод, ал теориясы — материалистік теория.

Диалектикалық метод дегеніміз не?

Материалистік теория дегеніміз не?

Тұрмыс дегеніміз үздіксіз өсуде, дамуда болып отырады деседі, — бұл дұрыс та: қоғамдық тұрмыс өзгермейтін, бір қалыпта тұрып қалған бір нәрсе емес, ол бір қалыпта еш уақыт тоқтап қалмайды — ол мәңгі қозғалуда, мәңгі қыйрауда және жаңаруда болады. Мәңгі қозғалу мен мәңгі қыйрау-жаңару — тұрмыстың мәні осындай деп Маркс текке айтпаған. Сондықтан да тұрмыста әр уақыт жаңалық пен ескілік, өсуші мен өшуші, революция мен реакция болып отырады, — онда әр уақыт бірдеңе сөзсіз өледі, ал сонымен бірге әр уақыт бірдеңе сөзсіз туады...



Диалектикалық метод: тұрмыс шынында қандай болса, оны нақ сондай деп қарау керек дейді. Тұрмыс үздіксіз қозғалуда болады, олай болса, біз де тұрмысты оның сол қозғалу, қыйрау және жаңару күйінде қарауға тиіспіз. Тұрмыс қайда барады, тұрмыста не өліп, не туып жатыр, не қыйрап, не жаңарып жатыр — міне бізді ең алдымен осындай мәселелер қызықтыру тиіс.

Диалектикалық методтың бірінші қортындысы осындай.

Тұрмыста туып және күннен-күнге өсіп отырған зат — жеңілмейтін зат, оның алға басуын тоқтату мүмкін емес, ол жеңбей қоймайды. Яғни егер тұрмыста, мәселен, пролетариат туып, күннен-күнге өсіп отырса, онда ол бүгінгі күні қаншама әлсіз және аз болғанымен, ақыр-аяғында ол бәрібір жеңіп шығады. Ал оның керісінше, тұрмыста өлімге бас қойып, көрге бет алғандар сөзсіз жеңілуге тиіс, яғни егер, мәселен, буржуазия табан тірегінен айрылып, күннен-күнге кері кетіп бара жатса, бүгінгі күні ол қаншама күшті және көп болғанымен, ақыр-аяғында ол бәрібір жеңіліп, көрге кіруге тиіс. Осыдан келіп: өмір сүріп отырғандардың бәрі, яғни күннен-күнге өсіп отырғандардың бәрі — ақылға қонымды деген белгілі диалектикалық қағыйда туды.

Диалектикалық методтың екінші қортындысы осындай.

XIX ғасырдың сексенінші жылдарында орыстың революцияшыл интеллигенциясы арасында тамаша бір талас туды. Халықшылдар отырып «Россияны азат етуді» өз қолына ала алатын басты күш — кедей шаруалар дегенді айтты. Неге? — деп сұрады олардан марксистер. Неге десеңіз, деді олар, шаруалар бәрінен де көп, онымен қатар, орыс қоғамында бәрінен де кедей. Марксистер былай деп жауап қайырды: рас, шаруалар бүтін көпшілік және олар өте кедей, бірақ істің мәні осында ма? Шаруалар баяғыдан бері-ақ көпшілік болатын, бірақ олар «бостандық» үшін күресте бұған дейін пролетариаттың көмегіңсіз ешқандай бастама көрсеткен емес. Ал оның себебі не? Оның себебі — шаруалар сословие ретінде күннен-күнге ыдырап барады, пролетариат пен буржуазияға бөлініп барады, ал пролетариат тап ретінде күннен-күнге өсіп келеді, нығайып келеді. Бұл жерде кедейліктің де шешуші маңызы жоқ: «жалаңаяқтар» шаруалардан да кедейірек, бірақ олар «Россияны азат етуді» өз қо-

лына ала алады деп ешкім де айтпайды. Істің мәні тек кімнің тұрмыста өсіп, кімнің қартайып бара жатқандығында ғана болып отыр. Ал енді пролетариат үздіксіз өсіп, нығайып келе жатқан бірден-бір тап болғандықтан, біздің борышымыз — оның қатарына қосылу, оны орыс революциясындағы басты күш деп тану, — марксистер осылайша жауап берді. Көріп отырсыздар ғой, марксистер мәселеге диалектикалық тұрғыдан қарады, ал халықшылдар метафизикалық тұрғыдан байымдады, неге десеңіз олар тұрмыс құбылыстарына «өзгермейтін, бір қалыпта тұрып қалған, біржолата болып болған» нәрсе деп қарады (Ф. Энгельстің «Философия, саяси экономия, социализм» деген шығармасын қараңыз).

Диалектикалық метод тұрмыстың қозғалысына осылай қарайды.

Бірақ қозғалыстың да қозғалысы бар. Қоғам тұрмысындағы «декабрь күндері» тұсында болған қозғалыс бір басқа, бұл кезде пролетариат арқасын жазып, қару-жарақ складтарына тап берді, реакцияға қарсы шабуылға шықты. Бірақ қоғамдық қозғалыс деп онан бұрынғы жылдардағы қозғалысты да атау керек болады, ол кезде пролетариат «бейбіт» даму жағдайларында жеке ереуілдер жасаумен, ұсақ кәсіпшілер одақтарын құрумен ғана тынып отырды. Сонымен қозғалыстың әртүрлі формалары болатыны айқын. Ал сонымен диалектикалық метод қозғалыстың екі формасы: эволюциялық және революциялық формасы бар дейді. Прогресшіл элементтер өздерінің күнбе-күнгі жұмысын стихиялық жолмен жүргізе беретін болса және ескі тәртіптерге ұсақ-түйек, санды, өзгерістер енгізіп отыратын болса, онда мұның өзі эволюциялық қозғалыс болады. Ал осы прогресшіл элементтер ескі тәртіптерді оның сапалы белгілерімен бірге қопара жою үшін және жаңа тәртіп орнату үшін біріксе, бір идеяны қолданса, жаудың лагеріне қарсы ұмтылатын болса, онда мұның өзі революциялық қозғалыс болады. Эволюция революцияны даярлайды, оған негіз салады, ал революция эволюцияны кемеліне келтіріп, оның келешек жұмысына көмектеседі.

Осындай процестер табиғат тұрмысында да болып отырады. Ғылым тарихы диалектикалық методтың шын ғылыми метод екенін көрсетіп отыр: астрономиядан бастап социологияға дейін—

бәрінде де дүниеде мәңгілік ешнәрсе жоқ, бәрі де өзгеріп отырады, бәрі де дамып отырады деген пікір дәлелденіп отыр. Демек, табиғаттағы нәрсенің бәрі де қозғалу, даму тұрғысынан қаралып отыруға тиіс. Ал мұның өзі диалектиканың рухы кәзіргі ғылымның бәріне тегіс еніп отыр деген сөз.

Ал қозғалыстың формаларына келетін болсақ, диалектика бойынша, ұсақ, саяды, өзгерістер ақыр-аяғында үлкен, сапалы, өзгерістерге әкеліп соғатынына келетін болсақ, — онда бұл заңның табиғат тарихында да дәл сондай күші болады. Менделеевтің «элементтердің дүркінді системасы» саяды өзгерістерден сапалы өзгерістер тууының табиғат тарихында қандай зор маңызы бар екенін айқын көрсетеді. Биологиядағы неodarвинизмнің орнын басқан неоламаркизм теориясы да осыны дәлелдейді.

Біз өзінің «Анти-Дюрингінде» Ф. Энгельс әбден толық баяндаған басқа фактылар туралы ешнәрсе айтпай отырмыз.

\* \*

\*

Сонымен, біз енді диалектикалық методпен таныспыз. Бұл метод бойынша, дүние мәңгі қозғалуда, қыйрау және жаңарудың мәңгі процесінде болып отыратынын, ал, демек, табиғаттағы болсын, қоғамдағы болсын құбылыс атаулының бәрін де бір қалыпта тұрып қалған, қозғалмайтын нәрсе деп қарамай, оны қозғалу, қыйрау және жаңару процесінде қарау керек екенін біз білеміз. Сонымен қатар біз бұл қозғалыстың өзінің екі формасы: эволюциялық және революциялық формалары бар екенін де білеміз...

Диалектикалық методқа біздің анархистеріміз қалай қарайды?

Диалектикалық методтың арғы атасы Гегель болғаны жұртқа мәлім. Маркс бұл методты тек тазартып, оңдады. Бұл жағдай анархистерге мәлім; олар Гегельдің консерватор болғанын да біледі, ал сондықтан «реті» келгендікті пайдаланып, олар Гегельді мейлінше балағаттайды, оны «реакцияшыя» және «жаңғыртушылықты» жақтаушы деп келіп жерден алып, жерден салады, олар «Гегель... жаңғыртушылықтың философы... абсолюттік түріндегі бюрократтық конституционализмді дәріптеуші деп, оның тарих философиясының жалпы идеясы жаңғыртушы-

лық дәуірінің философиялық бағытына бағынған және соған қызмет етеді», тағысын тағылар, тағы сондайлар деп өршелене дәлелдейді («Нобатиді» қараңыз, № 6. В. Черкезшвилидің мақаласы). Рас, бұл туралы олармен ешкім таласпайды, қайта, Гегельдің революционер болмағанын, оның монархияны жақтағанын әркім мойындайды, бірақ сонда анархистер Гегель — «жаңғыртушылықты» жақтаушы деп «дәлелдей береді» және тынбастан «дәлелдей беруді» қажет деп есептейді. Мұның себебі не? Мұның себебі, сірә, осының бәрімен Гегельдің беделін түсіріп, оқушыға «реакцияшыл» Гегельдің методы да «жексұрын» және ғылыми емес деп сездіру болса керек. Егер мұның өзі шынында да солай болса, егер анархист мырзалар осындай жолмен диалектикалық методты теріске шығарамыз деп ойласа, онда мен, осындай жолмен олар өздерінің дәрменсіздігінен басқа ешнәрсені дәлелдей алмайды деп айтуға тиістімін. Паскаль мен Лейбниц революционер болған емес, бірақ олардың тапқан математикалық методы кәзір ғылыми метод деп танылып отыр. Майер мен Гельмгольц революционер болған емес, бірақ олардың физика саласында тапқан жаңалықтары ғылымға негіз болды; Ламарк пен Дарвин де революционер болған емес, бірақ олардың эволюциялық методы биология ғылымын жөнге салды... Солай, осындай жолмен анархист мырзалар өздерінің дәрменсіздігінен басқа ешнәрсені де дәлелдей алмайды.

Ілгері жүрелік. Анархистердің пікірінше, «диалектика дегеніміз метафизика» («Нобатиді» қараңыз, № 9. Ш. Г.), ал сондықтан анархистер «ғылымды метафизикадан, философияны теологиядан арылтқысы келгендіктен» («Нобатиді» қараңыз, № 3. Ш. Г.), енді келіп олар диалектикалық методты да теріске шығарады.

Жарайсың анархистер! «Өз айыбын басқаға жабу» дегеннің нақ өзі. Диалектика метафизикаға қарсы күресте ер жетті, бұл күресте ол өзіне абырой алды, ал анархистердің пікірінше, «диалектика дегеніміз метафизика!» болып шығады. Анархистердің «арғы атасы» Прудон дүниеде біржолата жасалған, «өзгермейтін әділеттік» бар дегенге сенген болатын (Эльцбахердің «Анархизмін» қараңыз, 64—68-беттер, шет елде шығарылғаны), мұнысы үшін Прудонды метафизик деп атады. Маркс диалектикалық методқа сүйене отырып, Прудонға қарсы күресті, сөй-

гіп дүниедегінің бәрі де өзгеріп отыратын болғаннан кейін, «әділеттік» те өзгеріп отыруға тиіс, демек «өзгермейтін әділеттік» деген метафизикалық қыял деп дәлелдеді (Маркстің «Философияның бишаралығы» деген шығармасын қараңыз). Ал метафизик Прудонның грузин шәкірттері де пікір айтып, «диалектика дегенің — метафизика», фетафизика «сыры ашылмайтын затты» және «өзіндік затты» мойындайды, сөйтіп ақыр-аяғында мағнасыз теологияға келіп күйылады деп «дәлелдейді». Прудон мен Спенсерге қарама-қарсы келіп, Энгельс диалектикалық методқа сүйене отырып, метафизикамен де, теологиямен де күресті (Энгельстің «Людвиг Фейербахы» мен «Анти-Дюрингін» қараңыз). Ол бұлардың айтқандарының адам күлерлік мағнасыздығын дәлелдеді. Ал біздің анархистер Прудон мен Спенсер ғалым адамдар да, ал Маркс пен Энгельс — метафизиктер деп «дәлелдейді». Екінші бірі: не анархист мырзалар өздерін өздері алдап отыр, не олар метафизиканың не екенін түсінбей отыр. Қалай болғанда да, диалектикалық методтың бұл жерде ешқандай жазығы жоқ.

Анархист мырзалар диалектикалық методты тағы не үшін айыптайды? Олар диалектикалық метод — «айлакерлік», «софизм методы», «логика мен ой-пікір секіртпесі» («Нобатиді» қараңыз, № 8. Ш. Г.), «осы арқылы шындық та, жалған да бірдей жеңіл дәлелденеді» дейді («Нобатиді» қараңыз, № 4. В. Черкезшвили).

Ә дегенде анархистердің тағып отырған айыбы дұрыс сыяқты болып көрінуі мүмкін. Метафизикалық методтың жолын ұстаушылар туралы Энгельстің не айтқанын тындап көріңізші: «...оның сөзі былай болып келеді: «я — я, жоқ, — жоқ; бұдан басқа қалғаны — жәдігөйдің жалғаны». Оның түсінуінше, зат не бар, не жоқ; бір нәрсе әрі соның өзі, онымен қатар әрі одан өзге бірдене бола алмайды; жақсылық пен жамандық бірін бірі мүлде жоққа шығарып отырады...» («Анти-Дюрингін» қараңыз. Кіріспесөз). Бұл қалай! — деп шулайды анархистер. — Бір нәрсенің өзі бір уақыттың ішінде әрі жақсы, әрі жаман болуы мүмкін бе?! — Мұның өзі «софизм», «сөз ойыны» ғой, демек, мұның мәнісі «сіздің шындықты да, жалғанды да, бірдей жеңіл дәлелдемекші болғаныңыз!» ғой дейді.

Алайда істің мәніне ой жіберіп көрелік. Бүгінгі күні біз

демократиялық республиканы талап етіп отырмыз, ал демократиялық республика буржуазиялық меншікті нығайтады; осы демократиялық республика барлық жерде және барлық уақытта бірдей жақсы деуге бола ма? Жоқ, болмайды! Неге? Неге десеңіз, демократиялық республика тек «бүгін» ғана, біз феодалдық меншікті қыйратып жатқан кезімізде ғана жақсы, бірақ «ертең», біз буржуазиялық меншікті қыйратуға, социалистік меншікті орнатуға кіріскен кезде демократиялық республика жақсы болмай қалады, қайта, оның өзі біз талқандап, лақтырып тастайтын тұсауға айналады; ал тұрмыс үнемі қозғалып отыратын болғандықтан, өткендегі мен кәзіргіні айырып тастауға болмайтын болғандықтан, өзіміз бір кезде феодалдарға да қарсы, буржуазияға да қарсы күресіп отыратын болғандықтан, — біз: демократиялық республика феодалдық меншікті жоятын жағынан алғанда ол жақсы, сондықтан біз оны қорғаймыз; бірақ оның өзі буржуазиялық меншікті нығайтатын жағынан алғанда ол жақсы емес, сондықтан біз оны сынаймыз дейміз. Сөйтіп, демократиялық республика бір кезде әрі «жақсы», әрі «жаман» болып шығады, сонымен, қойылып отырған сұрауға әрі «я», әрі «жоқ» деп жауап беруге болады. Жоғарыда келтірілген сөздермен диалектикалық методтың дұрыстығын дәлелдегенде Энгельс нақ осындай фактыларды еске алған болатын. Ал анархистер бұған түсінбей, оны «софизм» деп білді! Әрине, анархистер бұл фактыларды байқауға да, байқамауға да ерікті, олар тіпті: құмайт жердің өзінде құм көрінбес көзіне дегеннің кебіне ұшырар, — бұл олардың правосы. Бірақ, анархистерден өзгеше, тұрмысқа көзді жұмып қарамай, тұрмыс тамырының соғуын сезіп отыратын, сөйтіп турасынан: ал тұрмыс өзгеріп отыратын болса, тұрмыс қозғалып отыратын болса, — тұрмыс құбылысы атаулының екі бағыты: жақсылық және жамандық бағыты болады, олардың біріншісін біз қорғауға тиіспіз де, екіншісін теріске шығаруға тиіспіз дейтін диалектикалық методтың бұл жерде не жазығы бар? Анархистер бір таңқаларлық адамдар: олар әрдайым «әділеттік» туралы сөз қылады да; ал диалектикалық методқа келгенде өте әділетсіздік істейді!

Ілгері жүрелік. Біздің анархистердің пікірінше, «диалектикалық даму дегеніміз — апатты даму, бұл даму бойынша әуелі өткен қалып толық жойылады да, онан кейін келешек қалып

мүлде дербес орнайды... Кювьенің катаклизмдері белгісіз себептерден туды, ал Маркстің — Энгельстің апаттары диалектикадан туып отыр» («Нобатиді» қараңыз, № 8 Ш. Г.). Ал екінші бір жерде сол автор: «Марксизм дарвинизмге сүйенеді және оған сын көзімен қарамайды» дейді («Нобатиді» қараңыз, № 6).  
Жақсылап ой жіберіп қаранызшы, оқушы!

Дарвин эволюциясын Кювье теріске шығарады, ол тек катаклизмдерді ғана мойындайды, ал катаклизм дегеніміз — «белгісіз себептер туғызатын» күтілмеген күрт өзгеріс. Анархистер отырып марксистер Кювьені қостайды, демек, дарвинизмді қабылдамайды дейді.

Дарвин Кювьенің катаклизмдерін қабылдамайды, ол бірте-бірте дамып отыратын эволюцияны мойындайды. Ал енді келіп сол анархистердің өзі «марксизм дарвинизмге сүйенеді және оған сын көзімен қарамайды», демек, марксистер Кювьенің катаклизмдерін жақтаушылар болып табылмайды дейді.

Анархия дегеніңіз міне осы болады! Унтер-офицер жесірі өзін өзі жүндеді дегеннің кебі сыяқты! Әйтеуір, «Нобатидің» сегізінші номеріндегі Ш. Г. алтыншы номеріндегі Ш. Г. нің не айтқанын ұмытқаны анық. Булардың қайсысы дұрыс айтып отыр: сегізінші номер ме немесе алтыншы номер ме? Әлде екеуі де өтірік айтып отыр ма?

Фактыларға келейік. Маркс былай дейді: «Қоғамның материялық өндіргіш күштері өз дамуының белгілібір сатысында сол кездегі өндіріс қатнастарына, немесе — оның тек заңдық көрінісі ғана болып табылатын — меншік қатнастарына қайшы келеді... Сонда әлеуметтік революция заманы туады». Бірақ «өндіргіш күштердің бәрі өркендемей тұрып, бірде-бір қоғамдық формация құрылмайды, қоғамдық формация өндіргіш күштер үшін жеткілікті өріс ашып беріп отырады...» (К. Маркстің «Саяси экономия сынына» деген шығармасын қараңыз. Алғысөз). Егер Маркстің пікірлерін кәзіргі замандағы қоғамдық тұрмысқа қолдансақ, онда қоғамдық сыйпаты бар кәзіргі өндіргіш күштер мен жеке меншіктік сыйпаты бар өнімдерді иемдену формасының арасында негізгі жанжал бар болып шығады, бұл жанжал социалистік революциямен аяқталуға тиіс (Ф. Энгельстің «Анти-Дюрингісі» қараңыз. Үшінші бөлімнің екінші тарауы). Көріп отырсыздар ғой, Маркс пен Энгельстің пікірінше, «революция-

ны» («сапатты») Кювьенің «белгісіз себептері» туғызбайды, «өндiргiш күштердiң дамуы» деп аталатын әбден белгiлi және тұрмыста бар қоғамдық себептер туғызары. Көрiп отырсыздар ғой, Маркс пен Энгельстiң пiкiрiнше, революция Кювьенiң ойлағанындай күтпеген жерден жасалмайды, өндiргiш күштер жеткiлiктi түрде өскен кезде ғана жасалады. Кювьенiң катаклизмдерi мен Маркстiң диалектикалық методы арасында ешқандай ортақ нәрсе жоқ екенi айқын. Екiншi жағынан, дарвинизм Кювьенiң катаклизмдерiн ғана емес, онымен қатар, диалектикалық жолмен ұғынылған революцияны да мойындамайды, ал, диалектикалық метод бойынша, эволюция мен революция, санды өзгерiс пен сапалы өзгерiс — бiр ғана қозғалыстың қажеттi екi формасы болып табылады. Олай болса, «марксизм... дарвинизмге сын көзiмен қарамайды» деп айтуға да болмайтыны анық. Сонда, «Нобати» мұның екеуiнде де, алтыншы номерiнде де сегiзiншi номерiнде де өтiрiк айтып отырған болып шығады.

Мiне осы суайт «сыншылдар» келiп бiзге байланысып, тiле-тiлеме, әйтеуiр бiздiң өтiрiгiмiз сiздiң шындығыңыздан артық! дейдi. Олар, сiрә, анархистерге бәрi де кешiрiмдi деп ойлайтын бөлса керек.

Анархист мырзалар диалектикалық методтың тағы бiр жерiн кешiре алмайды: «Диалектика... өз iшiнен шығуға да немесе сөкiрiп шығуға да, өзi арқылы секiрiп өтуге де мүмкiншiлiк бермейдi» («Нобатидi» қараңыз, № 8. Ш. Г.). Мiне бұлардың анархист мырзалар, нағыз шындық, сiздердiң, хұрметтi мырзалар, бұл жерде айтқандарың мүлде дұрыс: диалектикалық метод мұндай мүмкiншiлiк бермейдi. Бiрақ не себептi бермейдi? Оның себебi — «өз iшiнен секiрiп шығу және өзi арқылы секiрiп өту» тау ешкiлерiнiң iсi, ал диалектикалық әдiс адамдар үшiн жасалған, iстiң мәнi мiне осында..

Бiздiң анархистердiң диалектикалық методка көзқарасы жалпы алғанда осындай.

Анархистер Маркс пен Энгельстiң диалектикалық методын түсiнбегендiгi — сөйтiп олар өздерiнiң диалектикасын ойлап шығарып алып, нақ сол диалектикасымен соншама аяусыз шайқасып отырғаны анық.

Ал бiзге бұл тамашаны көрiп күлу ғана қалып отыр, өйткенi бiреу өз қыялымен күресiп жатып, өз басынан шыққан өтi-



ріктерін әшкерелеп жатып, мен жауымды қыратып жатырмын деп екілене сендірмек болғанын көргенде қалайша күлмессің.

## II

*„Адамдардың болмысын олардың санасы билемейді, қайта, олардың санасын өздерінің қоғамдық болмысы билейді“.*

*К. Маркс*

Материалистік теория дегеніміз не?

Дүниедегінің бәрі де өзгеріп отырады, дүниедегінің бәрі де қозғалып отырады, бірақ бұл өзгеріс қалай болып отырады және бұл қозғалыс қай түрде жүріп отырады, — мәселе міне осында. Мәселен, біз жердің бір кезде от болып балқып тұрғанын, онан кейін ол бірте-бірте суынғанын, онан соң хайуанат пайда болғанын, хайуанат дүниесінің дамуынан кейін маймылдардың бір тұқымының көрінгенін, бұдан келіп адам шыққанын білеміз. Бірақ осы даму қалайша болып отырды? Кейбіреулер табиғат пен оның дамуынан бұрын дүниежүзілік идея болды, ол идея кейін осы дамудың негізі болып алды, ендеші табиғат құбылыстарының барысы идеялар дамуының жай бір формасы ғана болып шығады деседі. Бұл адамдарды идеалистер деп атады, кейін олар бірнеше бағыттарға бөлініп кетті. Енді біреулер дүниеде әуел бастан біріне бірі қарама-қарсы екі күш — идея мен материя өмір сүріп келеді, бұған сәйкес құбылыстар да екі салаға — идеялық және материялық салаға бөлінеді, бұлар арасында үнемі күрес болып отырады, ендеші табиғат құбылыстарының дамуы, бақсақ, идеялық құбылыстар мен материялық құбылыстардың үнемі күресі болып табылатын көрінеді деседі. Бұл адамдарды дуалистер деп атайды, идеалистер сыяқты, бұлар да әртүрлі бағыттарға бөлінеді.

Маркстің материалистік теориясы дуализмді де, идеализмді де түп негізімен бекерге шығарады. Әрине, дүниеде идеялық құбылыстар мен материялық құбылыстардың бары шын, бірақ бұдан олар бірін бірі бекерге шығарады екен деген мағна ешбір тумайды. Қайта, идеялық жақ пен материялық жақ сол бір құбылыстың өзінің екі түрлі формасы ғана; олар бірге өмір сүреді, бірге дамып отырады, олардың арасында тығыз байланыс бо-

лады. Олай болса, бұлар бірін бірі бекерге шығарады деп ойлауға біздің ешқандай дәлеліміз жоқ. Сонымен, дуализм деп аталып жүрген нәрсе негізімен күйреді. Екі түрлі формаларда — материялық және идеялық формаларда — көрінетін тұтас, бір ғана табиғат бар — табиғаттың дамуына міне осылайша қарау керек. Екі түрлі формаларда — идеялық және материялық формаларда — көрінетін тұтас, бір ғана тұрмыс бар — тұрмыстың дамуына біз міне осылайша қарауымыз керек.

Маркстің материалистік теориясының моизмі осындай.

Мұнымен қатар Маркс идеализмді де бекерге шығарады. Идея және жалпы алғанда рухани жақ өзінің дамуында табиғаттан және жалпы алғанда материялық жақтан бұрын келіп отырады-мыс деген пікір дұрыс емес. Дүниеде тірі жәндік болмаған кездің өзінде де, сыртқы, мүшесіз табиғат дегеніміз болған. Ең алғашқы жәндіктің — протоплазманың — ешқандай санасы (идеясы) болған жоқ, онда тек тітіркену хасиеті және түйсіктенудің бастапқы нышанасы ғана болған. Мұнан кейін хайуанаттарда бірте-бірте түйсіктену қабілеті өсті, ол қабілеті олардың жүйке тамырлар жүйесінің дамуына сәйкес келе-келе санаға айналды. Егер маймыл бойын жазбаған болса, егер ол ылғый төрт аяқтап жүрген болса, онда оның ұрпағы — адам — өзінің өкпелерімен және дауыс жүйелерімен еркін пайдалана алмаған болар еді де, сөйтіп сөйлей алмаған болар еді, мұның өзі оның санасының өсуін едәуір бөгеген болар еді. Немесе тағы бір мысал: егер маймыл артқы екі аяғымен тұра алмаған болса, онда оның ұрпағы — адам — лажсыз әрқашан тек төмен қарап, тек содан ғана әсер алған болар еді; оның жоғары және төңірегіне қарауға мүмкіншілігі болмаған болар еді, демек, ол өзінің мыйына, маймылдан артық материал (әсер) әперуге мүмкіншілігі болмаған болар еді; сөйтіп оның санасының өсуі едәуір бөгелген болар еді. Онда, рухани жағының өзінің өсуі үшін дененің соған сәйкес құрылуы және оның жүйке тамырлар жүйесінің дамуы қажет болып шығады. Онда, материялық жағының дамуы, тұрмыс жағының дамуы рухани жағының дамуынан, идеялардың дамуынан бұрын келетін болып шығады. Әуелі сыртқы жағдайлар өзгертетіні, әуелі материя өзгертетіні, ал сонан кейін оған сәйкес сана және басқа рухани құбылыстар өзгертетіні, — идеялық жағының дамуы материялық жағдайдың дамуынан кейін қалып

отыратыны айқын. Егер материялық жағын, егер сыртқы жағдайларды, егер болмысты және т. с. біз мазмұн деп атасақ, онда идеялық жағын, сананы және басқа сондай құбылыстарды форма деп атауымыз керек. Осыдан келіп: даму процесінде мазмұн формадан бұрын келіп отырады; форма мазмұннан кейін қалып отырады деген белгілі материалистік қағыйда туады.

Қоғамдық тұрмыс жөнінде де соны айту керек. Мұнда да материялық даму идеялық дамудан бұрын келіп отырады, мұнда да форма өзінің мазмұнынан кейін қалып отырады. Капитализм өмір сүре бастаған және шиеленіскен тап күресі болып жатқан кезде, ғылыми социализм әлі тіпті есте де жоқ еді; социалистік идея әлі еш жерде тумаған кезінде-ақ, өндіріс процесінің қоғамдық сыйпаты әбден болған еді.

Сондықтан Маркс: «Адамдардың болмысын олардың санасы билемейді, қайта, олардың санасын өздерінің қоғамдық болмысы билейді» дейді (К. Маркстің «Саяси экономия сынына» деген шығармасын қараңыз). Маркстің пікірінше, экономикалық даму қоғамдық тұрмыстың материялық негізі, оның мазмұны болып табылады, ал заңдық-саяси және діни-философиялық даму осы мазмұнның «идеологиялық формасы», оның «қондырмасы» болып табылады, — сондықтан Маркс: «Экономикалық негіздің өзгеруімен байланысты бүкіл орасан зор қондырмада азды-көпті барынша тез төңкеріс болады» дейді (аталған шығармада).

Қоғамдық тұрмыста да әуелі сыртқы, материялық жағдайлар, ал оған кейін адамдардың ойы, олардың дүниеге көзқарасы өзгеріп отырады. Мазмұнның дамуы форманың тууы мен дамуынан бұрын келіп отырады. Мұның езі, әрине, Ш. Г. ге елестегеніндей («Нобатиді» қараңыз, № 1. «Монизмге сын»), Маркстің пікірінше, мазмұнның формасыз болуы мүмкін екен деген сөз емес. Мазмұнның формасыз болуы мүмкін емес, бірақ мәселе мынада: белгілібір форма өзінің мазмұнынан кейін қалып отыратындығынан еш уақыт ол мазмұнға толық сәйкеспейді, ал, сонымен, жаңа мазмұн көбінесе уақытша ескі формаға бөленуге «мәжбүр» болады, мұның өзі олардың арасында жанжал туғызады. Қазіргі кезде, мәселен, өндірістің қоғамдық мазмұнына өндіріс өнімін немденудің жекелік сыйпаты сәйкеспей отыр, сондықтан қазіргі әлеуметтік «жанжал» нақ осы негізде болып жатыр. Екінші жағынан, идея өмір сүрудің формасы деген пі-

кірден сана дегеніміз де өзінің тегі жағынан сол материяның өзі екен деген мағна ешбір тумайды. Теориялары Маркстің материализміне түп негізімен қайшы келетін, оларын Энгельс өзінің «Людвиг Фейербахында» әділетті түрде келекелеген тұрпайы материалистер ғана (мәселен, Бюхнер мен Молешотт) осылай деп ойлайды. Маркстің материализмі бойынша, сана мен болмыс, рух пен материя — жалпы айтқанда табиғат деп аталатын бір ғана құбылыстың екі түрлі формалары; демек, олар бір-бірін бекерге де шығармайды\*, онымен бірге, екеуі бір ғана құбылыстың өзі де болып кетпейді. Мәселе тек мынада ғана: табиғат пен қоғамның дамуында санадан, яғни біздің ойымызда болып жатқан нәрседен, тиісті материялық өзгеріс, яғни бізден тыс болып жатқан нәрсе бұрын келіп отырады. Белгілібір материялық өзгерістен кейін ертелі-кеш сөзсіз тиісті идеялық өзгеріс болып отырады, сондықтан біз идеялық өзгеріс тиісті материялық өзгерістің формасы боп табылады дейміз.

Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің мәнімізді жалпы алғанда осындай.

Жақсы, деп айтар бізге біреулер, табиғат пен қоғам тарихы жөнінде мұның бәрі дұрыс-ақ болсын. Бірақ кәзіргі кезде белгілібір заттар туралы әртүрлі түсініктер мен идеялар біздің ойымызда қалайша туады? Және сыртқы жағдайлар дейтініміздің өзі шындығында бар ма, немесе бұл сыртқы жағдайлар туралы біздің түсініктеріміз ғана бар ма? Ал егер сыртқы жағдайлар бар болса, онда бұларды қандай дәрежеде түсінуге және білуге мүмкін болады!

Бұл жөнінде біз былай дейміз: біздің түсініктеріміз, біздің «меніміз» дегендердің өзі, сол біздің «менімізде» әсер туғызатын сыртқы жағдайлар болғандықтан ғана бар болып отыр. Сондықтан, ойланбастан, біздің түсініктерімізден басқа ешнәрсе жоқ дейтін адамдар, қандай болмасын бір сыртқы жағдайлардың бар екенін бекер деуге, олай болса, өзінің «менінен» тыс, басқа адамдардың бар екенін бекер деуге мәжбүр болады, мұның өзі ғылымның және тұрмыс әрекетінің негізгі бастамаларына мүлде

---

\* Мұның өзі форма мен мазмун арасында жанжал бар деген пікірге ешбір қайшы келмейді. Мәселе мынада: бұл жанжал жалпалама мазмун мен форма атауының арасында бола бермейді, ескі форма мен жаңа мазмун арасында ғана болып отырады, жаңа мазмун жаңа форма іздейді және соған ұмтылады.

қайшы келеді. Я, сыртқы жағдайлар шындығында да бар, бұл жағдайлар бізге дейін де болған және бізден кейін де болмақ, бұлар біздің санамызға неғұрлым жиірек және күштірек әсер етіп отырса, оларды түсіну және білу соғұрлым жеңілірек келемек. Кәзіргі кезде белгілібір заттар туралы әртүрлі түсініктер мен идеялар біздің басымызда қалайша туатынын алатын болсақ, онда бұл жөнінде біз табиғат пен қоғам тарихында болатын нәрселердің нақ өзінің бұл арада да қысқаша қайталап отыратынын ескеруіміз керек. Бұл ретте де бізден тыс тұрған зат, біздің ол зат туралы түсінігімізден бұрын келіп отыр, бұл ретте де біздің түсінігіміз, форма өзінің мазмұны ретіндегі заттан кейін қалып отыр, т. т. Егер мен ағашқа қарап, оны керіп отырсам, мұның өзі ағаш туралы менің ойымда туған түсініктен анағұрлым бұрын маған тиісті түсінік туғызып тұрған ағаштың бар болғанын ғана көрсетеді.

Адамдардың практикалық әрекеттері үшін Маркс пен Энгельстің монистік материализмінің қандай маңызы болуға тиіс екенін түсіну қиын емес. Егер біздің дүниеге көзқарасымыз, біздің әдет-ғұрыптарымыз сыртқы жағдайлардан туып отыратын болса, егер заңдық және саясаттық формалардың жарамсыздығы экономикалық мазмұнға келіп тірелетін болса, онда экономикалық қатнастармен бірге халықтың әдеттері мен ғұрыптары және елдің саяси құрылысы түп негізімен өзгеруі үшін экономикалық қатнастардың негізімен қайта құрылуына біздің көмектесуге тиісті екеніміз айқын.

Бұл туралы Карл Маркс былай дейді:

«Материализм ғылымы... мен социализм арасында байланыс барын білу үшін оншама көп тілмарлық қажет емес. Егер адам өз білімінің, түсінігінің және басқаларының бәрін сезім дүниесінен алатын болса... онда, демек, айналамыздағы дүниені адам онда шын-адамға тән нәрсені білетіндей етіп, адам онда өзінің адамдық хасиеттерін тәрбиелеуге дағдыланатындай етіп құру керек болады... Егер адам материалистік мағнада ерікті болмаса, яғни егер ол белгілібір істен бойын аулақ салуға теріс күштің себебімен ерікті болмай, өзінің шын дарашылдығын көрсетуге дұрыс күштің себебімен ерікті болса, ол уақытта жеке адамдардың қылмыстары жазаланбай, қылмыстардың әлеуметке қарсы тамырлары жойылуға тиіс болады... Егер адамның мінез-

құлқы жағдайлардан туатын болса, онда, демек, жағдайлардың өзін адамгершілік жағдай ету керек болады» («Людвиг Фейербахты» қараңыз, «К. Маркс XVIII ғасырдағы француз материализмі туралы» қосымшасы).

Материализм мен адамдардың практикалық әрекеті арасындағы байланыс осындай.

\* \*  
\*

Маркс пен Энгельстің монистік материализміне анархистер қалай қарайды?

Егер Маркстің диалектикасы өзінің бастамасын Гегельден бастайтын болса, онда оның материализмі Фейербахтың материализмін дамыту болып табылады. Мұның өзі анархистерге әбден мәлім, сондықтан олар, Гегель мен Фейербахтың кемшіліктерін пайдалана отырып, Маркстің—Энгельстің диалектикалық материализмін қаралауға тырысады. Гегель жөнінде біз жоғарыда анархистердің мұндай қулықтары олардың өздерінің айтысқа олақтығынан басқа ешнәрсе дәлелдей алмайтынын көрсеттік. Фейербах жөнінде де соны айту керек. Мәселен, олар өршеленіп, «Фейербах пантеист болды...», ол «адамды құдай етіп жіберді...» («Нобатиді» қараңыз, № 7. Д. Деленди), «Фейербахтың пікірінше, адам дегеніміз ішіп-жемнің құлы...», Маркс бұдан: «олай болса, ең бастысы және ең бастапқысы — экономикалық жағдай», т. с. деген қортынды шығарыпты дейді («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.). Рас, Фейербахтың пантеистігіне, оның адамды құдай етуіне және басқа да сондай қателері барлығына бізден ешкім күманданбайды, қайта, Маркс пен Энгельс Фейербахтың қателерін ең алдымен ашқан болатын, бірақ анархистер, сонда да, Фейербахтың бұрын әшкереленген қателерін қайтадан «әшкерелеу» қажет деп есептейді. Себебі не? Сірә, себебі: Фейербахты сөге келе, Маркс Фейербаhtан алып, кейін оны ғылым жолымен дамытқан материализмді де ебін тауып қаралай кеткісі келетін болар. Әлде Фейербахтың теріс пікірлерімен қатар дұрыс пікірлері де бола алмап па екен? Мұндай айдалармен анархистер өздерінің дәрменсіздігін дәлелдейтіні ғана болмаса, бірақ монистік

материализмді ешбір мызғыта алмайды деп біз ашық айта аламыз.

Маркстің материализміне көзқарас жөнінде анархистердің өз арасында да алалық бар. Егер Черкезишвили мырзаның айтқанын тындап қарасақ, онда, бақсақ, Маркс пен Энгельс монистік материализмді жек көрген болып шығады, оның пікірінше, бұлардың материализмі монистік емес, тұрпайы материализм: «Натуралистердің ұлы ғылымы, эволюция системасын, трансформизм мен монистік материализмді қамтыйтын ғылымы, Энгельс соншама жек көретін ғылымы.... диалектикадан бойын аулақ салған» және т. б. («Нобатиді» қараңыз, № 4. В. Черкезишвили). Сонда, Черкезишвили жарататын, ал Энгельс жек көрген табиғи-ғылыми материализм монистік материализм болып шығады. Ал екінші бір анархист бізге Маркс пен Энгельстің материализмі монистік материализм, сондықтан оның теріске шығарылуы жөн дейді. «Маркстің тарихи концепциясы — Гегельдің атавизмі. Жалпы алғанда абсолюттік объективизмнің монистік материализмі, жехелеп алғанда Маркстің экономикалық монизмі табиғатта мүмкін емес нәрсе, теорияда қате болып табылады... Монистік материализм дегеніміз бүркене алмаған дуализм және метафизика мен ғылым арасындағы ымыралық болып табылады.» («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.). Сонда, монистік материализм тиімсіз, өйткені Маркс пен Энгельс оны жек көрмегені былай тұрсын, қайта, олардың өздері монистік материалистер болды, сол себепті монистік материализмді теріске шығару қажет деген болып шығады.

Анархия дегеніңіз осындай болады! Маркстің материализмінің мәнін өздері де айырып болған жоқ, оның өзі монистік материализм бе әлде жоқ па, оны өздері де түсініп болған жоқ, оның жақсылық жақтары мен кемшіліктері туралы олардың өздері де түсінісіп болған жоқ, ал сөйтіп тұрып: біз Маркстің материализмін сынаймыз, оны жермен жексен етеміз деген күмпілімен құлағымызды жаңғыртады. Олардың «сынынын» қаншалық дәлелді бола алатыны осының өзінен-ақ көрініп отыр.

Ілгері жүрелік. Кейбір анархистер ғылымда материализмнің әралуан түрлері бар екенін және олардың арасында зор айырмашылық бар екенін: мәселен, идеялық жақтың маңызын, оның материялық жаққа тигізетін әсерін бекер деп білетін тұрпайы

материализм (табиғат тану ғылымы мен тарихта) бар екенін; ал онымен қатар идеялық жақ пен материялық жақтың өзара қатнасын ғылым жолымен қарайтын монистік материализм деген материализм де бар екенін тіпті білмейтін де көрінеді. Кейбір анархистер осының бәрін шатыстырады, ал сөйте тұрып: тіле-тілеме, әйтеуір біз Маркс пен Энгельстің материализмін мықтап сынап отырмыз деп лепіреді. Тыңдаңыздар: «Энгельстің пікірі бойынша, сонымен қатар Каутскийдің пікірі бойынша да, Маркс адамзатқа зор қызмет етті, өйткені ол...» өзінің басқа істері арасында «материалистік концепцияны» ашты. «Бұл дұрыс па? Дұрыс дей алмаймыз, өйткені... қоғамдық механизмді географиялық, ауа райы-теллуриялық, космикалық, антропологиялық және биологиялық жағдайлар қозғап отырады-мыс деген көзқарастағы барлық тарихшылардың, ғалымдардың және философтардың — осылардың бәрі де материалистер екенін білеміз» («Нобатиді» қараңыз, № 2. Ш. Г.). Ал сөйлесіп көр олармен! Сонда, Аристотель мен Монтеस्कьёнің «материализмі» арасында, Маркс пен Сенсимонның «материализмі» арасында айырма жоқ болып шығады. Бұл да қарсы адамын түсіну, сөйтіп оны мықтап сынау деп аталады-ау!...

Кейбір анархистер бір жерден Маркстің материализмі дегеніміз «кұлқын теориясы» дегенді естіпті, содан бұл «пікірді» жұртқа таратуды қолға алыпты, себебі — «Нобатидің» редакциясында, сірә, қағаз құнсыз шығар, сондықтан бұл жұмыс оған арзанға түсетін болса керек. Тыңдаңыздар: «Фейербахтың пікірінше, адам дегеніміз ішіп-жемнің құлы. Бұл тұжырым Маркс пен Энгельске кереметтей әсер етті», — ал сондықтан, анархистердің пікірінше, Маркс мұнан «олай болса, ең бастысы және ең бастапқысы — экономикалық жағдай, өндіріс қатнастары...» деген қортынды шығарды. Мұнан кейін анархистер философсып бізге ақыл айтады: «Бұл мақсат үшін (қоғам тұрмысы үшін) бірден-бір құрал ішіп-жеу және экономикалық өндіріс деу қате болар еді... Егер идеологияны ең алдымен, монистік жол, ішіп-жеу және экономикалық болмыс билейтін болған болса, — онда кейбір мешкейлер данышпан болар еді» («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.). Міне, бақсақ, Маркстің материализмін сынай қою оп-оңай-ақ көрінеді: қайдағы бір институтканың Маркс пен Энгельс туралы айтып жүрген көше өсегін есітсе-ақ болғаны, бұл көше өсектерін философшылап күптігіп қайдағыбір «Нобати-



дің» беттерінде қайталап бассақ-ақ болғаны, «сыншы» деген даңққа бірден-ақ не бола кету үшін әбден жетіп жатыр. Бірақ айтыңыздаршы, мырзалар: «ішіп-жеу идеологияны билейді» деп қайда, қашан, қай елде және қандай Маркс айтып еді? Өздеріңіздің айыптауыңызды дәлелдеу үшін Маркстің шығармаларынан сіз неге бірде-бір сөйлем, бірде-бір сөз келтірмедіңіз? Әлде экономикалық тұрмыс пен ішіп-жеу деген бір нәрсе ме екен? Бұл сыяқты мүлдем әртүрлі түсініктерді өзара шатыстыру қиындағы бір институтқа кешірімді-ақ іс делік, ал сіздер, «социал-демократияны күйретушілер», «ғылымды қайта туғызушылар», қайдағы бір институткалардың қатесін соншалықты бейқам қалайша қайталап отырсыздар? Ал сонымен бұл ішіп-жеу қоғамдық идеологияны қалайша билемек? Ал өз сөздеріңізге өздерің ой жіберіп қараңызшы: ішіп-жеу, ішіп-жеудің формасы өзгермейді, бұрынғы замандарда да адамдар кәзіргідей ішіп-жеген, тамақты шайнап жеп бойына сіңірген, ал идеологияның формасы үнемі өзгеріп, дамып отырады. Арғызамандық, феодалдық, буржуазиялық, пролетарлық идеология — міне, айта кетелік, идеологияның формалары осылар болады. Әлде, жалпы айтқанда, өзгермейтін нәрсенің үнемі өзгеріп тұратын нәрсені билеп отыру ақылға сыя ма? Идеологияны экономикалық болмыс билейді — Маркстің мұны айтуы шын, мұны түсіну қиын да емес, бірақ ішіп-жеу мен экономикалық болмыс деген бір нәрсе ме екен? Өздеріңнің шолақ ойларыңды Маркске апарып таңуды не себепті жараттыңдар?

Ілгері жүрелік. Біздің анархистердің пікірінше, Маркстің материализмі дегеніміз — «бәз-баяғы параллелизм...»; немесе тағы да: «монистік материализм дегеніміз — бүркене алмаған дуализм және метафизика мен ғылым арасындағы ымыралық болып табылады...» «Маркстің дуализмге түсіп отырған себебі: ол өндіріс қатнастарын материялық деп, ал адамның талаптары мен жігерін — бар бола тұрса да, маңызы жоқ жалған үміт және утопия деп көрсетеді» («Нобатиді» қараңыз, № 6. Ш. Г.). Біріншіден, Маркстің монистік материализмінің сандырақ параллелизммен ортақ ешнәрсесі де жоқ. Ал сонымен қатар материализм тұрғысынан қарағанда материялық жақ, мазмұн идеялық жақтан, формадан қажетті түрде бұрын келіп отыратын болса, — параллелизм бұл көзқарасты теріске шығарады,

сөйтіп үзілді-кесілді түрде: материялық жақ та, идеялық жақ та бірінен бірі бұрын келіп отырмайды, олардың екеуі де бірге, қатарласып жүріп отырады дейді. Екіншіден, монизм бір принципті — материялық және идеялық формалары бар табиғатты негізге алатыны, ал дуализм екі принципті — дуализм бойынша бірін бірі бекерге шығаратын материялық және идеялық принциптерді негізге алатыны біздерге жақсы мәлім болса (егер марксистік әдебиетті оқыған болсаңыз, анархист мырзалар, сіздерге де мәлім болуға тиіс болар), онда Маркстің монизмі мен дуализм арасында ортақ не болмақ? Үшіншіден, «адам талаптары мен еріктің маңызы жоқ» дегенді кім айтыпты? Маркстің бұл туралы қайда айтқанын неге көрсетпейсіздер? «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмерінде», «Франциядағы тап күресінде», «Франциядағы азамат соғысында» және басқа кітапшаларында Маркс «талаптар мен еріктің» маңызы барлығын айтқан жоқ па еді? Неге Маркс ол кезде пролетарлардың «еркі мен талаптарын» социалистік рухта дамытуға тырысыпты, егер ол «талаптар мен еріктің» маңызын танымаған болса, не үшін пролетарлар арасында ол насихат жүргізіпті? Немесе 1891—94 жылдардағы өзінің белгілі мақалаларында Энгельс «талаптар мен еріктің маңызын» сөз қылмағанда нені сөз қылыпты? Адамның талаптары мен еркі өзінің мазмұнын экономикалық тұрмыстан алады, бірақ мұнан олар экономикалық қатнастардың дамуына ешқандай әсер етпейді деген мағна мүлде тумайды. Біздің анархистерге осы жай пікірді түсініп алу да соншама-ақ қиын болғаны ма? Солай, солай, сын құмарлық — бір басқа да, сынның өзі — бір басқа деп текке айтылмаған!..

Анархист мырзалардың тағы бір тағатын айыбы: «форманы мазмұнсыз түсініп болмайды...», сондықтан «форма мазмұннан кейін қалады...» деуге болмайды, «олар «бірге өмір сүреді...» Әйтпеген күнде монизм сандырақ болып шығады» («Нобатиді» қараңыз, № 1. Ш. Г.). Анархист мырзалар аз-маз адасып кеткен. Мазмұнның формасыз болуы мүмкін емес, бірақ кәзіргі форма кәзіргі мазмұнға еш уақыт толық сәйкеспейді, жаңа мазмұн белгілі дәрежеде әрқашан ескі формада болып отырады, сол себепті ескі форма мен жаңа мазмұн арасында әрқашан жанжал болып отырады. Міне нақ осы негізде революциялар болып отырады, Маркстің материализмінің революциялық рухы, бір

жағынан, міне осында да. Ал анархистер мұны түсінбеді де мазмұн формасыз болмайды... деп қақсауын қоймай отыр.

Анархистердің материализмге көзқарастары осындай. Біз осы айтылғандармен тынамыз. Өйткені анархистер өздерінің Марксін ойлап шығарып, оған өздерінің ойлап шығарып алған «материализмін» таңғаны, мұнан кейін онымен алысып отырғаны онсыз да жете айқындалды. Ал нағыз Маркске және нағыз материализмге атқан оқтың бірде-бірі дарымайды...

Диалектикалық материализм мен пролетарлық социализм арасындағы байланыс қандай?

*„Ахали Цховреба“ (, Жаңа Өмір‘)*

*газеті. № 2, 4, 7 және 16;*

*1906 жылғы 21, 24, 28 июнь және 9 июль*

*Қол қойған: К о б а*

*Орысшасы грузин тілінен аударылған*

## ЕСКЕРТУЛЕР

<sup>1</sup> «Брдзола» («Күрес») — Тифлис социал-демократия ұйымының, оның лениншіл-искрашыл тобының грузин тіліндегі ең бірінші құпия газеті. «Брдзола» газеті И. В. Сталиннің бастауымен шыққан. «Брдзола» газетінің шығуы — грузиннің «Месаме-даси» деген тұңғыш социал-демократиялық ұйымының революцияшыл азшылығының (И. В. Сталин, В. З. Кецховели, А. Г. Цулукидзе) 1898 жылдан бастап сол ұйымның оппортунистік көпшілігіне (Жордания және басқаларға) қарсы революциялық марксистік құпия баспасөз жаңау мәселесі жөнінде жүргізген күресінің нәтижесі болды. «Брдзола» Тифлис социал-демократия ұйымының революцияшыл қанатының тапсыруы бойынша, И. В. Сталиннің жақын серігі В. З. Кецховелидің Бакуде ұйымдастырған астыртын баспаханасында басылды. Ал газетті шығару жөніндегі практикалық жұмыстар да Кецховелиге жүктелген болатын. «Брдзоладағы» революциялық марксистік партияның программа мен тактика мәселелері жөніндегі жетекші мақалалар И. В. Сталиндікі. «Брдзоланың» төрт номері шықты: № 1 — 1901 жылы сентябрьде, № 2-3 — 1901 жылы ноябрь — декабрьде, № 4—1902 жылы декабрьде шықты. «Брдзола»—Россиядағы «Искрадан» кейінгі ең жақсы марксистік газет — Кавказ пролетариатының революциялық күресінің бүкіл Россияның жұмысшы табының революциялық күресімен тығыз байланысты болуын қатты қорғады. «Брдзола», революциялық марксизмнің теориялық негізін қорғай отырып, лениндік «Искра» тәрізді, социал-демократиялық ұйымдардың жаппай

саяси үгітке көшуі, самодержавиеге қарсы саяси күреске шығуы қажет екендігін насихаттады және буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың гегемондық етуі туралы лениндік идеяны қорғады. «Экономистерге қарсы күрес жүргізе отырып, «Брдзола» жұмысшы табының біртұтас революцияшыл партиясын құру қажет екендігін дәлелдеп отырды, либералдық буржуазияны, ұлтшылдарды және оппортунистердің барлық түрлерін әшкереледі. Лениндік «Искра» «Брдзоланың» 1-номерінің жарыққа шығуын өте маңызды оқыйға ретінде атап көрсеткен. — 1.

- <sup>2</sup> «Рабочая Мысль» («Жұмысшы Пікірі») — «Экономистердің» оппортунистік көзқарасын ашықтан-ашық жүргізген газет; 1897 жылдың октябрінен 1902 жылдың декабріне дейін шығып келді. 16 номері шықты. — 17.
- <sup>3</sup> 1897 жылғы 2 июньдегі заң өнеркәсіп орындары мен темір жол мастерскойларының жұмысшылары үшін жұмыс күнін 11½ сағат етіп белгілеген; осымен қатар бұл заң бойынша жұмысшылардың мейрам күндері азайтылды. — 17.
- <sup>4</sup> Мұнда 1899 жылы 29 июльде үкімет бекіткен «Жоғарғы оқу орындарында тәрбиеленушілердің әскерлік міндетті өтеуі туралы уақытша ережелер» жөнінде айтылып отыр. Бұл ережелер бойынша, жоғарғы оқу орындарында орнатылған полицейлік тәртіпке қарсы коллектив болып бас көтеруге қатысқан студенттер мектептен шығарылып, бір жылдан үш жылдық мерзімге дейін патша армиясына солдаттыққа жіберілетін. — 24.
- <sup>5</sup> «Сакартвело» («Грузия») — буржуазиялық-ұлтшыл социал-федералистер партиясының ұйытқысы болған грузин ұлтшылдарының шет елдік тобының газеті; грузин және француз тілдерінде 1903 жылдан бастап 1905 жылға дейін Парижде шығып тұрды.
- Грузин федералистерінің партиясына (1904 жылы апрельде Женевада ұйымдасқан). «Сакартвело» тобынан басқа, анархистер, эсерлер, ұлтшыл-демократтар кірген. Федералистердің негізгі талабы — Россияның помещиктік-буржуазия-

лық мемлекетінің шеңберінде, Грузияның ұлттық автономиясын құру. Реакция жылдарында бұлар революцияның ашық душпанына айналды. — 36.

6 «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымын» РСДЖП-ның II съезінен кейін іле-шала армянның ұлтшыл-федералист элементтері құрған. В. И. Ленин бұл ұйымның Бундпен тығыз байланысты екенін айтқан. 1905 жылы 7 сентябрьде (жаңаша есеппен) Орталық Комитеттің мүшелеріне Ленин: «Бұл — Кавказ бундшыларына дем беру үшін, әдейі ойлап шығарған бундтың жасандысы, басқа түк те емес... бұл әдебиетшіл-іріткішіл қарақшыларға Кавказдағы жолдастардың бәрі қарсы» деп жазған (қараңыз: Ленин жыйнақтары V. 493-бет). — 38.

7 Бунд (Литвадағы, Польшадағы және Россиядағы Бүкіл еврей жұмысшыларының одағы)—еврейлердің ұсақбуржуазиялық оппортунистік ұйымы. 1897 жылы октябрьде Вильнодағы съезде құрылды. Бунд көбінесе еврейлердің қолөнершілері арасында жұмыс жүргізді. 1898 жылғы I съезде «тек еврей пролетариатына арнаулы мәселелер жөнінде ғана дербестігі бар, автономиялық ұйым ретінде» РСДЖП-ға кірген Бунд—Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдықтың және сеператизмнің иесі болып отырды. Бундтың буржуазиялық-ұлтшылдық позициясы лениндік «Искра» тарапынан қатаң сынға алынған. Бундқа қарсы күресте Кавказ искрашылары түгел В. И. Ленинді жақтады. — 42.

8 Мұнда айтылып отырған — 1903 жылдың мартында, Тифлисте Кавказдың социал-демократиялық жұмысшы ұйымының I съезінде РСДЖП-ның Кавказ одағына біріккен партия комитеттері. Съезге Тифлис, Баку, Батум, Кутаис, Гурья және басқа ұйымдардың өкілдері қатысты. Съезд лениндік «Искраның» саяси жолын қабылдады, «Искра» мен «Заряның» жасаған программа жобасын басшы программа етіп алды және Одақтың арнаулы уставын жасап, бекітті. Кавказ одағының бірінші съезі Кавказдың социал-демократиялық ұйымдарының интернационалдық құрылысының негізін салды. Съезд партияның басшы органын — РСДЖП-ның

Кавказдағы одақтық комитетін құрды, оның составына ырттан, ол кезде Батум түрмесінде тұтқында жатқан, И. В. Сталин сайланды. Айдалудан қашып шығып, Тифлиске қайтқаннан соң, 1904 жылдың басында И. В. Сталин РСДЖП-ның Кавказ одақтық комитетін басқарды. — 42.

<sup>9</sup> И. В. Сталиннің Кутаистан жазған екі хаты В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяның Россиядағы большевиктік ұйымдармен жазысқан хаттарының арасынан табылды. Бұл хаттарды И. В. Сталин 1904 жылдың сентябрь—октябрь айларында Кутаиста тұрған кезінде жазып, Закавказьедегі революциялық жұмыстарда бірге болған өзінің жолдасы М. Давиташвилиге жолдаған; М. Давиташвили бұл кезде Лейпцигте (Германия) тұратын және сол Лейпцигтегі большевиктер тобына кіретін. Лейпцигтегі большевиктер тобына қатысушылардың бірі Д. Сулиашвили өзінің есте қалғанынан былай деп жазады: «Біз Сталин жолдастан Ленин туралы рух беретін хаттар алып тұрдық. Хаттарды М. Давиташвили жолдас алып тұратын. Сталин жолдас осы хаттарында Ленинге, оның берік, нағыз марксистік тактикасына, оның партия құрылысы мәселелерін қалай шешкеніне, т. т. өте-өте сүйсінеді. Бір хатында Сталин жолдас Ленинді «тау қыраны» деп атаған және Лениннің меньшевиктерге қарсы ымыраға көніспейтін күресін айтып, қатты шаттанған. Біз Сталин жолдастың осы хаттарын Ленинге жібердік, көп кешікпей оған жауап алдық, сол жауабында Ленин Сталинді «жалынды колхидалық» деп атапты» (қараңыз: Л. Берия. Закавказьедегі большевиктік ұйымдардың тарихы туралы мәселе жөнінде, 6-басылуы, 89-бет). Хаттардың грузинше жазылған нұсқасы табылмады. — 60.

<sup>10</sup> Мұнда айтылып отырған — меньшевиктік жаңа «Искра». РСДЖП-ның II съезінен кейін меньшевиктер Плехановтың көмегімен «Искраны» өз қолына түсіріп алды да, оны В. И. Ленинге және большевиктерге қарсы күреске пайдаланды. Олар «Искраның» бетінде ашықтан-ашық өздерінің оппортунистік көзқарастарын насихаттады. Меньшевиктік «Искра» 1905 жылдың октябріне дейін шығып келді. — 60.

<sup>11</sup> 1904 жылдың күзінде, меньшевиктер «Искра» редакциясын басып алғаннан кейін, В. И. Лениннің тапсыруы бойынша В. Д. Бонч-Бруевич арнаулы баспа ұйымдастырды; бұл баспаның міндеті «партия әдебиеттерін шығару, әсіресе партияның екінші съезіндегі көпшіліктің принциптік позициясын қорғауға арналған әдебиеттер шығару» еді. Сол кезде меньшевиктердің қолында қалып қойған Партия советі мен Орталық Комитет большевиктік әдебиетті басып шығаруға және таратуға қолдарынан келгенше кедергі жасаумен болды. Осыған байланысты 1904 жылы ноябрьде болған Кавказдағы большевиктік комитеттердің конференциясы «Көпшілік әдебиеті туралы» мынадай қаулы алды: «Партиядағы алауыздықтарды ұғындырып тұратын, партиялық өзге әдебиеттермен қатар, Бонч-Бруевич пен Ленин тобының әдебиеттерін Орталық Комитет партия комитеттеріне жеткізіп тұратын болсын деп конференция ұсыныс жасайды». 1904 жылы декабрьдің аяғында баспа істері Ленин ұйымдастырған «Вперёд» газетіне көшті. — 60

<sup>12</sup> «22-нің декларациясы» — В. И. Лениннің «Партияға» деген үндеуі болатын. Бұл үндеу 1904 жылы августа Лениннің басшылығымен Швейцарияда болған большевиктер кеңесінде алынған. И. Е. Сталиннің қатында аталатын «Партияға» деген кітапшада, «Партияға» деген үндеуден басқа, 22 большевик кеңесінің қаулысына қосылған Рига мен Москва комитеттерінің, сондай-ақ Женева большевиктер тобының қарарлары да бар. «Партияға» деген үндеу большевиктердің III съезді шақыру жолындағы күрес программасы болды. РСДЖП комитеттерінің көпшілігі большевиктер кеңесінің қаулысына өздерінің қосылатынын білдірді. 1904 жылы сентябрьде Кавказдың одақтық комитеті, Тифлис пен Имеретино-Мингрель комитеттері «22-нің декларациясына» қосылды да, дереу партияның III съезін шақыру жолында үгіт жұмысын күшейтті. — 60.

<sup>13</sup> В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген мақаласы 1904 жылы сентябрьде жазылды. Ол мақала Роза Люксембургтің «Орыс социал-демократиясының ұйымдастыру мәселелері» деген «Искраның» 69-номерінде және «Neue Zeit-тің» 42, 43-номерлерінде басылған фельетонына, сондай-ақ



- К. Каутскийдің «Искраның» 66-номерінде басылған хатына жауап еді. Ленин өзінің жауабын „Neue Zeit ке“ бастыруға арнап жазған, бірақ та меньшевиктерге тілектес болған редакция бұл мақаланы басудан бас тартты. — 60
- <sup>14</sup> «Революцияшыл орыс социал-демократиясының шетелдік лигасының кезекті 2-съезінің протоколдары»; 1904 жылы Женевада Лига басып шығарған. — 60.
- <sup>15</sup> В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабы 1904 жылы февраль — май айларында жазылып, 6 (19) майда басылып шықты (қараңыз: Шығармалар, VI том, 155—336-беттер). — 60.
- <sup>16</sup> Мұнда айтылып отырған — В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы (қараңыз: Шығармалар, IV том, 359—508-беттер). — 61.
- <sup>17</sup> РСДЖП-ның II съезінде қабылданған устав бойынша, Партия Советі партияның жоғарғы мекемесі болып табылатын. Партия Советі бес адамнан құралатын: екі адамды Орталық Комитет, екі адамды Орталық Орган белгілеп, бесінші адамды Партия Советіне съезд сайлайтын болатын. Партия Советінің негізгі міндеті Орталық Комитет пен Орталық Органның істерін үйлестіріп, біріктіріп тұру еді. РСДЖП-ның II съезінен кейін көп кешікпей-ақ Партия Советінде меньшевиктер басым болды да, олар Партия Советін өздерінің фракциялық органына айналдырды. РСДЖП-ның III съезі партиядағы көптеген орталық орындарды жойып, бірыңғай партия орталығын — Орталық Комитетті — құрды да, оны шетелдік бөлім мен орыс бөлімі деген екі бөлімге бөлді. III съезд қабылдаған устав бойынша, Орталық Органның редакторын Орталық Комитеттің мүшелерінен Орталық Комитет тағайындайтын болды. — 37.
- <sup>18</sup> В. И. Лениннің «Уйымдастыру міндеттеріміз туралы жолдасқа хат» деген кітапшасы, автордың алғысөзі мен соңғысөзі жазылып, РСДЖП-ның Орталық Комитеті баспасынан 1904 жы-

лы Женевада басылып шықты (қараңыз: Шығармалар, V том, 179—192-беттер). — 67.

<sup>19</sup> Костров; Ан — Н. Жорданияның жасырын аты. — 57.

<sup>20</sup> «Квали» («Борозда») — грузин тілінде жеті сайын шығатын газет, либералдық-ұлтшылдық бағыттағы орган. Бұл газет 1893—1897 жылдары өзінің бетін «Месаме-дасидің» жаңа бастап жазып жүрген әдебиетшілдеріне беріп отырды. 1897 жылдың аяғында бұл газет «Месаме-даси» ұйымының көпшілігінің (Н. Жордания және басқаларының) қолына көшті де, «жарыя марксизмнің» жаршысына айналды. РСДЖП-ның ішінен большевиктер фракциясы мен меньшевиктер фракциясы пайда болғанның соңынан, «Квали» грузин меньшевиктерінің органы болды. Бұл газетті үкімет 1904 жылы жауып тастады. — 67.

<sup>21</sup> «Пролетариатис Брдзола» («Пролетариат Күресі») — грузин тіліндегі құпия газет, РСДЖП-ның Кавказ одағының органы; 1903 жылдың апрель—май айынан 1905 жылдың октябріне дейін шығып тұрды; 12-ші номері шыққаннан кейін жабылып қалды. Айдаудан қайтқанын, 1904 жылы, бұл газеттің редакциясын И. В. Сталин басқарды. Редакцияның составында А. Г. Цулукидзе, С. Г. Шаумян және басқалар болды. Газетке жетекші мақалаларды И. В. Сталин жазып тұрған. «Пролетариатис Брдзола» газеті «Брдзола» газетінің орнын басты. РСДЖП-ның Кавказ одағының бірінші-съезі «Брдзола» газетін армян социал-демократиясының «Пролетариат» деген газетімен біріктіріп, үш тілде: грузин («Пролетариатис Брдзола»), армян («Пролетариати Крив») және орыс («Борьба Пролетариата») тілдерінде шығатын ортақ бір орган жасауға қаулы алды. Үш тілдегі газеттің үшеуінің де мазмұны бірдей болды. Газет номерлері сол тілде шығатын газеттің бұрынғы номерінен басталып есептелетін болды. «Пролетариатис Брдзола», — «Вперёд» пен «Пролетарий» газеттерінен соңғы, — марксистік партияның идеологиялық, ұйымдастыру және тактикалық негіздерін дәйекті түрде қорғаған ең ірі, большевиктік құпия газет болатын-ды. «Пролетариатис Брдзоланың» редакциясы В. И. Ленинмен және шет елдегі большевиктік орталықпен

тығыз байланыс жасап отырды. 1904 жылы декабрьде «Вперёд» газетін шығару туралы хабар шыққанда, Кавказдық одақтық комитеті «Вперёд» газетін қолдау үшін әдебиет тобын құрды. «Пролетариатис Брдзола» газетіне жазып тұру туралы Одақтық комитеттің өтінішіне жауап ретінде, 1904 жылы 20 декабрьде (жаңаша) жазған хатында В. И. Ленин: «Қымбатты жолдастар! «Пролетариат Күресі» туралы хаттарыңызды алдым. Жазып тұруға тырысамын, редакциядағы жолдастарға да айтам» деген (қараңыз: Ленин жыйнағы XV, 267-бет). «Пролетариатис Брдзола» лениншіл «Искрадағы», одан соң «Вперёд» және «Пролетарий» газеттеріндегі мақалалар мен материалдарды үзбей көшіріп басып тұрды. Бұл газетте В. И. Лениннің мақалалары да басылды. «Пролетариатис Брдзола» туралы «Пролетарий» газеті әлденеше мақтаулы рецензиялар, жақсы пікірлер жазды, сондай-ақ, онда басылған бірнеше мақалалар мен хабарларды көшіріп басты, «Пролетарий» газетінің 12-номерінде «Пролетариат күресінің» 1-номерінің орыс тілінде шыққандығы айтылды. Мақаланың соңғы жағында: «Бұл қызықты газеттің мазмұнына кейін тағы қайта оралып соғуымызға тура келеді. Кавказ одағының баспасөз ісін кеңейткенін жалынды түрде құттықтаймыз, оның Кавказда партиялықты қайта орнату жөнінде ойдағыдай табысқа жетуіне тілектеспіз» деген, — 67.

22 Мұнда айтылып отырған — И. В. Сталиннің «Социал-демократия ұлт мәселесін қалай түсінеді?» деген мақаласы (қараңыз: осы томның 33-беті). — 67.

23 1904 жылы 12 декабрьдегі Николай II патшаның «Өз атынан берген ұлы мәртебелі указы», ерекше үкімет хабарымен бірге, 1904 жылы 14 декабрьде газеттерде жарыяланды. Екінші қатарлы маңызы бар бірсыпыра «реформалар» жасамақ болып уәде берумен бірге, бұл указ самодержавиелік өкіметтің мызғымас өкімет екенін жарыялады және тек революцияшыл жұмысшылар мен шаруаларға ғана емес, үкіметке конституциялық жасқаншақ талап қоюға батылы барған либералдарға да үрей салды. В. И. Лениннің айтуынша Николай II-нің бұл указы «түп тура либералдарға соғылған жұдырық» болды. — 83.

- <sup>24</sup> «Конституция жобасын» 1904 жылы октябрьде либералдық «Азаттық одағы» мүшелерінің бір тобы жасаған, бұл жоба «Россия империясының мемлекеттік негізгі заңы. Орыс конституциясының жобасы» деп аталып, өз алдына басылып шықты. Москва, 1904. — 85.
- <sup>25</sup> И. В. Сталиннің «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапшасы 1905 жылы апрельдің аяғында жазылған, Бұл кітапша Н. Жорданияның «Социал демократта басылған «Көпшілік пе әлде азшылық па?» деген мақаласы мен «Могзауриде» басылған «Партия деген не?» деген мақаласына және басқаларына берілген жауап еді. И. В. Сталиннің «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапшасының жарыққа шыққандығы тез арада большевиктердің шетелдік орталығына мәлім болды. Н. К. Крупская РСДЖП-ның Кавказ одақтық комитетіне 1905 жылы 18 июльде жазған хатында осы кітапшаны шет елге жіберуді өтінген. «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапша Закавказьенің большевиктік ұйымдары арасында кең түрде тарады; партиядағы ішкі алауыздықтармен, В. И. Лениннің, большевиктердің позициясымен алдыңғы қатардағы жұмысшылар осы кітапша арқылы танысты. Бұл кітапша РСДЖП-ның Кавказ одағының құпия (Авлабар) баспаханасында 1905 жылы майда грузин тілінде, июньде — орыс және армян тілдерінде басылып шықты; әр тілде 1 500 — 2 000 данадан басылды. —
- <sup>26</sup> «Искра» («Ушқын») — жалпыроссиялық тұңғыш марксистік құпия газет; бұл газетті 1900 жылы В. И. Ленин құрды. Лениншіл «Искраның» бірінші номері 1900 жылы 11(24) декабрьде Лейпцигте шықты, кейінгі номерлері Мюнхенде, ал 1902 жылдың апрелінен бастап Лондонда және 1903 жылдың көктемінен бастап Женевада шығып тұрды. Россияның бірнеше қалаларында (Петербург, Москва және басқаларында) лениндік-искралық бағыттағылардан РСДЖП-ның топтары мен комитеттері құрылды. Закавказьеде «Искраның» идеясын грузиннің революцияшыл социал-демократиясының органы — құпия шығатын «Брдзола» («Күрес») газеті қорғап отырды. («Искраның» маңызы мен ролі туралы «БҚ(б)П тарихының қысқаша курсының» 30 — 38-беттерін қараңыз). — 98.

- <sup>27</sup> «Социал-Демократ» — Кавказ меньшевиктерінің құпия газеті; 1905 жылы апрельден ноябрьге дейін грузин тілінде Тифлисте шығып тұрды. Газетке басшылық еткен Н. Жордания. «Социал-Демократтың» бірінші номері «РСДЖП-ның Тифлистік комитетінің органы» ретінде шыққан болатын; кейіннен газет өзін «Кавказдық социал-демократиялық жұмысшы ұйымдарының органы» деп атады. — 100.
- <sup>28</sup> «Рабочее Дело» («Жұмысшы Ісі») — мезгілсіз шығып тұратын, Шет елдегі орыс социал-демократтары одағының («экономистердің») органы. Бұл журнал 1899 жылдан бастап 1902 жылға дейін Женевада шығып тұрды. — 100.
- <sup>29</sup> Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, IV том, 56-бет. — 102.
- <sup>30</sup> Старовер — А. Н. Потресовтың жасырын аты. — 103.
- <sup>31</sup> Қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, I том, 1941 жыл, 150-бет. — 108.
- <sup>32</sup> «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») — 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрған Германия социал-демократиясының журналы. — 109.
- <sup>33</sup> «Могзаури» («Саяқатшы») — тарихи-археологиялық және географиялық-этнографиялық журнал; 1901 жылдан 1905 жылдың ноябріне дейін Тифлисте шығып тұрды. 1905 жылы январьдан «могзаури» грузин социал-демократтарының бастыруымен жеті сайын шығып тұратын саяси-әдебиет журналына айналды, редакциясын Ф. Махарадзе басқарды. «Могзауриде» большевик авторлардың мақалаларымен қатар, меньшевиктердің де мақалалары басылды. — 113.
- <sup>34</sup> Гайнфельд программасы 1888 жылы Гайнфельд қаласында шақырылған Австрия социал-демократиясының құрылтай съезінде қабылданды. Бұл программаның принциптік бөлімінде қоғам дамуының барысын және пролетариат пен пролетарлық партияның міндеттерін дұрыс көрсеткен бірқатар ережелер

- болды. Соңынан 1901 жылы Венадағы съезде Гайфельд программасы ревизионистік бағыттағы жаңа программамен ауыстырылды. — 123.
- <sup>35</sup> Қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1941 жыл, 278—279-беттер. — 128.
- <sup>36</sup> «Заря» («Таң») — россиялық социал-демократияның теориялық журналы; В. И. Ленин құрған; «Искра» газетімен бір уақытта, ортақ бір редакциямен шығып тұрды. Бұл журнал 1901 жылдың апрелінен бастап 1902 жылдың август айына дейін Штутгартта басылып шығып тұрған. — 132.
- <sup>37</sup> Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, VI том, 150-бет. — 137.
- <sup>38</sup> «Дневник Социал-Демократа» — 1905 жылдың март айынан 1912 жылдың апреліне дейін Женевада Г. В. Плеханов шығарып тұрған, мерзімсіз шығатын журнал. 16 номері шығарылды 1916 жылы бұл журналдың тағы бір номері шықты. — 137.
- <sup>39</sup> Гнчакистер — армяның ұсақбуржуазияшыл «Гнчак» партиясының мүшелері. Бұл — 1887 жылы Женевада армян студенттерінің бастауымен туған партия. Закавказьеде «Гнчак» партиясы армян социал-демократиясының атағын алып, жұмысшы қозғалысында жікшілдік саясатын жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін «Гнчак» партиясы азып барып, реакцияшыл ұлтшыл топқа айналды. — 148.
- <sup>40</sup> Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен қаулылары», I бөлім, 6-басылуы, 1940, 45-бет. — 150.
- <sup>41</sup> «Пролетариатис Брдзола» («Пролетариат Күресі») газетінің 11-номерінде И. В. Сталиннің «Революциялық уақытта үкімет және социал-демократия» деген мақаласының бірінші бөлімі ғана басылды. «Пролетариатис Брдзола» газетінің И. В. Сталин жасаған номер жоспарының (№ 12, 13, 14) архивте сақталған қолжазба нұсқасына қарағанда, мақаланың

екінші бөлімі газеттің 13-номерінде басылуға тағайындалған. «Пролетариатис Брдзола» газеті 12-номерінен бастап тоқталып қалғандықтан, мақаланың екінші бөлімі жарыяланбаған. Мақаланың бұл бөлімінің орыс тіліне аударылған қолжазбасы ғана жандарм басқармасының істерінде сақталған. Қолжазбаның грузин тіліндегі тексті табылмады. — 152.

<sup>42</sup> II Интернационалдың Амстердам конгресі 1904 жылы август айында болды. — 156.

<sup>43</sup> Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. «Орталық Комитеттің Коммунистер Одағына үндеуі» (қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1941 жыл, 131, 132-беттер). — 158.

<sup>44</sup> Мұнда айтылып отырған — В. И. Лениннің «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген еңбегі; бұл еңбекте Ф. Энгельстің «Бакунистер іске кірісуде» деген мақаласы келтірілген (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, VII том, 325, 326, 328-беттер). — 162.

<sup>45</sup> Мұнда айтылып отырған — Мемлекеттік кеңесші дума құру туралы заңның жобасы және ішкі істер министрі Булыгиннің басқаруындағы комиссия жасаған Дума сайлауы туралы ереже. Заң жобасы мен сайлау туралы ереже патша манифесімен бірге 1905 жылы 6(19) августа жарыяланды. Большевиктер Булыгин думасына белсенді түрде бойкот жарыялады. Дума жыйналып үлгіренше, революция оның күліп көкке ұшырды. — 173.

<sup>46</sup> И. В. Сталиннің ««Социал-Демократқа» жауап» деген мақаласы «Пролетариатис Брдзола» газетінің 11-номерінде басылды; бұл мақала шетелдік большевиктік орталықта қызу пікір туғызды. И. В. Сталиннің мақаласының негізгі мазмұнын қысқаша түсіндіре келіп, В. И. Ленин «Пролетарий» газетіне былай деп жазды: «Біз ««Социал-Демократқа» жауап» деген мақалада «сананы сырттан енгізу» туралы даңқты мәселенің тамаша қойылғандығын айта кетеміз. Автор бұл мәселені дербес төрт бөлімге бөледі:

1) Сананың болмысқа қатнасы туралы философиялық мәселе: сананы болмыс билейді. Екі таптың өмір сүруіне сәйкес сана да екі түрлі: буржуазиялық сана мен социалистік сана болып жасалады. Пролетариаттың жағдайына сай келетіні — социалистік сана.

2) «Бұл социалистік сананы (ғылыми социализмді) кім жасап шығара алады және кім жасап шығарады?».

«Осы замандағы социалистік сана тек терең ғылыми білімнің негізінде ғана туа алады» (Каутский), яғни сананы жасап шығару «бұған керекті қаржысы мен бос уақыты бар» бірнеше социал-демократ интеллигенттердің жұмысы.

3) Бұл сана пролетариатқа қалай енеді? «Міне нақ осы арада социал-демократия (социалдемократ-интеллигенттер ғана емес) шығып жұмысшы қозғалысына социалистік сана енгізеді».

4) Социал-демократия социализмді үгіттеп пролетариатқа барғанда пролетариаттың өзінен ол нені ұшыратады? Социализмге өзінен өзі ынтығуды ұшыратады. «Пролетариаттың тууымен бірге пролетарлардың өз басында да, пролетариаттың көзқарасын ұғынып алғандардың басында да табиғи лажсыздықтан келіп социалистік тенденция туады, социалистік ынтығу осылай туады» (Каутский).

Меньшевик бұдан мынадай кісі күлерлік қортынды жасайды: «Пролетариатқа социализмнің сырттан енгізілмейтіндігі, қайта оның пролетариаттан шығатындығы, сөйтіп оның пролетариаттың көзқарасын ұғынып алушылардың басына барып енетіні осыдан-ақ анық көрініп тұр!» (қараңыз: «Пролетарий», № 22, 1905 ж. 11(24) октябрь, «Партиядан» деген бөлім, 6-бет) — 177.

<sup>47</sup> «Одақтық комитетке жауап» 1905 жылы 1 июльдегі «Социал-Демократтың» 3-номеріне қосымша ретінде басылып шыққан. «Жауаптың» авторы грузин меньшевиктерінің басшысы Н. Жордания еді; мұның көзқарастарын И. В. Сталин «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапшасында және басқа еңбектерінде аяусыз сынға алды. — 177.

<sup>48</sup> Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, V том, 187-бет, — 187.



- <sup>60</sup> «Московские Ведомости» — газет, 1756 жылы шыға бастады; бұл газет крепостник-дворяндар мен дін иелерінің өте-мөте реакцияшыл топтарының мүдделерін көздеуші еді. 1905 жылдан бастап қаражүздіктердің органы болды. 1917 жылғы Октябрь революциясынан кейін жабылды. — 192.
- <sup>61</sup> «Русские Ведомости» — газет, 1863 жылдан бастап Москвада шығып тұрды; оны Москва Университетінің либерал профессорлары мен земство қайраткерлері шығарды; бұл газет либерал помещиктер мен буржуазияның мүдделерін көздеді. 1905 жылдан бастап оңшыл кадеттердің органы болды. — 194.
- <sup>62</sup> «Пролетарий» — құпия түрде жетісіне бір рет шығатын большевиктік газет, партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылған, РСДЖП-ның Орталық Органы; 1905 жылы 14 (27) майдан 12 (25) ноябрьге дейін Женевада шығып тұрды. 26 номері шықты. Газеттің жауапты редакторы В. И. Ленин болды. «Пролетарий» бұрынғы, лениншіл «Искраның» жолын устады және большевиктік «Вперёд» газетінің орнын басушы болды. В. И. Лениннің Петербургке кетуіне байланысты, «Пролетарий» газетінің шығуы тоқталды. — 195.
- <sup>63</sup> Конституциялық-демократиялық партия (к.-д., кадеттер) — либерал-монархияшыл буржуазияның басты партиясы; 1905 жылы октябрьде құрылған. Жалған демократизмді жамылып және өзін «халық бостандығы» партиясы деп атап, кадеттер шаруаларды өз жағына тартуға тырысты. Олар патша өкіметін конституциялық монархия түрінде сақтап қалуға тырысты. Кейін кадеттер империалистік буржуазия партиясына айналды. Социалистік октябрь революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет республикасына қарсы контрреволюциялық заговорлар мен көтерілістер ұйымдастырды. — 198.
- <sup>64</sup> «Кавказский Рабочий Листок» — Кавказдағы алғаш шыққан күнделікті большевиктік жарыя газет; 1905 жылдың 20 ноябрінен 14 декабріне дейін Тифлисте орыс тілінде шығып тұрды. Газетке И. В. Сталин мен С. Г. Шаумян басшылық етті. РСДЖП-ның Кавказ одағының IV конференциясында «Кавказский Рабочий Листок» Кавказ одағының ресми орга-

ны болып қабылданды. 17 номері шықты. Газеттің соңғы екі номері «Елисаветпольский Вестник» деген атпен шықты. — 217.

- <sup>54</sup> 1905 жылы декабрьде Латвияның Туккум, Тальсен, Руен, Фридрихштадт және басқа қалаларын көтеріліс жасаушы жұмысшылардың, батрактардың және шаруалардың қарулы отрядтары басып алды. Патша әскерлеріне қарсы партизандық соғыс басталды. 1906 жылдың январында патша генералдары Орловтың, Сологубтың және басқалардың жазалаушы экспедициялары Латвиядағы көтерілістерді басты. — 225
- <sup>55</sup> И. В. Сталиннің «Мемлекеттік дума және социал-демократияның тактикасы» деген мақаласы 1906 жылы 8 мартта «Гантиади» («Таң сәулесі») газетінде жарыяланды; бұл газет — РСДЖП-ның біріккен Тифлистік комитетінің күнделікті органы, 1906 жылғы марттың 5нен 10на дейін шығып тұрған. Бұл мақала дума тактикасының мәселелері жөнінде большевиктердің көзқарастарын ресми түрде білдіріп жазған мақала болды. «Гантиади» газетінің өткен номерінде бұл мәселе жөнінде меньшевиктердің көзқарасын көрсететін, X-ның «Мемлекеттік думаның сайлауы және біздің тактикамыз» деген мақаласы басылды. И. В. Сталиннің мақаласымен бірге редакция былай деп ескерту жазды: «Газетіміздің кешегі номерінде біз Мемлекеттік думаға қатысу жөніндегі мәселе туралы біздің жолдастардың бір бөлігінің көзқарасын көрсететін мақаланы бастық. Бүгін, берілген уәде бойынша, бұл мәселе жөнінде біздің жолдастардың екінші бөлігінің принциптік көзқарасын көрсететін екінші мақаланы басып отырмыз. Бұл мақалалардың бірінен бірінің принциптік айырмасы барлығын оқушы көріп отыр: бірінші мақаланың авторы Дума сайлауына қатысуды жақтайды, екінші мақаланың авторы қатысуға қарсы. Бұл көзқарастардың екеуі де жеке адамның пікірі ғана болып табылмайды. Бұлар партиядағы екі ағымның тактикалық бағыттарын көрсетеді. Бұл тек бізде ғана емес, бүкіл Россияда осылай». — 229.
- <sup>56</sup> «Революционная Россия» — эсерлер органы, 1900 жылдың аяғынан 1905 жылға дейін шықты; оны алғашқы кезде

«Социалист-революционерлердің одағы» шығарып тұрды, ол 1902 жылдың январынан бастап эсерлер партиясының орталық органына айналды. — 249.

- 57 «Новая Жизнь» («Жаңа Өмір») — ең бірінші рет жарыя түрде шыққан большевиктік газет; 1905 жылдың 27 октябрінен 3 декабріне дейін Петербургте шығып тұрды. В. И. Ленин эмиграциядан қайтып келгеннен былай «Новая Жизнь» Лениннің тікелей басқаруымен шығатын болды. Бұл газетке М. Горький белсене қатнасты. 27-ші номерінен бастап «Новая Жизнь» газетін өкімет жауып тастады. Газеттің соңғы 28-номері құпия шықты. — 253.
- 58 «Начало» — меньшевиктердің жарыя түрде шыққан күнделікті газеті; 1905 жылдың 13 ноябрінен 2 декабріне дейін Петербургте шығып тұрды. — 253.
- 59 «Цнобис Пурцели» («Хабар Листогы») — грузин тіліндегі күнделікті газет, 1896 жылдан 1906 жылға дейін Тифлисте шығып тұрды. 1900 жылдың аяғынан бастап бұл газет грузин ұлтшылдарының жаршысы болды; 1904 жылдан бастап грузин социал-федералистерінің органына айналды. — 254.
- 60 «Элва» («Нажағай») — грузин тіліндегі күнделікті газет. РСДЖП-ның біріккен Тифлистік комитетінің органы; «Гантиади» газеті жабылғаннан кейін шыға бастады. «Элваның» бірінші номері 1906 жылы 12 мартта, соңғы номері сол жылы 15 апрельде шықты. Большевиктерден басшы мақалаларды. И. В. Сталин жазып тұрды. Барлығы 27 номері шықты. — 255.
- 61 РСДЖП-ның тәртінші («Бірігу») съезі 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрельде — 8 майда) Стокгольмде болды. Съезге Польша мен Литваның, Латвия мен Бундтың ұлттық социал-демократиялық партияларының өкілдері қатнасты. 1905 жылғы декабрьдегі қарулы көтерілістен кейін үкімет большевиктік ұйымдардың көбін талқандады, сондықтан бұлар съезге делегаттар жібере алмады. Оншалықты болмаса

- да, съезде көпшілік меньшевиктер жағында болды. Съезде меньшевиктердің басым болуы съездің бірсыпыра мәселелер жөніндегі қарарларының сыйпатына да әсер етті. И. В. Сталин съезге Иванович деген жасырын атпен, большевиктердің Тифлистік ұйымынан делегат болып келді, съезде аграрлық программаның жобасы туралы, кәзіргі кезеңге баға беру туралы және Мемлекеттік дума туралы жарыс сөздерде шытып сөйледі. Мұнымен бірге, И. В. Сталин съезде бірнеше фактылы сөздер сөйлеп, Мемлекеттік дума туралы, Бундпен шарт жасау туралы және басқа да мәселелері жөнінде Закавказье меньшевиктерінің оппортунистік тактикасын ашкереледі. — 261.
- <sup>62</sup> Джон — П. П. Масловтың жасырын аты. — 261.
- <sup>63</sup> Н. Х. — Ной Хомерики — меньшевик. — 267
- <sup>64</sup> «Симартле» («Шындық») — грузин меньшевиктерінің күнделікті шығатын саяси-әдеби газеті; 1906 жылы Тифлисте шығып тұрды. — 267
- <sup>65</sup> К. Каутский мен Ж. Гед ол кезде оппортунистер лагеріне шыққан жоқ еді. Халықаралық революциялық қозғалысқа, әсіресе Германияның жұмысшы табына зор әсер еткен 1905—1907 жылдардағы орыс революциясының ықпалымен, К. Каутский бірқатар мәселелер жөнінде революциялық социал-демократияның рухында сөйлеп жүрді. — 268
- <sup>66</sup> «Ахали Цховреба» («Жаңа Өмір») — 1906 жылы 20 июньнен 14 июльге дейін Тифлисте шығып тұрған күнделікті большевиктік газет. Газетті басқарушы И. В. Сталин болды. «Ахали Цховреба» газетінің тұрақты қызметкерлері М. Давиташвили, Г. Телия, Г. Кикодзе және басқалар болды. Небары 20 номері шықты. — 268
- <sup>67</sup> Бұл цитата В. И. Лениннің «Россияның кәзіргі жағдайы және жұмысшы партиясының тактикасы» деген мақаласынан келтіріліп отыр (қараңыз: Шығармалар, IX том, 26-бет). Ма-

- қала РСДЖП-ның біріккен ОК органы «Партийные Известия» басылды. «Партийные Известия» партияның IV («Бірігу») съезінің қарсаңында Петербургте кұныя шығарылды. Екі номері шықты: № 1 — 1906 жылы 7 февральда, № 2 — 1906 жылы 20 мартта шықты. — 259.
- <sup>88</sup> К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Германиядағы революция мен контрреволюция» (қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1941 жыл, 110 — 111-беттер). — 270.
- <sup>89</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935 жыл, 118—119-беттер. — 272.
- <sup>90</sup> «Северная Земля» («Солтүстік Жер») — күнделікті большевиктік жарыя газет; 1906 жылы 23 июньнен 28 июньге дейін Петербургте шығып тұрды. — 274.
- <sup>91</sup> «Россия» — полицейлік-қаражүздік бағытындағы күнделікті газет; 1905 жылдың ноябрінен 1914 жылдың апреліне дейін шығып тұрды. Ішкі істер министрлігінің органы. — 274
- <sup>92</sup> 1906 жылы июнь мен июльде ішкі істер министрі П. А. Столыпин жергілікті өкімет орындарына бұйрықтар жіберді, бұл бұйрықтарында жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалысын және революциялық ұйымдарын әскер күшімен аяусыз жазалауды талап етті. — 275.
- <sup>93</sup> Трепов Д. — Петербург генерал-губернаторы, 1905 жылы революцияны басуға басшылық етті. — 275.
- <sup>94</sup> И. В. Сталиннің «Кәзіргі кезең және жұмысшы партиясының Бірігу съезі» деген кітапшасы 1906 жылы Тифлисте грузин тілінде «Пролетариат» баспасында басылып шықты. Кітапшаға IV («Бірігу») съезіне большевиктердің ұсынған үш қарарының жобасы енді: 1) «Демократиялық революцияның кәзіргі кезеңі» (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, IX том, 39—41-беттер), 2) «Демократиялық революцияның кәзіргі кезеңінде пролетариаттың таптық міндеттері» (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет

- пленумдарының қарарлары мен қаулылары», I бөлім, 6-басылуы, 1940 жыл, 65-бет). 3) «Қарулы көтеріліс» (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, IX том, 41 — 42-беттер), сонсоң съезде большевиктер атынан В. И. Ленин енгізген Мемлекеттік дума туралы қарардың жобасы (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, IX том, 159—160-беттер). Бұдан да басқа, кітапшаға қарулы көтеріліс туралы съездің қарары және «Революцияның кәзіргі кезеңі және пролетариаттың міндеттері туралы» меньшевиктердің қарарының жобасы қосымша етіп берілген. — 278
- <sup>15</sup> «Демократиялық реформалар партиясы» — либералдық-монархиялық буржуазия партиясы, 1906 жылы Мемлекеттік I думаның сайлауы кезінде құрылды. — 290.
- <sup>16</sup> Октябристер, яки «17 октябрь Одағы» — ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және ірі помещиктердің контрреволюциялық партиясы, 1905 жылы ноябрьде құрылды. Октябристер столыпіндік тәртіпті, патшаның ішкі және сыртқы саясатын толығымен қуаттады. — 290.
- <sup>17</sup> Трудовиктер, яки «еңбек тобы», — ұсақбуржуазиялық демократтардың тобы; 1906 жылы апрельде Мемлекеттік I думаның шаруа депутаттарынан құралды. Трудовиктер сословиелік және ұлттық тежеулердің бәрін жоюды, земстволық және қалалық өзіндік басқарманы демократияландыруды, Мемлекеттік думаны сайлауда жалпыға бірдей сайлау правосын іс жүзіне асыруды және бәрінен бұрын аграрлық мәселенің шешілуін талап етті. — 293
- <sup>18</sup> «Наша Жизнь» («Біздің Тұрмыс») — либералдық-буржуазиялық газет; 1904 жылдың ноябрінен 1906 жылдың декабріне дейін Петербургте анда-санда шығып тұрды. — 296.
- <sup>19</sup> «Ахали Дросба» («Жаңа Заман») — жарыя шығатын кәсіпшілер одағының газеті; 1906 жылдың 14 ноябрінен 1907 жылдың 8 январына дейін Тифлисте грузин тілінде жетісінде бір рет шығып тұрды. Газет И. В. Сталиннің, М. Цхакаяның және М. Давиташвилидің басқаруымен шығып тұр-

ды; Тифлис губернаторының бұйрығы бойынша жабылды. —  
**318**

<sup>80</sup> Сенатор Шидловскийдің комиссиясы «С.-Петербург қаласындағы және оның төңірегіндегі қалалардағы жұмысшылардың наразылығының себептерін дереу шешу үшін» керек деген сылтаумен, 1905 жылы 29 январьда патша указы бойынша құрылды. Комиссия құрамына жұмысшылардан сайланғандарды да енгізуге ұйғарылған. Большевиктер патшаның бұл әрекеттерін жұмысшылардың назарын революциялық күрестен аудару әрекеті деп есептеді де, комиссияның сайлауын патша үкіметіне саяси талаптар кою үшін пайдалануды ұсынды. Үкімет қойылған талаптарды қабылдамағаннан кейін, сайлаушылар комиссияға өз өкілдерін сайлаудан бас тартты және Петербург жұмысшыларын ереуілге шақырды. Келесі күні-ақ жаппай саяси стачкалар басталды. 1905 жылы 20 февральда патша үкіметі Шидловскийдің комиссиясын таратуға мәжбүр болды. — **320.**

<sup>81</sup> Финанс министрі В. Н. Коковцевтің басқарған комиссиясы 1905 жылы февральда құрылды. Бұл да, Шидловскийдің комиссиясы сияқты, жұмысшы мәселесін қарау үшін, қарағанда жұмысшыларды қатыстырмай қарау үшін құрылды. Комиссия 1905 жылдың жазына дейін өмір сүрді. — **320.**

<sup>82</sup> Одақтар туралы 1906 жылы 4 мартта шыққан заң уставтары үкіметке тіркелген қоғамдар мен одақтарға жарыя өмір сүруге право берді. Одақтардың қызметіне толып жатқан тежеу салу және заңды бұзғаны үшін қылмыс жазасына тарту тәртібі бола тұрса да, жұмысшылар берілген праволарды пролетарлық кәсіпшілер ұйымдарын құру үшін кең пайдаланды. 1905—1907 жылдардың ішінде Россияда бірінші рет жаппай кәсіпшілер одағы құрыла бастады, бұлар революцияшыл социал-демократияның басшылығымен экономикалық және саяси күрес жүргізді. — **320.**

<sup>83</sup> 1905 жылы 17 октябрьде патша манифесі жарыяланғаннан кейін, министрлер кеңесінің председателі С. Ю. Витте және ішкі істер министрі П. Н. Дурново, «бостандық» ресімі жа-

рыялана тұрса да, губернаторлар мен дуанбасыларына жіберген бірқатар нұсқаулары мен телеграммаларында қару күшімен митингілерді, жыйналыстарды таратып жіберуді, газеттерді жабуды, одақтарға қарсы батыл шаралар қолдануды, революциялық әрекет жөнінен күдікті адамдардың бәрін әкімшілік жолмен жер аударуды, т. с. талап етті. — 320.

- <sup>84</sup> 1905 жылдың аяғында және 1906 жылдың басында Грузияда Кропоткиннің жолын ұстаған белгілі анархист В. Черкезшвили және мұның соңына ерген Михако Церетели (Вâtoni). Шалва Гогелия (Ш. Г.) және басқалар басқарған анархистер тобы социал-демократтарға қарсы жанталаса күрес жүргізді. Бұл топ Тифлисте «Нобати», «Муша» және басқа газеттер шығарды. Анархистердің пролетариат арасында ешбір сүйеніші болмады, бірақ олар таптық бейнесін жоғалтқан және ұсақбуржуазияшыл элементтердің арасында бірқатар орын тепті. Анархистерге қарсы И. В. Сталин «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген бірнеше мақала жазды. Бірінші төрт мақаласы 1906 жылдың июнь—июль айларында «Ахали Цховреба» газетінде басылып шықты. Мұнан кейінгі мақалалары басылмай қалды, өйткені өкімет орындары газетті жауып тастады. «Ахали Цховреба» газетінде басылған мақалалар біраз өзгерген күйде 1906 жылы декабрьде және 1907 жылы 1 январьда «Ахали Дроеба» газетінде қайта басылды. Газет редакциясы бұл мақалаларға мынадай ескертулер жазды: «Таяуда қызметшілердің кәсіпшілер одағы бізбен анархизм, социализм және басқа да осы сыяқты мәселелер туралы мақалалар басуды сұрады (қараңыз: «Ахали Дроеба» № 3). Мұндай тілекті кейбір басқа жолдастар да білдірді. Біз бұл тілектерді ықыласымызбен қарсы алып, осы мақалаларды басып отырмыз. Мақалалардың өзіне келер болсақ, онда мынаны ескертуді қажет деп санаймыз: бұл мақалалардың кейбіреулері грузин баспасөзінде бір рет басылған (авторға байланыссыз себептерден мақалалар бітпей қалған). Солай бола тұрса да, біз бұл мақалаларды түгел басуды қажет деп таптық та, мақалаларын жалпыға түсінікті тілде қайта өңдеп жазуды авторға тапсырдық, автор мұны ықыласымен орындады». «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген еңбектің алғашқы төрт бөлімінің екі нұсқасы осылай пайда болды.



Бұл мақалалардың жалғасы 1907 жылы февральда «Чвени Цховреба» газетінде және 1907 жылы апрельде «Дро» газетінде басылды. «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген мақалалардың «Ахали Цховреба» газетінде жарияланған бірінші нұсқасы осы томның қосымшасына кіріп отыр.

«Чвени Цховреба» («Біздің Тұрмыс») — күнделікті шығатын большевиктік газет; 1907 жылдың 18 февралынан бастап Тифлисте жарыя шығып тұрды. Газетке басшылық еткен И. В. Сталин. 13 номері шықты. Бұл газет 1907 жылы 6 мартта «қыйғаш бағытта болғаны үшін» жабылды.

«Дро» («Заман») — «Чвени Цховреба» газеті жабылғаннан кейін, 1907 жылы 11 марттан 15 апрельге дейін Тифлисте шығып тұрған күнделікті большевиктік газет. Газетке басшылық еткен И. В. Сталин. Газеттің редакциясында тағы да М. Цхакая, М. Давиташвили болды. 31 номері шықты. — 329.

<sup>65</sup> «Нобати» («Уран») — грузин анархистерінің жетісіне бір шығатын газеті; 1906 жылы Тифлисте шығып тұрды. — 338.

<sup>66</sup> Қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, I том, 1941 жыл, 387-бет. — 340.

<sup>67</sup> Қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, I том, 1941 жыл, 327—328-беттер. — 345.

<sup>68</sup> К. Маркс пен Ф. Энгельс, «Хаснетті семья», «Француз материализміне қарсы сын ұрысы» деген бөлім (қараңыз: Шығармалар, III том, 1930 жыл, 160-бет). — 358.

<sup>69</sup> Қараңыз: Карл Маркс. Философия бишаралығы, 1911 жыл, 148-бет. — 375.

<sup>70</sup> Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937 жыл, 149-бет. — 375.

<sup>71</sup> Қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1941 жыл, 453-бет. — 377.

<sup>72</sup> Қараңыз: Ф. Энгельс. Анти-Дюринг, 1938 жыл, 128, 129-беттер. — 352.

- <sup>63</sup> «Муша» («Жумышы») — грузин анархистерінің күнделікті газеті; 1906 жылы Тифлисте шығып тұрды. — 393.
- <sup>64</sup> «Хма» («Дауыс») — грузин анархистерінің күнделікті газеті; 1906 жылы Тифлисте шығып тұрды. — 393.
- <sup>65</sup> Карл Маркс. Коммунистерге Кёльнде жасалған процесс, «Молот» баспасы, Спб., 1906 жыл, 113-бет (IX, Қосымша, Орталық Комитеттің Одаққа арнаған үндеуі, март, 1850 ж.) (қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1941 жыл, 133, 134-беттер). — 405.
- <sup>66</sup> Қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1941 жыл, 427-бет. — 407.
- <sup>67</sup> Бұл цитата мына кітапшадан алынған: К. Маркс. Франциядағы азамат соғысы. Алғысөз жазған Ф. Энгельс. Неміс тілінен аудармасын редакциялаған Н. Ленин, 1905 жыл (қараңыз: Карл Маркс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 1941 жыл, 368-бет). — 410.

---

---

# ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(1879—1906)

## 1879

9 (21) декабрь. Гори қаласында (Грузия) Иосиф Виссарионович Джугашвили (Сталин) туды.

## 1888

Сентябрь. И. В. Сталин Горидің төрт кластық динь училищесіне түседі.

## 1894

Июнь. И. В. Сталин Гори училищесін бірінші дәрежеде бітірді.

2 сентябрь. И. В. Сталин Тифлистік динь семинарияның бірінші класына түседі.

## 1895

И. В. Сталин патша үкіметі Закавказьеге жер аударған орыстың революцияшыл марксистерінің астыртын топтарымен байланыс жасайды.

## 1896—1898

Тифлистік динь семинарияда И. В. Сталин оқушылардың марксистік үйірмелерін бас-

қарады, «Капиталды», «Коммунистік партияның манифесін», Қ. Маркс пен Ф. Энгельстің басқа да еңбектерін оқыды, В. И. Лениннің ертедегі шығармаларымен танысады.

## 1898

**Январь.**

И. В. Сталин Тифлистің басты-басты темір жол мастерскойларындағы жұмысшылардың марксистік үйірмелерін басқарады.

**Август.**

И. В. Сталин грузиннің социал-демократиялық «Месаме-даси» ұйымына кіреді. И. В. Сталин, В. З. Кецховели, А. Г. Цулукидзе «Месаме-дасидің» революцияшыл марксистік ұйытқысын жасайды.

---

И. В. Сталин жұмысшылардың марксистік үйірмелерінде өтетін сабақтардың программасын жасайды.

---

И. В. Сталин, В. З. Кецховели, А. Г. Цулукидзе революциялық марксистік құпия баспасөз ұйымдастырудың қажеттілігі туралы мәселе қояды; осыған байланысты «Месаме-дасидің» ішінде оның революцияшыл азшылығы мен оппортунистік көпшілігі арасында алғаш рет қатты шиеленіскен алауыздық туады.

## 1899

**20 мај.**

И. В. Сталин марксизмді насихаттағаны үшін Тифлистік рухани семинариядан шығарылды.

28 декабрь. И. В. Сталин Тифлистің физикалық обсерваториясына жұмысқа кіреді.

### 1900

23 апрель. И. В. Сталин Тифлис төңірегінде Туздыкөл маңында жұмысшылар маевкасында сөз сөйлейді.

Жазда. И. В. Сталин Тифлиске партия жұмысын жүргізуге келген лениндік «Искранын» белгілі жақтаушысы В. К. Курнатовскиймен байланыс жасайды.

Август. И. В. Сталин Тифлистің басты-басты темір жол мастерскойларындағы жаппай ереуілді басқарады.

### 1898—1900

И. В. Сталиннің, В. З. Кецовелидің және А. Г. Цулукидзең басқаруымен РСДЖП-ның Тифлистік социал-демократиялық ұйымының орталық басшылық тобы ұйымдасып, құрылады; бұл топ үйірмелік насихаттан жаппай саяси үгітке көшуді жүзеге асырады. Бұл топ үндеухаттар басып шығаруды және оларды жұмысшылар арасына таратуды жолға салады, социал-демократиялық құпия үйірмелер құрады және Тифлис пролетариатының ереуілдері мен саяси күресіне басшылық етеді.

### 1901

21 март. Тифлистің физикалық обсерваториясы жанындағы И. В. Сталиннің пәтері тіптіледі.

- 28 март. И. В. Сталин физикалық обсерваториядағы жұмысын тастап, құпия жұмысқа көшеді.
- 22 апрель. И. В. Сталин Тифлистің орталығында Солдат базарында жұмысшылардың бірінші май демонстрациясына басшылық етеді.
- Сентябрь. И. В. Сталиннің бастауымен грузин марксистерінің революцияшыл қанатының құпия газеті «Брдзоланың» 1-номері шықты; бұл номерде И. В. Сталиннің «Редакциядан» деген программалық мақаласы басылды.
- 11 ноябрь. И. В. Сталин лениндік-искралық бағыттағы РСДЖП-ның Тифлистік бірінші комитетінің құрамына сайланады.
- Ноябрьдің аяғы. Тифлистік комитет И. В. Сталинді социал-демократиялық ұйым құру үшін Батумға жібереді.
- Декабрь. «Брдзола» газетінің 2 — 3-номерлері шығады; мұнда И. В. Сталиннің «Россиялық социал-демократиялық партия және оның таяудағы міндеттері» деген мақаласы басылды.
- И. В. Сталин Батумның алдыңғы қатарлы жұмысшыларымен байланыс жасайды және Ротшильд, Манташев, Сидеридис және басқа заводтарда социал-демократиялық үйірмелер ұйымдастырады.
- 31 декабрь. Жаңа жылды қарсы алу сыйтауымен И. В. Сталин социал-демократиялық үйірмелердің өкілдерінің құпия конференциясын ұйымдастырды. Конференция И. В. Сталинді басшы етіп жетекші топ құрады.

бұл топ іс жүзінде лениндік-искралық бағыттағы, РСДЖП-ның Батумдық комитетінің ролін атқарады.

## 1902

- Январь.** И. В. Сталин Батумда құпия баспахана ұйымдастырады; үндеухаттар жазады, прокламациялар басып шығаруды және олардың таралуын жолға қояды.
- 31 январь — 17 февраль.** И. В. Сталин Манташев заводында ереуіл ұйымдастырады; бұл ереуілде жұмысшылар жеңеді. \*
- 27 февраль — марттың басы.** И. В. Сталин Ротшильд заводындағы ереуіл комитетінің жұмысына басшылық етеді.
- 8 март.** И. В. Сталин ереуілге қатысқаны үшін қамауға алынған 32 кісінің босатылуын талап етіп, ереуіл жасаған жұмысшылардың манифестациясын басқарады.
- 9 март.** И. В. Сталин 8 марттағы манифестацияда полиция қамаған 300 жұмысшының босатылуын талап еткен Батум кәсіп орындары жұмысшыларының 6 000 адам қатысқан орасан зор саяси демонстрациясын ұйымдастырады, соған басшылық етеді. Қамаудағы жұмысшылар жатқан казарманың алдында әскерлер демонстрацияға оқ атады, осының нәтижесінде 15 жұмысшы өліп, 54 жұмысшы жараланады. 500ге жуық демонстрацияшылар қамалады. Сол күні түнде И. В. Сталин демонстрацияның атқалануы жөнінде үндеухат жазады.
- 12 март.** И. В. Сталин 9 мартта атылғандарды жерлеуге байланысты өзі ұйымдастырған

жұмысшылардың демонстрациясын басқарады.

**5 апрель.** И. В. Сталин Батумның партиялық басшы тобының мәжілісінде қамауға алынады.

**6 апрель.** И. В. Сталин Батум түрмесіне қамалды.

**Апрель 1902 ж. — 19 апрель 1903 ж.** Батум түрмесінде жатып, И. В. Сталин Батум социал-демократиялық ұйымымен байланыс жасап тұрады, оның жұмысына бағыт беріп отырады, үндеухаттар жазады, қамаудағылардың арасында саяси жұмыс жүргізеді.

### 1903

**Март.** Кавказ социал-демократиялық жұмысшы ұйымдарының бірінші съезінде РСДЖП-ның Кавказдық одағы құрылады. Батум түрмесінде жатқан И. В. Сталин съезде құрылған Кавказ одақтық комитетінің құрамына сырттан сайланады.

**19 апрель.** И. В. Сталин Батум түрмесінен Кутаис түрмесіне көшіріледі; мұнда ол саяси тұтқындармен байланыс жасайды, олардың арасында лениндік-искралық идеяны насихаттайды.

**Күзде.** И. В. Сталин Батум түрмесіне көшіріледі, бұл арадан этаппен Шығыс Сібірге айдалады.

**27 ноябрь.** И. В. Сталин айдаумен Иркут губерниясы, Балаган уезі, Новая Уда селосына келеді.

**Декабрь.** И. В. Сталин Сібірде жатып, В. И. Лениннен хат алады.



## 1904

- 5 январь.** И. В. Сталин айдаудан қашып шығады.
- Февраль.** И. В. Сталин Тифлиске келеді, РСДЖП-ның Кавказ одақтық комитетінің жұмысын басқарады.
- И. В. Сталин партия ішіндегі алауыздықтар мен партияның ұйымдастыру міндеттеріне арнап программалық документ «Кредо» жазады
- Июнь.** И. В. Сталин Бакуге келеді, Кавказ одақтық комитетінің тапсыруы бойынша ондағы меньшевиктік комитетті таратады және большевиктік жаңа комитет құрады.
- Жазда.** И. В. Сталин Закавказьеңің басты-басты аудандарын аралайды, меньшевиктерге, федералистерге, анархистерге және басқаларға қарсы айтыс сөздерге шығады.
- Кутанста И. В. Сталин большевиктік Имеретин-Мингрель комитетін құрады.
- 1 сентябрь.** «Пролетариатис Брздоланың» 7-номерінде И. В. Сталиннің «Социал-демократия улт мәселесін қалай түсінеді?» деген мақаласы басылды.
- Сентябрь—октябрь.** И. В. Сталин Кутанста жүріп, партия ішіндегі алауыздықтарға байланысты шет елдегі грузин большевиктеріне хаттар жазады; бұл хаттарда социализмнің жұмысшы қозғалысымен бірігуі туралы лениндік идеяларды дамытады.
- Ноябрь.** И. В. Сталин Бакуге келеді, партияның

III съезін шақыру жолындағы күресті басқарады.

18—31 декабрь.

И. В. Сталин Баку жұмысшыларының жаппай стачкасын басқарады.

### 1905

1 январь.

«Пролетариатис Брдзоланың» 8-номерінде И. В. Сталиннің «Пролетарлар табы мен пролетарлар партиясы» деген мақаласы басылды.

8 январь.

Қыйыр Шығыста патша өкіметінің жеңілуіне байланысты И. В. Сталин жазған «Кавказ жұмысшылары, кек алатын уақыт жетті!» деген үндеу шығады.

Февральдың басы.

И. В. Сталиннің бастауымен Кавказ одақтық комитеті РСДЖП-ның Кавказ одағынан шығуды тілеген меньшевиктік Тифлис комитетін таратады, сөйтіп жаңадан большевиктік Тифлис комитетін құрады.

18 февраль.

Полицияның арандатуынан болған Бакудегі татар мен армянның қырқысуына байланысты, И. В. Сталин «Халықаралық бауырластық жасасын!» деген үндеухат жазады.

15 февраль.

Ұлт қырқысуын Тифлисте де қоздыру үшін полицияның жасаған әрекетіне қарсы наразылық білдіріп, Тифлисте ойдағыдай өткізілген, мыңдаған адам қатысқан демонстрацияға байланысты, И. В. Сталин «Азаматтарға. Қызыл ту жасасын!» деген үндеухат жазады.

Апрель.

И. В. Сталин Батумда үлкен айтыс болған жыйналыста меньшевиктердің басшы-

лары Н. Рамишвили, Р. Арсенидзе және басқаларға қарсы шығып сөйлейді.

- Май** И. В. Сталиннің «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапшасы шығады.
- 12 июнь.** И. В. Сталин А. Г. Цулукидзең қабыры басында сөз сөйлейді; бұл сөзінде жұмысшылар мен шаруалардың самодержавниеге қарсы күресінің программасын түсіндіреді және меньшевиктердің тактикасын қатты сынайды.
- 15 июль.** «Пролетариатис Брдзола» газетінің 10-номерінде И. В. Сталиннің «Қарулы көтеріліс және біздің тактикамыз» деген мақаласы басылды.
- 18 июль.** Н. К. Крупская Кавказ одақтық комитетіне жазған хатында И. В. Сталиннің «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер» деген кітапшасын жіберуді және «Пролетариат Күресі» газетін үзбей жіберіп тұруды өтінеді.
- Июль.** И. В. Сталин Чиатурыда болған, екі мың адам қатысқан айтыс митингісінде анархистерге, федералистерге, эсерлерге қарсы шығып сөйлейді.
- 15 август.** «Пролетариатис Брдзола» газетінің 11-номерінде И. В. Сталиннің «Революциялық уақытша үкімет және социал-демократия», ««Социал-Демократқа» жауап» деген мақалалары басылды.
- 15 октябрь.** «Пролетариатис Брдзоланың» 12-номерінде И. В. Сталиннің «Реакция күшеюде»,

«Буржуазия қақпан құруда» деген мақалалары басылды.

18 октябрь.

И. В. Сталин 17 октябрьдегі патша манифесі туралы Надзаладевиде (Тифлис ауданы) болған жұмысшылар митингісінде шығып сөйлейді.

Октябрь.

Октябрьдегі бүкілроссиялық саяси стачкаға байланысты, И. В. Сталин «Азаматтар!» деген және «Барлық жұмысшыларға» деген үндеухаттар жазады.

20 ноябрь.

И. В. Сталиннің «Тифлис, 1905 ж. 20 ноябрьде» деген бас мақаласы басылған «Кавказский Рабочий Листок» газетінің 1-номері шығады.

Ноябрьдің аяғы.

И. В. Сталин РСДЖП-ның Кавказ одағының большевиктік IV конференциясының жұмысына басшылық етеді.

12—17 декабрь:

И. В. Сталин РСДЖП-ның Кавказ одағынан делегат болып, Таммерфорста болған большевиктердің I Бүкілроссиялық конференциясына қатнасады. Осы конференцияда И. В. Сталин В. И. Ленинмен жүзбе-жүз танысады.

## 1906

Январьдың басы.

И. В. Сталиннің «Екі шайқасу» деген кітапшасы шықты.

8 март.

И. В. Сталиннің «Мемлекеттік дума және социал-демократияның тактикасы» деген мақаласы «Гантиади» газетінің 3-номерінде басылды.

- 17—29 март. «Элва» газетінің 5, 9, 10, 14-номерлерінде И. В. Сталиннің «Аграрлық мәселе» және «Аграрлық мәселеге» деген мақалалары басылды.
- Марттың аяғы. И. В. Сталин Тифлис уйымынан РСДЖП-ның IV («Бірігу») съезіне делегат болып сайланады.
- 10—25 апрель. И. В. Сталин Стокгольмде РСДЖП-ның IV («Бірігу») съезіне қатысады; революциядағы большевиктік тактиканы негіздеп және қорғап, меньшевиктерге қарсы шығып сөйлейді.
- 20 июнь. И. В. Сталин басқарған «Ахали Цховреба» газетінің 1-номері шығады.
- 21 июнь — 9 июль. Большевиктік «Ахали Цховреба» газетінің 2, 4, 7, 16-номерлерінде И. В. Сталиннің «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген мақалалары басылады.
- Июнь—ноябрь. И. В. Сталин Тифлисте бірінші ұйымдасқан кәсіпшілер одақтарының (баспахана жұмысшыларының, дүкеншілердің және басқалардың) ұйымдарына басшылық етеді.
- 13 июль. «Ахали Цховреба» газетінің 19-номерінде И. В. Сталиннің «Маркс пен Энгельс көтеріліс туралы» деген мақаласы басылды.
- 14 июль. «Ахали Цховреба» газетінің 20-номерінде И. В. Сталиннің «Халықаралық контрреволюция» деген мақаласы басылды.
- Июль—август. И. В. Сталиннің «Қазіргі кезең және жұмысшы партиясының Бірігу съезі» деген кітапшасы шығады.

- Сентябрь. И. В. Сталин РСДЖП-ның Кавказ уйымдарының облыстық съезіне қатысады.
- 14 ноябрь. И. В. Сталин басқарған «Ахали Дроеба» газетінің 1-номері шығады; бұл номерде И. В. Сталиннің «Тап күресі» деген мақаласы басылды.
- 4 декабрь. «Ахали Дроеба» газетінің 4-номерінде И. В. Сталиннің ««Фабрикалық заң» және пролетарлық күрес» деген мақаласы басылды.
- 11 декабрь. «Ахали Дроеба» газетінің 5-номерінде И. В. Сталиннің «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген мақалалары қайта басыла бастайды.
- 18 декабрь 1906 ж. — И. В. Сталиннің «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген мақалалары «Ахали Дроеба», «Чвени Цховреба» және «Дро» деген большевиктік газеттерде басылып жатты.
- 10 апрель 1907 ж.

# М А З М У Н Ы

Беті

<i>Шығармалар жыйнағына арналған алғысөз</i> . . . . .	VII
<i>Бірінші томға арналған алғысөз</i> . . . . .	XII
<i>Автордың бірінші томға арнаған алғысөзі</i> . . . . .	XIV

## 1901 — 1907

РЕДАКЦИЯДАН . . . . .	1
РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЯУДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ . . . . .	10
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ТҮСІНЕДІ? . . . . .	33
КУТАИСТАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ . . . . .	60
КУТАИСТАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ ( <i>Бүгін да сол жолдасыңнан</i> ). . . . .	64
ПРОЛЕТАРЛАР ТАБЫ МЕН ПРОЛЕТАРЛАР ПАРТИЯСЫ ( <i>Партия уставының бірінші пункті жөнінде</i> ) . . . . .	68
КАВКАЗ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ, КЕК АЛАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ! . . . . .	81
ХАЛЫҚ АРАЛЫҚ БАУЫРЛАСТЫҚ ЖАСАСЫН! . . . . .	89
АЗАМАТТАРҒА. ҚЫЗЫЛ ТУ ЖАСАСЫН! . . . . .	92
ПАРТИЯДАҒЫ АЛАУЫЗДЫҚТАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ПІКІРЛЕР . . . . .	97
ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ БІЗДІҢ ТАКТИКАМЫЗ . . . . .	144
РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРА- ТИЯ . . . . .	152
„СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТҚА“ ЖАУАП . . . . .	177

РЕАКЦИЯ КҮШЕЮДЕ . . . . .	192
БҮРЖУАЗИЯ КАКПАН КҮРУДА . . . . .	198
АЗАМАТТАР! . . . . .	205
БАРЛЫК ЖҰМЫСШЫЛАРҒА . . . . .	210
ТИФЛИС, 1905 ж. 20 НОЯБРЬДЕ . . . . .	214
ЕКІ ШАЙҚАСУ (9 январь жөнiнде) . . . . .	218
МЕМЛЕКЕТТИК ДУМА ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ТАКТИКАСЫ . . . . .	229
АГРАРЛЫК МӘСЕЛЕ . . . . .	238
АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕГЕ . . . . .	255
АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАНЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ТУРАЛЫ (РСДЖП IV съезiнiң жетiншi мәжiлiсiнде 1905 ж. 13 (25) апрельде сөйленген сөз) . . . . .	261
КӘЗiРГi КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ (РСДЖП IV съезiнiң он бесiншi мәжiлiсiнде 1906 ж. 17 (30) апрельде сөйленген сөз). . . . .	264
МАРКС ПЕН ЭНГЕЛЬС КӨТЕРiЛiС ТУРАЛЫ . . . . .	267
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНТРЕВОЛЮЦИИ . . . . .	274
КӘЗiРГi КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ БiРiГУ СЪЕЗi . . . . .	278
ТАП КҮРЕСi . . . . .	309
„ФАБРИКАЛЫҚ ЗАҢ“ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРЛЫҚ КҮРЕС (15 ноябрьдегi екi заң жөнiнде) . . . . .	319
АНАРХИЗМ БЕ ӘЛДЕ СОЦИАЛИЗМ БЕ?	329
I Диалектикалық метод . . . . .	333
II Материалистік теория . . . . .	347
III Пролетарлық социализм . . . . .	368
Қосымша . . . . .	416
Анархизм бе әлде социализм бе? . . . . .	—
Диалектикалық материализм . . . . .	—
Ескертулер . . . . .	437
Өмірбаян хроникасы (1879 — 1906) . . . . .	460



**Тираж 50 тысяч экз. (1—25000).**

**Сдано в набор 10/II 1947 г.**

**Подписано к печати**

**15/II — 9/VI 1947 г.**

**Объем 30,825 п. л. + 1 вклейка.**

**Зак. 130.**

**Цена 6 руб.**

**Набрано в Гостипографии № 2,  
Отпечатано в Гостипографии № 1  
Управления полиграфии и издательства  
при Совете Министров Казахской ССР.**

**АЛМА-АТА**

